

82.3(5Қаз-4Паб)Қаз-6  
М37

# МАШҲУР-ЖУСИП



مستور یوسیف  
6

82.3(5Қаз-Ап.об)Қаз-6

М37

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Павлодар облысы Мәдениет департаменті  
Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығы

# Мәшһүр Жүсіп

Қазақ фольклоры

Таңдамалы. 3 том

Павлодар 2006 ж.

ББК 82.3 (5Қаз)

М-37

М-37 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Таңдамалы. 3 том. -  
Павлодар, 2006 ж. 400 бет.

ISBN 9965-808-04-X

Мәшһүр Жүсіп шығармалары 5-томы (Павлодар, ЭКО, 2005 ж.) бойынша ұсынылған таңдамалының бұл 3-томына Мәшһүр Жүсіптің қағазға түсіруімен қазіргі ұрпаққа жеткен қазақ фольклоры үлгілері топтастырылған. Атап айтқанда: тұрмыс-салт жырлары, халық олеңдері, ертегілер, мақал-мәтелдер, аңыздар т.б. Кітап- қазақ фольклорын және қазақ тарихын, тұрмыс -салтын, наным, психологиясын т.б. зерттеуші ғалымдар мен қалың оқырман үшін бағалы бай материал көзі.

ББК 82.3 (5Қаз)

Редакциялық ақпа:

Арын Е.М., Қирабаев С., Құсайынов А., Мәшһүр - Жүсіп К.П. (жауапты редактор), Қасқабасов С.А., Нұрғалиев Р., Әбусейіпова М.Қ., Қанафина А.М., Негимов С., Дәуітов С., Қамзабекұлы Д., Турышев А., Жүсіпов Н.Қ., Жүсіпов Е.Қ.

Рецензенттер:

А.С.Еспенбетов- М.Әуезов атындағы Семей университеті ректоры, фил.ғыл.докторы, профессор; Д.Ысқақұлы- фил.ғыл.докторы, профессор. Жинақты араб жазуынан аударып, ғылыми түсініктер беріп, құрастырып, баспаға әзірлеген- Нартай Қуандықұлы Жүсіпов, фил. ғыл. кандидаты, профессор.

М 4702250205  
00(05)-06

© Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, 2006

107603/43ЦБ

10

# 1. ТҰРМЫС САЛТ ЖЫРЛАРЫ

## *Жар-жар (1-нұсқасы)*

-Бір толарсақ, бір тобық  
Санда болар, жар, жар!  
Қырық кісінің ақылы  
Ханда болар, жар-жар!

«Әкем-ай!»-деп, жылама,  
Байғұс қыздар, жар-жар!  
Әкең үшін қайын атаң  
Онда болар, жар-жар!

-Жазғытұрғы ақша қар  
Жаумақ қайда, жар-жар?!  
Құлын-тайдай айқасқан  
Оң жақ қайда, жар-жар?!

- Азар жақсы болса да,  
Қайын атамыз, жар-жар?!  
Айналайын әкемдей  
Болмақ қайда, жар-жар?!

- Бір толарсақ, бір тобық  
Санда болар, жар, жар!  
Қырық кісінің ақылы  
Ханда болар, жар-жар!

«Шешем-ай!»-деп, жылама,  
Байғұс қыздар, жар-жар!  
Шешең үшін қайын енең  
Онда болар, жар-жар!

- Жазғытұрғы ақша қар  
Жаумақ қайда, жар-жар?!  
Құлын-тайдай айқасқан  
Оң жақ қайда, жар-жар?!

Азар жақсы болса да,  
Қайын енеміз, жар-жар,  
Айналайын шешемдей  
Болмақ қайда, жар-жар?!

- Бір толарсақ, бір тобық  
Санда болар, жар, жар!  
Қырық кісінің ақылы  
Ханда болар, жар-жар!

«Ағам-ай!»- деп, жылама,  
Байғұс қыздар, жар-жар!  
Аған үшін қайын аған  
Онда болар, жар-жар!

- Жазғытұрғы ақша қар  
Жаумак кайда, жар-жар?!  
Құлын-тайдай айқасқан  
Оң жақ кайда, жар-жар?!

Азар жақсы болса да,  
Қайын ағамыз, жар-жар,  
Айналайын, ағамдай  
Болмак кайда, жар-жар?!

- Бір толарсақ, бір тобық  
Санда болар, жар, жар!  
Қырық кісінің ақылы  
Ханда болар, жар-жар!

«Жеңгем-ай!»- деп, жылама,  
Байғұс қыздар, жар-жар,  
Жеңген үшін абысын  
Онда болар, жар-жар!

- Жазғытұрғы ақша қар  
Жаумак кайда, жар-жар?!  
Құтын-тайдай айқасқан  
Оң жақ кайда, жар-жар?!

Азар жақсы болса да  
Абысыным, жар-жар?!  
Айналайын жеңгемдей  
Болмак кайда, жар-жар?!

- Бір толарсақ, бір тобық  
Санда болар, жар, жар!  
Қырық кісінің ақылы  
Ханда болар, жар-жар!

«Інім-ай!»-деп, жылама,  
Байғұс қыздар, жар-жар?!  
Інің үшін қайын інің  
Онда болар, жар-жар?!

-Жазғытұрғы ақша қар  
Жаумақ қайда, жар-жар?!  
Құлын-тайдай айқасқан  
Оң жақ қайда, жар-жар?!

Азар жақсы болса да  
Қайын ініміз, жар-жар?!  
Айналайын інімдей  
Болмақ қайда, жар-жар?!

- Бір толарсақ, бір тобық  
Саңда болар, жар, жар!  
Қырық кісінің ақылы  
Ханда болар, жар-жар!

«Сінлім-ай!»-деп, жылама,  
Байғұс қыздар, жар-жар?!  
Сінлің үшін қайын сінлің  
Онда болар, жар-жар?!

-Жазғытұрғы ақша қар  
Жаумақ қайда, жар-жар?!  
Құлып-тайдай айқасқан  
Оң жақ қайда, жар-жар?!

Азар жақсы болса да  
Қайын сінлім, жар-жар?!  
Айналайын сінлімдей  
Болмақ қайда, жар-жар?!

- Бір толарсақ, бір тобық  
Саңда болар, жар, жар!  
Қырық кісінің ақылы  
Ханда болар, жар-жар!

Шымылдығың серпи сал,  
Көрсін әкен, жар-жар!  
Көздің жасын қол қылып,  
Төксін әкен, жар-жар!

«Жылда-жылда поңайдан  
Пұл аламын, жар-жар!  
Бір міндеттен құтылдым!»,-  
Десін әкен, жар-жар!

Шымалдығын серін сал,  
Көрсін шешен, жар-жар!  
Көздің жасын қол қылып,  
Төкесін шешен, жар-жар!

«Жылда-жылда бөгжама  
Бөйі бердім [1], жар-жар!  
Бір міндеттен құтылдым!»-  
Десін шешен, жар-жар!

Шымалдығын серін сал,  
Көрсін аған, жар-жар!  
Көздің жасын қол қылып,  
Төкесін аған, жар-жар!

«Жылда-жылда базарға[2]  
Мал сағам»-деп, жар-жар!  
«Бір міндеттен құтылдым!»-  
Десін аған, жар-жар!

Шымалдығын серін сал,  
Көрсін жеңген, жар-жар!  
Көздің жасын қол қылып,  
Төкесін жеңген, жар-жар!

«Жылда-жылда күйеуге  
Апарам» [3]-деп, жар-жар!  
«Бір міндеттен құтылдым!»-  
Десін жеңген, жар-жар!

Шымалдығын серін сал,  
Көрсін інін, жар-жар!  
Көздің жасын қол қылып,  
Төкесін інін, жар-жар!

«Жылда-жылда үй інін  
Толыр қылмай [4], жар-жар!  
Бір міндеттен құтылдым!»-  
Десін інін, жар-жар!

Шымылдының серіні сал,  
Көрсін еңінің, жар-жар!  
Көздің жасын қол қылың,  
Гөксің еңінің, жар-жар!

«Жаман жеңдем жалпылдам [5],  
Келе бермей, жар-жар!  
Бір міндеттен құтылдым!»-  
Десін еңінің, жар-жар!

## **2. Жар-жар (2-нұсқасы)**

-Алып келген базардан  
Қара насар, жар-жар?  
Қара күйрық сәукеле  
Шаңның басар, жар-жар!

-«Әкем-ай!»-деп, жылтама,  
Қыздар байғұс, жар-жар!  
Әкең үшін қайын атаң  
Орын басар, жар-жар!

-Алып келген базардан  
Қара насар, жар-жар!  
Қара күйрық сәукеле  
Шаңның басар, жар-жар!

-«Шешем-ай!»-деп, жылтама,  
Қыздар байғұс, жар-жар!  
Шешен үшін қайын етең  
Орын басар, жар-жар!

-Алып келген базардан  
Қара насар, жар-жар!  
Қара күйрық сәукеле  
Шаңның басар, жар-жар!

-«Анаст-ай!»-деп жылтама,  
Қыздар байғұс, жар-жар!  
Анаң үшін қайын атаң  
Орын басар, жар-жар!

Алып келген базардан  
Қара насар, жар-жар!  
Қара құйрық сәукеле  
Шашың басар, жар-жар!

«Женгем-ай!»-деп, жылама,  
Қыздар байғұс, жар-жар!  
Женген үшін абысын  
Орын басар, жар-жар!

Алып келген базардан  
Қара насар, жар-жар!  
Қара құйрық сәукеле  
Шашың басар, жар-жар!

«Інім-ай!»- деп, жылама  
Қыздар байғұс, жар-жар!  
Інің үшін кайын іні  
Орын басар, жар-жар!

Алып келген базардан  
Қара насар, жар-жар!  
Қара құйрық сәукеле  
Шашың басар, жар-жар!

«Сіңлім-ай!»- деп, жылама  
Қыздар байғұс, жар-жар!  
Сіңлің үшін кайын сіңлі  
Орын басар, жар-жар!

### **3. Жұбату**

Қара суды жағалай қаз барады,  
Анасынан айрылып қыз барады.  
Қара суға қан құйсаң, ағар кетер,  
Жат кісіге қыз берсен, алар-кетер!

-Жылама, бикем, жылама,  
Көзіңнің жасын бұлама!  
Ұл боп тусаң әуелден  
Сені мұндай қыла ма?!

Бүркендірің қоя ма,  
Көздің жасын бояма,  
Біз бермейік десек те,  
Мал бергенің қоя ма?!

Ол кеңеске кірмессің,  
Тұр десек те, тұрмассың,  
Өзіңе билік тиген соң [1],  
Жұртыңа тұлға болмассың!

Сен жылайсың: «Үйім!»-деп,  
«Жиғаным- қызыл бұйым!» [2]-деп.  
Әкең сенің ойлайды:  
«Отырғаны балам қиын!»-деп.

Сен ойлайсың: «Барсам!»-деп,  
«Бір [3] үйге тұлға болсам!»-деп,  
«Өз алдыма мал салып,  
Адамшылық құрсам!»-деп.

«Ақша отауға кірсем!»-деп,  
«Барша манат кісем!»-деп,  
Тілеуің бекем алдыңда:  
«Әдилеп бала сүйсем!»-деп,

Сәрсенбі күні тойыңыз,  
Құтты болсын тойыңыз,  
Тілеулі құтты тойыңда  
Көп жылауды қойыңыз!

Жыламай құлақ салыңыз,  
Бұ сөзіме наныңыз!  
Мен айтамын өсиет  
Тыңдап, ұғып алыңыз!

Мұнан көшіп кетерсің,  
Шын еліңе жетерсің!  
Тең құрбын шықса алдыңнан,  
Ойнап, ойлап етерсің.

Тең құрбың келіп сөйлесер,  
Қалжыңдасып ойнасар,  
Жақсы-жаман екеніңді  
Ойнаған болып барласар!

Күрбиң келсе, күлгейсін,  
Одешпенен жүрейсін!  
Салмақпенен сөз сойлеп,  
Жаксы жауап бергейсін!

Бұ барғаннан барарсын,  
Ата-ененен барарсын!  
Дүниесін құрметтеп,  
Қабағына қарарсын!

Күлдай малын баққайсын,  
Күңдей жұмыс қылғайсын!  
Ата-ененен жаққайсын!

Ата-енен айтар: «Келінім!»-деп,  
«Келінім жақсы елім!»-деп,  
«Ботен Жак жат жұрғына  
Жаксылығың білінер!»-деп.

Қорана боліп мал берер,  
Алғына келіп дәм берер!  
Арқан есіп, жүн түтін,  
Адамшылық құра бер!

Адам болсаң, өлмессің [+],  
Еш жамандық қормессің!  
Жаксы болсаң, білгерсің!  
Жаман болсаң, білмессің!

Күйеуіңді күлгейсін,  
Өз басың құрмет етпейсін!  
Қанша қоңиді қалса да,  
Бірде-бірін түтпейсін (тұшпайсын)!

Жыртық қылма киімін,  
Шапша жиған бұйымын!  
Күйеуің келсе бір жактан,  
Оңай қылып тұр қиынын!

Біріңді-бірін құрметтеп (құрметтеп),  
Қызықпенен күнелтсең!  
Келістіріп дүниесін,  
Ақ сұңкардай түлетсең!

Шарнагтың белгісін,  
Білсең жақсы үлгісін!  
Сөзге сынық қылдырмай,  
Күтсең жақсы күрбысың!

Аз асынды [5] көп етсең,  
Көп асынды көл етсең,  
Бар асынды даяр [6] қып,  
Қонақты сыйлап жөнелтсең,

«Мұнша қызмет қылды!»-деп,  
Күйеуің көңілі жай болар:  
«Маным адал болды!»-деп.

Күн жұмсаған, қорлама,  
Тіл алмаса, зорлама!  
Тәтті, дәмді асыңды  
Онан бөлек ұрлама!

Құл жұмсаған, ұрманыз,  
Оған қорлық қылмаңыз,  
Жетім хақын ойлаңыз!  
Бұл сөзіме наныңыз!

Өзің сараң болмаңыз,  
Сараңдық атақ алмаңыз,  
Қонақ кона үйіңе,  
Табағына тек-қарып салмаңыз!

Жаман қатып белгісі:  
Әр неден жоқ үлгісі,  
Қатғы болар ұйқысы,  
Шірік болар терісі.

Жаман қатынның белгісі:  
Әр неден жоқ үлгісі,  
Сасық болар үй-іші [7],  
Онан жаман өз иісі,  
Еш келмейді келісі!

Талқан түйің, қыш берер,  
Қарны тойсын деп берер,  
От басының боқтығын  
Тор алдына аш келер!

Аяқ болар күмганы,  
Қолын малын жуғаны.  
Үсті-басы бок болар,  
Кас құдайдын ұрғаны!

Шашы [8] жүрер жалбаңдап,  
Балағы жүрер салбаңдап,  
Маңдайдан шашы бұрқырар,  
Екі емшегі салақтап!

Ол- адамнан ұялмас,  
Өзінің дүниелігін жия алмас!  
Өзінің малын танымас,  
Қатын болып дәнемеге жарамас!

Замананың [9] азғаны,  
Аттан байтал озғаны,  
Некесізден хан тұрып [10],  
Қайран қазақ тозғаны!

Сарғайып атқан сары таң  
Сәуле беріп көрінді [11].  
Оқыра жүген бұрып ат  
Тұсында сенің бүгілді.

Мінгенде атың боз ғана,  
Күйеуің жап-жас бозбала,  
Пайғамбар қызын ұзатқан,  
Солар бір салған жол ғана!

Қыстай бір тіктің сыңсыма,  
Айтарым, жар-жар, сыңсыма!  
Әжептәуір бала едің,  
Обалын қырық бір жылқыға!

Бұрынғы заманда «сыңсыма»- дейтін сарт қолы бір мата бөлушы еді, ұрғашылар қойлек киюші еді. Алдыңғы «сыңсыма» дегені- сол, соңғысы- «жылама» дегені.

Күйеуің жүр күлімдеп,  
Қолына тиіп жылқысы.  
Аға-енеге жақпайды  
Келінің шайпау тілдісі [12].

Үзітпай сені кайтпеді [13],  
Зылика, Зоуре- екі аман  
Апаңның салған үлгісі!

Мінгенде атың жиренше,  
Тықыршып тұрмас мінгенше,  
Шын [сен] ақылын кіргенше,  
Ақ тайлақ шығар інгенше!

Мінгенде атың боз ғана,  
Күйеуің жап-жас бозбала,  
Тана бір мошпақ тағарсын,  
Тұңғышың болсын қыз бала!

Сәрсенбі күні той етер,  
Дүрлдеп, желдеп қой кетер,  
Сен кетсең, шешең жүдейді,  
Келіні келіп күнелтер!

Әуеден ұшқан сона-ды  
Саялы жерге қонады.  
Артыңда сіңіпін жоқ болса,  
Шешене киын болады!

Мінгенде атың ала-ды,  
Тенселе басың барады [14].  
Жыламай аттан, бикем-ай,  
Апарып шешең салады!

Мінгенде атың ала-ды,  
Тең құрбың мұнда қалады.  
Жыламай аттан, бикем-ай,  
Жаз бір, күз бір барады!

Мінгенде атың теңбіл қок,  
Тең құрбың қалды мұнда көп.  
Орамал берсең, барша бер,  
Мақтайды сені мына көп.

Есіктің алды құмдақ-ты,  
Құмдақтан қоян зымырапты.  
Атасы басқа жау жеңге  
Отауға салып тыңдапты.

Есектің алды тастақ-ты,  
Тастақтан қоян бас бақты.  
Атасы басқа жау жеңге  
Отауға салып тастапты.

Есектің алды шашу ойын (үйін),  
Шенең бір шашар шашуын!  
Қалыңға берген қырық жылқы  
Кешке де алаар ашуын!

Жайықтан ұшқан жалғыз қаз,  
Еділден ұшқан екі қаз,  
Біреуі шанқан, бірі бот,  
Сандығын толған сары бот!  
Әуелен ұшқан қобелек,  
Күйеуін жаман сүмелек,  
Келіншек болып түскен соң,  
Күн көрсетпес төшелен.

#### **4. Беташар**

Келін күйеудің үйіне келгенде, сәлем етіп отырады. Күйеудің туғандары, ағайындары бәрі отырады. Онан соң бір кісі [1] ағаштың басына бір асыл бұйым шүберек байлап алып шығып отырып, келіннің басындағы бүркенген желетін көтеріп, бетін ашып, былайша олең айтады:

Айт, айт, келін, айт, келін,  
Атыңның [2] басын тарт, келін!  
Сауысқаннан сак, келін,  
Жұмыртқадан ақ келін!

Кер бітени-құлыншақ,  
Салбыраған тұдымшақ,  
Алдыңғы түйен- итіншек,  
Арқғы түйен тартыншақ.

«Алдыңғы түйен- итіншек!»-деп,  
Көтке сөкпа, келіншек!  
«Арқғы түйен тартыншақ!»-деп,  
Басқа сөкпа, келіншек!

Шу-шу болар, шу болар [3],  
Құлағыңды бері сал,  
Асығыңды кері сал!

Ата-сенеңмен ұрыссын,  
Қақаңдама, келіншек!  
Үйі артына мал келсе,  
Бақаңдама, келіншек!

Таңертең тұрып, келіншек!  
Күрт ұрлама, келіншек!  
Өзін жағып, байыңды  
«Тұр-тұрлама!»- келіншек!

Аузы- мұрның сүйреңдеп,  
Осек айтпа, келіншек!  
Қайып алаңның алдынан  
Кесіп өтпе, келіншек!

Сары етің саңысдап [4],  
Сөзді баста, келіншек!  
Сауыр етің шойқаңдап,  
Тотай кезбе, келіншек!

Көң етің көршеден [5],  
Ауыл кезбе, келіншек!  
Жаулығың тік шолаңдап [6],  
Бұзу қорыма, келіншек!

Атаң ақыл үйретсе,  
Адырайма, келіншек!  
Енен ақыл үйретсе,  
Едрейіме, келіншек!

«Абысыным жақсы!»-деп,  
Сырыңды айтпа, келіншек!  
«Қайындарым жақсы!»-деп,  
Қойыңна алма, келіншек!

Келін, кезін (келіңіз) көріңіз [7],  
Көрімді ти беріңіз!  
Ала-құла демеңіз,  
Түең айттып қойыңыз.

Жылқы берсең, көктен бер,  
Өзі жүйрік беріктен бер!  
Қайын атаға бір сәлем!

Түйе берсең, тайлақ бер [8],  
Мұрындығын сайлап бер!  
Түйе берсең, ақтан бер,  
Өсеріне бактан бер!  
Қайын енеге бір сәлем!

Сиыр берсең карадан,  
Сірә да өлмес жарадан.  
Қайын ағаға бір сәлем!

Қойды берсең, қоңырдан,  
Өсеріне оңдыдан [9],  
Абысынға бір сәлем!

Ешкі берсең, сарыдан,  
Құлақ шыдамас- дауысының зарынан [10],  
Қайын ініге бір сәлем!

Мүйізі пышаққа сап болар,  
Терісі бұтқа қап болар,  
Бұты толған бұлақ болар,  
Іші толған лақ болар,  
Ақтылы [11] қойды айдаған,  
Алалы жылқы байлаған,  
Осы жанның үлкені-  
Атасы, саған бір сәлем!

-Мінгенде атың боз ғана,  
Жорғасы бар аз ғана,  
Таналы моншақ таққалы,  
Тұңғышы болсын қыз ғана!

Есіктің алды терек-ті,  
Қатындар тоқыр өрмекті,  
Барған жылы ұл тапсан,  
Құдайдың берген ермек-ті!

Арғымақ келер аяндап [12],  
Ақырын сөйле баяндап.

Қой келеді жыбырлап,  
Ақырын сөйле сыбырлап!  
Қойды берсең ағынан,  
Осер-өспес боғынан!

Мінгенде атың жиренше,  
Ойнақтап тұрар мінгенше,  
Сірә да, мауқың басылмас  
Әдилеп бала сүйгенше!

Ақ түйең татырауда,  
Ақ тайлак жатыр матауда.  
Қыз игенде (екен де) қысылдың  
Мейлінше ойна отауда!

Есіктің алды ақ балық  
Ақ балық етін қақталық [13].  
Орамал берсең барша бер,  
Елге барып мақталық!

Есіктің алды ақ балық  
Ақ балық етін қақталық.  
Орамал берсең, бозден бер,  
Шыға беріп бокталық!

## **5. Халық өлеңдері**

### **5.1. Бір ақын өлеңі**

Тоғай бойында Едіге баласы Бейсенге біреудің айтқаны:

Сенің әкең- Едіге,  
Сарнаушы еді еліге,  
Сарнамасқа бола ма,  
Қызыққан соң төс пен теріге?!

### **5.2. Абақтыдағының зары**

Бастайын «Бисмилладан»- Тәңірім атын,  
Жазайын төрт жігіттің мінажатын.  
Түзетін таршылықта жаза алмадым,  
Гайыпқа ала көрмеңдер жазған (иазған) хатым!

Жазуға төрт жігіттің аты керек:  
Қайдағұр, Сатыпалды, Айжан, Тілек.  
Жар болсын Тәңірім өзі бейшараға,  
Бала елі іс қормеген Жұман, Бобек.

Мырзана Сатыпалды жала салды,  
«Бір істі сен қылдың!»- деп, пәле салды.  
Бір доңызды ит талап өлтіріпті,  
Сол уақытта төрт жігітті ұстап алды.

Ғаламда он сегіз мың жалғыз Алла,  
Бұрынғы заманымыз қайда қалды?!  
Салмасын еш пендеге мұндай күнді,  
Зынданға, міне, аяп келіп жалғыз салды.

Құдай-ау, кез келгірдің қандай сорға,  
Бастадың қандай күні мұндай жолға?!  
Бойымнан осы өкініш қайтпін кетер,  
Оқ ағын, қылыш шапнай, түетім қолға.

Жоқ елі бұл кәсірге қылған қасым,  
Көзімнен, ойлай берсем, ағар жасым!  
Тұтқында қазам жетпін, өліп кетсем,  
Құдайым иманымын айырмасын!  
Зынданда жата алмадым бойым дұдап,  
Сүм дүние, өтемісің ағтай тулап?!  
Серкедей қой бастаған көсем едім,  
Қайран жүрт, қаламысың қойдай шулап?!

Пәленің қашай десем болар ағын,  
Жағдырмын қолға түсіп, болып қатын.  
Құдай-ау, мұндай қорлық қорсеткенше,  
Пенденің алған артық аманатын!

Кез болды жоқ орыннан бізге неген,  
Бейсенді ішке айдаған жұртын жеген.  
Сегіз жыл «Ітжеккеннен» арман кетіп,  
Ханымыз Абайдыла қайдан келген?!

Жесімнің Азнабайы жылқы айдаған,  
Үш жерден найзасына ту байлаған.  
Ол кімнің тобесіне қой қазыпты,  
Тайжанды ағын, Сейтенді ішке айдаған!

Біз түгіл, жұрт ұстаған Көкен де өлген,  
Біздерге бұ да шығар кезек келген!  
Тұрлыбек жұрт билеген- Маңдай да өлген,  
Төктамсы, Төбет пенен Жандай да өлген.

Ер Көкен олин кетті біздің сорға,  
Біз түстік қапшыла қазған орға.  
Кісісін Баба, Бағыс жиып алып,  
Ақшасын шапар еді біздің жолға!

Не етеді өзгесі өлсе, Көкен өлмей,  
Ер Көкен жағар ма еді бізге келмей?!  
Түріде жұрт қараған, мырза Маңдай,  
Шынымен жатқаның ба, бір тырбанбай?!

Шынымен жатырмысың, ай, Көкен ер,  
Жатыр ма шын жібермей сұм кара жер?!  
Көкен жоқ, қанша айқапмен, енді маған,  
Жақсылар бұрынғы өткен, жар бола гөр!

Доныздың етін желен кәпір оңбас,  
«Келед-деп- нәле қайдан?»- айтып болмас.  
Бұл илтің тақыдаған айғағы жоқ,  
Жар болса жалғыз тәңірім, боқ та қылмас!

Жалпанда осы қайғы естеп кетпес,  
Көрген жан көрінілік бізден өтпес.  
Жер жүзін қапшап түгін, өрт алса да,  
Жар болса жалғыз Тәңірім ештеме етпес!

Дүшпенің көзім жетпес ғайыбына,  
Кез болдым қандай істің айыбына?!  
«Шөледен құтқар өзің, иа, Құдай!»-деп,  
Біз міндік Тәуекелдің қайығына.

Сәлем де, Мәжін биле, келе көрсін,  
Мәнісін мынау істің біле көрсін!  
Ит даусын түзде жүрген бөрі есігпес,  
Не қылсын билер бізді өңдері есен?!

### 5.3. Қара өлең

Үлкенге керсең қалды да,  
Ас құйылды [1] тегешке.  
Үлкен билер қалды да,  
Құлдар кірді кеңеске [2].

Кеңескенде, не десті,  
Тырнадай мойнын теңесті.  
Теңескенде, не десті,  
Біріне-бірі серт қылды:

Үйге кедей келгенде,  
Бір аяқ ас бермеске!

\*\*\*

Өлеңтіңі жағалай  
Тал шығады деп едім,  
Тал шыбықтай бұралып,  
Сал шығады деп едім.

Соккан бейіт сықылды  
Үй шығады деп едім.  
Қырыққан серке бұттанып,  
Би шығады деп едім.

\*\*\*

«Жал-құйрығы қаба»-деп [3],  
Жабыдан айғыр салмаңыз!  
«Атасы бай екен»-деп,  
Жаман қатын алмаңыз.

«Жал-құйрығы қаба»- деп,  
Жабыдан айғыр салсаңыз,  
Жаугершілік күн болса,  
Ұстап мінер ат тумас!

Жаман қатын алсаңыз,  
Екі кісі бас қосса,  
Сүйреңдеп сөйлер,  
Топқа кірер ұл тумас!

Жаман қатын алсаңыз,  
Төркініне бір алмай,  
Төсегіне жаға алмас!  
Тең құрбысы келгенде,  
Жалғанда қорлық болады,  
Оңды жауап айта алмас.

\*\*\*

Таудан аққан тас бұлақ  
Тасыса, құяр теңізге.  
Қанша малы көп болса,  
Бай қуанар егізге.

Жаманнан жақсы туса,  
Жақсыдан жаман туса,  
Тартпай қоймас негізге.

\*\*\*

Ақ дариядан үлкен дария болмас,  
Тасыса, қалыбынан аспас.  
Тұрымтайдан ұшқыр құс болмас,  
Торғайдан басқа нәрсе алмас.

...Ақ патшадан үлкен патша болмас,  
Оның жарлығы екі болмас.

\*\*\*

Бұзау-тайынша жиылып,  
Бота болған заман-ды.  
Жаман-жақсы жиылып,  
Адам болған заман-ды!

Тамам молда жиылып,  
Можа [4] болған заман-ды!  
Тамам төре жиылып,  
Қара болған заман-ды!

\*\*\*

Оралдан қашқан өр түлкі  
Өрлей [5] кашса, ит жетпес.  
Тегеуріні төрт елі,  
Аспаннан түскен тас түлек.

Жерге түссе [6], тек кетпес.  
Қас патша қараңшасына:  
«Ерте келдің, кешке келдің!»-деп кек етпес [7]!

\*\*\*

Ұлы ханның ұлы едін,  
Асыл ханның сідігі едін.  
Шыныаяқтың сынығы едін,  
Қас патшаның өзі едін!  
Мінезіннен дәме етпеймін,  
Сүйегіннен дәме етемін [8]!

\*\*\*

Алыстан қара көрінсе,  
Жүйрік озар созылып,  
Қаба-қаба қар жауса,  
Атан тартар бүгіліп.  
Ендігінің жақсысын  
Есіктен төрге қарап,  
Отырғанын көрерсің түнеріп [9].

\*\*\*

Борай-борай қар жауса,  
Боранына келтірер.  
Аз кісіні көп кісі  
Орамына келтірер.  
Көп нені айтады,  
Азға қылған зорлығын айтады.  
Аз нені айтады,  
Көптен көрген қорлығын айтады.

#### **5.4. Тақпак. Кім айтқаны белгісіз**

Арай, арай, арай бар,  
Арай толған сарай бар.  
Бурылша атқа бұғау бар,  
Бұғауды кесер егеу бар.  
Сом темірге балға бар,  
Сомсынғанға Құдай [1] бар!

Ақ сұңқар, сен: «Ұшқырмын!»- деп, мақтанба,  
Алдыңда жаюлы тұрған торлар бар.  
Тұлпар, сен: «Жүйріктің!»- деп, мақтанба,  
Алдыңда қазулы жатқан орлар бар.

«Басым көп!»- деп, топтанба,  
«Малым көп!»- деп, шоктанба!

«Жарлымын!»-деп, жабықпа.  
«Жалғызбын!»-деп, зарықпа[2].  
«Мұңлымын!»-деп, камықпа,  
«Жаяумын!»-деп, тарықпа.  
Мұңайма, жігіт, мұңайма,  
Мұң тарқатар Құдай бар!

\*\*\*

Суда жүрген сүңгуір,  
Су қадірін не білсін?!  
Түзде жүрген дуадақ,  
Көл қадірін не білсін?!

Жарлыдан жана байыған,  
Жалғыздан өсіп көбейген,  
Ел қадірін не білсін?!  
Өзі коқайыд, өзі дию, пері,  
Өзі долы қатын  
Ер қадірін не білсін?!

\*\*\*

Тау белгісі тас болар,  
Бай белгісі ас болар!  
Төренің жаманы-  
Толенгітімен қас болар!

Баланың жаманы-  
Әкесін өлтіргенмен дос болар.  
Құдайдың ең жаман жаратқан адамы  
Қатынының ойнасымен дос болар!

Бұзылар елдің белгісі-  
Бура тарасы бас болар!

\*\*\*

Боларында болып өт,  
Боз жорғадай желіп өт,  
Болмасынды білген соң,  
Болған ердің қосын жек!  
Өзін адам болған соң,  
Аудара тастап,  
Қалай кетсең, олай кет!

\*\*\*

Бай болсаң, торғын орамалмен бетін сұрт,  
Жарлы болсаң, жаныңменен көтіңді сұрт!

Бай болсаң, жан- бір алтын,  
Қанша сыйласаң, сыйлауыңа тұрады.  
Жарлы болсаң, жан- бір күдері,  
Қанша қинасаң, қинауына тұрады, үзілмейді!

\*\*\*

Мырзалық- қонаққа пайда, малға қас,  
Батырлық- жолдасқа пайда, жанға қас!  
Өтірік сөз- дауға пайда, иманға қас!  
Өткір пышақ- қолға пайда, қынға қас!

\*\*\*

Алыс пенен жуықты-  
Жортқан біледі.  
Ащы менен тұшыны-  
Татқан біледі.  
Тіріліктің қадірін-  
Өліп көрде жатқан біледі.

Денсаулықтың қадірін-  
Ауырып, төсек тартқан біледі.  
Жан тыныштықтың қадірін  
Толғатып, бала тапқан біледі.

Сеңсең тонның қадірін  
Сексенге қелген қарт біледі.  
Сары атаңның қадірін  
Ел қыдырған сарт біледі.

Төс айылдың батқанын  
Иесі білмейді, ат біледі.  
Ер жігіттің қадірін  
Ағайын білмейді, жат біледі.  
Кімнің жақсы-жаманын  
Жаратушы Хак біледі!

## 5.5. Төрттағандар

\*\*\*

Қаруы ер жігіттің қылыш екен,  
Қылыштың үлкен пышақ інісі екен.  
Құрбының алған жары жақсы болса,  
Төрт елі маңдайының ырысы екен.

\*\*\*

Арқа, Ойылдың құба жон- ат желгендей,  
Бабын тапса, құс болмас ителгідей.  
Бойымда аса күшті бір дертім бар,  
Бабын қыздар таппаса, кісі өлгендей.

## 6. Өтірік өлең

Өтірік өлең айттым да, қызға [1] жақтым,  
Құмырсқаның асауын [2] қойдай бақтым.  
Асауын шегірткенің ұстап мініп,  
Тау-таудан тарбаңдатып түлкі қақтым [3].

Бір қоянды міндім де, аспанға ұштым,  
Екпініне шыдамай, жерге түстім.  
Алты күндей ақ боран соғып еді,  
Жалғыз қурай түбіне [4] ас қып іштім.

Дүниеде ауыр екен [5] үрген қарын,  
Жалғыз өзім көтердім соның бәрін.  
Атандарға үш төстеп (осы тұстап) артып едім,  
Көтере алмай, жығылды, жануарым [6]!

Бұ дүниеде бек ауыр [7] үрген қуық,  
Жалғыз өзім көтердім аузын буып.  
Қара шіркей шыбынға [8] арба салдым,  
Ондай мықты [9] көрмедім өзім туып.

Бір қарсақты жарағың, базар [10] міндім,  
Құлағыңнан берік басып [11] әзер міндім  
Екі хамбал (сөмбал) [12] үстіне теңдеп алып,  
Қара жолдың үстінае борт-борт желдім.

Базарға барайын деп, борсық міндім [13],  
Өзім жаяу болған соң, қорқып міндім,  
Екі хамбал астыма маға теңдеп,  
Қара жолдың үстінде борт-борт желдім.

Торғайлық атым үрікті ку басынан,  
Тыпқанының арқан естім шудасынан,  
Отыз кісі бір қаншыр ұстап алып [14],  
Астау-астау ет жедік ер басынан.

Маса деген бір әділ пақыр [15] екен,  
Имансыз сона деген кәпір екен.  
Үйіне иеліктің кіріп барсам,  
Ас беріп әкесіне жағыр екен.

Түбінен жау қияқтың ердің басы [16],  
Көпестей қобелектің жұмыртқасы,  
Базардан өзім барып алып келдім,  
Қаппардың шаңырақтай омыртқасы.

Өтпек олең айтсам да, [17] келісі бар  
Сары масаның сабалық терісі бар,  
Бөгелектің [18] бнесін байлаймын деп,  
Өрмекшінің ол құлаш желісі бар.

Міндім де иелікті, сона қудым,  
Сонаны үш күн, үш түн сона қудым,  
Төс етіне сонаның жерік болды,  
Тіліне жол (соң) жеңгемнің бола қудым.

Қол маса қу қолдеге күт құйыңты [19],  
Қобелек: «Даулымын!»-деп, жұрт жиыңты,  
«Ол дауына [20] мен өзім болмаймын!»-деп,  
Қолбақа суда жағың, тырбыңты.

## 7. Жарапазан

Жарапазан айта келдім, сіз байларға,  
Кім кетіп, кім жетпеген бұл айларға?!  
Кіресіз сегіз бейіні сарайларға  
Мұхаммед үмбетіне шағыр рамазан!

Бір көптен он екі айда шағыр рамазан,  
Қышыңыз рамазанда жанды құрбан!  
Үшбу айда енді бізге Қалам, Құран,  
Мұхаммед үмбетіне шағыр рамазан!

Бес парыз мұсылманға миһат болған,  
Ораз, намаз, зекет, қажы,- ол- нұр- нман!  
Бұл айда рақмет нұрға дүние тозын,  
Мұхаммед үмбетіне шағыр рамазан!

Ораз тұт, үшбу айда оқын құран,  
Қараңғы көрде шамын жаңып тұрған,  
Наныңыз бұл сөзіме, хақ мұсылман,  
Мұхаммед үмбетіне шағыр рамазан!

Бұл айды көрген де бар, көрмеген де,  
Білерсіз жан қадірін тергегенде,  
Жақсы емес садақаны бермеген де,  
Мұхаммед үмбетіне шағыр рамазан!

Бұл айда кешер Алла жазысыңды,  
Сыйласаң біздегі нақыр ғарібіңді!  
Садақа, берген қайыр- азығың-ды,  
Мұхаммед үмбетіне шағыр рамазан!

Бұл айда берсең нұр тәңірім шашар,  
Бұл айда шайтан нағын қорқып қашар,  
Бейіні сегіз жұмақ періште ашар,  
Мұхаммед үмбетіне шағыр рамазан!

Әр айда бола бермес бұл рамазан,  
Қасиетін оразаның білмес надан,  
Ықылас қыл қарсы алыңыз, келсе шамаң,  
Мұхаммед үмбетіне шағыр рамазан!

Наныңыз жұмақ, тамұқ-тамам барын,  
Тағы бар ғаршы, күрсі, лаухи қалам!  
Қожасы дүние, ақырет- Алла тағалам  
Мұхаммед үмбетіне шаһыр рамазан!

## *8. Жоқтау өлеңдері*

### **8.1. Бұрынғы жоқтау үлгісі**

Алты атасы бай өткен,  
Алты атаңға жүк артқан.  
Жеті атасы бай өткен,  
Жеті атаңға жүк артқан.

Ұяда [1] сұңқар түлеткен,  
Қияда сұңқар тілеткен [2].  
Алтайы қызыл түлкі артқан [3],  
Қиядан барып тіке атқан [4].

Баршаны боздей жырттырған,  
Жібекті жүндей тұттырған [5].  
Қонақ қонса: «Қон!»-деген,  
«Қой семізін сой!»-деген.

Тойға қазан астырған,  
Жақсылыққа көзін жеткізген,  
Шылаушын (сыйлау шын) салың, ат мінген,  
Шыңыраудан алып, су ішкен,  
Шынжырлы қауға тақтырған.

Қайыңнан астау шаптырған,  
Қапғатып жылқы жаптырған.  
Айдарлығы айдатқан,  
Тұлымдыға байлатқан [6].

Қалмақтан жылқы қудырған,  
Құлынын жолда [7] тудырған.  
Жамбасынан [8] отырған,  
Саннама [9] жұлдыз батырған!

Бес тақа баршадан тон қылған,  
Жеті рудан қол жиған [10].  
Әуелде құдай қалаған,

Асылы нұрдан тараған [11],  
Ақ сұңкардай түлеген,  
Тоятты онын қанған соң,  
Алыстан тоят тілеген!

Алыстан дұшпан аттанса [12],  
Қар-жанбырдай бораған.  
Жақыннан дұшпан аттанса,  
Қарт бурадай жараған [13].

Барғанда, төре таныған,  
Қайтқанда, қара қамаған.  
Қарасы мен төресі  
Қамап ақыл сұраған.

Тобықтының биі еді  
Сексенге келген Кеңгірбай.  
Еншіні [14] толды параға.  
Парадан алған көп мақпал  
Өлгенде жайылды қараға [15].

Екі жұртқа жем қылып,  
Ғылажын не дүр Аллаға [16]?!  
Айдының Алатаудай бар еді,  
Қайрағың Қаратаудай бар еді.

Көріп ненен қасерге  
Сауып тұрған бие едің.  
Жетім менен жесірдің  
Айттырмай мұның біледі.

Толарсақтан саз келсе,  
Қажымай оған күледі.  
Арғын-Найман- Орта жүз  
Қылышын жанай жүреді.

Тұғырға қалған сұңқары,  
Суытып қойған тұлпары.  
Алпыс басты ақ орда,  
Ақ сұңқар үйде тұрған-ды,  
Күні де түні [17] базарым,  
Алладан [18] қайтты назарым!  
Бетімнен кетті ажарым!

Хан иеміз кеткенде,  
Бір күнде кетті базарым!  
Жазды күні болғанда,  
Күннің көзі байланған,  
Ақ сұңқар ұшы айналған!

## 8.2. Балғынды жоқтау

Басында қу ағаштын тақияң тұр,  
Ақ күміс, адыра қалғыр, жарқырап тұр!  
Келмесең со барғаннан, жалғызым-ай [1],  
Артыңда қалған анаң аңырап тұр! [2].

Жеткенде жеті жасқа құран бердім,  
Молдаға сені оқытқан құнан бердім [3].  
Артыңда апасы жоқ, сіңдісі жоқ,  
Қалыңды жалғызыма неге бердің [4]?!

Айтамын, айт дегеннен [5] атым тұсап,  
Тұсап қойған жерінде тұрсын жусап.  
Келгенде елу беске, сұмырай Бәтен,  
Туар ма енді бала Балғынға ұқсап?!

Қарағым, айналайын, қандай еді,  
Бауырсақ майға піскен, нандай еді.  
Мақтасам өзімді-өзім, болар өлім [6],  
Баланың өзі құрбы мандайы еді!

Қарағым, айналайын, ұлы кентім,  
Сарғайды санаменен ақша бетім!  
Болғанда қыс ортасы, сығыр ойбай,  
Бұзылды жалғызыма құрған кентім [7].

Ақ ешкі келіп жатыр лағына (ұлағына),  
Сүт берген ақ үрпінен шырағына.  
Қосылып, кел екеуміз, зарланайық.,  
Алланың түсер ме екен [8] құлағына?!

Тапқаны ақ ешкінің – егіз [9] лақ,  
Біреуі лағынын- салпаң құлақ.  
Ақ ешкі, көкке қарап, коңеді же.  
Табарсың есен болсаң тағы да лақ [10].

Ақ ешкі, сен де мұңды, мен де мұңды,  
Жаратты бір жаратқан бесеу (би сау) [11] сұмды.  
Ақ ешкі, көкке қарап, көденді же,  
Құдайым берер ме екен бізге [12] де ұлды?!

Бойынан Досхананың ел өтеді,  
Шапаннан жалаң қабат жел өтеді.  
Сығыр-ай, мен зарланбай, кім зарлансын,  
Балғынның енді маған айы өтеді!

Досхананың бауыры жалғыз там-ды,  
Аямаған бір Құдай жалғызды алды.  
Елу беске келгенде, сұмырай Бәтен,  
Жалғызынан айырылып, аңырап қалды.

### 8.3. Болы төренің қарындасы жоқтағаны

Күдері [1] белбеу белімде,  
Азалы болдым елімде,  
Бопекем жарлық берген соң,  
Жүре бердім жөніме.

Бас, бас өлім, бас өлім,  
Басынан келген осы өлім.  
Жапырағын жалпайтып [2],  
Жарды бір [3] алған осы өлім.

Мұхаммед-Құдай достысы [4],  
Оны да алған осы өлім.  
Қылышынан қан тамған  
Ғалыны да [5] алған осы өлім.

Өлімнің інісі- уайым [6],  
Бұл істі салған Құдайым.  
Қара бір шашым жаяйын,  
Жаяйын да, жияйын [7].

Күнәлы [8] бармақ, жез тырнақ,  
Күнінде қаңға бояйын.  
Албыраған акша бет  
Сүйегіне таяйын [9].

Асылдык айтып Аллаға,  
Күнакар ғасы, болмаған [12].  
Адалдығы ғалымдай [13].  
Дін сөзіне тоймаған.

Ақылы және[14] данышпан,  
Кеудесіне сыймаған.  
Мұнарадан жол алған,  
Бұхарадан қол алған,  
Жалғыз қырдан ніл алған.

Аруақты елдің қосы еді,  
Адал нірдің досы еді.  
Нияз алар мұртынан,  
Мұрт деп барар жұртынан,  
Қожалар оқыр құранды [15].

Құраннан басқа пайда жоқ,  
Ажалдан хайла жоқ.  
Сарғайғанмен өлмек жоқ,  
Уайымнан өнбек жоқ,  
Әсіре қылып жүзіндей,  
Қалайы саңдық ішіндей,  
Алтын дінде алпыс мың.  
Қыс [16]қонысын сұрасаң,  
Қоянды менен Жыланды,  
Өзен аққан бойында  
Мекен қылды Нұраны.

Тірісінде көп берді:  
«Зекет!»-деп тай мен құнанды[17].  
Жесір қатын, жас бала,  
Қайырымен жұбанды.

Жайлауға беттеп көшкенде,  
Шаңдатып жылқы айдаған [18].  
Тайы қысыр қалмаған,  
Тайлағы бота салмаған [19].  
Сегіз руга мал беріп,  
Сексен қысырақ байлаған.

Бетегелі кең тарлау,  
Беткейге біткен раңдай [20].  
«Дүниеден Тәти өтті!»-деп,  
«Алтайдан қайрат кетті!»-деп,  
Қожалар сызған сиядай  
Дұшпанның көңілі тыңды ғой[21].

Барсаң, сәлем дегейсің,  
Ақжолдың ұғлы Арғынға,  
Атпен желі тарттырдым  
Кереге бойы шалғынға[22].

Дұғай сәлем дегейсің,  
Қошқарбай ұлы Құрамға,  
«Қорам орта болды!»- деп,  
Қонсыны күндеп қазбасын,  
Бір Аллаға жазбасын (иазбасын)!

Ішіп, бір киіп, буласын,  
Сүм дүниенің отерің,  
Өлшенуменен ойласың!  
Мың-миллионы кетсе де,  
Төре алдына бармасын [23].

Жұмақтың төрі - он тарау,  
Ойнай, күле жүргейсің,  
Пейіштің төрі- бес тарау,  
Белгілі болып жүргейсің.

Аллаға ісің ақ болса,  
Ақ сарайға кіргейсің!  
Нұрдың қызын сүйгейсің,  
Торкадан койлек кигейсің!  
Шараба тұнұр шәрбатын,  
Сусыныңа ішкейсің [24]!

Иә, Мұхаммед, колдағай,  
Қоп иад еткен үмбетін [25]!  
Қоп тілеуі көл болғай,  
Қопсінген де дәулетін,  
Аян болсын әуретің!

Парша менен маулімді,  
Боз, бояктай жұмсаған,  
Жорға менен жүйрікті,  
Тай, құнандай жұмсаған.

Кожалардың айтқаны,  
О дүниенің сөзі еді,  
Ақ кіреуке сыймаған  
Алып бір туған жоталы,  
Жарастықты мырза еді [26]!  
Алладан бұйрық келген сон,  
Бұ дүниені қиғаны!

Шапырағын идірген,  
Шынар деген ағаштан,  
Мал байлығы бір асты  
Біткен қазақ алаштан.

Бетіне жан келмеген,  
Майқыменен таласқан,  
Үш Мейрамның ұлында:  
Қуандық пен Сүйіндік,  
Жан жоқ бұған таласқан.  
Ексе де елге, бітер ме  
Мырзада мұндай жарасқан [27]?!  
Бесінде мектеп оқыған,  
Алтысында ақыл тоқыған,  
Жетісіне шыққанда,  
Жетпіс пірден сөз сұрап,  
Құдықтай көзін шоқыған [28].  
Сегізіне келгенде,  
Сүйіндікке бас болған,  
Аққан сендей толқыған!

Тоғызына келгенде,  
Туған айдай балқыған.  
Енді он жасқа[29] шыққанда,  
Дәулеті қолдай шалқыған.

Он бірінс шыққанда,  
Ардағы асты халқынан,

Он екіге шыққанда,  
Құр қайтпады нарқынан.

Жиырмадан өткен соң,  
Енді отызға жеткен соң,  
Салиқалы би болды,  
Жесір менен жетімге,  
Тігіп бір койған үй болды.

Жетім менен жесірдің,  
Болып өтті азығы,  
Аз ғана ауыл Сүйіндік,  
Аз күн болды қазығы.

Өз бауырым деп жан тартпай,  
Тіл жаздырып, дат айтпай,  
Әділдікке салғанда,  
Еш [30] бар ма еді жазығы?!

Ат басына соқтырып,  
Ақы айтпаған дуа [ғып],  
Аузына күпір көп түспей,  
Алласын күткен мұнайыш [31]!

Сексен үшке келтірмей,  
Ажал берді Құдайы.  
Өткен іске салауат,  
Артының қайырын [32] сұрайық!

Самарқанда сайлатты,  
Сары алтыннан түймесін.  
Хазірет те соқтырды,  
Ақыретте күймесін.

Аруақ ата қалаумен,  
Аруақты баба жебесін!  
Жауаптамаң жар болып,  
Ініне шайған мінбесін [32].  
Ғалам білген Тәгиді  
Жоқтаусыз қалды демесін!

## 8.5. Бір әйелдің ботасын жоқтағаны

Ертеде бір қатын[ның] бой жеткен қызы болыпты. Екі ботасы бір інгенге тел болыпты. Үйіне бір қонақ қонып: «Қырықтың бірі- қыдыр!»- деп, тойызып, сыйлап салыпты. Таң сәрінен қатын түрелсе (тұра келсе), екі ботаны ит-күс тып-тыпшып қылып кетіпті. Түйе боздап, азынап тұр дейді. Сонда қатын екі бүйірін таянып, отыра қалып, дауыс қылып ботасын жоқтағаны:

Боз иттен боздап тұр-ау ботасына,  
«Қонағым қыдыр болған»- жатасын ба?  
Қыдыр болған кісіге қыдыр-дағы  
Мен сиейін қонақтың батасына!

Екі ботам бар еді қауыны май,  
Қара малдан аз еді-ау сауыным-ай!  
«Кешкі қонақ қыдыр!» деп, жұрт айтады,  
Енді қонақ жолатпап ауылыма-ай!

Бейік алды қара су, балдыры бар,  
Балдырына атыңды шалдырып ал.  
Айдап келген ботамды байлап салмай,  
Ерке қарым, ұйқыңды қандырып ал!

Екі ботам бар еді, бота-ак еді,  
Қонғам жерім ботаға ол-ак еді.  
Айдап келген ботамды байлап салмай,  
Ерке қардың ізлегені кө...к еді.

## 8.6. Қалмақ Сарыарқадан ауғанда, тамақ сұрап жылаған балаларына айтқаны

Сорқара, Сортың бар ма?  
Сорелеп жайған етің бар ма?  
Көнек, Толағайың бар ма?  
Көнекте тұрған қымызын бар ма?!-

деп ұрсады екен. Сорқара, Сорты- Сарысу мен Нұранын аралығында «Құланошес», «Үшкөк»- дейтұғын өзендер бар. Сол маңдағы жер аттары. Көнек Толағай- Сарысу бойында[ғы] тобелердің аттары. Өзге жерден малының сүті мен еті күшті, қуатты болады. Аятай, Қаршықтың қазығы, Тінәлі, Токтамбет деген- халықтың жайлау, қыстауы.

## 8.7. Қалмақтың Сарыарқаны жоқтап жылаған зары

Қайран да, қайран, қайран тау,  
Тының еді пайдан тау [1].  
Пайдасының белгісі-  
Үйімде тұрған үлгісі,  
Үлгісінің өрнегі:  
Шаңырағым, уығым,  
Үйде бақан, сырығым [2].  
Ат ұстайтын құрығым,  
Қазаныма қақпағым,  
Желі бір қағар тоқпағым,  
Арбама арые білігім,  
Ел қыстауға қонғанда,  
Сныр бір жағар шілігім,  
Ат жүре алмас аралдым  
Ішінде бұғы, маралдым!  
Бұғы да, марал жатқан жер,  
Мергендер таңдан атқан жер,  
Мерекеге батқан жер,  
Артығын ашып сағқан жер!

Үш атамыз өткен тау,  
Үш мың қара біткен тау [3],  
Өкем күйеу болған тау,  
Шешем келін болған тау [4].

Ақ бүркеншік салының,  
Ала берен киген тау,  
Ит жүгіртің, құе салың [5],  
Өзіме теңдік тиген тау!

Мұнарланып артымда  
Қала бердің көрініп,  
Ілгері қарай аяғым  
Бір баспады-ау ерініп!  
Көңіл еріп, жас келіп,  
Кетті-ау оңім өзгеріп!

Бай тобетім маңкылдап,  
Даусы қудай сағкылдап,  
Байсал тауып үрген тау [6].

Балалы қаздай байпандап [7],  
Бәйбіше дәурен сүйген тау.

Дуадақтай тонқаңдап,  
Тоқалдар дәурен сүрген тау.  
Кетейін деп кетпедім,  
Төңірегің толған жау [8].

Шабынды (Сабынды), копа, қамысым [9],  
Тамам жұртқа танысым,  
Мына да көрген зорлықтан  
Қалады-ау есіл қонысым!

Боранда малым ықпаған,  
Үйімді дауыл жықпаған.  
Шағыр бір жусан, изендім,  
Сенен кетіп күйзелдім.

Байлаулы атқа пішенім,  
Матаулы атқа кісенім.  
Ат арқандар қазығым,  
Балаларға азығым!

Кетейін деп, кетпедім,  
Ойда-орыс, қырда қазақтан  
Тынышым бір кетті-ау жазығың!  
Қожыр, қожыр тастарым [10],  
Сен есіме түскенде,  
Көзімнен ақты-ау жастарым!

Ащының бойы ай татыр,  
Балауса шебін бал татыр [11],  
Балдырғанын май татыр.  
Ақтылы қой айдаптыр,  
Алалы жылқы жусаттыр!

Шыбышым лақ салмаған,  
Тоқтым бір қысыр қалмаған.  
Үш ай тоқсан сокса да [12],  
Малым жұтап қалмаған,  
Желіні сыздап маңыраған,  
Төлі шулап жамыраған.

Он екі қазылық, ой, Түндік,  
Маңырап жатқан қой- Түндік!  
Есіл-Нұра- екі су [13]-  
Еңкейіп онан бетін жу.

Бірін- шекер, бірін- бал,  
Қайбірінді айтайын?!  
Бетеге, коде, жауылша-  
Шулап тұрған бәрің мал.

Кеуір келді-ау қиқулап,  
«Аш құлақтан тыныш құлақ!»-  
Кете бердім зар жылап,  
Көбейген соң күнде шу.

Қарқаралы, Қазылық[14],  
Жатушы едің жазылып!  
Жазғытұры көшкенде,  
Қалушы едің, кара жол,  
Қабырғадан қазылып.

Күзгітұрым қонғанда [15],  
Төрт түлік мал баурайда,  
Жатушы еді жай тауып,  
Құлашын керіп жазылып.

Егізімнің сынары [16]  
Бірін сойсам, той болған.  
Қалған бірі жетіліп,  
Келер жылы өзіндей  
Ыңыранып семіз қой болған.

Сойғанымның терісі  
Илей білген шеберге  
Бір өзі бір бой болған.  
Илей білмес жаманға  
Ел қыдырып кеткенде,  
Көк ала шолақ иттерге  
Көкпары болып тартылып,  
Зор мереке той болған.

Біз барармыз, барармыз[17],  
Барып қайда оңармыз?!

Барсақ, зылап тартармыз!  
Сөңдей жерді жалғанда,  
Ізден қайдан табармыз?!  
Егін де жайын білмесек,  
Арзы, шаршап, тазармыз!  
Тарының сөгіп жалармыз,  
Шөпшек терің, шөп жиып,  
Ашпан олып қалармыз!

## 9. Қазақ мақал-мәтелдері

(алфавит реті бойынша)

1. Абылайдың асында жорғаламағанда,  
Ағаның басында жорғалаймысың?!
2. Абылайдан басқа төре- не еңбегі,  
Түлкі алмайтын жаман бүркіт - ат еңбегі.
3. Аға олсе, жеңі е мұра.
4. Ағайын арасынан (аразынан) ақсайды,  
Ат тұрасынан ақсайды.
5. Ағайын бар болсаң, көре алмайды,  
Жоқ болсаң, бере алмайды.
6. Ағайында қадірім жоқ, бетімді көреді,  
Қатында қадірім жоқ, етімді көреді.
7. Ағайынның аяғы болса да,  
Безері болмайды.
8. Ағам- алғашта,  
Жеңгем- жегенше.
9. Адал бидің елің дау араламайды.
10. Адам аласы- ішінде,  
Мал аласы-сырғында.
11. Адам баласы-Аяланың добы.
12. Адам болар жігітін-  
Етек-жеңі кен келер,  
Қошқар болар қозының-  
Маңдай алды дөң келер.
13. Адам жүрген жерде аруак жүзеді.
14. Адам көркі- шүберек,  
Ағаш көркі- жашырақ.

15. Адам құдақтан семіреді,  
Хайуан тамақтан семіреді.
16. Адам сөйлескенше,  
Жылқы кісінескенше.
17. Адам сөйлесіп танысады,  
Хайуан піскесіп танысады.
18. Адам тілі тас жарар,  
Тас жармаса, бас жарар.
19. Адам тілінен ұсталады,  
Ат тезегінен ұсталады.
20. Адамзапты сөз бұзады,  
Тау мен тасты жел бұзады.
21. Адаस्कанның айыбы жоқ,  
Айналып үйірін ташқан соң.
22. Адаस्कанның алды жөн көрінеді.
23. Адаस्कанның алды- жөн, арты- соқпақ.
24. Адым жерде- олжа бар,  
Адым жерде- нәле бар.
25. Аз-аздан үйреніп, дана болады,  
Тамшыдан жылып, дария болады.
26. Аз ғана елге жасауыл болма,  
Аз ғана асқа бөгеуіл болма.
27. Ай-айдың оты басқа.
28. Айғайласып келгенде, дау озады,  
Аллалап зікір салғанда, қожа озады.
29. Айғыр үнді келсін,  
Қошқар жүнді келсін.
30. Айдаһар- анық, сүттеп- ақ.  
Күннен- жарық, судан- тұнық.
31. Айдың бір беті қараңғы болса,  
Бір беті- жарық.
32. Айналдырған ауру алмай қоймас.
33. Айран ішкен құтылады,  
Шелек жалаған тұтылады.
34. Айт дегенде, иг жүгіреді,  
Итгін [сонынан]қызыр жүгіреді.
35. Айтуды достың малы бар.
36. Айының құйысқандай болсын,  
Алашың ауысқандай болсын.

37. Ақ болса да ант ішсе, айрандай жұғады.
38. Ақ деген құлда бір шағым ку бар.
39. «Ақ» дегені- адыс,  
«Қара» дегені- қарғыс.
40. Ақ жалау барда-  
Малым бар деме,  
Өзрейіл барда-  
Жаным бар деме!
41. Ақ көт, қара көт-  
Суға түскенде, мәлім болады.
42. Ақ қоянның қалжасын  
Адам жесе, тоймасын.
43. Ақ теріні қара теріге айырбастаған.
44. Ақ үнның наны-  
Ақ түйенің шабысына иіседі.
45. Аққа-қара жоқ,  
Қараға- шара жоқ,  
Көріге- дауа жоқ.
46. Аққан суға да бір тосу.
47. Ақку құсқа оқ тисе,  
Қанатын суға тигізбес.  
Қас төренін белгісі-  
Қарашыға сырын білдірмес.
48. Ақпа құлаққа айтсаң,  
Ағып кетеді.  
Ұқпа (Құйма) құлаққа айтсаң,  
Құйып алады.
49. Ақпейілдің аты арын, тоны төзбайды.
50. Ақсақ қой жатып семіреді,  
Ақсақ ит жатып үреді.
51. Ақсақ қой түстен кейін маңырайды.
52. Ақыл- білім азығы,  
Білім- ырыс қазығы.
53. Ақыл жастан шығады,  
Асыл тастан шығады.
54. Ақыл жас ұланнан шығады,  
Жүйрік тай-құнаннан шығады.
55. Ақыл- малда.  
Көрік- комейде.

56. Акысыз бас- аяқтың әлегі.
57. Акышы жоқ,  
Бос белбеу ұрыншақ еді.
58. Ақылы жоқтың- жақыны жоқ.
59. Ақымақ достан- ақылы дұшпан артық.
60. Ақымаққа- тоқпақ,  
Аюға намаз үйреткен- таяқ.
61. Ақымақтың тізгіні-  
Құлағында болады.  
Ақылдың тізгіні-  
Кеудесінде болады.
62. Ақын жігіт той бастар,  
Батыр жігіт қол бастар.  
Шөптен жігіт дау бастар.
63. Ала қарғада аласың болсын.
64. Ала қойды бөле қырыққан- жүнге жарымайды.
65. Ала мал ала келер.
66. Алғыс түбі- ақ май,  
Қарғыс түбі- кара қан.
67. Алды-алдына би болсаң,  
Алатауға сыймассың.  
Бас-басына би болсаң,  
Балқан тауға сыймассың!
68. Алдыңғы арба қайда жүрсе,  
Соңғы арба сол ізбен жүреді.
69. Алданың шайтанынан адамның шайтаны күшті.
70. Алма алмадан реңк алады.
71. Алшыс жыл атан болғанша,  
Алты күн бура бөл.
72. Алтау ала болса, ауыздағы кетеді,  
Төртеу түгел болса, төбедегі келеді.
73. Алтын көрсе, періште жолдан шығыпты.
74. Алтынды ала білген бөле біледі.
75. «Алын-алыңмен»- алты сарт аптан өліпті.  
«Қошқардікі түседі»- деп, қасқыр аптан өліпті.
76. Алып- алты, жең-жеті болмайды.
77. Алыс та, атыңды жық,  
Аясаң, қоя бер.
78. Алыстағы дұшпаннан

- Аңдып жүрген дос жаман,  
79. Алыстан арбалағанша,  
Жақыннан дорбала.
80. Аман-айтуға,  
Есен-естуге,  
Семіз-коруге.
81. Ана көрген- тон пішеді,  
Ата көрген- оқ жонады.
82. Анасын көр де, қызын ал,  
Аяғын көр де, асын іш.
83. Аңт-аумай, ат жүгірмейді.
84. Аңдамай сөйлеген-  
Луырмай өледі.
85. Аңдысқан ауыл болмайды,  
Есептескен дос болмайды.
86. Аңқау елге- арамза молда.
87. Апы кіріп, күш шығып.
88. Ашырып, жапырып,  
Бір тауды бір тауға соғып.
89. Арамзаның күйрығы- бір-ақ тұтам.
90. Арамсыз адал болмайды,  
Жамансыз жақсы болмайды.
91. Арзан би ғылыгсыз болмайды,  
Кымбат би хикметсіз болмайды.
92. Арқадағы Абылайдай бол,  
Бұхарадағы Даниярдай бол.
93. Арқанның ұзыны,  
Сөздің қысқасы жақсы.
94. Арқасынан аяз қысқандай,  
Боранның масағы тигендей.
95. Арлы арына қараса,  
Арсыз жеңдім дейді.
96. Арпа, бидай ас екен,  
Алтын, күміс тас екен.
97. Арпаны асқа санама,  
Боғынды көбейтеді.  
Жаманды еске санама,  
Тобынды көбейтеді.
98. Артқы аттың жеткенін

- Алдыңғы ат білмейді.
99. Аруак қаңға тояды.
100. Аруана-нардан туалды,  
Қае бұзақы- қардан туады.
101. Ас- адамның арқауы.
102. Ас- аттынікі,  
Той- тондынікі.
103. Аса пайда- пайда етпес,  
Пайда етсе де, бай жетпес.
104. Асапай жағып: «Құлдық!»- дейді.
105. Асқа тәлім- мешкей,  
Көтке тәлім-ойнасы.
106. Асты қорлама, күстғырар,  
Ерді қорлама, тыштырар.
107. Астың аласы- Құдайдың пәлесі.
108. Астың жақсысы да- айран,  
Жаманы да- айран .
109. Асығып басқан-  
Шайтанның ізін басады.  
Аңдан басқан-  
Қызырдың ізін басады.
110. Асық ойнаған азар,  
Дон ойнаған тозар.  
Кой бағып, көтен жеген озар!
111. Асық ойнаған- ақтық,  
Дон ойнаған- тоқтық,  
Бөрінен кой бағып, көтен жеген- боктық.
112. Асыққан- -қалар ұятқа.
113. Асыққан- шайтан ісі,  
Сабырлық- Құдай ісі.
114. Ат айналып, қазығын табады,  
Діпірмен айналып шүмегін табады.
115. Ат арыса, тулак.  
Ер арыса, аруак.
116. Ат аунаған жерде түк қалады.
117. Ат баспайын деген жерін үш басады,  
Ер көрмейін деген жерін үш көреді.
118. Ат бауырынан қан өтсе,  
Кітпспайды туысқан.

119. Ат-биеден,  
Алып анадан туады.
120. Ат болар тай- саякка үйір,  
Адам болар бала- қонакка үйір.
121. Ат- ердің қанаты.
122. Ат-ерінді,  
Ер мұрынды келеді.
123. Ат иесі алдына мінеді.
124. Ат пен есектің ақыры бір болса, мінездес болады.
125. Ата алмаған атынан көреді,  
Қайтыш келіп, қатынынан көреді.
126. Атадан алтау тусан, бір жалғыздық.
127. Атадан бала астым десе,  
Баптан (бастан) төмен туады.
128. Атадан ұл туса игі,  
Ата жолың құса игі.  
Ата жолын кумаса,  
Бәрінен де жоғы игі!
129. Аталастың ағы озғанша,  
Ауылдастың тайы озсын.
130. Аталасым, атқа мін,  
Атасы басқа, аттан түс.
131. Аталы ұлдың кісесі басқа,  
Биелі ұлдың бөкшасы басқа.
132. Атаның жаман ұлы- малға ортақ,  
Әзірейіл - жанға ортақ.
133. Атаң да болса, бір жолдас,  
Қатының да болса, бір ойнас.
134. Атаң өлсе, қойылар,  
Атан өлсе сойылар.
135. Атаң өлсе, өлсін,  
Атаңды корген олмесін.
136. Аттан жығылғанды пері аңдиды,  
Далада қалғанды бөрі аңдиды.
137. Аттан жығылсын, жау өлсін.
138. Аттыға-жол,  
Ауыздыға сөз бермейді.
139. Аты аталмаған жігіттен-  
Аты шыққан қу артық.

140. Атын жемқор болса, берді Құдай,  
Қатының жемқор болса, ұрды Құдай.
141. Аударыспақ ойнаса,  
Аздың көті қылпылдайды.  
«Тақия алыспақ»- ойнаса,  
Таздың көті қылпылдайды.  
Жұрт ду котеріле шаба жөнелгенде,  
Туысы жалғыздың- үйде отырған  
Әке-шешесінің көті қылпылдайды.  
«Күйеу ұрын келеді»- дегенде,  
Қыздың көті қылпылдайды.
142. Аузынан ақ ит кіріп,  
Кара ит шығып.
143. Ауру- астан,  
Дау- қарындастан.
144. Ауру бағпандап кіріп,  
Мысқылдап шығады.
145. Ауру елегенге түстенеді,  
Қорғаштанғанға қонады.
146. Ауру емес, жын емес,  
Мінезді қалай бағамыз?
147. Ауру кісі күлкі сүймейді,  
Ит жүйрігін түлкі сүймейді.
148. Ауру кісі –тырысқақ,  
Аш кісі—ұрысқақ.
149. Ауру қалса да,  
Әдет қалмайды.
150. Ауруды елемеген өледі.
151. Ауыздан шыққан сөз- орнына қайта сыймайды.  
Наһан шыққан -жеріне қайта сыймайды.
152. Ауыздан шыққан түкірік-  
Қайта жұтса, мөкүріп.
153. Ауылдағы молданың ауызы сасық.
154. Ауырып жазылған жан олжа,  
Жоғалып табылған мал олжа.
155. Аш атасын танымас.
156. Аш атым- тоқ атым,  
Тоқ атым- жок атым.
157. Аш бала тоқ баламен ойнамайды,

- Қапша сыласаң, көнеді,  
Жарлы болсаң, жан- бір күдері:  
Қапша қинасаң, қинауына [тозеді].
196. Бай болсаң,  
Торғын орамалмен бетіңді сүрт.  
Жарлы болсаң,  
Жанылыменен көтіңді сүрт.
197. Бай- бір жұттық,  
Батыр- бір оқтық.
198. Бай төсегі- темір кіс,  
Кедей төсегі-қара кіс.
199. Бай төсегі- темір пейіш,  
Кедей төсегі- қара кебіс.
200. Байдың асын байұс қызғанады.
201. Байдың малы- ардақты,  
Кедейдің жаны (баласы)- ардақты.
202. Байлық -мұрат емес,  
Жоқтық -ұят емес.
203. Байсалды айғырдың үйірін ат жақтайды.
204. Байтал шауып, бәйге алмас.
205. Бақа сисе, көлге сеп.
206. Бақ-бақ еткен текені  
Қар жауғанда, көрерміз.  
Батырсынған жігітті  
Жау келгенде, көрерміз!
207. Бақдаса, мал кетеді,  
Қарамаса, қатын кетеді.
208. Бақсыны көрсе,  
Аурудың дерті қозады.  
Ұстаны көрсе,  
Айылбас тозады.  
Елді көрсе,  
Ит озады.
209. Бақыр қазан- баршаның камы.
210. Баланы- жастан,  
Қатынды – бастан.
211. Баланың жеңінің ұшын жамаса,  
Қарыс- бойы оседі.
212. Баланың істегені бйінбес,

- Тайдың мінілгені білінбес.
213. Балаң жаман болса,  
Дәрменің кетер.  
Қатының жаман болса,  
Арманың кетер.  
Қана-қасіретпенен заманың кетер!
214. Балапан басына,  
Тұрымтай тұсына.
215. Балдан тамады,  
Бардан жұғады.
216. Балдыздікі- балдан тәтті,  
Дәмін татсаң, жалдан тәтті.
217. Балта көтергенше,  
Доңбек жай табады.
218. Балтамен шапқандай мін тұрып,  
Пышақпен жонатынды көреді.
219. Балтаның сабы- ұзымынан,  
Жасықтың- қобінен-  
Ақылдың азы жақсы.
220. Балуанға оң- терісі бірдей.
221. Балық жеген бағыспайды,  
Жан-жағына қағыспайды.
222. Балық жүні жылмағай,  
Ұстаған көңілі тынбағай.
223. Бар ағайын пәтуада болмас,  
Жоқ ағайын сатуда болмас.
224. Бар-барын бермейді,  
Жоқ- қарап тұрмайды.
225. Бар- қасына бар-дағы,  
Байымасаң, маған кел.  
Жоқ- қасына бар-дағы,  
Жоғалмасаң, маған кел!
226. Бар мақтанса, табылады,  
Жоқ мақтанса, шабылады.
227. Бар- шабылмас,  
Жоқ- табылмас.
228. Барар жерін- Балқан тау,  
О да біздің көрген тау.
229. Бардан- найла,

- Жоқтан залал.
230. Бардың ісі- пәрменмен,  
Жоқтың ісі- дәрменмен.
231. Барымен- базар ,  
Жоқты қайдан қазар?!
232. Бас ауырса, жан қорқар.
233. Бас –басыңа би болсаң,  
Мат ар [Қара] тауға сыймассың!  
Алды-алдыға би болсаң,  
Алатауға сыймассың!
234. Басқа келген пәледен,  
Бастан құлақ садақа.
235. Басқа пәле неден?  
-Басқа пәле- тілден!
236. Басы- барымта,  
Басқасы- сырымта.
237. Басы қараның байы көп,  
Басына пайдасы жоқ,  
Бөдененің үйі жоқ:  
Қайда барса, бытпылдық.
238. Басынан кіріп,  
Аяғынан шығып.
239. Басыңды кім сыйласа,  
Машайығың- сол!
240. Баталы құл- арымас,  
Батасыз құл- жарымас.
241. Батаменен ер көгереді,  
Жаңбырменен жер көгереді.
242. Батыр- аңғырт,  
Бай- салғырт.
243. Батыр-аңқау,  
Бай-салқау.
244. Батыр-бір оқтық,  
Бай-бір борандық.
245. Батыр деген- бір-ақ ат,  
Би деген – ақ шаригат.
246. Батыр өлгенін білмейді,  
Жомарт бергенін білмейді.
247. Батырдан да жолды игі.

248. Батырлық- жолдасқа пайда, жанға қас,  
Мырзалық – қонаққа пайда, малға қас.  
Өткір пышақ- қолға пайда, қынға қас,  
Өткір сөз-дауға пайда, жанға қас.
249. Бауыр болмай, тәуір болмас,  
Ру болмай, бұру болмас,  
Сәуір болмай, жауыр болмас.
250. Бәйбіше –Құдай бұйрығы,  
Тоқал- иттің құйрығы.
251. Бәрі- таздың салдары.
252. Бейнет түбі- рақат.
253. Бейшараның асын: «Бисмилла»- тауысады,  
Аз ас болса, бисмилла көтін қысады.
254. Белден шалғын- береке.
255. Береген қолым-алаған.
256. Берген аста- береке бар,  
Бермеген аста- біте бар.

Мәшһүр-Жүсіп ескертуі: «Береке»- Құдайдың [бір] аты, «Біте»- шайтанның аты.

257. Берген- биге жарыған,  
Бермеген- кімге жарыған?!
258. Берген перде бұзады.
259. Берейін деген құлына-  
Айдап салар [ілінсе].  
Бермейін деген құлына-  
Ізі де табылмас, бүлінсе!
260. Бермесе де, бай жақсы,  
Жемесе де, май жақсы.
261. Берсең, аласың,  
Ексең, орасың!
262. Бесті айғырдың бетінен сақта!
263. Би қылмасаң, би қылма,  
Би түсетін үйі қыл.
264. Биді би десең, күледі,  
Құлды құл десең, өледі.
265. Бидің үйі- құр даурық,  
Ұстаның үйі- құр: «шық-шық!»
266. Болар ұлан боғынан.
267. Болат пышақ қап түбінде жатпайды.

268. Боранды күні ит пен бала құтырады.
269. Бөрі арығын білдірмейді,  
Итке жүнін қампайтар.
270. «Бөрі- қарғайса да, бір қойлық болады!»- деген.
271. Бурыл атта бұғау бар,  
Оны кесер егеу бар.
272. Бұзылар елдің белгісі-  
Бура -қарасы бас болар.
273. Бұқаны малым бар деме,  
Диуананы жаным бар деме.
274. Бұл дүниеде үш кісіден ықтыраз:  
Бірі-ақсақ, бірі-соқыр, бірі- таз.
275. Бұл не қылған батпан құйрық,  
Тегіннен тегін жатқан құйрық?!
276. Бұлттан шыққан күн ыстық,  
Күннен туған ұл ыстық.
277. Бұлтты күні- күн таяқ жейді.
278. Бұралқы ит үнімен жағады,  
Бұйра қозы жүнімен жағады.
279. Бұралқының пұлы жоқ.,  
Бұзылған шалардың сәні (сыны) жоқ.
280. Бұрынғының қойы маңыраушы еді,  
Ендігінің қойы ауызын ашады.
281. Бұтаны қорғалаған торғайдың жаны қалады.
282. Бүлінгеннен бүлдіргі алма.
283. Бүркіт алсаң,  
Көрінген қызылға талпынып, бармайтынын ал,  
Қатын алсаң,  
Көшкенде, жұрғында қалмайтұғынды ал!
284. Білген- білгенін істер,  
Білмеген- бармағын тістер.
285. Білмес-Құдайды білмес,  
Көрмес- түйені көрмес.
286. Білім- ер азығы.  
Ер-ел азығы.
287. Білімді мыңды жығады,  
Білекті бірді жығады.
288. Бір ауылда- бір үй аш болса,  
Бар ауылды аш қылады.

- Бір ауыл аш болса,  
Бір елді аш қылады.
289. Бір байдың жұртына екі тышқан таласады.
290. Бір бала әкеден өте туады,  
Бір бала әкеге жете туады.  
Бір бала көтінен кете туады.
291. Бір баласы бардың-  
Шығар-шықпас жаны бар.  
Екі баласы бардың-  
Өкпе, бауыр, жалы бар.  
Үш баласы бардың-  
Бұхарада бұты бар,  
Хорсанда қолы бар.
292. Бір жатқан есектің ен малы.
293. Бір жоқты бір жоқ табады.
294. Бір жол бар- алыс,  
Алыс та болса, жақын.  
Бір жол бар- жақын,  
Жақын да болса, алыс.
295. Бір кедейге бір кедей өш келеді.
296. Бір көрген- біліс,  
Екі көрген- таныс.
297. Бір күн дәм татқанға-  
Қырық күн сәлем!
298. Бір күн қарыны ашқаннан-  
Қырық күн ақыл сұрама.
299. Бір күн туыппын,  
Бір күн өліппін.
300. Бір кісі мың кісіге олжа салады.
301. Бір кісінің ішіне бір-ақ аяқ ас сыяды.
302. Бір қарын майды бір құмалақ шірітеді.
303. Бір қыдыр бар: құт –қыдыр,  
Бір қыдыр бар: жұт-қыдыр,  
Бір қыдыр бар: бұт- қыдыр.
304. Бір қызымнан- бір қызым нәм сорақы.
305. Бір мал найда келтірер,  
Бір мал залал келтірер,  
Залал келтірген мал-  
Иесін өлтірер!

306. Бір өлімнен құтылу жоқ.
307. Бір сөзді айтсаң,  
Бір сөз еске түседі.
308. Бір тай бие болмайды,  
Екі тай түйе болмайды.
309. Бір тары- ботқа болмас,  
Ботқа болғанмен,  
Жұртқа ас болмас.
310. Бір шайнасаң, май шайна,  
Шылқылдасын аузыңда.  
Қатын алсаң, семіз ал,  
Былқылдасын қойнында.
311. Бірге тумак болса да,  
Бірге жүрмек жоқ.
312. Бірді беріп, мынды алсаң,  
Бір байырғыдай болмайды.
313. Бірдің шарапаты- мыңға тиеді,  
Бірдің кесапаты- мыңға тиеді.
314. Біреу «қырық жеті» - беріп,  
Қатын айттырады.  
Біреу үйде жатып:  
«[Қатын] менікі!» - дейді.
315. Біреу өлмей, біреу күн көрмейді.
316. Біреуге- пышақ,  
Екеуге- гаяқ.
317. Бітісі жаман қамысты-  
Су ішінде өрт алады.  
Жетесі жаман жігітті  
Ажалдан бұрын дерт алады.
318. Ғалымның хаты өлмейді,  
Жақсының аты өлмейді.
319. Дадан тиген,  
Диірменнен өткен.
320. Дадан- ілік,  
Тойдан- жілік.
321. Дадуды елемеген- төлейді,  
Ауруды елемеген- өледі.
322. Дәм айдаса, қалма,  
Адам айдаса, барма.

323. Дәм- ғанибет,  
Дидар- ғанибат.
324. Дәметпеген- астан құр қалады,  
Ұялған- көттен құр қалады.
325. Дәрігердің дәрігері-  
Дертке дерт қоспаған.
326. Долы қатын- жылауық,  
Сүтсіз сиыр -мөңіреуік,  
Ақсыз төлдеген қой- жамырауық.
327. Дос- басқа, дұшпан аяққа қарайды.
328. Дос болып, ауру болғанша,  
Сауда қылып, сау бол!
329. Дос жылатып айтады,  
Дұшпан күлдіріп айтады.
330. Досын бергеннің тұсына (түсіне) қарама!
331. Досын да, дұшпанын да ер болсын.
332. Дуамен ер көгереді,  
Жаңбырмен жер көгереді.
333. Дұшпаннан түк тартса да, пайда.
334. Дүние бір күн бетін көрсетеді,  
Бір күн көтін көрсетеді.
335. Дүниеде бір көзі бар, бір көзі жоқтан сақтан,  
Бір қолы бар, бір қолы жоқтан сақтан,  
Бір аяғы бар, бір аяғы жоқтан сақтан!

Мәшһүр-Жүсіп ескертуі: «Егер бұлар бүтін тұрғанда, дүниені бұлдірер еді. Құдай-Тәбарік уа тағала пенделерінің сырын әбден біліп жаратқан. Оларды бүтін қылмай, жарты қылғандығы- басқа пенделерін аяғаны, жаны ашығандығы. Және бұлар бүтін жаратылғандарға сыбағасын жеткізбейді.»

336. Дүниеде тас табылар,  
Қымбатлы бас болмас.
337. Дүниені жиган- жемейді,  
Бұйырған жейді.
338. Ексең егін, ішерсің тегін.
339. Екі аяқ қымыздың-  
Бір аяқ желігі болады.
340. Екі аяқтыда- бажа (құрбы) тату,  
Төрт аяқтыда- бота тату.
341. Екі даугер ауыл болмас,

- Қас төреде бауыр болмас.  
342. Екі жабысқак, бір сылтау.  
343. Екі жақсы дос болмайды,  
Дос болса, түбі бос болмайды.  
344. Екі жақсы ерікпес,  
Екі жаман бірікпес.  
345. Екі жақсыдан бір жаман туса,  
Жыннан пайда болады,  
Екі жаманнан бір жақсы туса,  
Нұрдан пайда болады.  
346. Екі кемең құйрығын ұстаған суға кетеді.  
347. Екі кісінің тақсыры-  
Бір кісіні діннен шығарады.  
348. Екі қарадан күлкі туады,  
Екі сарыдан үкі туады,  
Бір ақ, бір қарадан түлкі туады.  
349. Екі қатын алғанның- дауы үйінде,  
Жаман қатын алғанның – жауы үйінде.  
350. Екі қырағыдан суқараңғы туады.  
351. Екі нардың арасында шыбын өледі.  
352. Екі өлмек жоқ.  
353. Екі сұңқар таласса,  
Құзғын, қарғаға жем түседі.  
354. Екі горының өзгелігі жоқ.  
355. Екі шоқып, бір қара.  
356. Ел алмаған- елу жылы жатады.  
357. Ел даусыз болмайды,  
Тау құрсыз болмайды.  
358. Ел жиіде- кедей тоқ.  
359. «Ел көшті, жау жетті!»- деп.  
360. Ел қонбай, ит тынбайды.  
361. Ел- тозығы жетер- сөзден азар.  
Ер- тозығы жетер- қозден азар.  
362. Ел- ұрысыз,  
Тау бөрісіз болмайды.  
363. Елден кетсе де, ерден кетпейді.  
364. Елдің жайлауында,  
Биенің байлауында.  
365. Елу жылда- ел жана,

- Жүз жылда- қазан жаңа.
366. Елуде- елес,  
Қырықта- қылау.
367. Елін қосқандай болсын,  
Алашың туысқандай болсын.
368. Енді соқыр көрінсе,  
Жоламайың қасына.
369. Ем ташпаған- тұз жалайды.
370. Еменнің иілгені- сынғаны.
371. Еңбек қылсаң, емерсің.
373. Еңбектіге қара жер ойылады.
373. Еңкейгенге- еңкей:  
Әкеңнен қалған құл емес.  
Шалқайғанға шалқай:  
Пайғамбардың ұлы емес.
374. Ер-сілен-себен (сәбап)  
Балшықтан- мұрат.
375. Ер дұшпансыз болмайды,  
Есек тұсаусыз болмайды.
376. Ер - егіз,  
Еңбекте- жалғыз.
377. Ер екеніңді білейін,  
Ер өлтірші, көрейін.
378. Ер есектей тасиды,  
Қатын қаздай асайды.
379. Ер жігіттің екі сойлегені- өлгені,
380. Ер игісі- қос табар.
381. Ер қартайса, көзден азар,  
Көп отырған жерден азар.
382. Ер толқыса, ел сүйеу болады,  
Су толқыса, жар сүйеу болады.  
Халық толқыса, хан сүйеу болады,  
Хан толқыса, кім сүйеу болады?!
383. Ер- туған жеріне,  
Ит- тойған жеріне.
384. Ергежейлінің елуі жиынып, ешкі жыға алмайды.
385. Ерден- ердің қауіп бар.
386. Ерді-Құдай,  
Етікті нәл сақтайды.

387. Ерді намыс өлтіреді,  
Қоянды камыс өлтіреді.
388. Ердің атын қатын шығарады,  
Қатынның атын отын шығарады.
389. Ердің ерлігін білмеген-  
Құдайдың «Бірлігін!»- білмейді.
390. Ердің құны- есебін тапқан сабазға екі-ақ ауыз сөз.
391. Ердің үш жұрты болады.
392. Еркек семіз болса, елдің құты,  
Қатын семіз болса, үйдін жұты.
393. Еркек семіз болса- есек,  
Қатын семіз болса- салулы төсек.
394. Еркекте ақыл қалмайды,  
Қонысынан ауған соң.  
Әйелде ақыл қалмайды,  
Біреуден сауын сауған соң.
395. Еркектің қоры- күлегеш,  
Әйелдің қары- күлегеш.
396. Ерсіз қатын үйге тұрмас,  
Баусыз оймақ қояға тұрмас.
397. Ерте тұрғанның- ырысы артық.
398. Ертеңгі үшін есек қайғырады.
399. Ерінген- екі тышар.
400. Есебін тапқан- екі асар.
401. Есек ойыны- қырық жылда,  
Есебі табылар- бір жылда.
402. Есектің күші-адал,  
Сүті- арам.
403. Есек- тұсаусыз болмайды,  
Ер- дұшпансыз болмайды.
404. Есен: есеп білмеген- есек.
405. Есерсоқ болмай,  
Ер болмайды.  
Есептен болмай,  
Бай болмайды.
406. Ессіз ауруды  
Жынсыз баксы бағады.
407. Естімеген елде көп,  
Есек мінген сартта көп.

408. Есі кеткен ешкі жияды,  
Ешкіменен есін жияды.  
Ең таппаған- сиыр жияды.
409. Есіктен табылса,  
Төрге озба.
410. Есін барда- елін тап.
411. Етті- қуырған тауысады,  
Сиырды- шұбырған тауысады.
412. Еттің бәрі- қазы болмас,  
Иттің бәрі тазы болмас.
413. Ешкі егіз табады,  
Ит сегіз табады,  
Шошқа тоғыз (семіз) табады.  
Ұл туғанға- күн туады,  
Түк таппаған- ыржияды.
414. Ешкілі қой- өреген,  
Қызды ауыл өсекші.
415. Жағатын күн ыстық келеді,  
Өлетін жігіт пысық келеді.
416. Жазғытұрғы айғыр- жамбасынан,  
Сақ қарға салмағынан ілінеді.
417. Жазуға сенген- жаңылшақ,  
Оқуға сенген- ұмытшақ.
418. Жаққанға-жағып,  
Жақпағанның дамбалын ала кетеді.
419. Жақсы айғырдан ат ұстайтын-  
Бала тусын.
420. Жақсы ат-  
Ажал болмаса, бейнеттен құтқарады.
421. Жақсы ат-  
Есен болмаса, бейнет тіптен.
422. Жақсы әйел –  
Жаман еркектің басын хан қылады.  
Жаман әйел-  
Жақсы еркектің басын даң қылады.
423. Жақсы әке- қырық жыл азық.
424. Жақсы бастар, жаман костар.
425. Жақсы болсаң, жердей бол-  
Бәрің шыдап көтерген.

- Таза болсаң, сұдай бол-  
Бәрін жуып кетірген.
426. Жақсы- жаманның азығы,  
Олі-тірінің азығы.
427. Жақсы жүрісінен пұл болады,  
Жаман жүрісінен құл болады.
428. Жақсы ит олімтігін көрсетпейді.
429. Жақсы- көргенін айтады,  
Жаман- бергенін айтады.
430. Жақсы кісі аттан құласа,  
Жаман кісі табашы болады.
431. Жақсы лепес- жарым ырыс.
432. Жақсы мал- жан садақасы.
433. Жақсы мен жаманның жаны бірдей,  
Арық пен семіздің бауыры бірдей.
434. Жақсы сөз- жанның азығы.
435. Жақсы сөзге жан семіреді.
436. Жақсыға сөз ереді,  
Жаманға шөп ереді.
437. Жақсыға да бір: «Шіркін!»,  
Жаманға да бір: «Шіркін!»
438. Жақсыда жаттық жоқ.
439. Жақсыдан жаман туады-  
Бір аяқ асқа алғысыз.  
Жаманнан жақсы туады-  
Адам айтса, нанғысыз.
440. «Жақсыдан- жаман туды!»- деп, өкінбе,  
Күндердің бір күнінде  
Тартпай қоймас негізге.
441. Жақсыдан-шарапат,  
Жаманнан- кесапат.
442. Жақсымен жолдас болсаң,  
Жетерсің мұратқа.  
Жаманмен жолдас болсаң,  
Қаларсың ұятқа.
443. Жалаңбаса, сиыр бола ма,  
Ойнамаса, бала бола ма?!
444. Жалаң аяқ байпаңдап,  
Қаздар қайтіп күн көреді?!

- Шыбын шыкса, жаз болып,  
Таздар қайтып күн көреді?!
445. Жалаңаштанып жауға шап,  
Ажал келмей, өлім жоқ!
446. Жалғанда еккен болсаң,  
Ақыретте орып аласың.
447. Жалғанда сүйерің- от,  
Ақыретте күйерің- от!
448. Жалғанды жалпағынан басып.
449. Жалғанның жарты пәлесі.
450. Жалғыз жігіт би болмас,  
Жалғыз ағаш үй болмас.
451. Жалғыз құрай жер жарады.
452. «Жалғызбын!»- дегенге Аллаң қоймайды,  
«Жарлымын!»- дегенге борышым қоймайды-  
Бұл жаным қайтсе қалады?!
453. Жалғыздық- Құдайға жарасар!
454. Жалғыздың жары- Құдай.
455. Жалқауға-сөз, шайтанға таяқ өтпейді.
456. Жалтыраған бетіңе,  
Жылан кірсін көтіңе.
457. Жалынған- қорған емес,  
Жағаласқан- қорған.
458. Жаман адам-тақпақшыл,  
Жаман сиыр- соқпақшыл.
459. Жаман айғыр енесіне тап береді.
460. Жаман атқа жал бітсе,  
Жалына торсық байлатпас.  
Жаман адамға мал бітсе,  
Жанына қонсы [қондырмас].
461. Жаман да болса, ағамыз,  
Жақсыны қайдан табамыз?!
- Ауру емес, жын емес,  
Мінезді қалай бағамыз?!
462. Жаман күйеу- қайынсақ.
463. Жаман малды асырасаң,  
Аузы-мұрныңды май етер,  
Жаман адамды асырасаң,  
Аузы-мұрныңды қан етер.

464. Жаман мерген теке атқан жеріне ош.  
465. Жаман - өз сыбаиасына құлдық ұрады.  
466. Жаман- сыйлағанды,  
Сыйр- сша ағда білмейді.  
467. Жаман тонның биті ашы,  
Жаман адамның тілі ашы.  
468. Жаман үйден- қосым жақсы,  
Сынық ошақтаң- мөсім жақсы.  
Жаман қатып алғаннан да,  
Бойдақ жүрген осым жақсы.  
469. Жаманға жақсылық еткенің-  
Жауырыңыңа боқ сүрткенің.  
470. Жаманға жақсылық қылсаң,  
Атыңды ерттеп қойып, қыл.  
471. Жаманды жіберсең: «Жау жетті!»- дейді.  
472. Жамандыққа- жақсылық қыл!  
473. Жаманмен құда болсаң,  
Дауымен іс қылады,  
Итпенен үйір болсаң,  
Боғымен той қылады.  
474. Жаманның айтқаны келмейді.  
Сандырақтағаны келеді.  
475. Жаманның әлі жаңадаққа келеді.  
476. Жаманның барынан- жоғы игі.  
477. Жаманның жүзі- бірге есен,  
Қарғаның мыңына- бір кесек.  
478. Жаманның ойыны- жаман,  
Шошқаның мойыны- жаман.  
479. Жаманның үйі көпесе, жүні түседі,  
Жақсылың үйі көпесе, күйі түседі.  
480. Жандыда- жайың үлкен,  
Жансызда- камыс үлкен.  
481. Жантақты жерде сопа бар.  
482. Жаны ашымастың қасында-  
Басын ауырмасың.  
483. Жанын жамбасынан алғандай.  
484. Жаңа байдақ қарыз алма,  
Ескі байдан қол үзбе!  
485. Жаңылмас жақ болмас.

- Сүрінбес түяк болмас.
486. Жапалақпен тасты ұрса да,  
Жапалақ өледі.  
Таспен жапалақты ұрса да,  
Жапалақ өледі.
487. Жаптым-жала,  
Жақтым- күйе.
488. Жарғанатқа- жарықтан  
Қараңғы артық.
489. Жарлы болма,  
Жарлы болсаң, арлы болма.
490. Жарлыға жарты қарсақ пайда,  
Бүгін қарсақ қайда?
491. Жардылық жақсы скен-  
Жатып ішер ас болса!
492. Жардылық- жомарт ердің қолын байлайды.
493. «Жарлымын!»- деп, тарықта,  
«Жалғызбын!»- деп, зарықта!
494. Жарлының аузы асқа тисе,  
Мұрыны қанайды.
495. Жарым құрсақтан- жатар орын.
496. Жас-жастың тілеуі бір.
497. Жасқаншақтың көзі сау.
498. Жағ жорғасы –бие болады,  
Тай жорғасы- түйе болады.
499. Жағқан жыланның құйрығын өзін бастың.
500. Жатқанға- жан жуымайды.
501. Жау-жағадан алғанда,  
Бөрі- етектен алады.
502. Жау жоқ деме- жар астында,  
Бөрі жоқ деме- бөрік астында.
503. «Жау келді!»- деп,  
Ақылды тауысна.  
«Көшемін!»- деп,  
Отыңды тауысна!
504. Жау малы жасық татымас.
505. Жауатын күн ыстық келеді,  
Өлетін бала нысық келеді.
506. Жаудағының да тезегі тиеді.

507. Жауды аяған-жаралы қылады.
508. Жауды бағыр қашырды,  
Жақсы аты Баракқа қалды.
509. Жаужұмыр жақсы болса,  
Іт жемес не еді?!
510. Жаяудың шаны шықпас,  
Жалғыздың үні шықпас.
511. Жел-несібелі.
512. Желдетпей, тұман ашылмас,  
Желшілбей, жүйрік басылмас.
513. Желіні сау қой- қосаққа имейді.
514. Жеңгенің көңіліне қараймын деп, буаз болдым.
515. Жеңіл тулақ- желге ұшар.
516. Жер астынан жік шықты,  
Екі құлағы тік шықты.
517. Жер асынан- жемес асың көп болсын.
518. Жер жұтуға тоймайды,  
От отынға тоймайды,  
Кісі ұйқыға тоймайды,  
Бөрі қойға тоймайды,  
Құлақ естуге тоймайды,  
Көз қарауға тоймайды,  
Өмір- жасауға тоймайды,  
Бай малға тоймайды,  
Ғалым ғылымға тоймайды,  
Жер суға тоймайды,  
Әйел ерге тоймайды,  
Өлі дуаға тоймайды,  
Тері иге тоймайды,  
Төс балғаға тоймайды (14 тоймас бар).
519. Жерден жеті қоян тапқандай.
520. Жерден тапсаң, санап ал,  
Жан-жағыңа қарап ал!
521. Жердің тауы айнамайды,  
Тасы айналады,  
Ауған елдің басы айналады.
522. Жетер-жетпес мүмкін тахыт [тақ].
523. Жеті атасын білмеген-  
Жетесіздік салдары.

524. Жеті күн- елден,  
Жеті күн- желден.
525. Жетім- жесірді жылатқан-  
Оз-өзін қан қақсатқан-  
Азды-көпті жиған-тергеніне ие болмайды.
526. Жетім қозы- көткеншек (күтіншек).
527. Жетім құрсағы- жетеу.
528. Жиен ел болмас,  
Желке ас болмас.
529. Жиен неге ел болмасын, малы болса?!  
Желке неге ас болмасын, майы болса?!
530. Жоғалған пышақтың сабы алтын.
531. Жоғары ернімен көк тіреп,  
Төменгі ернімен жер тіреп.
532. Жоқшылықта туған құлынның  
Екі көзі -таста.  
Ашаршылықта туған баланың  
Екі көзі- аста.
533. Жолаушы жиылып,  
Елден көп болмайды.  
Шұқанақ жиылып,  
Колден көп болмайды.
534. Жомарт- жоққа тоқтар,  
Тентек- көпке тоқтар,  
Өтірік- шынға тоқтар,  
Асыл- қынға тоқтар.
535. Жорға жүрісінен- пұл болады,  
Жаман жүрісінен- құл болады.
536. Жорға мінген- жолдасынан айрылады,  
Сұлу алған- құрбысынан айрылады,  
Күдай ұрған- құрдасынан айрылады.
537. Жортар аттың жоғы игі,  
Жаманның барынан да, жоғы игі.
538. Жортуыл басы жолда қалады.
539. Жорыққа қатын аттанса,  
Сақар мен сабын ұрлайды.
540. Жуас түйе жүндеуге жақсы.
541. Жуастан жуан шығады.
542. Жұмыртқада түк қанша,

- Әйелдің ақылы сонша.
543. Жұртта қалай жоке арқан-  
Алып, кімді бай етеді,  
Қалып, кімді жарлы етеді?!
544. Жұт- жеті ағайынды,  
Күйеумен- сегіз ағайынды.
545. Жұтқап- жұтамайды.
546. Жүгі жеткен түйеге Бәурдің не қылады?
547. Жүз қараң болғанша,  
Жүз тамырың болсын.
548. Жүйрік ат көпке олжа салады.
549. Жүйрік ат, шешен-  
Ер бағына туады.
550. Жүйрікке құмар бол.
551. Жүйрікке- томар,  
Түйеге- қордім жоқ.
552. Жүйріктің тері кешес,  
Сұлудың қоті кешес.
553. Жүрген аяққа жорғем ілінеді.
554. Жығылған күреске тоймайды.
555. Жығылған үстіне жұдырық.
556. Жығылсаң, жер көтереді.
557. Жығылсаң- нардан,  
Ажалың- әлде қайдан?!
558. Жығылып жағып, сүрінгенге күледі.
559. Жылайтын баланың-  
Күні бұрын көзі қышнды.
560. Жыламаған балаға емшек бермейді.
561. Жылан жылыны сүйеді.
562. Жыланды үш кесе де,  
Кесірткелік болады.
563. Жыласуға- өзін жақсы,  
Сыйласуға- жат жақсы.
564. Жылқы мал- ысқырса, желдікі,  
Айдаса, жаудікі.
565. Жылқы мал кенжелесе, өседі,  
Қой көбелесе, өседі.
566. Жылқы кенжелемесе, өспейді,  
Қой көбелемесе, өспейді.

567. Жылы-жылы сойлесе,  
Жылан іннен шығады.  
Қатты-қатты сойлесе,  
Қапір діннен шығады.
568. Жылды баладан- ерке баста жаман.
569. Жыртық үйге- тамшы жау.  
Арық атқа- камшы жау.
570. Жыртық шелек жеңілірек.
571. Жібекті сақтай алмаған- жүн қылады,  
Қызды асырай алмаған- күң қылады.
572. Жігіттікте жаннан кеш те, іс қыл.
573. Жігіттің жорғасы-  
Еліне ие болады.  
Тайдың жорғасы-  
Түйе болады.
574. Жіліктің майлы басын өзінге тартғын.
575. Заманның азғаны-  
Аттан байтал өзғаны.
576. Ігіліктің ерте-кеші жоқ.
577. Іек астында алты күн жүрдім.
578. Иесін сыйбағанның – итіне сүйек сал.
579. Ине өткеннен жін өтеді.  
Жін өткеннен іс бітеді.
580. Ит арбанын астында келе жатып:  
«Арбаны мен алып келемін!»- дейді.
581. Ит баладан, сауын болмас.
582. Ит есекке ет берінгі,  
Есек итке шөп берінгі,  
-Екеуі де аш қалыпты.
583. Ит- жеті қазышын бірі.
584. Ит жоқта шошқа үреді қорға,  
Би жоқта күл жүреді араға.
585. Ит жүйрігін күлкі сүймейді,  
Ауру кісі күлкі сүймейді.
586. Ит итаяғын жаламай, тоймайды.
587. Ит иттің бірдірмей қоймайды.
588. Ит қарынына сары май жақпайды.
589. Ит құрсағы жібісе, жаппайды.
590. Ит құтырса, иесін қабады.

591. Ит- опа,  
Катын- жапа.
592. Ит тойса да, жалаңдайды,  
Тоймаса да, жалаңдайды.
593. Ит ұяласынан қорықпайды.
594. Ителгіден қашқан дуадақ-  
Былғаймын деп саңғиды.  
Дәнеме сезбес жамандар  
Онай ғана жұмбақтың  
Шешуін білмей қаңғиды.
595. Иттен туған құрмалдыққа жарамайды.
596. Иттің аузына түскен соқта  
Жаншылмай шықпайды.
597. Иттің иесі болса,  
Бөрінің төңірісі бар.
598. Иті май жемейді.
599. Кәлимасыз пір болса,  
Кереметі болмайды,  
Алалы тұяқ, арам мал-  
Берекеті болмайды.  
Атадан қалған адал мал  
Әрекеті болмайды.
600. Кәпірдің қаламынан сақта.
601. Кәпірдің қаласынан сақта,  
Дұшпанның жаласынан сақта.
602. Кәрі келсе, асқа,  
Жас келсе, іске.
603. Кедей: «Байға жетем!»- дейді.  
Бай: «Күдайға жетем!»- дейді.
604. Кедей болатын жігітке-  
Көк шолақ ат кез болады.
605. Кедей елдің көшбасшысы көп болады,
606. Кедейдің керімінен сақта.
607. Келмек-сүннәт,  
Қайтпақ- рұқсат.
608. Келіннің аяғынан,  
Қойшының таяғынан.
609. Келіншектің баласын-  
Кезек-кезек сүйерміз.

610. Кеме келсе, қайықшы жол береді.  
611. Кемедегінің жаны бір.  
612. «Кемпірі бардың- кәпірі бар!»- деген қайда?  
613. Кеңеспен пішкен тон келге болмайды.  
614. Кеңесті-азбайды,  
Кең- тозбайды.  
615. Керек тастың ауырлығы жоқ.  
616. Керқұланың терісін-  
Келер жылы кийін.  
617. Кері кеткен елдің кеңесі көп болады.  
618. Кері кеткеннің келіні- ұрлық қылады,  
Ілгері басқанның иті- оттайды.  
619. Кері кеткеннің саяғы-  
Далада жүріп тебіседі.  
620. Кетеген болса, түйең жау,  
Тебеген болса, биең жау,  
Тіл алмаса, қатын жау.  
621. Кетпеннің басын басса, сабы тиеді.  
622. Кигіз кімдікі болса, білек соныкі.  
623. Көбен мінсең, көтіне қара.  
624. Көгалым (күкалам) көзге бір көрінсін.  
625. Көже деген- тоқ ас,  
Асыл төре келсе, жоқ ас.  
626. Көжеден басқа асымыз жоқ,  
Құдайдан басқа досымыз жоқ.  
627. Көженің буымен жорыққа аттандырғандай.  
628. Коз жұмбай, дария кешпейді.  
629. Көз- қорқақ, қол- батыр.  
630. Кездей істі- көл қышып,  
Болмашыға алданып,  
Ерте күнді кеш қылып.  
631. Көзі соқыр-соқыр емес,  
Кеудесі соқыр-соқыр.  
632. Көзің ауырса, қолың тый.  
633. Көйлек- адамның шарбысы (шарпысы).  
634. Көк долыдан дию пері кашыпты.  
635. Көктемде- айғыр мас,  
Ақпанда- бұра мас,  
Көбік қарда- қошқар мен теке мас,

Жиырма бесте- жігіт мас.

636. Көл қорыған қызғышқа ұқсап.
637. Көлге жүзгендей, ағыл,  
Телегей теңіздей тоғыл.
638. Көмір тас қазғандай,  
Өрт сөндіргендей,  
Жеті күн аштан келгендей!
639. Көн құрысса,  
Қалыбына кетеді.  
Жаманға қанша қақса,  
Өзінің салтына кетеді.
640. Көңіл бір атым насыбайдан қалады.
641. Көңіл кірі- айтса, кетеді,  
Көйлек кірі- жуса, кетеді,  
Сүйек кірі- қайтсе кетеді?!
642. Көңісіз жұмыстан-  
Көтсіз бала туады.
643. Көп ауызы- уәлі.
644. Көп бір уыстан берсе, толтырады,  
Көп бір мұштан қосса, өлтіреді.
645. Көп жортқан түлкі терісін алдырады.
646. Көп жүрген жыланның аяғы көрінеді.
647. Көп-көп емес, бірлік көп.
648. Көп күлген- басқа келер.
649. Көп қарттың ішінде – бір бала дана болар,  
Көп баланың ішінде- бір қарт бала болар.
650. Көп қорқытады,  
Терең батырады.
651. Көп - Құдайдан бір-ақ жас кіші.
652. Көп ойланған құл қаша алмайды.
653. Көп отырған- жер азар,  
Қатыны жаман- ер азар,  
Қарашасы жаман- хан азар,  
Имансыз болса, көр азар.
654. Көп суыр ін қазбайды,  
Ін қазса да, кең қазбайды.
655. Көп түкірсе, көл болады.
656. Көпке тентек жігіттің  
Бір ажалы- көптен.

Коп кетеген түйенің

Бір ажалы- шоптен.

657. Көпті жамандаған көмусіз қалады.
658. Көптің аузы-Құдайдың қаламы.
659. Көрген көргенін айтады,  
Көсеу түргенін айтады.
660. «Көрдім» -деген- коп сөз,  
«Көрмедім»- деген- бір-ақ сөз.
661. Көре-көре көсем болады,  
Сөйлей-сөйлей шешен болады.
662. Көрер таңды көзімен атырып.
663. Көрмес- түйені көрмес.
664. Көрпесіне қарай көсілу керек,  
Қобызына қарай күйлеу керек.
665. Көрші ақысы- Тәңірі ақысы.
666. Көрінбеген қарадан-  
Көрінген бұлт жуық.
667. Көсеуің ұзын болса, қолың күймейді.  
Ағайының коп болса, адам тимейді.
668. Көтін қысқан бай болады,  
Қыспаған көтте нәле бар.
669. Көшерін -жел,  
Қонарын- сай біледі.
670. Көшкен жұрттың қадірі-  
Қонғанда өтер.  
Ер жігіттің қадірі-  
Өлгенде өтер.
671. Көшпей, қонбай, қараша қатын жоғалды.
672. Күйеу атымен күл тасы.
673. Күл өссе, отқа жұт,  
Қыз өссе, үйге жұт.
674. Күле кіріп, күнірене шығады.
675. Күлме досына,  
Келер басына.
676. Күлсен, кәріге күл.
677. Күлшелі бала- сүйеге жақсы.
678. Күн жаумай су болып.
679. Күн жауса, түндігі ұрады,  
Шоқпар сорлыға тиеді.

680. Күн қорланса, қорегінді сайла.  
681. Күнде мұндай қансонар-  
Қайдан табылар?!  
682. Күнде тойсаң, бүлерсің, («бүлінерсің» ұғымында болу керек-Н.Ж.).  
Аптада бір тоймасаң, өлерсің.  
683. Күндестің күлі- күндес.  
684. Күндіз-күлкі,  
Түнде ұйқы көрмей.  
685. Күншілдің күні-қараң.  
686. Күні бұрын күтін,  
Күтінбесең, шығар түтін.  
687. Күні бұрын құты қашып.  
688. Күніне желше жүз құбылады.  
689. Күң көтінде күміс жылтырайды,  
Салып қалса, сылдырайды.  
690. Күріш арқасымен күрмек су ішеді.  
691. Күтпеген қонақ- аттандырады,  
Күтпеген жау- қашырады.  
692. Күшала жегендей,  
Аузына бұрыш салғандай.  
693. Күштінің көті диірмен тартады.  
694. Кісі ақылымен бай болғанша,  
Өз ақылыңмен жарлы бол.  
695. Кісі болар кісіні  
Кісесінен танымын.  
Кісі болмас кісіні  
Мүшесінен танымын.  
696. Кісі елінде сұлтан болғанша,  
Өз елінде ұлтан бол.  
697. Кіші қатын-кісі қатыны.  
698. Қаз тойғанына семірмейді, органына семіреді.  
699. Қазақ болмай, ғазап болмас,  
Тамақ болмай, таму болмас.  
700. Қазақ, жүрген жерің- азал.  
701. Қазақтың жаны- азап-ты,  
Наданның жаны- тозақ-ты.  
702. Қайда барсаң, Қорқыттың көрі.  
703. Қайтып келген қыз жаман,  
Қайта шапқан жау жаман.

704. Қайтып көрер есікті-  
Қатты серіппе!
705. Қалауын тапса, қар жанады.
706. Қалған көңіл- шыққан жан.
707. Қанағат -қарын тойғызар,  
Қанағат қылмаған- жалғыз атын сойғызар.
708. Қара арғымақ арыса,  
Қарға адым жер мұң болар.  
Қара кезден нұр тайса,  
Қарауға бір зар болар.
709. Қара ешкіге -жан қайғы,  
Қасапшыға- май қайғы.
710. Қара жердің қыртысын сыдырғандай.
711. Қара қазан қайнағанша,  
Қалмақ[қа] шапқан ат суиды.
712. Қара суды қайнатқанмен, май шықпайды.
713. Қарағай басынан –қар жауса,  
Жұтамайды сауысқан.
714. Қарадан хан қойса,  
Қасиеті болмайды.  
Үлгісізден би қойса,  
Әсиеті болмайды.
715. Қараң қалған елді қатын билейді.
716. Қарап отырған-қарап қалады
717. Қараша, қауыс,  
Кәрі-құртанды тауыс.
718. Қарғайын десем-жалғызым,  
Қарғамайын десем-жалмауызым.
719. Қариясы кімнің бар болса,  
Жазулы даяр хатпен тең.  
Үй қасында төбешік  
Ерттеулі атпен тең.  
Жаман туған туысың  
Жаны ашымас жатпен тең.
720. Қарны ашқан- қаралы үйге қарай жүгіреді.
721. Қарнымның ашқанына жыламаймын,  
Қадірімнің қашқанына жылаймын
722. Қарны тойса, қартаны ас демейді.
723. Қартайғаныңды құрдасыңнан білерсің,

Кимегейінді құданнан білерсін.

724. Қарыс-алыс, сүйем-жуық.  
725. Қас жаман қасындағысын қарақтайды,  
Әудие жанындағысын қолтықтайды.  
726. Қас жаман қасындағысын қартайтады.  
727. Қас сорлының ішіне қатық жақнайды.  
728. Қас төреде бауыр болмас.  
729. Қас шеберден- шорқақ туады,  
Қас бағырдан- қорқақ туады.  
Қас жорғадан- жортақ туады.  
730. Қасқырдан қайрат кетсе,  
Ешкіні: «Апа!»- дейді.  
731. Қасқырдың ең жаманы қой үркітеді.  
732. Қасыңдағы күйеуден- қарғылаған ит артық.  
733. Қастысып қайырып,  
Жұмсағын жапырып.  
734. Қатын алдың- кемеге мидің,  
Баласы болдың- қарық болдың.

(Ескерту: мұндағы «қарық болу»- суға кетіп, қарық болуды айтып отырма деп ойлаймыз. Бұл тәрізді бұрын да ұшырасатын кей оғаш деген пікірлерді Мәшһүр-Жүсіп ағамыз өзі қалағандықтан емес, ел арасындағы керемет теріс көрінуі мүмкіндердің бәрін тегіс қамтуды мақсат тұтқандықтан жазғанын кейін арнаулы «Түсініктер» бөлімінде де ескерттіміз- Н.Ж.).

735. Қатын алсаң орыстан,  
Басың кетпес бoryптан.  
Қатын алсаң қарадан,  
Арғы кетпес жаладан.  
Қатын алсаң төреден,  
Аузы кетпес парадан.  
736. Қатын алсаң, семіз ал,  
Былқылдасын қойыңда.  
Бір шайнасаң, май шайна,  
Шымықласын аузыңда.  
737. Қатын бастаған көш қараң қалады.  
738. Қатын бастаған көш оңбайды,  
Құралай бастаған киік оңбайды.  
739. Қатын билеген ел оңбайды,  
Төлегің билеген төре оңбайды.  
740. Қатын көп болса, шөміш жұртта қалады.

741. Қатын қайрағтағын, қазан қайнағайды.
742. Қатын олды, қамыстың басы сынды.
743. Қатынға тиге, қарасы жұғады.  
Балаға тиге, пәлесі жұғады.
744. Қатынды бастан, баланы жастан.
745. Қатыны жаман- ер азар,  
Қарашасы жаман- ман азар,  
Имансыз болса, қор азар.
746. Қатыны өлген-қызды ауылға қарап жылайды.
747. Қатынын жаман болса,  
Дәрменің кетер,  
Балаң жаман болса,  
Арманың кетер,  
Қайғы-қасіретпенен заманың кетер,  
Бағырың отқа жаға-жаға кетер.
748. Қауіп қайдан болса, қатер-сонан.
749. Қашқан жауға- қатын ер.
750. Қашқан- жаудан құтылады,  
Қошкен- жұттан құтылады.
751. Қашқан түлік қызыл көршеді,  
Жалаңаштыкі ұзын көршеді.
752. Қашпаған қашардың ұызы.
753. Қимылдаған қыр асар.
754. Қисық арба жол бұзар,  
Дүмше молда дін бұзар.
755. Қожа, молда тоқтықта,  
Қарны аңса, сәлдесі қалар боқтықта.
756. Қожаны жықтас па,  
Аузына тықтас па?!
757. Қой алдырып, қорасын бекітеді.
758. Қой анасы бестен.
759. Қой асыны деменіз,  
Қолайына жақса сақа қой!  
Жасы кінші деменіз,  
Ақылы асса, аға қой!
760. Қой аузынан шөп атмас.
761. Қой бітерде қотаны ит кез болады.
762. «Қой»- дегенше, қоя қой.
763. Қой, қобелесе, өседі.

- Жылқы, кенжелесе, оседі.
764. Қой - ұры, қойшы- өтірікші.
765. Қой үстіне торғай жұмыртқалағандай,  
Жылланмен бала ойнағандай.
766. Қойдан қоңыр қойшының қоңыр өгізі.
767. Қойды-шартық,  
Елді- қортық бүлдіреді.
768. Қойманы көмген ала ма,  
Көрген аяа ма?
769. Қойшының қоңыры- өгізі.
770. Қойшының өгізі- қоңыр,  
Сиыры-сары, жылқысы тарғыл болмайды.
771. Қол ағашы мықты болса,  
Кигіз қазық жерге барады.
772. Қолы ойнағанның-  
Аузы ойнайды.
773. Қомағайдың сазасын бір соғым май берсін.
774. Қонақ бір қонса- құт,  
Екі қонса- жұт.
775. Қонақ жаман болса,  
Үй иесі қыдырады.  
Үй иесі жаман болса,  
Қонақ қыдырады.
776. Қонақ мақтаған нәрсені-  
Қонақ басы[на]сыйласан,  
Жақын арада  
Адам ағамыздан жап-жалаңаш қаларсың.
777. Қонғанша қонақ ұялады,  
Қонған соң, үй иесі ұялады.
778. Қоңсыны қозғаса, көшіреді,  
Отты қозғаса, өшіреді.
779. Қонсыны қорласа, баласына шақыртады.
780. Қорқа жесең, қой қалады.  
Тарға жесең, тай қалады.
781. Қорыққанға- көс көрінер.
782. Қорықпасан: «Әке!»- дер ме едің?!
783. Қорықсаң, от жақ,  
Тоңсаң, от жақ,  
Қарның ашса, от жақ.

784. Қосақ арасында бос кетеді.  
785. Қостың кішісі болғанша,  
Иттің күшігі бол.  
786. Қотыр үстіне-шиқаң,  
Котеремге-көлденең,  
787. Қоянның бойын көріп,  
Қалжасынан түніл.  
788. Қуалап соғар байы жоқ,  
Құйын соғар үйі жоқ.  
789. Қуға-қу намазшамда жолығады,  
Екі жаланап-андамда жолығады.  
790. Қуырдақтың үлкенін-  
Түйе сойғанда, көрерсің.  
791. Құда болғанша,  
Құлын-биен сұрас.  
Құда болған соң,  
Құл да болса, сыйлас.  
792. Құдай деген- құр қалмас.  
793. Құдай сақтаса, пәле жоқ,  
Қарғаса, дауа жоқ!  
794. Құдайға сенген құстай ұшады,  
Адамға сенген мұрттай ұшады.  
795. Құдайдан қорықпағаннан- қорық.  
796. Құдайдан сұрағанның-  
Екі бүйірі шығады.  
Адамнан сұрағанның-  
Екі көзі шығады.  
797. Құданың құдасы -  
Қоянның соршасы.  
798. Құйка да болса, шайнап бақ,  
Құл да болса, ойнап бақ.  
799. Құйрығы жоқ, жалы жоқ.  
Құлан қайтіп күн көреді?!  
Аяғы жоқ, қолы жоқ,  
Жылан қайтіп күн көреді?!  
800. Құл жиылса, шақпақ шағады,  
Би жиылса, тақпақ табады.  
801. Құл жиылып, бас болмайды,  
Құм жиылып, тас болмайды.

802. Құл күйеуге- күң жанге.  
Мәмлесіне- бір теңге.
803. Құл құтырса, құдыққа қармақ салады,  
Күн құтырса, котіне бармақ салады.
804. Құлак- кәрі,  
Бой-жас.
805. Құлға қағынан жерісе,  
Қаңғыл жүріп, шолде өлер.  
Жігіт елінен жерісе,  
Тірі жүріп-ақ, күнде өлер.
806. Құлды: «Бәрекелді!»- оятіреді.
807. Құлдың екі көзі жоқ,  
Ұлдың бір көзі жоқ.
808. Құлынында жетім қалған-  
«Құрай!»- десе, үйірін білмейді.  
Қозысында жетім қалған-  
Түртіншегін қоймайды.
809. Құр аяққа- неке жүрмейді,  
Қара суға- бата жүрмейді.
810. Құрғақ қасық ауыз жыртар.
811. Құрдасын таппаған ер азады,  
Жолбасшысын таппаған ел азады.
812. Құс қанатымен ұшады,  
Құйрығымен қонады.
813. Құста сүт жоқ,  
Жылқыда от жоқ,  
Жақсыда кек жоқ,  
Жаманда тек жоқ.
814. Құтырған ит Айға карап ұлиды.
815. Қыз ауыр ма,  
Тұз ауыр ма?
816. Қыз күніндегі мінезін кей майталман-  
Бір елге қатын болып түссе-дағы қоймайды.
817. Қыз-қылығынан.
818. Қызға- қырық үйден тыю.
819. Қызмет қыл да, міндет қыл.
820. Қыздың қырық жаны бар.
821. Қызы тілде буын жоқ.
822. Қызың оссе, қылықтымен ауыл бол,

- Ұлың өссе, ұлықтымен ауыл бол.
823. Қылғанға-қылғанның сауабы бар.
824. Қынтал (қанатыл) қызым от қыстырмас.
825. Қырсыққанда, қызыл ит қырын жүгіреді.
826. Қырық кісі- бір жақ,  
Қыңыр кісі- бір жақ.
827. Қырық қатынның ақылы тауықта жоқ,  
Ақылы болса, ол тауық жер ме еді бок?!
828. Қыс қызырын көрем десен,  
Қыстың қамын жаз қыл.  
Тән қызырын көрем десен,  
Қорегіңді аз қыл.
829. Қыс- қысыл,  
Жаз- жазыл.
830. Қыс парағат бірла өтер-  
Құрым болса отыны.  
Қатының долы болса,  
Сүйектің қалмас бүтіні.
831. Қыс тоқсан түспесе, мұз қатпайды.
832. Қыс шілдеде- су сақта.
833. Қысқа жіп күрмеуге келмейді.
834. Қысқа карағанда,  
Жолдасын ала қарға болсын.
835. Қысыла-қысыла қыз болдым.
836. Лақ маңырай су ішер,  
Ұлан жылай күн кешер.
837. Лау (алау) қатынға:  
Тоқпақтай тұлымды,  
Балуандай жауырынды,  
Тоятпаған бүркіт жемсаулы  
Күндей жарқырап күлген  
-Сүйкімді бала бітеді.
838. Май айныса, тұз түзейді,  
Сабын айныса, тұз түзсіді.  
Халық айныса, хан түзейді,  
Хан айныса, кім түзейді?!
839. Май берген баладай аялап.
840. Майлы күйедей жұғады.
841. Мал-арыстанның аузында,

Түрікпеннің торінде.

842. Мал-әулие,  
Малдан шыққан май-әулие.  
Май берсе, қолдамаған қай әулие?!
843. Мал- байдыкі,  
Жан- Құдайдікі.
844. Мал- басқа бітер,  
Қына-тасқа бітер.  
Ішіп-жемейтін жаманға-  
Қасақана –қасқа бітер.
845. Мал: «Боктан сасыққа бітемін!»- депті,  
«Тастан қаттыға бітемін!»- депті.
846. Мал бітсе, көзге тал бітеді.
847. Мал ұрлаған- пенденің ұрысы,  
Сөз ұрлаған- Құдайдың ұрысы.
848. Малда ақыл жоқ- итке бітеді,  
Жүнде ақыл жоқ- қотке бітеді.
849. Малды- тапқанға баққыз,  
Отынды –тергенге жаққыз.
850. Малдың беті - жарық,  
Малсыздың беті- көң шарық.
851. «Малым бар!»- деп , мақтанба,  
«Басым бар!»- деп, топтанба.
852. -Малым- жаным садақасы,  
Жаным- арым садақасы.
853. Мезгілсіз шақырған тауықты жұлмақ керек.
854. Мекіре балық, тұмсығы тасқа бітпей, тоқтамас.
855. Мұртқа өкпелен жүргенде, сақал шықты.
856. Мұсылманның қайыры жетер басына,  
Енді соқыр көрінсе, жоламасын қасына.
857. Мың асуға- бір тосу,  
Әр қамалға – бір зауал.
858. Мың атадан- бір байырғы.
859. Мың оқысаң- мүлік,  
Жүз оқысаң- тақрар.
860. Мың өліден- бір тірі,  
Мың олжадан- бір байырғы артық.
861. Мың сіз-бізден-  
Бір шыж-мыж.

862. Мыңды берін, бірді алсаң,  
Бір байырғыдай болмайды.
863. Мыңның түсін (туысын) білгенше,  
Бірдің атын біл.
864. Мынын жемей, бай өледі,  
Бірін жемей, жарлы өледі.
865. Мырзалық қонаққа пайда, малға қас,  
Бағырлық жолдасқа пайда, жанға қас,  
Отірік сөз дауға пайда, иманға қас.
866. Мырзасы сүйгенін кемірсе,  
Игі тигенін кеміреді.
867. Мысыққа ойын керек,  
Тышқанға өлім керек.
868. Немере не береді-  
Етін жең, сүйегін береді.
869. Не де болса, Айды аспанға бір шығардым.
870. Ойдан орып, қырдан қырып.
871. Ойнамаса, бала бала ма,  
Жаланбаса, сиыр бола ма?
872. Ойнап сөйлесен де, ойлап сөйле.
873. Ойын түбінен от шығады.
874. Ойыншының тамағы ток.
875. Олақта-ой жоқ:  
Өз ісін өзі бүлдіреді.
876. Олақтан салақ жаман.
877. Оңар елдің белгісі:  
Ақсақалы- үлгісі.  
Оңбас елдің белгісі:  
Ақсақалы- күлкісі.
878. Оңтайлы- аттай,  
Өткір- шоттай.
879. Ораздының баласы-  
Он бесінде: «Басын!»- дейді,  
Қас сорлының баласы-  
Жиырма бесінде: «Жасын!»- дейді.
880. Ортақ өгізден—онаша бұзау [артық].
881. Ортаншыға оқ тимес,  
Оқ тисе де, бок тимес.
882. Ортаңғы ауыл кең болмай,

- Шеткі ауыл ел болмайды.
883. «Осы жер!»- дегені- кош жер.
884. От ауызды, орақ тілді.
885. От ішінде- мақта,  
Макгадай Құдай сақта!
886. Отыз тістен шыққан сөз-  
Отыз ру[лы] елге кетеді.
887. Отыншының орағын,  
Сушынын шелегін алып.
888. Отының су болса,  
Қыстың құр қамысынан не пайда?!  
Етігін тар болса,  
Дүниенің кендігінен не пайда?!  
Қатының долы болса,  
Елдің бейбітшілігінен не пайда?!
889. Өгіз өлдім демес,  
Арба сындым демес.
890. Өгіз өлмес, арба сынбас.
891. Өгіз орге сүйрейді.
892. Өгіздей-күшті,  
Арыстандай-ер,  
Судай-бос.
893. Өз ағасын ағаламаған-  
Кісі ағасын жағаламайды.
894. Өз балаң-  
Өзекке тепкілесен, кетпейді.  
Кісі баласы-  
Кісінесен, тұрмайды.
895. Өз еркімен жүрген әйел-  
Ұрыншақ болады.
896. Өз көзі- өлтіргенді тірілтпейді,  
Жығылғанды тұрғызады.
897. Өз қорлықтан- жат қорлық.
898. Өз мінін өзі білген-  
Біреуге төре болуға жарайды.
899. Өз- өлтірмес,  
Жағ-жарылкамас.
900. Өзбек- өз ағам,  
Сарт-садағам.

901. Өзен жағалағанның өзсі талмас.
902. Өзен тұрш,  
 Өзге жерге қонған- нәмәрт,  
 Өзі болған жігіттің  
 Түбі-тегін сұраған- нәмәрт.  
 (Ескерту: «нәмәрт» сөзінде мынадай анықтама берілген: «Айтқан сөзде тұрмайтын, опасыз, саран»- Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, Ғылым, 1983 ж., 7- том, 332 б. –Н.Ж.).
903. Өзі жақсы кісіге- дүние мал,  
 Өзі жаман болғанның бар дүниесі- біреудікі.
904. Өзі тоймағанның сарқытын ішпе!
905. Өзі ұры : «Ұры!»- дейді,  
 Өзі қары : «Қары!»- дейді.
906. Өзі үйренбегенді- Дүние үйретеді.
907. Өзі шығайын деп тұрған қоз еді.
908. Өзімдікі дегенде,  
 Өгіз қара күнім бар.  
 Кісінікі дегенде,  
 Қол тимейтін ісім бар.
909. Өзіме салсам,  
 Тайды бие тиеді.  
 Кісі алдында аяғым  
 Анда-санда бір тиеді.
910. Өзің таныған- Төндірісін таниды.
911. Өзінің басын зор еткен,  
 Ағайынын қор еткен,-  
 Жалаңда қалар жалғыз бас.
912. Өзің білме,  
 Білгеннің тілін алма.
913. Өзіңнен зор қар (хар) шыкса,  
 Екі көзің сонда шығар.
914. Өзіңнен тумай, ұл болмас,  
 Сатып алмай, құл болмас.
915. Өлген арыстаннан-  
 Тірі тышқан артық.
916. Өлген- тірілмес,  
 Өшкен-жанбас.
917. Өлгенге- қара жер,  
 Өлмегенге- өлі балық.

918. Өлгенді: «Өлді!»- дегенге нан,  
«Әдет қалды!»- дегенге нанба.  
«Тау қозғалды!» десе, нан,  
«Жамап жақсы болды»- дегенге нанба!
919. Өлгенінді жасырасың,  
Комгенінді қайтесің?!
920. Өлеңді жерде өгіз семіреді,  
Өлікті жерде молда семіреді.
921. Өлетін бала пысық келеді.
922. Өлетін бала тамға қарай жүгіреді.
923. Өлетін өгіз балтадан таймас.
924. Өлмегенге- өтірік дау.
925. Өлсең, өлесің,  
Өлмесең кісі боласың.
926. Өлшеп салған асына  
Қонақ келсе, қатты күн.
927. Өлі аруақ орынын құр тастамайды.
928. Өлі бураның басынан-  
Тірі атан қорқалы.
929. Өлі-тірінің азығы,  
Жақсы- жаманның азығы.
930. Өліге ас берсең, түсіңнен шықпайды,  
Жаманға ас берсең, үйіңнен шықпайды.
931. Өлімнен- ұят күші.
932. Өнбес дауды-  
Өспес ұл даулайды.
933. Өнер алды- қызыл тіл.
934. Өнерді үйрен де, жирен.
935. Өнерлі өрге жүзеді.
936. Өрттен де бір түп көле аман қалады,  
Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі.
937. Өсетұғын елге- сі...с кіреді,  
Өспейтұғын елге сыбыс кіреді.
938. Өспейтін елдің жігіті топ ішінде-  
Құрдасын: «Қатыным!»-деп, ойнайды.  
Өсетін елдің жігіті топ ішінде-  
Құрдасын: «Батырым!»- деп, ойнайды.
939. Өткенге өкінбе.  
Қапқанды кума.

840. Өткішшінің өкініші кетпес.  
941. Өткір пылақ: қолға пайда, қыңға-қас.  
Өтірік сөз: дауға --пайда, жанға-қас.  
942. Өтпес жарлық- бойға қорлық,  
Өтпес пылақ- қолға қорлық.  
943. Өтірік- шынға тоқтар.  
944. Өтірікшінің үйі күйсін.  
945. Өтірікшінің шын сөзі- зая.  
946. Пайданы басына қыл,  
Басыннан асса, досыңа қыл.  
947. Палау жесе, болмай ма?  
948. Панасыз болса, сайдан без,  
Пайдасыз болса, байдан без.  
949. Пәледен машайық қашыпты.  
950. Пәлені қоске бармағыңды тықпа,  
Ғырнағың қалады.  
951. Пәлен жерде бақыр бар,  
Барса [түк те] табылмас.  
952. Пейілі жаманды Тәңірі табады,  
Бітімі жаманды ит қабады.  
953. Пышак берсен, қынымен,  
Қынымен берсен, шынымен.  
954. Піс қазаным- бес ай,  
Отыр қотым- он ай.  
955. Рулы – ел ұялы теректей.  
956. Рулының оғы қалса, табылар,  
Жалғыздың жағы қалса, табылмас.  
957. Сабасына қарай- піспегі,  
Сақалына қарай- іскегі,  
Есегіне қарай- тұсауы.  
958. Сабыр түбі-сары алтын.  
959. Санамасаң, саннан шық,  
Елемесен, елден шық.  
960. Саңырауға сәлем берсен:  
«Ағанның басы»- дейді.  
961. Саңыраудың қолына түспе,  
Соқырдың жолына түспе.  
962. Саптыаякка ас құйып,  
Сабына қарауыл қойып.

963. Сараң-сараң болмайды,  
Сұрауы жетпейді.
964. Сарғайған- жетер мұратқа.
965. Сарғая-сактасаң , кызарына бөртерсін.
966. Сарт құрымай, бөз таусылмайды.  
Айға берсең, сөз таусылмайды.
967. Сары орыстың -бәрі орыс,  
Сары жаудың- бәрі жау.
968. Сасқанға – жол тар,  
Тасқанға- жол жоқ.
969. Саудада- достық жоқ,  
Сәлемде- борыштық жоқ.
970. Саудың асын ішіп,  
Аурудың сөзін сойлейді.
971. Саумал ішсең, қымыз жоқ,  
Байтал мінсең, құлын жоқ.
972. Сауысканнан сақ бол.
973. Сезікті секіреді.
974. Сексеуіл жанып, сөнгенше,  
Сексендегі шал өледі.
975. Семіздікті қой көтереді.
976. Семіздің- аяғы сегіз.
977. Сенген қойым сен болсаң,  
Күйсегенінді ұрайын.
978. «Сенікі, менікі»- деген- көңіл тарлығы,  
«Әрі жат, бері жат»- деген- төсек тарлығы.
979. Сыыр алсаң, таныш ал,  
Танымасаң, тарғыл ал.
980. Сыыр пұл болды,  
Қатын би болды.
981. Сыыр сары, жылқы тарғыл болмайды.
982. Сыыр су ішкенде, бұзау мұз жалайды.
983. Сыыр судан жерісе,  
Су сиырдан жериді.
984. Сыыр тілінен қыршанқы болады.
985. «Соқыр!»- десең, көзіме,  
«Аксақ!»- десең, аяғыма тиеді.
986. Соқыр көргенін жазбайды.
987. Соқырдың өз бидайын өзіне қуырып.

988. Сомсынғанға айла бар,  
Сом темірге балға бар.
989. Сорлы балаға- сорлы қатын кез келеді
990. Сөз-сөзден туады,  
Сөйлемесе, неден туады?
991. Сөз сүйектен өтеді,  
Таяқ еттен өтеді.
992. Сөз тапқанға қолқа жоқ.
993. Сөзді сөз түртеді.
994. Сөздің көркі- мақал-ды,  
Ердің көркі-сақал-ды.  
Сақалы жоқ көселер  
Қасабалы тоқал-ды!
995. Сөйлей білмеген-  
Сөзді өзіне келтіреді.  
Көше білмеген-  
Көлік өлтіреді.
996. Су аяғы- құрдым.
997. Су ішкен құдығына түкірме.
998. Судай сұлуға жолық.
999. Судан өткенше:  
«Қызымды берейін!»  
Судан өткен соң:  
«Қап, енеңді ұрайын!»
1000. Судан өткенше:  
«Қызымды беремін!»- дейді.  
Судан өтіп алған соң:  
«Өзіңнің айтып жүргенің не?!»- дейді.
1001. Сусыз жердің- шөбі арам,  
Перзентсіз ердің малы (күші)- арам.  
Еңбексіз ердің- дәмі арам,  
Сатайын десем, пұлы- арам.
1002. Сұлу- сұлу емес, сүйген сұлу.  
Сүймегенге- «көбік ауыз, көк айыл, түрме ерін»-  
Деген бедірей бетпақтың өзі.
1003. Сұңқар- шашып жейді,  
Қарға- басып жейді.
1004. Сұрағанда берген тұрымтай-  
Сұңқар орнына жүреді.

1005. Сүт көп, көмір аз.
1006. Сүт сүйек өсіреді,  
Киім көңіл өсіреді.
1007. Сүтке күйген ауыз,  
Қаймаққа да күйеді.
1008. Сүтке сүт қоспа демес,  
Күшке күш қоспа демес.
1009. Сүтсіз сиыр- мөңіреуік,  
Долы қатын- жылауык.  
Ақсыз балалаған қой- жамырауык.
1010. Сыйға –сый, сыраға- бал.
1011. Сынаудан-ілік,  
Тойдан- жілік.
1012. Сыпайы- сырын жасырады,  
Пұшык- мұрнын жасырады.
1013. Сыпайы- тоңбайды, қалтырайды.
1014. Сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпейді.
1015. Сырын білмеген аттың  
Сыртынан жүрме!
1016. Сіңбес астың бөгелуі жаман.
1017. Таз-әулекі,  
Соқыр- әнгі.
1018. Таз таранғанша, той тарқайды.
1019. Тайдың жорғасы- түйе болады,  
Жігіттің жорғасы- еліне не болады.
1020. Тайын-Тәңірісіндей,  
Құнанын Құдайындай көреді.
1021. Тақырға жерге- су тұрар,  
Қайратты ерге- мал тұрар.
1022. Талапты ерге нұр жауар.
1023. Талтандасаң талтаңда,  
Ақшаң болса, калтаңда.
1024. Тамақ-тоқ,  
Көйлек-көк.
1025. Тамақтан- айырған-  
Жаудан айырған.
1026. Таныған жерге- бой сыйлы,  
Танымаған жерге- тон сыйлы.
1027. Таңғы тамақ- Тәңірден.

1028. Таспен атқанды- аспен ат.  
1029. Таста тамыр жоқ,  
Төреде бауыр жоқ.  
1030. Тастай алмаған шоқпар-  
Нәм басқа, нәм кетке тиеді.  
1031. Тау белгісі- тас болар,  
Бай белгісі- ас болар.  
1032. Тауда болар тарғыл тас,  
Тарықса, шығар көзден жас.  
Тар қолтықтан оқ тисе,  
Қайрылмай кетпес қарындас.  
Өзінің басын зор еткен,  
Ағайынның қор еткен-  
Жапанда қалар жалғыз бас.  
1033. Таудай талап бергенше,  
Бармақтай бақ бер.  
1034. Тауды құлатқандай.  
1035. Таудың тамы айналмайды,  
Тасы айналады.  
Иттің, боқ жемесе,  
Басы айналады.  
1036. Таусылмайтын- бір жерұйық.  
1037. Таусылмайтын- ұлы сабаның қоры.  
1038. Тәңірі асырған тоқтыны бөрі жемес.  
1039. Тәуекел түбі- қайық-ты,  
Мінесің де өтесің.  
Уайым түбі- теңіз-ді,  
Батасың да, кетесің!  
1040. Тәуекелде қайғы жоқ.  
1041. Тегінді малдан сұра.  
1042. Темекінің жаманынан-  
Ағашы жақсы.  
Ағайынның жаманынан-  
Алашы жақсы.  
1043. Тентек шоқпар жинайды.  
1044. Тентектің ақылы-  
Түстен кейін енеді.  
1045. Тесік моншақ жерде қалмас.  
1046. Той дегенде, қу бас домалайды.

1047. Тойға барсаң, бұрын бар,  
Бұрын барсаң, орын бар.
1048. Тойға барсаң, тойың бар.
1049. Тойғанша- бір салса да, еңбек.
1050. Тойғанда, томашалай тамағым жоқ.
1051. Тойлан- татқан да бір, тойған да бір.
1052. Тойдың болғанынан «Болады!»- дегені қызық.
1053. Тойымдықты Құдай береді,  
Көңілдікті ноғай береді.
1054. Тоқалдан туып, ерке болмас,  
Шыбынған туып, серке болмас.
1055. Топан суы қаптағандай.
1056. Торғай, жаңбыр жауса,  
Балапанын қорғайды.  
Бұрнақ жауса,  
Басын қорғайды.
1057. Тобесі тазға төрт теңге,  
Жалтыр тазға жарты теңге,  
Ойма тазға он теңге,  
Қырма тазға қырық теңге!  
Сая көңіңді кересіңге,  
Сыйса да бер бес теңге,  
Сыймаса да бер бес теңге!
1058. Төлесіті билеген төре оңбайды,  
Қатып бішеген ері оңбайды,  
Бұралқысы билеген ел оңбайды.
1059. Төренің жаманы-  
Төлесітімен қас болар.
1060. Төркіні жақынның- төселі жиылмас.
1061. Төркініне сенгеннің- төбесі жарық.
1062. Төселіңе қарап, аяғыңды қосіл.
1063. Туған атам, қойнына-  
Сен алмағанда, кім алады?!
1064. Туысы бір болса да,  
Ерден- ердің ісі артық?!  
Пішіні (формасы) жоқ күмістен-  
Сұлудан соққан мыс артық,  
Сырты құрым, қараша үй-  
Ықыласты болса аламы.

1065. Тәтті болса тағамы,  
 Боз ордадан үш артық!  
 1066. Тұз- май қапығы,  
 Олең- жыр- сөз қапығы.  
 1067. Түзелер істің бағына,  
 Жақсы- келер қасына.  
 1068. Түйе бойына сенің құр қалады.  
 1069. Түлкінің қызыл-тығы- өзіне сор.  
 1070. Түлкің-авау тазың- мынау!  
 1071. Түн ұйқысын төрт бөліп.  
 1072. Түстік өмірің болса,  
 Кештік мал жи.  
 1073. Түсіңнен түніме.  
 1074. Тұрна-қокте,  
 Тұзақ- жерде.  
 1075. Тышқан көгін көріп.  
 Жаралы болады.  
 1076. Тышқан ініне кіре алмай жүріп.  
 Қалжуыр байлайды.  
 1077. Тышқаның да сауыры бар.  
 1078. Тіл- қайыстан қатты,  
 Қылыштан өткір,  
 Оқтан [ге].  
 1079. Тірліктің күші- бірікте.  
 1080. Уайым түбі- теңіз-ді:  
 Түсерсін де, кетерсін.  
 Тәуекел түбі- қайық-ты:  
 Мінерсін де, өлерсін.  
 1081. Ұйқыдан басы кетпегеннің-  
 Көзінен жасы кетпейді.  
 1082. Ұйтқыш соққан борандай.  
 1083. Ұйықтаған ұйқы алады,  
 Ұйықтамаған жылқы алады.  
 1084. Ұл жеп жайына кетті,  
 Қыз жеп, байына кетті.  
 1085. Ұл- өзі туғандай.  
 Келін- [өзі] келгендей.  
 1086. Ұл он беске жеткенше-

- Колға ұстаған қобызың,  
Ұл он бестен асқан соң,  
Тіп алмаса, доңызың.
1087. Ұл таппаған қатыннан-  
Лақтаған ешкі артық.
1088. Ұл ұяға қонды,  
Қыз қияға қонды.
1089. Ұлың өссе, ұлы құлықтымен,  
Қызың өссе, қызы қылықтымен ауылдас бол.
1090. Ұлың тойшыл болса, аттың соры,  
Қызың тойшыл болса,көттің соры.
1091. Ұра берсе, шайтан да өледі.
1092. Ұрлық қылса, өледі,  
Шөп жесе, қақалады.
1093. Ұрлық түбі- қорлық.
1094. Ұрсайын десем- өз балам,  
Тәңірім қылды, не шарам?!
1095. Ұры байымас, сұқ семірмес.  
Ұры байдың ауылын көрдің бе еш?!
1096. Ұры басынып ұрлайды,  
Қонақ таңдап қонады.
1097. Ұры- қарының серігі.
1098. Ұры өлгенше: «Ақпын!»- дейді,  
Тоқал өлгенше: «Нақпын!»- дейді.
1099. Ұры- түн асқанша,  
Қасқыр- дөн асқанша.
1100. Ұрының көті қуыс.
1101. Ұрының өзіне лайық сойылы бар.
1102. Ұрысы күшті болса,  
Иесі өледі.
1103. Ұялмаған бұйырмағаннан жейді.
1104. Ұй қорыған ит оңбайды,  
Қыз қорыған жігіт оңбайды.
1105. Ұйден шыққан күні-  
Не байға, не сайға қон.
1106. Ұлкейіп барып, сылайыны көр,  
Кішірейіп барып, шынайыны көр.
1107. Үндемеген үйдей пәледен құтылады.
1108. Үркектеген бие еді,

Итті көрсе, иеді.

1109. Үш ай тоқсан болмаса,  
Үлкен теңіз тонбайды.  
Қатын шайпау болмаса,  
Ер жалғыз үй қонбайды.
1110. Халық айныса, хан түзейді,  
Хан айныса, кім түзейді?!
1111. Ханнан- қазық,  
Биден- тоқпақ қойып.
1112. Шабан үйрек бұрын ұшады,  
Сасқан үйрек артынан сүңгиді.
1113. Шағала келмей, жаз болмас,  
Шаңқан болмай, боз болмас.
1114. Шағала келмей, жазға жарымас.  
Қазы келмей, дауға жарымас.
1115. Шайнаған- күмән,  
Жұтқан- бұйырған.
1116. Шайтаннан албастының бір атасы жуық.
1117. Шақырғанға бармасаң,  
Шақыруға зар боларсың.
1118. Шам жарығы түбіне түспес.
1119. Шалатын кісінің аяғы маймақ.
1120. Шақырақ жалап ит тоймайды.
1121. Шаңқанда- байдың ұлы,  
Төқтағанда- кедейлігі есіне түседі.
1122. Шаппақ болсаң, зымыра.
1123. Шаруа көшсе, байиды,  
Дәруіш көшсе, жариды.
1124. Шаруаның мұңы бір,  
Бұзылғандардың жыны бір.
1125. Шегіртке түскендей кылып,  
Тері сүйреткендей кылып.
1126. Шеткі ауыл көшсе, ортадағы ауыл шет болады.
1127. Шешен жігіт- қыран құс.
1128. Шешеннің тілі — ортақ,  
Шебердің қолы — ортақ.
1129. Шешінген- судан тайынбайды.

1130. Шикаштың аузын жұрты алғандай.
1131. Шоқпар- әрі баека,  
Әрі қотке тиеді.
1132. Шөккен түйе-соққанды білмес.
1133. Шолдеген те, су- қымыздай,  
Сабынғанда, қағып-қыздай.
1134. Шолмек-мын күн сынбайды,  
Бір күн сынады.
1135. Шон басыммен болса, қымайды.
1136. Шон- білкен жерге бітеді.
1137. Шонтей қағып,  
Баудай куырып.
1138. Шыбылған туып,  
Серке болмайды.  
Тоқалдан туып,  
Ерке болмайды.
1139. Шығасы шықпай, кіресі кірмейді.
1140. Шығасын- иесі баспы болады.
1141. Шын дүние- шынжыр арқан,  
Жалған дүние- жалған жіп.
1142. Шын жыласа, соқыр көзден жае шығады.
1143. Ысықырып жатқан жыланның обалы жоқ.
1144. Ілгері басқаннан- ит оттайды,  
Кері кеткенін- келін ұрлық қылады.
1145. Ішін ауығы- кімдікі болса, соныкі,  
Түбі- өзімдікі.
1146. Ірген ауызғын- пірмен сөз шығады.
1147. Істің ағы білмейді,  
Ердің бағы біледі.
1148. Ішкен- мас,  
Жеген- тоқ.
1149. Ішкеніміз- ащымызға,  
Ішпегеніміз- арымызға.
1150. Ішпесе де, қоңық тоқ.
1151. Інуі жаманын- тәнууі жаман.
1152. Ішін күйсе, тұз жала.

# Мәшһүр-Жүсіптің қазақ мақал-мәтелдерінің шығу тарихы туралы жазғаны

1) «Шығасы шықпай, кіресі кірмейді» мақалының шығу тарихы.

Қазақта бір мақал бар: «Шығасы шықпай, кіресі кірмейді»- деген. Бұл сөзге дәлел керек- қайдан алынған сөз екендігі. Хазірет Сүлеймен ғалайссаламның он үш жасында аузынан шыққан сөз екен. Ол сөздің шығу себебі: хазірет Дәуіт ғалайссаламның халифалық құрған күйінде хазірет Сүлеймен ғалайссалам есік алдында ойнап жүрсе, бір қатын жаман наза болып жылап келеді. Бала сұрайды:

-Өй, қатын, неге мұнша күйінді-жылаударсың?-деп.

Қатын айтты:

- Екі жегім бала-шағам бар. Өзіміз қара қасқа кедейдің барып түрі аңымыз. Жалғыз-ақ нұт бидайымыз бар еді, онан басқа дәмкіміз (дәнемеміз) жоқ еді. Соны дүірменге апарып, ақымын беріп, тарттырып алып, қапқа салып, арқалап келе жатқанымда, бір қатты дауыл-күйім соғып, өзімді домаланып жығып, ішіндегі ұны-мұнымен қабымды ұшырып алып кетіп, артынан қуып, өкшем ошпн жете алмай бара жатқанымда, дарияға түсіріп, Құдай пана берсін, көзіме бір де көрсетпей, қак ортасына алып кетті. Дарияға түссімен баққан болса, өмір бойы сүңгісем де, сонынан қалмас едім, көз жетпестей жерге, ортасына алып кетіп, титығымды құртты. Ұнды, не қылайып, әркімнен сұран алғам-ды, бір жопі болар еді-ау. Қабымды ғана қайтейін?! Өзімнің бар өмірімде еңбек қылып, тоқып алған қабым еді. «Шешеміз ұн тарттырып алып келеді!»- деп, қуанып отырған балаларыма: «Жүзі қара болып, не бетіммен көзіне көрінемін?!»- деп, соған ішім ашып, күйін барамын!»- дейді.

- Ай, бейшара» мұндым, мүсәпір, Құдай саған үлкен болыстық қылған екен. Дереву барып тақта отырған патшаға арыз қыл: «Маған әлім жеттік қылып, бір қап ұнымды жел тартып алды, желден колденен алып бер!»- дей ғой,- дейді.

Қатын жылап, патшаға кіріп еді, екі нұт бидай берді. Қатын қуанып:

- Бір жасы мың болғыр-ай, балаларыма құр бармасқа тәуір болды ғой!»- деп, алып шықты.

Хазірет Сүлеймен сұрады:

-Патша не дейді?- дейді.

- Айналайын, әдіз патшамыз екі нұт бидай беріп, көсегемді көгертті,- дейді.

- Уай, бейшара, сен ұн тілей келген тіленші ме едің? Дауыл соғып, ұныңнан айырылып қалып келген емес пе едің? Ұнды олжа көріп қуанба. «Да-

ұылдан ұнымды алып бер, әділ патша болсаң!»-деп, бар қайтадан. «Желдің үстінен арызға келіп едім ғой!-де», - деп, қайта жіберді.

Қатын қайта кіріп еді. Дәуіт патша үш пұт бидай берді. Қатын қуанып, алып шығып еді, Сүлеймен ғалайссалам:

- Тағы қайыра бар,- дейді. - «Мен үн сұрай келгенім жоқ, ұнымды алып кеткен желден қолдененімді алып бер!»-деп, жабыс,- дейді. - Әділ патша болсаң, арманымға жеткіз, ақымды алған жел мен мені алдына алып терге, ұнымды не үшін алғандығын айырып бер! Қазақтың Қарабайы сықылды қайыр бергеніне мәз болма, патшалық хукімінді тура қыл!- депші, не айтар екен?- дейді.

Қатын қайта кіріп еді, хазірет Дәуіт ғалайссалам:

- О заман бұ заман желмен кісі дауласқанын көргенім жоқ. Бар, бейшара, бес пұт бидай ала ғой!- дейді.

Қатын қуанып, бес пұт бидай алып шығып еді, хазірет Сүлеймен ғалайссалам:

- Әлі арызына жете алған жоқсың. «Маған бидайдың керегі жоқ, дауымды шариятыңа салып бер. Қанша берсең, қайырына ризалығым (ырзалығым) жоқ, әділшілігіңді көрсет!»- деп, жабыс!- дейді.

Қатын тағы қайта кірді:

- Мен сізден бидай сұрамаймын, дауітермін. Дауымды орнына келтірсеңіз екен!- дейді.

Дәуіт ғалайссалам айтты:

- Уай, қатын, сен қалай жансың, менің алдымнан қуанып, құлдық бас деп, бидай алып шығасың. Тек далаға шықсаң болғаны, қайтадан келіп мылжындай бересің. Осы саған далада біреу бір нәрсені үйретіп тұр ма, шынықты айтшы,- дейді.

- Озіңіздің кішкене қонжетайыңыз мені еркіме қоймай:«Қайта баршы!»-деп, болмай жіберіп тұрған сол!- дейді.

Хазірет Дәуіт ғалайссалам тысқа шығып:

-Әй, балам, не үшін бұл қатынды әуре қылып, қайта-қайта кіргізе бересің?- дейді.

Хазірет Сүлеймен ғалайссалам айтты:

-Ата, бұл қатын сізді: «Қара қылды как жарып торе беретұғын әділ патша ғой!»- деп арызға келіп тұр. Ұнын алып кеткен желдің үстінен даугер болып: «Ұнымды не себепті алып кеткенін біліп бер!»- деп. Сіз мұның арызын тыңдамай, дауыла қолын жеткізбей: «Дауыс білмеген ойбайға зорлайды»-дегендей, қайыр-садақа беруге зорлай бересіз. Патшалық ісі осылай бола ма екен?- дейді.

Хазірет Дәуіт ғалайссалам айтты:

- Балам, желмен дауласып, дау алған бар ма екен? Желмен мұны қолденендесіруге менің әнім келе ме?- дейді.

Хазірет Сүлеймен ғалайссалам айтты:

- «Итін несі болса, бөрінің тәңірісі бар»,- деген қайда, желдің де білеушісі бар шығар. Ол жел де өз бетімен алған жоқ шын ар. «Желге менің өлім келе ме?»- деген жұрттың қолынан сайлап қойған кара патшаның жұмысы ғой. Сіз-құдай сайлаған халифа: сізде және пайғамбарлық күші бар ғой! Құдай жаратқан мақұлықта байлаусыз, пәтуасыз бір қалыпта тұра алмай тұғын нәрсе- жел ғой. Бір уағдасына тұра алмай тұғын адамды жұрт айтады ғой: «Күнінде желше жүз құбылады»,- деп. Бег алдына лағып есетұғын желден күші аса алмай тұғын болса, ол халифалықтан сізге не пайда? Ол пайғамбарлықтан сізге не қасиет? Алла тәбәрік отұғын сізді пайғамбар қылғанда: «Менің Құдайлығымды иенделеріме таныт!»- дейді. Құдайдың құдайлығын, құдіретінің шеберлігін танытпа алмасын бар: «Патшамын, пайғамбармын!»- деп, несіне мөз боласын?! Жел де- Құдайдың қызметкері, сіз де- Құдайдың қызметкері. «Менің қол астымдағы бір жесір қатынның бір нұт ұнын қабыменен бір жел алып кетінті. Озің жұмсап па едің? Өз бетімен қылған ісі ме?»- деп сұра Құдайыннан. Бұл бейшара қатынның көз жасын Құдайдан сұрап беруге намыстанғаның ба, жоқ, ерінгенің бе?»- дейді.

Хазірет Дәуіт ғалайссалам айран-асыр, дәл болып тұра қалды. Ейбадағханасына барып, Құдай тәбәрік отғылыға мінәжағ қылды. Сәждеге басын қойып, көтеріп алып еді. «Әссалам-ғалейкум!»- деп, адам суретінде бір періште жетіп келді:

- Иа, бәни-алла, ол қатынның арызы тұрасында, міне, мен келдім. Мен желге мүкіл (өкіл) періштемін. Ол қатынның қабы менен ұнын мен бәм өз бетіммен желге алдырғаным жоқ. Дарияның жүзінде іші саудагер, дүние таллап қулармен толық бір көме келе жатыр еді. Кемесі толған нүл еді, адамзатқа не керек-жарак түгел еді. Дарияның ішіндегі бір тасқа соқтығып, кемелерінің астынан бір жері жарылды. Сол жарықты бітеуге шамалары келмей, суға гарық (қарық) боларлық дәрежеге жеткен соң, қойдай маңырап, қозыдай шулап, Құдайға жыласты:

- Иа, Құдай, осы дарияға қарық қылмай, балыққа жем қылмай, бізді сәлем[ег] шығарсаң [1], құтқарсаң, сенен күшті құдіретіңнің құдайлық жолы[на] бәм жол садақасына [2] кемедегі малдың қақ жартысы жетім мен жесірдікі болсын! Жетім мен жесірдің көзінің жасының құрмегі үшін бізді бұ пәленнен құтқара көр!»- десін, ботадай бәдасты. Сол уақытта олардың шын жабығын жылаған наласы Құдайға жетіп, Алла тәбәрік отұғы маған бұйырды:

- Пәлен жерде бір жесір қатын кашен ұн арқалап келе жатыр. Соның ұнын қап-мабымен алып келіп, кемесін жарығына тық!»- дейді. - Булардың жаны өлімнен аман қалсын да: «Жетім-жесір үшін!»- деп, арнап айтқан

құдайы садақа нәзірі сол қатын мен екі баласына берілсін!- дейді. Сол кеме осы күнде дарияның жүзінде. Алдынан кісі тостырыңыз. Пәлен күнде, пәлен сағатта құрғаққа шығады. Кеменің түбінің жарығын қараттырыңыз, қатынның ұны қабымен тығын болып, су кіргізбей боғет болып тұр. Ол керуеннің бір-де-бірі оны көрген жоқ, тек: «Құдай сақтады»- деуменен келеді. Қалай сақтағандығынан хабары да жоқ. Сіз Құдай тәбәрік отұғылының бұл шеберлігін халыққа, жұртқа шашып есіттіріңіз де, кеменің жарығына тығылған қабын танып қатын алысын және Құдайға айтқан нәзірін сепсітпей, шып-шырғасын шығармай, қалпынша керуен бұл қатынға берсін! Міне, Құдайдың құдайлығы осы, ешкімге залал салмайды.

Пендесіне не тағдыр қылса, ақыры сол пендеге жаны ашып болысқандығы болады,- дейді.

Мұнан соң қазірет Дәуіт ғалайссалам қатынды жібермей, [кам]атып қойып, дарияның жағасына қарауылшы қойып, қатынды ертіп [3], кідірмей керуендер де құрғаққа шығып, қысылған, сасқандығына пейіл болысып, жандары аман қалғанына қуанысып, айтқан нәзірлерін бір жесір қатын, екі жетім балаға шашау шығармастан түгел берісіпті.

## 2) «Сөз тапқанға қолқа жоқ» - деген сөздің басы қайдан шыққан?

Жер иреті Сарысу өзенінің жазғытұрым тасып жатқан кезі. Екі құс салған екеуі судың екі жағында тұрып сөйлеседі. Біреуі насыбай атады. Онда ана жақта тұрғаны айтады:

-Өзім барып насыбай атуға судан өте алмай тұрмын. Мен үшін маған арнап насыбайынды енді бір атшы!-дейді.

Бұл мына жақта тұрып, оның тілін алып, шақшасын ерінің қасына қағып-қағып жіберіп, мазаттанып, шагтанып насыбайын бір атқанда, ар жақта көріп тұрған- аузынан суы ағып, елітіп жығылыпты.

- Ризамын-ризамын (ырзамын) озіне де, шақшана да, атып тұрған насыбайына да! Екеуіміз құшақтасқан дос болайық, тамыр болайық, қолқа алысайық. Су тасуы қайтқан соң біздікіне келмесең, осы сөзімді сыйлағандығыңның қолқасын алмасаң, ризалығым жоқ, - деп, өлердей сөзін айтып, қонаққа шақырып кетеді.

Судың тасуы басылған соң, қонаққа барады. Тамыры да тікесінен тік тұрып күтіп алады.

- Қалағаныңды алып кет, алмай кетсең, ризалығым жоқ!- деп, ерік әліне қоймаған соң, жүзіктің көзінен өткендей бір қара жорға тайы бар екен, соны қалап алып кетеді. Сонан соң жұмысы жоқ та болса, тек мұның шақшасынан насыбай атуға құмарланып, олай өткенде, былай өткенде, келіп, кетіп жүреді. Бір күндерде біреуден аласы адал ақы бір қозылы қойын алып келе жатып, тамырынікіне қонады. Ертең жүрерінде: «Бір қозылы қойды қайдан айдап

жүресін, маған тастап кет!»- деп, алып қалады. Бұл жолы емес, әйтеуір бір келіп кетіп жүргенінде, қолқа қылып сұран алғаны емес, мұның шақшасын алып кетеді. Төртті-бесті жыл арада өтеді. Қара жорға тай ат болып, ат болғанда, анау-мынау ат емес, той бұзар ат болып, Арғын, Найман басы қосылған ас болса, жорға бәйгесін бермейтұғын атақты жорға болып шығады. Оның түпкі несі көрген сайын іші күйіп, ел-жұрты, ауыл-аймағы бәрі шулайды: «Осындай жорғаны беріп қойып, әлі сен одан не алдың? Сал қолқанды, ал қалағаныңды! Қолқаға тұрмаса, қалағаныңды бермесе, жорғанда не ақысы бар?!»- деп, о да, бұ да айта берген соң, тамырына қолқа сұрата қатынып жібереді. Бұл келген қағынды сыйлап күтеді.

-Қолқа алудың реті менікі еді, ол оны білмей жүр екен-деп, дәнеме бермей, қур алақан қылып қайтарады.

-Бар тамырдан қолқа алып кел!»- деп, бұ да қатынып жібереді.

Тамыр бұлқан-талқан болады:

-Мынау қай келемежі? Қара жорғам анау: топ жарып көзге түсіп, ас болған сайын алдымен келіп жүр. Аққан, тамған- бәрі айтады: «Баяғы пәленнің қара жорғасы!»- деп. Айдай әлемге белгілі, басы ашық ерек іс. Қозылы қойым анау текке алып қойған! «Жата-жата жамбасқа (жанбасқа)»- деп, мынаның зорлығы отіп кетті-ау!»- деп, тура сала биге шабады. Ол заманда Арғын, Найман ортасында: «хан Барлыбай»- атанған Барлыбай би бар болса керек. Бұл Барлыбай: «Бағаналы, Балталы, //Қиғіз қынды, қалталы, // Қағып қойса қалтасын, // Бұрқылдайды тоитарының талқаны!»-дейтұғын елден шыққан би. Наймандар: «Бағаналы-Барлыбай, // Жау шайқаған Саңдыбай»- десіп келеді. Оның: «хан Барлыбай»- атанғандығы-«Ақтабан шұбырынды»- сықылды бір жұт болғанда, оңгеден тігерге тұяқ, тағалы торы тай қалмағанда, Барлыбайда жалғыз ат қалып, ол заманда қарақтан өңге құрыса да, ас, той, жиын, батаоқыр құри ма?! Сондай, бас қосылатын жиылысқа өзге жан жаяу-жалғыз өгіз, түйемен шұбырса, жалғыз бұл атты болған екен де, сондықтан: «Хан Барлыбай»- атанған екен.

Анау шаққылдан барған соң, хан Барлыбай шақыртыпты:

-Манағыдан бермен жазған сөз бәрі ананың сөзі ғой. Ол сөзін қотені аузынан көріпін тұратұғын кісідей көлірткен соң, мұныкін есіттік. Ал, сен сөйле!»- дегенде, бұл айтыпты:

-Рас, мен мұнын бұл айтқан малдарын алып та жүрмін, осы күн астымда мініп те жүрмін. Және қозылы қойын алып малданғаным да рас. Бірақ бұл қолқасын алып еді. Алған күнде иненің көзінен отеріптей болып алып еді. Енді мынау жер мен көктің арасына сыймайтұғын кісідей көкіп отырғаны!»- дегенде:

- Сенен мен не алып едім?!»- депті.

-«Не алып едім?»- деп, Құдайдан қорықпай, адамнан ұялмай, қалай айтасың? Шақшамды алғаның қайда? Мен саған тамыр болғандығың үшін қимастықтан бергенім қайда? Басқа кісіге, көріп берейін десе, ұстағам ба?-депті.

Отырған жұрт мұның сөзін ерсі көріп күлісіпті. Сонда қара жорғаның иесі:

- Қыстың қатты боларын лақ (олақ) білер, күннің суық-жылысын құлақ білер. Берген нәрсең тұтамдай сныр мүйізі. Төрелегің Барлыбай-екең өзі-ақ білер!- депті.

- Көтені аузынан көрініп тұрған иттің былшылдан отырғанын!

Қыстың қатты боларын тоқты білер,

Қара күйын жайылымы құтты келер,

Пара беріп қоймасаң, Барлекеңе,

Айтылған сөз мәнісін бокты білер!- дегенде, Барлыбай би шамданып:

- Жаным, шақшамның не артықтығы бар еді?- дегенде,

- Шақшамды айтайын,-депті,- Шақшам серке мүйізінің тақысы еді, қозылы қой өзінің ақысы еді. Орай салған жезі бар еді, тоқсан маржан көзі бар еді. «Толық бір тай-ды, соны жез»-деп, маржандаған ұстаның қолқасына берілген кезі бар еді. Және: «Өзін сатса, бір түйе, бір атқа алар едік-ау!»- деген әркімнің сөзі бар еді. Және онымен қойды ма?! Бір шақшаны істеп бергендігіне тайды азсынып: «Тау жайлаймын»- деп, наршамды алды, «Ой қыстаймын»-деп, шотымды алды, «Қыр қыстаймын»- деп, балғамды алды. «Қалауым»-деп, бөрте атымды алды, «Жау шауып кетті!»-деп, төрт атымды алды. Қайқы келген қара атымды алды, тілік құлақ сары атымды алды. Сары аттың енесі кішкентайына бие еді, әкесі тұлпарға жиен еді. Енді сол шақшамды өзіме қайырса, мен қара жорғасын да, қозылы қойын да өзіме қайырып беріп, шақшамды өзіме бергендігі үшін, үйіме ертін барып, қалаған атын мінгізейін, үстіне тон кигізейін!- дегенде, отырған жұрт: «Бұған не айтасың?»- дегенде.

- Сөз тапқанға қолқа жоқ, сөз тапқанға қолқа жоқ!- деп, екі санын шапалақтап, тұра жөнелді дейді.

Шақша иесінің аты Нау екен. «Нау құрымай, дау құрымайды»- деп жұрт аузына ілінген алаяқ екен.

«Боштай өлді!»- деп, естігенде,

-«Боштай өлді!»- дегенше, «дау өлді!»- десеңдерші!- дескен екен.

Құс салып далақтан жүргенде, шақша түсіп қалып, жоғалған екен де, Нау оны біліп: «Токта, бәлем, аузына бір күм құярмын!»- деп, ішінде ойлап жүреді екен.

**3) Қазақ мақалдарына қатысты деректер.**

Қазақта бір мақал бар: «Ер туған жеріне, ит тойған жеріне». Қазақ соның айтуын білсе де, мағынасын білмейді. Бұл хадис шарифта Шың Алуан мен Алайманның мағынасынан алынған сөз. Жақын бір адам ұлы болды-ойғам. Отынның асылы сый дүр бізге. Топырақ- Адамның асыл шыққан жері, рухының өрбіп-өсудің жері. Құдай тәбәрік тағаладың құдірет қасы төбесінің шыққан жері- топырақ. Мұнан мағлұм болды. Шыл жұрты, шыққан жұрты- ақырет ғаламы.

Жалған дүниенің жүзі ішпек- құшпақ... үшін болған- тойған жері болды. Ердің ері, екеудің сынығы болған- жан.

Ақырет жұмысын қолтап, соның жабылғын ойлап, есі-дерті: туған жері сонда болады. Ер болмаған, ерлік ісін қыла алмаған жұртта қалған жемтік өлексені қиып кете алмаған игтей болып, дүние шылығымен алданып қатады.

Еркек семіз болса,  
Елдің құты.  
Қатын семіз болса,  
Үйдің жұты.  
Бұл сөз де бар:  
Еркек семіз болса- есек.  
Қатын семіз болса- салуы төсек.  
Өспейтін елдің жігіті  
Топ ішінде құрдасын  
«Қатыным!»- ойнайды.  
Өсетін елдің жігіті  
Топ ішінде құрдасын  
«Батырым!»- ойнайды.

Опар елдің белгісі:  
Аксақалы- үлгісі.  
Оңбас елдің белгісі:  
Аксақалы- күлкісі.  
Өсетұғын елге сілес кірелі,  
Өспейтұғын елге сыбыс кіреді (Пыш-пыш!).  
Кері кеткеннің саяғы  
Далада жүртіп төбіседі.

Күні кеше Сарыарқада қасиетті шаранаты: болып өткен Исабек (Исабек) пшан дуам айтып отырды екен.

Байлық- мұрап емес,  
Жоктық- ұял емес! деп

Құлақ естігенді көз бір көрмек. 1928- нші жыл, ұлу жылы, байлықтың мұрат еместігін көзінен көріп нанды.

Шортанбай қожа айтқан:

Байды құдай атқаны,  
Жабағы жүнін сатқаны.  
Кедей қайтсе, күн көрер,  
Жаздай жатақ жатқаны.  
Жалғыз сиыры бар болса,  
Соғымына сояды.  
Қағаздатып бұзауын,  
Ноғайына қояды.

Оның сөйлегені: біздің құрттай бала күнімізде еді. 1928-нші жылда, ұлу жылында, Құдайдың байды атқанын көзіміз көрді. «Құдай ұрғанды қоса ұрмаса, Құдайдың жандай досы болмайды», - деген де сөз бар.

Қазақ мақалы: Исін сыйлағанның итіне сүйек сал!»- дейді. Қазақ мақалы:

Дүние бір күн бетін көрсетеді,  
Бір күн көтін көрсетеді...  
Ақылы жоқтың, жақыны жоқ,  
Тойғанға тоң жоқ.

Қашқан түлкі қызыл көрінеді,  
Жаланащтікі ұзын көрінеді.

Жұртта қалған жөке арқан,  
Алып, кімді бай етеді,  
Қалып, кімді жарлы етеді?

Көңілсіз жұмыстан  
Көтсіз бала туады.

Сүт сүйек өсіреді,  
Киім көңіл өсіреді.

Баланың жеңінің ұшын жамаса,  
Қарыс бойы өседі.

Аман-айтуға  
Есен- естуге  
Семіз- көруге!

Бала күнде Мұса Шорман би ұғлынан естіп едім.

Қарадан хан қойса, қасиеті болмайды.

Үлгісізден би койса, өсиеті болмайды.  
Қалымасыз пір болса, кереметі болмайды.  
Алалы тұяқ арам мал берекеті болмайды.  
Атадан қалған адал мал әрекеті болмайды.

Тоқтышақтан тон кесе,  
Желді күні тоңбайды.  
Қарғыс алған атадан,  
Егіз екі оңбайды.  
Үш ай, тоқсан түспесе,  
Үлкен теңіз тонбайды.  
Қатын шайпау болмаса,  
Ер жалғыз үй қонбайды.

Бірді беріп, мыңды алсаң,  
Бір байырғыдай болмайды.  
Мың олжадан бір байырғы деген жоқ па?  
Айтқыл сөзді ұққанға,  
Жанды-жанға соққанға!  
Айтып-айтпай немене  
Мақтамен құлағын тыққанға!  
Батыр деп оны қайтесің,  
Түйе үстінен бұққанға,  
Дос деп оны қайтесің,  
Есікті қатты серіпін шыққанға!  
Жақсы деп оны қайтесің,  
Амалы ішіне сақтап  
Көтіңе қолын сұққанға.

#### 4) Сараңның барып тұрған сараңы.

Бір келіншек қатынға біреу:

- Енең келеді,- дегенде:

-Енем інге кірсін!- депті.

-Уай, байғұс, енеңнің қанжығасында саған салып келе жатқан оша (шеке)  
мен төсі бар,- дегенде:

-Енемнің менен басқа несі бар?- депті.

Сонда енесіне тамақ берерде айтқаны:

-Айран аяулы, қымыз құюлы, төс шандыр, сүт ыстық. Не болса да, таң  
атқан соң көрерсін,- деп, аш жатқызыпты.

Енесі:

- Үйге қайтамын,- дегенде, айтқаны:

- Бір сиырым бар қарала, нанбасаң барып арала. Бір сиырым бар мөшке, өзі келеді кешке. Бір сиырым бар қашар, айдап жүруіне нашар. Бір тайыншам алабас, айдауына жарамас,- деп, қайтарыпты.

Бір кедей, Жансары, өзінде ұл жоқ, жаяғыз қызын Қозғанға ұзатқан. Жалғыз қызы төркіндеп келгенде, айтқаны:

- Бір сиырым алабас, айдауына жарамас. Бір сиырым қашқан жоқ, сен түгіл бұқа етегін ашқан жоқ. Енді біреуі қашып кеткен қашар, айдауыңа нашар. Бірді-екілі бес тайынша, о да айдау- байлау көрмей жүргендігін жақсы көреді жайынша,- деп, қызын құр қайырыпты.

Ақырында:

-Өлер шағым болды,- деп, қызын шакыртып алып, бір бұзау тайынша беріп қайтарыпты.

## 10. Жұмбақтар

(өз қолжазбасы бойынша)

1. Бір жапырақ еті жоқ,  
Бір ұрттам қаны жоқ,  
Белгілі жаны жоқ,  
Сөйлегені не нәрсе?
2. Бір жапырақ еті жоқ,  
Бір ұрттам қаны жоқ,  
Белгілі жаны жоқ,  
Не керектің бәрі өзінен табылған не нәрсе?
3. Жансыз, денесіз, дем алып тұрған не нәрсе?
4. Бас, көз, ауыз, тілден дәнеме жоқ,  
Айтқан сөзі артында қалған екеу не нәрсе?
5. Жын емес, адам емес, періште емес,  
Адам баласына тағылым берген не нәрсе?
6. Жын емес, адам емес, періште емес.  
«Охи!»-ға не болған не нәрсе?
7. Өзі өлді де, өлгендік себебімен  
Екінші өлікті тірілтуге жарады- не нәрсе?

## 11. Жаңылтпаштар

(өз қолжазбасы бойынша)

1. Қырда қылау,  
Қызыл ала бұзау.  
Жатыр жалмаң құлағы,  
Қику қыздардың қызыл ала тырнағы.  
Қызыл тырнағы қылтылдақ,  
Сүйір тырнағы жылтылдақ.

2. Тауда татақ тарғылша,  
Матақ суда сотақ,  
Солқылдайды қу бұтақ.

3. Отырар таудың басынан  
Отау тікпек ойнайық.  
Ор киіктің (ор қоянның) [1] терісін  
Сыпыра (отыра) [2] сілікпек ойнайық:  
Олай сілікпе, бұлай сілік,  
Жан-жағыңа қарай сілік,  
Отарбайдың үйін сілік,  
Үйі толған қызын сілік,  
Семіз қызын серпей сілік,  
Арық қызын аяй сілік.

4. Мынау кімнің қотаны,  
Қайын атамның қотаны.  
Қотаныңда қос терек,  
Жайылып шыққан [1] (айналасы) жас терек.  
Қайын атамның қотаны,  
Маған тік тұрды,  
Мен қайын атамның  
Қотанына тік тұрдым.

5. Жүк үстінде төрт бөрік,  
Төртеуі де көк бөрік,  
Кел, қыздар, сол бөрікті [2] тігіселік, сөгіселік!  
Кел, қыздар, тігіселік, сөгіселік,  
Кел, қыздар, тігіселік, сөгіселік!

6. Дарияның ортасында сен келеді,  
Сенменен сексен серке тең келеді.  
Сексен серке біреуін ұстап алып,  
Сақалын суға салып-малып,  
Сілкіп, сығып, сақалын суға [3] малып-малып,  
Сілкіп, сығып, сақалын суға малып-малып,  
Сілкіп, сығып!

7. Жанбыр жауып келеді, қар аралас,  
Насыбайдың ішінде күл аралас.  
Бір топ қатын келеді қыз аралас,  
Ойпан жерге шөп шығар көде аралас.

## 12. Бақсының сөзі

Әуелі, Құдай, сен онда,  
Сен ондасаң, біз мұнда!  
Тілеген тілек және бер,  
Қас бедеуге бала бер!

Жаксы Құдай, жай Құдай,  
Мырза Құдай, бай [1] Құдай!  
Әуелі Құдайым Көк жасаған,  
Сонан кейін Жер жасаған!

Сыйынайын, бірінші, Құдай,  
Екінші, сыйынамын [2], Мұхаммед!  
Біріне [3] біз құл болдық,  
Біріне үмбет болдық.

Үшінші- төрт жар [4],  
Төртінші- сексен сегіз машайық.  
Жүз жиырма төрт пайғамбар,  
Меккедегі [5] әулие,  
Мединедегі әулие,  
Хан Шыңғыста әулие  
Қызылтаудың басында- Қыз әулие,  
Баянауласында- Қоңыр әулие,  
Өгізтаудың басында- Өгіз әулие,  
Қошқартаудың басында- Қошқар әулие!

Таудағы бұланнның,  
Іштен шыққан айдаһар жыланның [6]  
Өлі десем, өлі емес,  
Тірі десем, тірі емес,  
Ата[сы] –Қорқыт әулие!

Уақ атасы- ер Көкше:  
Бриігінің белгісі-  
Садағына келген- сан кісі,  
Мылтығына келген-мың кісі!

Сары, Баян, Сарша, Өтеулі!  
Үш жүз сексен ат-  
Бәйгеге қосқан Көрнебай,  
Арғын атасы-Қарақожа,  
Ханда-Абылай, қарада-Қазыбек,  
Жалаң аяқ- Ғазиз,  
Диуана ірім [7],  
Тортуылда [8]-Торайғыр,  
Нағашы[сы]-Тұрдыбек.

Өзім[нің] нағашы атам-  
Жағалбайлы: Түнқат,  
Қаракерей [9]: Қабанбай,  
Қаз дауысты [10] Қазыбек,  
Қаракерей: Мұрында [11]Қандыбай,  
Шақпақұлы Жәнібек,  
Тобықтыда- Құнанбай [12],  
Ішіндегі- Доғалбай.

Өте шықты Құнанбай заманында  
Таздың арғы атасы-Шойынқара.  
Қара, сары Қондыбай-  
Әулие [13] қасиетті өткен.  
Терістаңбалы-арғы атасы- Кентбұға.  
Өте шықты ішінде-Аманқұл бақсы,  
Бәсентиін арғы атасы- Барлыбай,  
Ішінде-Тасыбай:  
Тұрлыбек- дуанбасы [14].

Әуелі Құдай жын жасаған,  
Бірінен –бірін мол жасаған.

Жының артың атасы- Кентбұға,  
Жың атасы- сары Абыз [15]  
Жың атасы- сары Азбан,  
Оуре қылма сен, Азбан!  
Жың атасы-Бердубай,  
Жың ұраны: «Екеу-екеу!»  
Аспандағы менің бес пірім,  
Қырық пашақ салдырған [16]!  
Қырық ине маған түртіп,  
Төбеме айдар қойдырған,  
Жыңға мойын қойдырған,  
Көңбегенге қондырған,  
Қу ағашқа төндірген,  
Аксақалыдан бата алдырған,  
Ақсарбае қойлы сойдырған!

Бес бала- бес асау тай үйге кіргізген,  
Ерегескен жерге дерт саяған,  
Жың болып байланған,  
Кезбе [17] болып айналған!  
Ойдан келген ол қожа,  
Қырдан келген қырық қожа,  
Ол қожаның шіңгіле-  
Өзіреті қожа:  
Жеті [18] өлікке жан берген,  
Жамаат жаңды тең көрген,  
Белсізге бел берген,  
Перзентін тең берген!

Он қолымды ораймын,  
Сол қолымды сұраймын,  
Шежіреге басып сүйеген,  
Күнге пашын тараған,  
Ата қадірін білмеген,  
Ана сүтің ембеген,  
Желден жеті қоян айдаған,  
Дұғаменен байтаған,  
Жеті кетпен, шот басқандай болдым,  
Жеті қазан а түскендей болдым!

Он екі ақ боз ат,  
Ойнағандай күн қайда?!  
Жын шақырдым қан бардан,  
Қияда жатқан жандардан!  
Темір жанға сәлем- де:  
Хабар бер: ауыр қол жисын,  
Темірден тон тікесін!  
Ойдан келген он бөрі,  
Сол бөрінің ішінде  
Алты ауызды көк бөрі-  
Көк жеңдегі көліңде, бай еліңде!

Жұмабайдың баласы,  
Кесер кеуде [19] көк қабан,  
Жын ішінде сен жаман!  
Мандай терісі құрысып,  
Жын біткенмен ұрысып,  
Жортегімде жабысып,  
Он бір жаста табысып,  
Қаракерей-Мұрыннан келген,  
Жиеннен [20] туған жиен бар.  
Тоғыз ұлдың кенжесі-  
Мырзабай-Қабыл.  
Сарала қамқа тон киген,  
Сары арғымақ ат мінген,  
Қылышың қыңға қынаған,  
Келдің, бұл, бұ жолда  
Қысан қатынның ағасы  
Қара алып жатқан шаңырақ басында.  
Тұқымы [21] жоқ кісідей,  
Тобықтыдан келді:  
Қаражігіт-Күліхан,  
Алтайдан келген алтауым,  
Шабдар атты кемеңгер.  
Елден келген- скеуім [22],  
Желден келген- жетеуім!  
Елден келген- Ақәділ,  
Шандұтбастан келген Шаңдыаяқ.  
Қайдан келген еңтелен.

Бэйге атындай ентелеп?!  
Көк ала сакал Көзімбет,  
Алшыс атты, қырық жаяу  
Мынай-Жүзай,-  
Сен- жарқыным, жолдасым!  
Жоғазтыңнан келген төрт атты,  
Төментіннен келген бөрте атты[23],  
Кейінде айыш жетпес сары атты!

Адым-адым басқан,  
Адымы жерді күйдірген,  
Тұяғы құмды суырған,  
Тозаң-тозаң жүгірген,  
Тозаңды жерге су жырған (ирған).

Жол, жол жатыр,  
Жол жағалай қол жатыр.  
Сонша қолдың ішінде  
Қарабек атты сұлтан жатыр!  
Хан Тілеуберді сұлтаным,  
Арғынғазы-Шолпаным [24]!  
Ойдақ кірген ойпатым,  
Қырдан келген бекзатым-  
Дәуіт пайғамбар, ер Дәуіт!

### 13. Бата үлгілері

#### Бата

Иә, Құдайым, жарылқа:  
Жарылқасаң, малды қыл,  
Біткен жұрттың алды қыл,  
Бұған қас сағынғанның  
Малын алып, жарлы қыл!  
Алла әкбар!

Иә, Құдайым, бала берсін,  
Мал мен басты және берсін,  
Саған қас қылған дұшпанға  
Табаныңның астына сала берсін!  
Алла әкбар!

Иа, Құдайым, ондасын,  
Мың саулығың қоздасын!  
Сексен түйен боталап,  
Сегіз келін қомдасын!  
Тіленшінін [1] биесін берсін,  
Үйсін, Қоңыраттын түйесін берсін,  
Біткен аруақ бәріне тие берсін!

Алла әкбар!

Құдайым, жарлықасын, бай қылсын [2],  
Төрт түлігің сай қылсын!  
Кетпес дәулет берсін,  
Кен пейіл берсін!  
Құрмалдығың қабыл болсын,  
Тілеуің [3] дұрыс болсын,  
Мұратың хасыл болсын,  
Тілеген тілегіңізді берсін!

Алла әкбар!

Асын, асын, асына,  
Береке [4] берсін басыңа!  
Бөденедей жорғалап,  
Қырғауылдай қорғалап,  
Қыдыр келсін қасыңа!

Осы тұрған боз үйге  
Қыдыр ата дарысын!  
Бәйбішесі бұл үйдің  
Он екі құрсақ көтеріп,  
Ұлга [5] көзі жарысын!

Желіңнің [6] о шеті мен бұ шетіне  
Оқ жіберсе [7], жешесін!  
Тәңірі берген несібен  
Тенкілесен [теккілесен] [8], кетпесін!  
Әр кезде байлық кетпесін!  
Кешке келіп шулатқан,  
Қошақайдың [9] атасы-  
Қошқар бассын үйінді!

Бақайлары шырғылдап,  
Мүйіздері жылтылдап,

Үй арасын бок еткен,  
Ішсе, айранға тоқ еткен.  
Бұзаулардың атасы-  
Бұқа басын үйінді!

Шудаларын шаң басқан,  
Артқы өркешін ком басқан,  
Ботақайдың [10] атасы-  
Бура басын үйінді!

Шыңғыр-шыңғыр [11] кішкескен,  
Тышып, боғын ніскескен,  
Құлыншақтың атасы-  
Айғыр басын үйінді!

Саған кәс қылған кісінің  
Базарға барып, аты оңсің!  
Ерте кетің, қайтқанда,  
Үйіне келсе, қатыны оңсің!  
Көгіне тышқак тисің,  
Қолына пышак тисің!  
Тышқағы тыйылмасын,  
Төсегі жиылмасын!

Шаңырағы шартылдап,  
Шаңдырына қадалсын!  
Босағасы борғылдап,  
Борбайына қадалсын!  
Күлдіреуіші күрт сынып,  
Көгіне қадалсын!

Алла әкбар!

### Бұрынғылардың бағасы

Әуелі Құдай жарылқасын,  
Пайғамбардың берекетін берсін!  
Әбубәкір, Сыздықтың салауатын берсін.  
Әділ Омардың лайбатын берсін,  
Әзіреті (хазірет) Оснанның ұятын берсін.  
Әзіреті Әлінің (ғалынын) қуатын берсін!

Ибраһым (Ибраһим) пайғамбардың малын берсін.  
Әкім Мұқанштың жасын берсін,

Әкім Сүлейменнің тақытын берсін!  
Ескендір (Александр) Зұлқарнайынның бақытын берсін,  
Атымтай жомарттың лаңқын берсін,  
Дәуіт пайғамбардай отыз ұл берсін!

Ұл берсе, оразды берсін,  
Қыз берсе, қылықты берсін!  
Жасы ұзын болсын,  
Жүзі қызыл болсын!  
Айғырын үнді келсін,  
Қошқарын жүнді келсін!  
Қызың құнды келсін,  
Ұлын құнды келсін!

Дәулетін зияда болсын,  
Дұшпаның пияда (сияда) болсын!  
Ұлың ұяда болсын,  
Қызың кияда болсын!

Адам жаласынан, бұлт аласынан,  
Көрінер, көрінбес мың да бір пәлесінен-  
Патша Құдайым өзі сақтасын!

Кәсірді мұсылман еткен,  
Мұсылманға дін үйреткен,  
Әкімдердің (Айымдардың) сәлеметтігіне,  
Халық камын жеген-  
Қарқарадай хандардың сәлеметтігіне,  
Ел камын жеген-  
Едігедей билердің сәлеметтігіне,  
Өз еңбегін өзі жеген,  
Құдая, шүкір, тәубе дейін-  
Қара бұқара халықтың сәлеметтігіне!

Халқын жұртын,  
Қаны бірге ұлтын-  
Ілгері бастырамын деген-  
Еңбекшіл ерлердің сәлеметтігіне!  
Көй орнына ат берген  
Атымтайдай жомарттардың сәлеметтігіне!

Баяғыда тойға жасанып келген сұлу қыз- дүгіне қартайып, қайыршы кем-  
пір болып, қаранғиял байларды- ұшынған сорпа, қағынған ет есепті қылып.

қапшығына салып алған. «Жемесе де, май жақсы, // Бермесе де, бай жақсы!»- деген.

Қап түбінде қалғандардың сәлеметтігіне!  
Молдаларға қол берген, көрпе салып, төрге алған-  
Уызы арылмаған байлардың сәлеметтігіне!

Халқы, халайығы қостаған,  
Орындықты (орнықты) саба ұстаған-  
Бәйбішелердің сәлеметтігіне!

Тақыр жерде тайғақ бар,  
Тәңірім, онан сақтасын!  
Бату жерде пәле бар,  
Машайық онан сақтасын  
Шұңқыр жерде шайтан бар,  
Сақтаушы онан сақтасын!

Ойнақтаған он қолың  
Ақ білекте қарайсын!  
Қимылдаған екі аяқ  
Табаныңда қарайсын!  
Аузыңдағы отыз тіс  
Таңдайыңда қарайсын!  
Құдай қосқан қосағын  
Бірге ілесіп қарайсын!

Малыңызға, басыңызға берекет берсін!  
Саған қас сағынғанға ала- құла әрекет берсін!  
Көктен жаудырсын,  
Жерден өндірсін!  
Байды Құдай байытсын,  
Бәйбішені қайытсын!

Киденің кір болмасын,  
Мінгенің тер болмасын!  
Алла ойыңда тұрсын!  
«Құл-буалла»- қойныңызда,  
«Әлхам»- аузыңызда,  
«Иасин»- жадыңызда болсын!

Бұл оқыған аяттар ай болсын,  
Сегіз пейіш ортасында көңілің жай болсын!

Іргенді аралап, дау жетпесін,  
Елінді аралап, жау жетпесін!  
Сізге пәле сағынғанның  
Өз басынан кетпесін!

Иа, Жадил, әл-жәллат,  
Иа, Кәрім, әл-керемет,  
Пендең саған аманат!  
Сақтағайсың сәлемет!

Алла әкбар!

## Бұрынғылардың тағы бір батасы

Арқадағы Абылайдай бол,  
Бұхарадағы Даниярдай бол!  
Қойкелдің қойын берсін,  
Қойсоймастың ойын берсін!  
Токаның жылқысын берсін,  
Ақылдының құлпысын берсін [1]!  
Боқтыдай бай бол [2],  
Байкелді, Бостандай мырза бол!  
Қарасудан көпір салып өткен [3]-  
Толыбайдың жолын берсін!  
Арқадағы Абылайдай даңқ берсін [4],  
Бұхарадағы Даниярдай бақ берсін!  
Қойсоймастың ойын берсін [5],  
Қойкелдің қойын берсін!  
Боқтыдай байлық берсін!  
Байкелді, Бостандай мырзалық берсін!  
Азнабай, Сапақтай бол [6],  
Байқонды, Бапақтай бол!

## Кейінгі бір бата

Көкшетау жағында бір үйге қонған екен: әкелі-балалы екеуі. Қонған үй көже қылып беріпті. Сонда әкесі:

- Дастарқанға бата қыламын,- дегенде, әкесінің қолын қағып жіберіп:

-Көже батасына мен жүйріктің! - деп, шұбыртып сойлеп бата қылғаны:

- Коже, коже, қор, ұстан!  
- Қайдан шыққан бұ коже?  
- Аузы түкті орыстан!  
Кұдай ұрған қу елсің,  
Жау шапса, саған болыспан!  
Кұдай айдап біз келдік  
Ел шеті алыс қиырдан.  
Соймаған сарлы не еткен жаң,  
Қора толған сиырдан.  
Жеуіңе қымай жүргенде,  
Түк қалмас жұтта биылдан!  
Коже шөптің басы екен,  
Қу кедейдің асы екен.  
Сен бай болып, не етесің?  
Төрт аяқты малдан-  
Түк көре алмай, кетесің!  
Ешкіні елде қор,  
Қойды мың күншілік жолда қор!  
Түйе туа бітпесін,  
Жылқыдан садақа кет!  
Көкшетаудың басын көре кел,  
Көкөзектен арман асыл, қалаға кет!  
Өмі аруақ жебесін,  
Тірі аруақ демесін!  
«Осы үйден ет асаймын!»- деп,  
Келген баланың мен сілің енесін!  
Өзі аш қонақ,  
Өзі қу қонақ-  
Мұнан артық не дейін?!

Сонда үй иесі ұялғанның:

- Мына бәлекетке қуырдақ қуырып бер, қатын!- депті.- Айтқан сөзі еткен оғиң, сүйекке желгі той!- деген соң, қуырдақ қуырып, тойғыздыты. Қуырдаққа берген батасы:

- Мұның аты- қуырдақ,  
Шың ықыласпен берген соң,  
Пісіп қалды-ау жуырда-ақ!  
Манағының бәрі ойың,  
Ырысын өссін дуылдап!  
Саған қастық қылғанның  
Баласы қалсын шуылдап!

## 14. Мысал-аңыз үлгілері

### Қаршығаны мақтағаны

Бір кісінің қаршығасын ит өлтірді. Бұ кісі көп жылады. Жылап бұ оленді айтты:

Айтамын Құдайдан соң Мұхаммедті,  
Сібірде көкжал салды көк жендетті.  
Тоғыз түлек болғанда, топ қазды алып,  
Қазасы көкжендеттің [1] иттен жетті.

Көкжендет алты қаштың бауыңды үзін,  
Шыдамай өнеріңе, кеттің сүзін [2].  
Сенімен он сегіз жыл болдым жолдас,  
Кеттің бе шыныңменен күдер үзіп?!

Көкжендет, ұшушы едің желдей есің [3],  
Тұрушы ең қазды ұстап, жаннан кешіп.  
Қара көт қакшымақтан ілгеніңе,  
Тұрады күдірейіп көк жендетсің.

Көк жендет, үйле кеңес, түзде кеңес,  
Салғанмен қанша құсты [4], сендей емес.  
Аралас шүрегейі топ үйректен [5],  
Басқаны кижектерден алушы емес.

Көкжендет, мойның ұзын, шалғың қысқа,  
Салғанмын жалықтастан [6] талай құсқа.  
Алты қаз, он бес үйрек бір жерде [7] алып,  
Дуалақ жолықпады [8] сен байғұсқа.

Көкжендет, сен де кәрі, мен де кәрі,  
Көк жендеттей болсайшы [9] құстың бәрі.  
Алты қазды бір жерде алып ұрып,  
Танбайды баяғысынан байғұс кәрі!

Көкжендет, ұшушы едің тоғайды өрлеп [10],  
Талай ат тұрып қалған көзі терлеп [11].  
Кешке таман болғанда, дабыл тиіп,  
Есіл мен Еділде [12]: « Мені көр! »- деп.

Көкжеңдег құсым, салдым тоғайды өрлеп [13],  
Таспай ат тұрып қалған көзі терлеп.  
Көйдектің шұбатылған жөнін басып,  
[Кө]рі қыз тұрушы еді: «Келсең, кел!»-деп.

Көкжеңдег бүтін бүдің түстің [14] еске,  
Қарайтын танушы емес ертең кешке.  
Сұқсырлар, кежектер мен голып қалды.  
Жүтірдім сасқанымнан Қозыкөшке.

Тірлікте үшбу хатты тамам қығған,  
Сөз айттым ықыласпен бұрынғыдан.  
Қолыма қағаз алдым сия менен.  
Жетелі мұратына дұға қылған.

Қолыма қағаз жаздым, қалам алып,  
Әнеу күні Токболатқа қайттым барып.  
Қарағым, гәрбінене ыңық болып,  
Мен қайттым сөйлесе алмай, құмарланым [15].

Жазғаным қағаз бенен қалим, сия,  
Лияздып екі көзің сиятында.  
Мен бардым маңазыма дүйсенбі күні [16].  
Не қылып келмей қалды қақкам, сірә?

Мен бардым жұма күні құра апнен,  
Қайтейін күйкыяжыған мінезінен?!  
Күнде қырық көрсем де, арманым жоқ,  
Өлермін диуана боп қайғыменен!

## Бозторғай

«Қиын жол қияметтің - тар-ды»- дейді,  
«Бір жағы- су, бір жағы от [1], жар-ды»- дейді.  
«Хазірет Галыпайғамбар заманында  
Маңайыңды бір мүсәпір бар-ды!»- дейді.

Қоңиінде ол мүсәпір аласы жоқ,  
Ірлі-байлы екі бае [2], баласы жоқ.  
Жарлығы Жаратқанның сондай қатты.  
Бір жалағыз тым болмаса қарасы жоқ.

Кұдайы береді екен есіне алып,  
Асы жоқ ішеріне байғұс [3] көріп.  
Күннде [4] амалы жоқ ол бейшара.  
Суларға [5] жүреді екен қармақ салып.

Үшқан құс, жүрген ит - бәрі тамақ,  
Шәкірттер ұстатынан [6] алар сабақ.  
Ұзын күн қармақ салып жүрсе-дағы [7],  
Ішпін қармағына жалғыз шабақ.

Ол жарлы қармақ салып, қайтады екен,  
Келілік мүсәпірге батады екен.  
Екеуі бір шабақты қорек қылып,  
Соныменен ауағы отіп [8] жаады екен.

Ол жарлы бұрынғыдай бола алмады,  
Көңілі күндегідей тола алмады.  
Бір күні күні бойы қармақ салып,  
Еш нәрсе қармағымен ала алмады.

«Қиын жол қияметтің - тар-ды»- дейді,  
«Бір жағы- су, бір жағы от, жар-ды»- дейді.  
«Ол күні аш болған соң жазған көріп.  
Кәсірге тамақ сұрай барды»,- дейді.

Жоктықта қинар нәсіл [9] көріп жаңды,  
Көреді ол мүсәпір апнас танды.  
Не берейн тегін тамақ ол көшір де  
Бір теңгесін тамағын қарыз а алды.

Пайғамбар бізден бұрын өтті дейді,  
Кемелге тасулі құл [10] жетті дейді.  
«Пәлен күні кепіл тауып беремін!» -деп.  
Бір күнді болжал қылып [11], кетті дейді.

Ол жарлы бұрынғыдай бола алмады,  
Көңілі күндегідей тола алмады.  
Болжал күні болғанда, барып еді,  
Берерге жалғыз тиын таба алмады.

Жоктықта қинар нәсіл көріп жаңды,  
Көреді ол мүсәпір апнас танды.  
Күннде ол теңгесін өлей алмай,  
Ешпін жарлы мойшына өсім салды.

Жоктықта қинар нәсі кәріп жанды,  
Көреді бұ мүсәпір атыас танды.  
Күнінде ол теңгесін өтей алмай,  
Мын қылып, бір теңгесін хатқа салды.

Жарлыға мың теңге ақша түсті дейді,  
Кедейлік бәрінен де күшті дейді.  
Ақшасы мыңға жетіп кеткеннен соң,  
Жарлыны: «Ақшам бер!»- деп, қысты дейді.

- Қайдан тауып (табып) беремін саған?- дейді,  
- Аз ғана аял берші маған!- дейді.  
- Саған берер бір тиын еш нәрсем жок,  
Барайын Мұхаммедке таман!- дейді.

Жаман жок бұрыс басқан асқанынан [12],  
Бір теңге мыңға қадам басқанынан.  
Мысырды бұл мүсәпір қырық айналды,  
Барарын білмей қайда сасқанынан.

Шаһарда бұл бармаған есік қалмай,  
Бас салып ешбіріне кіріп бармай.  
Сылтау ғып өне-міне дегенменен,  
Тенгесін қояр емес кәпір алмай.

Ол жарлы бір Аллаға налып [13] келді,  
Қоймасын ол кәпірдің танып келді.  
Өзінен берер [14] нәрсе жок болған соң,  
Сасқаннан Мұхаммедке алып келді.

Құдайдың салғанына көніп келді,  
Енгенде Мұхаммедке күліп келді [15].  
Мұхаммед, сақабалар- бәрі отырған  
Жерінде сәлем беріп кіріп келді.

-Уағалейкум әссалам, айі, мүсәпір,  
Бұл қалай қасыңдағы жүрген [16] кәпір?  
Екі көзің жылауда, а, мүсәпір,  
Қай жаққа алып сені бара жатыр?

- Сыйынсаң бір Аллаға, бұрын сыйын,  
Іс өткен соң сыйынсаң, болар қиын.  
Бар еді бұ кәпірдің менде ақшасы,  
Берерге таба алмадым жалғыз тиын.

-Жаратқан бәрімізді бір Құдай-ды,  
Жаратты жарық қылыш Күн мен Айды.  
Өзінен берер нәрсең жоқ болса егер,  
Барасың мұны ергіш [17] енді қайда?

-Жаратқан жабдығымыз бір Құдай-ды,  
Жатқанға шалқасынан дүние қайда [18]?  
Оң сегіз мың ғаламның патшасы- сіз,  
Бір пайданыз тиер ме екен осындайда?

Өзіне мал жимады ол пайғамбар,  
Малы көп сақабалар пейілі тар.  
Жан-жағында отырған сақабалар  
Караса, Мұхаммедім жерге қарар.

Ашуы ер Ғалының енді келді-ей,  
Көңілін кең жаратқан хак шалқар көлдей.  
- Бадам жерге қарады- деп, хазірет Ғалы,-  
- Бата бер, мен үзем!- деп, тұра келді-ей!

- Бата бер, мен үзем!- деп, тұра келді-ей!  
Ашуы ер Ғалының қатты келді.  
Адамның өн бойына біткен түгі  
Киімнен найзадай боп, шыға келді.

Ол Мұхаммед пайғамбар бата берді,  
Ғалының айтқан сөзін қабыл қорді.  
Бабасынан бата алып хазірет Ғалы  
Ерітін ол мүсәпірді үйге келді.

Шүкір қылдым Құдайдың бұл ісіне,  
Тағы тәубе қыламын әр ісіне.  
-Ақша бар ма кәпірге беретін?- деп,  
Үйдін ішін тінтірді Бибісіне.

«Жоқ еді!»- деп, аузына ала алмады,  
Көңілі күндегідей бола алмады.  
Үйдін ішін ақтарып қараса да,  
Берерге жалғыз тын таба алмады.

Қайғысыз хазірет Ғалы ер-ді дейді,  
Берер нәрсе таппады енді дейді.  
«Бұ ақшанды тауып мен үзермін!»-деп,  
Екі ұғылын (ұлын) кәпірге берді дейді.

Хасен мен Хұсайынды алды дейді,  
Қуанып көпір үйге барды дейді.  
Екі етегін беліне түріп алып,  
Бір жаққа бетін түзеп салды дейді [19].

Жолында хазірет Ғалы жалғыз жүрді,  
Жалғыз жүріп, көп ұлт мола көрді.  
Ол моланың басына келді-дағы,  
Отырып хазірет Ғалы дұға (дуа) қылды.

Молада бір торғай отыр, көзін салды,  
Торғайды көремін деп көңіліне алды.  
Ер Ғалы айналдырып көріп еді,  
Сол жерде көргеннен соң, қайран қалды.

«Ұстап алып торғайды көрсем!»- дейді,  
«Хасен мен Хұсайынға берсем!»- дейді.  
«Біріккенде ермек қылып, ойнар еді,  
Алып бірып оларға берсем!»- дейді.

Не күшті, ойлап тұрсам, Құдай күнгі,  
Аузыма айтып едім, Құдай түсті.  
Шап етіп аяғынан ұстап еді,  
Торғай құе жұдырықтай алды да, ұшты.

Ер Ғалы бір Аллаға нанып кетті,  
Боларын бір тамаша танып кетті.  
«Маған енді не пар?»- деп, жүрген Ғалы [20]-  
Жұдырықтай бір торғай алып кетті.

Жаратқан жер дүниені жексенбі күні,  
Қараңғы өпкендерге болады түні.  
«Хазірет Ғалы, торғайдан айрылма!»- деп,  
Артынан ашы дауыс шығады үні.

Ол торғай аспанға шырқап шықты, қайырмады,  
Сойтсе де хазірет Ғалы қайғырмады.  
Біріккеннен торғайды тұтып еді [21].  
Ақырында ерлікпен айрылмады.

Қайғырып хазірет Ғалы саспады енді,  
Бір жолға Құдай тағала бастады енді.  
Ол торғай аспанменен алып келін,  
Ғалыны жаппап түзге тастады енді [22].

Ер Ғалы бұрынғыдай күде алмады,  
Қалды жаяу астына ат міне алмады.  
Ғалыға бір зор уайым енді түсті,  
Өзі қайдан келгенін біле алмады.

Ер Ғалы тәубе қылып, күлді дейді,  
Болғанын бір ғажап іс [23] білді дейді.  
- На, Құдай, өзін оңға баста!- деумен  
Аяқтан бет алдына жүрді дейді.

Жүре- жүре бір асқар белге келді,  
Өзі туып көрмеген жерге келді.  
Әр жолға Құдайымның өзі бастар,  
Бір көп жойқын ен жатқан [24] елге келді.

Ер Ғалы елге қарай жүрді дейді,  
Бір шағардың ішіне кірді дейді.  
Бір еркек жоқ көрінген, бәрі ұрғашы,  
Бір қараша үй көрін. келді дейді.

Келді де қараша үйге сөйлес қылы,  
Сөйлес қылса, бір жаман кемпір келді.  
-Кемпір-ау, ірі еркегің еліңде жоқ,  
Сұраймын, жөніңді айтшы [25], не елсің?- дейді.

-Айтайын жөнімізді сізге бағыр,  
Сұрасаң, жөніміздің өзі кәпір.  
Бар еркегі елімнің тойға кетті,  
Патшамыз осы уақта той қып жатыр [26].

Ғалының ауады енді тентек ойы,  
Кемпірдің қозғалады тұра бойы.  
-Қимылдаған еркегің бәрі кетіп,  
Ол қылған патшаңыздың нешің тойы?

-Бір жерге тамам кісі орнайтуғын[27],  
Мойынын бөтен жаққа бұрмайтуғын.  
Патшаның мәжілесі бар жұма сайын,  
Сауық қып, кеңес қылып жырлайтуғын.

- Кетіпті ірі еркегің тамам!- дейді.  
-Не болды онда бармай саған?- дейді.  
-Мұсылманның дініне кіргізейін.  
Ол тойың тура сізге маған!- дейді.

- Барар болсаң, көп тұрма мұнда- дейді,  
-Менің айтқан сөзімді тыңда!- дейді.  
-Сонау жерге барғанда, дауыс шығар,  
Той қылып, шулап жатқан сонда!- дейді [28].

-Бір жақсылық қылайын, кемпір!- дейді,  
-Тіліңді қалимаға келтір!- дейді.  
-Мұсылманның дініне кіргізейін,  
- «Лә-ила-ила-Алла!»- келтір!- дейді.

-Дінімді бермен, тілімді берсем-дағы,  
Көңілім бермен, сөзіңе ерсем-дағы.  
Тілімді қалимаға келтірмеймін,  
Өз құмымнан [29] шықпаймын олсем-дағы!

Сонан соң хазірет Ғалы тасты [30] дейді,  
Кемпір жаман ол қорқып састы дейді .  
-Өз құмынан шықпайтын неме екенсің [31],  
-Деп кемпірді дарға (дараға) асты дейді.

Кемпірден бір ашуын алды дейді,  
Кемпір байғұс тырайып қалды дейді.  
Екі етегін беліне гүріп алып,  
Ер Ғалы тойханаға барды дейді [32].

Сол тойға келді жаяу Ғалы батыр,  
Кәпірге-жүрген жері- заман ақыр [33].  
Самсаған сары қолға келді жетіп,  
Той қылып, шуылдап жатыр тамам көпір.

Хазірет Ғалы сол тойға келді жайнап,  
Кәпірлер шулап жатыр күліп-ойнап.  
Кіріп барып отырды ортасына  
Сансыз құндын бәрінің көзін байлап.

Сыйынды хазірет Ғалы Алласына,  
Кіріп барып отырды ортасына.  
Мас болған арақ ішіп, сауық қылып,  
Енді кенес айттырмақ молдасына.

Кәпірлер өз есінен шықты дейді,  
Бір-бірін арақ беріп жықты дейді.  
Сол азан салдыртқалы [34] молдасына,  
Басына мұнаның шықты дейді.

-Жігіттер, ал тыңдайық. кідіріңізіші,  
Тыңдасаңыз құлақ салып: «Е!»- деңізші!  
«Мұнараның басына шыққаннан соң,  
Азан[д]а айтатұғын не?»- деңізші!

Боктайды: ораза, намаз әуел иман,  
Боктайды тағы онан соң кіран «Құран».  
Жүз жиырма төрт мың пайғамбар- боктап бәрін,  
Түк қалдырмай төрт жардан (мардан), сақабадан [35].

Ол молда бұрынғыдай бола алмады,  
Көңіліне күндегі сөз қона алмады.  
Айтайын деп ентелеп келсе-дағы [36],  
Айтуға бір ауыз сөз таба алмады.

Аруағы [37] ер Ғалының күшті дейді,  
Молда бақыр көтінен пісті дейді.  
Сөзінің күнде айтатын біреуі жоқ,  
Молданы тамам кәпір қысты дейді.

Қиын жол қияметтің тар, білемін,  
Төрт шадияр пайғамбарға жар білемін.  
Сөзімнің күнде айтқан біреуі жоқ,  
Бір адам пайғамбардан бар білемін.

Молданың көңілі болды күпті дейді,  
Бір ауыз сөз таба алмас тіпті дейді.  
- Пайғамбардан кім бар, кәне, осында?!- деп,  
Кәпірлер тұс-тұс жақтан тіпті дейді.

Ол молда бұрынғыдай күле алмады,  
Көңіліне күндегі сөз қона алмады [38].  
Кәпірлер тұс-тұс жақтан тіптсе-дағы,  
Ғалыны ішіндегі көре алмады.

Ер Ғалы ортасында отыр жайнап,  
Кәпірлер дулап жатыр күліп-ойнап.  
Ғалыны ішіндегі қайлап тапсын,  
Бөрінің қойғаннан соң қозін байлап.

Аруағы ер Ғалының күшті дейді,  
Молда батыр көтінен пісті дейді.  
-Сен өгірік айтасын, адам жоқ!- деп,  
Молданы:

-Өлтірем!- деп, қысты дейді.

Ойласам, Бисмилланың пірі отыр-ды,  
Көңілге бисмилладан себеп кірді.  
- Пайгамбардан кейінгі мен бармын!- деп,  
Ер Ғалы ерлігімен түрегелді.

Дәметпеген тамақтан аш қалады [39],  
Қиямет қайым болғанда, тас жанады.  
- Мінеки, мен бармын!- деп, түрегелді,  
Жиылған тамам көпір бас салады.

Ер Ғалы бір Аллаға нанып келді,  
Болғанын бір ғажап іс танып білді [40].  
- Өзі жаяу, бір адам жүр екен!- деп,  
Ғалыны патшасына алып келді.

Қылышын жасауылдар қайрайды-мыс,  
Мылтығын жасауылдар сайлайды-мыс.  
«Бұ кісіні қалай қылып өлтірем?!»- деп,  
Патшасы молдасы мен ойлайды-мыс.

Молда айтты:

-Жүр екен бұл мұнда келіп,  
Тәлкектеп, өлтірейік мазақ қылып.  
Бұ кісіні: «Аллалап» өлтірейік,  
Мойнына бір нәрсені кінә қылып [41].

- Иа, молда, сіз айтсаңыз олай қылып,  
Құдайым берді бізге оңай қылып.  
Бұ кісінің міндетін сізге бердім,  
Сіз мұны өлтірсең де, қалай қылып.

-Бір адам әлдеқалай келіпті кез,  
Жігіттер, шамаң келсе, қимылда тез!  
Тапсаң сен, таба алмасаң, өлтірейік,  
Жұмбақ қылып айтайық он ауыз сөз.

Молда айтады Ғалыға:

-Нанармысың?  
Менің айтқам тілімді алармысың?  
Жұмбақ қылып айтамын он ауыз сөз,  
Бір ауызын қалдырмай, табармысың?

Ғалы айтады молдаға:

- Нанармысың?

Менің айтқам сөзімді алармысың?

Тапсам, таптым, таппасам, өлемін ғой,

Тапсам, үш ауыз сөз айтайын, табармысың?!

Молда айтады:

- Сөйлесіп, танысалық!

Таппағанды қылышпен шабысалық.

Әуелі мен сұрайын, жауап берші,

Кезектесіп жұмбақты, табысалық!

- Сөйлейін, сөйле десең, Жаббар Құдай,  
Шарапаты Мәдиненің тұрсын былай.

-Өлтірермін, ойламай, тапшы жылдам:

«Бір-екеу болмақ жоқ, мұным қалай?»

-Сөйлейін, сөйле десең, Жаббар Құдай,  
Шарапаты Мәдиненің тұрар былай.

Ол неге екеу болсын, шұнамыр құл,

Жаратқан бәрімізді жалғыз Құдай.

-Сөйлейін, сөйле десең, Жаббар Құдай,  
Шарапаты Мәдиненің тұрсын былай.

Дереу басың кесермін, тапшы жылдам,

Екеу үшеу болмақ жоқ, оным қалай?»

-Үндерде не жақсы, Құран үні,

Түндерде не түн жақсы, Қадір түні.

Ол неге үшеу болсын, кәпір дұшпан,

Жаратқан бір Құдайдың Ай мен Күні!

-Сөйлейін, сөйле десең, Жаббар Құдай,  
Шарапаты Мәдиненің тұрар былай.

Өлтіртемін, ойламай, тапшы жылдам,

Үшеу төртеу болмақ жоқ, оным қалай?»

Айтайын, білгенімді, жиылған көп,

Мен айтсам осылай қып, бола ма еп?

Ол неге төртеу болсын, кәпір дұшпан,

Хұптанның аяғында отыр Уәжіп.

-Сөйлейін, сөйле десен, Жаббар Құдай,  
Шарапаты Мәдиненің тұрар былай.  
Өлтіремін, ойламай, тапшы жылдам,  
Тортеу бесеу болмақ жоқ, оным қалай?

-Төрт шадияр: екеуі: Омар, Осман,  
Біреуі- хазірет Ғалы- елден босқан,  
Біреуі- Әбубәкір сыдық болар,  
Ол неге бесеу болсын, кәпір дұшпан?!

-Сөйлейін, сөйле десен, Жаббар Құдай,  
Шарапаты Мәдиненің тұрар былай.  
Өлтіремін, ойламай, тапшы жылдам,  
Бесеу алтау болмақ жоқ, оным қалай?

-Шырақтың алды менен арты болмас,  
Кітаптан шыққан сөздің қалты болмас.  
Дәрет пенен бес уақыт намаз болар,  
Шұнамыр күл, ол – бесеу, алты болмас!

- Сөйлейін, сөйле десен, Жаббар Құдай,  
Шарапаты Мәдиненің тұрар былай.  
Өлтіремін, ойламай, тапшы жылдам,  
Алтау жетеу болмақ жоқ, оным қалай?

-Қияметтің қыл көшірі киын жер ме,  
«Исрафил соры»- деген қызыл жел ме?  
Ол неге жетеу болсын, кәпір дұшпан,  
Жаратқан имандыға алты кәлима.

-Сөйлейін, сөйле десен, Жаббар Құдай,  
Шарапаты Мәдиненің тұрар былай.  
Өлтіремін, ойламай, тапшы жылдам,  
Жетеу сегіз болмақ жоқ, оным қалай?

- Сенің айтқан сөзіңнің бәрі анық,  
Менің айтқан сөзімді қылма таңық.  
Ол неге сегіз болсын, кәпір дұшпан,  
Қымысты құл орны тұр- желі тамұқ.

-Сөйлейін, сөйле десен, Жаббар Құдай,  
Шарапаты Мәдиненің тұрар былай.  
Дереу басың алармын, тапшы жылдам,  
Сегіз тоғыз болмақ жоқ, мұным қалай?

-Қылмыссыз құлға орын- жұмақтан тақ,  
Он екі иман қоңілде болады нақ.  
Он неге тоғыз болсын, шұнамыр құл,  
Қылмыссыз құлдың орны- сенің жұмақ (үжмақ) [42].

-Сөйлейін, сөйле десең, Жаббар Құдай,  
Шарапаты Мәдиненің тұрар былай.  
Өлтіремін, ойламай, тапшы жылдам,  
Тоғыз он болмақ жоқ-ты, оным қалай?

-Ай, кәпірлер, мен айтайын сөздің жайын,  
Пайдасы жоқ сөзінді не қылайын?!  
Он неге он болсын, шұнамыр құл,  
Тоғыз ұлды пайғамбар Ибраһим (Ибраһым)!

-Сөйлейін, сөйле десең, Жаббар Құдай,  
Шарапаты Мәдиненің тұрар былай.  
Өлтіремін, ойламай, тапшы жылдам,  
Он он бір болмақ жоқ, мұным қалай?

-Жеті қабат жер мен көк- бәрі ғалам,  
Бейіш бетін көре алмас қылмысты адам [43].  
Он неге он бір болсын, шұнамыр құл,  
Он ай күрсақ котерген ұрғашы адам.

Он дүние бұл дүниеден қатты дейді,  
Қызығы бұ дүниенің тәтті дейді.  
Он молда он ауыз сөз айтып еді,  
Бір [44] ауызын қалдырмай тапты дейді.

Ғалы айтты:

-Тіліме нанармысың,  
Менің айтқан тілімді алармысың?  
Он сөзді айтып едің, бәрін таптым [45],  
Мен үш ауыз сөз айтайын, табармысың?

-Көп сөзің бар ішінде сенің- дейді,  
-Ашуыма көп тиге менің!- дейді.  
-Әлде не деп айтасың маған?- дейді,  
-Он сөзіңді айтпаймын сенің!- дейді.

Аруағы ер Ғалының күшті дейді,  
Көтінен молда бақыр пісті дейді.

- Бү айтқан сен, сен неге айтпайсың?-деп,  
Молданы тамам кәпір қысты дейді.

-Коймадың, ай, пағшам, хасімзі е,  
Келді бір зор қайғы шәрімізге (шабарымы жа).  
Мұның айтқан үш сөзін айтар ем мен.  
Мен айтқанда, айтар болсаң бәріңіз де.

- Огерсің бір нәрсені көңіліңе алып,  
Ташласаң, бай үе молдам, болдың көрің.  
Сенің айтқан сөзіңді біз де айтармыз.  
Бү жерде не болармыз сенен қалып?!

-Айтайың, солай болса, мен!- дейді-міс,  
-Менің айтқан сөзіме көңі!- дейді-міс.  
-Айта тұғын сөзіңді сұра менен,  
Сөзіңді айтшы, біз елік, сен!- дейді-міс.

-Ойласам, бисмилланың бірі зат-ты,  
Болғанда тілім-шежіре, көңілім- хат-ты[46].  
Бұл сөзімді ойламай, жылдам тапшы,  
Жұмақтың есігінде не жаратты?

-Қияметтің қыл көпір жол бар дейді,  
Ұзындығы мың жылдық [47] мол бар дейді.  
Жұмақтың есігінде есіткенім:  
«Бисмилла ал-рахман рахим!»- сол бар дейді.

- Ойласам, бисмилланың бірі зат-ты,  
Болғанда тілім-шежіре, көңілім- хат-ты.  
Бү сөзімді ойламай, тапшы жылдам,  
Жұмақтың тап төрінде не жаратты?

-Қияметтің қыл көпір жол бар дейді,  
Ұзындығы мың жылдық мол бар дейді.  
Жұмақтың тап төрінде есіткенім:  
«Ла-ила-Алла-ила-Алла!»- сол бар дейді.

- Ойласам, бисмилланың бірі зат-ты,  
Болғанда тілім-шежіре, көңілім- хат-ты.  
Бү сөзімді ойламай, тапшы жылдам,  
Жұмақтың мәуесінде не жаратты?

-Қияметтің қыл көпір жол бар дейді,  
Ұзындығы мың жылдық мол бар дейді.  
Жұмақтың мәуесінде есіткенім:  
«Іә-ила-Алла-ила-Алла»- сол бар дейді.

Ол молда үшеун де білді дейді,  
Тіндері қалымаға келді дейді.  
-Бәрімізге ұстат болып, имам болдың [48].  
Не аласыз біздерден енді?!- дейді.

- Жеткізген мұнда мені бір торғай құс,  
Үйден мені шыарған жарлы байғұс.  
Не берерсіз біздерге, не бермессіз,  
Керек еді біздерге алтын, күміс.

Тамам көпір мұсылман болды дейді,  
Шайтан қашты, періште толды дейді.  
Алтын менен күмісті жинап еді,  
Үлкендігі бір таудай болды дейді.

Ер Ғалы енді ойлайды ойды дейді,  
Алтын менен күміске тойды дейді.  
Арқасына көтеріп салып еді,  
Ер Ғалы көтере алмай, қойды дейді.

Ер Ғалы бір Аллаға наньш кетті,  
Құдайдың шеберлігін таңып кетті[49].  
Екіншілей арқалап көтергенде,  
Торғай құс келді де алып, алыс кетті.

Ер Ғалы сабыр қылып, саспайды енді,  
Алла тағала бір жолға бастайды енді.  
Ол торғай аспанменен алып кетіп,  
Ғалыны өз үйіне тастайды енді.

Алып келіп кедейге берді дейді,  
Кедей байғұс қуанып күлді дейді.  
Кедей барып көпірдің борышын төлеп,  
Дін мұсылман мұны естіп білді дейді [50].

## Киік

О заманда бар екен жалғыз киік,  
Тамам кәпір аттаңды тұзақ жиып.  
Тұзағына кәуірдің (кәпірдің) [1] киік түсіп,  
Тартып үзіп кете алмай, қалды киік.

Құдайым жеткізбесін бізді жүзге [2],  
Естімеген сөз кетер құла түзге.  
«Киік»- деген аз ғана өлеңім бар,  
Тыңдасаныз, айтамын оны сізге.

Киікті алды ол кәуір торын құрып,  
Хакқа киік жылады мойнын бұрып [3].  
«Киік»- деген аз ғана өлеңім бар,  
Тыңдасаңыз, айтамын, құлақ қойып.

Торын құрып ол кәуір киікті алды,  
Киікті алып, тұзағын жерге салды.  
Бауыздауға киікті жатқызғанда,  
Мұстафа Мұхаммедім кез боп қалды [4].

Кәуірге [5] Мұхаммедім сәлем берді:  
- Мұның жанын маған бер, кәуір!- дейді.  
- Әжетіңе жарамас арық киік,  
Екі лақты (ұлақты) бейшара мұңдық еді!

Көңлі бұл киіктің лағында,  
Қалды лағы бір таудың бұлағында.  
Анасына азынап жылағаны-  
Аян болды Алланың құлағына.

### Сонда Мұхаммед пайғамбар:

-Киік барып, лағын емізіп келсін!- Оған шейін мен кешіл болайың, киікті босат!- дейді [6].

### Сонда кәуір айтты:

- Тас, алтын шыққан тауға, теремісін,  
Менің айтқан сөзіме еремісің?  
Осы киік барғаннан келмей кетсе,  
Жаныңнан күйігімді [7] беремісің?!

**Мұхаммед пайғамбар айтады:**

- Тас, алтын шыққан тауға, терер-ақпын,  
Сенің айтқан сөзіне ерер-ақпын.  
Сол киік барғанынан келмей кетсе,  
Жанымнан мен жазған құл берер-ақпын [8].

Айғады айт дегеннен хан тағына,  
Ақынның шек келтірме тіл- жағына.  
Кепіл боп Мұхаммедім жіберген соң,  
Зырылдап кетті киік лағына [9].

**Сонда киіктің екі лағы айтады:**

-Алақай, анам аман кепті!-дейді,  
-Жүрдің бе кимай тәтті шопті?- дейді.  
-Күнде ерте мұнан бұрын келуші едің,  
Не болды бүгін саған?!- депті дейді [10].

**Сонда киік айтады:**

-Бар еді кішкентайдан көп күнәйым [күнәм][11],  
Дауысымды шығармай, бір жылайын.  
Жалапның отын оттап жүргенімде,  
Кез қылды жайған торға бір Құдайым [12]!

**Балаларының сөзі:**

-Отырдық сен келгенше шыдап зордан,  
Ажалың болды ма, ана, бейнетқордан.  
Жалапқа тұзақ құрған кәуір болса,  
Не дейді босатарда сені тордан?

**Киіктің сөзі:**

- Ол кәуір босата ма, өлмей, қолдан?  
Токтатты тұзақ құрып бізді жолдан.  
«Келсін,- деп,- емізін балаларын!»-  
Пайғамбар хақ Мұхаммед кепіл болған [13].

**Балаларының сөзі:**

-Ай, шеше, сен барғанда, біз барармыз [14],  
Артында бір күн қалмай, тез барармыз!  
Пышақты сенен бұрын бізге салсын,  
Басында шыр көбелек айнарармыз!

**Кнiк айтады:**

-Ай, балам, барма!- деймін.- Сен өлерсің!  
 Шоп жесең, пісін шыққан, күн көрерсің.  
 Апаң жоқ, сүйенерге апаң да жоқ.  
 Үш уақытта зар қылып күңіренерсің!

Сол мезгілде «Кнiк келе қоймады!»- деп, кәуір Мұхаммед пайғамбарға айтады:

- Мін ені пайғамбардың арғымақ дүр,  
 Шытырманды аралап ұшады құр.  
 Алдың ба азап тәлен [15], а. Мұхаммед,  
 Кәне, кнiк келгені, кешігін тұр?

**Мұхаммед айтады:**

- Мін ені пайғамбардың арғымақ дүр,  
 Шытырманды аралап ұшады құр.  
 Ақшам менен намаздыгер арасында  
 Кнiк енді келді, аялдай тұр!

Сонда кнiк екі баласыменен үшеу болып келе жатқанын көріп, кәуір қуанып айты дейді:

-Үсіндың [16], кнiк. Хакқа мойын қойып,  
 Сені жесем, кетер ем бір-ак тойып.  
 Кешілдіктен құтылдың, ау, Мұхаммед,  
 Бір кнiгiм келіп тұр үшеу болып.

**Мұхаммед айтады:**

- Тас, алтын тауда шыққан теремін бе,  
 Сенін айтқан сөзіңе еремін бе?  
 «Үш кнiк келіп тұр!»- деп, қуанасын.  
 Мен саған осы үшеуін беремін бе?

- Өзін торына түскен кнiгiнмен бол! Екі баланы саған неге өлтіртейін!  
 Құдай өзі асырап сақтар, бұл екеуіне тиіпші болма! -дейді. Соған соң кнiк балаларын Мұхаммедке тапсырғаны:

- Айтамын, айт дегеннен Мұхаммедім,  
 Екі лағым, мен өлсем, қалар жегім.  
 Жетімшілік басыннан кешкен жоқ па,  
 Хабарлас боп [17] жүре гор- Мұхаммедім!

**Мұхаммед сөзі:**

-Біз хабаршы болайық, сіз барыңыз.  
 Тоқтау салмай кәуірге, тез барыңыз!

Жылай-сықтай бара гор, бай үс киік,  
Жетер ме екен Аллаға мұң-зарыңыз [18]!

Киікті кәуір қуанып кармап алды,  
Кармап алып, мойнына белбеу салады [19].  
Киікті бауыздарға бет қойғанда,  
Мұстафа Мұхаммед жетіп барды.

Мінегі пайғамбардың арғымақ сұр,  
Аралтай нығтырмаңды ұшалты күр.  
- Жіберші бұ киікті, кәуір, деймін.  
Сен өзін намаз оқып, мұсылман бол!

- Құс ұшып, бұлбұл деген қонар құмға,  
«Құдай, жеткіз- деуші едім- осы жолда!»  
Киігімді жіберсем, а, Мұхаммед,  
Мен де өзіңдей мұсылман болармын ба [20]?!  
*Мұхаммед*

Иман тапқан Құдайға құл болады.  
Айтқан сөзі әрқашан пұл болады [21].  
Тілге напып, мұсылман болған адам  
Бізден де әжептәуір сол болады.

Құс ұшып, бұлбұл деген қонар құмға,  
«Құдай, жеткіз- деуші едім- осы жолға!»  
Киіңді жібердім, Мұхаммедім,  
Мен мұсылман болдым той, *әлхамдулила!*

Пайғамбар бізден бұрын отті дейді,  
Кейінгіге жол салып кетті дейді.  
-Киіңді жібердім.- ау, Мұхаммед,  
Шапағатшы бол тақда!- депті дейді.

## **Лашын мен қарға**

Лашын үйрек ілді қолді қорып,  
Отырды табанымен басын бүрліп.  
Лашын әрлі- берлі шоқыған сөн,  
Бір қарға алып жейді аңдып жүріп.

Келмейді ол қарғаның санасына,  
Үйректі алып ұшты баласына.

Үйректің басын, етін көріп,  
Қарайды балалары анасына.

- Қарайсың неге, балам, маған!- дейді,

- Қалай екен, балалар, анаң?!-дейді.

- Үйрек етін же-дағы қарық бол енді,  
Не жегізбес бұл анаң саған?- дейді [1].

-Үйрек етін же-дағы, қарық бол енді [2],  
Құс жаралған жоқ шығар шешен теңді?!  
Анаң байғұс аспаннан іліп еді,  
Бір ерні- көк, бір ерні тіреп жерді.

-Әуеде ұшып жүрген аққу [3] мен қаз,  
Шешеке, өтірікшінің өмірі [4] аз.  
Жын менен, атам жеген, қан шоқымай.  
Есен-сау ұшса игі еді биылғы жаз!

-Көрерсің хақтың жүзін: « Алла!»- десең,  
Ай, балам, нанар едің бірге жүрсең [5].  
Шүрегей жұдырықтай, үйрек түгіл,  
Ақ сұңқар әуедегі етін жесең [6]!

-Ала қарға, сауысқан- құстың қоры,  
Ақыр заман болады-ау жылқы жылы!  
Атам жеген жын менен қан шоқымай,  
Бекер, шешем, әкелдің бізге мұны [7]!

- Қанағат қашан қашқан [8] мен байғұстан?!  
Салымым бұрыннан-ақ ұшқан құстан.  
Қылғалы мұны мекен- жиырма жыл,  
Балалар сенен бұрын есен ұшқан.

- Ертiс пен ұзын аққан, Есiл деймiн,  
Оқыған күн аударып [9]- Бесiн деймiн.  
«Үйректi өзiм iлдiм!»- деген сөзiн  
Шешеке-ау, боп жүрмесiн [10] кесiр деймiн!

- Сұм қарлығаш тызылдап ұшып кеттi [11],  
Түбiме шағымшы боп [12], сол-ақ жеттi.  
- Үйрекке сенiн алған мақтанды!- деп,  
Қарлығаш лашынға хабар еттi.

-Бізді шаққан жағылсын жанған отқа,  
Сұм қарлығаш жолықсын қайың оққа!  
Келгенмен, лашын маған не қылады,  
Онда тұмсық бар-дағы, мен де жоқ па [13]?!  
- Шын сойлеген әр жерден ет жейді-ғой [14],  
Өтірікші мұратқа жетпейді-ғой!  
Ата-бабам жемеген ас болған соң,  
Жесек-тағы тамақтан отпейді ғой!

Лашын, сұңқар тоятпап ет жейді ғой,  
Өтірікті, шешеке, ептейді ғой!  
Қашып енді лашыннан құтылуға  
Кұйрығыма канатым жетпейді ғой!

### **Қара қарға айтады:**

- Балалар, басты өлімге байламайық,  
Жоқ нәрсені уайым қып ойламайық [15]!  
Балалар, ол жалғыз да, біз алтау ғой,  
Алтауымыз тұс-тұсынан найзалайық!

Қарлығаш хабар берген соң, Лашынның айтқаны:

-Мінгені патшаларның- қаражал, сұр  
Дәм татқан бір тоғайдан мың қара құр.  
Тұқымын түк қалдырмай, құрытайын,  
Жалпылдап жаман қарға қай жақта жүр?!

Қарлығаш:

- Берем- дейді- бір-ақ тауып,  
Қылмайды дәнemedен қарға қауып.  
-Міне, лашын келеді, өлтірді!- деп,  
Қарғаға хабар беріп келген шауып.

- Мінгені патшалардың- қаражал, сұр,  
Дәм татқан мың тоғайдан бір қара құр.  
Мен қашып бұл лашыннан құтылайын.  
Қарлығаш, балаларға қараса тұр!

Жалбаңдап жаман қарға қайда кетті:  
Бойынан Тасаралдың мекен етті.  
Қырымнан көзі шалып қалған екен,  
Соңынан қара лашын қуып жетті [16].

Лашын дауандардан дауан асты,  
Жігітлер, өтірік сөз жанға қас-ты.  
Соңынан кара лашын қуып жетіп,  
Қарғаны барқылдатып бір-ак басты.

Өлерін енді қарға анық білді.

Барқыраш:

- Айтқам жоқ!- деп, танып көрді.

Мойнына айтқан сөзін қойдыруға

Қасына балалардың алың келді.

Балаларынан:

-Шешеннің мақтанғаны рас па?- деп сұрады,

- Мереке, күнде жиын той мен.- дейді.

-Ойлаған ақ сұңқарға оймен.- дейді.

-Шешемнің айтқан сөзін жасырмайын:

«Бәрінен құс біткеннің зор мен!»- дейді.

-Білмейсің, жаман қарға, әлің!- дейді [18].

- Ел- жұртқа сенің сырың мәлім!- дейді.

-Қарғаны өтірік айтқан өлтіремін,

Балалар, асырайын бәрің!- дейді.

- Бәйгеден шауып келген жүйрік атты.

Жігітлер, өтірік сөз жанға қатты.

Лашын, сенің берген балыңнан да

Бір қасық анам берген суы (сүті) [19] тәтті.

Мінгені (надишаның) батырлардың қара жал сұр,

Дәм татқан бір (мың) тоғайдан мың (бір) кара күр.

«Асырайын!»- дегенге ашуданған,

Қырайын бәріңді де, асықпай (кара да) тұр [20]!

-Балаларым!-дейді екен көріп ана,

-Бұтағы осы ағаштың сегіз сала.

Қорықпайтын жетімдердің көз жасынан

Жоқ па екен лашын құста біздең бала?!

-Балаларым!- дейді екен көріп ана,

-Бұтағы осы ағаштың сегіз сала.

Тарығып, зарыққанда, әрең көрген

Бар еді, аман үшсе, жеті бала.

-Шешекем, бірер сөзін жасырайын,  
Басынан жақсылықты (ихсылықты) асырайын!  
Шешемді өлтірмесең, Лашын-еке,  
Біз саған көрген сайын бас ұрайын!

Бұл жерде бәрімізді қылсан ғайы,  
Тауемдін қызды сөз бір-ақ байы.  
Өлтірмей (шешемізді) бәрімізді [21] қылсан аза,  
Шашамыз ерлігіңді жұртқа жайып.

-Байлауым бір қарғаны балаларға.  
Сауысқан- құстың қоры [22]- ала қарға,  
«Тацқан сөзге-қолқа жоқ»-деген-осы,  
Балалар, тауып айттың, шара бар ма?!

Күштісі күе біткеннің- бидайық күе.  
Өтірік айтпа. ай, қарға [23], көтінді қые!  
Жаман қарға. сен жүрер жерің емес,  
Бес балаңды ертін ап, тоғайға кош!

-Бау кара ағаш деген соң, бау кара ағаш,  
Қас болды іргемізден бір қарлығаш.  
Тоғайды өзім көрген жерім емес,  
Тастасаң алып барып, алдияр бас!

Бидайық тамам құстан күшті дейді,  
Бауырына балаларды қысты дейді.  
Арасы қырық күншілік (жолдар) шөлдер екен,  
Түе болмай алып барып (тоғайға ағып) [24] түсті дейді.

Кетінгі мекеніне лашын қайтып,  
Балалар құтқарыпты зарын айғып.  
Бұл нұбрат кейіншіге қалсын бізден.  
Өткенді кім тауласар бәрін айтты?![25]

## 15. Өлең дастандар

### *Алтынбас пен Күмісаяқ*

Айтамын, тыңдасаңыз, жақсы келті,  
Көп адам бізден бұрын өтіп кетті.  
Жамағат ықыласымен құлақ қойса,  
Мална бай, басқа кемтар бір хан өтті [1].

Аспаннан қалың жауған қар болыпты.  
Кең жиған қаналығы тар болыпты [2].  
Бігіпті жеті рудын малы ханға  
Сөйтсе де, бір перзентке зар болыпты.

Он сегіз ол падиша жасында еді,  
Бак құсы өмір бойы басында еді.  
Келгенше қырыққа жасы перзент қормей,  
Өлгеннің, өлмесе де, қасында еді [3].

Бастан-кем, гар болы ан жан- малды дейді [4],  
Кедей көп болған жақты-жанды дейді.  
Жеткенше алпыс жасқа бала болмай,  
Бір-бірлеп жетпіс қатын алды дейді.

Құдайдың көрсеткенін корді дейді,  
Көңіліне жақсы ниет кірді дейді.  
Көрмеді жетпісінен жалғыз перзент,  
Жетпіс қатын, - бәрі де өлді дейді.

Құдайдың жақсылығын білмеген соң,  
Тағат қып қорқып хақтан [5] жүрмеген соң.  
Мұнша малды көң жиып, не қыламын,  
Әр нәрсе сәніменен бермеген [6] соң.

Ісіне Алла салған көнбеген соң,  
Уайым [7] неге керек, өңбеген соң?!  
Үйінен қаңғып кетті құла түзге [8],  
Бір перзенттің қуанышын көрмеген соң.

«Көңілімді жалған құрғыр бөле берді [9]»  
Алланың ақ ісіне көне берді.  
Бір күні жеті руға мал шашты да [10],  
Қаңғырыш жапан түзге жүре берді.

Шын көңілмен бір жолға басты қадам,  
Тыңдамас насихатты білмес надан.  
Қаңғырып, айдалаға келе жатса,  
Алдынан даусы шықты- бір зарлы адам [11]!

Жаратқан жер мен көкті Алла ма екен,  
Әр істі өзі жөндеп, қылар бекем [12].  
Баланың күйігінен шығып жүрген,  
О да бір сексен жаста кемпір екен.

Мінгені ер жігіттің кара кер-ді,  
Атты емес, ол падиша жаяу жүрді.  
«Көз жасын көрер ме екен бір Алла?!»-деп,  
Зар еңіреп, жыласумен [13] қолын берді.

Кемпір айтты:

- Аллаға сыйындым!- дейді,  
- Зарланын кеш[т]е -күндіз жүрдім!- дейді.  
- Өткіздім жетпіс байды бір-бір санап,  
Сонымен сексен жасқа келдім!- дейді [14].  
- Көңілімде перзент зары болды,- дейді,  
- Бауырым кайғы-ғамға толды,- дейді [15].  
- Қормедім жетпіс байдан жалғыз (налғыз) перзент,  
Бәрі де байларымның өлді!- дейді.

Құдайдың шеберлігін білді дейді:

- Әр жолды өзін онда енді!- дейді,  
Жамағат, қалай екен Құдай ісі,  
Кемпір-шал боп қосылып жүрді дейді.

Екеуі бірін-бірі сүйді дейді,  
Шалына ақ жолмен тиді дейді.  
Елсізде екі мұңдық бас қосқан соң,  
Көз жасын Тәңірім иді дейді [16].

- Құдайға мен жылайын, көңілім күпті,  
Кешірсін қунайымды өзі!- депті.  
«Сұрауы жеткен!»- деген осы емес пе?!  
Сол кемпір сексен жаста болды жүкті [17].

Пенделер: «Алла!»- деген- иман тапты,  
Иманның өтірік сөз бетін жапты.  
Тоғыз ай, тоғыз сағат болғанында,  
Сол кемпір алтын басты бір ұл тапты.

Азапты олгенінше көрмейді енді,  
Көңілді жамандыққа бөлмейді енді.  
Алтынбас туған күні тойын қылып,  
Бұл тойға нанып ешкім келмейді енді [18].

Құдайдың шеберлігін білді дейді,  
Бауыры ғашық отқа күйді дейді.

Алтынбас бір күн түнде ұйықтап жатса,  
Түсіне Күмісаяқ кірді дейді:

- Алтынбас, сегіз оғың атамысың [19],  
Күнәға жас басыңмен батамысың?!  
Құдайым ол басыңда қосты бізді,  
Үйіңде маған келмей жатамысың?!

Туғаннан менің көңілім бір сағымда,  
Мен ойынап, күлсем деймін жас шағымда [20].  
Құдайым екеумізді қосып еді,  
Аванып іште жатқан құрсағыңда.

Алтынбас төсегінен түрегелді (тұра келді),  
Түсте көрген ғашық жар (нар) көңілін бөлді.  
-Әкеке, ескен желге ғашық бөлдім,  
Құдайым кетпес қайғы маған берді.

Айтамын, тыңдасаңыз (тыңдасаңыз), бір қызық кел,  
Жаныңа, иман күтсең, болады сен.  
- Ай, әке, рұқсат бер енді маған,  
Үйкі ұйықтап, күн көре алман, мен тамақ жең [21].

-Пайғамбар бұрын өткен Мұса- дейді,  
- Кім сарғаймас, басқа күн туса?!- дейді.  
- Әкеке, жұмысыңды істетіп ал [22],  
Ісіңе қағғы қайырым жұмса!- дейді.

-Жарасар алмас пышак қынға,- дейді,  
Құдайым берген екен сынға!- дейді [23].  
Көрінген таудай болып кара тасты  
Ап келші, көзкуанышымы, мұнда!- дейді.

Жең сыбанып, ететін түрді дейді,  
Тасқа қарай бет алып, жүрді дейді.  
Таудай болып көрінген кара тасты,  
Қолтығына қыстырып келді дейді [24].

- Жаныңды бір жар үшін қидың!- депті,  
- Күліңді маған бола жидың!- депті.  
«Өміріңше келтіре алмас!»- деп, айтып ем [25],  
Күшіңе, көз қуанышымы, тойдым!- депті.

-Қарағым, сен кеткен соң кем болармыз,  
Дүшпанмен, сен тұрғанда, тең болармыз!  
Есіңе ал, ірі болсаң, ай, қарағым.  
Біз кімге қарғайғанда жем болармыз?!

Алланың салғанына көңе берді,  
Көңілін ғашық жарға бөле берді.  
Арызын атасына айты-дағы,  
Мінді де сарапа атқа, жүре берді [26].

-Ғашығым, менің айтқан сөзім тыңда,  
Біздің жер жырақ емес, келсең мұнда.  
Арада дамыл алмай жүрсең, күн-түн,  
Жетерсің күйін-жанып бес мың жылда [27]!

Алтынбас үйқысынан түрегелді,  
Ғашық жар түсте көрген, көңілін болді [28].  
«Не болсам да, болайын осылай!»- деп,  
Күнбатысқа қарата жүре берді.

Жаксыдан өзіңіздей көп естимін,  
Жаксы маған айтынаса, нені естимін?  
Арада бірнеше күн өткеннен соң,  
Келінгі бір шабарға деп естимін.

Шабардан қыздың жұртын сұрайды енді,  
Аты- жөнін және өзі еш білмейді.  
Бар екен бір қария үш жүз жаста,  
«Білес, сол білер!»- деумен соған келді.

Алтынбас қарияға сөлем берді,  
Хабарын ғашық жардың сұрайды енді.  
- Ай, жігіт, сабырлық қыл бір Аллаға.  
Жетерсің, мойшына аласаң, бір мың жылды [29].

- Бір мың жыл маған- дейді- бір күндей-ақ,  
Жеріне жығылармын жеткен аяқ.  
Жонелді қариядан рұқсат алып,  
Дүниені шыр айналған бұл бір саяқ [30].

Алтынбас аянбастан жол жүріпті,  
Күдайым сарапа атқа тіл беріпті:  
- Елеңде екі мұндық бейнет көріп,  
Біз келдік аман мұнша жерге!- депті [31].

- Алтынбас, бірнеше күн жүрдік жолда,  
Ойыңды неге айтадың бұрын-сонда?  
Ал енді, сен айтпасаң, мен айтайын,  
Құдайдың құдіретімен келдік мұнда.

Бұл жерден сенің қайының- бір жылдық жер,  
Жетерміз мезгілінде намаздыңгер.  
Көп мехнат ара жолда кордік қанша,  
Жеткізген һәмнат беріп пәруәрдігер [32].

Ер-тоқым сарала атқа салады екен,  
Уақытымен оқып намаз алады екен.  
Басқа мал жүрін бір жыл жетер жерге  
Сарала ат бір сағатта барады екен [33].

Сарала ат астындағы арық екен,  
Ай жүзі арығынан сарых екен.  
Үйінен Алтынбастың шыққан күні,  
Көңіліне Күмісаяк анық екен [34].

Сонда үйге сәлем беріп, кіріп келді,  
Жалт қарап, Күмісаяк енді корді.  
- Құдайым, көрсеткенің рас па?!- деп,  
Секіріп Алтынбасқа қолын берді.

Қосылды бір-біріне екі зарлы,  
Бұрын жалғыз болса да, енді барлы.  
«Бір адам қызыңызбен бір жатыр!»- деп,  
Патшаға кідірместен хабар барды [35].

Хан тақсыр естіген соң, ашуланды,  
Еліне: «Жынысын!»- деп, хабар салды.  
Бір түнде он мың әскер (ғаскер) келді-дағы,  
Бейшара Алтынбасты қамап алды.

Зарлықты бір Аллаға қылды дейді,  
Мойынын Мәдинеге бұрды дейді.  
Ашумен қыз ағасы келді-дағы,  
Қылышпен Алтынбасты ұрды дейді.

Тілегін иманды құл тапты дейді,  
Жалғанды ақыретке сағты дейді.  
- Күйеуін қайнағасы ұрмай ма?- деп,  
Бейшара сабыр қызын жағты дейді.

Алтынбас ішүмен бұғын қалды,  
Құдайдың бұйрығына тап амалды [36].  
Қылышпен шабайын деп ұмтылғанда,  
Қолынан Күмісаяқ ұстай алды:

- Алғашың аманатың берермін!- деп [37].  
-Сөзіне кім айтса да, көнермін!- деп.  
Баға алмай хан кісісі қайтың барды,  
Хан ойлайды: «Барың өзім көрермін!»- деп.

Хан өзі Алтынбасқа келді дейді,  
Алтынбас тұрып сәлем берді дейді.  
Келбетін көруменен көңілі толың,  
-Қызыма табылды тең енді!- дейді [38].

- Күйеужан, саған көңілім толған!- дейді,  
-Дәуренім күйікпенен солған!- дейді.  
- Баяғы қазақ-қалмақ жау шағында  
Қалмақтан зор дұшпаным болған!- дейді.

-Жатамын мен үйімде ішім пысың,  
Жүремін шариятпен жолға түсіп.  
Қатты жау қалмақпенен болған күнде,  
Жау қолына қайынаған кеткен түсіп.

Жарасар алмас қылыш қынға,- дейді,  
- Тұрарлық жас екенсің сынға!- дейді [39].  
-Қайын ағаң жау қолына кеткен түсіп,  
Соны аң кел, күшің болса, мұнда!- дейді.

Не салды басқа Құдай, көре берді,  
Мен аяң, айтпасам да, Құдай білді.  
Айтқан соң, намысына шыдай алмай,  
Салып ұрың, сарала атпен жүре берді.

Заманнан көп замандар өтті дейді,  
Алтынбас айтқан сөзге жетті дейді.  
Жау қалмақ он айшылық жерлерде екен,  
Он күнде ел шетіне жетті дейді.

Жау қалмақ Алтынбасты білген екен,  
Жауырыншы жауырын жағың, көрген екен.  
Жайсаңы түсте көрлі Алтынбасты  
Жиылып қарсы алдынан келген екен [40].

Құдайға Алтынбас жүр көңілі тойып,  
Жүрегі алып ұшты көңілі-қонып.  
Қара құстай жиылып қалмақ шықты,  
Жердегі топырақпен бірдей болып.

Соқтығып екі дария, толқын ұрды,  
Сен жайып қонып қалмақ шебін құрды [41].  
Қалмақтың көптігіне шыдай алмай,  
Атының басын тартып біраз тұрды.

-Жүремін өлгенімне: «Құдайым!»- деп,  
Жаныңа, иман күтсең, болады сен.  
Бермесен өзін қуат, Құдайым-ай,  
Мен жалғыз, өзін жалғыз, бұ қалмақ көп [42].

Құдайымнан күш тисе, жығылмаймын,  
Жасырыптың, бір сайға тығылмаймын [43].  
Жасымнан жолдас болған сарала атым,  
Қалмақ көп те, мен жалғыз, не қылайын?!

Ишпе көп санаған ештеме (ешнеме) алмас,  
Көп келесін тұрған жан алыс бармас.  
Кірелік бұ қалмаққа, не болса да,  
«Қарманған- деген сөз бар- қарап қалмас» [44]!

Жаратқан күшті Алладан жәрдем (нардәм) жетті [45],  
Жауға қарай жүріпті түзеіп бетті.  
«Қыбырлаған қыр асар!»-деген бар»- деп,  
Бас жоқ, көз жоқ, қалмаққа кірді, кетті.

Қалмақтың бір шегінен кірді дейді,  
Шенгеліне түскенді бүрді дейді.  
Сол күні күн батқанша ұрыс қылып,  
Қалмақтан бір он мыңды қырды дейді [46].

Оуелі сөз бастаймын: «Құдайым!»- деп,  
«Құдайым кешірмесе, күнәйым»- деп.  
Алтынбас бір уақытта көзін ашса,  
Сап бопты бұ қалмақ біткен милайым боп.

Жалғыз-ақ Жайсаң қапты тірі дейді:  
- Құтыңның, әкебас, мен бірі!»- дейді.  
-Ей, Алтынжан, бір қасық қанымды ки [47].  
Қайынаған әлі өлген жоқ, тірі!»- дейін.

Үйіне сорлы Жайсаң ертін барды,  
Құдайым бір меһнат жолға салды.  
Қырық құлаш шынырауға салған екен,  
Жау, шіркін, қорыққаннан, суырып алды,

Екі ғашық қосылмай, зарлы дейді,  
Көңліне, көріп, ашу алды дейді.  
- Жау, шіркін, мұнша неге жүдеттің?!- деп,  
Жайсаңның басын кесіп алды дейді.

Өзінің күйеулігін айтты дейді,  
Тілегін ақыры тапты дейді.  
Қасына кайын ағасын ертін алып,  
Жеріне есен-аман қайтты дейді.

Жеріне есен-аман енді келді,  
Ата-енесі алдынан шыға келді.  
Қырық күн ұдай той берді жұртын жиып,  
«Олді»- деген балам-деп, -ірі келді.»

Ықылас ата түсіне және кірді,  
Патша Құдай көңліне сана берді.  
Кемпір-шал көрмеген сон, сағынған-ды:  
Қайтсын, рұқсат беремін, балам!- дейді.

Ақыды Күмісаяқ тапты дейді,  
Бәрін де бір ғашыққа сатты дейді.  
Қасына Күмісаяқ жолдас қылып,  
Қырық нарға қазына тиіс артты дейді.

Ырған-жырған күл, күң мен жүрді дейді,  
Жолдан неше ғажайып көрді дейді.  
Түсінде көрген қызын алып қайтып,  
Жұртына есен-аман келді дейді.

- Құдайым тілегімді берді!- дейді,  
- Қолыма дәулет құсым келді.- дейді,  
- Мұрныма қарағымның иесі келді.  
Көремін баламды есен енді!- дейді.

Кемпір-шал шыдай алмай, қарсы жүрді.  
Үш күнде бірін-бірі есен көрді.  
Жалғыз кеткен қуанышы өсіп қайтты,  
Күннен-күнге көркейтті ажар түрді [48].

-Шұбарым, арғымағым, боз тарланым,  
Түскенде сен есіме, көп зарландым!  
Сен, шырағым, үйімнен жалғыз кетіп,  
Екеу келдің, енді өлсем, жоқ-ты арманым!

Шұбарым, арғымағым, боз тарланым,  
Түскенде сен есіме, көп зарландым!  
Баламды «өлді»- деген тірі көріп,  
Құдайға өлсем – дағы, жоқ-ты арманым!

Құрметпен шаһарына алып келді,  
Құдайдың шеберлігін танып білді.  
Патша сонда жүз алпыс жасқа жетіп,  
«Әу!»- деуге де шамасы келмей өлді.

### *Мұхаммед пен шәриарлар*

Пайғамбар шапағатшы таңда жарым,  
Көрсетті имандыға өз дидарын.  
Келінгі пайғамбарға сәлем бере,  
Бір күні қонақ қылды шәриарын.

Төрт иардың (жардың): Әбубәкір бірі- сыдық,  
Тірлікте арам жеме[с] дінді бұзып.  
Өтерін бұл дүниенің білгеннен соң,  
Зақотты қайырменен берген қызық.

Төрт иардың ол біреуі- таксыр Ғұмар [1],  
Өзінің таудан үлкен айдыны бар.  
Патша боп, жұрт билеген заманында  
Көп жұртты мұсылман қып кеткен солар.

Біреуі сол төрт иардың- таксыр Оспан,  
Олардан (одардан) құр(ы) қалмас көңілін қосқан.  
Көңілінді бұ дүниеде түзу тұтсаң,  
Күнінде таңла махшар орның бостан [2].

Біреуі сол төрт иардың - Ғалы хайдар,  
Атағын жұртқа шашқан мұның Жаббар.  
Кәпірді мұсылманнан айырғанда,  
Мұхаммед үмбетіне болады айбар [3].

Біреуі қонағының- бибі Фатима (Фатпа),

Тірлікте танылмаған жаман атқа,  
Біздерге ақсақалдар бергей баға,  
Сөздерді кітаптағы айттық жатқа.

Пайғамбар алтын табақ қолына алды,  
Ішіне толтырғанша құйды балды.  
Бал да ащпақ, табақ та ащпақ, аса нұрлы,  
Ішіне бір жалғыз-ақ қылды салды [4].

Иманды құл жұқармай, ірі өтеді [5],  
Жан кетсе де, көзі ашық, тірі өтеді.  
Табақ пен бал, тағы ақ қыл бір жалғыз тал,  
Сұлулықта бірінен-бірі өтеді.

- Төрт жары (нары) пайғамбардың келсін!- дейді,  
-Бұйрығын пайғамбардың көрсін!- дейді.  
-Арасын: ауыр-жеңіл, қиын-тардың,  
Айырып тақылменен білсін!- дейді [6].

- Құраннан жауап берсе, қатар (хатар),- денті,  
-Күнәға, таппай айтса, батар!- дейді.  
- Құраннан жауап сөйлеп, мағына айырған,  
Сонан соң осы балдан татар!- дейді.

- Тіліне арамзаның нанба,- дейді,  
-Аузыңа тірлікте арам салма!- дейді.  
-Балдан тәтті, жіңішке жалғыз қылдан,  
Және нұрлы бұлардан бар ма?!- дейді [7].

Шақырған Біләл тақсыр хабар беріп [8],  
Жетім хакын жеменіз зорлық қылып.  
Төрт жардың үшеуінен үлкен еді,  
Сөйледі Әбубәкір тұра келіп (түрегеліп):

-Бұлардан он есе артық намаз нұры [9],  
Балдан тәтті болмағым- Құдайдың құлы.  
Құдайға шын ықыласпен құл болудың  
Жіңішке, білгендерге, қылдан жолы.

Бір сөзді Әбубәкір айтып салды,  
Пайғамбар Құдай досы (дос-ты) қабыл алды.  
Жер қорыққан айдынынан айбатты еді,  
Көр енді Хатапұғлы ол Ғұмарды.

Көрмедім пайғамбардай дінге кеңді,  
Кәпір көп соғысқанда, бәрін жеңді.  
- Құраннан мағына тауып беремін!- деп,  
Ұмтылды жауап бере Ғұмар енді:

- Бұлардан нұрлы- әділдік нұры,- дейді [10],  
- Балдан тәтті -гаділет жолы!- дейді.  
Ақ пен қара арасын айырмақтың  
Қылдан нәзік, білсе егер соны!- дейді.

Бір сөзді тақсыр Ғұмар айтып берді,  
Пайғамбар, Құдай досы, қабыл көрді.  
Екеуінен соң үшінші болып туған  
Зиалнұрын Оспанға кезек келді.

Сөйлей бер өлмей тұрып, қызыл тілім,  
Немене өлгеннен соң көрген күнім?!  
-Құраннан мағына тауып беремін!- деп,  
Ұмтылды жауап бере Оспан пірім:

-Бұлардан он есе артық Құран нұры,  
Балдан тәтті, айырып білсе соны.  
Қатесіз бастан-аяқ оқымақтың [11],  
Жіңішке жалғыз қылдан, қиын жолы.

Бір сөзді Оспан пірі айтып салды,  
Пайғамбар, Құдай досы, қабыл алды.  
Жер қорыққан айдынынан Ғалы батыр  
Алдына бабасының жақын барды.

Жігіттер, бір сөзіме құлақ салың,  
Шайтан бар азғырушы зор дұшпаның.  
Кәпірді қойдай қырып, кегін алған  
Ұмтылды жауап бере хазірет Ғалың!

-Иман нұры- бұлардан асыл затты [12],  
Түрлік-түрлік сөзі бар балдан тәтті.  
Мейманды ырза қылып жөнелтпектің  
Жіңішке жалғыз қылдан, жолы қатты.

Бір сөзді хазірет Ғалы айтып салды,  
Бабасы оның сөзін қабыл алды.  
Пайғамбар қызы Ғалының жұптысы еді,  
Бибі Фатима (Фатпа) тақсырға кезек барды.

Біреуі қонағының- бибі Фатпа,  
Тірлікте таңылмады жаман атқа.  
- Құраннан мағына тауып беремін!- деп,  
Ұмтылып жауап берді сонда жатқа [13].

- Бұлардан маған бабам жүзі нұрлы,  
Бұ балдан бабам сөзі тәтті болды.  
Бабамды өлгенімше сақтағаным,  
Жінішке жалғыз қылдан, қиын жол-ды.

Бір сөзді бибі Фатпа айтып салды,  
Бабасы оның сөзін қабыл алды.  
-Қонақтарым, бұ сөзің жарады!- деп,  
Енді кезек тақсырдың өзі қалды.

-Әйел балам бұлардан нұры нұрлы,  
Қылықты қыз балдан да тәтті болды.  
Теңін тауып бермеклік мүшегу пір еді  
Жалғыз қылдан жінішке, қиын сол-ды!

Зекетсіздің малдары- жылан, шаян,  
Құдайға періштелер қылды баян.  
«Пайғамбар төрт жары мен сөзі осы!»- деп,  
Құдайдың күдіретіне болды ғаян.

Пенденін мал кетерде кетер пейілі,  
Ардақтап бұ дүниені көрме сейілі [14].  
-Пайғамбар төрт жарымен бас қоссын!- деп,  
Келтірген екен мұны жебірейілі.

Жігіттер, бұ сөзге сал құлағыңды,  
Сыйлап күт бар әліңше қонағыңды.  
Намаз, құран, әділдік, қонақ күтпек-  
Қараңғы көрде сәуле шырағын-ды!

Әуелі жан иесі- Адам ата,  
Жан қылып топырақтан қылған жота.  
-Қонақтардың бұ сөзі аққа шықты,- деп,  
Пайғамбар қол көтеріп, қылды бата.

Ғалының бір досы бар -Ахтам атты,  
Жан беріп досы үшін қанға батты.  
-Қонақтарым, бұ сөзің аққа шықты!- деп,  
Пайғамбар ақ балдың дәмін татты.

-Артық пұр, Алла, берген сыйың екен [15],  
Балдан тәтті, таушықлы (туфиқлы) халал некен,  
Құдайға құлшылық қып жақпағымыз,  
Жіңішке жалғыз қылдан қиын екен.

Сүресің азар болса, жүз жыл өмір,  
Қылмысты отқа жанып, болар көмір.  
Қолына дүние малы келсе-дағы,  
Болғанда хисап (есеп) күні, жанға жәбір.

Сүресің азар болса патшалық,  
Өтпеді патша болып неше халық?!  
Үстінде алтын тақтың хан болсаң да,  
Бетіңе таразыда болар салық.

Сүресің азар болса, жүз жыл тірлік,  
Ағайын дәулеті артса, қылар бірлік.  
Қолыңа дүние малы келсе-дағы,  
Өмірің- не бір айлық, не бір күндік.

Сүресің азар болса [16], жүз жыл байлық,  
Болғанда біреу қойлық, біреу- тайлық.  
Қолына дүние малы келсе-дағы  
Өмірің- не бір жылдық, не бір айлық.

Өлімді ойламаймыз, еру елміз,  
Дүниеде қайғысы жоқ серуен біз.  
Ташкент пен [17] Бұхарадан мата жүктен,  
Дүниеге біз бір келген керуенбіз.

Құдайға жақсы кісі жылай берер,  
Қазаға пәле менен шыдай берер.  
Дүниеге біз бір келген керуенбіз,  
Қайтарын пұлды болып Құдай білер.

Боларсың азар болсаң, жүз жыл шешен,  
Қалмассың, иман тапшай, болса есің.  
Жүз жыл таубе қылғаның, - бәрі бекер,  
Жетімге зорлық қылып, хақын жесең.

Боларсың азар болса жүз жыл батыр [18],  
Түспей ме, өлсең басқа заман ақыр?!  
Жүрмісің: «Өлмеймін!»- деп, бейшаралар,  
Алдында тосқауылдан өлім жатыр!

Жанына оқи берсең, намаз пайда,  
Бұ иман, намаз білмей, саған қайда?!  
Барғандар бізден бұрын орын алды,  
Кошерміз біз де бір күн, жүтің сайла [19].

Жаныңа оқи берсең, намаз пайда,  
Тапшайсың өтіріктен жанға хайла.  
Бүгінде надап өскен қазақ түгіл,  
Пайғамбар- Құдай досы, торт жар қайда?

Жаныңа оқи берсең, намаз пайда,  
Тәубе кылып баға тор осындайда!  
Намазға салақ болсаң, жоғалдын ғой?  
Болмаса Мұхамедден, тимес пайда!

Пайғамбар дүйсенбі күн Миғраж асты,  
Көп жылап: «Үмбетім!»- деп, сондай састы.  
«Үмбетім әлде қандай болады?!»- деп,  
Көзінен ағызыпты қанды жасты.

Құдайға жағар ма екен ғамалымыз,  
Өлімді ойламаймыз, наданымыз.  
Кәпірді мұсылман мен айырғанда,  
Болады әлде қандай заманымыз?!

Ғалым бол, пайғамбарға ұл болмаған,  
Сираттың көшрінде пұл болмаған.  
Жүрмісін алды-алдыға күнә кылып,  
Құдайға қиын болар құл болмаған!

Жігіттер, бұ сөзге сая құлағыңды,  
Жуық қыл, тәубе кылып, жырағыңды.  
Қараңғы көр ішіне бір кірерсің,  
Әзірле жағар соған шырағыңды [20].

Біледі жалғыз тәңірі мінезіңді,  
Тәубе қылсаң-қылмасаң, кінә өзіңде.  
Қараңғы кордің жарығын мен айтайын:  
Парыз, уәжіп, сүндетке сал көзіңді!

Тағы да жалбарындық Құдіретке,  
Жалынса, медет бергей жаман дертке!  
Пайғамбар жалғыз ұғлын құрбан қылған,  
Сойткен біз не көрсеттік Мұхаммедке[21]!?

## Заман ақыр

Хабиб хақ сәруардайын,  
Әбубәкір, Ғұмардайын (Омардайын),  
Ғұнман (Оспан), Ғалы хайдардайын  
Ғаділ (әділ) патша табылмас-ты.

Иакшыны (жақсыны) көзден салмаңыз,  
Жаксыдан ғалыл (қапы) қалмаңыз.  
Тәңірі қылған жақсының  
Аяғынан алмаңыз!

Әр жұртқа бір, әр топқа бір,  
Аятын сақа табылмас-ты.  
Бас ауырса, баксыларды [1],  
Алып келің, бактырарсың.  
Бызабанды бейжай сүйіп [2],  
Оқименен қактырарсың!  
«Пәлекет қашты!»- деп,  
Тұмар алып, тақтырарсың.

Тура құрық салған болса,  
Дертке шина табылмас.  
Қазғының өлсе, ах ұрып,  
Ғамкін [3] болып қалсаң керек!  
Онан-мұнан кармаланың,  
Баз біреуді алсаң керек,  
Тосек қалың салсаң керек!

Бір кеткен соң камқорың (ғамқорың),  
Ата-ана табылмас-ты!  
«Жаман болды алғаным!»- деп [4],  
Бір Тәңірге көп налырсың!  
«Жарым сондай болса екен!»- деп,  
Көріңгенге көз саларсың.  
Әзел (азал) күнде маңдайыңа  
Жазған болса, не қыларсың [5]?!  
Бәріңізге жүзі кызыл,  
Қасы кара табылмас-ты!

Балаларың мектеп көрсе,  
Өркім келіп сауал сөйлесе,

Оған түзу жауап берсе,  
Оған баға (баға) табылмас-ты[6]!  
Көп мұсылмандар нақыр болар,  
Тамам жерлер тақыр болар,  
Пақырлардың халін сұрар-  
Қайырлы байлар (байдар) табылмас-ты!

Бұ дүниеге көңіл қойма,  
Қонақ қонса, арық сойма,  
Ақылың болса, өзіңді ойла [7].  
Алты құлаш бөзден басқа  
Артық пайда табылмас-ты!  
Жарлы екен деп аямайды,  
Бай екен деп сыйламайды.  
Ғапіл [8] адам ойламайды,  
Өлімі е хайла табылмас-ты!

Бір шыбындай жанын қинап,  
Ғаты шида (ғашида) болмасаң,  
Қатын, бала, малдан кешіп,  
Тәркі дүние болмасаң.  
Кеш[т]е –күндіз зар еңірен,  
Тағаттықты қылмасаң [8],  
Рақатпенен жатқандарға  
Дидар құдай табылмас-ты!

Балшықтан соғып, ісіріп,  
Әрбір түрге көшіріп,  
Ана ішінде жан қылып,  
Қып-қызыл қан ішіріп (ішкізіп) [9].  
Шешесінің қарынында  
Тоғыз ай, он күн кешіріп,  
Жылатып, жерге түсіріп,  
Әуелгідей мұныңды  
Және қылса керек-ті.  
Ғақыл беріп, ты беріп,  
Аяқ беріп, қол беріп,  
Ақ жүзге қызыл гүл беріп,  
Қуат қылса керек-ті [10]!

Он екі жасқа кім келсе,  
Құдайыны бір білсе,  
Өзін жұрттан кем көрсе,  
Өзінен жұртты зор көрсе [11],  
Мұндай кісі әр топқа  
Аға болса, керек-ті!  
Тағат қылса Аллаға,  
Күнде барса молдаға,  
Қағаз, қалам қолға алып,  
Қаратса жүзін құбылаға,  
Рақмет жауар ол құлға [12]!  
Мұның орны жаннатта,  
Бөлекше болса керек-ті!

Бір пара қылар ұрлықты,  
Ұрлықтың түбі қорлық-ты,  
Қыла жүрер зорлықты.  
Басы жерге жеткенше,  
Қоя білмес сұмдық-ты [13]!  
Құлағына алмайды  
Құдайдың салған жарлықты.

Мұның орны- жааннам,  
Ләззан болса керек-ті,  
Ғапіл адам жатады [14],  
Бір күн тәубе қылайын!  
Бір күн тәубе қылғанша,  
Үзіп жұлып алайын,  
Аузыма алып салайын!  
Жас уақытта тәубе [15] қылғанша,  
Қартайғанда Құдайға  
Мұқым жатып жылайын!

Өлшеп берген өмірін  
Зая қылса керек-ті.  
Бір параны Құдайым  
Алтын таққа міндіріп,  
Дәулет құсын басына  
Орнықты қылып қондырып [16],  
Нәрменіне (парманына) жұртын қондіріп,  
Оған жаққан шырағын

Ала алмай ешкім сөндіріп [17].  
Баршаға тілін алдырып,  
Қимылдаған жанларды  
Тіліне оның нандырып [18],  
Ел басы қылса керек-ті.

Жастыққа басың жеткенде,  
Жалынарсың малыңа.  
Жан алқымға келгенде,  
Кім көз салар халіңе?!  
Керек қылмас малыңды,  
Кім аяйды халіңді [19]?!  
Шашыратпай қаңынды [20],  
Суырып алар жаныңды.  
Ғазиз жаңды дененнен  
Айырып алса керек-ті [21]!

Қасықтап жиған мал қалар,  
Сайманы мен үй қалар.  
Кетпеспін деп отырған [22]  
Орныңнан денен қозғалар.  
Ұлан, ұсақ қыз қалар,  
Ағайының басыңда  
Айғай салса керек-ті!

Сені тезірек жоғалтар,  
Жеңсіз көйлек кидіріп [23],  
Бейнетпен жиған мүкәммал  
Көрінгенге олжа боп,  
Ішiңдi текке күйдiрiп,  
Үш жерiннен будырып [24],  
Өзiңдi жүрген көре алмай,  
Дұшпанына жудырып,  
Қатты бiр жердi ойдырып,  
Басыңа бiр тас қойдырып [25],  
Топырақпен бастырып,  
Дуа да қылса керек-ті!

Көзiн бiр оттай жайнатып,  
Ауыр күрзi ойнатып,  
Сорыңды сондай кайнатып [26],

Мүңкір, Нәңкір періште  
Еркiне қоймай ойға тiлi,  
Жалғанда қылған ісiңнен [27]  
Сауал сұрса (сұраса) керек-тi!  
Заман ақырдың хандары,  
Қасындағы сұлтандары,  
Так үстiнде жұртын түтiп тұрғандары  
Жарлыдан алып, байларға  
Ауыстырса [28] керек-тi!

Заман ақырдың қожасы  
Қыдырып [29] келер есiкке.  
«Бү үйде кiм бар екен?»- деп,  
Көзiн салар тесiкке.  
Бала-шағасын бастырып,  
Төрге шығып отырып,  
Дұға (дуа) қылса керек-тi!  
Заман ақырдың молдасы  
Шапырақтай [30] келер сәлдесi.

Бауыр қыла қормеңіз,  
Иманынан оңай-ды[31].  
Аузында оның үлдесi,  
Аузында Құдай куәсы,  
Қабыл емес дұғасы (дуасы).  
Қолына пайда түскен соң,  
Жарым дiлда оның бағасы (бағасы).  
Кормей, бiлмей бiреуге  
Куә болса керек-тi!

Заман ақырдың бiне  
Барар болсаң алдына,  
Құлағын салар жанына  
Қашан қарайды жалына (халiне),  
Түрiнiң қарап малына  
Төре берсе [32] керек-тi.  
Заман ақырдың байлары  
Ұлық бiлер [33] өз басын,  
Қайда дәулеттi кiсi келсе,  
Оған берер бар асын.  
Телмiрiп келсе бiр кедей.

Көзінен тоғип жасын,  
Бермек түгіл бейшараны  
Әжуа қылса керек-ті!

Заман ақырдың қатыны  
Канагат қымас қартыны,  
Артына тастап (ташлап) ұятты (ұятны),  
Бас жағын беріп байына [34],  
Біреуге берер артыны.  
Басқаға беріп бүтінін,  
Байына сақтар жартыны.  
Қиямет күні ол қатын  
Жаза тартса, керек-ті!  
Заман ақырдың жастары  
Әдебі жоқ, бейбастақ,  
Шайтанның жолдастары.  
Ата-анасының көзінше  
Қол салысып ойнасып,  
Ойнағаны, күлгені  
Зина болса керек-ті!

Ұл әкеден ұялмас,  
Қызды ана тыя алмас,  
Кетсе шарлап, жия алмас [35],  
Айтса әр нәрсе, тіл алмас.  
Заман ақырдың қыздары  
Беті қара болса керек-ті.  
Заман ақырдың адамдары  
Бір -бірінің артынан  
Өсек айтып қалмағай,  
Бір-бірінен ауысып  
Аяқ-табақ алмағай [36].  
Бір-бірінің үйінен  
Ас аузына салмағай,  
Үй басына озді-өзі  
Би болса керек-ті [37]!

Енді шүршіт шығып, Ташкентті алғай,  
Қокан менен Хожазаны алғай,  
Мұсылмандар жылап қалғай!  
Ұлығы ыәйбат піриад болса керек-ті!

Шүршіт шығып жүріс қылғай,  
Самарқанда ұрыс қылғай!  
Шаһизында шаттан шығып,  
Шүршітлердің бәрін қырып,  
Опа[т] қылса керек-ті!

Тажал (дажал) шығып, дінді бұзғай,  
Қылышынан кан тамызған,  
Мұсылмандар онда (анда) тұрғай,  
Сол малғұн: «Тәңірі- мен!»-деп,  
Ұғуы қылса керек-ті!  
Мәді (Міңді) шығып жолығысқай,  
Мұсылманға басын қосқай,  
Тажалменен ұрысқай,  
Тап тұта алмай, Мәди қашқай,  
Пайғамбардың көрін құшқай,  
Көрден Ғайса деп,  
Әуез (ауаз) шықса керек-ті!

Аспаннан Ғайса түскей,  
Мәдименен көріскей,  
Кәпірменен ұрысқай!  
Тажалды өлтіріп,  
Ғайса хукім жүргізіп,  
Мәдіні имам қылса керек-ті!  
Бір параны көрсеніз,  
Аузы тола иман-ды.  
Қойыны тола құран-ды,  
Сахар тұрып тындасан,  
Соққаны Алла ұран-ды.  
Хақтан қорқып жүрегін  
Пәре (пара) қылса керек-ті!

Бір параны көрсеніз,  
Беті-қолын жуынып,  
Һәммат қорын буынып,  
Нәпсіні отқа күйдіріп,  
Өз көңілін өзі бекітіп,  
Ол пендені Құдайым  
Иманды қылса керек-ті!

Бір параны көрсеңіз,  
Жанын отқа өртеп,  
Өмірін желге ұшырып,  
Нәпсі үшін жүгіріп,  
Жан жолдасы бес намаз  
Қаза қылса керек-ті.

Бір параны көрсеңіз,  
Қора-қора малы бар.  
Бір параны көрсеңіз,  
Табак-табак наны бар.  
Бір параны көрсеңіз,  
Күн көргіштік әлі бар.  
Бір параны көрсеңіз,  
Тек шықпаған жаны бар,  
Біреуді бай, біреуді кедей қылса керек-ті.  
Қожа- пұлға, молда-пұлға,  
Жақсы-пұлға, жаман- пұлға,  
Ұры, залым қарақшы- [38]  
Бәрінің талас дағуасы-  
Дүние болса керек-ті!

Разы (рызай) Алла, мал берсен,  
Қайыр үшін жан берсең,  
Баз бір жерде бас берсен,  
Қарны ашқанға ас берсең,  
Қиямет күн басыңа,  
Сая болса керек-ті [39]!  
Шапағатшы пайғамбар  
Үмбет үшін зар жылап:  
«Үмбетлерім күнәсын (кінаһын)  
Кеше гөр!»- деп, жалынып,  
Сәжде қылса керек-ті [40]!

Аздар көпке теңелер,  
Пақыр байға теңелер,  
Қорлар зорға теңелер!  
Бір-біріне теңеліп,  
Ақысын алса керек-ті [41].  
Ата ұлға бақпағай,

Қыз анаға бақпағай,  
Бұл күндегі тағулар  
Біріне-бірі жақпағай!  
Өркім өзі халімен  
Мүбетпа болса керек-ті [42]!

Пайғамбарлар бір бөлек,  
Машайықтар бір бөлек [43],  
Мұсылманнар бір бөлек,  
Көпірлер нәм бір бөлек,  
Жақсы жаман арасы  
Бір айрылса, керек-ті!  
Сұраушылар келер-лер,  
Бөлек-бөлек қылар-лар  
Сират атты көпірге  
Айдау салса керек-ті!

Сират атты көпірдің  
Жуандығы- бір қылдай,  
Ұзындығы- үш мың жылдай,  
Иманды құл болмаса,  
Өтпек түгіл мішкілді,  
Имансыздар жыласың,  
Нада кылса керек-ті!  
Арғына қараса, ор-орлар,  
Алдына қараса, қыл көпір,  
Қадам қойса, жығылар.  
Бүйткенше топырақ болса, қырып,  
Зар еңіресе, керек-ті!

Ол Мұхаммед пайғамбар  
Жалаң аяқ, жалаң бас,  
Көздерінен төгін жас,  
Көзден аққан жастары  
Қып-қызыл қанға аралас,  
Үмбет үшін жанларын  
Пида кылса керек-ті!  
Біреу құстай ұшады [44].  
Біреу желдей еседі.  
Біреу көз жұмып  
Ашқаннан-жығлап кешеді.

Ецбектеп өтірік біреу,  
Біреу тайып түседі.  
Өркім тамалына лайық  
Жаза тартса керек-ті.

Бір параға- бір демдік,  
Бір параға- мың жылдық,  
Бір параға- бір айлық,  
Біреуге болып бір күндік  
Өркім қызметіне қарай өтсе керек-ті.  
Ораза, намаз- иманың,  
Қылған қайыр, ықсаның  
Шалған қойың-құрбаның  
Арқасына көтеріп,  
Алып ұшса керек-ті!

Көрін [көріні] Расул үмбетін,  
Үмбетке қылған бамметін.  
Жиып тамам үмбетін  
Абу кәусар шәрбатын  
Ішіп қанса керек-ті!  
Жад (над) етіңіз Жаббарды,  
Жарылқаушы Ғаффарды,  
Әбубәкір, Гұмарды,  
Гұшман (Ослан), Ғалы хайларды  
Хауызы кәусар суына  
Табакшы қылса керек-ті!

Сүйген құлға оң қолдан,  
Сүймегенге сол қолдан,  
Бейбақтарға арқадан-  
Нама келсе керек-ті!  
Құлақ сал ғылым сөзіне,  
Ғалымның айтқан сөздерін  
Еш алмайсың көзіңе!  
Құдайымның алдында  
Қол-аяғың өзіңе  
Қуә болса керек-ті!

Мизан таразы құрылар,  
Әуелі намаздан сұралар,

Дүниедә қылған істерін  
Мойныңа сенің қойылып,  
Халінше қылса керек-ті.  
Дүниедә көп күлгендер,  
Дүниені өтпес білгендер,  
Күнәсы ауыр келгендер-  
Басын төмен салып,  
Ұялып тұрса керек-ті!

Пайғамбар туы жасыл-ды,  
Ғазірейіл туы қызыл-ды,  
Қиямет жолы ұзын-ды,  
Бара-бара ұзын жол  
Екі айрылса керек-ті!  
Бір жол барар бейішке,  
Түрлі-түрлі жеміске,  
Белі қылдан жіңішке,  
Хорлар болса керек-ті!

Хорлар он бес жасында  
Таза гүядер (гүллар) басында,  
Ер жиырма жасында  
Хорлармен ойнасып,  
Жақсылыққа жетсе керек-ті!

Денсаулық бар, ауру жоқ,  
Тірілік бар, өлім жоқ,  
Қызығы бар, қайғы жоқ,  
Суық, ыстық желі жоқ,  
Көктемдегі күндей болса керек-ті [45]!  
Ғайшы ғашырат онда бар,  
Наз нығымет онда бар,  
Шырын шәрбат онда бар,  
Жан фарағат онда бар,  
Құдайым сүйген құлына  
Несіп етсе керек-ті!

Бір жол барар тозаққа,  
Тәнірі алар азапқа,  
Түрлі- түрлі ғазапқа  
Душар етсе керек-ті.

Оттарға салып қоздатқай [46],  
Ботадайын боздатқай!  
Іс өткен соң пұшайман  
Пайда етпесе керек-ті!

Періштелер жиылып,  
Дүниенің суы құйылып [47],  
Алып келіп тозаққа  
Құйса-лар егер бұйырып,  
Түкіріктей бола алмай,  
Құрып қалса керек-ті [48]!  
Тозақшылар аш қалса,  
Зақұм деген зәрі бар,  
Рақметі (раҳматы) жоқ, қаңары бар,  
Сусағанға заңар (зәр) ішіп,  
Ішін қазандай [49] қайнатса керек-ті!

Әркім қылмысына лайық  
Жаза тартса керек-ті.  
Заман ақырдың адамдары (адамлары)  
Өмірлері аз болғай,  
Өздері құмарпаз болғай,  
Әрқайсысының қолында  
Бір-бір қобыз, саз болғай!  
Жиылып, түрлі ғаламат қылып,  
Жер жүзіне түрлі пәле болса керек-ті!

Дария тасып, су ақпағай,  
Таулардан бұлақ шықпағай,  
Жаңбыр жауып, шөп шықпағай [50],  
Малды сауса, сүт шықпағай!  
Рас сөз асла (әсте) қалмағай,  
Бір иманды болмағай,  
Тәубе есігі тарс бекіп,  
Байланып қалса керек-ті [51]!  
Жастарда әдеп қалмағай [52],  
Жасы үлкеннің тілін алмағай,  
Бірі-бірінің сөзіне  
Жүз ант ішсе, нанбағай,  
Медресе, мектеп салмағай,  
Ғалымлар айтса адал сөз,

Құлағын оған салмағай,  
Жалғаншылар сөз айтса,  
Сусыны онан қанбағай,  
Ақыреттің лайбағынан  
Піраад етсе керек-ті!

Азан менен қаумат кетер,  
Мейірім менен шапағат кетер.  
Молладан қалам, хат кетер,  
Мекке жерден көтеріліп,  
Аспанға ұшса керек-ті!  
Күн тұтылып, жел болғай,  
Топырақтан өзге шашылмас,  
Бұ жерде гүлдер ашылмас,  
Түрлі-түрлі жемістер,  
Құрып қалса керек-ті!

Иерафил сорын үргенде [53],  
Тау қаңбақтай домалар,  
Тас бұршақтай жаумалар,  
Жан дегеннің бәрі де  
Пақыр болса керек-ті.  
Тамам жерлердің жүздері  
Айнадай тақыр болса керек-ті!

Торт Мұқарраб періште  
Әрқайсысы бір істе,  
Үшеуін де өлтіріп,  
Хақ жарлығын орнына келтіріп [54],  
Ғазірейіл жалғыз қалса керек-ті!  
Құдайым айтар:

- Кім бар?!- деп,

Ғазірейіл айтар:

- Мен бар!- деп.

Бір қанатын тосеніп,  
Бір қанатын жамылып,  
Аллаһтың алдында жалғыз тұра алмай [55],  
Жан-жағына қарауға  
Бүлк етіп мойын бұра алмай,  
Ғазірейіл сонда өз жанын  
Өзі алса керек-ті!

Хақтан жарлық болып,  
Денеге қайта жан кіріп,  
Өлген адам тіріліп,  
Қылған амалдары (ғамалдары) бадырайып көрініп,  
Күн шыққандай жария  
Көзге түссе керек-ті [56]!  
Көрлі көрдің басында  
Елу мың жыл отырып,  
Көзден аққан жастары [57]  
Жер дүниені толтырып,  
Ұялғаннан аққан терлері  
Ұлығ дария болса керек-ті!

Пайғамбар жатқан тарапқа  
Тура қарап сименіз!  
Үйіңізде біреудің  
Пұлы болса, беріңіз!  
Аштан өліп қалмассыз,  
Халал болса дініңіз.  
Отыз тістен шыққан сөз [58]  
Кетеді талай жерлерге!  
Мұны жаттап (жатлап) алғандар  
Отырар шығып төрлерге.  
Қашанғы қалған ескі сөз  
Қадірлеп мұны жинаған,  
Құрметтеп (құрметлеп) мұнша сыйлаған,  
Деңіздер (диңыздер) рақмет- естіген  
Бейнет қылған ерлерге!

### *Шайхы Бурих*

Айтайын, тындасаныз, жақсы келті,  
Бізден бұрын көп адам өтіп кетті.  
Хазіреті мұстафаның заманында,  
Шайхы Бурих диуана деген өтті.

Тағы да айтайын (Шайхы) Бурих диуананы,  
Қайтармайды аузынан келген келті.  
Жақсы иман (мен) диуана сөз айтады,  
Не айтқанын Құдайым қабыл етті.

Ертеде Шайхы Бурих диуана өтті,  
Құдайым диуананы: «Достым!»- депті.  
Құдайым диуананы сонша сүйді,  
Сүйгеннен: «Өзім[нің] достым!»- депті.

Ертеде Шайхы Бурих диуана өтті,  
Диуананы Құдайым: «Достым!»- депті.  
Шыққан сөзін аузынан қабыл қылды,  
Диуананың Құдайға ғарызы жетті.

Тәңірім айтты бір күні:

- Ай, диуанам,

Қырық күндей қызмет қылсаң маған.  
Қызметіңіз өткеріп, менен тіле,  
Қалағаның берейін мен де саған!

- Жарлық қылсаң, қызметке [мен] лайық,  
Шыныммен қылайын зі[к]ір бүкірейіп.  
Қызметті өткеріп, қырық күннен соң,  
Бұйымымды тілермін мен де келіп.

- Диуанам, бермейді деп, ғапіл қалма,  
Бір беремін деген соң, қайту бар ма?!  
Қырық күн өтіп, қызметімні бітіргенше,  
Ине-жіптей көңіліңе харам алма!

Тентегім, айтқан сөзді жүптегейсің,  
Өзің кейін жаман сөзді кектемейсің!  
Бермесінді сұрар патшайым-ай,  
Бір онға (өңкем) бойынды бекітпейсің!

Бір күндей қыламын мың күніңді,  
Оңай қылып берейін қиынныңды!  
Саған қиын болса да, маған оңай,  
Таба алмай тұрар деймісің бұйымымды?!

Диуана қызмет қылды Құдайына,  
Қырық күн тынбай қылды ұдайына.  
Қырық өтіп, қызметін бітірген соң,  
Айтқан күнін болдырып, келді алдына.

- Диуанам, бәрекедді, қызмет еттің,  
Аз ғана күн айтысқан сөзі е жеттің!  
Көңіліңдегі арызыңды айтқыл маған  
Диуанам, өтіп кетті қу қызметің!

-Құдайым, қызмет салдың маған,  
Қызметім жақты ма екен енді саған?!  
-Айтқыл, диуанам, ғарызыңды енді,  
Қызметің өтіп кетті енді маған!

Диуанам, қызметің жақты маған,  
Қырық адам қызметін қылдың тамам.  
Арызың (ғарызың) болса, ай, диуанам,  
Не тілесен, беремін, енді саған.

- Өзің тентек жаратқан диуанамын,  
Бір өзіне мас болған, бір уанамын!  
Айт дейсің, қоймайсың, патшайым,  
Мен арызды (ғарызың) айтарға ойланамын.

- Диуанам, мақұл емес, ойлағаның,  
Ойласаң, рахматымнан құр қалғаның!  
Диуанам, бұ сөзіне ұялмағыл,  
Ұялсаң, дидарымнан құр қалғаның!

-Құдайым, маған берсең, тозақты бер,  
Тозақ отын[ан] күл ұшыра гор,  
Сен тіле дедің, тіледім, патшайым,  
Пенделер күнәсын кешіре гөр!

- Диуанам, тозақ па еді сенің қасың,  
Қарашы айтқан сөзін тентек мастың!  
Қалағаның берейін әлде болса,  
Тозақты қой, өз[ге] нәрсе тіле, достым!

- «Қалағаның тіле!»- деп өзің айттың,  
Өзің айтқан сертіннен өзің қайттың.  
Айтқан сөзге мен жеттім, сен жетпедің,  
Сен қайтсаң достықтан, мен де қайттым.

Өзің айттың дегенім- «Тіле!»- дедің,  
Өзің тіле дегенге тілеп едім.  
Шайтанға да аз арлық беріп едің,  
Шайтан құрлы кормедің еш пендені.

Сегіз бейіш жараттын: «Рахмет!»-дейін,  
Жеті тозақ жараттын: «Қаһар не?»- дейін?!  
Тозақты күл қылып көкке ұшыр,  
Тәңірім, сенен разы болайын мен.

Күшің жетпей тұр ма екен осыларға,  
Пенделердің күносын кешіруге.  
Он сегіз мың ғаламға патша- сенсін,  
Сен кешірмесең, газірейіл кешірер ме?!

Бар қыларға келгенде, күшің жетті,  
Жоқ қыларға келгенде, қайда кетті?!  
Құдая, тозағыңды ұшырмасаң,  
Өзімді тозағына түсір!- депті.

Ибраһим Исадай айдай ол Меккені,  
Құдіретіңмен жараттын өзің мені.  
Растылыққа мен жеттім, сен жетпедің,  
Мұндай көрмекші емеспін достым сені!

Меккеден түзік екен көңілім менің,  
Сонша түзік көңілімді қалдырғаның.  
«Соңара отқа пендемді саламын!»-деп,  
Мақұл ма екен тозақты жандырғаның?!

Әуелгідей болмады айтқан сөзің,  
Өзің білесің, достыққа жеттім өзім.  
Достылығыма мен жеттім, сен жетпедің,  
Мен бұзабадым Меккені, бұздың өзің!

Пенделерім өз ісіне қанық дейсің,  
Достықтың көрмедім еш пайдасын!  
Он сегіз мың ғаламның жары- Құдай,  
Айтқан сөзден сен тайдың, мен таймадым!

Құдайым жоқ, тәңірім жоқ сенен өзге,  
Айтқан сөзім жетер ме өзгелерге?!  
Патшалық халіңмен сен жетпедің,  
Пенделерің қайтіп жетеді айтқан сөзге?!

Тәңірі айтты:

-Тозағым тұра тұрсын,  
Мұсылманым қорыққаннан тәубе қылсын.

Бір тозағым болмаса, мұсылманым,  
Менің Құдай екенім қайдан білсін?!

Мұсылманды бейішке қаратқанмын,  
Кәпір үшін тозақты жаратқанмын.  
Пиғылынан мұсылман тозақ барса,  
Өз обалы өзіне онан жаман.

-Ай, Құдай, өзіме бер тозағыңды,  
Бір-ақ өзім көрейін ғазабымды.  
Құдай-ау, не қылсаң да, өзіме қыл,  
Тозағыңа жібермеспін қазағымды.

-Диуанам, тозақ оты тұра тұрсын,  
Қорыққаннан пенделерім тәубе қылсын!  
Бір тозақтан қорықпаса пенделерім,  
Менің Құдай екенім қайдан білсін?!

Диуанам, бұ заман ақыр болар,  
Мұсылманның көбісі кәпір болар.  
Аспандағы жұлдыздар жерге түсіп,  
Жердің жүзі мидай тақыр болар.

Диуанам, бұ заман ақыр болар,  
Бәрісі мұсылманның кәпір болар.  
Азға зорлық-зомбылық қылғандар көп,  
Бәрі де өз алдымда қоқыр (қыхзыр) болар.

Пенделерге тозақты көрсетейін,  
Аз бен көп екеуін теңгерейін.  
Көптен аздың ақысын (ғақысын) алып беріп,  
Диуанам, бұ сертіме құп жетейін!

Пенделердің күнәсын кешірейін,  
Кешсем де Иасинға түсірейін.  
Аздың малын көпін деп жегендерге  
Тас жегізіп, заһарды ішірейін!

Ай, диуанам, тозағымды пендем көрсін:  
«Қатты ғазап бар екен,- деп,- Алла!»- десін.  
«Аса қатты ғазап бар екен!»- деп,  
Иман қылған есен бе бушман жесін!

Диуанам, тілегінді мен берейін,  
Мұсылманды тозаққа жібермейін!  
Көп пен аздың ақысын (ғақысын) алып беріп,  
Қор мен зордың екеуін тенгерейін!

Диуанам, мақұл емес қой бұ сөздерін,  
Тозақты қой, өзге нәрсе тіле деймін.  
(Күл қылып) Тозағымды өшірсем, пенделерім  
Бір күн қоймай жеп кетер өзді-өздерін!

Диуанам, ризамысын енді маған,  
«Немді аяйын-деп тұрмын,- енді сенен?!»  
Мұхаммед атлы достым құрметін[е]  
Үмбетлерін тозаққа жібермеспін!

-Құдай-ау, еркінлікпен айттым саған,  
Тілеуім сен-дағы бер айын маған!  
Мұхаммедтің күнәһар үмбеттері  
Тозағыңның отынан болсын аман!

Диуананың тілегін Құдай берді:  
- Мұсылманды тозаққа салман!- деді.  
-Жаратқан бір Құлайдың хақы үшін,  
Дұға қылып қойыңыз бұған!- деді.

## Көрұғлы

Айла медет Жаббар [Хақ],  
Сөйлесін деп біздерге  
Беріп еді тіл мен жақ.  
Бір қиссаны аяқтап,  
Тамам етіп кетейін,  
Жар болса бізге аруақ.

Неше бөлек таралған  
Бұл өзбектің баласы.  
Түрікпен халықтың ішінде,  
Ат пенен ердің санасы.  
Қазақпенен бұлардың  
Әуелден-ақ бір екен  
Ата менен анасы.

Түрікпеннен шықты Толыбай  
Тұлпар мінің, ту алып.  
Ерлігіне сүйеніп,  
Халқы жүрді қуанып.  
Ерегiскен дұшпаннан  
О да жүрді кек алып.

Мұның ұлы –Шағала  
Шағаланың баласы  
Патша болды Мұңдыбек.  
Дұшпанға қылып ерлікті  
Кәпірден бұ да алды кек.

Пайғамбардың діні үшін,  
Қызылбаспен соғысты.  
Қарап тұрмай бұл кәм тек,  
Арыз-Румда соғысып,  
Жаулармен неше тоғысып.  
Басын жойды бұл ердің  
Жанды қоймас қырғын көк.

Жамағаты зар жылап,  
Жесір қалды Алтыншаш.  
Бота форым, ақ мамық,  
Өзі сұлу қолаң шаш.  
Сұлулығы сонша бар,  
Көрген адам болар мас.

Бұрын тапқан бала жоқ,  
Құдіретке қылар шара жоқ.  
Жүкті болып бейшара  
Отыз бірде қалды жас.

Біраз уақыт өткен соң,  
Алтыншаш бір күн ауырды.  
Шақырып алды жанына  
Бозқұландай бауырды.

Күні-түні жатады,  
Ауруы жанға батады.  
Есінен салмай, жад етіп,  
Жаратқан Жаббар- кәдірді.

Сүйген құлы риза дүр,  
Құдайдың салған ісіне.  
Әуел бастан тамамдап,  
Кіріп еді қырық шілтен  
Сол күні мұның түсіне.

Алла салса, дариға-ай,  
Фазиз басқа не пәрмен (парман)?!  
Толғатып бала тудырмай,  
Ішімде кетті-ау көп арман!

Көргенім өтірік болмаса,  
Ергенгі күні өтермін!  
Хак бұйрығы осылай,  
Не ғып ғылаж етермін?!

Тоғыз ай, он күн көтерген,  
О, дариға, арманым,  
Көңілім бір кетті тына алмай,  
Бұл қасіреттен жазылып,  
Белімді бекем буа алмай,  
Үміткер болған қуанышым,  
Бойымда кетті туа алмай!

Өзімменен ішімде  
Бірге кетті-ау арыстан!  
Теке жәумет халқына  
Болса керек данышпан!

Несібесін тілеген  
Құрсақта жатып, алыстан!  
Атқа мініп, ер жетсе,  
Маңына келмес бір дұшпан!

Бір айдан соң табармын,  
Ұмытып кетпе, шырағым,  
Ашып ал көрден баланы.  
Айналайын, Бозқұлан,  
Меніменен болсаң туысқан!

Бозқұланға мұны айтып,  
Жұмды көзін Алтыншаш.  
Құдіретіне Алланың  
Сұнып мойын, қойды бас.

Жаназа оқып, кебіндеп,  
Апарып қойды молаға  
Ағайын-қауым, қарындас.  
Апасының айтқанын  
Анық расқа қоя алмай,  
Қылмады мұны жұртқа паш!

### *Көрұғлының көрде туған жері*

Көр ішінде туғызып,  
Жан беріп жісмін тебіrentті.  
Ғаусыл ағзам, қырық шілтен,  
Емізді қолдан шәрбатты.  
Сүт шығып ана төсінен,  
Бір-біріне еміrentті.

Тастан бұлақ ағызып,  
Көрұғлыны жағызып,  
Бірнеше күн, жыл өтті.  
Жеті жасқа келгенде,  
Ғауыс ағзам ұстаты  
Үйретіп әрбір өнерді,  
Өткерді бастан міндетті.  
Моладан шығып жүретін  
Көрұғлы бекке күн жетті.

Қайрат күші бойына  
Көрұғлының сыймады.  
Далаға шықпай тұруға  
Еш тағаты болмады.  
Дүйсенбі күн тал түсте  
Моладан шығып, ерігіп,  
Жалғыз жүріп ойнады.

Бұл уақытта бала ғой,  
Жалғыз-ақ ойын керегі!  
Көрінгенге талшынып  
Ұмтылады жүрегі.  
Әлі күнге мұны жоқ  
Емшектен басқа қорегі.  
Шәмбіл шау шабар деп

Тас, топырақтан қора ғып,  
Тілеген сонда тілегі:

-Айналайын, Құдайым,  
Айғқанымды кош көрші!  
Дүниенің қызык соулетін  
Сатусыз маған бос берші!  
Түрікпеннің жұртына  
Аға сұлтан патша ғып,  
Жаратқан Жаббар, ием-ай!  
Жүз жиырма жас берші!

Мал сойып жинап жұртымды,  
Ақсақалдан бата алсам,  
Ишан мен жиып қожаны  
Дұғасымен хат алсам!  
Түрікпенге ие боп,  
Артымда қалып атағым  
Дүниені кезіп, жұрт алсам!

«Көрұғлы сұлтан» - атансам,  
Сұр бұлғтай аспандағы ойнасам,  
Кәпірді алдыма салып айдасам!  
Шапса қылыш, атса мылтық өтпесе,  
Жүз мың жаудың ішінде  
Аждаһадай ақырып,  
Арыстандай ойнасам!

Бір Құдайдан қылар болсам үмітті,  
Дар[б]азам болса алтын құлыпты.  
Өзім дүние кезіп,  
Жұрттан асқан ер болсам!  
Қасыма ертсем аждаһадай  
Қырық бір атты жігітті!

Қасыма ертсем аждаһадай жандарды,  
Құл ғып сатсам қызылбастай жауларды!  
Қырық жігіттің ортасында жүргенде,  
Құлатар ем дүниеде биік тауларды!

Беліме байласам аснаһадай болатты,  
Көкке қарай қарғытып мінсем Ғиратты!

Түрікпеннің халқын жинап хан болып,  
Өлгенімше жағып өтсем шырақты!

Құдай үшін мешіт үйді салдырсам,  
Құны қаптан қос сұлуды алдырсам!  
Қартайғанша жаудан қайтпай жүрегім  
Жүз жиырма жасқа жетіп, болдырсам!

Мен бір өтсем қатарымнан, теңімнен,  
Болсам батыр дұшпан жүрмес соңымнан!  
Қатын алсам перизат-періден.  
Оймақ ауыз, күлім көзді сұлудан!

Көрұғлының шілтен болсын достары,  
Перизаттың қалам болсын қастары.  
Перзент тумас болсын оның өзінен,  
Болсын оның он төрт жаста жастары.

Шілтен пірім, сен емессің құлақсыз,  
Атқа мінсем, іс қылмаспын тұрақсыз.  
Дүниеде перзент берме, қайрат бер,  
Өліп кетсем, ризамын, тұяқсыз!

Шәмбіл- білге соқсам алтын шаһарды,  
Асқар таудан көрінсе биік мұнарлы!  
Әр қақпаға мыңнан атты байласам,  
Зер кекілді, мойнында алтын тұмарлы.

Кәпірлерге мен көрсетсем жұмысты,  
Жүз мың жауға бермес болсам тынысты!  
Түрікпеннің бар ұстасын жинатып,  
Аспаһани соқсам өткір қылышты!

Алтын тақта салдырсам түрлі өнерді,  
Әр қылышым болса тілді кемерлі.  
Ешбір арман қалмас еді-ау көңілімде,  
Кәпірлерге қылсам түрлі өнерді!

Бір Құдайға қылсам әр күн тәубені,  
Сыйлап күтсем жасы үлкен ағаны!  
Қырық жігітпен [түрлі тамақ] ішетін  
Алтыннан жасатсам шайхана орданы!

## *Көрден шыққан жерде*

«Көрұғлы сұлтан»- атанып,  
Туғаннан жауға өшіккен.  
Пендесі құр қалмайды  
Тәңірі берген несіптен!

Бақыты ашылса біреудің,  
Ғайыптағы нәрселер  
Өз-өзінен кіреді  
Домалап келіп есіктен.

Ешкім сөкпес айыптап:  
«Келтірді- деп- нешіктен?!»  
Мына бір жерін айтайын:  
Аланың сөзін ұмытып,  
Бозқұлан ер кешіккен!»

Кешіккенін айтайын:  
Бозқұланның бар екен  
Ақбілек деген бір жары.  
Сол күндегі адамнан  
Артық бір (біз) екен ажары!

Сонынан ерген әуре боп,  
Мал мен басын ұмытар  
Оған түссе назары.  
Кәпірлерден әр жерден  
Іздеушілер көбейіп,  
Қашпаса егер бір жаққа,  
Таянғандай секілді  
Бозқұлан ердің ажары.

Күйгентаудың басына  
Ақбілекті алып жөнелді.  
Мінген қара тұлпары,  
Қиядан көздеп іледі  
Қолындағы сұңқары.

Ауламаққа көп екен  
Құлан бір құлжа, арқары.  
Елсізге шығып дем алып,

Душпандардан алыс боп,  
Қасіреті біраз тарқады.

Апасының Бозқұлан  
Айтқан сөзін ұмытты.  
Есептесе, сол кезде  
Жетпіс екі ай- жыл өтті.  
Арқар, құлжа аулаған,  
Ақбілек пен Бозқұлан  
Күйгентауды жайлаған.  
Алтыншашты ұмытып,  
Айтқан сөзге бармаған.

Апасының Бозқұлан  
Айтқан сөзін ұмытты.  
Етегінен Күйгентау  
Бір құланды қуыпты.  
Құлан ұзап кеткен соң,  
Сахара майдан даладан  
Көп ұлтқа жолықты.

Анын аулап Бозқұлан  
Сахара майдан даладан.  
Өте берді гулетіп,  
Көп зиарат моладан.  
Құм басқан жалаң аяқ,  
Бір адамның ізі бар,  
Тым-ақ үлкен шамадан.

Тартты атының тізгінін:  
«Зиараттың ішінде  
Не ғып жүрген бұл адам?»  
Апасының айтқаны  
Есіне түсті сол кезде  
Дәл сап етіп Бозқұлан.

Жақсы адамның сөзінің  
Болмас, сірә, іреуі.  
Жер мен көктің бар ма, ойла,  
Ортасында тіреуі?  
Моланы батыр таниды  
Апасының тапсырған

Есіне түсті сол кезде  
Қақсаған зарлап тілеуі.

Із иесі аң емес,  
Байқаса бөтен жан емес.  
Өліктен тірі жан шықпас,  
Құдіретке ғажап таң емес!

Байымдап енді білді ойлап,  
Көрде туып, көрде өскен,  
Көрұғлыдай жиені.  
Зар етіп, Хаққа қылды зар:  
-Өлмесе, мұның болар- деп,-  
Алды-артымның сүйеуі!

Жапанда өскен тағыға  
Қашан бір қолым жетеді?!  
Бере гөр, Құдай, маған!- деп,  
Ұстауға талап етеді.  
Түсіре алмай қолына[н],  
Арада төрт ай өтеді.

Қарасын көрсе алыстан,  
Жуықтатпай маңына,  
Жығып бір қашып кетеді.  
Көрмегені жақсы екен,  
Көріп бір, қолы жете алмай,  
Бозқұланның жүрегін  
Ғашықтық оты өртеді.

Сандалды батыр далада,  
Қиып бір тастап кете алмай,  
Астына мінген тұлпары  
Арыды, қуып жете алмай.

Баладан әбден түніліп,  
Қайғыдан белі бүгіліп,  
Төрт айдан соң Бозқұлдан,  
Қайтты бір үйге түңіліп.

Ба[р] хайласын тауысып,  
Қалды көзі үңіліп.  
Үйіне қайтып келген соң,

Бозқұланды көрген сон,  
Ақбілектей асыл зат  
Алдынан шықты жүгіріп.

Бозқұлан сонда сөйлейді:  
-Сенсің менің, Ақбілек,  
Сүйген жарым, алғаным.  
Қайтсем, менің басылар  
Көңілдегі арманым?!  
Моласында аламның  
Бір тамаша іс көріп,  
Төрт [айдан] бері, Ақбілек,  
Күзетіп соны қалғаным!

Түсіре алмай қолыма,  
Қапалықпен келіп құр.  
Екі етегім көл болып,  
Көзден аққан жасыма!  
Қоршаған бұлт сықылды  
Зор қайғы орнап басыма!

Зарығып жүдеп келіп тұр,  
Тірі емес бүгін, өліп тұр.  
Ауырлап жүгін, бақ етіп,  
Шөгіп бір қалды нарларың.

Есіктің алды қар ма екен?!  
Қатар-қатар нар ма екен?!  
Бір перзентке дүниеде  
Бізден де ешкім зар ма екен?!  
Арманы не екен дүниеде  
Алдында бардың ағасы,  
Артында бардың інісі,  
Тетелес өссе баласы?!  
Алды-арты жоқ жалғыздың  
Болмайды еш құн, бағасы!

Дұшпан келсе жалақтап,  
Шабасың қайда далақтап?!  
Мұнан қиын бар ма екен:  
Төрт болса көзің, алақтап?!

Сор болар тұзың, еңбек еш,  
Жаныңды қи да, дария кеш!  
Ұстап алсам, қарағым,  
Болар еді-ау сүйеніш!

Ақбілектей алғаным,  
Саған бір қолка салғаным:  
Табарың бар ма бұған еш,  
Қалай соны (сол) ұстармын?!  
Күйгенімнен көп сөйлеп,  
Ерте күнді қылдым кеш.

Сонда Ақбілек сөйлейді:  
-Молада жүрген тағыға  
Болдың ба мұндай ынтызар?  
«Шың тілеген пендеге  
Болады-деген- Алла жар!»  
Әр пенденің басыңда  
Бола бермес мұң мен зар!

Биік тауда қар жатқан,  
Жүк қалмас жолда нарға артқан,  
Қақсатып қанша зарлатқан-  
Сүйген құлын беру бар,  
Ашылар бір күн жүйесі,  
Мұнайтып қоймас Иесі!  
Құдіреті күшті Құдайдың  
Бір жарылқар күні бар!

Мен айтсам сөздің мақұлын,  
Ұстайтын оның ақылын-  
Алма деген жемістен  
Көп қылып сонда алып бар,  
Тастап кетсең әр жерге,  
Теремін деп жүргенде,  
Ілікпес (илікпес) пе екен ақ сұңқар?!

Көр ішінде тудырған  
Алланың қалай пәрмені?!  
Жалғыздықтан кетіп жүр,  
Бозқұланның дәрмені.  
Жетейін деп келеді,  
Тарыққан ердің арманы.

Теріп алып көп қылып,  
Бір бұтаны тасалап,  
Әр жерге әкеп тастап жүр:  
«Қызықсын!»- деп, алманы.  
Көрден шығып Көрұғлы  
Алмаға жатқан қарады.  
Қолына алып алманы  
Сонда аузына салады.

Тәттілігі пақырдың  
Көңіліне әбден жарады.  
Еш нәрседен хабарсыз,  
Далада өскен батырың  
Бір-бірлеп теріп, үстіне  
Бозқұланның барады.

-Қарағым, кел!- деп, ұмтылды,  
Көргеннен соң Бозқұлдан.  
Зып беріп бала жөнелді  
Құлаш жайып созылған  
Жерге басқан іздері  
Жол бол жатыр қазылған.

Шаңына қалды ере алмай,  
Қосылса да жақыннан.  
Барса бір көрге Көрұғлы  
Есігінің алдында  
Жатыр екен арыстан.  
Тұрар емес шошынып,  
Жүгіріп жетіп барысқан .

Көрмеген бір жау кез болып,  
Иек асты жақыннан,  
Не қыларын білмейді,  
Адасты бала ақылдан.

Кейін қалды артымда  
Менімен атпен жарысқан  
Өкпем күйіп шошынып,  
Келіп тұрмын алыстан.

Жаумысың өзің, елмісін,  
Кембісін, өзін, теңбісің?!

Жөніңді айтшы сен маған!  
Қалайшадан бұл жерге  
Жатырсың келіп, арыстан?

- «Ұстай ма?»- деп, қауіп етіп,  
Адамзаттан қашамын.  
Жаулықпен келсең сен маған,  
Тырып еткізбей басамын!

-Опыр- топыр ұйкалап,  
Кәжік-күжік күйқалап,  
Қабырғаңды күйретіп,  
Жемтігінді сүйретіп,  
Екпініңді басамын.  
Еркелемей былай тұр,  
Көз салып маған мойның бұр!  
Іздемесең, қалың сор,  
Орнымды берші, арыстан!

Сонда арыстан сөйлейді:  
-Жау болуға жарамас  
Көрген жан сенің қараңды!  
Танытуға мен келдім  
Артыңда қуған ағаңды!  
Мұнан былай емуге  
Анаңның сүті арам-ды!

Нағашыңмен танысып,  
Жаяулықтан құтылып,  
Арғымақ мініп жарысып,  
Дүниеге шығып қорек қыл  
Мұсылманға бұйрықты  
Ләззатты халал тағамды.

«Білдір!»- деп, мені жіберген  
Қырық шілтен ғайып бабаң-ды!  
Кіріп көрге көрісуге  
Рұқсат жоқ анаңды!  
Артыңнан қуған- таны енді  
Бозқұландай тағаңды.

Көрұғлы сонда сөйлейді:  
-Ей, арыстан, дүниеде

Мен жүзінді көрмеспін.  
Айрылсам ана сүтінен  
Тірі де болып жүрмеспін!  
Жалғаншы сенің сөзіңе  
Анығын білмей ермеспін!  
Өтірік пірлер айтпаса,  
Жүз жиырма жасамай,  
Жалғанда жаудан өлмеспін!  
Пірлерім болса мандаткер,  
Ешбір жанның сөзіне  
Құлақ салып көнбеспін!  
Жөніңді айтып білдірші,  
Мен сені бұрын көргем жоқ,  
Кім екенің білмеспін!

Сонда арыстан сөйлейді:  
-Ендеше баян етейін:  
Көріп тұрған күніңмін!  
Жаныңды раушан ететін,  
Хош иісті гүліңмін!

Кедергі болып асырмас,  
Дұшпанға асқар бөліңмін!  
Қайрат-қуат беретін  
Қапаларыңды шығарып,  
Көңілдегі желіңмін!

Танымасан, танырсын,  
Көр ішінде неше жыл  
Балапандай баулыған  
Жалғанда бақ пен талайың  
Қолдаушы ғайып піріңмін!

Көргеннен соң батырдың  
Піріне көңілі бітеді.  
Төменшілік жүзінен:  
-Рұқсат бер!- деп өтініп,  
Көп кішілік етеді.

Осылай сөйлеп тұрғанда,  
Қара атпенен төпелеп,  
Бозқұлан ер де жетеді.

Қалқан қылып тау-тасты  
Қашуменен Көрұғлы  
Шөгiрлi таудан өтедi.  
Қанатты қара тұлпарға  
Бiр көрсетпей қарасын,  
Адастырып кетедi.

Ер Бозқұлан жад етiп,  
Бiр Құдайға жалынды.  
Астындағы тұлпары  
Қара терге малынды.

Қайғы түсiп көңiлiне,  
Көзден жасы құйылды.  
Пiрлерден медет болмаса,  
Ұстар iсi қиын-ды!  
-Сал мұны түзу жолға!- деп,  
-Түсiре гөр қолға!- деп,  
Бозқұлан сонда зарланып,  
Пiрлерге жылап сыйынды.

Қарсы алдынан жел тұрып,  
Соқтырды қара боранды.  
Дүниенiң тола шөп-шары  
Балаға келiп оралды.  
Аяққа бөгет боларлық  
Әр нәрсе кеп килiгiп,  
Теп-тегiс басы құралды.

Ауызға өкпе тығылды,  
Алдынан сокқан қатты жел  
Қайнатты жаман зығырды.  
Бiр бастырмай аяғын,  
Ғауыс ағзам, қырық шiлтен  
Себепкер боп мүдiртiп,  
Аяғын тұсап кiдiртiп,  
Тау мен тасқа сүрiптiп,  
Дымы құрып жас бала  
Бiр жерге кеп жығылды.

Жатқан жерiн көрген соң,  
Шаршағанын бiлген соң,

Ұстайын деп түйілді,  
Даярлап жібек киімді.  
«Ашумен салып қалар!»-деп,  
«Бір салса басты жарар!»- деп,  
Қусырып қолын әдеппен  
Алдына келіп иілді.

Көрұғлы сонда сөйлейді:  
-Адамзат маған пар ма еді,  
Бір жетім пана таппастай,  
Дүние құрғыр тар ма еді?

Еркіме менің қоймастан,  
Шешемнен қуып шығарып,  
Осынша жер қақсам да,  
Шаршамадың бір талып.

Қашқанды қоймай еркіне,  
Неге мұнша қыстадың?  
Шаршы түсте қуғаннан  
Кешке кеп зорға ұстадың!

Осынша мені қуғандай,  
Алды-артымды бугандай,  
Көзімнен аққан бұл жасым  
Өкпемді болды жуғандай.

Менде кеткен, адамзат,  
Әкенің құны бар ма еді?!  
Бозқұлан сонда сөйлейді:  
-Сенен басқа менің жоқ  
Бұл уақытта тілегім.  
Зәредей жоқ көңілімде  
Сен үшін, қозым, иреуім!

Жалғыздық түсіп басыма,  
Серік қыла алмай шаршадым  
Түрікпеннің біреуін.  
Нағашың жүр қан жұтып,  
Болмаған соң зар етіп,  
Алды-артымда сүйеуім!  
Көрде туып, көрде өскен,

Сен боласын, қарағым,  
Көрұғлыдай жиенім!

Бала да болса, Көрұғлы  
Ақылмен ойлап біледі:  
Алыс емес, жақынын.  
Жеті жаста сұлтаның  
Аксұнқар құстай түледі.

Талаптары ойлаған  
Енді орынға келеді:  
-Бұл сөзіңе нанбаймын,  
Білсең, айтшы, адамзат,  
Жалған айтпай, шын айт-  
Менің әкем кім еді?

Бозқұлан сонда сөйлейді:  
- Басыңды қос, шырағым,  
Екі жерде жүрмелік!  
Сұрасаң, баян етейін,  
Мен нағашын- жетімек.  
Лаз, Румда соғысып,  
Жаулармен неше тоғысып,  
Ойран еткен әр жерге  
Сенің әкең – Мұңдыбек.

Батырға түсті (тосты) ақылды,  
Жақсы адамның маңайы  
Күнде болар жиын-той.  
Бір қиял кірді есіне  
Бар кебін баян еткен соң,  
Қайғырсын мұның несіне?!  
Пірлері келіп дәл сол күн  
Әуел бастан тамамдап  
Көрұғлыдай баланың  
Кіріп еді түсіне.

Жар болса тәңірім құлына  
Даяр қылар керегін.  
Көрұғлының Бозқұлан  
Байлаған шешті білегін.  
Көздің жасын тыя алмай:

«Болды-деп,- қабыл тілегім!»  
Бозқұландай батырдың  
Көңілінен қайғы арылды.  
Мінгесумен екеуі  
Арам тер жүрген бойында  
Қара тұшар шабылды.

Неше жыл бағып өсірген  
Піскен қауын жарылды.  
Жүз мың жауға беретін  
Жалғыз өзі төтеп-ті  
Арыстан мұнан табылды.

Қауіпсіз жүрген дұшпанның  
Кең дүниесі тарылды.  
Моладан өте бергенде,  
Көрұғлы бек арыстан  
Бозқұланға жалынды:  
-Тілегім бар, нағашы,  
Қабыл көрсен, тілейін!  
Рұқсат берсен, анамды  
Не халде екен, білейін.  
Жансыз тәнін пида ғып,  
Асырап еді-ау әжекем  
Барып тағы көрейін!

Екі төсін иіскелеп,  
Мауқын басып, аймалап,  
Кешікпей тағы келейін!  
Кеткенім ғой арманда  
Көре алмаспын жалғанда,  
Емшегін бір жол емейін!

Бозқұлан сонда сөйлейді:  
-Болып тұрсың, қозым-ай,  
Жалғанда менің шырағым.  
Бұл жалғанда қалайша  
Басылар менің құмарым?!  
Қайғыменен қан жұтып,  
Неше күндей байланған  
Екі көзде жанарым.

Дүнишаным көп, қорқамын  
Қашып жүріп күн көрген  
Күйі елтауда тұрағым  
Тапсыр Хаққа, қайтесің?!  
«Келмей ме,- деп,-қорқамын»  
Жібермеймін, шырағым!

Қорұғлы сонда сөйлейді:  
-Қайран газиз анам-ай,  
Дүние жүзін әуес қып,  
Барады кетіп балаң-ай!  
Жетп жыл жатып жаныңда  
Қорек алып төсіңнен  
Жол тартып енді барам-ай!

Ықтияр жоқ басымда  
Оқымағұл пәл дұға:  
-«Кетті» деп,- тастан,- қарамай!»  
Шарасыздан барамын  
Тағамның сөзін қия алмай.  
Қайтарылуға жарамай!

Қорұғлыны алып жөнелді  
Күйі елтаудың басына.  
Бозқұланның көңілі өсіп,  
Ағалы-шіді екеуі  
Ақыл қосып: «Жон!»- десіп.  
Күйі елтауда келеді.  
Түшарға қара міні есіп.  
Асығып шауып келеді.

Жолыққанша сұлуға  
Ақбілектей кездесіп,  
Мекен еткен неше жыл  
Күйі елтаудың даласын.  
Ақбілек пен Бозқұлдан  
Бітпруге келеді  
Көңілдегі жарасын.

Қарап тұрса алыстан  
Мінгесулі екі ердің  
Ақбілек қорді қарасын.

Екі көн үйілі,  
Корейін деп жүгірді,  
Жиеп мен тағасын.  
«Өгірік пе, шып ба?»-деп,  
Зар етіп Хаякка келеді  
Қолмен ұстап жағасын.  
Сүйін жатыр піскелеп,  
Көзінен ағып қанды жас  
Корұттыдай баласын.  
Мекен еткен неше жыл  
Ақбілек пен Бозқұлан  
Күйгеншаудың басында  
Корұттыдай арыстан  
Екі зарлы мұңдыға  
Ермек болып қасында  
Шаттық кіріп қоңыне  
Тыйыншытық алып жатады.

Біраз уақыт осында  
Жанды аямас Бозқұлан  
Енді өтіне тигеннен  
Қонді қайтпас сүйгеннен,  
Мінді атқа желігіп,  
Корұтты қызық көрсін деп,  
Аң қумаққа Күйгеннен.

Жаннан қайтпас жүрегі  
Қайратына сенгеннен,  
Қара[ға] дамыл бермеді,  
Неше күндей мінгеннен.

Бозқұлан жанын қойып тұр  
Корұттыдан аяуды.  
Ашыс емес аңшыған  
Дұшпан жақын таяу-ды,  
Келе жапқан сенделіп,  
Кер биіге қос артқан  
Бозқұлан көрді көзімен  
Қырық бір жүрген жаяуды.

Коргеннен сөн Бозқұлан  
Үйіне қайтып шабады.

Астындағы қараны  
Екі жақтан сабады.  
Қоңілі жамап шошынып,  
Мекен еткен жайына  
Шабуыл қойып барады.

Бозқұлан келіп сойлейді:  
-Ей, шырағым, қайдасың?  
Қырық бір дұшпан мен кордім,  
Сен таптасаң хайласың.  
Қараға мінсең: «Алла!»-деп,  
«Іздеген жауың қайда?»-деп,  
Алдыңда бәрі жайрасың.  
Кәрің (ғариб) болған нағашың  
Батыр туған ерінің  
Көреді қашан пайдасың?!

Атқа мінсең, бағланым,  
Жүз мың дұшпан болса да,  
Мен білемін. қоймассың!  
Мен болайып дұғала,  
Кәміл пірлер қолдасың.  
Қарағым бүгін ойнасың!

Бес қаруды іл беліне  
Келді дұшпан көріне  
Тырнақ алды санарың  
Бір құдайға аманат!  
Жауды қоспа үйіріне,  
Кеудеден жанын айырып,  
Таянт қолын бүйіріне!  
Түсуге жаудың сонына  
Онар емес бұл күнде  
Кез келген қарсы жолына.

Қараға мінді арыстан,  
Несібесін тілеген  
Құрсақта жатып, алыстан,  
Атқа мініп ер жегсе,  
Маңына келмес бір дұшпан.  
Баруға белін түзел тұр,  
Жолдас алмай жанына.

Көрұғлы сонда сойлейді:  
-Бозқұландай нағашы,  
Әр тарапқа бұл күнде  
Бөлініп тұр ойларым.  
Жүз мың дұшпан болса да,  
Билесің бе, тағам-ау,  
Жиеніңнің жайларын?!  
Тірі болсақ, көрерміз,  
Қызылбас пен қалмақтың  
Неше түрлі жайларын!

Бозқұлан сонда сойлейді:  
-Сөзімді тыңда, шырағым,  
Сақтасын Құдай, сақтасын  
Құдіретімен Алланың!  
Мынау садақ қалыпты  
Рүстем менен Дастаннан.  
Ер жігіттің көп болар  
Жау ішінде хайласы.  
Ибраһим Сатилдің (Тилдің)  
Соққан мынау найзасы.

Сұраған соң, шырағым,  
Баян етпек дұрыс-ты.  
Мұнан былай шыққан соң,  
Түзетерсің жүрісті.  
Атаңыз өткен ер Дәуіт  
Саған кеткен қалдырып,  
Сауыт пенен қылышты.

Көрұғлы сұлтан қуанып,  
Мұны естіп сүйініп,  
«Жау!»- деген соң, асығып,  
Аш бүркіттей түйініп.

Бес қаруды асынып,  
Сауыпты алды киініп.  
Сансыз дұшпан болса да,  
Қамайын деп иіріп.  
Сойлейді сонда Бозқұлан:  
-Көрұғлыны тапсырдым

Иа, Кәрім, иа Аллаға  
Ғаршы, Күрсі, Лух, Қалам,  
Мүлкінде дүр бар шағалам!  
Қозыма бергіл сен иары!  
Бағланым жауға жөнелді  
Бұл дүниенің сәруары.  
Сұлтаным қашан келгенше,  
Осы орында қозғалмай,  
Нағашынның тұрғаны.  
Жауымды жаулап беретін  
Сен- жанымның қорғаны.

Жолдасың жоқ қасында  
Барасың жалғыз жетімек.  
Ғайыптан қолға түсіріп,  
Ақбілекпен екеуміз  
Шүкіраналік етіп ек.  
Көңілін пәс қып қайтармай,  
Иа, Мұхаммед пайғамбар,  
Бере гер бізге бір тілек!

Мұсылман аз-ды, көп-ті кәпір,  
Салар қозым заман ақыр.  
Қозыма бергіл сен иары  
Ғұмар, Ғұсман, Әбубәкір!

Тозаққа кетер кәпір жаны,  
Жад етемін, Жаббар сені!  
«Дұшпандарға қор қылма!»-деп,  
Тапсырдым: «Иа, хазірет Ғалы!»

Мұсылманға кәпірлер қас,  
Қозымның көңілін қылма пәс!  
Жәрдем бергіл, қырық шілтен,  
Ғаусыл ағзам, хызыр Ілияс.

Қараменен жөнелді,  
Екі жаққа сабалап.  
Шошынар емес, тұрса да,  
Жүз мың дұшпан қамалап.

Күйгентаудың басында  
Отыр екен қырық бір ер

Әрқайсысы мысал шер,  
Салса көзін шамалал.  
Көзін салып байқаса,  
Ойда біреу келеді  
Тас бұршақтай домалал.

Сапабек деген бір ері  
Бар еді мұның ішінде  
Есеп жоқ күшінде.  
Тоғысқанда жаулармен  
Мың санға өзін бағалап.

Жолдасына сол шақта  
Сапабек тұрып айтады:  
-Бүгін болды бір ермек  
Беті қайтар ер емес,  
Алайын деп келеді  
Жеті жасар жүгірмек.

Ал енді біздер қашайық,  
Күйгентаудың басына.  
Бір жерде тұрып өлмелік,  
Қолдан намыс бермелік!  
Қашып бәрі жөнелді,  
Күйгентауға тырмысып,  
Жоғары өрлеп басына.

Кер бие қалды байлаулы  
Жүгі қалды жайраулы.  
Олжа боп таудың тасына,  
Басына түсіп уайым  
Жаннан басқа нәрсені  
Ерлер қойды тілеуді.  
Көрұғлы жетсе артынан,  
Бұлардың орны сайлаулы.

Көрұғлы шауып сол шақта  
Кер биеге барады.  
«Тырнақ алды олжам!»- деп,  
Маңдайынан тәуе етіп,  
Анықтап белгі салады.

Қашқан ерді иіріп,  
Бір жерге әкеп қамады.  
Құтылмасын білген соң,  
Сапабектей асыл зат  
Қол қусырып батырдан:  
«Сауға!»- деп жанын сұрады.  
Құдақ салсаң сөзіме  
Сапабектей асыл зат  
Ұнады ердің көзіне:  
«Тар жерде жолдас болар!»- деп,  
Көзін салып қарады  
Батырлардың жүзіне.  
«Сұраған өзің қырық жігіт  
Жолығар, -деп- дәл бүгін!»  
Түсіне кіріп пірлері  
Айтып еді өзіне.

Аттан түсіп Көрұлы  
Көріседі ерлерге.  
Ел-жұртынан айрылып,  
Жаһан кезген шерлерге.

Ғайыптан мұны кез қылған  
Риза болды пірлерге!  
-Қырық жігітім, серігім,  
Аманат қоям бұл жерге!

Бес жылдан соң беліңе  
Алмас қылыш байлатып.  
Арғымақ атты жайлатып,  
Қос-қос дабыл қақтырып,  
Түрікпен халқын бақтырып,  
Құс салып, сайран етерсің,  
Һудак деген көлдерге!

Сапабек сонда айтады:  
-Бұйрық болса Алладан,  
Жолдас болып ерерміз.  
Қалай жатып Күйгенде  
Жаяу не ғып жүрерміз?  
Сұлтаным, айтқан сөзіне  
Шарасыздан көнерміз.

Бес жылғаша бұл жерде  
Ишетін ас болмаса,  
Киер киім болмаса,  
Қалайшадан жүрерміз?  
Бізге рақым етсеңіз,  
Кер биені тастап кел,  
Біз күмәнсіз өлерміз!

Көрұғлыны сонда сөйлейді:  
-Бұл аштықтың жолына  
Түспеңіздер, нарларым,  
Туғансыздар, ерлерім,  
Жұлдыздың тұз су оңына.

Көрұғлының Сапабек  
Кәміл пірге жыласаң,  
Арқар, құлан, киіктер,  
Өзі келіп шұлғысар  
Ұстатып даяр қолыңа.  
Саятшы қылып тапсырдым  
Қырық шілтен бас қосқан  
Ғайып иран ау шеран  
Басымды беріп жолыңа!

Қозғалмастан жата бер,  
Тәуекелден бас бұрма.  
Талапқа белін бұғандар!  
«Далада аштан өлем!»-деп,  
Уайым, қайғы қылмаңдар!

Айтқанымнан бұрылып,  
Бөтен жаққа бармаңдар!  
Бөтен істі көңілге  
Жігіт болсаң, алмаңдар!  
Бес жыл деген- бес-ақ күн  
Уағдадан таңбаңдар!

Аманат қылып тапсырдым  
Сіздерді бабам ер Қанпар  
Пірлерім болса медеткер,  
Ететұғын не ғам бар?!

Кер биені алып жөнелді:  
-Аман бол!-деп, -Сапабек!  
Өзі тірі тұрғанда,  
Дұшпандарға кетпес кек.

Бұл уақытта екпіні  
Буырқанып, бұрсанып.  
Мұздан темір құрсаңса,  
Қозғалғандай жер мен көк.  
Бозқұлан үйде жылайды:  
«Біреу жауға сыналмай,  
Мінді –деп-атқа ертерек!»

Көрұғлы келді үйіне,  
Өсіп бір келді көңілі  
Іздеген жауды бұқтырып,  
Нағашысын қуанып,  
Көңіліне шаттық көп кіріп.

Өзіне атын тапсырып,  
Жата берді Көрұғлы  
Женгесінің жанында  
Кер биені бақтырып.

Атасы өткен Мұңдыбек,  
Тұлпар мініп, ту ұстап.  
Қозғалмаған табаны  
Жалғанда жаудан жылыстап,  
Жеткізіп қойған Құдайым  
Көңілге алған нәрсесін  
Орны-орнымен дұрыстап.  
Бозқұлан үйде жок еді,  
Сырттан келіп бір адам  
Жөн сұрайды дауыстап:

**Райхан патшаның айтқаны:**

-Қоңыраулы қатар-қатар нар бар ма?  
Сөз айтамын ақымақ туған занғарға!  
Кәлдірханның патшасымың- Райхан  
Бұл ортада мен сөйлесер жан бар ма?

Мұны естіп Көрұғлы батыр сүйінді,  
Қамқа тонды тал бойына киінді:

-Сөйлеуге саған жарар мен бар!- деп,  
Үйден шыға тысқа қарай жүгірді:

-Аға, сіздің танымаймын затыңды,  
Рас айтпай, өтірік айтқан қатын-ды.  
Саған берген аман-есен сәлемім-  
Астындағы түсіп берші атыңды!

Көрген жерден көңіліне әбден жарады,  
Екі көзі ішіп-жеп атты барады.  
Үстіндегі Райханмен ісі жоқ,  
Шыр айналып атқа анықтап қарады.

-Ат таныған мұның өзі қандай бек,  
Сатпай саған ат беремін қалай тек?!  
Көзіңе тиер Фиратыма қарама,  
Жеті жасар көрден шыққан жүгірмек!

-Кетемісің көзім жасын ақтырып,  
Мінер ме еді Фиратынды бақтырып?!  
Аға, маған басы бүтін бермесең,  
Кер биеме кетсең қайтер шаптырып?!

-Үйге барып, патша екенім- білдірсең,  
Айдын көлден лашыңға қу ілдірсең!  
Фиратымның орамалы сол болсын,  
Құшақтатып жеңешенді сүйдірсең!

Мұның сөзін қабыл көрді Көрұғлы,  
Алаңғасар ердің ісі белгілі:

-Сүйгізбекке Райхандай патшаға  
-Тұрмын,- дейді,- жеңешем, сені бергелі.

Жан жаратып, [сұлу] (суыр) еткен Құдайым,  
Жаңа шықты көңілдегі уайым.  
Ақ бетіңнен бір сүйгізсең, нең кетер,  
Кер биеме бір шаптырып қалайың!

-Бір қапалық бізден бүгін өтпесін,  
Білдім енді мені көрмей кетпесін.  
Ат үстінен ала-ақ мені жөнеліп,  
Тақымына қысып алып кетпесін!

-Сен шықпасаң, жеңгем, жүзің көрмесің,  
Тірі болып бұ дүниеде жүрмесің!

Кер біент алып жонелді:  
-Аман бол!-деп. -Сағабек!  
Ой ір, тұрғанда,  
Душандарға кетпес көк.

Бұл уақытта етін  
буықанып, бүрсанып,  
Мүзтан темір құралса,  
Қошпа алдай жер мен көк,  
Бозқұлан үйде жылайды:  
«Бірер жауға сыналмай,  
Мінді деп-атқа ертерек!»

Көрүтты келді үйіне,  
Осін бір келді қонды  
Естеген жауды бұқтырып,  
Нағашысын қуантып,  
Қондыне шағық қон кіріп.

Өтпелі алып ташырып,  
Жата берді Көрүтты  
Жеті естің жанында  
Кер біент бақтырып.

Ағасы өткен Мұңдыбек,  
Тұлпар мінді ту ұстап,  
Қондырмаған табаны  
Жау ағды жауды жылыстап,  
Жеткіпін қойған Құдайым  
Қонды ел алаш пәрессін  
Орша-оршамен дұрыстап,  
Бозқұлан үйде жоқ еді,  
Сырттап келін бір адам  
Жөн сұрайды дауыстап:

**Райхан патшаның айтқаны:**

-Қоңырауды қатар-қатар нар бар ма?  
Сөз айтамын ақымақ тұған заңғарға!  
Кәлірханның патшасымын- Райхан  
Бұл ортада мен сөйлесер жан бар ма?

Мұны естип Көрүтты батыр сүйінді,  
Қамқа тонды тал бойына кінді:

-Сөйлеуге саған жарар мен бар!- деп,  
Үйден шыға тысқа қарай жүгірді:

-Аға, сіздің танымаймын затыңды,  
Рас айтпай, өтірік айтқан қатын-ды.  
Саған берген аман-есен сәлемім-  
Астыңдағы түсіп берші атыңды!

Көрген жерден көңіліне әбден жаралды,  
Екі көзі ішіп-жеп атты барады.  
Үстіндегі Райханмен ісі жоқ,  
Шыр айналып атқа анықтап қарады.

-Ат таныған мұның өзі қандай бек,  
Сапшай саған ат беремін қалай тек?!  
Көзіңе тиер Гиратыма қарама,  
Жеті жасар көрден шыққан жүгірмек!

-Кегемісін көзім жасын ақтырып,  
Мінер ме еді Гиратыңды бақтырып?!  
Аға, маған басы бүтін бермесең,  
Кер биеме кетсең қайтер шаптырып?!

-Үйге барып, патша екенім- білдірсең,  
Айдың қолден лашыңға қу ілдірсең!  
Гиратымның орамалы сол болсын,  
Құшақтатып жеңешенді сүйдірсең!

Мұның сөзін қабыл көрді Көрүғлы,  
Алаңғасар ердің ісі белгілі:

-Сүйгізбекке Райхандай патшаға  
-Тұрмын,- дейді,- жеңешем, сені бергелі.

Жап жаратып, [сұлу] (суыр) еткен Құдайым,  
Жаңа шықты көңілдегі уайым.  
Ақ бетіңнен бір сүйгізсең, нең кетер,  
Кер биеме бір шаптырып қалайың!

-Бір қаналық бізден бүтін өтпесін,  
Білдім енді мені қормей кетпесін.  
Ат үстінен ала-ақ мені жөнеліп,  
Тақымына қысып алып кетпесін!

-Сен шықпасаң, жеңгем, жүзін қормесің,  
Тірі болып бұл дүниеде жүрмесің!

Мен тіріде жеңгем қылма уайым,  
Өзім өлмей сені жауға бермеспін!

Жиенінің көңілін қымай ұялып,  
Түрсегелді алмай мойны бұралып,  
Шыға келді ақ орданың ішінен  
Таулан қашқан ақ түлкідей шұбалып.

Бір кеткен соң келе ме енді қайрылып,  
Жаяулықтан қала берді қаймығып.  
Балалықпен бұл қулықты аңдамай,  
Женгесінен қалды: «Дат!»- деп, - айрылып.

-Мына дүние маған болды-ау бүгін тар,  
Құдай досы, иа Мұхаммед пайғамбар.  
Аңға кеткен нағашыма көрсетпей,  
Қазір менін жанымды алшы, Біру бар!

Ғаусыл ағзам, иа, қырық шілтен кәміл пір,  
Тартып кетсең, ризамын, кара жер!  
Аңға кеткен нағашыма көрсетпей,  
«Пендем!»- десең, Жаббар Құдай, өлім бер!

Адам болып мен жүремін не халде,  
Айрылып қап жоққа болуым арқанда.  
Аңға кеткен нағашыма көрсетпей,  
Жеті жаста аманатын ал, Алла!

Ғират ізі жол боп жатыр қазылған,  
Өзал күнде, осылайша жазылған.  
Бұл жылаумен Корұғлы бек тұрғанда,  
Бірнеше анмен келді аннан Бозқұлан:

-Бір қапылық балалықпен өтті ме,  
Аңдып жүрген дұшпанның көңілі бітті ме?!  
Мен келгенде, неге жүгіре шықпады  
Алла қосқан Акбілегім кетті ме?!

-Төрі күн болды мен айрылып жатқалы,  
Жиеніңді қарғау Құдай атқаны!  
Жеңгетайым жоқтай көрме, агажан,  
Жиеніңнің бір айғырдың сүрігіне сатқаны!

-Сүйген жарым үшін болған мен мұндық,  
Қапалынып еш болмайын бұған дық.

Жеңге түгіл жаным саған құрбандық  
Айнырынан алсаң тұқым, арман жоқ!

Құлын тапса, Ғират қылып мінерсің,  
Есен болсаң, ұзақ дәурен сүрерсің.  
Сен тіріде уайым қылман, шырағым,  
Аман болсаң, оziң алып келерсің!

-Аспанда бар Үркер менен Таразы,  
Қиқу салар тауықтардың қоразы.  
Бұл сөзіңе көңілім менің шаттанды,  
Жаң нағашым, жаңа болдым мен разы!

### ***Кер биенің толғауы***

Күні бігіп жеткен соң,  
Кер бие бір күн толғатты.  
Ішіндегі жануар  
Шығара алмай ғиратты.  
От оттамай, су ішпей,  
Дамылсыздан аунапты.  
Отыз күндей дөңбекшіп,  
Ешбір тыным болмапты.  
Шыдай алмай Көрұғлы  
Аяндап үйге барыпты.  
Аспаны канжарын  
Қолына батыр алыпты:  
«Құлыншағым жазым болып,  
Тұншығып өліп қалар!»- деп,  
Жұқа шаптың тұсынан:  
«Бисмилла!»- деп, салыпты.

Қиған қамыс құлақты,  
От орнындай тұяқты.  
Бір тазы бедеу ішінен  
Шауып шықты жануар  
Бейне тұлпар сияқты.

Ерте берді бір тілсқ  
Жеткізді атқа Құдірет.  
Ойлағаны болған соң,  
Батырға енді не керек?!

Бір көк ала ғираты  
Алды қолға жетімек.

Бозқұлан кетті шапқылап,  
Өрдегі жатқан жылқыға.  
Күн-түн жүрін дамылсыз  
Шәмбілдің ылықты бөліне.  
Жылқы санап жағалай,  
Иудактың айдың қоліне.

Мұнан айдап жөнелді  
Бөліп алып жүз бие  
Жошықсын мұның кіміне.  
-Ғиратыңды еміз!- деп,  
Күйгенде жатқан дұлағын,  
Айдап бір көлді еріне.

«Қой көтерер семізді»,  
Қатқанда бетін кім баспас  
Түнегі терең теңізді?!  
Құндаққа оран ғираты,  
Жас балаға ұқсатып,  
Тілетесін жегізді.  
Күні-түні қосақтап,  
Бір өзіне ғиратын  
Жүз биені емізді.

Тәрбиелеп бағумен  
Құлын-тайдан бұл асты.  
Құнан жаста ғиратқа  
Көрген адам қарасты.  
Донен жаста ғиратқа  
Бейне пырақ ағындай  
Салған абзат жарасты.

Жеңгесін бағыр қумаққа  
Бес жасына қарамай.  
Жалына батыр жармасты.  
Асықса да, рұқсатсыз  
Шірлерден медет болмас-ты.

Бір қорғенше жеңгесін,  
Көрүтсе батыр тұрмас-ты.

Жарқылдағын байлады  
Белше тауар алмасты.  
Арманда сапал қандым деп  
Өлгенше естелі қалмасты

Жауға алмай піріне  
Жүгіре-жүгіре малда  
Табаңдарын тас тасті.  
Сайып иран қырық шітген  
Шөгірлі тауда кездесті.  
«Қалдыр ханға барам!» деп,  
Рүксан сұрап пірінен,  
Сол жерде баатыр сөйлесті.

Пірлері сонда сөйлейді,  
-Бір шашқан сөз ширатты  
Ал алмасатын тоқтатып,  
Өр-өрында жүрмес бұл  
Ешбір серік жоқтатып,  
Күй-түй жүрсең, тоқтамас,  
Алтайың, жаным, ұмытпай,  
Отыз күнде бір отта[ғы]ңа

Берді бата пірлері,  
Нынағұмыш кез болды  
Атпенен ерлігің терлері,  
Жаудан қайыпнас жүреті  
Наныз осы кездері,  
Жаппанда жоқ кездескен  
Екеуінің теңдері.

Бұл сөзімнің ішінде  
Ажар мен жок сөздері,  
«Ақбілекті ізде!» деп,  
Бата берген тең-теңге  
Корұдының пірлері.

Пірлерінен бата алып,  
Пиратқа мөлді арыстан,  
Ойламайды қалар деп,  
Қағарла шашқан жарыстан.

Балкыгандай майысқан,  
Жез қармақтай қайысқан.  
Он үш жасқа жетпей-ақ,  
Жау іздеген алыстан.  
Көрсетпей күшін ғираттын  
Кім қорқады намыстан?!  
Бозқұлғанға тапсырды:  
-Шәмбілге қарай айда!-деп,  
Елді аударып қоныстан.  
Бас қосып адам болындар  
Қай уақытта келемін  
Аузы түкті орыстан?!

Мен тіріде, Бозқұлан,  
Кемік болмас басыңа.  
Ақбілекті көргенше,  
Өмір берсін жасыңа.  
Күйгентаудың басында  
Қырық жігітім менің бар  
Сапабекке сәлем айт  
Ертіп ал соны қасыңа!

Бозқұлан сонда сөйлейді:  
-Жаратушы, иа, Жаббар,  
Көрұғлы үшін қылдым зар!  
Жүзі жарқын, беті ашық,  
Бергіл бұған ықтияр!

Мен тапсырдым қозымды  
Үш жүз он мүрсәлге!  
Сажып қыран сәруары  
Иары бергіл, иа, Хайдар!  
Өзіңнен медет болмаса,  
Біз кәріпте не хал бар?!

Жүрген жері қозымның  
Болсын дайым гүлстан!  
Аман болса, дұшпанға  
Салса керек зымстан!

Мен қозымды тапсырдым:  
Иа, кожа Ахмет Иассауи,

Жатқан жайы-Түркістан.  
Барша пірлер- аманат  
«Тар жол, тайғақ кешуде»,  
Нашарларға болысқан.

Көрұғлы батыр жөнелді,  
Қарғыта басып, секіртіп,  
Астында ғират ойнатып,  
Сулығы жүген шайнатып.  
Тұяқтан ұшқан тозаңы  
Һудак көлін шаңдатып.

Үсті-басын шаң басты,  
Күні-түні жол тартып.  
Садағын салған оқтатып.  
Найзаның басын шоқтатып.

Бір жүріп ғират кеткен соң,  
Ала алмас басын тоқтатып.  
Керліктіріп келеді  
Айшылықты алты аттап.  
Тұяғы қиып кеткенде,  
Тасты күл ғып таптатып.  
Ғират сынды жануар  
Келе жатыр шаңдатып.

Белінде тарсу жарқылдап,  
Райханға жүрді бет алып,  
Көз жіберіп қияға  
Қарауылы қарап, жер байқап,  
Бір биік таудан асады.  
Жолдасы жоқ жанында  
Сөйткенмен кімнен сасады?!

Ойына алмай дәнеме  
Ғиратқа қамшы басады.  
Бет алдынан не келсе,  
Аналайдан қашады.

Көрұғлы батыр жау іздеп,  
Шығып бір кетті елінен.  
Жанды қара көрінсе,

Сұлтанның жұрмес шенінен,  
Гүлетүмен барады  
Дімеіздің өтіп көлінен.

Қарынады ғиратты  
Тау мен тасты жерінен.  
Өткелі жоқ өтетін  
Түнжырап жатқан, түбі жоқ.  
Көркіп деген бір судың  
Сөкты арыстан белінен.

Мақтайды батыр жалының,  
Астындағы ғиратты:  
-Қиыра жалды, қыл күйрық  
Хайуан заттан сымбатты.  
Сен астымда жүр еңде.  
Жай жүру маған қымбат-ты!

Құдайым бізге жазған жоқ,  
Тылып ұйықтап жатпақты.  
Жазған бір бол ай маңдайға  
Дүшпаннан кекті алмақты!  
Осындай қып жерлерде  
Айналайын, ғирағым,  
Салсам бір саған салмақты.

Тәуекел деп Аллаға  
Астындағы ғиратты  
Көркіннен сонда қарғытты.  
Баладай қылып өсірген  
Көрұғлы батыр күндақта.  
Мінбек болып жау жаулап  
Жол үетінде қалмаққа.

Талап еткен жолы-бұл  
Кәлдір хашға бармаққа!  
Еретекен дүшпанға  
Заманақыр салмаққа!

Бес жылдан бергі серті- бұл.  
Оуенден-ак дерті -бұл,  
Салмай көзін жан-жаққа!

Аспан көкпен таласын,  
Қарғыш барын түседі  
Сексен кадам ар жаққа.  
Жүгірумен Корұтлы  
Келеді шабар жанына,  
Жайылып жатқан малына.  
Қарамайды көз салып,  
Бұлардың көп-азына.  
Жон сұрасын, сөйлесті  
Қой бағып жүрген қалжырап  
Көрініктен балжырап,  
Қарлаңдау болжыр тазына.

Ал, сол шалды өлтірін, шабар жаққа жүрейін деп тұрғанда, сонда гиратыма сөйлегені:

Он үшімде шағын едім жұмысқа,  
Тіл білмейтін, аузы түкті ормысқа!  
Мен келешіме, гира-жаным, аман бол  
Берік болғайсың аспаннан қылышқа!  
Көздір ханға жалғыз келген бұл басым,  
Жалғыз сен боп жатқан басқа жоқ.  
Бес қаруға, гира атым, не бол,  
Аунағанда, түсіп бұлар қалмасын!  
Бір қапылық бүгін бізден өтпесін,  
Жалғызшылық түбімізге жетпесін!  
Шілтен пірім, гиратыма сақшы бол,  
Мен келешіме, бір жау алып кетпесін!

Корұтлы сұлтан қолына таяқ алып, қойшы киімін киіп, шабарға келеді.  
Ақбілек Корұтлыны танып сөйлескені:

Жан жаратып, сурет еткен Құдайым,  
Пайғамбардың-Алла сүйген- үмбетін!  
Аман-есен келдіңіз бе, асыл заң,  
Кейін қалған бізден жылдан перзентім  
Сен жалғыз, мынау көп түр қызылбас!  
Сен жылама, көңіліңді қыл кара тас!  
Сен екенің қызылбастар білмесін,  
Кейін Корұтлы бек амандас!  
Көңілімізден шықпай жүрген қапалық.

Жалғыз жүрген жау қолында мен- мұңлық,  
Өлсем, Хаққа ризамын, мен көрдім,  
Шыбын жаным саған болсын құрмалдық!

Мәшһүр болған бұл халыққа дабысын,  
Пірлерің мен Алла ондасын жүрісің!  
Көп кешікпей, Көрұғлы бек, кейін қайт,  
Қандай күнде бітер екен жұмысың!  
Сонда Көрұғлы айтады:

-Жермен жексен қызылбасты етпекке,  
Түп-түбіне кәпірлердің жетпекке,  
Уақытың қалай, Ақбілектей женеше,  
Келіп едім алып сені кетпекке!

-Қызылбастар мазақ қылып күлмей ме,  
Алла қайрат Көрұғлыға бермей ме?!  
Сеніменен қашар едім бүгін түн:  
«Өз байталын алып кетті!»- демей ме?!  
Талдап шашын он екіден өрейін  
Күн батқанша алдап қызды көрейін!  
Ақшам уақыты, әзір болып тұр сонда,  
Шама келсе, ертіп қызды келейін!

Талабыңды қайтармасын Құдайым,  
Осы жерде мен келгенше тұр дайын!  
Оныменен тең бұл дүниеде жан болмас,  
Өзі сұлу жұрттан асқан-Гүлайым!

Ақбілек Көрұғлыны сөз байлаған жеріне қойып, Гүлайымға келіп айтқаны:

-Қыз-ау, бикеш, талдап шашты өрейік,  
Қызғалдақ көп Алтынтауда, терейік!  
Ағаң ұйықтап жатқанында, қыз Бикеш,  
Жан сүйсінер қызық көріп келейік!

-Бір қапылық бізден, сірә, өтпесің,  
Ағама жау түбімізге жетпесің!  
Бұлай жүру бізге еп пе, жеңге жаң,  
Қараңғыда бір жау алып кетпесің!

- Қыз бикештер талдап шашын өрермін,  
Қызғалдақ көп Алтынтауда, терермін!

Сенің аған Райхандай күшті еді,  
Маңайына дұшпан батып келер ме?!

- «Жақсы лепес- жарым ырыс»- ырым-ды,  
Онаша алып сұраймысың сырымды?  
Сеніменен барар едім қосылып,  
Айтсаң маған сонда ойлаған шыныңды!

- Бау ағаштан гүл терелік түн қатып,  
Жатқанменен не табамыз құр жатып?!  
Ойнап-күлер шағың осы, қыз Бикеш,  
Жүр, келелік біраз шерді тарқатып!

-Ақылы асқан менің жеңгем нам еді,  
Ол айтқаның маған лайық пар ма еді?!  
Ерік әліме қоймай алып барасың,  
«Көрсет!»- деген мені біреу бар ма еді?

- Алтын, күміс Райханның қаласы,  
Жазылмайды-ау, жүрегімнің жарасы!  
Әнеу күнгі өзің айтқан жігітің-  
«Көрсет!»- деген Мырзабектің баласы.

-Барар едім ендеше оған сайланып,  
«Оянар- деп тұрмын-ағам!»-ойланып.  
Ағай білсе, бір-ақ күнде жоқ қылар,  
Барсам-дағы, кешікпейін, айланып.

-Ғашық болған сол жігітің өзіне,  
Қылма мазақ мені соның сөзіне.  
Көп тоқтатып мен қасына қоймайын,  
Бір көрініп қайтсаң болар көзіне.

Алып шықты алма мойнын бұралтып,  
Бау ағашқа жетіп келді түн қатып.  
Оң үш жасар Көрұғлы бек арыстан  
Тұрған екен ғират атын ойнатып.

Туды жұлдыз Көрұғлының онынан,  
Қараңғыда кім қуады сонынан?!  
«Мырзабектің баласы»- деп, нандырып,  
Алып келіп тапсырыпты қолынан:

-Аман-есен өз жұртыңды көргейсің,  
Көп кешікпей іздеп мені келгейсің,

Қыз екен деп өзің бұған қызықпай,  
Бозқұландай нағашыңа бергейсің!

Нардай белі нағашыңның бүгілді,  
Мен кеткен соң қабырғасы сөгілді.  
Апарып бер осы қызды қолына,  
Өзің бұған аудармай-ақ көңілді!-

деп, қала береді. Таң атқан соң Ақбілек тұра сала кір жуып жатыр екен. Райхан тұра келіп, үй ішінде жоқ болған соң, Райханның Ақбілекке: -Гүлайым кайда?!-деп айтқаны:

-Тұра сала жан-жағыма қараймын,  
Ерте тұрдың, қатын, сенен сұраймын.  
Қарасам да көрінбейді бұл үйде,  
Қайда кеткен қарындасым-Гүлайым?!

-Үсті-басым жүдеп, өзім кірледім,  
Тұра сала жудым кірді- ермегім.  
Жүзқара қар түн ішінде ойнақшып жүр еді,  
Төсегінде бар ма, жоқ па білмедім.

-Аш беліне айыспаны ілген-ді,  
Он үш жаста ғиратына мінген-ді.  
Онан басқа еш дұшпаным жоқ еді,  
Теке жәуміт Көрұғлы бек келген-ді.

Көрұғлыдан туысым айырып келермін,  
Ғиратыма қайратпенен мінермін.  
Көйлек-дамбал су қылыпсың, Ақбілек,  
Мен үстіме енді немді киермін?!

-Бар деп айтсам, бегім, көңіл толады,  
Жоқ деп айтсам, бегім, көңіл солады.  
Екі көрпе алды-артыңа ілдірсен,  
Бірі –камзол, бірі-жейде болады.

Райханның қастарына келеді,  
Бостау қылып екі көрпе іледі,  
Ерін ерттеп ғиратына мінеді.  
Түс киізді жалпылдатып жөнеді.

Құлақ салсаң Райханның сөзіне,  
Дөнен бесті түсті ғират ізіне.

Ертеменен қуып еді Райхан,  
Нақ тал түсте көрінеді көзіне.

Көрұғлы бек ғиратына айтады:  
-Қаршығадай кеттім қызды ілдіріп,  
Қарғы судан, жүйріктігін білдіріп.  
Зар жыласын артындағы Райхан  
Қызылбастың ішін кетші күйдіріп.

Мынау залым түскен екен соңыма,  
Жұлдыздарым, тушы менің оңыма!  
Ғаусыл ағзам, ғиратыма бер медет,  
Ұстап берме қызылбастың қолына!

Көрұғлының көңілі тасып оседі,  
Ғират қарғыш Көркін судан өтеді.  
Көрұғлы бек секірткенде ғиратын,  
Қырық қадам ар жағына түседі.

Райхан келші, артынан ғиратын қарғығыш еді, алды қырға, арты суга түсті. Жете алмайтынын біліп, Көрұғлыға дауыстап айғайлап айтқаны:

-Астындағы ғиратты  
Басқа адамға бактырма!  
Жүзін дұшпан болса да,  
Шаршайды деп, тек тұрма!  
Үстіне бір мінген соң,  
Дамыл, тыйыштық таптырма!  
Қадірлей гөр атыңды,  
Бір байталға шаптырма!  
Мен жете алмай ғиратпенен қалғаным,  
Өлгенімше іште кетті-ау арманым!  
Ғиратымның өз тұқымы жау болды,  
Құрысын бүйтіп Ақбілекті алғаным!  
Бір емшектес қарындасым-Гүлайым,  
Қапыда өткен дүниеде бір уайым!  
Ағаң кетті екі көзі төрт болып,  
Көргенімше хош-аман бол, Гүлайым!  
Зар жылатып екі көзім жас қылдын,  
Ғиратымның өз тұқымын қас қылдың!  
Көргенімше хош-аман бол, Гүлайым,  
Көрұғлыдай адам-хорға тапсырдым-

деп, қала береді. Көрұғлы аман-есен еліне келіп, Көрұғлын Түрікпен халқы хан көтеріп, ат қойды, Гүлайымды Бозқұланға қосты. Түрікпен халқын жинап, той-тамаша қылып, қабыл-дабыл қақтырып, Шәмбіл деп шаһарына ат қойды. Көрұғлы сол уақытта көңілі тасып айтқан сөзі:

-Қырық жігітім, сен қыласың ерлікті,  
Мен тіріде көрсетпеспін кемдікті.  
Көрген адам абзалыңа таң қалсын,  
Масатыдан атқа тоқы терлікті.

-Қырық жігітім, әрбір талап(қалап) ойландар,  
Жау дегенде жанған шоқтай жайнаңдар!  
Калғыз ханға талап қылды сұлтаның,  
Тас кесетін алмас қылыш байлаңдар!

Ұзақ бергей Көрұғлыға өмірді,  
Талай жігіт дәулетінде семірді.  
Қырық екісі басын қосып бір жерде,  
Киіп алып өңкей болат темірді.

Ат құйрығын ара жолда тізгендер,  
Жау көрінсе, перен сауыт кигендер.  
Қырық екісі басын қосып бір шықты,  
Әрбіреуі жүз мың жауға тигендер.

Бір қапылық абайсызда өтпесін,  
Жан қарсылық Бозқұланға етпесін!  
Түрікпендей халқыма айтам өсиет,  
Мен кетті деп, алды-алдына кетпесін!-

деп, екінші қабат Райханға аттанған жолы сайын дала елсіз[де] жерде келе жатып, жігіттеріне айтқан сөзі:

Бәрімізде- қаршыға құс, бидайық,  
Біреулерді оңашада сынайық!  
Елсіз жерде ат өнері байқалсын,  
Кел, жігіттер, ұзақ жарыс қылайық!

Бедеулерге ерлер қамшы басады,  
Бәрі кейін айдалада қалады.  
Фират мойнын көкке қарай созғанда,  
Ұшқан құстың қанаты да талады.

Құлақ салсаң, ей, жігіттер, сөзіме,  
Жеті жаста кез болып ең өзіме!

Айналыңдар Көркін судың басынан,

Аман болсаң, көрінерсің көзіме!

-солай деп, жігіттеріне амандасып, сол жерде айтты: -Сендер маған ере алмайсыңдар. Мен Көркін судан Ғиратты секіртпін өтемін. Сендер келгенше қызылбастың талайын жайратармын, қалың сорын қайнатармын. Аман болсам, қызылбастың қыз-келіншегін алдарыңа базарға салған малдай қылып, айдатармын!-де[п], кете берді. Астындағы ғиратына айтқан сөзі:

-Жан ғиратым, басыңменен алыстың,

Тарта-тарта екі қолым қарыстың!

Ағыныңа зорға шыдап келемін,

Әуедегі ұшқан құспен жарыстың!

Ғират атты патшаға хабар барыпты,

Сізден хабар қызылбастар алыпты.

Қоғатаудың басында тұр тоғыз мың,

Қарауылшы Райхан патша салыпты.

Бір Құдайға хатты бүгін жолдаймын,

Көлдей қылып көзім жасын пұлдаймын!

Екі жетім қосылып ек жалғанда,

Ғират, сені осы жолы сынаймын!

Жау дегенде, мен жанымнан кешермін,

Түрікпенде Көрұғлы бек есермін!

Қоғатауға дәл бүгінгі күн жетпесең,

Мен басыңды тап үш жерден кесермін!

-Аямастан сал қамшыңды өзіме,

Құлағың сал шын деп біліп, сөзіме!

Намаздігер, намазшамның кезінде

Жеткізейін Қоғатаудың өзіне!

Есен-аман Көркін судан өткізді,

Көрұғлының көңілін ғират біткізді.

Намаздігер болған деген мезгілде

Қоғатаудың дәл басына жеткізді.

Қоғатауға келіп, самсаған сары қолды көріп, аты жер тарпып тұрмаған соң, жауға кіруге ыңғайланып ғиратына айтқан сөзі:

-Желпінбей жүйрік басылмас,

Желдетпей тұман ашылмас!

Таяқ тимей етіне,

Жара түспей бетіне,  
Долданып батыр ашынбас!

Желігіп келген ғиратым  
Жер жүзі тола жау болса,  
Мен үстінде жүргенде,  
Жалғызын мұның қашырмас!  
Астында ғират жүргенде,  
Жүз мың жауды көргенде,  
Бір Құдайдан басқаға  
Көрұғлы сұлтан бас ұрмас!

Кейін қалды қырық жігітім-ерлерім  
Шарап берген арыстандай- шерлерім!  
Қан төгілер күн бүгін  
Медет бергіл хызыр Ілияс- пірлерім!

Ұрыссайын қызылбаспен жүз алуан,  
Сақтағайсың кәміл пірлер көп жаудан!  
Бір өзіңе зар жылаймын сыйынып:  
Медеткерім, медет бергіл ер палуан!

Тірілікте көз бен тілге қылма шет,  
«Көп екен!»-деп, қайырмаймын жаудан бет!  
Медет берші біздей кәріп мұңдыға  
Түркістанда-на, Иассауи қожа Ахмет!

Мен аспаннан лашын құстай түйілем,  
Жау дегенде, қашан тоқтап, тыйылдым?!  
Жан-жағымнан жар боп жүрген қолдаушы  
Кәміл пірлер, баршаңызға сыйындым!

Бұ сөзді айтып, бір Құдайды жар етіп,  
Өңменінен кәпірлердің- көзі өтіп,  
Аралықта намаздігер-намазшам,  
Кіріп барды ортасына сол жетіп!

Барған жері опыр-топыр болады,  
Көргендері аттарынан құлады.  
Қырық шілтен қолдаушы болған соң,  
Неткен адам бұған шыдап тұрады?!

Есітерсіз бұл қиссадан талай сөз,  
Ұрыс қылды ер Көрұғлы- жиһангез!

Қызылбастың өкшесін атқа бастырып,  
Қалып жатыр ат астында неше жүз!

Мінген аты құсты ұшырмай, басады,  
Көзі көрген зәресі ұшып сасады.  
«Қарсыласар меніменен бір жан жоқ  
Үріккен қойдай ұйлығып қашады!»

Ажалдысы кез болып, өзі өледі,  
Қырсықтысы тұпа-тура келеді,  
Сілтегенде аспанғани қылышы,  
Қара тасты ортасынан бөледі.

Қызылбасты тәңірім мұнша көп қылып,  
Көп те болса, жаратыпты шөп қылып,  
Сирағынан ұстап алып кейбірін,  
Кезек-кезек аспанға атып доп қылып!

Кейбіреуін жақпен көздеп атады,  
Қолы тиген сеспей ғана қатады.  
Жұдырықпен қойып қалса төбеге,  
Шек-қарыны ақтарылып жатады.

Тұла бойын шандып алған шарынып,  
Таусылмайды ит неге деп тарылып.  
Көрұғлының қайрат-күшін көрумен,  
Көбі өліпті жүректері жарылып.

Бірде-бірі маңдайына келмейді,  
Қалай қашып құтыларын білмейді,  
Өліп жатыр қылар қайрат жоқтықтан,  
Ерік өзінде боп ешкім өлмейді

Ұрыссады ер Көрұғлы арыстандай,  
Қар бұзылып, көктемде су тасқандай.  
Он төрт күндей ұрыс қылды Көрұғлы  
Бұрынғы өткен Рүстем менен Дастандай!

Қызылбасты қан қақсатып еңіретті,  
Талайына татырды ажал шәрбатты,  
Тап он жеті күн болғанда,  
Қоғатаудың сай-сайынан қан кетті.

Саған өтірік, маған шындай- әбден нан,  
Таудан ақты сарқыраған қызыл қан!

Он жеті күн таң атқанда қараса,  
Олтіруге таба алмапты жалғыз жан.

Он жеті күн бір күндей де болмапты,  
Сонан бері тыйыштық, дамыл алмапты,  
Аты сонда басыменен алысып,  
Бес минутке демалуға қоймапты.

Ер жігітке қарысудың бар хайласы.  
Ат болмаса, ердің болмас пайдасы.  
Жерге шанша шыр айналып тұрыпты,  
Жеңілдеген қолына алған найзасын:

-Кәне, маған, айтсаңдаршы -жау қайда?!  
Жау бар болса, аямай-ақ тағы айда!  
Аттың әлі шабары бар он үш күн,  
Сегізіне жындандың ба, ей, найза?!

Сонда найза өз-өзінен бітіп сойлегендей боздаған, түйседей күңіреніп,  
тыңдағанға бір түрлі үн шығарады:

-Жолдасың жоқ қасына ерген бір сенің,  
Мен білемін: бір жатқан соң [тұрмасың].  
Атың менен бойдағы бес қаруың  
Қармап табар қасындағы жолдасың.

Тілеуінде жүрген пірлер қолдасын,  
Кәшірлердің тас-талқан қыл ордасын!  
Бүгін мұнда жатсаң, саған жеңіс жоқ,  
Көріп тұрмын жылап тұрған көз жасын.

Біреу жылап жатса, біреу күліпті,  
Жалған құрғыр екіжүзді болыпты.  
Райхан патша уәзірлермен кеңесіп,  
Ақбілекке қатты ғазаш қылыпты.

Жарым сағат уақытын босқа өтпесін,  
Ұйқы-дұшпан! дұшпандығын етпесін!  
Жылдам жетіп, жеңгенді айырып ала гөр,  
Өлсе, қаны мойыныңызда кетпесін!

Өне бойы қызыл қанға батыпты,  
Ұйқы көрмей, қабақтары қатыпты.  
Бір кішкене мызғып дамыл алуға  
Аттан түсе қала батыр жатыпты.

Гират сонда ауыздығын шайнапты,  
Азу тісін шықыр-шықыр қайрапты.  
Аяғымен тарпыл қалып оятып,  
Ұйықтауына ерік- әліне қоймапты.

-Тек, жануар, құр-құр!-деп, қол серменті,  
Онысын аты бұйым құрлы көрменті:  
-Бір ұйықтасаң, тұра алмайсың, жатпа!-деп,  
Жатса-дағы дамыл, тыйыштық берменті.

-Болды ма екен жәдгем-дейді-ишын кәріп?!  
Қарғып тұрды Көрұғлы бек қозғалып,  
Гиратына мініп алып Көрұғлы  
Торт қырлаған көк сүнгіні қолға алып:

-Жазған гират,төрт аяғың көтерсен,  
Дамыл қормей бұ дүниеден өтерсің!  
Жатқызбасаң, мініп алып шабайын,  
Мөлшер айтшы: қай уақытта жетерсің?

-Шыққан терім менің бойдан қайтқанша,  
Аямай шап, Құтпанға азан айтқанша,  
Мұсылманнан кәпір ерте жатады,  
Жеткізейін жұрттың алды жатқанша!

Гират ұшып көкке қарай кетеді,  
Жануардың жалы су-су етеді.  
Алды жатып, жұрттын арты жатпай-ақ,  
Арызрумың шаһарына жетеді.

Құдай шебер: қызыл тілді безеткен,  
Ұрыс жайын қызылбастар түзеткен.  
Қырық мың найза әр қақпаның аузында,  
Мың-миллион солдағтар бар күзеткен.

Күзетшілер:

-Кімсің?-деп сұраса,  
Көрұғлы бек шынын айтып береді.

-Қараңғыда атқа қамшы саласың,  
Мойның бұрмай бізге, кетіп барасың!  
Шыныңды айтпай, қолға түсіп ұстасаң,  
Ашылмастай бір тұманға қаласың!

-Арғы атамыз ерлерге қылған қызмет,  
Өзім әкем- патша болған Мұңдыбек.  
Менің өзім- көрден шыққан Көрұғлы,  
Естісеңдер, қызылбастар, міне, кеп!

Қызылбастар найзаны ала ұмтылды.  
Ер Көрұғлы өз-өзінен құтырды .  
Айғай- ұйқай, шаңы аспанға шығумен  
Айдың [өзі] қап-қара боп тұтылды.

Көпірлердің құртты батыр айласын,  
Пірлер келіп, тигізіп жүр пайдасын!  
Көрұғлының да[ры]тпады етіне  
Көпірлердің оқ пен қылыш, найзасын!

Көрұғлының құдірет күшін асырды.  
Алдына келіп талай батыр бас ұрды.  
Түн ортасы болған шақта Көрұғлы  
Тұс-тұсына көпірлерді қашырды!

Қақпалардың аузын қызыл қан қылды,  
Жүрген жерін қара боран шаң қылды.  
Әр қақпадан қырық мың найза сындырып,  
Көрген жанға көп тамаша таң қылды.

Көп әскерді қырып, жапа-жалғыз жүріп, Ақбілекті іздеп, Райханның ордасына келіп, жеңгесіне: «Бар болсаң, шыға көр!»- деп айтқаны:

- Қадір Алла пендесіне мейірбан (мыңырбан)  
Жоқтан өзі бар ғып бізге берді жан!  
Мен, Көрұғлы, келіп тұрмын сені іздеп,  
Үйде болсаң, шықшы бермен, жеңге-жан!

Шақырса да жеңгесі жоқ, келмейді,  
Бары-жоғын тыста тұрып білмейді.  
Ғират атын айдалаға қаңтарып,  
Түсті батыр: үйге жаяу кіргелі.

Атын тысқа байламай бос қалдырды,  
Қараңғыда ешкім таба алмай, қаңғырды.  
Үйдің іші қараңғылық болған соң,  
Тұс-тұсынан шам-шырақты жандырды.

Сөйлеп тұрған бұл ордада сөзді жоқ,  
Басып кеткен қараңғыда ізі жоқ.

Қараса да, таба алмайды бұл үйден,  
Іздеп келген Ақбілектің өзі жоқ.

Жеңгесін үйден таба алмай, тысқа шығып, ғиратына айтқаны:

- Ғиратым, қандай әлің бар,  
Өкпе-бауыр, жалың бар.  
Ақбілекті таба алмай,  
Дағдарып, болдым ынтызар.  
Алыстан болжап көруші ең,  
Ғайыптан хабар беруші ең,  
Жеңгем қайда екенін  
Болжап бір айтшы, жануар!

Сонда ғират есінеді,  
Көтеріп басын жан-жаққа  
Төңкеріп басын қарады  
Жан-жақтағы шарбаққа:  
-Ақбілектей көріпті  
Қырық бір құлаш шыңырауға  
Бекітіп қолын салыпты.  
Шамасы саған келе алмай,  
Сонан бір өшін алыпты!  
Апарайын түп-түзу  
Зынданда жатқан жеңгеңе,  
Қылсаң талап бармаққа!

Ер Көрұғлы ғиратына мінеді,  
Кейде жортып, кейде аяңдап желеді.  
Аулақ екен бұл шаһардан ол зындан,  
Көргендей-ақ түзу тартып келеді.

Жез бұйдалы қоңырау таққан нармысың,  
Бір көруге сүмбіл (шамбыл) белді зармысың?!  
Көрұғлы бек іздей келді, жеңге-жан,  
Аман-есен бұл зынданда бармысың?!

-Жүрген жолың оңғарсын да Құдайым!  
Сен тіріде ойламаймын еш уайым!  
Дауысыңды естіп, көңілім шат болды,  
Мен жанымды саған құрбан қылайын!

- Көрұғлыдай іздеп келді дарқаның,  
Түгел киіп сауыт-сайман, қалқаның.

Мен тастадым, жеңгем ұстап шыға гор,<sup>6</sup>  
Өзің ескен мынау жібек арқанын!

- Тұр жылтырап екі көзім жайнаған,  
Тұтқын болып жеңгең соры қайнаған!  
Бұл арқаннан ұстар менде дәрмен жоқ,  
Екі қолды тас қып мықтап байлаған.

- Келген екем жапа-жалғыз бекер мен,  
Алмай сені қалай тастап кетермін!  
Түсіп кетсем, шығаратын кісі жоқ,  
Басқа түсті бұл жалғыздық, не етермін?!

- Ғират, қапта, мойнына арқан байласаң,  
«Мен қозғалмай, тырп етпе!»- деп, қайрасаң,  
Жұлып алып екеумізді кетпей ме,  
«Шу, ғират!»-деп, қику салып айдасаң!

Ғиратының мойнына арқан байлады:  
- Мен қозғалмай, тырп етпе!»- деп, қайрады.  
Көрұғлының өзі: «Шу!»-деп, айдамай,  
Төрт табаны тұрған жерден таймады.

Аттың көзі шамшырақтай жанады,  
Арқанменен Көрұғлы өзін салады.  
Қырық бір құлаш шыңыраудың түбінен  
Жеңгесінің қолын шешіп алады.

Бір Құдайым пендесіне пана-ды,  
Қику дауыс арқан ұстап, салады.  
Шаншып алып ат құйрығын, ойнақтап,  
Көрұғлыны бір-ақ жұлып алады.

Басын беріп бір Құдайдың жолына,  
Қарамайды жүргенде оң мен солына.  
Шыға келді шыңыраудан Көрұғлы  
Ақбілекті қабат ұстап қолына.

Бірін-бірі көрісумен көңілі өсіп,  
Екі жарты, бір бүтін боп селбесіп,  
Түн ортасы мезгілінде Көрұғлы  
Жүріп кетті Көкалаға мінгесіп.

Көкаланың мінгесумен беліне,  
Ойында жоқ қайтуға әлі еліне.

Қалған-құтқан бес мың қолмен Райхан  
Алзырумның кеткен қашып жеріне.

Қызылбастарға ойранды салып, шаңары тұл қалып, Ақбілекті қырық бір құлаш шыңыраудан шығарып алып, Қоғатауға келіп тұрғанда, Сапабек бас болып қырық жігіт сонда келді. Аман-есен көрісін, мез-мәйрам болысып, қарқ олжаға батысып, өзі бұл жерде тұрып, Сапабекті басшы қылып, қырық жігітті Райханның соңынан қудыруға жіберді: «Қашқан жауға қатын ер!»-деген сөз бар емес пе? Менің баруым ерліктен болмайды! Өзі қалып, жігіттер барады.

-Ер Сапабек, қашқан жауға барып кел,  
Жаннан кешіп, зор төбелес салып кел!  
Жолдасының бәрін тегіс қырып кел,  
Райханды тірі ұстап алып кел!

-Артымызда сіз тұрғанда қарайып,  
Бір ұрысты мен бастайын ғажайып.  
Бес мың қолға біз де тегіс барайық  
Ал, сұлтаным, бағанды бер, қол жайып!

Көрұғлыдан қырық бірі бата тіледі,  
Райханнан жеңілмесін біледі.  
Сұлтаннан қырық ері бата алып,  
Алзырумда жатқан жауға келеді.

Қырық бір жігіт сол кеткеннен кетеді,  
Арасында бірнеше күн өтеді.  
Күні-түні дамыл алмай жүрген соң,  
Райханның ордасына жетеді.

Қырық жігіт бара-ақ соғыс салады,  
Үш мың қолды кідірмей-ақ алады.  
Берінің де аты шаршап, болдырып,  
Қырық бірі де қолға түсіп қалады.

Қолға түсіп, естерінен танады,  
Әрбіреуін қызылбастар сабады.  
Көрұғлының зардабынан қорыққаннан,  
Өлтірмейді, бәрін байлап алады.

Көрұғлыны қырық шілтен қолдады,  
Сол себептен ешкім мұндай болмады.  
Ғират біліп-ерлер қолға түскенін  
Жерді тарпып, байлауында тұрмады.

- Жер тарысын, гират жаным, не білдің?  
Саған шобі жакпады ма бұл жердің?!  
Қарап тұрып, кара терге малындың,  
Жауға кеткен ерлерімнен не білдің?!

-Қырық жігіттің Алзырумға барыпты,  
Үш мың жауды кідірмей-ақ алыпты.  
Жабы шіркін жау жолында сыр беріп,  
Қырық бірі де қолға түсіп қалыпты.

Жерді таршып, шүлігін тұрған бұл басым,  
Құндаққа орап, мені өсірген жолдасым.  
Алзырумда қолға түскен ерлердің  
Көріп тұрмын жылап тұрған көз жасын!

Мұны естіп Қорұғлы батыр күйінді,  
Жау дегенде, аш бүркіттей түйінді.

-Ат жоқ болды, мен де бірге барар ем!-деп,  
Сымдай белі Ақбілектің шілді.

-Мен гиратқа: «Тәуекел!»- деп, мінермін,  
Есен болсам, он төрт күнде келермін.  
Он төрт күннен бір күн асса, күдер үз.  
Жұрт жылаған ұлы тойды көрермін!

-Ей, шырағым, құлағың сал сөзіме,  
Тілек тілеп, жас аламын көзіме!  
Құдай досы- пайғамбарға ташырдым,  
Шаһарнарлар жәрдем берсін өзіне!

Тураап шап көпірлердің сыртынан,  
Тұқым қойма көпірлердің жұртынан!  
Райханнан көп кемшілік мен көрдім,  
Тесіп алып, жетелеп кел, ұртынан!

Ер Қорұғлы қош айтысып кетеді,  
Екі ортада біраз уақыт өтеді.  
Ертеменен атқа мінген уақыты еді,  
Нак тал түсте Алзырумға жетеді.

Келген жерден қасты сүрен салады.  
Алзырумның бауыры мидай дала-лы.  
Қорұғлының естіген соң дауысын,  
Ақыл-естен қызылбастар танады.

Жүрек қабы жарылғаны оледі,  
Кім бетіне бой тоқтатып келеді?!  
Корұғлының естіген соң дауысын,  
Қырық жігітке қуат-қайрат береді.

Ұрысуға бәрі бетін түзеді,  
Қылыш тартып, жағын кезеп көреді.  
Қырық бірдің күші келіп бойына  
Байлауларын быт-пыт қылып үзеді.

Корұғлының дауысын құлақ есітті,  
Жазған Құдай қызылбастан несітті.  
Босанып аң қырық бір жігіт байлаудан,  
Тұра сала төбелесіп, өшікті.

Қолындағы аспапаны- қылыш-ты,  
Мұны көріп, кәпірлер қашып жылысты.  
Сол майданда ер Корұғлы бастапты  
Бұрын-соңды еш қормеген ұрысты.

Бұлар-қасқыр, қызылбастар болып қой,  
Қызыл қанға боялып, жүруіне... бой.  
Әскер басы ер Корұғлы болған соң,  
Айтқан сөзге, шын деп біліп, құлақ қой!

Өлген- көпір, өлмей қалған - мұсылман,  
Келген жаудан үйіріне жоқ қосылған.  
Қуық басты, сырнай мұрын- қызылбас  
Корұғлының заманында тосылған.

Бастарына заман-ақыр салыпты,  
Қыз-қатыны үйде жесір қалыпты.  
Ақбілекке айтқан сертке жетуге  
Райханды тірі ұстап алыпты.

Қызылбасқа неден мұндай өшікті,  
Таптырмапты кіруге жерге тесікті!  
Жаяу айдап, қан ағызып мұрнынан,  
Екі ұртынан жіп өткізіп тесіпті.

Ақбілекке жаяу айдап келіпті,  
Пышақпенен танауларын тіліпті.  
Құлақ-мұрнын тауысқан соң кесумен  
Құрған, биттеп, айдалада өліпті.

Қызылбасқа кылып кырғын кесірді,  
Қойдай тізіп көгендегі жесірді.  
Ер Корұғлы ортасында тұрғанда,  
Бозбаласы Түрікпеннің есірді.

Өзді-өздері сыбағасын бөледі,  
Сансыз дүние қанша болса көнеді.  
Райханның қазынасын сепсітпей,  
Алып келіп Бозқұланға береді.

Корұғлының даңқы жұртқа кетеді,  
Барлық өмірі салтанатпен отеді.  
Аман-есен Бозқұланға қосылып,  
Ақбілек те мұратына жетеді.

Мәз болумен Мәшһүр деген құр атқа  
Талай жерде қалып жүрмін ұятқа.  
Өліп қалған Корұғлыны тірілттім,  
Мен де сондай жетермін бе мұратқа?!

Бір Құдайдың он сегіз мың ғаламы,  
Біз білмейтін бұдан да көп тамамы.  
Жоктан бар ғып талай сөзді сөйлеген  
Әуелден-ақ акын Мәшһүр қаламы.

Көрмеген жан қайдан білсін жайымды,  
Құнан, дөнен, құлын, бесті тайымды.  
Тірі жүрсем, иншалла, сөйлермін,  
Күндіз бенен пар ғып Жұлдыз, Айымды.

Бір шүберек қамқа тозса бедері,  
Көрмеген жан белгісіз ғой не дері?!  
Бұл казакқа бастап мұны сөйлеген:  
Өзі-кожа, Көшекұлы Күдері.

Сөйлеп кеткен қашан өзі кеткенше,  
Ерік, ықтияр қашан бұдан кеткенше.  
Әңгіме қып Қаратаудан айтқаннан  
Таусылмапты Қызылжарға жеткенше.

«Құлак-кәрі, бой-жас»- мақал қалыпты,  
«Жаңа туған жас ұл»- деме кәріпті.  
Сол кісінің шыққан сөзі аузынан  
Құлағында бұл Мәшһүрдің қалыпты.

## *Сайын батыр*

Бұрынғы елдің барында,  
Өткен елдің заңында,  
Сол елдердің тұсында,  
Ноғайлы деген халық өтті.

Үш шарбақты кент өтті,  
Ноғайлының үш кенті,  
Заманында жарлы өтті,  
Ауыр дәулет [1] мал кетті.

Жарлылықтың зары өтті,  
Халқы жарлы болған соң,  
Әжептәуір жігіттің,  
Ақ бетінен қан кетті.

Жап-жалаңаш болған соң,  
Әйелінен ар кетті.  
Үш шарбақты ол кентте,  
Кірлі киім кимеген,  
Жортақы атқа мінбеген,  
Аллаға [2] тілі тимеген,  
Түстік жерге жүрмеген,  
Бес уақытта ақ намаз,  
Біреуін қаза қоймаған,  
Бір Құдайды ойлаған,  
Ноғайлының халқында,  
Сондай бір бай болмаған [3].  
Өз алдына шәр [4] болған,  
Қара басы хан болған,  
Байлығы жұртқа заң болған.

Токсан қара құлы бар,  
Токсан тоғай малы [5] бар,  
Дүниеқор сол байдың,  
Дүниеде жалғыз зары бар.

Дүниеқор Бозмұнай,  
Өз алдына шәр болған.  
Алпыс жастан өткенше,  
Құдай қосқан қосағы,

Елу жастан откенше,  
Бір перзентке зар болған.

Елу жасқа келеді,  
Өкшесі бір қанамай [6].  
Еміренің сүймеді,  
Жаңа иіс-ті баланы-ай!

Елде тәуіп қоймады,  
Тәуіптің бәрі жиылып,  
Кен сарайға орнады,  
Сойтсе де перзент болмады.

Бір уақыттар болғанда,  
Жылыда жүрген тоқсан құл  
Қымыз ішіп, мас болды.  
Мастығымен тек тұрмай,  
Үйдегі баймен қас болды.

Мұндар [7] құлдар кеңесті,  
Тобседе тұрып сойлесті.  
Сойлескенде не десті:

-Қызыл шапан кимедік,  
Қырыншыл ат мінбедік.  
Ноғайлының керме қас [8],  
Қыздарын құшып сүймедік.  
Дүниенің көріп қызығын,  
Жігіттік дәурен сүрмедік,  
Өтеріп жанған білмедік.  
Мына жүрген Бозмұнай,  
Бізді ұлындай кормеді.  
Бүлінің (бөлінің) [9] жатқан малынан,  
Бізге қалың бермеді.  
Ертеңменен бай келсе,  
Екі қолын байлалық,  
Кіретерге көрін сайлалық!  
Бозмұнайды өлтірсек,  
Біз сәтіне келтірсек,  
Тоқсан тоғай жылқыны,  
Тоқсан бөлің алалық.

Бұ сықылды тегін мал,  
Қайдан да іздеп табалық.

Қарағай найза сықылды,  
Қарсы шабар ұлы жоқ.  
Артынан іздеп келетін,  
Қағарланған халқы жоқ.

«Құл кеңесіп жатыр!»- деп,  
Байға айтқан кісі жоқ.  
Онымен байдың ісі жоқ.

Бір замандар болғанда  
Ертеңменен бай тұрды,  
Арқаннан атын алдырды,  
Алтынды ер мен жүгені  
Тоқымыменен салдырды.  
Қара тонын белсеніп,  
Қас патшадай теңселіп.  
Боз жорға атты найқалтып,  
Жылқының алдынан шықты шайқалтып.

Қара басы хан болған,  
Өз алдына шәр болған,  
Токсан құлдың біреуі,  
Бүгініп сәлем бермеді,  
Байды көзі көрмеді.  
Сонда бай бір тұрып бұрканды [10],  
Буырқанды, бұрсанды,  
Мұздай темір құрсанды,  
Токсан құлдың бірінің,  
Атын атап шақырды.  
Ашуменен Бозмұнай,  
Қырармын деп ақырды.  
Шетте жүрген бір құлын  
Бай шақырып алады.  
Қолға түскен сол құлды,  
Ашумен бай сабады.

Біреуін сабап жатқанда,  
Токсан құл байды қамады.  
Жанбырдай құрық жауады.

Басына таяқ тиген соң,  
Жалғыздығын білген соң,  
Өзінің құлы ұрған соң [11],  
Боз аттың басын бұрмалап,  
Сарай қашты «Алла-лап!»

Ойбай салған даусына,  
Жер күңіреніп барады.  
Үйде тұрған бәйбіше,  
Құлағы естіп шалады.  
Сарайдан шықса жүгіріп,  
Келеді екен Бозмұнай  
Өз жанынан түңіліп.  
Атының келіп Бозмұнай  
Теріс жағынан құлады,  
Жер бауырлап сұлайды.  
Қосағымен екеуі [12],  
Әнін қосып жылайды.  
Ойбай салған даусына,  
Үш шарбақты Ноғайлы,  
Жамағаты жиналып [13]:  
«Не қылды?»- деп сұрайды.  
Жұрт келсе де тұрмады,  
Көтеріп басын алмады,  
Сол ойбайы танбады.  
Бозмұнай бай жылайды,  
Иад [14] етеді құдайды.  
Жылағанда Бозмұнай:  
- Ашамайға мінгізіп,  
Көш алдына жүргізіп,  
Әжептәуір құрбының,  
Алдына алып сүйгізіп,  
Алашқа атын білгізіп,  
Ұл қызығын көрмедім,  
Астына жорға мінгізіп,  
Үстіне қамқа кигізіп!  
Орынды жерге бергізіп,  
Алаштан бекзат келтіріп,  
Оң жағыма кіргізіп,  
Қыз қызығын көрмедім!

Еркіме түскен дұшпаннан,  
Жау қорлығын көрмедім.  
Алыстан келген сол жауға,  
Майым үшін өлмедім!  
Құлдан зорлық көргенше,  
Күнде бүйтіп өлгенше [15],  
Тезінен өлім бермедің!  
Құлдан қорлық көргізіп,  
Қорлықпенен жүргізіп,  
Қойғаның бүйтіп сенделтіп,  
Айналайын, бар Құдай,  
Сүймес пендең мен бе едім?!

Кең сарайға бармады,  
Көтеріп басын алмады,  
Сол жылаудан танбады.  
Жылауменен бай жатты,  
Қызарып барып күн батты.  
Түніменен бай жатты,  
Сарғайып барып таң атты.  
Ғалымдар азан айтқанда,  
Би намаз ұйықтап жатқанда,  
Ақ шалмалы бір адам,  
Жетіп келді қасына,  
Таянып тұрды басына.  
Екі қойны толыпты,  
Бозмұнайдың со күні [16],  
Көзінен аққан жасына.

- А, Бозмұнай, Бозмұнай!  
Не тілегің бар?- дейді.  
Тілегің болса, ал!- деді.

Сол уақытта Бозмұнай  
Ұшып тұра келеді.  
Көзінің жасын төгеді:  
- Дүниесір бай болдым,  
Ауыр [17] дәулет тұсында  
Қара басым хан болдым,  
Бір перзентке зар болдым.  
Сол перзенттің зарынан

Жанын, тойға кіре алмай [18].  
Өтерін дүние біле алмай,  
Күддан кордім корлықты.  
Жалпыдан кордім зорлықты.  
Өз малыма бара алмай,  
Белден мамык сала алмай,  
Тыныштық ұйқы ала алмай,  
Оз жанымды қия алмай,  
Олейін десем өле алмай.  
Сол күлдардың корлықтан,  
Өз маңымды көре алмай.

- Тілегенің үл болса,  
Бар тілегің сол болса,  
Бабай Омар бабасы,  
Қабыл болған дұғасы.  
Тілетенің үл болса,  
Бір тілегің сөз болса,  
Ол жағалай отырып,  
Оттың басын толтырып,  
Көп аламысың сен?-дейді.  
Бірін мыңға балаған,  
Бірді аламысың сен?- дейді.  
Қалағаныңды айқ,- дейді.

- Күдай өзін қалаған,  
Ер ортасы болғанда,  
Пайғамбар жасқа толғанда,  
Жігіттік дәурен солғанда [19],  
Берекесіз балаға,  
Оттың басын бөк қылып,  
Қырға шығар ішінде,  
Бір оңдысын жоқ қылып,  
Мен не етейін көбіңді [20],  
Маңызы жоқ шөбіңді?!  
Үйің базар болғандай,  
Бір де болса сол маған!  
Бірін мыңға балап бер.  
Өмірім жасын ұзақ қып  
Берсең маған қалап бер.

Сонда әудие сөйлейді [21].  
Сөйлегенде бүй дейді:  
- Өзің ізден бармадың,  
«Берші маған бала!»-деп,  
Мазамды қинап алмадың,  
Үйде жатып зарладың.  
- Бердім, бердім, мен!- дейді,-  
Күтіп алсаң сен»- депі.  
Жаста Құдай демеген,  
Қылған ісін жөндеген,  
Өзге жұрттың тілегін,  
Бү сықылды бермеген,  
Мұның көрген қызығын,  
Еш пендесі көрмеген.  
Белін шешіп жатпаған,  
Аңсамай [22] сау мал ішпеген.  
Ерте мінген атынан,  
Кешке дейін түспеген.  
Сансыз дұшпан бақтаған,  
Бет алғаннан қайтпаған.  
Дұшпаннан Алла сақтаған.  
Жұрттың сөзін сөйлеген,  
Алар жауын көздеген.  
Батыр Сайын болсын!-деп,  
- Үстiне аруак көңесiн,- деп,  
- Көңiлiн разы болсын!- деп,  
Ала есегі қайкалап,  
Ала қоржын аркалап,  
Шар кітабы қойнында,  
Аса таяқ қолында,  
Жүрген хактың жолында,  
Жаны Алланың қолында,  
Жөнеле берді бұл адам.

Екі етегін түрішіп,  
Бозмұнай үйге келді жүгіріп,  
Жатыр екен бәйбіше  
От басында [23] бүгіліп.  
-А, бәйбіше, тұр!- дейді,  
-Бет қолыңды жу!- дейді.

- Оутпен жарды жүректі,  
Құдайым берді тілекті.  
Арыстар болмай бейнетті!  
Есен болсаң, қорерсін,  
Сайын атты перзентті,  
-А, бәйбіше, гүр!- дейді,  
Қойдан қошқар ая,- дейді,  
Құдай жолына шал!»- дейді.

- А. Бозмұнай, Бозмұнай,  
Дәулетті берген бар Құдай,  
Ертегімен кеткен о қойға  
Жете алмаймын жүрсем де,  
Сен ашысқа жеткенде,  
Мен елуден өткенде,  
Жипітік күн кеткенде,  
Көрілік қарсы жеткенде,  
Силі берсін, не Құдай,  
Бермесе Құдай, қайтесің?!  
- Қошқарды қимай айтамын,  
Аяғыммен малдарды,  
Қай түбіне жетесің?  
Бермесе де, бар, -дейді,  
Қасқыр жеген бір қошқар  
Алып кел де, шал, - дейді.

Сонда бәйбіше барады,  
Алып келіп, шалады,  
Жұртын жиып алады,  
Жұрты тарқай кеткен соң,  
Бір-бірінен сұрады:  
«Қаннан болар екен?»- деп,  
Екі мәекін жылады,  
Бір күндері болғанда,  
Елуде келген буаз кемпір  
Қарны шықты қампайып,  
Күреағы шықты шампайып,  
Бір аз уақыт өткенде,  
Жаңа жылға толғанда,  
Уәдесі болғанда,

Бейтәсінбінің күшінде,  
Буаз кемпір келіп толғағты  
Ноғайлының үш кентін,  
Түгелімен орнатты,  
Бет біткенде сүлү жок,  
Бұл сықылды сымбатты,  
Таң сарғайып атқанда,  
Сайын сылды қасқанын,  
Желкесі жерге тақ етті,  
Маңдайы күше жарқ етті.

Дүшекөп Бозмұнай,  
Екі етегін түрнін,  
Өріске таман жүгірші:

- Оң қолымды жарман,  
Мұнан немді аярмын?  
Бүгін олин кетсем де,  
Аманатқа даярмын,  
Төрт түлік саған қыламын,  
Елі- жұртым жиямын!

Аямай малды қырады,  
Ат жетер жерді жияды,  
Жұрт жиылып болған соң,  
Табақ тартып берген соң,  
Алтын тақта хан отыр,  
Қас жақсының бәрі отыр.

- Өлгенде көрген иерзептім,  
Атын жөндеп қойыңыз,  
Түсімде қойған аты бар,  
Соны тауып қойыңыз.

Тоқсан торқа кнсе не [24],  
Тоғыз жорға мнсе не?!,  
Хан мен билер отырыш,  
Ғақылмен ойлап білсе не?!

Хан мен билер отырып,  
Жорға менен торқаға,  
Қоймай жатып таласты

Қымыз ішіп, мас болып,  
Билер есінен адасты.  
Аласқанның белгісі,  
Бір-бірінің ұмтылып,  
Жығасына жармасты.  
Жұмырықтасын жүргенде,  
Мұрындары қапасты.  
Хан мен билер ұрысты [25],  
Ене-лесін тұрысты.  
Көрген құрын сыйласы,  
Қызыл шеке болысты.

Сонда келді Бозмұнай:  
- Хан мен билер, ұрыспа,  
Ұрысқаның дұрыс па?  
Тәңірі өзіңе бермесе,  
Мандайына ырыс па?  
Төксең торқа кигенмін,  
Тоғыз жорға мінгенмін,  
Бұл айтқаным бұрыс па?  
Екі күн жатсаң, сақтаймын,  
Біреуңді қайт деп айтпаймын.  
Бар дәулетің тусыңда,  
Қалай тамақ таппаймын?!

Екі күн жатты, таппады,  
Шұбырған келей қайтпады.  
Ондай, мұндай қойған ат  
Бай қолыңға жақпады.  
Сөзін дейін сол жұртты,  
Дәулетімен сақтады.  
Сонша адам жиылып,  
Сайын атын таппады.

Сол уақытта бір адам  
Жүз отызға келінгі,  
Талай жұртты [26] көрінгі.  
Ноғайлының жұртында  
Онан үлкен кісі [27] (адам) жоқ,  
Өзі жарлы болған соң,  
Онымен жұрттың кісі жоқ.

Хан мен билер қасына,  
Шал байғұс келді таянып:

- Бәрекелді, хан мен би,  
Жарасады жағқанын.  
Байлығыңда Бозмұнай  
Мыстан табак тарқанын?  
Қамалың жатып хан мен би,  
Жаңа туған тас түлек,  
Кәнеки, атын тапқаның?

Хан мен билер отырып,  
Шалға қарап ұрысты.  
Таппаған соң, хан мен би,  
Намысына тырысты.

-Егер атын таппасаң,  
Он екі қақпа сарайға  
Сені байлап қоймасам!

Шал да аңырып тұрмады:  
-Мұның атын сұрасаң,  
Беліндегі бес қару  
Тал бойына жарасқан,  
Ерлігі асқан [28] алаштан,  
Батыр Сайын болмас па?  
Үстіне аруақ қонбас па?!  
Хан мен билер қамалың,  
Соны тауып қоймас па?!  
Хандар қайтты томсарып.  
Билер қайтты қомсарып.  
Тоғыз жорға жетектеп.  
Токсан торқа бөктерін [29].  
Шал жөнелді заң салып.  
Тойы тарқап кеткен соң,  
Күмістен бесік илдірі,  
Алтыннан түбек қойдырды,  
Қара кісіні: «Қатты!»- деп [30].  
Бала кісі е бөлетті.  
Жаңа туған жас бала  
Емшек берсе, ембелді.

Етті берсе, жемеді.  
Анасының қарасын [31]  
Егіз екі көрмеді.  
Бозмұнай тұра шабады [32],  
Шаһарға таман барады,  
Көпті көрген көненің  
Құлағына салады:

- Кешегі туған жас бала  
Емшек берсе, ембеді,  
Етті берсе, жемеді.  
Анасының қарасын  
Екі егіз көрмеді,  
Дағдардым, жұртым, мен! - дейді,  
- Хайласын тапшы сен! - дейді.  
Ноғайлы жұрты кеңесіп,  
Сайын сынды мырзаға,  
Үш күніне бір ту бие сойғызды,  
Орған жілік майымен,  
Үш күнде бір тойғызды.  
Бір жасына келгенде [33],  
Білектіден белі асты.  
Екі жасқа келгенде,  
Ерлікпенен таласты.  
Үш жасына келгенде,  
Ертен мінген ағынан  
Кешке дейін түспеді.  
Цақыртпай тамақ ішпеді.  
Төрт жасына келгенде,  
Қарағай найза толғайды.  
«Жүрсем екен!» - деп ойлайды.  
Бес жасына келгенде,  
Қадір түнін күзетті,  
Ноғайлының үш кентін,  
Түгелімен түзетті [34].  
Езу тартпай, сөз сөйлеп [35],  
Абиырлы қыздан ол өтті.  
Халқы жарлы [36] болған соң,  
Кәріп пенен мүсәпір,  
Сайынның аркасында күнелтті.

Алты жаска келгенде,  
Атын таңдап мінгенде,  
Алты кырлы ак сүңгі  
Оң колына алғанда,  
Қындағы алтын айбалта,  
Аш беліне шалғанда,  
Момыннан сондай туғанда,  
Алласы артық қылғанда,  
Айдыны сондай асканы [37].  
Қара бай қорқып, қаз болды,  
Қайыршақ қорқып, саз болды.  
«Сайын келді!»- дегенде,  
Токсандағы кемпірлер,  
Қысылғаннан қыз болды.  
Ақпанның алты ай қыс күні,  
Атқа міңсе, жаз болды.  
«Сайын келді!»- дегенде,  
Токсандағы шалдардың,  
Қырық күн шілде болғанда,  
Төсектен басын көтермей,  
Төбесі жидіп таз болды.  
Бір күндері болғанда,  
Токсан құл тұрып кеңесті,  
Кенескенде, не десті [38]?

- Мына жүрген ер Сайын,  
Көрмейсің бе ынғайын [39].  
Баяғыда әкесін,  
Алдыма салып қуғанды,  
Қуып, ұстап, ұрғанды  
Әлі күнге білген жоқ.  
Бұ да бір күн білгенде,  
Құлағына тигенде [40],  
Бізді тегіс ұрады [41],  
Бәрімізді қырады,  
Бұған адам шыдар ма?!  
Мың сан жылқы ішінен [42],  
Ат табармыз лайық.  
Жорға менен жүйрікті,  
Түн ішінде аталық,

Сусыз шөлге бас қосып,  
Біздер қашып баралық [43]!  
Жорға менен жүйрікті,  
Тізіп құлдар алады,  
Сусыз шөлге бас қосып,  
Құлдар қашып барады.  
Ертең келді ер Сайын,  
Қара ала атты ойнатып,  
Жылқыда құлдың бірі жоқ,  
Қашты деген көңілінде,  
Ер Сайынның кірі жоқ.  
Құл кеткенін білген соң,  
Батыр бала долданды,  
Жылқы бағар кім қалды [44]?!  
-Тоқсан құл, саған не қылдым?  
Әкеме қылдың зорлықты,  
Шешеме қылдың қорлықты.  
Соны есіме алмадым,  
Ат тердетіп келсең де,  
Етіңе қамшы салмадым,  
Өз обалың мойныңа,  
Түлен сені қойды ма?  
Қардан жаман түспесем,  
Қарадай сенің ізіңе!  
Азар болса, қашқансың,  
Сусыз шөлдін жүзіне!..  
Келтірсе Құдай кезіме,  
Болармын деп жүргенмін,  
Дұшпанның жалғыз өзім,  
Мыңы менен жүзіне.  
- Шу!- деп еді, қара ала ат,  
Қырдан асып қылт етті,  
Жұлдыздай ағып жылт етті.  
Ұлы сәске болғанда,  
Аңыратып шықты ер Сайын  
Қаратөбе басына.  
Тоқсан құл кетіп барады  
Аяғының астында.  
Қосылып өлең айтысын,

Сырнай күйін тартысып,  
Сол төбенің басында,  
Ер Сайын тұрып долданды,  
Жалғыздығын ойға алды:  
-Ай, жаратқан жалғыз Құдайым,  
Өлемін деп жемеймін [45]  
Тіпті мұнан уайым!  
Жаманның қылған ісіне  
Не ғып та бұған шыдайын?!  
Тоқсан құлмен соғыссам,  
Абиырды тауыссам,  
Егер жазатайым іс болса,  
Жалғызға түсер күш болса,  
Қартайғанда атамнан,  
Енді де перзент [46] туар ма?  
Сараң нем, болмаса,  
Қанатсыз мені қылар ма?!  
Тоқсан құлдан құр қайтсам,  
«Құл кетті!»- деп елге айтсам,  
Жиын, тойға кіре алман [47]!  
Құрбымның бетін көре алман.  
Бармасам да, барайын,  
Бармай не ғып қалайын?!  
Қынынан шықпас ақ алмас,  
Суырып қыннан алайын,  
Көтерсе Құдай талайым [48]!  
Екі тісі сақылдап,  
Ауыздан көбік бұркылдап,  
Жау көрмеген жас бала,  
Құлға ұмтылды қалшылдап.  
Ойын емес, шынынан,  
-Шу!- деп еді қарапа ат,  
Жұмырланды қарыннан.  
Түнертіп бала келген соң,  
Енді өлетінін білген соң,  
Құл қорқысын қалысты.  
Аттан түсе қалысты.  
Жылағанға болмайды,  
Жалынғанға қоймайды.

Атасынап күшті туған жас бала,  
Құлдарменен ойнады.  
Өзгесін қырып салды да,  
Отызын жиып алды да,  
Қара төбе басына  
Жаяу айдап барады.  
Бірін тірі жібермей,  
Ту сыртынан жарады,  
Құлдан өшін алады.  
Қасқаның көңілі тынған соң,  
Токсан құлды қырған соң,  
Сай көлігін қуалап,  
Қонаға шәрге келеді.  
Құл қырдым деп айтпайды,  
Бұрынғыдай сол мырза,  
Шіреніп үйде жатпайды.  
Мал көгінен қалмады,  
Жақын жатқан жылқыны,  
Айшылыққа айдады.  
Айшылыққа барады,  
Елдің шиыр шетінде,  
Дұшпанның жүрер бетінде,  
Күні-түні Алладан,  
Жау тілейді жетіде.  
Қайда кеткен алаштың,  
Найза ұстаған батыры?  
Тап менің тұсымда,  
Еркек біткен таусылып,  
Қалған ба жұрттың қатыны?!  
Күндердің күні болғанда:  
Алыс пенен жуықты,  
Ат үстінде барлаған,  
Дүниенің торт бұрышын,  
Ыңғай жүріп шарлаған,  
Қамалды бұзып, жылқы алған.  
Күймені бұзып, қыз алған,  
Дұшпанды көрсе, бір күнде,  
Отыз екі түрленген,  
Он жасына келгенде,

Жау атысып үйренген,  
Қара Қыпшақ Қобыланды  
- Ноғайлыдан ер туған!-  
Деп есітіп құлағы:

- Ер Сайыңға барайын,  
Ол батырды қолға алып,  
Байқайын бақ пен талайын,  
Алыста жатқан қалмақпен  
Бір соғысты салайын!  
Мың кісіні қолға алып,  
Ер Сайынмен жолықпаққа ойланып...  
Қобыландының бұл сөзін [49],  
Жұрты қабыл етеді.  
Мың кісіні қолға алып,  
Сайынды іздеп кетеді.  
Бір күндері болғанда,  
Жылқыға таман жетеді.  
Кұрағытып жүрген ер  
Жолығыса кетеді.

Қарауылда жүрген ер Сайын,  
Жау екен деп қашпады,  
Жалғызбын деп саспады.  
Ақ алмасын суырып,  
Тасқа егеп қайрады.  
Найзасының басына,  
Алтынды туын байлады.  
Жалғыз өзі көп жаумен [50]  
Ұрысуға ойлады.  
Жақындасып келгенде  
Қобыландының қасында,  
Найзагері қорқады,  
Аттын басын тартады.  
«Қашсақ-тағы қоймас!»- деп,  
«Токта!- десек,- тұрмас!»- деп,  
Аттын басын бұрар ма,  
Қашпай адам шыдар ма?  
Сонда Қобыланды тұрып айтады:  
- Жамандар, мұнан қашпаңыз,

Өлемін,- деп,- саспаңыз,  
Өзім жауап берермін.  
Ақ боз атпен аңқылдап,  
Айыр қалпақ солқылдап,  
Батыр Сайын сен болсаң,  
Қобыланды ағаң мен болсам,  
Ел шетінде кез болсан,  
Лоқылдатпа қылышың,  
Мың кісілік уысың [51].  
Мұндай жерде ер Сайын,  
Қылышыңды суырып,  
Кімге қайрат қыларсың?!  
Жаушылыққа келмеймін,  
Сені көргелі келгенім,  
Атадан артық туған ер Сайын,  
Қол тізгінін бергенім [52]!  
Қол тізгінін беремін,  
Іздеп шыққан жауым бар,  
Қызығың сонда көремін!

- Олай болса, Қобыланды,  
Мына жатқан жылқының,  
Кел, қарасын көрмей, жүр,  
Ұйықтап жатқан құлынның,  
Кел, ұйқысын бөлмей жүр.  
Қонақасың беремін.  
Жүретұғын жағыңа,  
Мен соңыңа еремін,  
Ерлігің жауда көремін!  
Мың кісіні алып келеді,  
Қонақасы береді.

Тоқсан асау береді,  
Қаруын түзей береді [53].

Әке-шеше жылайды:

- Өлгенде көрген жалғызым,  
Аттанып кетсе, жорыққа,  
Қалады басым қорлыққа.  
Таянып келді Бозмұнай [54],  
Қобыландының қасына:

- Желіктіріп баланы,

Қайғы салдың басыма!  
А, Қобыланды, Қобыланды,  
Тентектігің қоймадың,  
Жұрт тіліне болмадың!  
Бұрынғылар алмаған,  
Маңына адам бармаған [55],  
Адам жүрмес бір жауға,  
Жүремін деп ойландың.  
Мына жүрген ер Сайын,  
Он жасына жеткен жоқ,  
Жеті жастан өткен жоқ,  
Үш наурызды берсеңші,  
Сайын оған жеткенде,  
Қызығын сонда көрсеңші,  
Бұл тілегімді берсеңші?!  
-Құдай деген бай едің,  
Өз алдыңа сара едің,  
Кәріңе сенің қалмайын,  
Соңда да естен салмайын,  
Үш наурызды берейін.  
Сол үш наурыз өткен соң,  
Уәдеге келгеймін,  
Соған дейін ер Сайын,  
Жау жарағын сайласын,  
Мінер атын байласын!  
Біз келерміз сау болсақ,  
Уәдеден таймасын!

Мың кісі дүрілдей кетеді,  
Тілегін алып қуанып,  
Бай үйінде жатады,  
Үш наурызға жұбанып.  
Белден төсек салған соң,  
Бай ұйқысы қанған соң,  
Бір күндері болғанда,  
Бәйбіше тұрып толғады,  
Ойлады, ойламасқа болмады,  
Байды еркіне қоймады:

-Толып жатқан малың бар,  
Сарайыңның сәні бар,

Осынына көп малың бар,  
Бір Сайыңнан тағы да,  
Қашша аяйтын жаның бар?!  
Үш-ақ наурыз өткенде,  
Жалғызым кетер жорыққа,  
Песіз қалған бұл малың,  
Кедейге түсер зорлыққа,  
Толып жатқан малыңнан,  
Сұран, қалың берсеңші,  
Үш шарбақты ноғайдан,  
Лайық қызды көрсеңші,  
Сойтін, келінді болсаңшы!

Соныменен Бозмұнай,  
Боз жорға атқа ер салды,  
Үш шабарлы ноғайға,  
Қыздарына көз салды.  
Лайық қызды таппады,  
Көрген қыздың бәрі де,  
Бай көңіліне жақпады:  
- Мен бармаған ел бар ма [56].  
Ер Сайыңға тең бар ма?  
Келін де болса, сөйлесін,  
Аз ғана күн тұрмаққа.  
Қимағанмен бұ малың  
Аңара ма жұмаққа?!  
Сайыңды көрген қыз біткен,  
Шықты аңда жанасып,  
Үш шабардың қызынан,  
Жиылған қыздың көңілі,  
Жол тимеді, бір көңірі е таласып.  
Бай көңіліне жақпады,  
Сонан бір сұлу таппады.  
- Мен бармаған ел бар ма,  
Бейткен жерде Сайыңға,  
Лайық туған қыз бар ма?

Ноғайдыңың халқы айтты:  
- Ойың теңді алаңда.  
Қиырда жайлап шет қонған.

Душпанына бет болған,  
Айттырғанға бермеген,  
Мұндай теңі келмеген,  
Айтканыңа ол берсе,  
Сені өзіне тең көрсе,  
Көбік байдың үйінде,  
Беті желге [57] тимеген,  
Езу тартып күлмеген,  
Бөтен үйге енбеген,  
Аюбике сол сұлу.  
Қолан қара шашы бар,  
Қырғауылдай керілген,  
Тамағынан ішкен асы көрінген,  
Тақалыш күнге қараса,  
Бетіне күн сәулесі білінген.  
Лайық сұлу сол бар-ды.  
Қорықпай жүріп барсаңыз,  
Шамаң келіп алсаңыз,  
Бермей қалар дейсің бе [58],  
Барып, хабар салсаңыз?!  
Соған кетті Бозмұнай,  
Судың бойын көбелеп,  
Қартайғанша боз жорға ат,  
Өзі мінген жебелеп,  
Сарайдың келді қасына,  
Шаһардың келді басына,  
Он екі қақпа сарайы,  
Көтерілген талайы.  
Есігінің қасында,  
Қақпасының басында  
Тұрады екен күзетіп,  
Екі қара малайы.  
Екі тісі кетілген,  
Оң танауы сетілген,  
Құл да болса сол өзі,  
Тілге шешен жетілген:

- Ноғайлыда Бозмұнай,  
Сен де неге зар едің?  
Шалқақнан үйде жатуға [59]

Бір кісідей бар едің,  
Таң сәріден жүріпсің,  
Ашулы болған кісідей.  
Қабағыңды түйіпсің,  
Жолың болсын, а, байым!  
Не есітін, біліпсің?!

Сонда Бозмұнай сойлейді [60]:

-Байың есен- саулық па?  
Қатты сөйлеп, мұндар құл,  
Жүрегім жарып даурықпа.  
Көбікті үйде бар болса,  
Жетектеп шықсын қызын,  
Лайық болса балама,  
Енді айттырып беремін.  
Айтқаныма бермесе,  
Шакырғанға келмесе,  
Іле заман қайтамын,  
Тентек туған Сайыңға  
Бара сала айтамын.

Сетік құл келді саңырандап,  
Көбік байдың қасына.  
-Ай, Көбік бай, тұр!- дейді,  
Әзірейіл тажал ма,  
Мұнан жаның қалар ма?!  
Ноғайлының Бозмұнай  
Сарайыңа келіп тұр.  
Айттырса, бермес адамға,  
Келмес еді қасыңа,  
Сарайдың бүйітін басына,  
Ер Сайыңға сеніп тұр.  
Көбік жатып бұрқанды,  
Мұздай темір құрсанды!

- Шауып алса, мал да көп,  
Үйден алса, қыз да көп,  
Сайындай тентек ұл да көп.  
Бүгін келсін ер Сайын,  
Ұрыссуға даярмын!  
Жалғыз қыздың тұсында,

Кімнен жаным аярмын?!  
Адам екен деменіз,  
Еңсеп келген Бозмұнай,  
Үйден сусын бермеңіз!

Бозмұнай естіп тұрады,  
Аттың басын бұрады,  
Бай бір ашу қылады:

- Бұ барғаннан бармасам,  
Үш шаһардың адамын,  
Мінгізіп атқа алмасам,  
Бұ бермеген қызынды,  
Ат көтіне салмасам,  
Бозмұнай боп жүрмейін!  
Боз жорға атқа мінбейін,  
Еркегінді қырмасам!  
Жұрт көргендей қылмасам,  
Шәріме есен кірмейін!

Бозмұнай елге қайтады,  
Білген хабарын айтады.  
Алтын тақта хан келді,  
Жиылып түгел шәр келді:

- Көбік, неге қызың бермедін?  
Со сықылды Сайынды,  
Не ғыш күйеу көрмедің?  
Бұ қызынды бермесен,  
Сайынды күйеу демесен,  
Аттаныш, Сайын келген соң,  
Оған елді бүлдіріп,  
Сенің қызың құрысын!  
Залалың шәрге тигізіп,  
Бұ қызынды бермесен,  
Сайынды күйеу көрмесен,  
Ноғайлыға көшкенім,  
Бермесен де болмас-ты,  
Еркіме Сайын қоймас-ты,  
Бермегенмен бұ қызым  
Қанша маған жолдас-ты.

Шақырып кел, Сетік құл!  
Мінейін десе, ол құлға,  
Ерттеулі тұрған аты жоқ,  
Тақа жаяу жүрерге,  
Сетіктің өзінен жүйрік тағы жоқ.  
Қарт түйедей еңкілдеп,  
Жалғыз танау желпілдеп,  
Табан терісі түріліп,  
Жөнелді Сетік жүгіріп.  
Көз көрім жерден өткенде,  
Бозмұнай байды шақырды:

- Атыңның басын бұра тұр,  
Ашуланбай тұра тұр!  
Жұрт қауымға енді ғой,  
Өзі жаяу демесең,  
Құл шақыра келді ғой,  
Қалаған қызың берді ғой!

- Шақырса да, бармаймын,  
Малға берсе ол қызды,  
Бір тоқтыға алмаймын.

- Сенен малды алмайды,  
Саған кісі бармайды,  
Тілеген қызды береді.  
Асы боларсың, Аюбикені  
Берем деп тұрғанда, алмасаң!  
Ұлықтық болар Аллаға,  
Шақырған Көбікке бармасаң!  
Құлды артына салады,  
Қайта кетіп барады.  
Жетіп келсе Көбікке,  
Келмей, тойын қылады.  
Төрге көрпе салғызды,  
Шақыртып үйге алғызды.  
Ашуланбай табысты,  
Қалаған қызын алысты.  
Еліне қайтып келді де,  
Ноғайлының үш шәрін,  
Сегіз жерге орнатты.

Сайын сынды батырдың,  
Ер- тоқымын ондатты.  
Үш шәһәрлі ноғайдан,  
Қосшылыққа отыз кісі сайлатты.  
Отыз жігіт қолға алып,  
Соған таман түн қатты.  
«Сайын келді!»- деген соң,  
Көремін деп сайланды.  
Қимылдаған жан келді,  
Мұнара басып шаң келді.  
Көрген жұрттың бәрі де  
Жас баланы таң көрді.  
Көрмеген жанның бәрі де,  
Көрген жаннан сұрасты,  
Көруге жұрт таласты.  
«Сайын келді!»- деген соң,  
Қыз бен жігіт дуласып,  
Кенеседі шуласып [61],  
Со сықылды батырға,  
Қылған тойы мынасып.  
Нақ отыз күн ойын қылып,  
Нақ қырық күн тойын қылып,  
Уәдесі болған соң,  
Жұрт жақсысын жияды,  
Әлімдерді алғызып,  
Ақ некесін қияды.  
Ақ некесін қиғанда,  
Ақ ордаға барғанда,  
Ойнап ойыны қанғанда,  
Қатты ұйықтап қалғанда,  
Таң сарғайып атқанда,  
Қолдаушының [62] ағасы,  
Бабай Омар бабасы,  
Тұсына жетіп келеді:  
- Сайын батыр сен болсаң,  
Ақ некенді қиғанда,  
Сәтті күні кез болсаң,  
Қолыңды жай, сен,- дейді.  
-Берейін саған мен!- дейді.

Ұшып тұра келеді,  
Қолын жая береді.

- Екі перзент көресің:  
Ең үлкені- Бөкенбай,  
Ең кішісі- Көлікбай.  
Со Көлікбай туғанда,  
Дұшпанға салар бүлікті.  
Аруағы соның биік-ті!

Ала есекке қайқалап,  
Ала қоржын аркалап,  
Жөнеле берді бір адам.  
Бай сұлуды ұзатты,  
Аққу құстай аңыратып,  
Жарылған мұздай күңіренгіп,  
Тоты құстай таратып,  
Қас патшадай найқалтып,  
Қаса байдай шайқалтып,  
Түйесіне күн берді,  
Ат ерттеуге құл берді,  
Бәйшешектей түрленіп,  
Ұзатты сұлуды жөнелтіп.  
Сұлуды алып келген соң,  
Шәр тамаша көрген соң,  
Жаңа түскен со сұлу,  
Айы, күні маң болды,  
«Қыздай жүкті келді!»- деп,  
Ноғайлыға заң болды.  
Ноғайлының шаңары,  
Өсек айтып гүледі.  
«Жүкті келді келін», - деп [63],  
Қыз-келіншек күледі.  
Бір Алданың бергенін,  
Жалғыз Сайын біледі.  
Уәдесі болғанда,  
Сәтте сұлу толғатты,  
Қыз-келіншекті орнатты.  
Ақ жарыққап күн туып,  
Екі бірдей ұл тапты.

Бет біткенде сұлу жок,  
О сықылды сымбатты.  
Толғатып сұлу ұл тапты,  
Өріске таман бай шапты.

- Оң қолымды жаярмын,  
Мұнан немді аярмын?!  
Бүгін өліп кетсем де,  
Аманатқа даярмын!  
Аямай малым қырайын,  
Ноғайлыны жияйын,  
Есіркеген Құдайым,  
Қос немере сүйгізіп [64],  
Қызыққа неге тояйын?!  
Ноғайлы жиып келеді:

- Жиылып тұрған ноғайлы,  
Міне, туған перзентім,  
Арылып тұр бейнетім.  
Бір-бір аттан үлкеніңіз мініңіз,  
Кейінгілерің бір-бір тоннан киіңіз,  
Атын жөндеп қойыңыз!

-Ат қоярға келгенде,  
Айдалада түс салып,  
Жүрегі жүрген жарылып,  
Мына туған перзентім,  
Қолыңда бар дәулетім,  
Не қылсаң да, жарасар!  
Мұның атын сұрасаң,  
Үлкенінің аты- Бөкенбай,  
Ең кішісі- Көлікбай.  
Бөкенбай қоя береді...  
Бөкенбайдай со бала,  
Бір жасына толғанда,  
Сонда келді Қобланды,  
Үш жылдың уәдесі толғанда.  
Ел шетіне келген соң,  
Сайынға хабар берген соң,  
Ақбоз атқа ер салды,  
Байлаулы тұрған қара атқа,

Қосын артып алады.  
Үш шарбақты ноғайдан  
Қырық жігіт таңдап алады.  
Қобыландыға қосылып,  
Аттанып кетіп барады.  
Құлан жортпас жер қалды,  
Адам жүрмес шөл қалды.  
Алтыншы ай өтеді,  
Ат мойнынан жал кетеді.  
Олар сынды ер жоқ-ты,  
Ерікпей жортқан күні-түн.  
Нақ он екі ай болғанда,  
Қалмақтың еңсесіне қол жетті.  
Аттың ерін алысты,  
Түстенісе қалысты.  
Қалмақ жақын екен деп,  
Батырға хабар салысты.  
Жағалбайлы атасы,  
Сөзінде көп жоқ қатесі,  
Жауырынмен сөйлескен,  
Қараконыс жауырыншы  
Жауырын жағып қарады.  
«Қауіп-қатер бар ма?»- деп [65],  
Батыр Қобыланды сұрады:  
Жауырыншы сонда сөйлейді [66],  
Сөйлегенде бұй деді:  
- Ер Сайын мен Қобыланды,  
Бұл жауыңа бармаймын.  
Жылқысы жолда тұрса да  
Жылқы аламын деп бұ жолда,  
Қасқа менен жайсаңның  
Обалына қалмаймын.  
Тілімді алған мұсылман,  
Бәріңе де айтамын,  
Бәрің тілді алмасаң,  
Алпыс кісі қосшымен,  
Өзім елге қайтамын.  
Қобыланды батыр отырып,  
Ер Сайынды шақырды:

- Сайын сынды батырым,  
Бұзылмасын ақылың.  
Екпінің күшті, қарқының,  
Маңдайың сұлу, жарқыным,  
Алар болсақ, мал да көп,  
Соғысарға, жау да көп.  
Есендік пен саулықта,  
Жұрт аманда, барлықта,  
Жау тосқауылы бар дейді,  
- Кел, есенде қайталық?!  
Бозбаладан айрылсақ,  
Жұртқа не сөз айталық?!  
Қайт дегенде, долданды:  
- Хабар алып шайтаннан [67],  
Аттанған жолдан қайта алман!  
«Қорқып қайтып келдік!»- деп,  
Аузым да барып айта алман!  
Алғанымның қойнында,  
Күлкі де болып жата алман!  
Бұ қалмаққа келген соң,  
Жалғыз да болсам, қайтпаймын,  
Айғырдайын алыспай,  
Қызыл қанға батыспай,  
Ақ сүнгіні салыспай [68],  
Қалмақпенен атыспай,  
Сары жайдың кірісі  
Үзілгенше тартыспай,  
Ақылыңды ала алман [69].  
Елге қайта бара алман!  
Бұлайша Сайын айтады:  
Қобыландының мың кісісі  
Елге тіке тартады.  
Ноғайлының қырық жігіті  
Қалмаққа тіке тартады.  
Батыр Сайын келгенін,  
Қобыландының қайтқанын,  
Қалмақ естіп, біледі,  
Құлағына тиеді.  
«Қобыланды, Сайын келді!»- деп,

Берік жерге камал тартады,  
Келе жатыр қырық жігіт,  
Қарағайды қак жарып.  
«Қалай жүрген батыр?»- деп,  
Жолдастары таң қалып.  
Ақ тобенін басына  
Шыға келсе ер Сайын,  
Қалмақтың көрді сансызын.  
Қаланы көріп таң қалды,  
Қасындағы қырық жігіт,  
Жанынан қорқып сандалды.  
Томен карап жыласты,  
Құдайдан иман сұрасты.

- А, қырық жігіт, жылама,  
Сіздер кейін калыңыз,  
Таса жерге барыңыз,  
Есен болса жаныңыз,  
Жақсылығым бар болса,  
Бұ заманда ұрыспа,  
Өзің теңді жау болса,  
Маңайыңа жуытпа!  
Бұ кеткенімнен келмесем,  
Қазам жетсе, өлермін,  
Егер қазам жетпесе,  
Басыма аман күн туса,  
Бір уақытта келермін.  
Қой, қош, аман болыңыз,  
Мұсылманның ұлында  
Мен- бір шіріген жұмыртқа.  
Жөнелді боз атпен аңкылдап,  
Айғай салған даусына,  
Қарағай жарылып барады.  
Қалмақтың жатқан шәрінде,  
Екі батыр бар екен.  
Бірінің аты-Жоламан,  
Бірінің аты-Еламан.  
Ер Сайын мен Қобыланды,  
Тоғыз сан басын жоямын.  
Бір мезгілде ер Сайын,

Көрінген жылқыны алады,  
Қуалап кетіп барады.  
Жылқыны қуып келгенше,  
Ақ төбенің қасына,  
Қырық жігіт тұрған орынға,  
Қуып келсе, ер Сайын,  
Қырық жігіттің бірі жоқ.  
Айтқанын ердің қыла алмай,  
Тұр деген жерде тұра алмай [70].  
Кеткен екен қашысып,  
Кейін қарай асысып.

Қалмақ жатыр дуылдап [71],  
Атын жиды шуылдап.  
Тұсаулы атқа жармасып,  
Мәстегіне тармасып [72],  
Қашан қалған шілдеде,  
Ертоқымынан адасып.  
Келе жатыр ит қалмақ,  
Жаман даусын салысып.  
Жердің жүзі қайысып,  
Көдедей шықты майысып,  
Мәстектің шаңы бұркылдап.  
Қылыштары келеді,  
Өкшесіне [73] сартылдап.  
Ақ төбенің басында,  
Сайын жалғыз қарап тұр:  
«Келгенменен бұ қалмақ,  
Не қылады маған?!»- деп,  
Мазак қылып жырқылдап.  
Жау әбден келген соң,  
Боз аттың басын бұрмалап,  
Тоғысты қаска: «Алла-лап!»  
Бөлек, бөлек қылып жүр,  
Бөлінген койдай қырып жүр.  
Қалмаққа мүскіл туып жүр.  
Еламан мен Жоламан,  
Тау тасалап қашып жүр.  
Алады деп жұртымды,  
Осы қалмақ сасып жүр,

«Еламан мен Жоламан,  
Корінер күнін бар ма?»- деп,  
Аузын қатты басып жүр.  
Көбін қырып болғанда,  
Со сықылды ер Сайын,  
Алланы еске алмады,  
Қайратына мас болып.  
Бабай Омар бабасы,  
Жалбарына жүрмеді,  
Ірі үстіне қонбады.  
Баяғы қайрат болмады,  
Оймақ құрам сау жер жоқ,  
Тұла бойында қалмады,  
Жарадан қасқа жаурады.  
Әр жарадан аққан қан,  
Су сықылды саулады.  
Ерден медеу кеткен соң,  
Жығыларға жеткен соң,  
Аттың басын бұрмалап,  
Жөнелді қасқа: «Алла-лап!»  
Егесін тұрған ит қалмақ,  
Соңына түсті тоспалап.  
Тоғыз сан кісі қуса да,  
Жеткізбей кетті құтылып,  
Ертен кеткен қырық жігіт,  
Артынан жетті ұмтылып.  
-Бәрекелді, қырық жігіт,  
Түге[л] қасқа ер!- деген,  
-Атыңның басын бұрылтып,  
Қырық жігіт, қашпай, тұра тұр,  
Тоқпақ жалды тоқ боз ат,  
Тоқтата алмай келемін,  
Қалмақ тоғыз сан, мен жалғыз,  
Тонау бермей келемін.  
Тезек теріп келіңіз,  
Жарам нешеу санаңыз.  
Омыртқада он жара,  
Қабырғада қырық жара,  
Қақ жамбаста [75] бір жара.

Жалаң аяқ жүрмеген,  
Бисмилланы білмеген,  
Салын еді бір қалмақ,  
Сырлаған сары қайың окпенен.  
Қабырғаның түбінен,  
Омыртканың жігінен,  
Қан сарқырап тыйылмас,  
Қырық жігіт, сізден болмаса,  
Ноғайлының жұртынан,  
Топырақ маған бұйырмас.

- А, қырық жігіт, қырық жігіт,  
Қарағай түбі қара олен,  
Бәрің жақсы саналым,  
Шақпақ шақсам, от түспес,  
Қарағайдың бүгінде.  
Сізбіз болған қуынан,  
Шықпаған-ақ екенмін  
Жұлдызымның оңынан.  
Мен дұшпанға мерт болдым,  
Қара кыпшақ Қобыланды,  
Ердің қасымда жоғынан.  
Мен шыққанда жаз еді,  
Алла бізге жар еді,  
Жауырынменен сөйлескен,  
Қараконыс бар еді.  
«Жан олжа», - деп еді, нанбадық,  
«Қайт!» - деген тілін алмадық.  
Қас әулие сол екен,  
Тілін алмай жүдедік [76].  
Аттанған жерім сұрасаң,  
Жылқы алған бұ жерім,  
Ойыл менен Сейілде [77].  
Бейнетіме бұ қалмақ,  
Хабар тауып жиылды-ау!  
Қырық жігіт, сендер болмасаң,  
Жұрт көрерім қиындау!  
Күлдір-күлдір кісінетіп,  
Күренді мінер күн қайда?  
Күйме бұзып [78], қыз алып,

Қамалды бұзып, жылқы алып,  
Қара арғымақ қатырып,  
Қарсыласқан дұшпанға,  
Жүрегінен найза батырып,  
Мына жатқан калмаққа,  
Ат жүгіртер күн қайда?!  
А, қырық жігіт, азамат,  
Маған бола өлменіз,  
Сендер бейнет көрменіз,  
Менің үшін өлменіз.  
Қарағайдан табытым,  
Бекем қылып салыңыз,  
Тандап мінген көк атты,  
Басыма мықтап байлаңыз,  
Шүберек киім кигізбе,  
Қанды етіме тигізбе,  
Жібекке орап қойыңыз,  
Ел шетіне барғанда,  
Әкем шығар елпидеп,  
Шешем шығар еңкілдеп:  
«Сайыным қайда?»- дегенде,  
Не деп жауап берерсіз?  
«Ел шетіне жау келді,  
Керекке болды!»- дегейсіз,  
«Қара арғымақ арыды,  
Оттата қалды!»- дегейсіз.  
Бір күн де болса қуансын,  
Ақырында бейшара,  
Есіткен күні суалсын!  
Топтан таңдан алғаным,  
Жер үстінде жоқ еді.  
Найзагерден арманым,  
Дүниенің қордім жалғанын.  
Аюбике сұлуға  
Дұғайы сәлем дегейсіз!  
Таң сәріден тұрарсын,  
Беті-қолың жуарсын.  
Қынай белін буынсын,  
Бүрілген бес бармақ,

Бетіне жара салмасын,  
Егіз екі со сұлу,  
Дұшпанның тілін алмасын!  
Өзімнен қалған жақсыны [79],  
Жат көрмесін, өз көрсін!  
Қайта алмадым жорықтан [80],  
Бұл дүниеде жолыққан.  
Құдай қосқан қосағым,  
Дұғай (дуай) сәлем дегейсіз.  
Ақыретте кез келсін [81]  
Қара Қыпшақ Қобыланды,  
Батыр ерге сәлем айт!  
Мен кеткенде тумаған,  
Оғы жасын қылмаған,  
Көлікбай мен Бөкенбай,  
Айырылып сонап қалмасын,  
Енді жауға бармасын!  
«Окем оліп қалды!»- деп,  
Қаіеріне алмасын [82].  
Өздері адам болғанша,  
Қара қыпшақ Қобыланды,  
Көзінен таса қылмасын!  
Ал, қырық жігіт, азамат,  
Ашып кетпін бетімді,  
Салқын соқсын етімді.  
Қимындарға шарам жоқ [83],  
Құлазыған қу түзде,  
Қазам жетер секінді.  
Сіздер бұлай кеткен соң,  
Қалмақ келіп жеткен соң [84],  
Мұсылманнан көре алман,  
Қыдырып жүрген жетімді!  
Қырық жігіт кетті қарасын.  
Қымай кетті, жыласып,  
Олар елге келместен,  
Елі хабар білместен,  
Аюбике со сұлу.  
Түнде жатып түс көрді.  
Түсінде галай іс көрді.

Өз басына күш көрді [85].  
Қатты шошып оянды,  
Тан сәріден тұрады,  
Беті-қолын жуады,  
Екі етегін түріпті,  
Енесіне келді де,  
Түсінің жайын сұрады [86]:

- Мен бүгін бір түс көрдім,  
Келіспеген іс көрдім,  
Жауырыным тола қара шаш,  
Жайылыңқы көрінді,  
Келіспеген іс көрдім [87]:  
Қимылдарға шара жоқ,  
Құлазыған қу түзде  
Қазам жетер секілді.  
Бедерлеген бес тырнақ,  
Қызыл қанға малыныңқы көрінді.  
Шешем берген бокшасы,  
Шашылыңқы көрінді.  
Жауда жүрген балаңның,  
Астындағы қара ала ат,  
Құйрығы келте көрінді.  
Қолына алған ақ сүңгі,  
Ортасынан, ай, ене,  
Үзіліңкі көрінді.  
Сонда енесі жорыды:

- Жауырының толған қара шаш,  
Жайылыңқы көрінсе,  
Ертеңменен қой өрер.  
Білектен шыққан бес бармақ [88]  
Жайылғанын жұрт көрер.  
Жайылғаны шашыңның,  
Балам, соған көрінсін.  
Бедерленген бес тырнақ,  
Қызыл қанға, а, балам,  
Малыныңқы көрінсе,  
Таңда тал түс болғанда,  
Қызылменен боятсан,

О да соған көріссін,  
 Жауда жүрген баламың  
 Астындағы қара ала ат,  
 Құйрығы келте көріссе,  
 Жау қарасын көргенде,  
 Ат құйрығын сүзгенді.  
 Қасындағы жолдасы,  
 Жау көрмеген жамандар,  
 Жаннан күдер үзгенді.  
 Қолына алған ақ сүлгі,  
 Ортасынан, а, балам,  
 Үзілдік көріссе,  
 Жүрген шығар жалғызым,  
 Қалмақтың белін сындырып.  
 Келеді екен жалғызым,  
 Барған ісін тындырып.  
 Жаманға жылқы қуғызын [89],  
 Алдынан ай, күн туғызып,  
 Келеді екен қырық жігіт,  
 Аяғына су өтіп,  
 Маңдайынан күн өтіп.  
 Жылауменен күнелтіп [90],  
 Жолдасын жауда қалдырып [91],  
 Жүзіне қара шалдырып,  
 Жылауменен күн елтіп,  
 Азар жегіі шәріне.  
 «Қырық жігіт келді.»- деген соң,  
 Шаңыра естіп, бығен соң,  
 Бозмұнай келді алдынан:  
 - Қырық жігіт, келдің бе?  
 Есендік пен саулық па,  
 Азамат түгел барлық па?!  
 Көрілік мұндар ұрмаса,  
 Көзім жасқа толмаса,  
 Сайын сынды жалғызым  
 Көріңбелді көзіме?!  
 Қырық жігіт сонда айтады:  
 - *Бари сала ер Сайын*  
 Қалмақтан ойып жылқы алды.

Куртук тата калдыкка,  
Сараннан үнсиз ады.  
Жау жергетет сиз келсе,  
Мүсүлмандык жергетет.  
Шеге жеги келсе,  
Аттан мелеу келгенде  
Калыктар жетпестикти.  
Ат бурма көпбөдү,  
Жалынган эл келсе и  
Ундан жыткан биринде,  
Ел ичеге жау келди.  
Келерги бола келет [92].  
Кара арсымак арлыгы,  
Жеткен соң келди.  
Ак кыруу келди,  
Жалын алмай келди.

- Ундан десе, бүр баям,  
Таян талай жол жүрсүн,  
Тектен кеткен суу бөлүсүн!  
Дүң сандан аман бар болса

Соту алтын бай кетти,  
Суу дегенге куатын,  
Өлүк сөзгө жубатын,  
Кайгы билсин Сайынтан  
Калыктан ошун суу аты

Үндө суу бөлүсөн сөз,  
Сүзү тикте жүзүрүн,  
Кырык жигит келди, ас деген сөз,  
Арданан келет бүзүрүн

- Кырык жигит, азамат,  
Чеге бүзүрүн жаурайсын?  
Ак саканды атамды,  
Соту алтын алышсын,  
Ундан айтып сөзгө,  
Түзүксүз болушсын,  
Сайыт ошун десең де,  
Бирин үстүн алмайтын!

Қырық жігіт тұрып ойласты [93].  
Айтпасақ та болмас-ты,  
Жетіп келген жас бейбақ,  
Айтқызбай ерікке қоймас-ты.  
Сонда қырық жігіт саяды.  
Жылап тұрып айтады:

- Сайын саяды соң қасқам.  
Сан қалмақпенен тоғысты.  
Ерінбей қылды соғысты,  
Көшке шама келмеді [94].  
Қалмаққа құдай болысты.  
Оймаққа курам сау жері,  
Тал бойында қалмады [95].  
Тұе-тұсынан оқ тиіп.  
Жарадан қасқа жаурады.  
Қалмақтан шығып кеткенде,  
Жығылар мезгілі жеткенде,  
Қарағайдан табытын,  
Бекем қылып сайдағты.  
Қалап мінген кара атты.  
Коз алдына байлағты:  
«Бас көтерер күн болса,  
Еріктіріп мінермін.  
Мінбестей болған күн болса,  
Күнінде бір көрермін!»

Сайын сойтып қалған соң,  
Оны (аны) сұлу білген соң,  
Екі бетін алады,  
Қара шашын жаяды.  
Үйге жетті жұқынын,  
Жын қаққандай бұлқынын,  
Дауыс қылды отырып [96].  
Батырды сұлу жоқтайды:

- Беліндегі бес қару  
Тал бойына жарасқан!  
Сендей теңім табылмае,  
Жетп алашты қыдырсам.  
Алашта мұңдық мен болдым,

Хапынадай күнімде,  
Ер қасқамнап адасқан!  
Қарағай найза өңгерген,  
Өзінің жұртын менгерген,  
Азды көпке теңгерген,  
Аттанған жаудан келмеген,  
Алты қанат ақ орда,  
Қасқам ішіне енбеген,  
Мендей мұндық бар ма екен?  
Ойнар, күлер шағымда,  
Еркін ойнап күлмеген,  
Өзім тірі жүргенде,  
Кеудеме еркек мінгізбен!  
Алмадай болған қызыл бет,  
Қиғаш ерінге сүйгізбен,  
Берен тосек, құс жастық,  
Манайыңнан бойдақ жүргізбен!  
Мандайың құлаш ер Сайын,  
Қылығың еске түскенде,  
Жанымды не ғып күйгізбен!  
Аузым тола қан болса,  
Дұшпаныма білгізбен.  
Сен кеткелі он бес жыл,  
Ботен үйге бармадым.  
Езу тартып күлмедім.  
Мен сарғайып жатқанда,  
Неден көңілім қалдырдым?!  
«Бұ заманда жоқпын!»- деп,  
Түсіме нешік кірмедін?  
Ертең қылған даусымды,  
Түсте келіп қоярмын,  
Кешке қылған даусымды,  
Күн батқанда болармын.  
Алмадай болған қызыл бет,  
Тырнақпенен соярмын.  
Мөлдіреген екі көз,  
Жылауменен оярмын!  
Ел шетіне жау келсе,  
Қара қабан сықылды,  
Кімді алдына қоярмын?!

Жылап, жылап уанды,  
Беті-қолын жуынды,  
Колікбай менен Бөкенбай,  
Оқ атысып жүр екен,  
Екеуі келді жүгіріп,  
Анасы отыр бүгіліп.  
Екеуі есінен адасты,  
Адаса тұрды екеуі,  
Бір жүгенге таласты:

- Үйде жатқан әкем-ді,  
Неге кеткен алысқа?  
Сонша жерге бастасып,  
Жау жеріне тастасып,  
Бұ барғаннан бармасам,  
Екі бірдей көк ала,  
Арғымаққа мінбесем,  
Өншен темір кимесем,  
Қобыланды, саған қылмасам,  
Біткенінді қырмасам,  
Ер Сайыннан тумайын!

Жылқыға кетті жүгініп,  
Тұрмады үйде кідіріп.  
Сұлу үйден барады  
Енесінің қасына,  
Енесі бибақ жылайды,  
Жад етеді құдайды:  
- Құдайдың берген жалғызы  
Таласып емшек еміскен,  
Құнан тайдай тебіскен,  
Беліндегі бес қару,  
Тал бойына келіскен!  
Атаң қалды кеңестен,  
Шешен қалды жіп ескен,  
Жауға айқайлап тигенде,  
Он иіне қонбады  
Төрт мұқырраб періштен.  
Ай, сорлы болған енем –ай,  
Жылағанменен өнбейді,

Дауыстағанмен келмейді,  
Сайын сынды баланды,  
Мандайы құлаш ер дейді.  
Мен тұл үйінде тұра алман,  
Күнде дауыс қыла алман,  
Жер жүзінде бар болса,  
Өзім іздеп табармын.  
Жаралы болса, бағармын!  
Дүниенің төрт бұрышын  
Теңселіп жүріп [97] кезермін.  
Сол сықылды батырды,  
Іздемей не ғып тынармын?!  
Сайын сынды со батыр,  
Отыз екі ерден өт (от) алған,  
Бірде-бірі ем бе екен?  
Шешем берген үйімде  
Аюдың бар ақ дәрісі,  
Жарасына ем бе екен?  
Тірі қалды деп ести тұрып [98],  
Іздеместей ер ме екен?!  
Жылқыдағы қос күрең  
Жыламай тоқым салдыршы,  
Бұрын түзге жүрмеген,  
Түстік жерге бармаған,  
Қырға шыға қалмаған,  
Жөнелді бибақ жыласып,  
Кетіп барады қарасып,  
Бет алдына жарасып,  
Қос күреңнің басымен.  
Күні- түні барады  
Жылауменен күнелтіп.  
Жол білмеген әйелді  
Алланың өзі түзетіп.  
Өр тобенін басына  
Сұлу шығып қарайды,  
Көрінер заман болмайды.  
Бір күндері болғанда,  
Ай мен күнге таласқан,  
Қара төбе көрінді,

Со төбені көргенде,  
Сұлудың көңілі бөлінді:  
«Ай, міскін болған енем-ай!»  
Қара төбе қасында,  
Бәйтерек тұр басында.  
Ала-кұла сауысқан,  
Қан көргендей болады,  
Баланның қалған жерлері,  
Сонау бір жерде болады.  
Мен тұсынан озамын,  
Неге қарап тұрамын?  
Енесі сұлулы оздырды,  
Күренше аттың мойынын,  
Жездей қылып создырды.  
Енді сұлу қамшылап,  
Бұлттай ұшты жамшылап,  
Кекііден тері тамшылап,  
Сұлу озып келген соң,  
Аттан түсе қалады,  
Түсе сала жылады.  
Бұрышың қарар күні жоқ,  
Сойлесерге тілі жоқ,  
Тостағандай тола қоз,  
Төңкерс келіп салады,  
О, сұлу басын қоса қалады!  
Көтеріп келіп алады,  
Суға арқалап барады,  
Қанын жуып алады.  
Аюдың келіп ақ дәрі,  
Аударып сұлу жағады,  
Тез тірілтіп алады.  
Су басында екеуі  
Ойнап ойны қанады,  
Ақ жарылқап қалады.  
Келе жатыр кемпір сол [99],  
Бауырына қамшы таянып.  
Өлді деген баласын  
Еңсеп келген анасы,  
Алдынан шықты алицандан.

Өлгені жаңа ырға,  
Еліне тиені шаға,  
Қушақтағын көрісті,  
Бетінен сүйін обісті.  
Қайнасынан жасады,  
Алласы көзін ашады.  
Аттын ерін алысты,  
Үшеуі ұйықтап қалысты.  
Ұйқыда бибақ білемді,  
Үстіне келіп орнады:  
«Жолдасы елге барды»- деп,  
«Жалғыз Сайын жеке өзі,  
Жаралы болып қалды!»- деп,  
Қалмақ естіп біледі.  
Еламан мен Жоламан  
Сансыз қалмақ қолға алып,  
Сайынды іздеп келеді.  
Жатқан жерін көреді,  
Үстіне келіп орнады,  
Бірде-бірі тұрмады.  
Бір мезгілде ер Сайын,  
Көтеріп алса басына,  
Жеткен екен Жоламан,  
Шаншар жердің тұсына.  
Сайын тура сасады:

-А, құдайым, құдайым,  
Өлемін деп қылаймын,  
Бұйрық жетпей уайым.  
Тарқамаған бола ма,  
Жалбарынған күнәйым.  
Бабай Омар, бабам-ай,  
Жаңылым ба, тобам-ай.  
Ақыры жаулап бола ма-ай,  
Туғаннан менің казам-ай!  
Алшыстағы апам-ай,  
О да жауға бара ма-ай,  
Құдай қосқан қосым-ай,  
Оны бір дүшпән ала ма-ай!

Ноғайлының кең шәріне-ай,  
Сайын есен бара ма-ай,  
Жар бола гор, Аллама-ай!

Ер тоқымын арқалап,  
Боз атқа келді: «Алла-лап!»  
Ер тоқымын салғанда,  
Айылын тартып алғанда,  
Ауыздығын боз ат шайнады,  
Адамдай тұрып сайрады:

-Батыр Сайын, саспашы,  
Көп екен деп қашпашы,  
Құдайдың берген қуатын,  
Осы жолы басташы?!  
Қатарланған камалды,  
Қақ жармасаң, саған серт,  
Оқ жеткізсем, маған серт!

Жыландайын жыбырлап,  
Қыздардайын сыбырлап,  
Ақ сауыт сонда сөйледі:

- Батыр Сайын, қорықпашы,  
Ботен сөзді айтпашы,  
Қатарланған қамалды  
Бұза алмасаң, саған серт!  
Токсан қабат оқ жетсе,  
Оқ өткізсем, маған серт!  
Сақтасын мықтап күдірет!

Атыменен сөйлесіп,  
Ақ сауытпен кеңесіп,  
Кемпір менен сұлуға:  
-Артымнан қалмай, жүр!- десіп,  
Қамалып тұрған қалмақты  
Қабандайын қақ жарып,  
Сайын шықты құтылып.  
Еламан мен Жоламан,  
Кемпір менен сұлуды,  
Ұстай алды ұмтылып.  
Қалмақтар тұрын кеңесті:

-Қаптай кусак боз атғын,  
Қарасын жылқы көрмес-ті,  
Сайынды қолға бермес-ті.  
Алған[ы] менен анасын,  
«Қолаң шашын кидық!»- деп,  
Ат үстіне салыңыз,  
Қамал тарта қалыңыз.  
Төбе шашы жұлынса,  
Даусы шығар шырқырап,  
Анасына шыдамай,  
Сайын шабар бұрқырап,  
Қашпаңыз сонда тырқырап!  
Ат үстіне салғанда,  
Ұлынан отіл сұрады:  
- Маған бола келмеші,  
Шырағым, маңайымды көрмеші!  
Мен жанымды не етейін,  
Сенің үшін, шырағым,  
Кұрмалдық болып кетейін!  
Алғаны сонда жылайды:  
-Ай, Сайын атты ерім-ай,  
Алланың қосқан теңім-ай!  
Сенен ары айшылық  
Менің шыққан жерім-ай.  
«Шыбықтай бойы ұзын!»- деп,  
«Алмадай беті қызыл!»- деп,  
Әйел де түбі дұшпан-ды,  
Қызық көрме, ер Сайын,  
Біз кетті деп ұрысқанда,  
Мен кетсем де, аларсың [100],  
Ноғайлының кең шаһарын!  
Сайын, есен барарсың,  
Жар бола гөр, Алла-ай!  
Ер тоқымын аркалап,  
Боз атқа келді: «Алла-лап!»  
-Тірі болсаң, кегінді,  
Екі ұлынды қасыңа ал!

Шаппасына болмады,  
Пірі еркіне қоймады.

Алпыс екі періште  
Үстіне келіп орнады.  
Боз аттың басын бұрмалап,  
Ұмтылды қалмаққа таман туралап.  
Аруақтың қалай тасканы [101],  
Қалмақтың қалай қашқаны,  
Кемпір менен сұлуды,  
Қалай тастай қашқаны!  
Қуа барып, ер Сайын,  
Қалмақпенен соғысты,  
Ерікпей қылды тоғысты,  
Он үш күн ұрсып тауысты.  
Үстіне келген қалмақтың,  
Жанды адамын қоймайды.  
Атын, тонын алды да,  
Еліне таман айдайды.

Батыр Сайын келгенше,  
Ел хабарын білгенше,  
Бокенбай мен Көлікбай,  
Қобыландыға барыпты,  
Аттанып еліне келіпті.  
Жасанғанда қайтпаған,  
Сансыз дұшпан батпаған,  
Со сықылды Қобыланды,  
Екеуінен қорқыпты.

-Ай, Қобыланды батыр сен болсаң,  
Туып, бетін көрмеген,  
Көрген кісі әкемді,  
Мандайы құлаш ер деген,  
Қас ерменен тең деген.  
Қалған жерден алып кел,  
Өлтірген жауын тауып бер!  
Үйде жатқан әкемді  
Жау жеріне бастадың,  
Қандай шөлде тастадың?  
Бармасаң да, барарсың,  
Бармай не ғып қаларсың?!  
Қобыланды сонда айтады:

- Алдына түсіп барайын,  
Неге іздемей қалайын?!  
Қалмаққа бүлік салайын,  
Сайынның кегін алайын!

Мың кісіні алады,  
Аттанып, кетіп барады.  
Айшылық жатқан қалмаққа,  
Барып бір соғыс салады.  
Қалмаққа барса, ор екен,  
Оры - терең зор екен.  
Көлікбай сонда айтады:

- Ай, Қобыланды, Қобыланды,  
Бүйтіп бұған тұрмалық,  
Қорыққан кісі сықылды.  
Тұрып кеңес қылалық,  
Ордан арман өтелік,  
Қалмаққа тоғыс етелік!

Бөкенбай мен Қобыланды,  
Көлікбай мен үшеуі.  
Ордан арман өтеді,  
Қалмаққа кіріп кетеді,  
Бөкенбай мен Қобыланды,  
Екі батыр қашады,  
Ордан бермен асады.  
Қобыландының мінген ат,  
Ордан өтті кідірмей,  
Бөкенбайдың көк ала ат,  
Артқы аяғы ілінді,  
Ер- тоқымын құшақтап,  
Орға түсіп жүгірді.  
Көлікбай шапты қамалға,  
Көк ала атты борбайлап,  
«Ой, бауырым!»- деп, ойбайлап,  
Қалмақтың құрған қамалдың,  
Бұ жағынан шапқаннан,  
О жағына бір өтті.  
Ар жағынан шапқаннан,  
Бер жағына бір өтті.

Батырлары ақырды,  
Балуандарын шақырды,  
-Тұс-тұсына барыңыз,  
Біреп арқан алыңыз,  
Шабатұғын жағына  
Керме ұстай қалыңыз,  
Кермелеп ұстап алыңыз.  
Көзден тұрып Көлікбай,  
Аласа қылған арқанның,  
Үстіменен кетеді.  
Биік қылған арқанның,  
Астыменен кетеді.  
Тап сегіз күн болғанда,  
Бәрін қырып кетеді.  
Ордан бір хан асады,  
Дария судай тасады.  
Орда жатқан Бөкенбай,  
Қанмен ағып барады.  
Қобыланды со батыр,  
Сонда суырып алады.  
Қалмақтың елін өрт қылып,  
Тонырақтай көшіріп,  
Барлық малын көшіріп  
Жалғыз сол Көлікбай,  
Айдап шықты шаһардан,  
Қалмақтың дән қарасын қоймай-ақ,  
Қызығына тоймай-ақ,  
Қасқаның көңілі тынған соң,  
Қалмаққа қалағанын қылған соң,  
Жылқыны төске салған соң,  
Қалмақтан кегін алған соң,  
Қол түстеніп жатқанда,  
Келе жатыр бір адам,  
Туырлықтай туы бар,  
Мың кісінің шаңы бар,  
Артында қанша жаны бар,  
Қобыланды батыр айтады:  
- Көлікбай батыр, барыңыз,  
Қандай дұшпан болалы

Алды-артын шалыңыз!  
Соныменен Көлікбай,  
Тұрымтайдай түйіліп,  
«Қылармын!»,- деп кіжініп,  
Қарсы шығып келеді.  
Келе жатыр ер Сайын,  
Өлген жерден тіріліп.  
«Жиылып жатқан қалмақтың  
Тоғысы бар!»- деп кіжініп.  
Көлікбай оны танымай,  
Әкесі деп ойламай,  
Аруағы күшті жас бала:  
-Ет жүректің басы деп,  
-Өлер жерің осы!- деп,  
Табандап найза салады.  
Сайын сонда айтады:  
- Сайын әкең- мен,- дейді,  
-Көріселік, кел!- дейді.  
- Есенбісің сен?!- дейді.  
Аттан түсе қалады,  
Суырып найза алады.  
-Жазалы болды қолым-ай,  
Ерлік бір қылған құрысын,  
Мұнан былай жолым-ай!  
-Құрымасын жолың!-деп,  
-Жазалы болмас қолың,- деп,  
Әкең мұнан не қылсын?!  
Неше ердің көрмедім,  
Бұ сықылды найзасын,  
Көріп жүрмін жасаған,  
Бір Алланың пайдасын.  
Әкең мұнан өлмейді,  
Ет жүрегін қорықпасын.  
Бар, Көлікбай, бар,- дейді,  
Қобыландыдай атаңнан,  
Барып, сүйінші ал!- дейді.  
Тастап кеткен ер Сайын,  
Жазылып келді, сау- дейді,  
Көлікбай қолға шабады,

Ат аямай барады.  
Тіке салып сонымен,  
Қобыландыға келеді.  
Болып тұрған бұ шақта,  
Қобыланды батыр көңілсіз.

-Жазалы болған келінгі,  
Сайын атты ініңіз.  
Озып келдім мен сізге,  
Не бересіз, а, батыр,  
Қуантқан үшін сүйінші  
Кәнеки, маған беріңіз [102]!

- Тартып пішкен торсықтай,  
Өзі сұлу Тайбурыл.  
Рас болса, келгені,  
Ал сыйладым мен сізге!

Сайын сонда келеді,  
Келгенін қарап Қобыланды,  
Танып, көрісіп біледі.  
Атқа мініп желеді.  
Көп шүкірлік қылады.  
Атқа мініп қайтысты,  
Шәріне тамап тартысты.  
Шәрге есен келген соң,  
Ноғайлықын көп жұртын  
Көрісіп сәлем берген соң,  
Бозмұнай тұрып той қылды.  
Аттанған жауын алысып,  
Көңілдері тынысып,  
Аман-есен қайтқанға,  
Аллаға шүкір көп қылды.  
Той тарқап кеткен соң,  
Батыр Сайын сөйледі:

-Енді түзге жүрмелік,  
Қолға найза алмалық.  
Қалмаққа енді бармалық.  
Көлікбай мен Бөкенбай,  
Қобыландыдай батыр-ай,

Екі ұлыңа бата бер,  
Жолымызды берелік,  
Үйіңе барып, жата бер.  
Айтқанынша Сайынның,  
Қобыланды батыр береді:

- Алла ашсын жолыңды,  
Ұзын қылсын қолыңды,  
Танып жүргің, ай, балам,  
Оңың менен солыңды!

Сөйтіп бата берген соң,  
Қобыланды батыр қайтады.  
Еліне барып со батыр,  
Батырлық құрмай жатады.  
Екі ұлының тұсында  
Сайындайын батырдың,  
Іргесін дұшпан баспады,  
Қолынан дәулет қашпады.  
Ел шетіне жау келсе,  
Сайын сынды батырдан  
Көлікбайдың ерлігі,  
Анағұрлы асады.  
Екі ұлының тұсында,  
Баршадан болды тірлігі,  
Үш алашқа жайылды  
Екі ұлының ерлігі.  
Өлген жерден тірілткен,  
Қалмаққа атын жүріткен,  
Бір құдайдың кеңдігі,  
Сайын сынды батырдың  
Сондай екен кеңесі,  
Адамнан артық денесі.

## Ер Көкше

Уақ ұлы Қамбар екен,  
Қамбар ұлы –ер Көкше.  
Ер Көкше жас екен,  
Жас та болса, бас екен.

Он сан ноғай бұлгенде [1],  
Орманбет (Ормамбет) хан өлгенде,  
Ол барып жатыпты  
Манан деген суына,  
Балқан деген тауына.

Үлесерге мал таппай,  
Атысарға [2] жау таппай,  
Со[л] кісінің ішінен  
Бөлініп шықты қырық кісі,  
Қарауыл кеткен төрт кісі,  
Шындауыл кеткен бес кісі-  
Сан жылқыны алыпты.

Мың кісі оны қуыпты.  
Күн астынан шаң шықты,  
Шаң астынан ту шықты,  
Қайтпас қара болат реңкті [3].

Балалы батыр Жаңбыршы,  
Қуып жетті [4] мың кісі.  
Сонда ер Көкше жазған айтады:

Менің мылтығыма- мың кісі,  
Садағыма- сан кісі,  
Қылышыма-қырық кісі!..  
Төсенерге төсек жоқ,  
Жастанарға жастық жоқ,  
Жастық болар бес кісі!

Мәмбеттің ұлы Тілеген,  
Азуын тасқа білеген,  
Бал ішкенге мақтанған,  
Бір өзін сан кісіге теңеген.  
Оған да болсын: екі сексен, жүз кісі!  
Сенің жақсыңа- дара бір кісі.  
Жаманыңа- екеу ара бір кісі!  
«Енді-де- қалды не кісі?!»

Со кісінің ішінде  
Төрт жігіт ағайынды бар екен.  
Бір кісі бір атқанда,

Үш атады екен.  
Сан жылқыны алыпты,  
Мың кісі оны қуыпты.  
Жан жолдасы Манаша  
Аршын басты ақ құламен  
Бөгей-бөгей келеді,  
Әлі жетпей келеді,  
Табаны жазық тарлан бозға мініп,  
Бір оғын аузына тістеп,  
Бір оғын жанына кезеп,  
Жауға еніп кетіпті.

Жаудың маңдайынан еніп,  
Көтінен шығып келді.  
Он бүйірінен еніп,  
Сол бүйірінен шығып келді.  
Жүрген жері кезең болды,  
Жеті күн соғысып,  
Жеті түн соғысып,  
Қырық кісі бәрі өліпті.  
Қырық кісіден жалғыз қалыпты,  
Ер Көкше батыр қалыпты.  
Мың кісі бәрі өліпті,  
Мың кісіден жалғыз қалыпты,  
Жаңбыршы батыр қалыпты.  
Аттың қолансасынан қан келді.  
О, Жаңбыршы айтты:  
-Екеуміз соғыспайық!  
- Соғыспасақ, соғыспайық, қоя қояйық!  
Мың кісінің атын Жаңбыршы алды,  
Алып келген жылқыны ер Көкше алды.  
Қайтып кетті Жаңбыршы.  
Ер Көкше кісілерін қарап жүрсе,  
Жан жолдасы Манашаның  
Маңдайынан қасапы оқ кіріп,  
Басын көтеріп, соғып жатыр екен.  
Оғын суырып алды,  
Қара дәріні құйып еді,  
Түрегелді Манаша,  
Өзінің қырық кісісінің

Бәрін де тұрғызып алды.  
Манағы мың жылқысын айдады.  
Жүріп келе жатыр еді,  
Ер Көкше атқа жүре алмады.  
- А, жігіттер, жігіттер,  
Манашым, менің Манашым  
Жауырын қағып қарашы,  
Тезектің отын қалашы!  
Омыртқамда он жара,  
Оң қарай алмай келемін.  
Қабыртқамда қырық жара,  
Қимылдай алмай келемін!  
Толарсақта тоқсан екі бар жара,  
Толғана алмай келемін!  
Қақ жауырында бір жара.  
Қарға жүнді қамыс оқ  
Шаш етектең тиіпті,  
Көк желкеден шығыпты,  
Бәрінен ауыр [5] сол жара.

Олар енді жүріп кетті. Қараса, ер Көкше жоқ, Манаша да жоқ. Манаша ер Көкшеге айтты:

- Ер Көкше, бүйтін жатар ер ме едің?!-дейді.  
- Бар,- дейді «Жау жетті!»-деп, олай- бұлай айғай салып шаба гор!- дейді.

Манаша атқа камшы басып:

- Ер Көкшесі, ер Көкше, соңыңнан жау жетті!- деп, шапты.  
Ер Көкше жағын кезеп, атына жайдақ мініп:  
- Жау қайда?!-лап, былай бір кетті, олай бір кетті. Жау көрінбеді. Өзі аттан түсуге мұршасы еркін келмеді, құлай бір кетті. Жалғыз ауыз тілге келді:  
- Жалғызым, ер Қосай: «Менің қанымды жоқтап, қалмаққа бет қойып келе жатқанын көріп жатайын!»- деп, осы таудың басына шауып шыққаным сол!-лейді. - Осы жерге көміп кет!- дейді.

Ер Көкшенің сүйегі Орал тауының қазаққа қараған шеткі шаңшылған биігінде. Жолдасы сонан соң айбалтамен жер қазып көмді [6]. Қайтты. Сонан соң Манаша манағы кісілерді қуып жетті. Олар: «Екеуі де өлді»- десіп, малдарын үлесіп алып қойған екен. Манаша келгеннен соң, бірін-біріне соғып, малды қайтып алды. Сонан соң ер Көкшенің сыбағасын бөлек алды. Мылтығының сыбағасын алды, қылышының сыбағасын алды, өзінің сыбағасын алды, сонан соң өзгелерге берді.

Ер Көкшенің үйінде жалғыз баласы бар екен, аты Қосай екен. Ол үйінде қырық құлаш саты қылған екен, соған шығып көрді жорықшыны.

Қосай үйден шығыпты,  
Келген кісіні көріпті:  
«Әкем ер Көкше келсе,  
Әкем жорға ап келсе,  
Жорғаны мен мінермін,  
Торқаны мен киермін!»-  
Алдынан шығып айтыпты.

Манаша енді келіпті,  
Кісілерге айтыпты.  
- Мынау Қосай сұраса,  
Сендер жауап бермендер,  
Ешбір сөз айтпаңдар!  
Оған жауап мен берейін!

Бала алдынан шығыпты:  
-Ассалаумағалейкум, ағалар,  
Ақ сақалды бабалар,  
Менің әкем көрдің бе,  
Жаным дейін, ер Қосай,  
Тәнім дейін, ер Қосай?!

- Сенің әкең мен көрдім,  
Табаны жазық тарлан боз,  
Табаны тиіп келеді.  
Оны қаға келеді,  
Садақ толған сегіз жебе,  
Жүні [7] ұшып кетіпті,  
Оны жүндей келеді.  
Солкылдаған ақ найза  
Қисайып кетіпті,  
Оны түзете келеді.  
Өңгеге өгіз олжа тигенде,  
Әкеңе тана олжа тиді,  
Соны тағып келеді [8].

-Ай, ағалар, ағалар,  
Ақ сақалды бабалар,  
Табаны жазық тарлан боз  
Табаны тиер ат па еді?!

Садақ толған сай жебе  
Жүні ұшар оқ па еді?!  
Солкылдаған ақ найза  
Қисаяр ағаш па еді?!  
Өңгеге өгіз олжа тигенде,  
Әкеме тана тиер ер ме еді?!

Ай, ағалар, ағалар,  
Ақ сақалды бабалар,  
Азаматтар, шоралар,  
Олай деме, былай де,  
Бізге: «Өкен өлді!»- де,  
Бізді «Құдай ұрды!»- де,  
О кәуірге [9] қылмасам,  
Ағытқан қойдай маңыратып,  
Аш күзендей шулатып,  
Арқауылдың сары жон  
Тізеден соқпақ салмасам,  
Керегесін кертпесем,  
Кертіп отқа жақпасам,  
Қосай атым құрысын!  
Бала үйіне қайтты, Манаша айтты:  
- Ай, Қосай, мынадан сауға алыңыз!  
- Өзім кісіге сауға бергендей болғанда алармын!  
Қосай сонан үйіне қайтып келді:  
- Ай, шеше, шеше,  
Біздің әкей өліпті,  
Бізді Құдай ұрыпты!  
О, кәуірге қылмасам,  
Аш күзендей шулатып,  
Ағытқан қойдай маңыратып,  
Арқауылдың сары жон  
Тізеден соқпақ салмасам,  
Қосай атым құрысын!  
Әкемнің сөйтіп кегін алармын!  
Әкемнің елі бар ма,  
Әкемнің жұрты бар ма,  
Құдасы әкемнің бар ма,  
Құрбысы әкемнің бар ма,  
Досы бар ма әкемнің?!

- Жоқ- дейді шешесі.- Бойы өсіп, бұғанасы қатпай, балам, жауда өлерсің!- дейді.

Бір Жәпекбай деген құлы бар екен.

- Мен мінгендей ат бар ма?- деп сұрады.

- Сен мінгендей, ат жоқ!- дейді. Айтпады Жәпекбай.

-Шыныңды айт!- дейді.

Айтпады.

- Жәпекбай, сен шыныңды айтпадың!- деп, жағасынан ұстап жерге ұрды.

Жәпекбай:

- Айтайын!- дейді.

- Орайқақтың басында  
Ай маңдайлы алаша ат,  
Күн маңдайлы құлаша ат,  
Салхан (салпаң) құлақ сарғылша ат!  
Еменнің ең түбіне,  
Мінсен де, сол жарар!

Әкесінен қалған қырық құлаш жібек арқан бар екен, алып келді. Оны су ішетұғын жеріне өзін көрсетпей, жер қазып жатты. Әуелі күн маңдайлы құлаша ат келді, артынан ай маңдайлы алаша ат келді. Күн маңдайлы құлаша ат су ішті. Суды ішіп-ішіп тамсанып еді, маңдайы бүлкілдеді: күндік өнері бар екен. Ай маңдайлы алаша ат суға келді. Су ішті, маңдайы бүлк-бүлк етті: айлық өнері бар екен. Сары ат су ішпей шығып, қайтып кетті. Ертең келді. Сары ат ертең кеп су ішті. Шалманы бала мойнына тастады, ұстап алды, жүгендеп алды. Мініп шешесіне келді, шешесіне айтты:

-Менің ер тоқымымды қыл!-дейді.- Мен ханнан барып, қол сұраймын!- дейді.

Ханға келді:

- А, хан!-дейді.- Таксыр!-дейді.

Хан есітпеді (естімеді). Хан тойда отыр екен. Сонан соң хан:

- Шыққаннан соң, сөйлесермін!-депті.

Бір төбенің астына барды. Ұйықтап жатыр. Хан асын жеген соң, тысқары шықты:

- Манағы жарғағы бар сары бала кайда?- дейді?

Бір бала айтты:

- Мына төбенің астында ұйықтап жатыр!-дейді.

-Бір он жігіт он найза алып, со балаға барыңдар! Жаман болса, корқар, жақсы болса, қорықпас!-дейді.

Он жігіт барды. Айғай салып:

- Не ғып жатырсың?- дейді.- Хан: «Басыңды аламын!»- дейді.

-Басым ханның алуына жараса, мен іске жарағаным ғой, даярмын [10]!- дейді. - Өзі соқтықса, неміді аярмын?!- дейді.

Келді бала ханға.

- Бері кел!- деп шақырды.

Ханның қасына келіп отырды бала.

-Бала, кім баласысың?- дейді.

-Ер Көкшениң баласымын!- дейді.

- Неге келдің?

Бала:

- Әкемді кәуір өлтірген, сізден қол сұрағалы келдім!

- Бұ бала жас екен. Балам, сен барма! Қыз айттырып берейін. Қосайға айттырғандай, қыз бар ма?- дейді.

Арғынның Ақсары биі айтты:

- Менде қыз бар,- дейді.-Аты Ботакөз [11]- дейді.

Қосай айтты:

- Қалың малы не?- дейді.

Айтпады Ақсары би.

- Арғынның Ақсары биі,

Бермен бак, Сары би,

Ботакөздің қалың малын

Айт, Сары би,

Қалың малын айтпасан,

Әрмен қарап тұр, Сары би!

- Хан, тақсыр, қатын болса, жай алармыз, әкемнің кегін алған соң. Маған қол бер әуелі!- дейді.

Хан айтты:

-Бұған баратұғын ерлер бар ма?

Арғынның Ақсары биінің алты баласы бар екен:

- Барармыз!- дейді.

Онан соң жұрт:

- Барамын!- дейді.

Үйіне келді. Алтауы сонан соң:

- Бармаймыз!- дейді.

Қосайдың өзі аттанды. Жұрт бәрі де:

- Бармаймыз!- дейді.

Бес асық дос баласы бар екен. Бесеуі:

- Біз сенен қалмаймыз!- десіп, бірге жүрді.

-Ботакөздің ауылын баса жүрейік!- дейді.

Ботакөз сұлу ұлы жеңгесіне жүгіріп келді:

- Анағы кісіге сөйлесейік!- дейді.

-Құда түспей, құйрық- бауыр жемей, неге көрінесің оған?

Онан қыз жүгіріп кіші жеңгесіне келді:

-Анағы кісіге бір сөйлесейік!- дейді.

-Қайтіп барамыз оған?- дейді.

- Қарға көнек ілейік, бие сауған болайық, сөйтіп сөйлесейік!

Қарына көнек іліп келді, бие сауған болып барды. Қосайды түсірді ат-

тан. Ойын-күлкі көп қылдылар. Бір уақытта жеңгесі:

- Қайтыңыз!- дейді.

Қосай атқа барды. Қыз айтты:

Қайтыңыз, мереке ойын қылайық, қызық қызмет бар мұнда.

Қосай айтты:

- Атқа мініп шыққан соң, еркек қайтып түсер ме, ұрғашы қайтіп түседі?

Қосай аттанды. Қыз қолтығынан тартып түсіруге болмады.

Қолтығынан жігітке жібек шапан ап берді. Қыз айтты:

- Қашан келер екенсіз?

Жігіт айтты:

- Шапанның жағасынан оймақтай қалғанда, келермін!

Жүріп кетті. Қосай оныңменен көп күн барды. Аргынның: Ақсары

бидің балалары:

- Қосайдың ауыр қолы жорыққа бара жатыр!- деп, келемеж қылды.

Айдан ай өтіп кетті,

Жылдан жыл өтіп кетті.

Қосай алған қолменен

Барып-барып кетіпті.

Неше ай барған соң,

Қасындағы бес бала айтыпты:

- «Жаным» дейін, ер Қосай,

Шыным дейін, ер Қосай,

Көп біз шөлдеп барамыз,

Көп біз пәле [12] көреміз,

Бұған амал не болады?

Қарнымыз ашып барады!

Судан шөлдеп барған соң,

Аштан-аш болған соң,

Қайдан амал табармыз?-

Бес бала оны айтқан соң,

Қосай сөзін есіткен соң:

- Шөлдеп барған кісіге,  
Қарны ашқан кісіге

Сусағанда, су берейін,  
Қарны ашқанда, ас берейін!-  
Садағымның қорамсағында  
Бес бауырсағы бар екен!  
Салхан (салпаң) құлақ сары аттың  
Бауырының астында  
Жайдың тасы бар екен.

Садағының қорамсағындағы  
Бес бауырсақты алды дейді,  
Бесеуіне алып берді дейді.

Бесеуі өңгеріп жүріп,  
Бес бауырсақты жейді дейді.  
Салхан құлақ сары аттың  
Бауырының астында  
Жайдың тасын алыпты,  
Бұлғап-бұлғап жерге қойыпты.

Әуеден жаңбыр жауыпты,  
Міне, судан ішіпті,  
Ер Қосай атқа мініпті,  
Қарауыл қарап кетіпті.  
Жеті тауға шыққан соң,  
Сары ат жүрмей қалды.  
- Қамшыласам да, жүрмедін,  
Қармансам да, жүрмедін,  
Тebінсем де, жүрмедін,  
Тербелсем де, жүрмедін!  
Маған неден көңілің қалды?

- Ойбай, ием, ер Қосай,  
Жүгенімді алып, қунатпадың,  
Ер тоқымымды алып, аунатпадың,  
Саған неден разы болайын?!

Ер Қосай аттан түсе қалыпты,  
Ерін тастап алыпты.  
Арқа терісі бірге түсе қалыпты.

Жүгенін енді алыпты,

Бас терісі бірге түсе қалыпты.

Салхан құлак сары ат Арқаның [13] ақ жусанынан алты оттап, алты аунап түсті, үйден шыққан қалпына түсті. Құйрығын сыртына салып, құла шұбар құлан болып, күннің батысына таман кетті. Бала айтты:

- «Ат аяған- жерге қарайды»- деген, «Құс аяған- көкке қарайды»- деген осы екен-ау!- дейді. [Бала] жылап-жылап ер тоқымын жастанып, жатып қалды. Ол сары ала ат барып, баяғы батыр Жаңбыршының шаһарын үш айналып қашты. Қарға тұмсықты, қазық аяқты кемпір бар екен, сол кемпір айтты:

- Бұ жарғағы бар екен, сары бала бар екен, бұ семіз сары ат бар екен. Бұл шаһарынды үш айналып [айланып] шабады екен. Мұны ұстаңыз көп!- дейді.

Шаһардың жігіттері қуды сары атты, жетпеді. Сары ат қайтып барды. Келсе, Қосай ұйықтап жатыр екен. Ат басқа тепті. Оянды.

- Неге жыладың? Мен батыр Жаңбыршының шаһарын үш айналып қаштым. Маған жетер ат жоқ екен. Мен сол ат сынарға бардым. Бір соқыр кара бие, не жетті, не жетпеді, шіндегі құлын тұлпар екен. Сол шаһарда бір күрең арғымақ бар екен. Бір сары бала бар екен, тоқсан сиырдың сүтін ішеді, соны тастама. Екеуін өлтір! Менің түгімнің түбі сайын бір оқ. Мен жеті күн, жеті түн шаба алмасам, маған серт! Шабыса алмасам, саған серт! Бір өзімнің дүбірімді мың жылқының дүбіріндей қылайын. Сауырымның ортасында екі бәйтерек орнатайын!

Қосай айтты:

- Мен бір өзімнің дауысымды мың кісінің дауысындай қылайын! Басымды таудай қылайын, көзімді шаңырақтай қылайын! Жеті түн, жеті күн шаба алмасам, саған серт! Сен желігіп жүргенде, бет тайдырсам, маған серт [14]!

Атына мінді, келді шаһарға. Келіп тиді. Жеті түн, жеті күн соғысты. Аттың тізесінен қан келді, бәрін қырды. Бір жүз кісі қалды. Баланың алмасының сағағына май қатты. Өзі шаршады. Сары ат айтты:

-Түсе қап бауырыма ен!

Түсе қап бауырына енді. Ат сілкінді.

- Тұр!- дейді. -Үстіме мін!- дейді.

Үстіне мінді. Жүз кісіні жесір-жебір қылып алып жөнелді. Алып шығып, олай екі дөң артылып түсті.

Баяғы желмая мінген кемпір көтінен қуып келді:

- А, Қосай,- дейді- мұның артынан жоқтайтұғын кісі барар.

Қосай айтты:

- Бір ел алып қал!

Кемпір бір ғайпа ел алып қалды. Онан соң сары ат жүрмеді.

- Неге жүрмейсің?- дейді.

Ат айтты:

-Ұмыттың!- дейді.

- Немене?- депті.

- Темір үй қалды, күрең арғымақ қалды, сары бала қалды.

Қосай қайта жүрді. Келді қайтып:

- Енді оны қайтіп бұзамыз?- дейді.

- Мені тепкіле, өкпемді шығар. Сауырымнан сабап сапты аяқтай ет шығар, сөйтіп қоя бер!

Сары ат ақты- бозды жерге барып, қайтадан жүгірді. Келіп үйді тиіп, киіп кетті [15]. Темір үйдің екі қабаты үзілді. Тағы кетті, жүгіріп қайтып айналып кеп теуіп кетті. Темір үй ашылып кетті. Ішінде сары бала жатыр екен, күрең арғымақ тұр екен. Күрең арғымақтың аяғында темір шідері бар екен. Темірден ноктасы бар. Сары баланың қолында бір жағы бар екен. Бір төбені атса, тобе аударылып түсер еді. Сары бала айтты:

- А, Қосай, тірі болсам, елімнің кегін алармын сенен!

Қосай басқа кеп шапты, ішін жарды. Ішін қараса, тоқсан бөлек қарыны бар екен, тоқсан сиырдың сүтін ішеді екен. Бір кемпір анда (онда) отырды:

- Тәңірі көзіңді ашсын!- дейді.

Сары ат айтты:

-Қайт енді!- дейді.

Сонан соң Қосай манағы көшіне келді. Көшке айтты:

- Мен озып барайын. Ұзын сызған жерден жүр, донгелек сызған жерге кон!

Сонан соң ер Қосай озып барды жеріне, бір төбенің басына шықты. Күндік жерден есітеді екен, түстік жерден болжайды екен.

Түстік жерде Жаңбыршы батыр кетіп бара жатыр екен, қасында ұлы Темірбай алып бар екен. Бір сәуегейі бар екен. Жаңбыршы айтты:

- Сәуегейім, не көрдің бүгін?

Сәуегей айтты:

- Бүгін біздің шағарды бір сары бала шапты. Астында семіз сары аты бар. Жеті қабат темір үйді бұзды. Бұ сары баланы өлтірді.

Жаңбыршы айтты:

- О баланы біз көрдік, бізді о бала көрді. Біз оған барсақ, ол бізді өлтіреді. Ол бізге келсе, оны біз өлтіреміз!

Сонан соң Қосай жөніне жүріп кетті. Сары ат айтты:

- А, Қосай, елің енді жақын еді. Бір таудың ар жағында Ертістің суы бар, оның ар жағында Арғынның: Ақсары биінің ауылы бар. Мына тауға желіп шық, суға желіп түс. Желіп мен ар жағына өгейін. Судың ар жағында мен жығылайын. Сен сонда: «Атым өлді!»- деп, айғай сал. Сонан соң ауылдың

кісісі келер. Арғынның Ақсары бидің алты ұлы құйрығымнан тартар. Көтімді қозғалта алмас. Арғынның: Ақсары биі өзі тартар. Сонан соң түрегелермін! Көңілі тәуір болып қалсын!- дейді.

Қосай кетті, тауға желіп шықты, желіп түсті, судан желіп өтті. Судың жиегіне келіп жығылды, айғай салды. Ауылдан кісі келді, Қосай айтты:

- Жолаушы едім, менің атым жығылып жатыр!

Арғынның: Ақсары бидің алты баласы келің, тартты, көтін қозғалта алмады. О[л] тағы айғай салды. Арғынның: Ақсары биі өзі келді. Келіп тартты, ат тұра келді тартқан соң.

- А, балаларым, - дейді.- Қартайсам да, өзім тәуір екенмін. «Берінің қартайса да, бір қойлық әлі бар»- деген осындайды айтады ғой!- дейді. —Жаным, кім едің?- дейді.

- Қосайдың жолдасымын!- дейді.

-Қосай әкесінің кегін алды ма?

- Кегін алды.

-Ойбай, олай болса, үйге жүр, сусын іш!

Үйге келді. Қосай сусын ішті. Ботакөз сұлу аяқшы болды. Үйінде жатқан сартпен қалжыңдасып ойнар екен қыз. Қосай оны білді. Қосай тұра аттанды:

Қолымдағы қарағай садақ,

Қайыра тартқан бар ма екен?!

Сиранның сары жон

Тізеден соқпақ салған бар ма екен,

Әкесінің кегін алған бар ма екен?!

Әкең бердің толы аяқ,

Шешене бердің жарты аяқ.

Маған бердің орта аяқ.

Көңіліңді беріп қойыпсың,

Телегей кара бөрікті

Жатыр екен үйінде.

Қалай ойнасан да, ерікті,

Бір күнде басыңа тиер тал таяқ!

Сонан соң жұртына кетті. Арғынның: Ақсары бидің балаларына айтты:

- Ертең менің көшім өтер. Отар малдарыңа ие болмай, қалмаңдар [16]!

Сөйтін жүріп кетті, келіп қолына келді. Судың арғы жағында қояды.

Ертең айдады. Арғынның: Ақсары бидің ауылын бастыра айдады. Сиыр- сиырына қосылып кетті, қойы қойына қосылып кетті. Ақсары бидің алты баласы алты тайға мініп, жайдақ шаңның ішінде қалды. Алтауы айттылар:

- Қосай мырзаға айтыңыз, малымызды бөліп алайық, тоқтасын!- дейді.

Оған:

- Токтамаймын!- дейді.

Қойындай қой боліп тастады, жылқысындай жылқы боліп тастады.

- «Ботакөздің қалың малы»- деп білсін. Жаманға мал неге керек: Жаманның алдындағы малы біреудікі. Жақсыға мал неге керек: кімде мал бар болса, ол мал жақсынікі емей, кімдікі?- деді де, жүре берді [17].

Жүріп үйіне келді, қаршыға салды. Ботакөз сұлуға:

- Үй тіксің!- дейді.

Ботакөз сұлуды алып келді. Кешке жана тіккен үйге барып жатты. Әбдірсенің аузы берік шықты, көңілі жайланды [18]. Белдеуге ат байланды. Аты үйді сындырып бара жатыр. Ботакөз сұлу айтты:

- Атыңыздың мінезі осылай ма еді?

Қосай айтты:

- Күнде қаз, дуадақ қанжығасында жүруші еді, соны көксеп тұр. Шығып қара,- дейді.

Шығып қараса, жау жеті қабат қоршан алыпты.

Қосай айтты:

- Кейін тұр, атыма мініп шығайын!

Атына мініп шықты, қолдан қарсы келді біреу. Манағы желмаяға мінген кемпірдің баласы екен, Темірбай алып екен. Найзамен шанышты Қосайды, жоғары көтерді.

- Қосайым, қалайсың?- дейді.

- Әлі де болса, бақ талайым сенен найза бойы жоғары үстіңде тұрмын ғой, мінекі!- дейді [19].

Солай дегенде, Қосайды жерге тастай берді. Найзаның қарыстай жері ұнғысынан үзіліп, Қосайдың ішінде қалды. Ағашы Темірбай алыптың қолында кетті. Қосай өліп қалды. Темірбай алып онан соң елін шапты. Қатынын мінгестіріп алайын деп еді, Темірбай алып алдырмады:

- Шешеме қылған жақсылығы бар еді.

Манағы желмаяға мінген кемпірге бір тайпа ел беріп кеткен еді. Соның үшін қатынын ат көтіне салдырмады. Сары атты ұстайын деп еді, ұстатпады. Жанды қараға шалдырмай тұғынын білді, қумады. Қырық кісіні өлтірді, сары ат қанып кетті. Сары ат Қосайға қайтып келді. Қайтып келсе, Ботакөз сұлу өлгелі жағыр екен. Ат айтты:

- Өлме!- дейді. - Мына өлген кісінің өтін алып, Қосайдың мұрнына күй!- дейді.

Өлген кісілердің өтін қатын алды, мұрнына кұйды. Қосай:

- Қатты ұйықтал қалышың-ау!- деп, тұра келді. - Жау қайда кетті?- дейді.

Атына мініп алды. Қатыны айтты:

- Қайтып түс, ұйықта бүгін. Әкең түсіне кірер, аян берер, бет алды лақпа (ұлақпа)!- дейді.

Қосай қайтып түсті, ұйықтады. Ер Қосай түсіне әкесі енді. Әкесі айтты:

- Мұнан былай, балам, қатын қойнында жатып, жауға аттана шаппа!- дейді.- Өзің көрген кемпірдің ұлы Темірбай алып- сырты болат, іші- құрыш,- дейді [20].- Атса мылтық өтпейді, шапса, қылыш өтпейді. «Сені өлтірдім!»- деп кетті. Үйіне бара қатынының қойнына жатар, сонда оның мойнына шайтаны үйелейді. Сол шағында қасиеті қашады. Сонда барып, мойнынан шап! Мойнынан шап!- дейді.

Қосай ұйқысынан тұра аттанды. Темірбай алыптың көтінен қуып барды. Түнде жасырынып, андып барып, қатынының қойнында жатқан жерінде мойнынан шапты. Басын алды да, кетіп қалды. Бір таудың ішіне барып, бекініп жатты. Ертең таң атқан соң Темірбай алыптың басын найзаның ұшына шаншып алып, тал түсте шабарға кірді. Темірбай алыптың басын найзаның ұшында жүргенін көрген соң, жалғыз жан бұлк етіп үйінен шыға алмады. Көзіне көрінгенді қырып, ат- тонын алдына, қыбырлап түсуге жарағаннан дәнеме тастамай алып қайтты. Жеті жүз ұста жидырды, жетпіс арба көмір алдырды, өзі көмірдің ортасына отырды. Ұсталарға көрік бастырды, өзі қорғасындай балқыды. Көтінен найзаның сынығы түсіп қалды, жазылып кетті. Өзі малын малданып, жанын жанданып, еліне қарадан хан болып, сондай әділ болып, барша мұратына жетті.

## Шора батыр

Бұрынғы заманда Қазан деген қалада Тама деген ел тұрақ қылған екен. Сол елдің ішінде үш ағайынды кісі болған. Үлкенінің аты- Кәрібай, ортаншысының аты- Нәрік, кенжесі- Есім би. Бұл қаланы Есім би билеп тұрыпты. Кәрібайдың баласы Тасен мырза атанып, Есім биге келген мейманды тіке тұрып күтіп алып, сол қалада бірден соңғы кісі атаныпты. Нәрік байдың малы сан жетпеген еселсіз көп болыпты. Гүлқаныс деген бәйбішесі бар екен, пұшпағы қанамай, ұшы-қиыры (ұшы-ғұйыры) жоқ дүние, шіркін, бар болыпты, бір перзентке зар болыпты. Нәрік байдың жылқысында «Қанатты қара» дейтұғын бір бедеу биесі болыпты да, сол бедеу биеге су тұлпары судан шығып келіп шауып, бір шұбар құлын туыпты. Жерге топ етіп түскен соң, ұшып тұра келіп, зырылдап шаба жөнеліпті. Мұның тұлпар екенін айдай әлем біліп, жұрт аузына ілініп, көзге түсе бастапты. Қазан қаласына келген жан мұны бір айналдырып, көрмей кетпейді екен. Және көрген жанның аузынан суы ағып, мұрнынан боғы ағып, жолынан қалатұғын болыпты. Сонда Қазан қаласында Анасбай деген бір бай зор той бермекші болып, жұртқа сауын

айтыпты: «Отыз күн ойыны бар, қырық күн тойы бар», - деп. Ол замандағы байлар жұртқа байлығын көрсетіп, мақтаныш қылу үшін той қылады екен де: «Ас -аттынікі, той- тондынікі», - деп, басқа байлар байлығын жұрт көзіне түсіру үшін, жұрт көрмеген тон киіп, тоғыз ту бие- сойыс үшін, тоғыз саба қымыз- ішу үшін; бір түйеге тоғыз қылып қазына артып, «той шашуы»- деп, солай барады екен. Сонан соң ол тойда бұл байдың күтілуі өзге жаннан бөлек болып, бұл бай: «Қара басы хан болған, //Өз алдына заң болған»- атанады екен. Нәрік бай осы жабдықпен тойға баруға даярланып жатқанда, өзінің баласындай болып жүрген немере інісі Тасен мырза тасырандап кіріп келді де, тіке түрегеліп тұрып:

- Нәреке, мына тойға барып, көптің көзіне түсіп, жұрт аузына ілініп, бір ағак алып келейін. Маған Шұбар дөненіңізді тойға мініп баруға берсеңіз!- дейді.

Сонда Нәрік бай айтады:

- Уай, шырағым, Тасенжан-ай, ұлы бар кісі ұлын көріп қуанады, қызы бар кісі қызын көріп қуанады. Ұлы жоқ, қызы жоқ кісі неменесін көріп қуанады? Оған малының еркегі ұлындай, ұрғашысы қызындай көрінеді. «Ағайын- ащы, мал- тұщы». Байлық, шіркін- тұщылық, туыскандық- ащылық емес пе? Маған Шұбар дөнен тәтті де, оны сұрап тұрған сен- ащысың. Сен Шұбар дөненді мініп тойға барсаң, Гүлқаныс пен екеуміз бара қалсақ: «Өзімізден туып, бұған мінерлік бала болмағандықтан, мынау мініп жүр-ау!»,- деген ой-сана ойға түсіп, ішкеніміз- ірің, жегеніміз- желім болады ғой. Өзге қалаған атыңды қалай мінсең, олай мін, бір Шұбарды аузыңа ала көрме,- дегенде,

Тасен:

- Ай, Нәреке-ай, қулығыңа кеттің ғой! Құдайдың да өзінді қуартып қойғаны осы пейілің ғой!- деп, есікті тарс еткізіп, тұра жөнелді дейді.

Нәрік мұны естіген соң, қалпақтай түсіп, құлап, жерге бауырын төсеп сұлап, қосағымен екеуі әнін қосып жылап, тойға баруды қойды, ту биелерді сойды. Келген жанларға:

- Біздің үйден ақырғы ішіп-жеген ас-суларың- осы. Мен енді бұл жерде тіршілік қылып, тұра алмаймын. Қыр қыдырамын, су сыдырамын. Әулиеден-әулие тастамай түнеймін, бұл малға не тілеймін! Құдайдай бір бермесе, бермей қақиып қалатұғын жалғыз емес қой. Әулие, жарықтық, көп қой, бірі болмаса, бірі желеп-жебер. Әулиелер бір бала берер, бермесе, Нәрік пенен Гүлқаныс қанғырыш жүріп олер!- деген соң, жұрт қимағансып, жыласып-шуласып, біреуі үй деп, біреуі бүй деп, орынды сөз тауып айтарлық бір жан да болмады.

Ет жеп, қымыз ішу үшін жиылғандар гүлесіп отыра берді. Сонда Нәрік байдың қырық үйі кедейі, қонсысы бар екен. Нәрік байдың малын бағып, отын жағып, мұның малынын арқасымен не ішейін, не жейін демей, дәнemedен

кемдік көрмей, ток болып, уайым-қайғы жоқ болысып жүреді екен. Ет жеп, қымыз ішісіп, гулесіп отырғанда, сол қонсыларына айтты:

- Бұл дәулет бітуі маған бітсе де, ішін-жеуі, мініп-түсуі қызығын сендер көруші едіңдер. Мен сендердің мінген-түскен, ішкен-жегендеріңді қызғанбаушы едім. Міне, мен кошемін, басқа жаққа ауамын. Маған бола сендер әуре болмаңдар. Бұрынғылар айтыпты: «Айрылма үйіріңнен. Айрылсаң үйіріңнен, екі қолың кетпес бүйіріңнен», - депті. Жат жерге, бөтен елге барып, оңсақ жақсы, кісі қатарында болсақ жақсы. «Бұралқының пұлы жоқ, бұзылған шаһардың сыны жоқ», - дегендей, жат жұртта көзге түртті бола қалсақ, Құдай басқа салған мен көрейін. «Өз қорлықтан- жат қорлық, // Жат қорлықтан- сарт қорлық!» - деп, тасырлап келген Тасен сөзін естіп отырғаннан да, басқа бөтен жаттың қорлығын көрейін! - дейді.

Сонда қонсылары шын жүрекпен сөйлеп:

- Сен өлген жерде өлеміз, қалған жерінде қаламыз! - дескен соң, Нәрік бай қырық үй Тама болып, көшіп жөнелді.

Інісі Есім би үйде жоқ екен, қалмаққа жорыққа кеткен екен. Ол барған жолынан аман-есен келген соң, соңынан қуып келіп жетіп, осынша: «Қайтыңыз!» - десе де:

- Мен енді бет алған жолымнан қайтпаймын! - деп, қайтпады.

Есім би жылап-жылап қайтып кетті. Бұл қырық үйлі Тама сол көшкен бетімен үш-төрт ай көшумен күн өткізіп, бір Аққала деген шаһардың маңына барды. Ол Аққаланың маңында он сан Ноғайлы бар екен, Айрақты елі бар екен, мың үйлі жасыл Түрікпен бар екен. Сол түрікпеннің Қарахан деген ханы болады екен де, Әліби дейтұғын бні болады екен. Бұл Әліби отыншының орағын, сушының шелегін алады екен. Жұртты хан билемейді, Әліби билейді екен. Түрікпен- балықшы екен де, Ноғай- егінші екен. Балықшы түрікпеннің, егінші Ноғайдың өрістеп жайылар малы жоқ. Айналасы қорық, жанды қара баспаған, соны шөп, тұнық су жер болған соң, Нәрік бай үй тігіп, желісін қағып, биесін байлап, басы айналып (айланып), көңілі жайланып отырып алды. Біреумен біреудің жұмысы жоқ: «ішкен-мас, жеген-ток». «Мын қара бас саулықты бір қозы емер, сонда-дағы тоймайды паруардігер», - дегендей-ақ, жалғыз-ақ Әліби екен. Қарайғанды қармап, жанындағысын жалмап жүретін қу екен. Нәрік байдың байлығына аузынан суы ағып, көргенше асығып, қырық нөкерді қасына ертіп алып, сау етіп келіп қалғанын бір-ақ білді дейді. Нәрік бай мойын сұнды, қолын қусырды, жылқы асауын шатырлатып сойды, саба-саба қымызды қойды. Бұл қырық кісі түгіл, барлық Ноғайлы, Айрақты, жасыл Түрікпен тайлы-таяғына шейін қалмай келсе, қымыз ішілмеген бойымен, ет желінбеген бойымен қалатұғын болды. Әліби сөз бастады:

- А, бай, қонысың жайлы болсын! «Бай қонысы бағулы» - деген осы ғой. Енді сенің малыңа, жанына ешкімнің сұғы жоқ. Жалғыз-ақ Қарахан деген ха-

нымыз бар. Ол ханның өзіне қоныстас болған елден малын шұбыртып, санап зекет алатын салығы бар: «Зекеті жоқ мал- арам!»- дейді. «Зекетін берген сон, ішіп-жеуге адал болады»,- деген әуел -ақырдан айтылып келе жатқан мұсылманшылықтың мұсылмандық қалыбы бар,- дейді.

Нәрік бай:

- Жақсы айтасың, шырағым. «Қонысың жайлы болсын!»- деген сөзіңе жауап: - «Жайы- саған, жайлауы- маған болсын»,- дейді. – Екінші, зекет деген сөзіңе жауап: Біздің қазақта мақал бар: «Көзбен көрген- анық, құлақпен естіген- танық. Өтірік пен шынның арасы бір-ақ тұтам жер»,- дейді. Ол сөзінің мәнісі: «Көзің көргенге- нан, құлағың естігенге нанба»,- дейді. Міне, сенің мың үйлі жасыл Түрікпеннің бас кісісі Әліби екендігінді көріп отырмыз. Дауылпаздай данқын, тұлпардай дүбірін жер жарушы еді: «Тапса, танасын жейді, тапса, бас салып бақыртып баласын жейді»,- деп. Сенің сол аты шулы Әліби екеніңе нанып отырмыз. Сол үшін «Керсен алдында, кездік қолыңда»,- деп, Еділ, Жайық екі судың күрдідеп, тасығанындай тасып, аузы бардың жейтұғын асын көлдей құйып, қырмандай үйіп алдына салып отырмыз. Қырық күн жатсаң, сақтаймын, бірің қайт деп айтпаймын. Осы дәулеттің арқасында Аққалаңның бар жанын жиып келсең де, қалай тамақ тапшаймын?! Әуел ақырдан жұрт асқан дәулетті бай болмақ та, оның дәулеті көпке ортақ болмақ. Міне, қасымда қырық үй кедей ішіп- жеп, кенеліп, оның үстіне өзіндей неше кедей қаңғырып келсе: «Ас та төк, шаш та төк»- қыламын да отырамын. Біз сенің айтқаныңа көніп, айдауыңа жүріп, бөгелекке басын изеген жылқыдай, басын изей беретұғын, су жағалап, балық алғаннан басқаны көрмеген сенің Түрікпенің деймісің?! Жер тырнап, шөп жұлғаннан басқаны білмейтұғын толағай (долағай) бас Ноғайың деймісің?! Жайылуы малдай, жусауы аңдай болып, бетімен жайылып, бетімен өскен, көңіліне жақпаған жерден бір күн отырып қалмай тұра көшкен қазақ деген халық боламыз. Ата-бабамыздан қалған әдет-ғұрыпты (әдет-ұрыпты) ұстап, солардан қалған сөзге қатықтай қатып, сүттей ұйып қаламыз. Бұрынғылар айтады екен: «Сусыз шөлдің шөбі арам, // Еңбексіз ердің дәмі арам, // Перзентсіз ердің малы арам»,- дейді екен. Сенің ол айтқан сөзің ер жеткен ұлы бар, бойжеткен қызы бар, балалы-шағалы, перзентті кісі зекет берсін деген сөз ғой. Менікі- арам мал. Қанша адалдаймын дегенмен, адал бола ала ма? Мейлің өзін бер, бермесең, Қараханың берсін, берсін! Мейлің мына жақта біреу бар деп отырсың ғой, соның берсін, берсін! Сонан соң зекет дегенінді қалай қылып алсаң, солай ал! Мен бір иесіз арам малды бағып жүрген жанмын. Әуелі өздерін бұл малға ие тауып, бұл малды адал қылындар да, сонан соң зекетін ала беріндер! Менің айтқанымды сендер қыла алмасаңдар, сендердің айтқандарыңды мен де қыла алмаймын!-деген сон:

- «Сөз тапқан а қолқа жоқ»- деген осы екен-ау!- деп, -Енді бұған не айтамыз?!- деп, Әліби даңдарды, дөңеме дей алмайды, үйіне қайтты.

Қырық үйлі Таманың ауылы жасыл Түрікпенмен ауылдас болды. бауырлас болды. Қырық үйлі Тамадан қырық бала шығады, мың үйлі жасыл Түрікпеннен мың бала шығады. Асық ойнайды. Сонда мың бала қырық баланың асығын ұтып алып, тірідей көрін қылып, танауларын жырып, тырнадай бақырғын жұлып, білгеніп қылады екен. Әліби Нәрік байдың отқа, суға қызыққанын білді, ешқайда кете алмайтынына көзі жетті. Қарахан деген ханының Темірхан деген әкесі болған екен. Оны Әліби у беріп өлтіріп, орнына Қарахан деген баласын хан көтеріп, бала әкесіне дұшпандық қылғанын ішінен біліп тынып, сыртқа шығарар қайраты жоқ- жүре берген екен де, Қаратиын дегенді жіберіп: «Хан сой деп жатыр, хан бүй деп жатыр»,- деп, бұл Әліби де халықты қанап, құтырған иттей жан-жағындағысын талап жүре берген екен. Әліби Нәрік байға елші салды: «Нәрік бай бұл жердің оты-суы малыма қоныс десе, Шұбар атын маған берсін. Шұбар атын бермесе, екеуіміздің ат құйрығын кесіскен жеріміз осы болсын. «Ысқырып атқан киіктің обалы жоқ»,- деген. Бар, осы сөзді айтып кел!»-деп. Әлібидің елшісі келіп, бұлайша айтқан соң:

- Яшырым-ау. «Ал», «Бер»- деген екі ағайынды еді. «Ал» бұрын жүріп, «Бер»- сонынан жүруші еді. Алдында «Ал» жоқ, ағасынан адасып жүрген «Берге» мен беруді біле алмай тұрмын,- деп, қайырып, қоя берді дейді.

- Бұл Шұбар аты сұратқаны: «Баласы жоқ, қу бас, мұнысың кімі мінеді?»- дегені ғой!- деп, долданып жылап:

- А. Құдай, бұл малға не бер! Бермесең, мені ал!- деп, түйістен бура, жылқыдан айғыр, сиырдан бұқа, қойдан қошқар, ешкіден теке айтып,- бәрін сойып, қырық үйлі Таманың бір жанын қалдырмай түгел жиып:

- Үлкенің- аға, жасы кішің- іні, қатын-қалаш, келін-келпшік, ұлан-ұсақ,- Нәрік пенен Гүлқанысты көргендерінің ақыр-тақыры- осы! Бұрынғыдар айтқан екен: «Құдайдан жәрдем болсын десең, жалғыздықты ықтияр қыл»,- деген екен. Міне, біз жолдас та алмаймыз. Ат, тоң да алмаймыз. «Әулиеге- шырақ, қожаға- тамақ»,- деп еді. Көрінген әулие болса, басына мал сойып, шырақ жағып, түнеуге бір мың қойды алдымызға сала жүріп, қалған сендердің амандық- есендіктеріңді бүйрегіміздің бір жағына ала жүріп, көктің астында, жердің үстінде болған әулиеден әулие тастамай қыдырамыз. Әулие жарса жүректі, берер болса тілекті, қайтамыз. Болмаса, бізде қайту жоқ: өлген жерде өлеміз, қалған жерде қаламыз!- деп, жүре берді де, жыласып, шуласып қалғандар қала берді.

Бұл Нәрік пенен Гүлқаные жер-суды да білмейді, жол жайын, ел жайын білмейді. Ынғайы күннің батысына қарай бет қойып, бармаған тауы, баспаған жері болмаса керек. Қайда әулие бар десе, бір қой сойып, түнейді. Іздеп

жүргені- түсінде бір аян. Оған да барды, бұған да барды. Далада қалқайған, қарайған тас көрінсе, тастамайды, ағаш көрінсе, тастамайды. Айлардан ай өтті, жылдардан жыл өтті. Маңдайларынан күн өтті, табандарынан сыз өтті. Не кетті, жан шықты. Өздері әбден түнілерлік болған кезінде, ат жүрсе, тұяғы күйетін, құс ұшса, қанаты күйетұғын құдайдың қу медиен, құба жонында алты қой бағып жүрген бір шалға оқтай ұшырап, кез болысып, жөн-жобасын айтқан соң, шал айтты:

- Ой, мүсәпірлер-ай, ойсыз, санасыз жалған дүниенің жарқ-жұрқ еткен жалған отына алданып, өмірлерінді бос өткізіп, ер ортаны болғанда, пайғамбар жасқа толғанда, жігіттік дәурен өткенде, кәрілік күні жеткенде, от ауызды, орақ тілділердің тікенектей қадалған тілінен долданып, үйде отыра алмай, шығып кеткен сорлы екенсіңдер! Жүруін жүрсендер де, қайда баруларыңды білмей, адасып, қаңғып жүр екенсіңдер. Ұшпас тауық, көшпес кентте жатқан жұрт сауда қылады, егін салады. Сол екі кәсіпке жарамаған жамандар, жатыншыер жалқаулары оқу оқиды. Асы жоқтықтан, оразашыл болады, іс жұмысы жоқтықтан намазшыл болады. Сонан соң сондай жандары ажал жетіп өле қалса, «Жоғалған пышақтың сабы алтын», - деп, әспеттеп, басына үй тұрғызып, бір сиырдың күйірығын байлап, әлеміштейді де, дөнемеге жарамаған жаман жалқаулар басын күзетіп, оны әулие деп ат қойып, айдар тағады. Құдай жаратуында әулие қылып жаратпаса, онымен ол әулие бола ала ма? Сендердің әулие деп түнеп жүргеніңнің көбі- сол. Өзін қазақ болсаң, ата-бабаң- Қазақбайдың сөзін естіген жоқ па едің: «Әулие жақынын қолтықтайды, алыстын «олхамынан» жақынның «құлдуалласы!»» - деп. Түбі тегі қазақтың өзінен шыққан Қаратаудың бауырында «Бабайтүкті Шашты Әзиз»- деген әулие бар. Онда күмбез де жоқ, сырлаған, қырлаған там да жоқ, басында желпілдеген сиырдың күйірығы да жоқ, жерменен жер болып қалған. Қолдан кісі орнатқан ағаш емес, Құдай шығарған басында бір ағаш бар. Түбінде бір жылы бұлақ бар, ақ шеңгел бар. Сол ақ шеңгел- Бабайтүкті Шашты Әзиз қомілген жер. Сонан бар да, түне. Ауызын барғанша сұра, ол берсе, берген сықылды қылып береді,- деген соң, қуанып кетті:

- Ой, жаным-ай, өзін қыдырмысың? Бізді қуанттың. Алты қойды да мал бағып деп бағып жүрсің ғой, мына қойдан алты жүз қой ал да, бізді бастап алып жүр!- дейді.

- Жоқ, байғұстар, менің осы айтқанымның өзі де сендерге бала берген емес пе? Бар, жүре бер! «Жортқанда, жолын болсын, жолдасың қыдыр болсын!»- деп, бағасын беріп, қала берді де, бұлар жүре берді.

Қыр қыдырды, су сыдырды, тау асты, тас басты, қол терледі, сойылды, табандары ойылды. «Іздеген микан ағашын табады», - деген бар емес пе?! Жалықпай, қажымай жүре берген соң, Қаратауды тапты, онан келіп

бауырындағы жалғыз ағаш пен бұлақты тапты. Ақ шеңгелді тапты. Нәрік бай көріп түнілді:

- Ай, бәйбіше-ай, біздің жүрмеген жеріміз, көрмеген еріміз қалды ма? Соның бәрінен дәнеме болмағанда, тортті-бесті шеңгел бір нәресте береді деп ойлап, ой бөлуге де тұрмайды!- деді.

Гүлқаныс айтты:

- А, бай. үйден айдап шыққан мың қойдан: ұры алған жоқ, бәрі жеген жоқ, бәрін әулиелерге арнап сойдық. Міне, бұл күнде жалғыз-ақ тоқты қалды. Көптен жарылқай ма, аздан жарылқай ма. осы қойдың таусынуына қарап жүрген шығар. Баяғы шал бекер шал емес шығар. Кел, жалғыз тоқтыны сояйық, өзіміз жеп тояйық. Бір түп басына түнейік, ұйқымызды бөлейік! Бабай түкті Шашты Өзизден шың ықылыспен тілейік! Бабайтүкті Шашты Өзиз, сенбесем, маған серт, қолдамасан, саған серт! Сарт болсан, садағам кет!- деп, Гүлқаныс ұйықтамай отырды.

Нәрік бай:

- Сен алсаң, маған да қарасарсың.- деп. -Мен ұйқымнан қалмайын,- деп, жатып қалды.

Таң сары белгі беріп, анау-мынау көрінерлік болған кезде, ала есегі қайқалап, ала қоржын арқалап, шар кітабы қойнында, гүлбары қабақ мойнында, аса таяқ қолында, жүрген ақтың жолында бір ақ шалмалы келіп:

-Уай, байұсе, мұңды-зарлылар-ай, Құдайдың құлағын шулаттындар ғой. Үн-зарларың құдайдың құлағына барды. Құдай мені жұмсады. Котер басыңды, жай қолыңды. Мыңды аламысың, мыңға балап бірді аламысың? Қалағаныңды, ойыңа алғаныңды ай!- дейді.

Гүлқаныс ұшып түрегеліп, қолын жайып:

- Көзім қызарып, жырбиып, аузымның еті қашып, ырбиып, мұрыным қырдай болып зорайып, иегім бір жапырақ ет жоқ болып сарайып қалғанда, ешкідей егіз, иттей сегіз күшіктегенде, маған не түседі? Оттың басын бөк қылып, қырга шығар ішінде бір оңдысын жоқ қылып, мен не етейін қобінді, құлан коде шебіңді?! Берсең, маған қалап бер, басын мыңға балап бер, өмір жасын ұзақ қып, әр жасын мыңға санап бер!- дегенде:

- Ал, мүсәпірлер, қоз-жасыңды құдай иді, тілегенінді құдай берді. Қалағаның ұл болса, ойлағаның сәл болса,атса, мылтық өтпесін, шапса, қылыш өтпесін. Отқа салса, күймесін, суға салса, батпасын! Бір құдайдан басқадан, сірә да, бұйрық жетпесін. Атын Шора қой!- деп, жөнеле береді.

Гүлқаныс қуанғаннан, жүрегі жарылуға аз-ақ қалды. Бойын тоқтата алмай, ұшып тұра келіп жонға шығып кетті. Нәрік бай ұйықтап қалды. Бір уақытта таң атып, күн шыққан соң, оянып, тұра келсе, түнде қасында бірге жатқан Гүлқанысы жоқ.

- Ойбай, Құдай-ай. Бала сұрап аламын!- деп жүргенде, қасымдағы қағынымнан айрылып қалдым-ау! Мен балаға зәру болсам, әулие қатынға зәру екен ғой! Әулие, әулие пайданнан безейін, қатынымды берші!

Айғай салды. Олай бақырды, бұлай бақырды:

- Гүлқаныс! Гүлқаныс!- деп шақырды. Дыбыс шықпады. Отырғанмен, Гүлқаныс табылатын көрінбеді. Тұра келді. Төбе-төбеге қарай жүгірді. Анна қырға шықты, мына қырға шықты.

Гүлқаныс та бойын тоқтатып, есің жыыл: «Өлігі байғұс ояпса, мені қайда кетті деп, іздеймін деп, бір жаққа лағын (ұлағын) шығып кетер-ау!»- деп отыр екен. Екеуі бірін-бірі көрісіп, ыржақ қағып, күлсің, құшақтасып, сүйісіп, Гүлқаныс көрген түсің, әулиесің аян бергенін айтып, қуанысып отырды. Сөйтін отырғанда, бір бұлақ шалшық суға қошыр қаз бен ақку лек-лек келіп қонып, судың беті, жүзі ақку мен қазға толып кетті. Ілездің арасында бір бидайық келіп, желкелерін қиып, бірін тірі жібермей, қырып тастады.

- А, құдай, «Өлмегенге өлі балық»- деген- осы екен-ау!-деп, қаз бен қуларды бауыздап жиып ала берді.

Және өздері ырым қылды: «Бізге құдай бала берсе, берген баласын осы бидайықтай қылып береді екен!»- деп. Шақпақтарын шағып, тезек қалап от жағып, құмыршаларын асып, қуаныштары қойнына сыймай тасып, қаз бен қудың етінен жеп, тойып, еріндері жібіп, тамыр-тамырлары елеуреп, дүрдің келіп, қыз-жігіт күндеріндегі қайрат-қуаттары бойларына әбден еніп, күйлеріне келіп, бірінен- бірі сұрасып, құшақтасып жатып, мерекеге батысып қалды. Ерлі-байлы болғалы екеуінің бір-бірінен көрген тәттілігі болды. Әулиенің аян бергеніне сенді:

- Бала деген неме, // Еріксіз туады енді, // Әулие жарды жүректі, // Құдай берді тілекті. // Кел, табалық енді енді!- десіп, алғы жыл отіп, жетінші жылға аяқ басылғанда «қағанағы қарық, сағанағы сарық»- болып, қырық үйлі Таманың ортасына келді. Қалған қырық үйлі Тама да айы, күні туып, құтпан, құт болған байлары ортасына аман-есен келгендігіне қуанып:

- Уа, жасаған-ай, ішкен-жегеніміз жана бойымызға тарады ғой!- деп, мәз-мейрам болысты.

Мал бұрынғысынан асып, тасып, дапнып кетіпті. Басқа ботеннің ұстап жеуі түгілі, атып жеуіне келмей, жылқыда айғырлары, түйеде буралары, сиырда бұқалары, қойда қошқар- текелері жанды қаралы- ішін аралатайтын болып, қастық ойлап келген ұрыны, боріні жайратып тастайтын болып, анадан аулақ қашып жүретұғын болыпты. Гүлқаныс бәйбіше ағы ақ, қызылы қызыл, ажары еңіл, түріне кіріп, ақ мамықтай үлгілдеп, жас тайлақтай елпілдеп: «Ақ мамық бота форым!»- деп, ауызға ілініп, қозы бұғы, қой сапыға өзі бала берерлік әулие болыпты. Гүлқаныс бәйбіше жеріді. Жерігенде, арыстан етіне жеріді. Нәрік бай қақпанышы шалдарға, саятшы мергендерге:

- Арыстан етіп аң келгенге қыздың қалың малын беремін!- деп жар шақыртышты.

Нәріктің өзінің бір қойшысы бар екен. Далада қой бағып жүргенде, таяғын жерге қадап қойып, таспен көздеп ойнап, машық қылып, көздемпаз болған екен. О да айтып жүреді дейді:

-Ай, бәлем, арыстан маған көрінші, таспен қақ шекесінен көздеп жайын табамын да, әлі оның етін бәйбішеге мен аң келемін!- деп.

Естігендер келемеж қылып күліседі екен:

- «Өлген қыздан дәмектен өмір тентек»- деген осы-ау!- деп.

Бір күн[і] қойшы мүсәпір таяғымен ойнап жүрсе, бір қалың қамыстан қойлар үрікті. «Шоптің басы желмен қимылдаса, үркетұғын, шіркін, бұл не корді?»-деп, қараса, бір арыстан тұр екен. Қойлар сонан үріккен екен. Бұл қойшы от басында отырғанда, қонған қонақтың әңгімесіне құлақ салып тындап отырады екен. Сондай әңгімеші шалдардан естіген екен: «Арыстан-деген аңның патшасы. Оған кез болып қалғанда: «Аяғына- бас, тақсыр!»- деп, аяғына бас ұрып, өзін мақтаса, мақтау сүйеді»,- дегенді. Қойшы қоре сала, қол қусырып, аяғына бас ұрып:

- Уай, тақсыр-ай, құдай маған сені де көрсетеді екен. Сені көргенде, құдайдың өзін көргендей қуандым-ау! Жүрсем, тұрсам, ойымнан тастамай, ұйықтап кетсем, түсімнен шықпай жүруші едің. «Ай, маған ондай ұлық патша қайдан көрінеді?! Егер де көре қалсам: «Аспандағы айды алып бер!»- десем, қоз алып, жұмғаннан оңай алып берер еді-ау!»- деуші едім,- дегенде, арыстан мақтағанға мазаттанып, есі шығып, елеріп: «Айды алып беремін!»-деп, аспанға шапшығанда, жерге сыық ете түсіп, артқы екі аяғы бірден қиран қалыпты. Қойшы қасына келіп:

-Ой, есі жоқ есалаң сорлы-ай, аспандағы айға шабамын деп, аяғыңнан айрылдың-ау! «Әлің білмеген әлек»- деген осы екен-ау! «Құдай ұрғанды қоса ұрмаса, құдайдың жандай досы болмайды»,- деп еді. Енді саған сыбаға мынау!-деп, кара келтек жуан таяғымен арыстанды басқа-көзге төпелес, мылжалап өлтіріп, жоңынан таспадай тіліп, бәйбішеге аң келіп берген сон, Гүлканьге отқа салып пісіріп жең, жерігі қанып, ай-жай болып, қоңілі тынды дейді. Бұл кемпір буаз болып, қарыны қампайды, іші шампайды, аяқ басыуы талтайды. Айы, күні толып, табар мезгілі болып, жіп құрдырып, жырма күн толғатып, ес кетті, жан шықты дегенде, бір ұл перзентті зорға тауып, күмістен түбек, алтыннан шүмек жасатып: «Қарагестің жүні қатты болады.»- деп, балагестің терісінен жөргек істетіп, төбел бие сойды: томенгі елді шақырды. Жорға бие сойды: жоғарғы елді шақырды. Ала бие сойды: аймақ елді жиды. «Отыз күн ойыны бар, қырық күн тойы бар!»- деп, шілдеханасына солай сауын айтты дейді. Мын үйлі жасыл Түрікпеннің Қарахан деген ханы, Әліби деген бні:

-Кырык үйді Тама еді, қалаған шұбар атты біз е бермеді. Байлық көрсетін, той қылып жатыр. Біздің Түрікпеннен жалғыз жан бұд тойына бармайық. Сабасы шусей қалсын, еті жеусіз қалсын, кімге берерін білмей лағдарсын!- деп, шақырған тойына бірде-бірі бармағты, дүние берсе, алмағты.

Шора бес жасқа жетті дейді. Қырық баламен бірге асық ойнауға шықты дейді:

-Ай, ағалар, ағалар, ана топка баралық, асық саудасын салалық!- депті.

Онда Тамадың балалары шулап қоя беріпті:

-Қарағым, олар көп те, біз аз. «Борай, борай қар жауса, // Боранына келтірер. // Аз кісіні көп кісі, // Орамына келтірер»,- деген бар емес пе? Біз оларға бармайық, бір нәлеге қалмайық. Тірідей көрімізді қылады, тырнадай түгіп, жұнады. Асықтан жеке доп салады. Шымбаймызға батырған, таңдайымызға татырған. Барсақ, өлгеннен басқамыз жоқ!- дейді.

- Жүр, ағалар, ағалар, // Алдында жүріп олейін, // Оз көзіммен (көзімнен) көрейін! // Көптік қылып шуласса, // Жан жазасын берейін! Сендер барын ойпанды сала беріңдер. Мен жылқыға барып, Шұбар атты мінсейін. Көп кідірмей келейін,- деп, жүгенді қолына алып, тоқымды қолтығына қыстырып, Шора жылқыға жөнеле берді.

Бұл Шұбар атты бұрын мінбеймін деп ойлаған енікім болмаған. Бірде-біріне ұстатпайтын, жаңды караға шалдырмайтұғын және қуғанды қайырылып келіп, не тістен, не теуіп жараламай, сау қалдырмайтұғын, сөйтіп талайды түштіккен жануар Шораны көрген соң:

-Айналайын, ием, жаңа келді ғой!- деп, басын шұғыл.-Қылыш мойным мұнша,- деп, алдына оқыранып келіп, тұра қалғанда, Шора жүгендеп алып, арқасына тоқым салып, мініп алып, жайдақ жалаңдатып жетіп келее. Әлібидің жалғыз баласы басшы болып, мың бала қырық балаға білі етін қылып, тырнадай түгіп, жұлып, атыс таңды, шықпас күнді бастарына орнатып жатыр екен. Сонда Шора айтады:

-Донғалақ арба жүрместей,

Қарлы ма еді жеріңіз?

Азды түтіп жегендей,

Бассыз ба еді еліңіз?

Іздегенің ұрыс пенен

Төбелес болса,

Кәні, маған келіңіз!- дегенде, мың баланың ішінде бір таз бала бар екен.

Ол айтты:

-Қырғауыл жүнді қызым таз,

Төбе шаңы ұзын таз,

Атып таста жалғызды.

Қағып таста жалғызды,

Қырың таста жалғызды,

Жойып таста жалғызды!- деп, дүрсе қоя бергенде, ұзыны мен көлденеңін бірдей көреді, мың баланың бәрін қиратып қырады.

- Алла жығып берді ме, адам жығып берді ме?!- деп, қырық бала мың балаға білгенін әбден қылады.

Қырғауыл жүнді қызыл таздың, төбе шашы ұзын таздың айдарын жұлып алады, мылтығын тартып алады. Қызыл ала қан қылып, көргендерге таң қылып, аунатып тұрып сабады, қойдай иіріп қамады.

- Не көрсен, еліне айтып бар!- деп, баяғыдан бергі қырық баланың өшін, кегін алады.

Қырғауыл жүнді қызыл таз, төбе шашы ұзын таз Қарахан деген ханының, Әліби деген биінің алдына жылап барады:

-Анада Шора ер екен.

Ерлігінің белгісі-

Осы топтан кара да бойы зор екен.

Анада Шора ер жетсе,

Ат арқасына бір мінсе,

Он ойыңа (үйіңе) астырар;

Қылды, бакыр, мосыны,

Атқа да артар қосыны.

Мың баланы жайратты,

Кірерге көрін сайлатты.

Тірі болып сау қалған-

Мың баладан бірі жоқ.

Менен басқа тірі жоқ.

Балаларды қығандай,

Қылмайды бізге деменіз,

Ондай бокты жеменіз.

Қарахандай хан ием,

Әлібидей би ием.

Сендерге де қылады- осыны!-деп, боздап, екіреп қоя берді.

Әліби деген би екен: қақырғаны қақсыды, түкіргені түксіді:

-Қырық үйлі Таманы қырып тастамасқа немене, жойып тастамасқа немене? Жүр, атқа мінейік, жүр!- деп, тұра жөнелді.

Қарахан деген ханы айтты:

- Ол бала бір біз емес, бұ заманның асқан-тасқанының түп тамырын құртуға, арамтамақ пен шошқадай болып семірген қатын, қызын шулатып, ұлытуға туған бала. Үйде отырып: «От ішінде мақта, // Мақтадан күдай

сақта!»- дегеннен басқа оған қылар қайрат, қуат бізде жоқ. Нәрік меніменен дос еді. Әліби үйінде отыра алмас. Бұғанасы қатпаған, буыны бекімеген, ұрыс, төбелес әдісін үйренбеген жас бала ғой. Нәрік бай көшсін, аусын, елін тапсын. Жұртына қырық қашырға артып қазына тастап кетсін. Оны мың баланың құны деп білсін. Оның ішінде менен бала жоқ. Және Әлібиге: «Тоқта,қой!»- деуге менде шара жоқ. Бірақ «Әліби жайрапты»,- дегенді құлағым естісе, қатыңым үй тапқаннан артық қуанар едім. Осы сөзді айтып кел!»- деп, жасырын кісі жіберіпті.

Бұл хабар барған соң, Тамалар үркіп, көше бастады. Нәріктің малына, жанына қарайлауға мұрша қайда, әркім өзі өлмегенін тәуір көреді:

-Енді мың үй жасып Түрікпен бізге білгенін қылады, тырнадай түтіп жүлады!»- деп.

Шора мың баланы жайратып, тып-типыл қылып барып, ұйықтап қалған екен. Бір ұйықтаса, жиырма күнсіз оянбайды екен. Оята алмай жаман састы. Сонда қырық бала айтты:

-Қырық қашыр қазына мен бізді тастап көше беріндер. Шора өлген жерде өлеміз, қалған жерде қаламыз!»- деген соң, Тамалар жылап, еңіреп, көше жөнелді де, қырық бала Шораны күзетіп қала берді.

Мың үйлі жасып Түрікпен балаларын көміп, біріне бірі бата-сата кылысып, у-шу болысып, көз жастарын тыя алмай, етек-жеңін жия алмай жүргенде жиырма күн толып, Шора батыр да оянды. Басын көтеріп караса, ел-жұрт жоқ, тып-типыл, қырық қашыр қазына мен Шұбар ат басында, қырық бала қасында.

- Бұл немене?»- дейді.

Қырық бала мән-жайын айтты:

-Мың үйлі жасып Түрікпен көтеріле аттанып: «Қырық үйлі Таманы талап аламыз!»- дегендерін естіп, «көп қорқытады, терең батырады»- деген бар емес пе? Ел үркіп, малдан, жаннан безіп, жонға шығып кетті,- десті.

-Біз кимай, қасында қалдық,- деген соң:

- Ай, олай болса,

Маған бола сендер өлмендер!

Аманыңда ел табыңдар!

Қырық қашыр қазынамен,

Арқанда тұрған Шұбармен

Жалғыз өзім қалайын.

Көтерсе құдай талайым,

Түрікпеннің басына

Заман ақыр салайын!

Жалғызға жалғыз болысар.

Сендер тастап кеткен соң,  
Үркер мен айдай бас қосып,  
Ауыл үй боп қонысар.  
Мені іздеуші болмаңдар.  
Бүрісіп босқа тонбаңдар.  
Өзім жетіп дін есен,  
Сондарыңнан барайын!-

деп, бәрін қоя беріп, жалғыз өзі қала берді.

Қырық қашыр қазынаны далаға үйді. Қырық қашырды Шұбар атқа мініп, жалғыз өзі бағып тұрды. Әліби анадайдан Шораның қарасын көрді:

-Қата қалғыр, қабысқыр! Жүресінен жатып, қан құсқыр! «Қара болса, қазынаға шабар, хан болса, маған шабар»- деп тұрғанын қарашы!- дейді.

Сонда Шора айтты:

-Қазынаны алсаңшы,  
Алып ханға барсаңшы!  
Қалағаның Шұбар ат болса,  
Оны өзің күшіңді асырып, алсаңшы!- дейді.

Онда Әліби айтты:

- Қазынаны ала білмен,  
Алып ханға бара білмен.  
Хан тілегі бұл емес,  
Алып пәлеге қала білмен!- дейді.

Шора тұрып айтты:

- Қазынаны алыңыз,  
Алып ханға барыңыз.  
Алмасаң және өзің біл,  
Кеше көрген қарындас,  
Бір күн тағы керек болар.  
Өзіңе олжа- жаныңыз.  
Төгілмесін қаныңыз!- дейді.

Әлібидің қақырғаны қақсиды, түкіргені түксиді. Ителгі құстай етпеттеп, балаға қарай шұқшиды. Сонда Шора қаршыға құстай талпынып, ашуы кеудесіне сыймай алқынып, айқаса кеткен жерде, Әлібиді тақымына қыстырып, бір төбенің басына апарып тастай берді. Әліби аттан жығылған соң, қалған қырқы сасады, өткелсіз суға қарай қашады. Ебедей мойнын созады, жер басқаннан озады. Қырығын қырық жерде домалатып, бықпырт қылып тастайды. «Басы ойын еді, аяғы шын болды-ау», - деп, осындайды айтқан екен. «Ойын түбі- шын болар, осырық түбі- бок болар», - деген мақал- өтірігі бар ма?! Қырық қашыр мен қырық атты айдай –майдай үріккен елінің сонынан

барды. Елі: «Жасыл Түрікпеннің ауыр қосыны келіп қалған екен!»- деп, мал-жанын тастай қашады. Атты, қашырды,- бәрін тастай беріп, жалғыз өзі барып, үріккен, босқан елін тоқтатты. Ел орнығып қонды, үйлерін тікті. Шора жатып ұйықтайын деп еді, шешесі:

- Жатпа, балам! Сен бір ұйықтап қалсаң, жиырма күнсіз оянбайсың. Мың үйлі жасыл Түрікпен артымыздан келіп қалса, сені өлтіреді, елімізді жебір-жесір қылып шабады. Қазан деген жерің бар, Тама деген елің бар. Бізден өзін аман кетсең, басың аман күнінде туған-туысқан еліңе жетсең, сен тірі аман тұрғанда, Түрікпен келгенмен, біздің бір бұлдірғемізге тие алмайды,- деген соң, «Елің бар, жұртың бар»- деген сөзді естіп, қуанып, ұшып тұра келіп, Шұбар атқа мініп, жөнеле берді дейді.

Сонда Шораның жүріп бара жатқанда айтқаны:

-Түрікпеннің төрінде,  
Шамбылдың асқар белінде  
Шыға жайлап, шет қонған;  
Дұшпанға қарсы бет қонған;  
Қырық үйлі Тама ішінде  
Кірсіз киім кимеген;  
Аллаға тілі тимеген,  
Күндік жерге жүрмеген;  
Өз үйінен басқа үйге  
Басын сұғып кірмеген;  
Қара басы хан болған,  
Өз алдына заң болған,  
Нәріктің ұлы Шорамын!  
Мен Қазанға барамын.  
Мен Қазанға барғанша,  
Күн жаумасын, қар жаусын,  
Қар жаумаса, мұз жаусын,  
Мұз жаумаса, қан жаусын,  
Ат басын неге бұрамын?!

Сонда Шора келе жатса, Тасбұлақтың басында Тасыр мерген жатыр екен, Әлібидің інісі екен. Өзі мергендігі сондай екен: ұша жөнелген бір топ құстан алты құс атып қалады екен. Әлібиді жайратып кетті дегенді естіп, Шораның атысарға оғы жоқ, шабысарға қылышы жоқ, жолын тосып, жасырынып жатып, Шораны көздеп атып, жалғзынан жайратып, зығырданын қайнатып келейін деп жатыр екен. Тасыр мерген күндік жерден көреді екен, түстік жерден естиді екен. Шора күндік жерден естіп, бір жетілік жерден болжайды екен. Тасыр мергенді көре сала Шора батыр атына сөйледі:

- Айналайын, Шұбар ат,  
Тамағыңда қалың бар,  
Өкпе-бауыр, жалың бар.  
Заты хайуан демесе,  
Адамнан есті жануар.  
Ана жатқан залымның  
Мылтыққа оғын салғызбай,  
Қолына қару алғызбай,  
Ұмтылып тұра бергенде,  
Орнынан өзін тұрғызбай,  
Олай- бұлай қарауға  
Босатып мойнын бұрғызбай,  
Көзді ашып, жұмған арада  
Мені соған жеткізіп,  
Алқымынан шап беріп,  
Алып жерге ұруға,  
Мұршамды емін-еркін еткізіп,  
Бір қайратты бастауға,  
Жайратып жауды тастауға  
Қарағым, қандай әлің бар?  
Сонда Шұбар аты сөйлейді:  
- Сен-Шора да, мен-Шұбар,,  
Жалымнан гу-гу жел шығар,  
Қызың алып шапқанда,  
Жұлдыздай зымыран аққанда,  
Маңымда болған тұншығар!  
Төрт аяғым- болатым,  
Ұшқан құстай қанатым.  
Желіге басып, шу десем,  
Екпініме кім шығар?!  
Құйрық маймен жемдесең,  
Екі бұт құм теңдесең,  
«Шу, Шұбарым, шу!»- десең,  
Ай, отыз күн, шапқанда,  
Сонда менен- тер шығар!  
Дедің ғой мені сынайын,  
Айтқаныңды қылайын,  
Мен де Хаққа жылайын.  
Жалғанда тең боп қосылған

Екеуіміздей кім шығар?!- деп, аты зырылдап ала жөнелді.

«Ал!»- деп, ауыз ашқанша, «қор»- деп, көзді жұмғанша, сып етіп жетіп барып, Тасыр мергеннің жағасынан шап беріп ұстай алып ұрды.

- Жан сауға, батыр, жан сауға! Мен де бір кісідей-ақ батырмын деп жүрсідім. Батыр емес екенмін, қатын екенмін. Шын батыр сен екенсің. Екеуіміз құшақтасып, дос болайық!- дейді.

- Жарайды, болсақ, болайық. Бірақ кейінгілер: «Тасыр мерген мен Шора батыр бірін-бірі алыса алмаған соң, дос болыпты»,- деседі ғой. Менің жеңгенім, сенің жеңілгенін кейінгіге айқын болсын. Менімен дос болатұғындығын шын болса, бір құлағыңды қи!-дейді: -Мен шыбындай жаныңды, бір қасық қаныңды саған қиғанда, сен бір құлағыңды қимасаң, етіңнен ет кесіп бермеген соң, дос болғаның қайсы?- дейді.

-Жарады, жарайды. Басқа келген пәледен, бастан құлақ садаға, қолқа қылып сен сұрасаң, ол құлағым бос кеткен жоқ далаға. Екеуімізден бір қалған өрнек, үлгі сөз болсын артта қалған кейінгі ұлан, ұсақ балаға!- деп, бір құлағын шорт кесіп алып, Шораға берді.

Шора мұны қолына ұстап жүрсін бе, қойны-қонышы жоқ, қалта-салтасы жоқ, Шұбар аттың құйрығына қыл өткізіп, байлап алды. Тасыр мергенді еліне қайырып қоя берді:

- Барсаң, сәлем дегейсің,  
Қарахан деген ханыңа,  
Бес қақпалы (қапқалы) жанына.  
Анада Шора кетті деп,  
Сұқтанбасын:  
Қалған мал мен жаныма!  
Тама деген елім бар,  
Қазан деген жерім бар.  
Мен сол елге барып,  
Қайта артыма айналғанша,  
Мұрсат берсін, тимесін:  
Қартайған кемпір-шалыма,  
Қыбырлаған жаныма,  
Өрісте жатқан малыма!-  
деп, жүре береді. Келе-келе жатса:  
Оқыр-шұқыр жер жатыр,  
Бетегелі бел жатыр,  
Құлан жортпас шөл жатыр,  
«Құсконбас»- деген көл жатыр.  
Құдайдың құба жонында,

Таяғы бар қолында  
Қақпан құрған шал жатыр.  
Сонда жатқан шал басын көтеріп алып сөйлейді:  
- Жол, жол болсын! Жол болсын!  
Жеке де басың қол болсын!  
Атынның жүні (жоны) тасыңқы,  
Көп шабуыл көргендей.  
Қабағың сенің қатыңқы,  
Түн ұйқыңды бөлгендей.  
Емшек сүті аузыңнан  
Арылмаған баласың.  
Маңдайың сұлу, жарқыным,  
Екпінің күшті, қарқының,  
Алды-артыңа көз салсам,  
Оттай қаулап жанасың.  
Аш бүркіттей түйіліп,  
Лашын құстай шүйіліп,  
Жол тартып қайда барасың?!

- Арғы атамды сұрасаң,  
Қарабура ұранды-  
Қырық үйлі жүрген Тамамын.  
Өз жөнімді сұрасаң,  
Нәріктің ұлы Шорамын.  
Қазан деген жеріме,  
Тама деген еліме  
Танысуға барамын!

- Нәріктің ұлы Шора, сені де құдай көрсететұғын күн бар екен-ау!-деп, ұшып тұра келіп, басы селкілдеп, қолы қалтылдап, бас салып құшақтап, о жағынан бір сүйіп, бұ жағынан бір сүйіп, бақырып, жылап жатыр дейді.

Әкесінің туыскандары екен.

- Бұл жапанның сары даласында не ғып жатырсың?- дейді.

- Уай, шырағым-ай, «Тозған қазды топтанған қарға жейді»- деген бар емес пе? Баяғы басымыз түгел, малымыз есен тұрған шақта, қазақ қалмақты шапқанда, қоржынның түбіне салып, бір Садырқұл деген бала алып келген екен. Сол Садырқұл ер жетіп, елін тауып, қалмақтан косын ертіп келіп, елімізді қысқа күнде қырық шауып, жалаң малды алдына салып айдағанына қанағат қылмай, аспандағы жұлдыздай, маңдайында кәмшат құндыздай іріктеп, таңдап он қызды алып кетті. Оны іздеп баруға елімізден еркек болып туған ұлдың жоқтығынан, тағы шапқалы келе жатыр деген хабар естіп, соның жолына қақпан құрып жатырмын,- дейді.

- Өзіңнен басқа ер танырлық елінде жан бар ма?- дейді.

- Бір Есім би деген ағаң бар. О да қарап жатқан жоқ шығар. Ас ішіп, аяқ босатарларды жиып: «Аттанайық қалмаққа!»- деп, қалбаң-құлбаң қармалап, атқа минуте жарамай тұғын жамандарды арбалап жүрген-ді, қарсы алдыңнан жолығар,- деп, қош айтысып қала берді.

Онан былай жүріп келе жатса, басы құралған, көп-көп болып жиылған топ қарсы алдынан дөп келді. Отырған жері омардай, күйген ғана томардай, қол бастайтын түрі жоқ біреу отыр екен.

-Жол, жол болсын! Жол болсын!

Жеке де басық қол болсын!

Атыңның жоны (жүні) тасыңқы,

Көп шабуыл көргендей.

Қабағың сенің қатыңқы

Түн ұйқыңды бөлгендей.

Уыз сүтің ауызыңнан

Шығып тұрған баласың.

Жүзің жылы көрініп,

Ішім еріп барады.

Екі көзің алаңдап,

Аш бөрідей жалаңдап,

Қарағым, қайда барасың?!- депті.

- Арғы атамды сұрасан,

Қара бура ұранды

Қырық үйлі жүрген Тамамын.

Өз әкемді сұрасаң,

Нәріктің ұлы Шорамын.

Қазан деген жеріме,

Тама деген еліме

Танысуға барамын!-

дегенде, күйген томардай шал өкіріп тұра келіп:

-Қарағым-ай, өңім бе, түсім бе? Сені көріп тұрғандығым өтірік пе, шын ба?!- деп, бас салып көрісіп, о жағынан бір сүйіп, бұ жағынан бір сүйіп: -Жалғанның жарық сәулесін жаңа көрдім ғой!- деп, -Қуанғаннан да жарылмаған жүрек енеңді с...йін! Шырағымды құшақтап тұрғанда, шығып кетпегенінді қайтейін?!- деп, жылап, өксігін баса алмапты. -Шырағым, құдай өзіңе өмір берсін! Қызығыңды кейінгі ұлан-ұсақ көрсін! Осы бетіңмен Қазанға бар! Өзің құрбы балалар бар, шешелерің бар, жеңгелерің бар,- олар да сені көріп, қуанып, мәре-сәре болсын! Қалың қосын- ел садағасы, қарауылшы- қол садағасы! Біз өңшең садаға жұмыртқа болып шыққан жанбыз. Енді өлсек те,

күдайға ризамыз. Артымыздан жоқтаң алар сендей ұл туған соң, бізге өлімнің өзі бір зор мереке!- дейді.

Онда Шора айтты:  
- Ой, ағалар, ағалар,  
Олай деме, бұлай- дейді.  
- Берді саған күдай!-дейді.  
Атысарға жау таппай,  
Алысарға ер таппай,  
Тіресерге тен таппай,  
Қайда кеткен бұл жұрттың  
Найза ұстаған батыры?!  
Тап менің тұсымда  
Еркек біткен қырылып,  
Қалған ба жұрттың қатыны?!»-деп,  
Жау қайдалап жалақтап,  
Екі көзім алақтап жүргенімде,  
Мен қалай қалайың?!  
Қалай қалған ұлан-ұсақ,  
Қатын-қалаштың қасына барайың!  
Жүріңдер! Жау қайда? Жау қайда?  
Бар деген жаққа мені айда!  
Таста мына үйілген төгілген  
Сабан-сұбан шөбіңді!  
Қара қарғаша шуласқан,  
Түкке тұрмайтын көбіңді!  
Өзін көргенде,  
Кісінің үрейін ұшырып,  
Құтын қашырады.  
Мұны көрген дұшпан  
Бізді басынады! -

деген соң, көптің бәрін қайырып тастап:

- Қарағымның қызығын көремін. Алдында жүріп, ажалды өзім іздеп өлемін!- деп, қырық азаматпен Есім би ақсақал өзі жүрді.

Көптен былай бөлініп шыққан соң, Шұбар ат біресе олай, біресе бұлай ойнақшып, басын тұқырып алып қашып, Шораның астына тұрмай, қолын ауыртқан соң:

-Кел, ағалар, елсізде ат сынайық, «Бөрі қашты»- қылайық. Жақсы жора болсын,- деп,- Ал!-деп, жөнелгенде, Шұбар ат басына бой бермей, қызылбас мылтығының оғындай атылып, Шораны алып, көзден ғайып болды да кетті.

Көзімен (көзінен) көргендер аузы ашылып, аңқиып, танаулары таңқиып, құр көкке караумен бастары қайқиып: «Жын ба, шайтан ба, дию ма, пері ме, бізді алдап жүрген жәдігөй сиқыршының бірі ме?»- деп, ілгері басып жүрерін де білмеді, кейін қайтарын да білмеді. Айран-асыр (хайран-асыр), таң-тамаша калып, ілгері басқан аяқтары кейін кетіп, құр сұлдері келе жатқан сықылды.

Шора сол кеткеннен мол кетіп, жалпак сары далада атын токтата алмайтұғындығын білген соң, аспан көкпен таласқан, бұлттан бойы әрі асқан Қапсағайдың кара тауының басына зымыраған бойымен ұшқан құстай бір-ақ барып шықты. Ар жағына қараса, кара құрттай қыбырлап, құмырсқадай жыбырлап, бакайшағы майысып, қабырғасы қайысып келе жатқан калмақтың қалың қосынын көрді. «Қой мұның алдынан шықпайын, асылық болар. Артынан түсейін», - деп, қыран жерден қылт етіп, ойпаң жерден бұлт етіп, көл артынан зып етіп, бидайықтай сып етіп келіп қалғанын бір-ақ біліп, шошып калып, Садырқұл:

-Не ғып жүрген жансың?- дейді

Сонда Шора былай дейді:

-Мен бір азық қазғанмын,

Су таба алмай, азғанмын,

Жоқ жоғалтқан, сергелден,

Жоқ іздеген, жазғанмын.

Аяулыда алты ат жоқ,

Тобылғы жүнді торы ат жоқ,

Сылдырдан еді сырғасы,

Мақпалдан еді дорбасы,

Сенделіп жүр жорғасы,

Он атым және қабат жоқ!

Сөзі, түрін таныды. Сасқандығынан ауызына сол түсті:

- Атып таста жалғызды! Қағып таста жалғызды! Жұлып таста жалғызды!- дейді.

Ол пәлен- паспадан деп былшылдап тұрғанда, айтқан аузын жиғызбай, тақымына басып ала жөнеліп, Қапсағайдың кара тауының басына апарып, домалатып тастай берді. Қайта оралып қалың қосынға барып, қойға тиген топалаңдай тиіп, қынадай қырып, танауларын жырып, тырнадай түтіп, жұлып, тірідей көрін қылып, бықырт тигендей тып-типыл қылып тастап, жалғыз өзі қалып, Қапсағайдың кара тауының басына шығып, демін алып отырғанда, кейінгі қырық азамат үрейі ұшып, зәресі қалмай шошып, әрен зорға келіп жетті:

-Не көрдің?

- Не білдің?

- Ел көріне ме, жау көріне ме?- десті.

- «Жау қырдым»- деп айтпайды,

Шіреніп, сұлап жатпайды.

Он күн, он түн аш жүрсе,

Керек қып бір нәр татпайды.

Қаралдысын көрген жан

Беттесуге батпайды.

Мен сөйттім деп мақтанып,

Міндет қып тағы сатпайды.

- Мен дәнеме көргенім де жоқ. Мына жерде домалап біреу жатыр. Оның кім екенін сөйлесіп білгенім де жоқ,- дейді.

Бұлар барып көрсе, Садырқұл екен.

-Не ғып жатырсың?- дейді.

-Өз еркіммен осылай жатуға мені жынданды дейсіңдер ме? Нәрікұлы Шора деген ер шығып, жекеде басы зор шығып, тулақ сабағанд ай шаңымды қағып, бақайшағымды шағып, ыңыршағымды отқа жағып, көшірменің (күшірменің) қу басындай домалантып тастаған соң, жатпағанда, не қылмақшымын?!- дейді.

Сонан соң бұлар Садырқұлдың танауын таңқитып кесті, ұртынан тесті. Қалмақтың қалған елін шауып, жаншып, талауға- солай қарай жүрді. Қалмақ та ұшы-қиыры жоқ, ептейсіз (ебедейсіз) көп жұрт екен, Қараман деген ханы бар екен. Ол Қараман қалың қосын алып, Өзбектің шаһарын шауып, елін талауға аттанып, солай кеткен екен. Өзбек, қазаққа таң атырып, күн шығармасқа бел байлап, батырын қазаққа аттандырып, өзі Өзбекке барып, Қаныкей, Тінікей деген екі қарындасын елге ие қылып, орындарына қойып кеткен екен. Ол Қараманның Бозтұлпар деген даңқты тұлпары болады екен.

-Өзбекке қор қылып, жануарымды мінбейін. Есек пен қашырға мінген сарт-сауанға шабуға Қосалықтың қос жирегі мен Аршакөгім де жарар,- деп, үйге тастап кеткен екен. Жау қарасын көрген соң, Бозтұлпар жылықыдан ойнақтап шығып, шаһарға қарай қашып, Қараманның ордасына барыпты. Қаныкей, Тінікей көре сала далаға жүгіріп шығып:

- Мынау бір сұмдық екен. Біздің жылқыға жау тиген ғой. Жердің үстінде, көктің астында бізге беттеп келуге бататұғын жан жоқ еді. «Аққала деген жерден, Тама деген елден Шора деген ер шықты, жеке де басы зор шықты!»-деп еді. Дәу де болса, бұл жау сол шығар!- деп, айтқан ауыздарын жиғанша, қосын шаһарға келіп қалып, үріп шығар иттен басқа алдынан шығар жан жоқ, иесіз қалған шаһарға келіп кіріп, Қаныкейді Есім би алып, Тінікейді Тасен мырза алып, Қараманның жалғыз қызы Қаракез сұлуды Шораның қойнына

салып, Шораны таққа отырғызып, хан көтеріп, ер басына дара-дара былай тұрсын, екеу ара, үшеу ара қатын алып, орналасып тұрып алды. Арада біраз күн өткен соң, Қараман Өзбектерге қыламын деп барғанын қылып, бетіне келгенді қырып, өзбектердің қыздарын ат үстіне мінуге жараған азаматтарына үлестіріп беріп, ұлын- отын, қызын қатын қылып, жебір-жесір қылып, шауып, талап, қайтып келсе, өзі біреуге не қылып келген болса, күн күнемей, түн түнемей, өзіне де біреу не қылып, не қойғанының үстіне келді. «Дүние бір бетін, бір күн көтін көрсетеді деген», - осы.

Далада жатып елші салды:

- Жекпе-жек қарсыласу- батырдың ісі. Иесіз қалған елді шабу- қатынның ісі. Менің Бозтұлпарымды өзіме беріп жіберсін. Шора маған өзі жекпе- жекке шықсын! Екеуміздің таласымыз дүние ғой. Кім болса, сонан үйіліп, төгіліп қалатұғын дүние үшін жаман жасықтардың жанын, түкке тұрмайтұғын қанын құр далаға бос шығын қылмайық. Есім бай, Тасен онда да бар шығар, менде де бар шығар. Бірақ Шора мен Қараман қазақ, қалмақта да жоқ шығар! - деп.

Шора бұл сөзді жөн дейді. Бозтұлпарын өзіне жіберді. Және:

-Біздің Тамадан бір жан қалмасын, олжа деп, бір бүлдіргі алмасын! Біздің Есекең мен Тасекең маған жақсы ат әперді. Сол олжа да аз болмас, -деп, Қараманмен жекпе-жекке шықты.

Қарма-қарсы шабысты,  
Айқай-сүрен салысты.  
Қол төбелес, жұдырықпен  
Қоян қолтық алысты.  
Тайсалмастан айқасты,  
Батырлар күшін байқасты.  
Сеңгір таудай соқтығып,  
Дариядай толқып шайқасты.  
Иьхаласып тіресті,  
Икемге көнбей сіресті.  
Қан майданды шаңдатып,  
Балуандарша күресті.  
Бүйірлері сығылды,  
Өкпе ауызға тығылды.  
Шапыр-шұпыр төбелес,  
Көргенге толық бір кеңес.  
Дөңбектей құлап гүрс етіп,  
Қараман батыр жығылды.  
Жығылғанын білген соң,  
Жауырыны жерге тиген соң,

Жұдырықтай жас бала  
Үстіне аттай мінген соң,  
Бакырайып көзі астында  
Қараманның жатқанын  
Қазақ, қалмақ көрген соң:  
-Қалмады намыс, ар,- дейді,  
-Мен-қара жер төсеулі.  
Сен- жауған қалың қар!- дейді.  
-Тірілік пен бұ жалған,  
Қоштасамын сенімен,  
Менен аулақ бар!- дейді.  
-Шын ер туған ұл болсаң,  
Бір қолқам сенен бар,- дейді.  
- Енді мені қозғалтпай,  
Ту сыртымнан жар!- дейді.  
-Бір ұртта да қанымнан,-  
Өтімді суырып ал,- дейді.  
-Қазақ пенен қалмақтың  
Аруағы үшін садаға  
Құрмалдыққа шал!- дейді.  
Сонда Шора айтты:  
- Білмеуші едім өзіңді,  
Көрдім жаңа жүзіңді.  
Өлімге мұнша құмар боп,  
Өлердей айттың сөзіңді.  
Тіліңе қалай нанайын,  
Сойған қойдай бауыздап,  
Басыңды қалай алайын?!  
Батылым онша бармайды,  
Күйеу жігіт болғансып,  
Алып едім қызыңды.  
- Отыздан асып бұл жасым,  
Қырыққа таяу келіпмін.  
Өтпес біліп жалғанды  
Өзімді өлмес біліпмін.  
Маңдайым қайтпай пендеден,  
Бетіме ешкім келмеген.  
Қарайған жанның бәрін де  
Жан-ау деп көзге ілмеген.

Перін кетпе пірі боп,  
Зорайып өсіп ірі боп,  
Токтаусыз жортып желіппін.  
Жау алатын қыз итгі  
Бала екен деп біліппін.  
Маған сен күйеу болғандай,  
Оң жағыма кіргізіп,  
Қай қолымнан беріппін?!  
Өзім үшін тусам да,  
Жұртым үшін өліппін!  
Елімнің баспа іргесін,  
Өлтірме бит пен бүргесін.  
Жебір де жесір қылдырма,  
Шібішімнің аяғын бастыртып,  
Атқа сындырма,  
Құдай риза (ырза), мен риза,  
Кес кідірмей басымды.  
Дулатып бергіз асымды.  
Тірілік пен өмірден  
Өлімді артық біліппін!-

деген соң, Шора басын кесіп, ту сыртынан жарды, өтін алды. Қанынан бір ұрттап, мейірі қанды. Қалған елінің бір бүлдіргесіне тигізбей, Қараманға ас бергізіп, қалмақ, қазақты тең ұстап, жеті жыл тұрып қалыпты. Жеті жылға толған кезде әке-шешесі түсіне кіріп, жылау-сықтауда қалғандығын айтып, аян беріпті. Шора ұшып тұра келіп, бала-шаға, бау-шарбақпен көшіп, елін іздеп, баяғы бәйбішеге арыстан етін жегізетін қойшы қой бағып жүріп, атқан оқтай душар болып ұшырап:

-Уай, карағым-ай, Құдай сені де көрсететұғын күн бар екен-ау!- деп, бас салып көрісіп:

-Сені: «Қалмақтың ханы Қараманға барып қаза тапты!»-деп естіп, жасыл Түрікпен елді шауып, талап, бай құл орнында, бәйбіше күн орнында, мойындары ырғайдай, биттері торғайдай,- деген соң, Шора шыдап тұра алсын ба, тұра жөнелгенде, қойшы жүгіріп келіп, шылбырынан ұстай алыпты:

-Қарағым, тұтқиылдан сені көрген соң, әке-шешен жүрегі жарылып, өліп кетер. Шұбарды маған бер. Мен барып оларды жүрегін қозғап алмай, үркітпей, шошытпай сүйінші сұрайын. Шұбарды қормесе, нанбайды,- деген соң, Шора Шұбар тұлпарды мінгізіп қоя берді.

Қойшы барып сүйінші сұрап, жасыл Түрікпен естіп, тайлы- таяғына шейін қалмай жиылып, Нәрік байдікіне келіп, еңсесі биік ақ сарайға Нәрік

бай мен Гүлқанысты енгізіп, үйде мен бүлдені кигізіп, басы Қарахан болып, Шораның алдынан жаяу- жалпы шұбырып, ботадай боздап, інгендей еңіреп, койдай маңырап, козыдай шулап шыққанын көріп:

- «Алдына келсе, атаңның құнын кеш»,- деген осы екен-ау!- деп, Қараханды хан көтеріп:

- Бұған қарсы келгенің менен ажал табасын!- [деді].

Түрікпенді ел қылып, жұрт қылып, бір бүлдіргісіне тигізбей, өзінің қырық үйлі Тамасын көшіріп, Қазанға алып қайтты дейді. Нәрік пенен Гүлқаныс, Шора мен Шұбардың қызығын көзімен (көзінен) көріп, жалғанның жарастықты дәуренін сүріп, барша манат басына, сақалы көтіне жетті дейді.

Шора заманында атақты батырдың бірі болып, хандарға қағылып орын бермей, өзгеден алапаты артық болыпты. «Күндердің күнінде бұл жерді кеуір алады, моламды кеуірдің атының аяғының астында қалдырмаймын!»- деп, елін алып ауып, Стамбұл жұртына қарай ауып, Халифа қол астына барып, үрім-бұтағы со[л] өніп, соғыста қайрат көрсеткен батырлар шықты д[ейді].

## Абылай хан

Ай, жарандар, жарандар,  
Маған да таман қарандар.  
Бір сөзім бар, айтамын,  
Айтамын да, қайтамын.

Бұ сөзімді аңдасаң,  
Құлақ қойып тыңдасаң,  
Әулие [1] өткен Абылай хан,  
Заманында хан болды.  
Жұрт үстінде паң болды,  
Жүрген жері шаң болды.

Қазақ пенен орысты,  
Қалмақ пенен шұршітті  
Бір өзіне қаратып,  
Ғаламға даңқын таратып:  
«Абылай хан сөйтті!»- деп,  
Соңғыларға заң болды.

Бұрынғыдай болмайды  
Мұсылманның баласы.  
Алды-артымды қамады,  
Кәпірдің салған қаласы.

Кәпірге қарап оқ атқан,  
Мұсылманға жан тартқан,  
Күнінде Кенесары болмаса,  
Кәпірдің жұма күні тойы бар,  
Шақыртам деген ойы бар.

Өз жұртымның қызығы-  
Қызылжар мен Қоқандай.  
Қайын жұртымның қымызығы [2]-  
Шәуешек пенен Бұхардай.

Абылай, сен жас ұл едің,  
Тұрымтайдай төре едің,  
Түркістанда жүр едің,  
Ақ сұңқар құстай түледің!  
Тоятың сенің қанған соң,  
Алыстан тоят іздедің.  
Сүмбіл туар жылтырып,  
Ат семіріп құнтыып [3].

Абылай сарттың найзасы  
Қайың да болды, берік болды.  
Атакемнің найзасы  
Қарағай болды, морт [4] болды.

## Кенесары

Айтайын, айт дегеннен, ау, жарандар,  
Кейін сал кеңесіңді, бозбалалар.  
Айтамын Кенесары, Наурызбайды,  
Бұр-дағы мойыныңды, құлағың сал!

Жел болса, қамыс басы айда-сайда,  
Жігітке бір өткен соң, дәурен қайда?  
Бұр-дағы құрдай мойның, құлағың сал,  
Айтамын Кенесары, Наурызбайды.

Баласы Абылайдың Қасымым-ай,  
Сүйегі өзге жұрттан асылым-ай!  
Үш төре Абылайдың сарттан өлді,  
Орыска- казак түгіл [1] басымым-ай!

Бауыры Алатаудың тал мен терек,  
Мінгені Жеке батыр- Көкше серек.  
Аттанды он төрт мың қол шеру тартып [2],  
Басы екен Кенесары бір зеңбірек.

Кене ағам қосын тартып, Қырғыз барды,  
Аз ауыл: «Қосшы (қошшы)»- деген қырғызды алды  
«Бәлемді оңдап [3] тұрып қырайын!»-деп,  
Қырғызға: «Жиылсын!»- деп, хабар салды.

Ілінер қара балық жібек ауға,  
Аттанды Кенесары Қырғыз жауға [4]!  
Болғанда бесінші күн қырғыз толды,  
Қыбырлап қара құрттай Алатауға.

Кене ағам қосын тартып, қырғыз барған,  
Аз ауыл «Қосшы»- деген қырғызды алған.  
Кененің ішіп жатқан суын бұрып,  
Қаңғырып Кене қолы шөлде қалған.

Кене ағам атысады жалғыз жатып,  
Атының, шаба алмайды, мойны қатып.  
Астында ер Науанның Қызылауыз,  
Оқ үзді артқы аяғын бұлғандатып.

- Оқиды молда жайып ала хаты,  
Кете ме қырғыз қырып азаматты?!  
Астымда Қызылауыз оққа ұшты,  
Бересің (бересін), тақсыр, бізге қандай атты?!

-Беріпті «Сөйлесін!»- деп, тіл мен жақты,  
Наурызбай, осындайда қимылдап бақ!-  
Өркеші жоқ түйедей, мойны құлаш,  
Ап келді Кертайлақты-Үйсін: Байзақ.

Кертайлақты ап келді:  
-Судан шыққан сүйрік!- деп,  
-Таптан да озған жүйрік!- деп.  
-Аяқты малға жеткізбес,  
Мін-дағы [5], жауға килік!- деп.

Кенеге тілеу болмады,  
Қырғызды Құдай оңдады.

Арам қатқыр, Кертайлақ,  
Қызылауыз аттай болмады.

Наурызбай соғысуға ерінбеді:  
- Қазаққа бұл бір келген керім! - деді.  
Ғалының «Сейтбаттал» соғысындай,  
Найзадан күннің көзі көрінбеді.

Қол оқпен қозы жауырын Бопы атады,  
Мылтықпен Құдайменде қиратады.  
Соғыста өңге төре жүргенінде,  
Шатырда жаман Көшек тек жатады [6].

Не күшті бұ дүниеде, Құдай күшті,  
Алдымен Ержан төре қолға түсті.  
Онан соң, Құдайменде мылтығы өшті,  
Шатырға: «Ой, бауырым!» - деп, Науан түсті [7].

Кигенім көк сауыр етік, қызыл ұлтан,  
Алдымен қолға түскен Ержан сұлтан.  
Оққа ұшып Құдайменде қалғаннан соң [8],  
Жайдақтап жауға шапты Қаракұлпан.

Кигенім көк сауыр етік, қызыл ұлтан,  
Оққа ұшып Құдайменде жатыр сұлтан.  
Қырғызды екі жарып [9] бөгеп тастап,  
Сүйегін алып шықты Қаракұлпан.

Кенені осы жолы қара басты,  
Кене мен қырғыз қолы араласты.  
Жеңерін жау қырғыздың білгеннен соң,  
Наурызбай, Кенесары ақылдасты.  
Наурызбай[дың] Кене ағана ақылдасқандай қып айтқаны:

- Кене аға, осы соғыс болды қалай,  
Жеңері қырғыз-қазақ екіталай.  
Ынғайы жау қырғыздың жаман болды [10],  
Кене аға, осы жолдан қайтсаң қалай?

**Кене ханның сөзі:**

- Науанжан, осы соғыс болды қалай,  
Жеңері қырғыз-қазақ екіталай.  
Мен өлсем, бірді-екілі күшік бар гой,  
Науанжан, сен аманда қайтсаң қалай [11]?!

### **Наурызбай:**

-Төгілер, өлсем жерге, кара каным,  
Бү сөзді не деп айттың, тақсыр ханым?!  
Жерінде сенің өлген- мен де өлейін,  
Болып па сенен артық менің жаным?!

Кене ағам, сенен қалып не боламын,  
Қырғызды, айқай салсам, үш бөлемін!  
Кегімді жалғыз қалып мен ала алман,  
Жерінде сенің өлген- мен де өлемін!

### **Кене ханның сөзі:**

-Науанжан, бұл айтқаның жүйесіз ғой,  
Қырғызға: «Абылай-лап!»- тиесіз ғой!  
Мен өлсем, артта қалар тұяқ бар ғой,  
Сен өлсең, қара шаңырақ иесіз ғой [12]!

Наурызбай жүруші еді жаумен ойнап,  
Кене жүрді он кісімен: «Абылай-лап!»  
Ер Науанның астында Кертайлақ ат,  
Ерін алып тастады, мінді жайдақ [13].

Кенеге тігілмеді торғын шатыр,  
Топалаң тиген қойдай қазақ жатыр.  
Басы екен- Шұбыртпалы, ер Ағыбай,  
Құтылды есен-амаң сексен батыр.

Қазақ бір қашты дабырлап,  
Қырғыз бір қуды жабырлап.  
Адыра қалғыр Қараөткел,  
Қазақтар қалды сабырлап.

Бауыры Алатаудың терек, тал-ды,  
Қокидың бойын өрлей қырғыз салды.  
Ер Науан аты жүрмей отыр еді,  
Жау қырғыз келді-дағы қамап алды [14].

Ұстаған ер Науанды Үйсін дейді,  
Жүрегі жау қырғыздың дүрсілдейді.  
Қасына жаман Тағай келді жетіп:

- Ит қасақ [15] шыныңды айтшы, кімсің?- дейді.

Қырғыздың «қасақ» деуге тілі келмейді, «қасақ»- деп айтады. Қатындары балаларын қарғап, ұрысқанда: «Қасақ алғыр!»-деп қарғайды. Сонда «Кімсің?»-дегенде, Наурызбай не дейді:



**Тағай.**

Науанжан, сенің өзің төресің ғой,  
Қырғызга: «Абылай-лап!»- тиесің ғой.  
Манабым Жаманқара сен өлтірсең,  
Болыпсың сен де сондай, олесің ғой!

**Наурызбай.**

Жүруші ем өз елімде мен жайыма,  
Жігітке өлім деген уайым ба?  
Ит қырғыз, әке десем, жібермейсің,  
Болармын, өлсем, жақын Құдайыма.

**Тағай.**

Жігіттер, өлен баста, өнер баста,  
Мереке күнде мұндай табылмас та.  
Кескенше кесер басын, тіл тартпайды,  
Кескілеп, Наурызбайды, итке таста!

**Наурызбай.**

Жағалай Қоқи бойын терек пен тал,  
Құйғаным тегешіме тола аяқ бал.  
Ит қырғыз, әке десем, жібермейсің,  
Итіңе, маған десең, кескілеп сал!

**Тағай.**

Үйінен тамам қырғыз жылап шықты,  
Ішінде бір сұрқылтай сынап шықты:  
- Анадан жалғыз туған ер екенсің,  
-Керек деп -өтің неге?- сұрап шықты.

**Қырғыз сөзі.**

Құлағы арғымақтың ерек-серек,  
Жапанға жалғыз біткен бір бәйтерек.  
Бір туған елде жалғыз ер екенсің  
Наурызбай, сенің өтің кімге керек?!

**Наурызбай.**

Бір салсам наркескенмен шығады миы,  
Ит қырғыз, менің айтқан сөзіме ұйы.  
Керегің өн бойымда өтім болса,  
Қызыңның, өтімді ал да, көтіне құй!

Жағалай Қоки бойын терек, тал-ды,  
Шақырып Құсбек итін жанына алды.  
Қырғыздың өз қылышы өтпеген соң,  
Науанның наркескенімен басын алды.

Ертістің арғы жағы – Тарбағатай,  
Сөзімнің менің айтқан бәрі қате-ай!  
Ерлерді (ердерді) бұрынғы өткен біз қозғадық,  
Жамағат мына отырған, қылсаң бата-ай!

Сұрасаң арғы атамды Атығай-ды,  
Кене мен өлең қылдым Наурызбайды.  
Тілеген- менің атым, акын, молда,  
Науанды өлең қылып жұртқа жайды.

Абылайдың көкжалдары қырғызда өлген,  
Сол өлген соң, дұшпандар жырк-жырк күлген.  
Абылайдың көкжалдары өлгеннен соң,  
Дін мұсылман быт-шыт боп жаман бүлген!

## Кенесары-Наурызбай

Дүр гауһардың данасы,  
Үйсіздерге үй болған,  
Бұл Арқаның панасы.  
Аңқағанға сусын боп [1],  
Шаршағанға ат болған,  
Дарияның аққан саласы.

Үшкендірде мекені,  
Ұлытаудың даласы.  
Кіші таудың саласы.  
Көп тілеуін тілеген  
Мұсылманның баласы.

Ата бір тегін сұрасаң,  
Абылай ханның баласы-  
Кенесары, Наурызбай.  
Тұра алмай оның кеткені-  
Бұл жақтағы қазақтың  
Ауызының аласы.

Абылай ұғлы Қасым-ды [2]  
Жасық емес, асыл-ды.  
Саржан атқа мінген соң,  
Жасынан ойлап тастады (таслады).  
Душпанның көңілі басылды,  
Жалғыз өзі емес-ті,  
Есенкелді қосылды.

Ұсталар алар қолына,  
Қышқаш пенен балғаны.  
Кенесары, Наурызбай  
Қырғыз бір болды арманы.

Іледен өтіп, хан кетті,  
Өр Дулатқа барғалы.  
Сол жақтағы қазақ пен  
Қосылып барып алғалы.

Барып еді өр Дулат,  
Барғанын қабыл алмады.  
Асаулар үзді шідерді,  
Сыйламай Дулат жіберді.  
Сеніп келген халқынан  
Хан Кене үзді күдерді.  
Күздігүні болғанда,  
Қатуланды, қасланды (қаттанды).

Хан қамалдан аттанды,  
Қоласты қалын шөңгелден,  
«Қосшы»- деген елді алды,  
Қарақыстақ, Шөңгелден [3]  
Қалшасын ұстап байлады.  
Хан болып халқын меңгерген,  
Кем-кетікті теңгерген,  
Сатуына Қалшаның  
Тоғыз түйе арттырып,  
Отаулатып қыз беріп,  
Қисайған жағын түзеген.

Бұл уақытта Құдайым  
Қоқаннан ауған көп Дулат  
Қара ағаштай ел келген.

Мәмбет ұлы Байзақ,  
Балқожа, Медет ол келген:  
«Жауың қайда, мен жолдас», -  
Хан Кенеге жел берген.

Жоғарғыдан су ағар,  
Жүйесін тауып төменге.  
Атса, мылтық өтпейді,  
Асылдан соққан беренге (перенге).  
Дулатты сүйді хан Кене:  
«Мен жолдаспын!»- дегенге.

Сұңқарлар жайды қанатты,  
Жұртына салды санатты,  
Қара ағаштай көп Дулат  
Хан аузына қарапты.  
Сегіз жүз кісі аттанып,  
Шапты бір олжа болатты.  
Ақсу деген өзеннен [4],  
Бұ сапарда Наурызбай.  
Төрт қамалды бір бұзып,  
Жұртты аузына қаратты,  
Қоқиланып [5] қырғыздың,  
Қатыны мен қыздарын,  
Қос-қосқа бөліп таратты.

Дулаттың алған малына  
Бір төленгіт бармады,  
Олжа атын алмады.  
«Қызыл тұмсық болсын», -деп,  
Ғақылмен аузын қандады,

Екіншіде аттанды,  
Естіген Дулат қалмады,  
Байзақ келді төменнен.  
Көңілі бітті айқасып,  
Кенесары төреңмен.  
Телім дас болды олжаға  
Наурызбай атты беренмен (перенмен).  
Он екі мың кісі боп,  
Бір күні қайта ел шапты,

Таудағы алты өзеннен.  
Зеңбірегін асырды  
«Абылай аспас»- кезеңнен.  
Құлақ (қаулақ) бір тәрс бекінді,  
Кенесары, Наурызбай,  
Таудан асты дегеннен.  
«Абылай аспас»- асудан,  
Асамын деп орледі.  
Асуды қырғыз бермеді.  
Бес күнгеше атысты,  
Қазақтың әлі келмеді.  
Қарабалта, Суқызлық [6]  
Аңғарынан шаң асты.  
Атынан әркім адасты.  
Қырғыз, қазақ ат қойды,  
Бір кезеңге таласты.  
«Абылай аспас» асудан  
Асамын деп, аса алмай,  
Көп қырғызды баса алмай,  
Ерлер сонда бір састы.

Ұрыс қылды қырғызлар,  
Тобеден атын ойнатып.  
«Қызықсын-деп-асуға!»  
Қазына төкті жайнатып.  
Жалғыз жолға су құйып,  
Қар ерітіп, қайнатып.

«Абылай аспас» асудан  
«Асамын!»-деп өктеді.  
Асуды тастап қырғыздар  
Бас қамын қылып кетпеді.  
Ойдан атқан зеңбірек,  
Тау басына жетпеді.  
Сол уақытта болғанда,  
Ыза болып хан Кене,  
Келтірді екі түйені.  
Шөгере салып түйені,  
Зеңбірегін сүйеді.  
Тұрғызып қойып атса да,  
Сонда да тауға жетпеді.

Атасы өткен Абылай,  
Тілеуді бергей бар Құдай,  
Былтырдан алған басшысы  
Шапырашты: Бұғыбай.  
- Бұғыбай басшы қайда?- деп,  
Шакырды төре Наурызбай:  
- Ай, Бұғыбай, Бұғыбай,  
Қорлық болды-ау, бұ қалай?  
Амал тапшы бұған-ай!  
Былтырдан өзің келгеннен,  
Елдің алдың жарлығын.  
Құлдың жедің жабдығын,  
Бір кезеңнен айдадың  
Үш алаштың барлығын.  
Жалғыз жолдан аса алмай,  
Қырғызға беттей бата алмай,  
Тау-тастың тарттың зарлығын.  
Жалғыз жолдан аса алмай,  
Қазақтың жолы байланды.  
Бес күнгеше атысып,  
Тауысып тұрмын хайламды.

Өліп кетсем, Бұғыбай,  
Көңілімде арман кетпесін!  
Осы бүгін күн батпай,  
Тау басында қамалға  
Бір тигізші найзамды!

Бұғыбай сонда сөйлейді,  
Сөйлегенде, не дейді?  
- Қол бөлініп, жол тап!- деп,  
Бере ме жауап ханымыз?  
Ағаңнан жауап алыңыз,  
Ағаңыз рұқсат ол берсе,  
Томағамды сыпырып,  
Қамау да тасқа салыңыз!  
Жауыңды шаншып беруге  
Науанжан, келмес халіміз.  
«Жол тап!»- деген сөзіңнен  
Төгіле қалмас арымыз.

Ер Наурызбай келіпті,  
Алдына қарсы Кенеңің:  
-Түеі суық тартқанда,  
Төрт қырлаған жебенің.  
Ажал уақыты болғанда,  
Қорғаны болмас көбенің.  
Рұқсат берсең, Кенеке,  
Тау басында қырғызға  
Барайын соған деп едім!

Ертіп келген қасымда [7],  
Бұғы басшы ер!- дейді.  
- Асуы жоқ Алатау  
Бұ-дағы қиын жер!- дейді.  
- Бүйтіп тұрып қамалмай,  
Бұзайын барып қамалын  
Кенеке-ау, жарлық бер!- дейді.  
- Біраз жігіт сайланып,  
Соңыма менің ер!- дейді.  
- Тау басына бір шықсам,  
Қызығымды қор!- дейді.

Кене хан сонда сөйлейді:  
-Алдыға басшы сал!- дейді.  
- Кетпесін жаудан ар!- дейді.  
-Душпаннан кекті ал!- дейді.  
-Бұғыбай айтса бір сөзді,  
Екі-үш жүз (иүз) кісі ертіп,  
Ертерек соған бар!- дейді.

Сонда Науан сөйлейді:  
- Алла тағала жеткізсе,  
Бір мұратқа жетейін!  
Былтырғы қылған қырғыздың  
Зорлығын бүгін өтейін!  
Екі-үш жүз кісі көбірек,  
Онша ер алып не етейін?!  
Аз кісіге жақсы екен,  
Алатаудың саласы,  
Қиын жерде жолдасқа  
Сүйікті еді, қарашы!

Көп кісі қаптай шабуға  
Арқаның бар ма жазық даласы?!  
Отыз шама кісімен  
Барғым менің келеді.  
Қысылған жерде әркімге  
Аруақ та болсын панасы!

Таң қалады Кене хан,  
Ер Науанның сөзіне.  
Бұл арада Науандай,  
Қайырымды жан көрінбес көзіне.  
Қайтармады бұл бетін,  
Рұқсат берді еріне.

Іріктеп алды манатты,  
Қауырсынды, қанатты.  
Таңдап алды Наурызбай  
Тастан қайтпас болатты.

Тамам қолдың бектері [8],  
Бұғыбай басшы алдында.  
Жол қиынын көрген соң,  
Қамалдағы қырғыздың  
Алла оңдаса, осы жол  
Жан жазасын бергелі  
Отыз қасқа жөнелді.

Отыз жігіт жөнелді  
Наурызбайдың соңынан.  
Бұл сапарда Науанның  
Жұлдызы туды онынан.

Жаз жайлауы- Сардала,  
Қыс қыстауы- Қарғалы.  
Кене хан рұқсат берген соң,  
Наурызбай төре жөнелді.  
Отыз жігіт соңында,  
Тау басында жиылған,  
Көп қамалға барғалы.  
Наурызбай төре кеткен соң,  
Төменде қалған қалың қол  
Тұра алмады-ау ерігіп,

Басын косты бірігіп.  
Бастырмайды тау мен тас  
Жарлыда бар шегене  
Байзақ датка (датхуа) түсінді  
Бұ жауаптың тегіне.  
Хан қасынан жылысып,  
Жетіп барды көбіне.  
Ер Байзақтың қараңыз,  
Көпке бір айтқан кебіне:  
- Ат үстінде қақайып,  
Қарап тұрып өлмелік,  
Намысты қолдан бермелік,  
Теп-тегіс түсе қалыңыз,  
Ер басына бір-бір тас,  
Түсіп бір жерден алыңыз!  
Қамалып босқа тұрғанша,  
Сөйтіп бір жолды салыңыз!

Ойда тұрған хан Кене [9]  
Жарлық қылды көб[іне]:  
- Ескі жолға таласа,  
Жаңадан жолды салғай[сың]!

Сонда тұрып хан Кене  
Көбін жиып сөйлейді,  
Сөйлегенде, не дейді:  
- Ат тұяғымен шаң [болған],  
Алатаудың [арасы].  
Қара ағаштай көп қырғыз  
Бірсыпыра болдың, қарашы!  
Ойда- Қоқан, қырда- орыс,  
Хакім болған қаласы.  
Алдырғаны дұшпанға  
Аузы жұрттың аласы.  
Кімнен таяқ жегендей  
Бір ауызға қараса,  
Біздің қазақ баласы!  
- Тізгінді берсе Кенеңе,  
Қайрат қосса жебеге.  
Ер басына аяқтай,

Тас аударса, бұ тауды,  
Жол салмасқа немене?!

Мұны айтқанда ер Байзақ  
Аттан түсіп барды да,  
Жерден бір тас көтерді.  
Байзақ аттан түскен соң,  
Төгіле қалды-ау арымыз.  
Алмасақ та таудан тас,  
Аттан түстік бәріміз.  
Сол арада қарасақ,  
Тау басында шу шықты,  
Мұнара болып бу шықты,  
Будақтап мылтық түтіні,  
Қолында жасыл ту шықты.  
Отыз көкжал бөрімен  
Наурызбай төре бұл шықты.

Жау – жоғары, біз- төмен,  
Жеткен екен қамалға.  
Наурызбай сынды сұр берен,  
Мінген аты көк дөнен.

Қарқарадай ат астында [11],  
Жауға барып кірісті.  
Күншығыс жақ шетінен,  
Қамалға кірді көлденең.

Кене хан соны көрген соң,  
Қалмады сабыр қарары.  
Жауға қиын барары,  
Жаны қайтіп шыдасын?!  
Түтеген мылтық ішінде,  
Көзінің кірді жанары.  
Жанған оттай бұрқылдап,  
Көк дөнен ат астында  
Ақ орамал басында  
Ор қояндай бұлтылдап,  
Жарқ-жұрқ етіп күнменен  
Найзаның ұшы жылтылдап.  
Наурызбай кірді қамалға  
Күншығыс жаудың шетінен.

Шыдай алмай Кене хан  
Ат қойды таудың бетіне.  
Биіклігі сонша бар  
Шөке атым (аттам) жер бармай-ақ,  
Сыпырылып қалып барады,  
Көкбурыл аттың көтінен.

Кене ханның арманы  
Қырғызды таудан асырып,  
Құмбелден жатпақ жай алып,  
Не жаны қалсын Кененің  
Наурызбайдан аянып?!  
Еріне көзін салмады,  
Тарта берді шылбырын,  
Қылышын тасқа таянып.  
Қайтпасын ханның білген соң,  
Тұс-тұсынан ат қойдық.  
Түсініп қазақ оянып,  
Наурызбай шықты қамалдан [12],  
Найзасы қанға боялып!  
Төрелер кетті алдында  
Артында қалған көп қазақ  
Несіне тұрсын аянып?!  
Құйшысты сайдың ішіне,  
Қырғыздың неше қырандары,  
Қамалда тұрып а[ттары],  
Неше батыр оздері.

Қол толды таудың тасына,  
Барғалы жаудың қасына,  
Екі мың кісі аттанып,  
Шықты бір таудың басына.  
Ханның туын көрген соң,  
Қоқиласып, шуласып,  
Қырғыздың қатыны мен қыздары.  
Сол арада хан Кене  
Қырық арқанды жалғады,  
Тартып алды арбаны.  
Зеңбірегін бір атты,  
Көп қамалды бұзғалы.

Зеңбірегін алған соң,  
Арқанменен сүйретіп,  
Халқына ғақыл үйретіп,  
Қатар да қойып бір атты  
Тауды, тасты күңіrentiн.

Шамға жактық шырақты,  
Жақынлатып (иақынлатып) жырақты.

Қожабай мерген ер екен,  
Қамалдан малды құлатты.  
Мылтығын тастап тау-тасқа  
Қырғыздың қашты мергені.  
«Абылай-лап!»- ат қойып,  
Қазақтың қаптап келгені.

Он екі шамғал, жүз мылтық,  
Жүз каралы мергені.

Алтын жатса, алмады,  
Олжаға көзін салмады.

«Абылай аспас» асуды [13]  
Асамын!- деп, өктеді.

Наурызбайдың ірілігін  
Қырғыз, қазақ сөкпеді.

Қырғыздан мерген жүгірді,  
Алдынан мылтық төккелі.

Қатар қойып арбаны  
Төтесінен бір атты.

Олжабай мерген ұшырып,  
Қамалдан малды құлатты.

Зеңбіректі қарсы қойды,  
[Абылай!]- десін, ат қойды,  
Екі мың шамғал, жүз мылтық  
Бәрін қырды мергеннің!

Қамалға кіріп хан кетті,  
Наурызбайды көргелі.

Таудың тердік шиесін,  
Иад қылды әркім иесін.

Қамалға барып көрді хан  
Шыққан екен Наурызбай

Елу шамалы жылқы алып [14].

Жетпіс шамалы түйесін  
Қырғызға қылып кесірді.  
Бергізгенде олжа қып,  
Домаланған кара көз  
Қыз, келіншек- жесірді.

Қамалда жүрген Наурызбай  
Хан Кенені көрген соң,  
Бүтежектеп жүрген ер  
Еркінше шауып көсілді.

Қолына жасыл ту алып,  
Ақ білегін сыбанып.  
Бозбалаға сөйлескен  
Ағасын көріп қуанып.  
- «Абылай аспас» асудан  
Кенекем дүкен құрғаны.  
Батырлардың келіспес,  
Майданға кірмей тұрғаны.  
Кенекем келді біз үшін  
«Жақсылар- деп-сіз үшін!»  
Аянбай бүгін іс көрсет,  
Таманын батыр Құрманы!  
Бүгін бізге жар болғай (иар) болғай-  
Бабамыз өткен Абылай!  
Арғыннан шыққан қос жігіт [15],  
Табыннан шыққан Бұхарбай,  
Дулағтан озған Мендібай (Өндібай),  
Шәкір мен Жәуке, Төлебай,  
Шұбыртпалы- Ағыбай,  
Төртуылдан- Жанайдар,  
Қарауылдан- Кенжетай.  
Ойран салдын бозбала  
Ала бір таудың бетінде.  
Мұнда қылмай қайратты  
Қосқа барып өкінбе!  
Істерің (ишларын) жақсы бозбала,  
Ұстатармын қырғыздан  
Қос-қос кара жетімді!

Жан аянба камалда  
Он екі шамғал, жүз мылтық-  
Кенекем келген секілді.

Кенекем келіп косылса,  
Кім тұрар соның бетінде?!  
Кылды бір жауға оқимді,  
Ат тұяғын шаң қылдык.  
Алатаудың дарасын,  
Төрелер түзде жад (иад) еткен  
Хан Абылай бабасын.  
Мылтық оғы от алмас [16],  
Құлақтары тұтанбай.  
Ақ кіреуке, берік сауыт  
Мылтыққа тұрар төтепке,  
Шығыршығы жұқармай,  
Аянбай бүгін кимылда  
Табыннын есіл Бұхарбай!  
Жаман жігіт тұрады  
Жауды көрсе жалтақтап,  
Қолге қонған құтандай.  
«Абылай аспас»- асудан  
Аса барып, ел шапты.  
Қоқилатып айдады.  
Қырғыздың қатын-баласын.  
«Ел болалық!»- дегенде,  
Бергендей еді бар малын.  
Бітіре алмай төре жүр,  
Көңіліндегі арманын.  
Ол малын ел қайтарып,  
Және шауып ел алды,  
Ақсудың бұзып қорғанын.  
Және шауып ел алдық  
Ақсудың салған қаласын.  
Шауып алды сол жолда  
Аспара (Есқара) мен Меркені.  
Билеп бір тұрған ұлығы  
Мәмедәлі деген сарт екен.

Ауызға кіріп сөз болған,  
Ақауыз деген арғымақ,  
Сол Мәмедәлі берген ат еді,  
Белгілі бұрын кент еді.  
Сарттың бір салған қаласы,  
Екі жүз үйдін мекені,  
Ақсудың аяқ саласы.  
Қоқанды сол алды ғой  
Имам батыр ағасы.  
Мұны есітіп хан Кене  
Екі жүз кісі Ержанды  
Басшы ғып соған жіберді.  
Дабыпы кеткен Кененің  
Әубаи мен Сыбанға.  
Мұнан үріккен көп қырғыз  
Қайта барып қамалды  
Судың басы-Дауанға.  
Ергенде қол, сыймайды  
Алатаудың бауырына.  
Дулатты соған айдады.  
Өшіккен қырғыз жауына,  
Он мың кісі аттанып,  
Кекіліктің тауына [17],  
Мұнарамен шаң болды  
Қызылсу [18], Самса [19] саласы.  
Ол сапарда қазақтың  
Қабыл болды тәубесі (тобасы).  
Қол алдында жүргенде,  
Кәрібоз деген бір қырғыз-  
Ер Қанайдып баласы.

Дулат осы бөлініп кеткеннен соң, астыртын қырғызға үндес болып, Кене ханға қиянат қыла бастады. Осы қамалды бұзғанына қанағат қылмай, енді соңынан қалмай қуа бергені... Кәрібоздың елшілікке келіп, Наурызбайға айтқан сөздері:

Кәрібоз сонда сөйлейді,  
Сөйлегенде, не дейді?  
-Ай, Наурызбай, ай, төрем,  
Не жазығым бар еді,  
Кенесары ханына?!

Бітті деп коңіл қылмадың,  
Қырғыздағы арына.  
Алмаған арың қалды ма,  
Қырғыздан сенің тағы да?!  
Қосшыны шаптың шулатып,  
Қарағаштай шөңгірден  
Қалшасын ұстап, байладың.  
Хан болып, халқын меңгерген  
Сатуына қалшаның  
Тоғыз түйе арттырып,  
Отаулап қызды бергені.  
Атан Абылайдың тұсында  
Бар ма еді қалыңсыз  
Саған қыз бергені?!  
«Абылай аспас»- асудан  
Аса келіп, ел шаптың.  
Туыңды тігіп Құмбелден  
Қыстай шауын елімді,  
Баламды салдың тілімге.  
Босатып қойдың, бастырып,  
Ата мекен жерімді.  
Жаманқарамды өлтіріп,  
Бір сывдырдың белімді!  
Бұрынғы-соңғы ұлықтын  
Салған бір жолы бар ма еді,  
Елшіге берген өлімді?!  
Қоқанда жатқан қорқытып,  
Аттарын (атларын) алдың бегімнің.  
Тіріме қылсаң, аз ба еді,  
Өлігім саған не қылды?  
Атаңның хақы бар ма еді,  
Ененнің ақы бар ма еді  
Ескожа, Қанай көрінде?!  
«Бұған ашу бассын!»- деп,  
Елімді саған тастадым.  
  
«Олжа қылып жатсын!»- деп,  
Жерімді саған тастадым.  
Бұ да алғаның емес пе?!

Жалғыз да, жалғыз ат мініп,  
Қорғалап тауға босқаным!  
Білмеймісің, Наурызбай,  
Меймананның асқанын?!  
Құдайыңның тосқанын,  
Жанқарамды өлтірдің,  
Суырып алып [дене]сін.  
Сол әкенің басына  
Тірсегінен асқаның!

Не себептен, хан Кене  
Қырғызға мұнша өшіккен?  
Ақ қалпақты қырғыздан  
Қазаққа жазған несіптен  
Ат мініп, жарақ асынған  
Бізді аяма, төрелер,  
Есіркесең болмай ма,  
Жолыңда жатқан бесікті?!  
Балалы арқар баурайды,  
Баласыз арқар маңырайды.  
Мейірімсіз мұнша болғанша  
Не шүршіт пен, не қалмақ-  
Бірі де болсаң, болмай ма?!

Кәрібоздың бұл сөзіне пар келетұғын сөз жоқ. «Сөз аяғы құрып қалмасын!»- деп, ақша шықпаған мылжындық болған соң, уақыттың өтуі ойға келмегендіктен, шерте бергеніміз ғой!

Сонда Науан не дейді?  
- Жаксы айтасың, Кәрібоз,  
Қонысын орыс алған соң,  
Кенекем кеткен жерінен.  
Бауыры суып ол жерден,  
Қарашы болған елінен.  
Он екі кісі бас кылып,  
Жеке батырымды жібердім.  
Қоқидың шалқан көлінен,  
Екі жыл жатты пенде болып,  
Жанғараш, Жантай бегіңнен!  
Ауылым баса қонған соң,  
Әзер алдым өлімнен!

Жанқаранды өлтірдім,  
Өзіңнің қылған кегіңнен.  
Кім таласар, жігітлер,  
Құдайдың берген бағына?!  
Әркім шыққан табына,  
Қанайынды мен сенің.  
Атаң ақы бар ма еді,  
Менің Сыпатай, Андасымның тамында [20]?!

Білмейсің, Кәрібоз,  
Мойнындағы жазанды?!  
Құл болмасаң Құдайға,  
Кенекем алар мазанды?  
Міндетін ханның алайын  
«Қойдым,- деп, маған ант берсең,  
-Арағың мен бозанды!»  
Екі саба арақты  
Жанғараш пен Жантайың  
Артып келсін ант етіп,  
Тіліп қайтсын сабаңды!  
Қайтыс қылсын Кенекем  
Қатын менен балаңды.  
Арағыңды қоймасаң,  
Наурызбай берер жазанды!  
Кәрібоздың сөзі:

-Ықпалың асқан күнінде,  
Айтарсың, төре, сөзіңді.  
Асқар тауға, Наурызбай,  
Мінгіз-ай берме өзіңді!  
Алтын жағаң қисайса,  
Бір күн қырғыз ояр көзіңді!

Атаң сенің Абылай,  
Он сан жатқан Орта жүз,  
Ұйтқысын өзің шайқадың!  
Қанды көйлек елің-ді,  
Кіші жүзге сыя алмай,  
Тастай қаштын жеріңді.  
Төлегенұғлы Жанғабыл  
Тоқсан кісіңді өлтіріп,

Бітеу сойып басыңды,  
Қоканға берді тіріңді.  
Басың кетер панадан,  
Жаның кетер танадан.  
Тіпті үміт қылмаймын [21]  
Қолыңдағы, Наурызбай,  
Қатын менен баладан.  
Атаң сенін Қасым хан,  
Қан шенгелдеп туыпты  
Туғаныңда анадан.  
«Салтыма тарттым!»- десейші,  
Солайша десең, нанамын.  
Ержан кеткен түн катып,  
Қалың жаудың шетінен.  
Хан баршаға жіберген  
Қудырып, дамыа таштырмай.  
Қашқан жаудың көтінен  
Жасанған жауға жолығып,  
Мінген бір аты зорығып,  
Қолға түскен сықылды  
Екіңнен барған бетімен [22].

Кисесінен қисса: «Қашан да болса, адамның таласқан бір жері болады. Сол жерді алған соң, тұра қалу керек. «Сол бетіммен тоқтамай жүре беремін!»- дей бермей, кезеңдескен Құмбелді алған соң, қашқанды қумай, Ержанды жібермей, Дулатты болып, жауға айдамай, Кәрібозбен елдесіп тұра қалса, ет пәле жоқ еді. Бұлар қосын қызып, Қырғызға аттанарда бір сыйыншы айтқан екен: «Бұл жолға Ержан бармасын, үйде қалсын! Іштеріңдегі құтың екен. Ержан үйде тұрса, жалғызың өлмейсің, аман келесің. Онан соң бұл жолға Ержан барып, қолға түсе қалса, бас көтеруге жарамайсыңдар! Ат арқасына мінген төредеп бір де бірің қайта алмайсың!»- деген екен. Бұл айтқан тілді төрелер керек қылмай:

- Үйде қалад[ы] деген не?!- деп, көтеріле аттанған екен. Және Үшкөңгірден Қокидың көліне қарай қолкенде, бір қария айтқан екен:

- Бұрынғылардан тәжірибе бар еді: «Қоныс аударсаң, қосын қылсаң, күннің батысына қарай көш, не солтүстікке қарай көш! Егер оңтүстікке, не күншығысқа қоныс аударып, қос жүргізсең, қаны-жынын төгілгеннен басқа дәмеге таппайсың!»- деп.

Бұл сөзге де құлақ салмаған екен. Және Қарауылдан бір Бөгенбай деген қария қырғызға елшілікке барғанда, қырғыз бұлардың не айтқанын қылмақ

басып, хазірет Галыдан ант ішін: «Қай бұзылғанымызды аруак пен Құдай таусын!»- деп, елдесіп қайтқан екен. Сонын үстінде тұрғанда Жеке батырдың бір қысырағының үйірі жоғалып, соны қырғыздан көріп:

-Қырғыз, шіркін, уағдасында тұрушы ма еді?!- деп- шауып ала қоямыз!- деп, тура (тұра) аттаныса бастағанда, сонда Бөгенбай ақсақал:

- Қойыңдар, төрелер, қыздырманын қызыл желі, шағымшының шақтап пайда бермейтұғын, залалға қалдыратұғын. Қырғыздың манаптары аруак, Құдайдан ант айтысып: «Бірімізге біріміз қастық ойламасқа!»-деп, мал айғып сыйдысып, бата қылдысып едік. Сонда союға: «Құдай мен аруакқа!»- деп арнап алып келген қошқар еді. Үйге кіргізіп, бата қылдыруға есікпен мүйізі сыймап еді. Мен өзім бұл жолға жүрмеймін де және сендердің ұру, союына бата да бермеймін! Желкідеген жеті Момынның баласы, жанысың бармандар! «Жауға жүрмейсін!»- деп, хан өзі қырып тастаса, әуелі қолынан сендерді қырып аттансып!»- деген соң, жеті Момыннан жан ермепті, Бөгенбайдың тілін алып қала беріпті де, жазған Арғынның аңғалдары төрелермен кете беріпті.

Қайыр, қара сөзде таусылу жоқ. Бір жекпе-жек десетұғын кезең жер келді. Соны біраз сойлейік. Ержанның қолға түскенін Кәрібоз есітіріп кеткен соң, Наурызбайдың Кенесары ханға келіп айтқан жері:

Ханға келді Наурызбай:  
-Ержан жауға барыпты,  
Кешегі мінген бәйгекөк  
Бүгін мойыны талыпты.  
Уаллағұлымы Кенекке,  
Ержан да қолды болыпты,  
Бізді жоқтап көзінен,  
Ержан жасып төкіпесін!  
Пенде болың Қырғызға  
Ердің қоңілі шөкпесін!  
«Батырды ұстап алдық!»-деп,  
«Байлауға мықтап алдық!»-деп,  
Қырғызға дабыл кетпесін!  
Ержан батыр аңсызда  
Жолығыпты аранға.

Ағасы кетсе, артында  
Інінің күш қараң-ды.  
Ержан жауға түскенде,  
Біздің мұнда, тақсыр хан,  
Тұрмағұмыз арам-ды!

Маған жауап беріңіз,  
Екі-үш жүз кісі бөліңіз.  
Ержан үшін жан кешіп,  
Бір қайратты бастайын,  
Тілеулес болып тұрыңыз!  
Үш жерден қаптап шабайын,  
Асуына шығармай,  
Айырып алып қалайын!  
Қан құстырып келейін,  
Сақау қырғыз талайын.  
Кене хан жауап бермеді,  
Науанның көңілін көрмеді:  
-Шығар жаудың алдына  
Науанжан, маған ер!- дейді.  
-Шабар мезгіл таянды,  
Ат пенен ердің өнері.  
Толды бір қолға сыңысып,  
Қызылсу, Самса кенері.  
Қырғыздан кірді майданға:  
-Біреуің шық,-деп,- сайранға!  
Шеннен асқан бедері  
Байзак датқа (дадхуан) сөйлейді,  
Сөйлегенде, не дейді:  
-Қызылсу мен Самсаның  
Қолға толды арасы.  
Қара ағаштай көп Дулат  
Ханға болдың қарашы.  
Қысылған жерде әркімге  
Аруақ бір болсын панасы.  
Жемит болған дұшпанға  
Алаш байдың баласы-  
Ауызының аласы.  
Кімнен таяқ жегендей,  
Бір ауызға қараса,  
Біздің қазақ баласы?!  
Біреуің атқа мініңдер  
Бедерге жауап беріңдер!  
Олардың бізден артық па  
Атасы менен анасы?!

Таусылдын ба Мәмбеттің  
Найза ұстаған баласы?!  
Қайғыға толды бұ жолда  
Қазақтардың қойыны.  
Батырлардын майданда  
Қызбас болды ойыны.  
Ер Байзақтың сөзіне  
Еш адам басын көтермей,  
Төмен де түсті мойыны.  
Қырғыздың қолы жиылды,  
Әр жерлерден құралып.  
Қыстай мінген қазақы ат  
Баса алмай жатыр аяғын,  
Қып-қызыл тастан тұралап.

Майданға Бедер кірген соң,  
-Кел, қасақ!- деп тұрған соң,  
Шыдамады Наурызбай  
Түрегелді-ау(тұра келді-ау) орнынан!  
Шыбықтай белі бұралып,  
Камзол ішік үстінде  
Бауын үзіп белсеніп,  
Ақауызын мінді де,  
Түсті бір таудан теңселіп.

Сол арада Наурызбай  
Жігітлерін қайрайды,  
Гайбатбірлан (айбатпенен) ісі жоқ,  
Бұлбұл құстай сайрайды:  
-Жақсы (ихшы) болса, ханымыз,  
Қайтпас-ты бастан бағымыз.  
«Жау қарасын көргенде,  
Ойыңнан шығар,- деуші едім,  
-Үйдегі мал, бас, жаныңыз!»  
Қара ағаштай көп қырғыз  
Қику сал да, дабыл қақ,  
Атын қой да, өзін шал,  
Қатты тарт та, көздеп ат.  
Майданға кірер күн бүгін  
Бүгін жаннан кешіңдер,

Кебінді қолдан пішіндер,  
Әрқайсың оннан шаншындар!  
Артықша туған ерлерім,  
Іс көрсетер күн бүгін!  
Таудың басы қарлы тұман,  
Қырғыздарға бермей аман,  
Бүгін болсын ақыр заман!  
Жанымдағы арыстандарым,  
Жаннан кешер күн бүгін!  
Жанымда жүрген шерлерім,  
Күміс қылыш, белдерім,  
«Осындай жерде керек!»- деп,-  
Көзімнің майын бергенім!-  
Солайша айтып Наурызбай  
Тартып-тартып жіберді  
Ақауыз атты жамбасқа (жанбасқа),  
Қолын бір сілтеп суырды  
Тұрсынбай берген алмасқа.  
Артына көзін салмады  
Үйде бір қалған мал-басқа!  
Шыға шапты Наурызбай  
Бұлдырықтай зырқырап.  
Бедер шықты қасқа атпен  
Қояндай шаңы бұрқырап.  
Хан қасынан ұмтылды  
Меңдібай, Дулат: Ағыбай,  
Шәкір мен Жәуке, Төлебай,  
Арғыннан шыққан қос жігіт,  
Табыннан шыққан- Бұхарбай.  
Төртуылдан-Жанайдар,  
Қарауылдан- Кенжетай,-  
Он бір жігіт жөнелді,  
Наурызбайдың соңынан.  
Сол сапарда Наурыздың  
Жұлдызы туды оңынан.  
Сол уақыттар болғанда,  
Бедер де сонда сөйлейді,  
Сөйлегенде, бүй дейді:  
-Ай, Наурызбай, ай, төрем,

Патшазада баласың,  
Ғақылың асқан данасың!  
Алдында айдап, шулаттың  
Қырғыздың қатын-баласын!  
Ер деуші еді Наурызбай,  
Бірің де келсең, болмай ма  
Иттеріңді шұбыртып,  
Төрем, қайда барасың?!

Артына қарап Наурызбай  
Ерлеріне сөйлейді,  
Сөйлегенде не дейді:  
- Әрқайсын бір шерге ұ[қ]сап,  
Келдіңіз бе, бәріңіз?!  
Біздің бүгін кеудеден  
Шықпақ бір болса жанымыз,  
Келгенменен, ерлерім,  
Қорғауға келмес халіңіз!

Құдай берсе абиыр,  
Түсірген атты алыңыз.  
Жазым болсам бұл жерде,  
Сүйегіме шабыңыз!  
Бедер айтты бір сөзді,  
Төгіле қалды-ау арымыз!  
Сөзге сынық болмайын,  
Ерлерім, кейін қалыңыз!

Сол уақытлар болғанда,  
Бұрқ-сарқ етіп айқасты,  
Батырлар күшін байқасты.  
Төренің асты хайласы,  
Қайраттың (ғайраттың) тиді пайдасы.  
Айқасып қалған мезгілде  
Шолтаңдап Бедер мырзасы,  
Аспанға ұшты найзасы.  
Бедер келіп жолыққан  
Кекіліктің тауынан.  
Наурызбай келіп жолыққан  
Қызылсу, Самса баурынан.  
Айқасқанда екеуі

Бедер мырза жығылды  
Күрең қасқа аттың сауырынан.  
Мұнарамен шаң болды  
Шу мен Таудың жағасы.  
Төрелердің жар (нар) болды-ау  
Хан Абылай бабасы!  
Бедер аттан ұшқанда:  
-Иа, құдай!- деп, шуласты,  
Үш алаштың баласы.  
Аузы жетті тілектен  
Найзасы тиді білектен.  
Шанышқан екен Бедерді  
Наурызбай төре жүректен.  
Сыртынан шығып темірін  
Суыра алмады-ау жақсылар  
Қанменен қатты-ау жібектен.  
Әр тараптан қырғыздар (қырғызлар),  
Қоқиласып ат қойды,  
Үміті (мидді) болып сүйектен.  
Жалғыз шапты Наурызбай  
Жауға қарсы енуге.  
Шауып барып Бұхарбай  
Өткізіп алды шылбырын  
Ер Бедердің беліне.  
Ордалы құлан серкелі  
Малақай қылар үйегін,  
Үш ай тоқсан болғанда,  
Шаруа шешер күйегін.  
Түсіріп төре кеткен соң,  
Бұхар батыр ап кетті  
Ер Бедердің сүйегін.  
Қарасайшы Құдайдың  
Бұларға берген бақтарын:  
«Бермейміз!»- деп артынан  
Қырғыздың қаптай шапқанын.  
Араласып соғысып,  
Бұхарбай батыр ап келді  
Артында қалған аттарын.  
Алып келіп оларды  
Хан Кенеге тартқанын!

Ер Бедердің артынан  
Олжаболат баласы  
Ораз кірді майданға.  
Бастан ауған бағы бар,  
Қарайып тұрған ханы бар,  
Шығайын деп тұрған жаны бар,  
Жаны қайтіп шыдасын  
Наурызбайдың қосында  
Некелеп (некахлап) алған жары бар.  
Ораз шапты ар жақтан,  
Наурызбай шапты бер жақтан.  
Айқасқанда екеуі  
Ораз мырза жығылды.  
Телқоңыр аттың сол жақтан,  
Бір себептен Ағыбай  
Қарайған екен қанына  
Жеткен екен төпелеп,  
Наурызбайдың жанына!  
Түсіріп төре кеткен соң,  
Шауып барып Ағыбай  
Оразды алды көтеріп,  
Телқоңыр аттың жалына.  
Қоқилай келген қырғызға  
Бермей кетті тағы да.  
Қазір оған қарап тұр  
Наурызбайдың жебесі (жұмысы)  
Тасып, киімге сыймайды  
Хан Кененің денесі.  
Қарала атты бір қырғыз  
Тағы да кірді майданға.  
«Мынау кім?»- деп сұрасаң,  
Жанқараштың інісі.  
Інісінің бір ісі  
Қыстай шауып жол қылды  
Қызылсу, Самса жиегін.  
Наурызбай төре ағытты  
Ерлігінің тиегін.  
Түсіріп төре кеткен соң,  
Жақын жерде қырғыздар

Алып бір қалды сүйегін.  
Шапқан сайын Ақауыз,  
Жерді талтап, өктеді,  
Қырғыз, қазақ ерлігін  
Наурызбайдың- сөкпеді.  
Екі мың кісі қырғыздан  
Өзен жолын өрледі,  
Жаяу мерген төккелі.

Оны көріп Кене хан  
Иек қақты нөкерге  
Арбадан арыс көтерді,  
Шымғалды (шымғалны) қойды қатарға  
Жнылған көпке атарға.  
Зеңбірекке оқ берді,  
Құлағына от берді,  
Зеңбіректің аузына  
Селдір сирек топ келді.  
Зеңбіректің аузы ауып,  
Қолдың болды көтінен.  
Сегіз кісі ұшырды  
Селдір сирек шетінен.  
Бір боз атты ұшырды  
Қырғыздың арғы бетінен.  
Сол арада қырғыздар  
Ойран болып бүлінді.  
Қасында тұрған Наурызбай  
Сұңқардай соғып ілінді,  
Және оқтап атқанда,  
Ұрмай, соқпай зеңбірек  
Ортасынан бөлінді.

Қырғыз қашты алақтап,  
Наурызбай кетті шабақтап.  
Бір тозаңның астынан  
Тоғыз атты ап келді  
Мендібай, Дулат, Ағыбай.  
Бір тозаңның астынан  
Он екі атты ап келді:  
Шәкір мен Жәуке, Төлебай.

Бәрі келіп қосылды  
Қызылсудің беліне.  
Көңілі бітті Науаның  
Тұз татырған еріне.  
Шыға шалты Наурызбай  
Екі мың қырғыз айналып (айланып)  
Мерген төккен жеріне.  
Он сегіз мерген бір жерде  
Білте шекіп жатқаны.

Жалғыз барған төрені  
Тегісінен атқаны.  
Шара бар ма Құдайдың  
Бұл сапарда қаққаны.  
Қой боғындай қорғасын  
Ажалы жоқтан таппады.  
Мылтығын тастап, тау-тасқа  
Қайта қашты мергені.  
Мергеннің атын бермеді,  
Араға түсіп кернеді.  
Біреуін шаншып түсіріп,  
Екеуін шаншып, өлтіріп,  
Бес мергенді тірі айдап,  
Сегіз мылтық өңгеріп,  
Тартуға ханға бергені.  
-Бұларға атын бер!- дейді,  
Қызысудың жарында  
Найзасын тұрды таянып.  
Ханды қара баспаса,  
Барса не етті сол жолда  
Қалың қолдан оянып.  
Күн батқанша атысып,  
Мерекеге батысып,  
Ақауыз ат оққа ұшты,  
Қызылсу, Самса боданның [23]  
Аңғарынаң шаң асты.  
Атынан әркім адасты  
Болған қырсық, міне, осы,  
Қырғыз, қазақ екі жар  
Наурызбайға таласты.

Қазақ аз да, қырғыз көп,  
Ортаға алып қамасты.  
Наурызбайға түйіліп,  
Үсті-үстіне үйіліп,  
Аттарын басқа сабасты.  
Қияда жүрген Бұхарбай  
Көре сала төрені

Жандамалап жанасты,  
Шауып келіп Бұхарбай  
Ерінің мінді артына  
Үзеңгісін шығарды,  
Қиын жерден елбесіп,  
Төреге шықты мінгесіп,  
Қырғыз жетті алысып,  
Айғайлап, сүрен салысып.  
Ағыбай сыртын айналды,  
Құтқармаққа ойланды.  
Наурызбай мен Бұхарбай  
Салар еді ойранды.  
Мінгесулі бір атқа  
Бұлардың қолы байланды.

Басшыны жетіп дендеді,  
Қорғауға әлі келмеді.  
Алдыңғы келген қырғызды  
Ағыбай шаншып кернеді.  
Және қайта ұмтылды,  
Төрені жауға бермеді.  
Шәкір шапты бұл жақтан  
Дулат: Қабан, Меңдібай  
О да келді бір жақтан.  
Жәуке менен Төлебай  
Кертайлақ атты ап келді.  
Мініп алды Наурызбай  
Көлденеңдеп тұрысты.  
Сегіз жігіт бас қосып,  
Су бойында ұрысты.  
Токта[та] алмай көп жауды  
Белеңге ойнап шығысты.

Шұбыртпалы: Ағыбай  
Талайды шанышты жүректен.  
Итшілесіп, сілкісіп,  
Қорған шықты төрені.  
Қиын жерде түбектен  
Кертайлақты мінеді.  
Ақауыздай болмады,  
Тасып жүрген Науанның  
Көңілі бұған толмады.

Шанышпак түгіл қырғызды,  
Болмады қорғау басына.  
Қайтып келіп Наурызбай,  
Ханның түсті қасына.  
Өсіп бір сонда сөйледі  
Құдайменде төреге  
Долданып, қатты ашына:  
-Тау суындай сарқырап  
Дұшпан алды өренді.  
Қырғыз тұтқын қылышты  
Ержан сынды төренді!  
Қолға түскен шағында:  
«Екі інім, бір ағам бар,  
Сатылсам, менің бағам бар.  
Өлсем, алар құнымды.  
Ала алмас ешкім тонымды!»  
- Сой деп айтқан Ержанның  
Інісінің бірі-сен.  
Қалдым жалғыз қайранда,  
Ұзақ болдым майданда.  
Бір кормедің мені сен!  
Ержан жауға түскенше,  
Сен-ақ түссең болмай ма?!  
Бар болса менің бір ісім,  
Жауға шабар белсеніп,  
Жігіттің жанға мырзасы.  
Тар жерде келер жолдас боп,  
Ерлердің- пайда-құрдасы.  
Ат жығылған шағында  
Ержан болса қасымда

Болмас едім қазаққа  
Әзіл сөздің олжасы.  
Бәрі де жау боп көрінді  
Алатаудың тастары  
Елден бұрын Нысанбай  
Жоқ сұмдықты бастады.  
Қобызы қолда байлаулы,  
Қосшысының қасында,  
Қобызды қосқа тастады,  
Кейінгі қосқа қашқалы.  
Қыстай шауып, жол болды,  
Алатаудың дарасы.  
Бұл сапарда қазақтың  
Болмады қабыл тәубесі.  
Рүстем менен Сыпатай  
Үндес болды қырғызға  
Күн батқан соң қосылды  
Әне, ауыздың аласы.  
Он екі... Дулатты  
Рүстем айдап қашырды,  
Мойнына болсын жазасы.  
Амалдас болып қырғызға  
Қанды екен қандай табасы?!  
Сол қалғаннан төрелер  
Еліне қайтып келмеген,  
Қарашы халқын көрмеген.  
Жұрт сарылып тіледі,  
Тілеуді Құдай бермеген.  
Киімді бала тудырған,  
Алтынды қылыш будырған.  
«Абылай-лап!»- ат қойып,  
Жауды көрсе, қудырған  
Көп сарғайтып келмедің,  
Кене хан, саған не болды?!  
Дорбадан жемін жегізген,  
Қысырдың сүтін емізген.  
«Басқын[шы] қалың жау келсе,  
Алып шығар!»- дегізген.  
Кенекемді қалдырып,

Көкбурыл, саған не болды?  
-Патшада бар алтын тақ  
Жасынан Құдай берген бақ,  
Без милы кара бүркіттей,  
Шабытты туған суға нақ,  
Бір атадан жалғыз тақ,  
Көп сарғайтып келмедің,  
Наурызбай, саған не болды?  
-Қайғы түсті басыма,  
Заманым бұлай тарылып,  
Салтанатты төреден  
Қалғаннан соң айрылып...

Енді жайы болмады. Бөлініп кеткен он мың Дулат: Байзақ бас болып, Рүстем ұғлы Сыпатай қырғызға үндес болып: «Бір түн ішінде біріміз қалмай, қашалық. Аз ғана төленгітімен өздерін оңаша тастап. Сонан соң алмайтұғын оның несі бар?!»- деп, Қырғызға бірігіп кетті. Наурызбайға бір Кертайлақ деген атты апарып мінгізіп еді. Ол ит түске шейін шабуға жарамай, көзі терлеп тұрып алды.

Кенені Құдай ондады,  
Қылған бір ісі оңбады.  
Арамқатқыр Кертайлақ  
Ақауыз аттай болмады.

Кенесары ханның қолы Дулат дүркірей жөнелген соң, түн ішінде сатырлап қашты. Кене хан өзі тұрған жерінде тұрып қала берді. Ағыбай, Жанайдар үш қайырылып барды: «Жүріңіз, тақсыр»-лап. Хан болмады. Сонда қырғыз Суанбек деген ханға қылыш суырып, дүрсе қоя бергенде, Жанайдар батыр Суанбекті жанаса беріп шауып қалғанда, Суанбектің басы допша домалап жерге түсті. Сол қылыш «Суанбекті шапқан көк қылыш»- атанды. Жанайдар батырдың үйінде әлі бар. Ханның қашпасын білген соң, Арғынның сексен жігітіменен Ағыбай, Жанайдар бірі алдынан кезеуілші болып, артынан тосқауылшы болып, қуып жеткен қырғыздарды шаншып тастап, есен-аман құтылып елге келді.

Наурызбай аты болдырған жерде аттан түсіп, малдас құрып отырып алды.

- Сен кімсің!- деп сұраған қырғызға айтқаны:  
Сұрасаң арғы атамды, хан Абылай,  
Айтқаны Кене ағамның- күлдір Мамай [24],  
Ей, қырғыз, танымасаң, танытайын,

[Қорқақты] қатып қылған мен Наурызбай!-деп, қасқайып қарады да отырды.

Наурызбай қолға түскен соң, осы әнгімені бастан-аяқ сөз қылған Нысанбай жыраудың айтқаны:

Не етейін- екі қанатым  
Түбінен сынды қайрылып.  
Жаңбыр жаумай су болды,  
Үстіме киген манатым.  
Неше сынды достарың  
Түрмеге түсті санатың.  
Еншілескен ерлерге  
Тиюші еді ғайратың!  
Тасқа тиіп, кептелді  
Балдағы алтын болатым!  
Жаның қайда жай табар  
Жадында Жаббар болмаса?!  
Көңілің қайда жай табар  
Қырық мың әскер аттанып,  
Бейшара ныжам болар ма  
Ғасаба керней болмаса!  
Жұртын екі бөлінді  
Қайда барып, жұрт болар  
Кенесары қасында  
Ер Наурызбай болмаса!  
Халық несі хандарда  
Қандай айтса, мін бар ма,  
Шегірткеге талатқан  
Қырғауылда жүн бар ма?!  
Жапалақтан жасқанған  
Жалғыз демінде үн бар ма?!  
Ақауызын жүгіртіп,  
Көп қақсасан, жақсылар,  
Наурызбай келер күн бар ма?!  
Кене ханның тұсында  
Қарт бурадай жарадық.  
Жауған қардай борадық.  
«Абылай-лап!»- ат қойып,  
Дұшпанның алдын орадық.  
Кене хан жазым болған сон,

Алды-алдына тарадық.  
Көрінгеннен қорғалап,  
Кісі аузына қарадық.  
Өзіміз шапқан Созақтан  
Бір шақта ақыл сұрадық.  
Бастан ауды бағымыз,  
Иесіз қалды тағымыз.  
Төрелер өліп қалған соң,  
Ұстағанның қолында  
Тістегеннің аузында  
Ат жемі болдық тағы біз!

## Түсініктер

**1. Жар-жар** (1-нұсқасы). Бұл бұрынғы ҚР ҰҒА (Қазақстан Республикасы ұлттық ғылыми академиясы. **Ескерту:** Әрі қарай жақша сыртындағы бастапқы қысқарған түрін «ҚР ҰҒА» қолданып отырамыз.- Н.Қ.) Орталық ғылыми кітапханасы қолжазба қорындағы ақынның өз жазбасы ІІ70 «а» папкасы, 8-14 беттері бойынша ұсынылып отыр. Сонымен бірге бұл үлгінің ең алғаш көрнекті тюрколог ғалым, Ресей зерттеушісі В.В.Радловтың «Наречья тюркскихъ племень...» Санкт-Петербургъ, 1870-кітабында басылғанын ескеру үстінде әрі Мәшһүр-Жүсіптің ол кітапқа сүйену мүмкіндігін, әрі ел аузынан озі жинауы ықтималдығын қоса дйттеген жөн деп санаймыз. Ол кітап пен біз ұсынып отырған нұсқа ұқсастықтары кейінгі жинаушы Мәшһүр-Жүсіптің бастапқы В.В.Радловқа иек арту мүмкіндігін аңғартса, ара-тұра ұшырасқан жекелеген өзгерістер болуының өзі ақынның өзі жинауының дәлелі деп ұғынған жөн. Ал, ұқсастық, бірдейлік көзі неде дегенде, ел арасына тараған қысқа поэзиялық туындылардың, оның ішінде ойын-тойда жиі қайталанып, әбден шындалған үлгілердің онша өзгеріске түспеуі мүмкіндігі де белгілі. Сонымен бірге әулеттік мұрағатта (Мәшһүр-Жүсіп жазбасы, төртінші папка, 69-72 б. аралығында) тап осы мәтін орын алған. Бастапқы 17,5 шумағы сақталмаған ол үлгі он сегізінші шумактың соңғы екі жолымен: «Інің үшін қайын інің // Онда болар, жар-жар!»- деп басталады. Осы орайда В.В.Радлов кітабындағы (Ел қазынасы- ескі сөз. Алматы, Ғылым, 1994, 42-45 б.) мәтін мен біз ұсынып отырған Мәшһүр-Жүсіп жазбалары арасындағы жекелеген сөйкеспеулерді атап көрсетуді жөн көрдік:

І.В.В.Радловта: «Жылда-жылда боғжама боядым- деп, жар-жар, // Бір міндеттен құтылдым»- десін шешсе, жар-жар!» (44 б.) –деп берілсе, Мәшһүр-Жүсіпте сол жолдар: «Жылда-жылда боғжама // Бояй бердім, жар-жар! //

Бір міндеттен құтылдым» // -Десін шешен, жар-жар!» - деген сәл өзгеріспен берілген. Біздіңше, «деп», «десін» сөздерін келтіріп, бір сөзді орынсыз екі рет қайталағаннан гөрі бір-ақ рет қолданған соңғысы ұтымдырақ тәрізді.

2. В.В.Радловта: «Жылда-жылда базарға бардым дейді, жар-жар, // Бір міндеттен құтылдым десін ағаң, жар-жар!»- түрінде еңсе, Мәшһүр-Жүсіпте бұл жолдар басқаша берілген: «Жылда-жылда базарға // Мал сатам»-деп, жар-жар! // «Бір міндеттен құтылдым!»- // Десін атаң, жар-жар!» Бұл тұста да, біздіңше, базарға барғанын ғана айтумен шектелуден гөрі қыз ұзату, оның жасауы үшін мал сатуды анық көрсеткен кейінгі үлгі қолайлырақ екені дау туғызбас деп санаймыз.

3. Бұрынғыда: «Жылда-жылда күйеуге бардым дейді, жар-жар, // Бір міндеттен құтылдым десін жеңген, жар-жар!»- түрінде жалпылама берілсе, кейінгіде айтуір күйеуге құр беру емес, белгілі бір зат т.с.с. апару ұғымы нақтылана түскен: «Жылда-жылда күйеуге // Апарам,-деп, жар-жар! // Бір міндеттен құтылдым!»- // Десін жеңген, жар-жар!»

4. Бастапқыда: «Жылда-жылда жездеме бардым – дейді, жар-жар, // Бір міндеттен құтылдым десін інің, жар-жар» күйінде орын тепкен. Зерделесек, мұнда інінің жездесіне баруы жай хабарланумен ғана шектелсе, соңғыда қалжың түрінде болсын қонақ күтуден т.с.с. жалығу, ығыр болу да шаң беріп, өлең шынайылығы, қарапайым халық ұғымына жақындауы арта түскен: «Жылда-жылда үй ішін // Топыр қылмай, жар-жар! // Бір міндеттен құтылдым!» // - Десін інің, жар-жар!»

5. В.В.Радловта: «Жылда-жылда жездеме бардым дейді, жар-жар, // бір міндеттен құтылдым десін сіңлің, жар-жар»- түрінде жалпылама айтылса, тағы да Мәшһүр-Жүсіпте қарапайым пенде ұғымына, қалжыңына сай шынайы нақтылана түскен: «Жаман жездем жалпылдап, // Келе бермей, жар-жар! // Бір міндеттен құтылдым» // - Десін сіңлің, жар-жар!»

**Жар-жар** (2-нұсқа) Бұл да Мәшһүр-Жүсіптің өз қолымен жазылған 2 нұсқа: 1170 «а» папка, 14-15 беттер және 4-папка; 72, 73-беттер бойынша салыстырыла берілді. Назар аударарлық жәйт: В.В.Радлов пен Мәшһүр-Жүсіп арасында еш өзгешелік жоқ. Бұл мәтін бұдан бұрын Мәшһүр-Жүсіп таңдамалысында (Алматы, Ғылым, 1992, 20-21 б.) да орын алғанын ескертеміз.

**2. Жұбату.** Бұл да Мәшһүр-Жүсіптің жоғарыда аталған екі жазбасы бойынша әзірленді. Бұ жолы да В.В.Радловпен салыстыру жүргіземіз:

1. В.В.Радловта: «Өзің бөлек туған соң, // Жұртыңа тұлға болмассың»-деп келтірілсе, Мәшһүр-Жүсіптің екі нұсқасында да бастапқы тармақ: «Өзіне билік тиген соң»- деген қалыпта бой түзеген.

2. Бастапқыда: «Сен жылайсың ұлым деп, // Жиғаным қызып бұйым деп»- күйінде өрістеп, ұзатылар қыздың «ұлым деп» жылауы өмір шындығына

мүлде сай келмеуімен назар аудартса, Мәшһүр-Жүсіпте бұл жолдарда да, нақтылық, шынайылық басым: «Сен жылайсың: «Үйім!»- деп, // «Жиганым-қызыл бұйым!»- деп.» Біздіңше, ұзатылар қыздың туып-өскен үйін қимай жылауы заңды да, әлі бойына бітпеген, бітуі мүмкін емес ұлын ойлауы әрі ерсі, әрі шынайы емес.

3.Бұрынғыда: «Сен де ойлайсың барсам деп, // Үйге тұлға болсам деп»-күйінде келсе, кейінгіде екінші тармақ басында «бір» сөзі орналасуы көмегімен ұғым нақтылана түскен: «Бір үйге тұлға болсам!»-деп.

4. Бастапқыда алғашқы жолдар: «Адам болсаң, өлмейсің, // Еш жамандық көрмейсің»- түрінде келіп, төртіншісі: «Жаман болсаң, білмейсің»-деп шаңырақ көтеріп, «өлмейсің», «көрмейсің», «білмейсің»- деп, белгілі бір ұғымды тым шегелеп айтса, біз ұсынған нұсқада олардың орнын: «өлмессің», «кормессің», «білмессің»- иеленіп алдын-ала тым кесіп айтпай, жинақтап сенім білдірумен шектелу жүзеге асқан.

5.В.В.Радловта: «Аз басыңды көп етсең, // Көп асыңды көл етсең»-деп, ірге тепсе, Мәшһүр-Жүсіпте алғашқы тармақтағы: «Аз басыңды» орнына: «Аз асыңды» орналасқан. Біздіңше, бұл жолдарда адам басын көбейту емес, ас-тағамды молайту сөз болғандықтан да, кейінгі нұсқаның тиімдірек екені айқындалады.

6. Бұрынғыда: «Бір асыңды дайра қып, // Қонағын сыйлап жөнелткен»- делінсе, кейінгіде: «дайра» орнына «даяр» сөзі енгізілуі көмегімен ұғым нақтылануы жүзеге асты.

7.Бастапқыда: «Әр неден жоқ үлгісі, // Сасық болады иісі»- делінсе, кейінгіде соңғы жол кеңейіп, екі тармақ қалпында сал түзеген: «Сасық болар үй іші, // Онан жаман өз иісі»- деп, белгілі бір ұғым әрі кеңейіп, әрі дамытылып берілген.

8.Алғашқыда: «Шылауышы жүрер жалбаңдап, // Балағы жүрер салбаңдап»- делініп, салақ әйел шенелсе, соңғыда «шылауышы» орнын «шашы» сөзі иемденген.

9. В.В.Радловта: «Заманы оның азғаны, // Аттан байтал озғаны»- деп өрнектелсе, Мәшһүр-Жүсіпте «заманы оның» орнына «замананы» делініп, сын өрісі кеңейе түскен.

10. Бұрынғыда: «Некесізден хан туып, // Қайран қазақ тозғаны»- калпында отау тігілсе, кейінгіде «туып» орнын «тұрып» сөзі иемденіп, заман ыңғайы әсерлі көрінген.

11. Мәшһүр-Жүсіпте: «Сарғайып атқан сары таң // Сәуде беріп көрінді»- деп берілсе, В.В.Радловта екінші жол: «Сағынайын, бикем, түсімді»- түрінде келіп, бір түрлі ұғынықсыздыққа бастап тұр.

12. Мәшһүр-Жүсіпте бір шумақ:

Күйеуің жүр күлімдеп,

Колына тиіп жылқысы.

Ата-анаға жақнайды

Келіннің шайнау тілдісі,- деп шанырақ көтерсе.

В.В. Радловта мұндағы бірінші, үшінші жолдар мүлде түсіп қалып, екінші тармақ: «Қайтқан бір келген жылқысы» түрінде келіп, ұғынықысыздыққа қана жол ашылып тұр. Бұл орайда біраз қателердің В.В.Радлов көшіруінен емес, кітап әзірлеушілер байқамауынан т.е.с. орын алуы мүмкіндігін ескермей отырған жоқпыз. Біздің дәлелдегіміз келгені- Мәшһүр-Жүсіптің өз алдындағы В.В.Радловқа сүйену мүмкіндігімен қатар, өз ізденісі аз болмағанын көрсету.

13.Сондай-ақ Мәшһүр-Жүсіптегі: «Ұзатпай сені қайтеді // Зылықа, Зәуре- екі апаң // Апаңның салған үлгісі»- жолдарындағы алғашқы тармақ та В.В.Радловта орын алмаған.

14. Бастапқыда: «Мінгенде атын ала-ды, /Тең құрбың мұнда қалады»- делініп, өзінен кейінгі: «Тең құрбы қалды мында көп»- жолындағы оймен қайталау тууына жол ашса, соңғыда екінші жол мүлде басқаша: «Тенселе басып барады»- деп өріліп, әрі қайталауға бастамауға, әрі сурет дәлдігі сақталуына әкелген.

Мұның бәрі әрі қазақ фольклор үлгілерінің көп нұсқалы болуы мүмкіндігін, әрі әр зерттеушінің айтушылардан түрлі жауап алып, түршішелікке ұрынуы ықтималдығын дәлелдей түседі демекпіз.

**3.Беташар.** Мәшһүр-Жүсіптің екі жазбасы: 1170 «а» папка, 15-18 беттер және 4-папка, 73-76 беттер мәтіні бойынша әзірленді. Бұл тұста да аздаған өзгешеліктерді көрсету Мәшһүр-Жүсіптің өзіндік жинау жұмысы нәтижесін дәлелдей түседі деп санаймыз:

1.В.В.Радлов түсінігінде: «Онан соң бір кісі ағашпенен келіннің жаулығын көтеріп, бетіп ашып, оған айтады»- деп жалпылама түрде айтылса, Мәшһүр-Жүсіпте бұл нақтылана түскен: «Онан соң бір кісі ағаштың басына бір асыл бұйыммен шүберек байлап алып, желліп отырып, келіннің басындағы бүркенген желегін көтеріп, бетін ашып, былайша оған айтады».

2. В.В.Радловта: «Аттың басып тарт, келін»- делінсе, Мәшһүр-Жүсіпте бастапқы сөз: «Атанның»- деп берілген.

3. «Шу-шу болар, шу болар»- деген жол мен оған ілескен екі тармақ В.В.Радловта жоқ, Мәшһүр-Жүсіпте ғана орын алған.

4. «Сары етігін салдандап»- тармағы мен оған ілескен екінші жол В.В.Радловта жоқ, тек Мәшһүр-Жүсіп жазбасында (1170 «а», 16 б.) орын алуымен ерекшеленеді.

5.Бастапқыда «көн етігін қорқылдап»- делінсе, кейінгіде «қорқылдап» орынын «көрпідеп» иеленген.

6. «Жаулыңыттық шошаңдап»- деп басталатын 10 тармақтың В.В.Радловта да Мәшһүрдің әулеттік мұрағатта сақталған 4-нашқасында да жоқ екенін, бұл жолдардың тек 1170 «а» нашқа 16- беті бойынша берілуінің өзі басталқы жинаушы мен кейінгі еңбегі арасында өзгешелік бар екенін, акынның ел аралап жүріп, ғынбай ізденгенін ғана дәлелдейді.

7. Мәшһүр-Жүсіптің 1170 «а» нашқасы 16-бетінде және В.В.Радловта осылай келсе, акынның екінші бір 4-нашқасы, 74 бетінде «келіңіз» орнына «көріңіз» берілген.

8. В.В.Радловта бұл жолдардың, яғни «Түйе берсең, тайлақ бер, // - Мұрындығын сайлап бер» -тармақтарының жоқ болуы да Мәшһүр-Жүсіп ізденісі көкжиегі кеңірек екенін аша түседі.

9. Бұрынғыда: «Қойды берсең қоңырдан, // Өсеріне онынан»-деп берілсе, Мәшһүр-Жүсіптің екі жазбасында бірдей: «онынан» орнына «оңдыдан» делінуді де назар аударарлық.

10. Бастанқыда: «Ешкі берсең сарыдан, // Даусы шыдамас зарынан»- делінсе, кейінгіде екінші тармақтағы ұғым дәлдігі тағы да көңіл бөлгізеді: «Күлак шыдамас - дауысының зарынан».

11. Бұрынғыда: «Ақты қойды айдаған»- түрінде берілсе, кейінгіде басталқы сөз: «ақтылы»- деп келтіріліп, ұғым нақтылана түскен.

12. «Артымақ келер аяңдан»- тармағымен басталған 6 тармақ әрі В.В. Радловта, әрі Мәшһүр-Жүсіптің бір жазбасында (4-нашқа, 75- бет) болмай, тек екінші жазбасында (1170 «а» нашқа, 17- бет) ғана орын алуымен ерекшеленеді.

13. В.В. Радловта: «Есіктің алды ақ балық»- тармағынан кейін орын алған әр жолдың екіншісінің соңғы сөздері: «қақтайық», «мақтайық», «қақтайық», «боктайық»- түрінде отау тікесе, Мәшһүр-Жүсіпте: «қақталық», «мақталық», «қақталық», «бокталық»-түрінде кейін басталқы «ақ балық» сөзімен толық түрде ұйқасуымен көзге түсіп тұр.

#### **4. Халық өлеңдері.**

##### **Бір акын өлеңі.**

Жоғарыда айтылған қолжазба қоры, 1176- нашқадағы Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы (65- беті) бойынша үстіншілігі отыр.

**Абақтыдағының зары.** Сол қолжазба қоры, 1176-дағы Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы бойынша әзірленіп, Шынарма мәлігіне маңдайша ретінде орын алған: «Атығай-Қарауыл- бір төрт жігіт жаламенен абақтыға түсіпті. Сонда солардың біреуі ел-жұртына өлеңмен сәлем қағаз жазыпты. Бала еуімізде: «Төрт жігіттің өлеңі»- деп, «Қонақ кәде айты»- дегенде, айтысып жүруші едік. Соның біраз өлеңін жаза салдым».

**Қара өлең.** Жоғарыда ағалы аң қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіп 1170 «а» нашқа 1-4 беттері бойынша әзірленді. Сонымен бірге жоғарыда аталған

В.В.Радлов кітабының 39-40 бетінде тап осы мәтін орын алған. Біз бұл орайда да орын алған біраз сөз өзгерістеріне түсінік беріп отырамыз:

1. В.В. Радлов жинаған қазақ фольклор үлгілері жарияланған: «Ел қазынасы- ескі сөз». Алматы, Ғылым, 1994 ж.- кітабы мәтіндеріне берілген түсінікте (595 б.) түпнұсқада, яғни 1870 жылы Петербургте «Наречия тюркских племен»- деген атпен басылған кітапта осы «құйылды» сөзінің «құйынды»- деп басылғаны, сөз мағынасына ғана қарап түзетілгені ескертілген. Біздіңше, бұл өзгерту әбден орынды, себебі Мәшһүр-Жүсіп жазбасында да ап-анық «құйылды»-деп жазылған.

2. В.В.Радловта бұл жолдар: «Үлкен билер қалғанда, // Құлдар кірді кеңеске»- деп берілсе, Мәшһүр-Жүсіпте бастапқы тармақ: «Үлгілі билер қалды да»- түрінде келтірілген. Соңғы үлгі алынуы әрі сөз ыңғайы, заман тынысына дәл келеді, әрі бір шумақ ішінде жеке сөздің («үлкенге», «үлкен») екі рет қайталануынан аман сақтайды. Сондай-ақ соңғыда «құлдар» сөзі үстіне баттатып, басқа қою сиямен «надандар»- деген сөз жазылған екен. Біз оны құлды кемсіту атаулыны біржақты, теріс түсіндірген кеңес заманы қысымы әсерінен енгізілген өзгерту болар деп шамаладық.

3. «Жал құйрығы қаба»- деп»- деген тармақпен басталатын 18 жолдық мәтін В.В.Радловта мүлде жоқ болып, тек Мәшһүр-Жүсіпте орын алуы тағы да ақынның өз бетінше көп жинағанын дәлелдей түседі.

4. Жоғарыда аталған 1994 ж. шыққан В.В.Радлов кітабында осы «можа» сөзін түпнұсқада қате жазылған деп есептеп, «кожа»-деп өзгерткен екен. Біз Мәшһүр-Жүсіпте де «можа»-деп жазылғанына қарап, «можа» сөзін не көне араб-парсы сөзі, не бізге әзір белгісіз бір аталым болуы мүмкін деп санаймыз.

5. В.В.Радловта: «Оралдан қашқан ор түлкі // Аралап қашса, ит жетпес»- делінсе, Мәшһүр-Жүсіпте: «аралап», орнына «өрлей» сөзі орын алған. Біздіңше, мұнда әңгіме «аралап» қашу туралы болып тұрған жоқ, «өрлей», яғни өрге қарай етпеттеу, жер жағдайын неғұрлым ұтымды пайдалану сөз болып тұр. Сондай-ақ «ор түлкі», яғни «ор түлкісі» дегеннен де жер жағдайын ескеріп, неғұрлым басқалар бара бермес, өрді, биікті тандап мекен еткен, яғни Орал тауын паналағандықтан да, жазық дала аңы емес, «өр түлкісі» аталуға лайық демекпіз.

6. Бұрынғы В.В.Радловта: «Аспаннан түскен тас түлек // Жерге түссе, тек өтпес»- делінсе, кейінгіде (Мәшһүр-Жүсіпте) «өтпес» орнын, «кетпес» сөзі иеленген. Соның нәтижесінде соңғыда сөз мағынасы нақтыланып, қалпына келтірілді.

7. Бастапқыда бұл жолдар: «Қас патша «қарашын // Ертең келдін»- деп, кек етпес»- түрінде келіп, бір түрлі ұғынықсыздық арқаласа, кейінгіде

нақтылық, дәлдік басым: «Қас патша қарашысына: // «Ерте келдің, кешке келдің!»-деп кек етпес!»

8. 1994 жылғы В.В.Радлов кітабында: бұрынғы басылымдағы (1870 ж.) «мінезінен», «сүйегінен» сөздері орнына «мінезіңнен», «сүйегіңнен» сөздері жорамалмен ғана енгізілсе, Мәшһүр-Жүсіпте де «мінезіңнен», «сүйегіңнен» -деп жазылуы кейінгі долбар дұрыстығын дәлелдеуге қызмет ете алады.

9. Бастапқыда: «Ендігінің жақсысы // Есіктен төрге қарап // Отырады түнеріп»- деп келтірілсе, біз ұсынып отырған нұсқада: «Ендігінің жақсысын // Есіктен төрге қарап, // Отырғанын көрерсің түнеріп»- күйінде өрілген. Кейінгіде сыналушы отырысы ғана емес, сынаушының оған деген көңіл-күйі қоса қамтылып тұрғаны анық.

10. Бұрынғыда; «Аз кісіге көп кісі // Орамына келтірер»- делінсе, соңғыда «кісіге» орнына «кісіні» алынғандықтан, тағы да ұғым нақтылануы жүзеге асты.

**Тақпақ.** Бұл туындыны «Тақпақ» дегенде, Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы бойынша жазылған аталым басшылыққа алынды. Жоғарыда аталған қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы, 1177 ләпка, 149-150 беттеріндегі мәтін бойынша әзірленді. Ақынның тап осылай басталатын екінші қысқа үлгісі әулеттік мұрағаттағы екінші пауканын 133- бетінде орын алған. Тек мұнда шығарманың «Мұң тарқатар құдай бар!»- жолына дейінгісі ғана қамтылған. Осы орайда бұл мәтіннің ақын таңдамалысының екінші томына (Алматы, Ғылым, 1992, 54-55 б. құрастырған С.Дәуітов) енгені белгілі. Тек онда шығарманың «Боларында болып өт»-деп басталатын жол мен «Қанша қинасан, қинауыңа тұрады, үзілмейді!»- сөздеріне дейінгілері енбей қалған. Оның себебі Кеңес билігі тұсында әзірленгендіктен де, ол үзіндідегі сөздердің біразы сол кездегі саясатқа сай келмегендіктен қысқарған деуге негіз толық. Біз бұл орайда мәтінде айтылған сөздер мен Мәшһүр-Жүсіп дүниетанымы, пікірі арасында үнемі сәйкестік бола бермеуі мүмкіндігін, ақынның фольклор үлгілерін еш саясатқа бағындырмай, ел арасында қалай айтылса, сол қалыптан аудармай жеткізуді ғана мақсат еткенін есте ұстаған жөн. Асылы фольклор үлгілерін белгілі бір идеяға икемдеу, өзгертіп жазу ол ғылым талаптарына мүлде қайшы келетінін ескерсек, өзгертпей жеткізу қайта Мәшһүр-Жүсіптің елеулі табысы екенін еске салғымыз келеді. Сонымен бірге көлемі шағын болса да, Мәшһүр Жүсіптің әулеттік мұрағаттағы жазбасында бірер өзгешелік бар екеніне, оны ескермеуге болмайтынына көңіл бөлген жөн:

1. Әулеттікте: «Құдай» сөзі орнына «Тәңір»-деп берілген екен, біз «құдай»- дегенін алдық. Себебі «тәңірі» сөзінің қазақ даласына ислам діні келгенге дейін қолданылуы мүмкіндігін, ал, «құдай»- дегеннің неғұрлым кейінгі айтылу үлгісі болуы ықтималдығын басшылыққа алдық.

2. 1177 папкада: «Жалғызбын деп, қамықпа»-деген бір жол ғана еңсе, әулеттікте ол екі тармақ түрінде кеңейген: «Жалғызбын деп зарықта, // Мұңдымын деп қамықта!» Біз әулеттіктегіні неғұрлым кен де, дұрысырақ деп санадық.

**Төрттағандар.** Бұл төрт тармақтық өлеңнің мандайшасында туындыны қандай жағдайда кімдер айтқаны ескертілген: «1921- ноябрь басы, жаңаша сейсенбі, бүгін 22- інші, ескіше дүйсенбі, бүгін тоғызы. Бірінің- 8, бірінің 20-сы күні Баянаулада Потуков Павел дегендікінде болдық. Город Павлодар, улица Первый Май, дом номер –сездесет пять, продает-қа Сырбай Шорабасв. Бір шайырдың айтқаны.» Ал, өлең соңынан мына сөздер жазылған:

Оқыдым ерте тұрып, бамдағ намаз,

Мінажат бір Аллаға жаздым қағаз.

«Мимнің дауасын татып, тасың бол!»-деп,

Қыздармен заманымда болдым араз.

«Мейрамның басы қосылғанда туды!»- деп, атың Мейрам қойды, жылы-жыдан, осы сиырда 81-де болады. Ораш әкесі - Үміннің інісі Ниязбек. Үркімбай қызын Ниязбек баласы Мәукенге берген. Солардан тұқым бар-жоғын білу үшін жазылған.

## 6. Өтірік өлең.

Жоғарыда аталған қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы: 1170 «а» папка, 101-103 беттері бойынша ұсынылып отыр. Сонымен бірге бұл мәтіннің жоғарыда аталған В.В.Радловтың 1870 жылғы кітабында жарияланғанын, екі үлгі арасында айырмашылық көл екенін, осы жолы біз ұсынып отырған кітаппен салыстырғанда, аз-кем селкеуліктер бұдан бұрын басылған акын таңдамалысында да (М.Ж.Көпеев, Таңд., Алматы, Ғылым, 1992, 42-43 б.) орын алғанын ескертеміз. Енді соның бәрін нақты көрсетеміз:

1. В.В.Радловта (жоғарыда ескертілгендей, бұ жолы да «Ел қазынасы-ескі сөз // Алматы, Ғылым, 1994 жылғы кітабынан үзінді келтірілгенде, «В.В.Радлов»- деген аталымнан кейін, тек сол кітаптағы бет ретін келтіріп, отырамыз- Н.Ж.) мұндағы «қызға» орнына «жұртқа» сөзі (65 б.) орын алған.

2. Мұндағы «құмырсқанын асауын» орнына В.В.Радловта «құмырсқаны қайырып»- сөздері (65 б.) берілген.

3. Соңғы екі жол В.В.Радловта мүлде басқаша өрілген: «Ел қыдырған кешегі есер кезде // Бөгелек басына тана тақтым.»

4. Мұндағы «түбіне» орнына В.В.Радловта: «ығына»- (66 б.) деп келтірілген.

5. Бұл сөздер сәл өзгертіліп, бұрынғыда (В.В.Радловта) «дүниенің ауыры» (66 б.) – күйінде шаңырақ көтерген.

6. В.В. Радловта осы шумақтың үшінші тармағы «атандарға»- деп басталып, сөйлем ішіндегі келесі тармақ соңы да «атандардан» деп беріліп, бір сөйлем ішінде сөздің екі рет қайталануы шаң берсе, Мәшһүр-Жүсіпте кейінгі «атандарым» орнына «жануарым» орын алған.

7. Бастапқыда бұл қолданым сәл өзгеріп: «Дүниенің ауыры»- деген қалыпта отау тіккен.

8. В.В. Радловта: «Үлкеніне серкенің» (66 б.) арба салу берілсе, Мәшһүр-Жүсіпте: серкеден көп кіші «қара шіркей, шыбынға» арба жегу өрнектеліп, әсірелеу шеңбері көп кеңейіп, әсерлілік арта түскен.

9. Мәшһүр-Жүсіптің 1170 «а» папкасында (102 б.) және В.В. Радловта (66 б.) осы «мықты» сөзі бой көтерсе, таңдамалыда оның орнын «күшті» сөзі орынсыз иеленген.

10. Мәшһүр-Жүсіпте бұл жол: «Бір қарсақты жаратып, базар міндім»- деген қалыпта өріліп, өзінен кейінгі тармақ соңындағы «әзер (азар) міндім» сөздерімен күп ұйқасып, үйлесіп тұрса, В.В. Радловта осы тармақ: «Бес қарсақты күнінде баса міндім»- делініп, әрі болашақ көлікті алдын-ала даярлау («жаратып») түсіп қалуы, әрі ұйқас толымсыздығы («баса міндім»- «әзер міндім») анық байқалады.

11. Бұрынғыда бұл сөздер: «Жүргізе алмай шіркінді» (66 б.)- қалпында өріліп, кейінгідегі қимыл-әрекет дәлдігі («құлағынан берік басып») қамтылмай қалған.

12. В.В. Радлов кітабында және 1992 жылғы таңдамалыда да «сомбал»- деп басылған сөзді біз қолжазбадағы бастапқы әріптің таңбалану ерекшелігіне қарап, «хамбал»- деп өзгерттік те, «сомбал» дегенді жақша ішінде қоса келтірдік.

13. Бұрынғыда бұл шумақ орнын мүлде басқа тармақтар иеленумен бірге соған ілесе тағы төрт жол қосыла берілген. Сонда кейінгіде, яғни біз ұсынып отырған Мәшһүр-Жүсіпте, әрі алдыңғы шумақ өзгешелігі, әрі соған ілескен бір шумақ еңбегені анықталады.

14. Тап осының алдындағы 3 тармақ В.В. Радловта мүлде басқаша берілген: «Өтірік өлең айтамын ер басынан, // Шылым қылдым шыбыштың қу басынан, // Қара шіркей етіне қазан толып.» Ал, осы шумақтың төртінші жолы Мәшһүр-Жүсіптегі қалыпта шаңырақ көтерген: «Астау-астау ет жедік ер басынан.» Біздіңше, мұндағы ыңғайсыздық әрі бірінші мен төртінші тармақ соңы «ер басынан» делініп сөз қайталануынан әрі шылымның ол кез үшін тым сирек құбылыс болуынан туып тұрған сияқты.

15. Мұндағы «бір әділ пақыр»- В.В. Радловта: «бірталай бақыр»- күйінде ірге тепкен. Біздіңше, бұдан кейінгі жолдың: «Имансыз сона деген көпір екен»-ден өрілуіне қарама-қарсы алынуымен де бастапқы тармақ өзіндік

ой, әсерлілік өрбiтуге бағытталған, яғни: «Маса деген бiр 'әдiм нақыр екен»- қалпында өлең идеясы, композициясы тұрғысынан да неғұрлым шынайы да, үйлесiмдi болып тұрған тәрiздi.

16. Тап осы жолмен басталатын үш шумақ В.В.Радловта мүлде бөлек. Сонымен бiрге Мәшһүр-Жүсiпте осы он екi тармақ мүлде басқаша келтiрiлумен бiрге соған қоса төртiншi шумақ та орын алған. Бiздiңше, бұл өзгерiстерден тағы да В.В.Радловтан кейiн жинаған Мәшһүр-Жүсiп еңбегi де бiр бөлек қазына екенi дәлелдене түседi деп түйiн жасауға болады.

17. 1992 жылы таңдамалыда осындағы «айтсам да» сөзi «айттым да» -делiнiп, сәл қате берiлген.

18. Тағы да сол таңдамалыда «бөгелектiң» сөзi «бокейлiктiң»- делiнiп қате аударылған.

19. Таңдамалыдағы «қойыпты» сөзiн «құйыпты» -деп аудару көмегiмен (араб әрпiнде белгiлi бiр әрiптi «о», не «ұ», не «у», не «ө», не «ү»-деп оқи беруге келетiнi арабша оқи алатындар үшiн белгiлi қағида- Н.Ж) белгiлi бiр ұғымды нақтылай түстiк. Расында, «құт қойыпты»- дегеннен де «құт құйыпты» өрнегi белгiлi бiр береке құттың берiлу тәртiбiн нақтырақ бере алады. Оның үстiне кейiнгi тармақтар соңындағы: «жыныпты», «тырбыныпты» сөздерiмен ұйқасуға «қойыпты» өрнегiнен гөрi «құйыпты» лайық болып, құп үйлесiп тұрғанын байқау да қиын емес.

20. Таңдамалыдағы: «Ол дүниеде мен өзiм болмайын деп»- делiнiп, бiр түрлi ұғыныссыздық тудырған «дүниеде» сөзiн мәтiн жазуына бажайлап қарап, «дауына»- деп өзерткенде, ұғым дәлдiгi қалшына келдi.

7. **Жарапазан.** Мәшһүр-Жүсiптiң Мәдина деген қарында-сынан туып, жасынан ақын мұрасын жинаумен шұғылданған Жолмұрат Жүсiпұлының (1894-1977) әулеттiк мұрағатта сақталған көшiрмелерiнiң 3- папкасы, 409- бетi бойынша әзiрлендi.

## 8. Жоктау өлеңдерi.

**Бұрынғы жоктау үлгiсi.** Жоғарыда аталған Алматыдағы қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсiптiң өз жазбасы, 1170 «а» папка, 26-28 беттерi бойынша әзiрленiп, алдында сөз болған В.В.Радлов кiтабымен салыстыру жүргiзiлдi. Сараптау кезiнде төменде көрсетiлгенiндей, көп өзгешелiк болуы тағы да бұл үлгiнiң ел iшiнде түрлi нұсқалы т.с.с. болуы мүмкiндiгiн, сонымен бiрге бастапқы жинаушының қазақ тiлi бояуы түрлiшелiгiн байқай бермеуi ықтималдығын қоса аңғартады. Ендi мысалдар келтiрiп, нақты дәйектеу жүргiзейiк:

1.В.В.Радловта және Мәшһүр-Жүсiп жазбасында: «Ұяда сұңқар түлеткен»- деп дұрыс жазылса, 1992 жылы шыққан ақын таңдамалысында «ұяда» сөзi «әуеде» болып орынсыз бұрмаланғанын ескертеміз.

2. Акын жазбасында және 1992 жылғы таңдамалыда: «Княдан сүңкар түлеткен»- делінсе, В.В.Радловта соңғы «түлеткен» орнына «түлеткен» беріліп, өз алдындағы: «Ұяда сүңкар түлеткен»- дегендегі соңғы сөзді қайталау тағынаын ескерген жөн.

3. Мәшһүр-Жүсіп жазбасында және 1992 жылғы таңдамалыда да бұл қолдағы соңғы сөздер: «сүткі артқан»- түрінде келсе, В.В. Радловта «артқан» орнын «атқан» пеленген.

4. Акын жазбасы мен таңдамалысында: «Княдан барын тіке атқан»- ашығында орын асса, бұрынғыда, яғни В.В.Радлов нұсқасында соңғы сөздер «іке атқан» түрінде беріліп еді. Біздіңше, бұл тармақ алдындағы жол түлкіні аңуға арналса, кейінгісі сол аңды «тіке» аңуға байланысты екені анық. Араб дауызына 1914 жылы А.Байтұрсынов енгізген жаңа үлгі, ережеге дейін, әсіресе дауысты дыбыстарды түрліше оқуға мүмкін болғаны да белгілі. Демек Мәшһүр-Жүсіп жазбасы 1914 жылға дейін қағазға түспі десе, «іке», «тіке» сөздері беріліп белгіленетіні бұл салада еңбек еткендер үшін еш жаңалық емес.

5. Мәшһүр-Жүсіп жазбасында: «Баршаны бөздей жыртырған, // Жі-еккі жүндей тұттырған»- деп жазылса, соңғы: «жыртырған», «тұттырған»- сөздерінің толық ұйқасуы іке асса, бұрынғы үлгіде ол реттік өзгерген. Бірақ енді, онда «сұттырған» орнына «сүттірсе» сөзі қолданылған.

6. Сондай-ақ Мәшһүр-Жүсіпте: «Айдарлыға айдапқан, // Тұлымдыға айдапқан»- күйінде аң-анық жазылса, В.В. Радловта «айдарлыға» орнын «айдалаға» пеленген. Біздіңше, Мәшһүр-Жүсіптегі әр тармақ басынлағы: «айдарлыға», «тұлымдыға» сөздері бірін-бірі демеі, үйлесім, халық салтын, аңшымын деп бейнелесе, жылқыны айдалаға айдау еш жөнше, даңдыға сай кетпеуімен көзге ұрып тұр.

7. Мәшһүр-Жүсіпте: «Қалмақтан жылқы қудырған, // Құлынын жол-та тудырған»- делінсе, бастапқыда (В.В.Радловта) «жолда» дегенді «қолда» сөзі алмастырып, біртүрлі ұғынықсыздық тудырып тұр. Біздіңше, жылқыны «қолда» тудырды дегеннен де, «жолда» тудырды деу уақыт пынылығына, сол «жол» адамдар дәстүріне неғұрлым дөң келеді.

8. «Жамбасқнан»- деп, қазіргі емсе сөздігіне сүйеніп жазып келсек, Мәшһүр-Жүсіпте және В.В.Радловта ол «жап басынан»- түрінде берілуі те-рілі емес. Расында, адамның бір басы, әрине, негізгісі пыққан жоғары орна-ласа, әсіресе төрт аяқтан қозғалуға тура келгенде, бүйірдегі бір мүңесінің де екінші бір жанама бас тәрізді қылатын көрінуі мүмкіндігін ескермей бол-майды.

9. «Саңама жүддыз батырған»- дегендегі «саңама», сөзі бір түрлі түсініксіздік туғызып тұр. Біздіңше, ол «саннама» түрінде жазылса, саңдаған ең ұлыз, яғни көп жүддыз ұғымын аңуға бағытталар еді.

10. Мәшһүр-Жүсіпте: «Бес така баршадан тон қылған, // Жеті рудан қол жиган» - делінсе, бұрынғыда алдыңғы тармақ соңындағы «қылған» орынның «киген» иеленіп, тағы да ұйқас солындауына негіз болып тұр.

11. Мәшһүр-Жүсіпте: «Әуелде құдай қалаған, // Асылы нұрдан тараған»- деп өрілсе, бастапқыда «әуелде» сөзі- «әуелі», «тараған» дегені- «жараған»- күйінде келтірілген. Біздіңше, нұрдан тарау ұғымы Аллаға сену, Алланың жарату құдіретін ескеруден тұса, «жараған» сөзі «жаралған» түрінде берілгенде ғана сол ұғымға бағытталарын ескерген жөн. Бұл орайда тағы да алдыңғы жолмен кейінгінің ұйқасу сапасын нашарлату іске асарын ескерсек те, бастапқы қолданымның кезең тынысына неғұрлым сай келетінің бағамдау қиын емес.

12. «Алыстан дүшпан аттанса»- тармағы Мәшһүр-Жүсіпте орын алмаған. Біз оны сөз орайына, қолданым дәстүріне т.с.с. сүйеніп, В.В.Радлов бойынша енгіздік.

13. В.В.Радловта осы тармақ соны: «жаранған» болып берілсе, тағы да оған дейінгі ұйқас негіздері соңғы етістіктің «бораған» және одан кейінгі жол аяғының «қамаған»- түрінде келіп, бірыңғай ұйқас тәртібіне бағындырыла алынғанын ескергендіктен де, осы «жаранған» орнына Мәшһүр-Жүсіптегі «жараған» сөзін енгізу тиімдірек деп санадық.

14. В.В.Радловта: «Сексенге келген Кенгірбай, // Ішін томды параға»- делінсе, Мәшһүр-Жүсіпте «ішің» орнына «еншін»- алынған екен, соңғыны таңдадық.

15. Бастапқыда: «Өлгенде жайылсын қараңа»- делінсе, кейінгіде (Мәшһүр-Жүсіпте) «жайылсын»- «жайылды», «қараңа»-«қараға»- деп өзгертілген екен. Біз белгілі бір әрекеттің жүзеге асуы мүмкіндігін емес, нәтижесін дйттеген соңғыны туынды идеясына неғұрлым сай келеді деп таптық.

16. Мәшһүр-Жүсіп жазбасында да, В.В.Радловта да бар тап осы жолдың: «Ғылажың не дүр Аллаға»- 1992 жылғы кітапқа еңбеуі шығарманын кешегі кеңестік жүйе кезінде әзірленгендіктен, «Алла» сөзін қолданудан қалшақтау нәтижесі болар деп шамаладық.

17. Бұрынғыда бұл жол: «Күні де, түні де базарым»- деп отау тіксе, кейінгіде бастапқы сөздер: «күні де- түні» қалшында ықшамдалған екен, біз соңғыны қаладық.

18. Бастапқыда осы тармақ «Алдадан кайтты назарым»- деп шаңырақ көтерсе, соңғыда алдыңғы сөз «Алиадан» екен. Кейінгіде ұғым нақтылана түскен тәрізді.

**Балғынды жоқтау.** Бұл туынды да жоғарыда аталған қолжазба қорындағы ақынның 1170 «а» палкасы бойынша әзірленіп, тағы да В.В.Радлов кітабымен салыстыру жүргізілді. Мәшһүр-Жүсіп жазбасы маңдайшасында: «Батырбек

деген төренің қызы Балғын өлгенде, шешесі жоқтады»- делінсе, В.В.Радловта да соя іспеттес тақырыпша берілген екен, біз оны ықшамдап, «Балғынды жоқтау»-деп атадық. Бастаған үрліс бойынша тағы да айырмашылықтарға көңіл бөлеміз:

1.Бастапқыда, В.В.Радловта, осы тармақ соңындағы Мәшһүр-Жүсіптегі «жалғызым-ай» орнына «артында» сөзі орын алған.

2.Бұрынғыда бұл тармақ мүлде өзгеріп: «Ау, жанғыз бауырым шырқырап тұр»- делініп, ұғым комескілігі алға шыққан.

3. Мәшһүр-Жүсіпте баласын оқыту үшін не бергені нақты көрсетілсе, бастапқыда: «Молдаға оқысын деп қоя бердім»- делініп, тым жалпылама айтылған.

4. Бұрынғыда тармақ соңы: «бердім»- деп аяқталып, белгілі бір өзгерісті, өлімді бекітуші пенденің өзі тәрізді әсер қалдырса, кейінгіде бәрін жасаушы жаратқан иенің өз шешімі екені аңғарылады.

5.Бастапқыдағы: «айт дегенін»- сөздері кейінгі бойынша түзетіліп, ұғым нақтылығы қалпына келтірілді.

6.Бұрынғыдағы (В.В.Радловтағы) сөз соңындағы мағынасы беймәлім «үлік» сөзі ұғымды айқындап берген кейінгі, Мәшһүр-Жүсіптің «олім» дегенімен ауыстырылды.

7.Нақтылық, дәлдік талабы бойынша бастапқыдағы «қорған» сөзі кейінгінің «құрған» сөзімен алмастырылды.

8.Мұндағы «түсер» сөзі орнын бұрынғыда «жетер»- иеленген.

9.Мәшһүр-Жүсіпте: «Тапқаны ақ ешкінің егіз лак»- делінсе, В.В.Радловта «егіз» орнында «екі» сөзі тұр.

10.Бастапқыда (В.В.Радловта): «Екі ешкі қокке қарап, көденді же, // Табарсың есен болсан тағы лак»- делінсе, кейінгіде (Мәшһүр-Жүсіпте) «екі ешкі» емес, «ақ ешкі» болып дұрыс өзгертілген. Сонымен бірге соңғы «тағы» мен «лак» сөздері арасында түсіп қалған «да» шылауы қалшына келтірілген.

11.В.В.Радловтағы: «Жаратты бір жаратқан бесеу сұмды»- дегендегі «бесеу» сөзі бір түрлі ұғынықсыздық тудырып тұр. Осы орайда біз «бесеу» сөзін «би сау» сөздерімен, сау емес ұғымымен алмастыруға болар ма еді деген түйінге келдік те, екі қолданымды қатар бердік. Араб әрпінің таңбалану ерекшелігі бұл ұғымның екеуіне де қайшы емес.

12. Мәшһүр-Жүсіпте шумақаяғы: «Құдайым берер ме екен бізге де ұлды»- делініп, өз алдындағы бастапқы жол соңы: «мен де мұңды», екінші аяғындағы: «бесеу сұмды» сөздерімен құп үйлесіп, ұйқасып тұрса, В.В.Радловта шумақ соңындағы сөздің «тұяқ» болып алынуы ұйқас тәртібіне мүлде қайшы келіп тұрғаны анық.

**Боғы төренің қарындасы жоқтағаны**

1. Мәшһүр-Жүсіп жазбасы: 1170 «а» панка, 31- бетінде және 1992 жылғы таңдамалыда «күдері»- делінсе, бұрынғыда (В.В.Радлов кітабында) «күлдері»- сөзі орнектелген.

2. 1170 «а» панкада және В.В.Радловта «жалшайып» сөзі- дұрыс берілсе, таңдамалыда (32 б.) «жайкалтып»- деп қате жазылған.

3. Ақын жазбасында: «жарды бір»- деп алынса, ол таңдамалыда да солай берілген. В.В.Радлов кітабын «Ел қазынасы- ескі сөз» аталымымен әзірлеушілер «жардыны» сөзін келтіріп, оны жергілікті тіл ерекшелігі деп санаған (Алматы, Ғылым, 1994, 597 б.). Біздіңше, мұнда «жарды» - дегенді «күйеу», «жұбай» деген сөздердің синонимі ретінде қабылдаған жөн. Сонда шығарма басында жазылған мына тақырыпқа: «Боһынның қарындасының күйеуі олгенде жоқтағаны» - назар аударсақ та, әйелдің көз жұмған күйеуін, яғни жарын жоқтауы келіп шығады. Қараныз: «Жарды бір алған осы өлім.»

4. Бастанқыда (В.В.Радловта): «досын» делінсе, кейінгіде (Мәшһүр-Жүсіпте) «достысын»- отау тіккен.

5. «Ғалыныда» - дегендегі «да» шылауы бұрынғыда жоқ, кейінгі Мәшһүр-Жүсіп бойынша енгізілді.

6. Соңғыда: «Өлімнің інісі-уайым»- түрінде ірге тесе, бастанқыда: «Өлімнің несіні ойбайым»- деп беріліп, біртүрлі ұғынықсыздық туырып тұрғанын байқау қиын емес.

7. Бұрынғыда және кейінгіде: «Қара бір шашым жайып, //Жайып да жияйып»- күйінде өрілсе, таңдамалыда аяққы: «жияйып»- орнына «жылайып» сөзі қате алынған.

8. Бастанқыда: «Қыналы бармақ, жез тырнақ»- қалыңда өрісетесе, кейінгіде «қыналы» сөзі «күналы» орнегімен алмастырылған екен. Біз соңғыны таңдадық.

9. Бұрынғыда: «Күнінде қанға бояйып. // Албыраған ақша бет // Сүйегіне такайып»- деп беріліп, «бояйып» мен «такайып» сөздерінің онша ұйқаспауы орын алса, «такайып» орнына кейінгідегі «таяйып» енгізілуі нәтижесінде ұйқас қалына келтірілді.

10. Бастанқының: «Моймылдаған қара көз»- жолындағы алғашқы сөз таңдамалыда: «моймүлдеген»- деп берілген екен. Ақын жазбасына қайта үңілу нәтижесінде «моймүлдеген» нұсқасын таңдадық.

11. Бұрынғыдағы: «Ала арқанмен бек тарттым»- тарма-ғындағы «бек» сөзі орнын соңғыдағы: «берік»- иеленді.

12. Алғашқыда: «ханнан ендік жағынар»- делінсе, кейінгіде «ендік» орнына «ондік»- сөзі кірген екен. Біз «опандік»- түбірі «опан» екенін ескеріп, кейінгіні ұсынып отырмыз.

**Тәпіді жоқтау.** Бұл туынды да жоғарыда аталған қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіп жазбасы, 1170 «а» панкасы, 39-46 беттері бойынша ұсынылып,

В.В.Радлов кітабымен (1870) және белгілі ғалым М.Божеев көшірмесімен салыстыру жүргізді:

1. Бастапқыда (1870 ж. В.В.Радлов кітабында): «Қара бір таудың үлгісі»- деп берілген екен, біз кейінгіге, Мәшһүр-Жүсіптің жоғарыда аталған қолжазба қорындағы 1170 «а» папкасының 39-бетінде осы тармақ соңы: «өлкесі»- делінуіне қарап, әрі ол сөздің өзінен кейінгі тармақ соңындағы: «серкесі» сөзімен толық ұйқасуына сүйеніп, жол аяғындағы: «үлгісі»- сөзін «өлкесі»- деп алмастырдық.

2. Мәшһүр-Жүсіпте: «Ебінің қызыл желіндей // Саулап бір тұрған сөз еді»- деген қалыпта отау тікесе, В.В.Радловта: «Ебінің» орнына «Еділдің» сөзі түрумен бірге екінші тармақтың мүлде түсіп қалуы орын алған екен. Біз толық нұсқаны, кейінгіні, басшылыққа алдық.

3. Бұрынғыдағы: «түрі еді»- сөз қолданысын кейінгіге сүйеніп, әрі сөз мағынасы нақтылығын ескеріп: «төре еді»- деп өзгерттік.

4. Сондай-ақ бастапқы «ұрып» сөзі де соңғы бойынша «аудып» болып түзетілі.

5. Соңғыда, яғни Мәшһүр-Жүсіпте: «Құрама жиып, ел қылып, / Қосып таза сақтаған»- деген түрде шанырақ көтерсе, бастапқыда, яғни В.В.Радловта: «қосын» орыпын «күсін» иеленген екен. Біз сөз ыңғайына, мағынасына қарап, кейінгіні таңдадық.

6. Екінші үлгіде (Мәшһүр-Жүсіпте): «Тілі шайнау тентегі // Ақылымен тоқтаған»- күйінде өрілсе, бұрынғыда «тентегі» орнына «тептегі», «тоқтаған» орнына «тоқтатқан» кірген екен. Тағы да оған дейінгі «тоқтаған» сөзімен үйлес: «жақтаған», «мақтаған», «сақтаған»- сөздерінің «тоқтатқан» дегенмен онша ұйқаспайтының, сөз ыңғайын ескеріп, соңғыны таңдадық.

7. Мәшһүр-Жүсіпте:

Көлдегі акку дауысты,

Ақ сұңқар құстай дабысты,

Ерегіскен дұшпанға

Айдаһардай шалысты,- түрінде келсе, оған дейінгіде,

В.В.Радловта, екінші тармақ аяғындағы сөз «дауысты»- делініп, алғашқы жол соңындағыны орынсыз қайталауды тудырған. Сондай-ақ шумақ соңындағы сөз: «шалышты»- түрінде келіп, біртүрлі түсініксіздік тудырған. Біз соңы үлгіні таңдадық.

8. Бұрынғыда: «Қанға-ай түскен асылдай, // Қалшайғанмен қарысты»- делініп, ұғынықсыздыққа ұйтқы болса, тағы да соңғы бойынша түзету енгізіліп, сөз мағынасы нақтылана түсті: «Қайтпас қара бұлғтай // Қалшайғанмен қарысты.»

9. Бастапқыда: «Екі де тізген, бір айыл»- делініп, «тізген» сөзі түсініксіз тұрса, тағы да кейінгі бойынша ол өрнек «тізгін» болып өзгертіліп, «тізгін», «айылдып»- ат тұрмандары түрлері екені айқындала түсті.

10. Алғашқыда «Топ ішінде шығып сөйлеген»- күйінде орын алса, соңғыда: «Иығы асып сөйлеген»- деп, қайраткер сипатын нақтылай түсу, дарауау жүзеге асқан екен. Біз кейінгіні алдық.

11. Бұрынғы: «Еркіне зорлық қылмаған»- жолындағы «еркіне» орнына Мәшһүр-Жүсіп бойынша «ырқына» енгізілді.

12. Бастапқыда: «Күнәкар, сірә, болмаған»- делінсе, кейінгіде «сірә» орнын «ғасы» сөзі меншіктеген екен. Тағы да соңғы ұлгінің сөз мағынасын дамытып, аша түсетіні ескерілді.

13. Біріншіде: «Адалдығы әлімдей // Дін сөзіне тоймаған»- бой көтерсе, кейінгіде «әлімдей» орнын «ғалымдай» иеленген екен. Сөз мағынасы, орны соңғының неғұрлым ықтимал екенін дәлелдейді деп санадық.

14. Алғашқыда: «Ақылы дана, данышпан»- күйінде өрнектеліп, соңғы екі сөз қолданымында бір-бірін қайталау жүзеге асса, кейінгідегі «дана» орнына «және» сөзі кіргізілуі сол біртектестікті болдырмауға қызмет етіп тұр.

15. Кейінгіде:

Аруақты ердің қосы еді,

Адал шірдің досы еді,

Нияз алар мұртынан,

Мұрт деп барар жұртынан,

Қожалар оқыр құранды- деп өріліп, бірінші тармақ пен екінші, үшінші мен төртінші ұйқасуы және бесіншінің өз алдындағы және өзінен кейінгі шумақтардың соңғы жолдарымен ұйқасуы (яғни шумақаралық ұйқасқа біраз ұқсауы) жүзеге асқан. Ал, бастапқыда орын алған өзгерістердің ұйқасқа да, мағына бірлігіне, үндесуіне де т.с.с. қабыспай жатуын байқау қиын емес. Мәселен, алғашқы тармақ соңындағы «қосы еді» орнына «күшті еді» кіруі өз алдына, екіншідегі соңғы «досы еді» сөздерін «мұрты еді» ауыстырған. Ал, үшінші соңындағы «мұртынан» сөзі «мұрыннан» болып өзгерсе, төртінші басындағы: «мұрт деп»- «мұртты» күйінде ірге тейкен.

16. Соңғыда: «Қыс қонысын сұрасан, // Қоянды мен Жыланды»- делініп, айтар ұғым ап-анық жеткізілсе, бұрынғыда «қыс» орнына «қос» енуі арқылы тағы да мағына қабыспай, ұғынықсыздығы туып тұр.

17. Сондай-ақ: «Тірісінде көп берді»- тармағы жазылған соң, оқырман көңілінде «немі?» сауалы туары анық. Сол сұраққа жауап іздесек, екіншіде (Мәшһүр-Жүсіпте) ол ап-айқын берілген: «Зекет!»-деп, тай мен құнанды.» Мұнда зекет үшін тай-құнан ұсынылуы нақты көрсетілсе, одан бұрынғыдағы екінші жол: «Зекетім деп қуанды»- түрінде келіп, зекетке не бергені ашылмай қалған.

18. Мәшһүр-Жүсіпте: «Жайлауға беттеп көшкенде, // Шаңдатып жылқы айдаған»- делініп, тағы да бір ой толық та, анық берілсе, В.В.Радловта осындағы алғашқы жол мүлде түсіп қалумен бірге «шаңдатып» деген нақты сурет жасап тұрған сөз ығысып: «Көшкенде мың жылқы айдаған»- деген ұзын шұбаланқы жол сап түзеген. Біздіңше, жылқы санын «мың» деп бір ұғымға ғана шегелегеннен гөрі, сол мыңды тура айта салғаннан да, «шаңдатып» сөзі мал көптігін нақты әсерлі көрсете алған.

19. Мәшһүр-Жүсіптегі: «Тайы қысыр қалмаған, // Тайлағы бота салмаған»- жолдарында әрі нақты, ой әрі ұйқас тәртібін сақтау орын алғаны анық. Ал, бұрынғыда: «қысыр»- дегенді «қысырақ» сөзі ауыстырып, мағына қайшылығын тудырумен бірге екінші жолдың мүлде түсіп қалуы тағы да өлең әсерін көп төмендетіп тұр.

20. Алғашқыдағы: «Бетегелі кең тарлау // Беткейге біткен райдай»- жолдары соңындағы «райдай» сөзі түсініксіздік тудырса, кейінгіде оның орнын «раңдай» иеленген. «Раң» сөзіне берілген тіл білімі мамандары анықтамасын еске алайық: «Раң. Көктемнің басында қар суымен шығатын, бойы аласа майда шоп» (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 8-том, Алматы, Ғылым, 1985, 49 б.)

21. Тағы да Мәшһүр-Жүсіпке жүгінсек, бұл қадамдардың қазақ тілі үшін көш бастаушы ретінде де көп іс тындырған қажырлы да талантты ғылым беделін төмендетуге апармақ түгіл, бастай да алмайтыны анық. Себебі әрі басқа ұлт өкілі бола тұрып, әрі тек қазақ емес, түркі тектес ұлт тілдерін соншалық кең қамтыған, әрі бірінші болып қағазға түсірген В.В.Радловты жеке бір салада болсын біз зерттеп отырған адамға ұстаз ретінде алуға әбден болады. Әйтсе де алғашқы зерттеуші тыңнан жол салса, сол бұрынғының тәжірибесіне сүйенгендіктен де, оның біраз қателерін кейінгінің қайталамауы мүмкіндігі өсетінін де біз ескермей кете алмаймыз. Себебі бастапқы зерттеуші канша маңызды шаруа тындырса да, оның жекелеген ағаттықтарын көрсетпеу белгілі бір ғылым саласын дамытуға емес, тоқыратуға ғана әкелетіні де бұрыннан басы ашық жәйіт. Біз назар аударған шумақ Мәшһүр-Жүсіпте былай өрістеген.

«Дүниеден Тәти өтті!»-деп,  
«Алтайдан қайрат кетті!»- деп,  
Қожалар сызған сиядай,  
Дұшнанның көңілі тынды ғой!

Ал, В.В.Радлов кітабында көп өзгешеліктер бар. Мәселен, алғашқы жолдары былай келтірілген: «Тәти өтті-деп-Алтайдан // Қайрат кетті!»- деп қожалар.» Кейінгі үзіндіде қатар тұрған екі жолдың ұйқаспауымен бірге, үшінші тармағы: «сызған сиядай»- делініп, әрі буын саны азаяды, әрі біртүрлі

ұғынықсыздық орын алған. Демек мұнда да басқа ұлт өкілінен гөрі Мәшһүр-Жүсіптің ел тарихын, тілін көбірек білетіні және қағазға түсіруді кейінірек қолға алуы- бәрі кейінгі нұсқаның дұрысырақ болуын негіздегені анық.

22. Мәшһүр-Жүсіпте: «Ақжолдың ұғлы Арғынға // Атпен желі тарттырдым»- делінсе, одан бұрынғыда «ұғлы» орнын «баласы», «тарттырдым»- сөзін «тарттырды»- ығыстырған.

23. Кейінгіде:

Ішіп, бір киіп, буласын,

Сұм дүниенің өтерін

Өлшенуменен ойласын!

Мың-миллионы кетсе де,

Төре алдына бармасын!- делінсе, бастапқы өзгешеліктері тағы да көңіл бөлерлік. Бірінші жол: «Ішсін, күйсін, буласын»- деп алынса, екінші тармақтағы: «дүниенің»- сөзі «дүние»- түрінде қосымшасыз енген. Үшінші тармақ басындағы: «өлшеуменен»- орнын «осынауменен» иеленсе, «миллион» сөзі «милиан»- деп қате жазылып кеткен.

24. Соңғыда: «Шараба тұһүр шарбатын // Сусыныңа ішкейсің!»- түрінде орын алса, бұрынғыда бастапқы екі сөз: «шерімен тауып»- күйінде берілген.

25. Екіншіде: «Иа, Мұхаммед, қолдағай, // Көп иад еткен үмбетін!»- түрінде болса, «көп иад еткен» сөздері орнына бұрынғыда «көп айтқан» орналасын, айтылмақ ой жүгі жеңілден кеткен.

26. Мәшһүр-Жүсіпте: «Алып бір туған жоталы, // Жарастықты мырза еді»- қалпында бой көтерсе, В.В.Радловта екі жол біріктіріліп: «Алып бір жоталы мырза еді»- делініп, әрі жолдағы буын саны орынсыз ұзарып, әрі мырза сипатын ажарлаушы «жарастықты» сөзі енбей қалған.

27. Кейінгіде:

Қуандық пен Сүйіндік,

Жан жоқ бұған таласқан.

Ексе де елге, бітер ме

Мырзада мұндай жарасқан?!- деп берілсе,

Бастапқыда екінші жол басындағы: «жан жоқ бұған» орнына «жан болмаған», ал, «мырзада» орнына «мырзадай» сөзі орын алған.

28. Бұрынғыдағы «шұқыған» дегенді кейінгі бойынша «шоқыған»-деп өзгерткенде: бұған дейінгі және кейінгі ұйқас құраушы сөздердің: «оқыған», «тоқыған» және ең соңында «толқыған»- деп алынып, біз ұсынған сөзбен толық ұйқасып тұрғанын ескердік.

29. Жоғарыда сөз болған 1994 жылғы кітапты әзірлеушілер 1870 жылғыда осы «еш» сөзі «іш» болып жазылып кеткенін, өзгерту болжаммен жүргізілгенін ескертсе, Мәшһүр-Жүсіпте де «еш» деп анық жазылуы кейінгі авторлар долбарының дұрыстығын дәлелдейді.

30. Бастапқыда:

Ат бастына соқтырып,

Ак айтпаған дұғайы.

Аузына қыдыр көп түспей,

Алдасын күткен мұңайы,- деп беріліп, көп түсініксіздік және ұйқаспау тудырып тұрғанын байқау қиын емес. Енді Мәшһүр-Жүсіпке және өз долбарымызға сүйеніп ұсынған нұсқаны келтірейік:

Ат басына соқтырып,

Акы айтпаған дуа [ғып],

Аузына күпір көп түспей,

Алласын күткен мұңайып!

31. Бұрынғыда: «Артқы шылығын сұрайы»- делінсе, кейінгі бойынша ол: «Артының қайырын сұрайык»- болып өзгертілді.

32. Бастапқыда:

Аруақ ата қалап,

Аруақ баба жебесін.

Жауап таман жар болып,

Ініңе шайтан мінбесін!- деп, бір түрлі ұғыныксыздық тудырса, тағы да Мәшһүр-Жүсіпке сүйену біраз түйткілді шешуге жәрдем берді:

Аруақ ата қалаумен

Аруақты баба жебесін!

Жауаптамаң жар болып,

Ініңе шайтан мінбесін!

Әсіресе үшінші жолдағы: «жауап таман» жар болуы еш түсініксіз болса, енді жауаптаманың қолдауы біршама ұғынықты екені анық. Алғашқыда: «Ініңе шайтан мінбесін»- делініп, інінің ағаға т.с.с. қандай қатысы бары тіпті беймәлімдікке соқтырса, басқаға емес, адамның өз ініне шайтан мінбеуі айтылғанда, кімге арналғаны ап-айқын болды.

Осы орайда шығарманың басы жазылған бетке келденендеп жазылған акын ескертпесі туынды авторы кім екеніне саңылау түсіре алады демекпіз: «Бұл жоқтауды сөйлеуші Шортанбай кожа еді- деседі. Сонда Шортанбай кожаға бір түйе, бір ат берген»- деседі.»

Бұл деректі оқи отырып: «Неге Шортанбай өлені- деп берілмеген?»- деген сауал тууы заңды. Біз бұл туындының 1870 жылғы В.В.Радлов кітабында фольклор үлгісі ретінде берілгенін, сонымен бірге Мәшһүр-Жүсіптің де Шортанбайдың туынды авторы екенін кесіп айтпай, елден естіген «деседі»- дегенді ғана келтірумен шектелгенін ескеріп, әзірше фольклор ішіне қалдыра тұрғанды жөн көрдік.

**Бір әйелдің ботасын жоқтағаны.**

Жоғарыда айтылған қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіптің өз қолымен жазылған 1176 папка, 225(320) бетіндегі мәтін бойынша әзірленді. Бұл туынды жазылған беттің сол жағында қолденендеп жазылған ақын ескертпесі орын алған: «Бұрынғының сөзі: «Бір қыдыр бар- құт қыдыр, / Бір қыдыр бар- нұт қыдыр.»

**Қалмақ Сарыарқалан ауғанда, тамақ сұрап жылаған балаларына балаларыңа айтқаны.** Бұл да жоғарыда ескертілген орында сақталған 1177 папка ішінде Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы бойынша ұсынылып отыр. Шығарма тақырыбы ретінде Мәшһүр-Жүсіп мына ескертуді маңдайша етіп жазған екен: «Қалмақ ауғанда, тамақ сұрап жылаған балаларына айтқаны.»

**Қалмақтың Сарыарқаны жоқтаған зары.** Бұл да негізінен алғанда сол 1177 папкадағы Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы, 41-43 беттері бойынша әзірленді. Сонымен бірге ақынның сол қолжазба қорында сақталған екінші бір жазбасы (Мәшһүр-Жүсіп, 1170 «а» папка, 92-93 б.) бар екенін ескерткіміз келеді. Біздіңше, ең толығы кейінірек қағазға түскен 1177 папка үлгісі де, одан көп ертерек жазылғандықтан да, әрі қысқа, әрі ауытқулар орын алғаны- 1170 «а» папкасы. Осы орайда бұл мәтіннің жоғарыда аталған В.В.Радлов кітабындағы нұсқасымен де салыстыру жүргізілді. Сонымен бірге 1992 жылғы ақын таңдамалысы екінші томында осы үлгі біраз өзгеріп, т.е.с. басылғанын ескеріп, үш нұсқаға сараптама беріп отуді де жөн көрдік.

1. 1170 папкадағы екінші жол «Пайдаң маған қолден тау»- түрінде келіп, одан кейін сол 92- беттің оң жағында қолденендеп жазылған топтама: «Тиюші еді пайдаң тау»- деп басталса, 1177-де соның екіншісі ғана берілген. Біз қайталауға ұрынбас үшін 1177-дегіні таңдадық. Осы орайда В.В.Радловтағы екінші тармақ «Байдің маған тиген тау»- түрінде келгенін атап өтеміз.

2. «Үйле бақан, сырытым»- жолын мандай еткен 4 тармақ Мәшһүр-Жүсіптің 1177 папкасы 41- беті және 1170 «а» -ның 92-бетінің оң қапталында қолденендеп басқа қолтаңбамен өрнектелген жазба бойынша берілген. Сол 1170-тің 93-бетіндегі 4-7 жолдарында әрі тармақ реті ауысып, әрі жекелеген сөздерінің В.В.Радлов кітабындағы 14-17 тармақтары үлгісін қайталауы да тегін емес. «Қазанымның қақпағы. // Желі бір соғар тоқпағы. // Ат устауға құрығым, // Үй тіреген сырығым.» Осы орайда В.В.Радловқа «қазанымның» орнына «қазынамның» делінуі кезінде дұрыс жазылмауы, не кітапты баспаға әзірлеушілер қателігі нәтижесі болуы керек деп шамаландық. «Қателік» дейтініміз, «қазанымның қақпағы»- әрі түсінікті, әрі сол кезде қолданылған тұрмыс заттары ерекшелігін дөп басып тұр. Ал «қазынамның қақпағы» әрі күнделікті қолданылып жүрген бұйымдар тізбегіне: тоқпақ, құрық, сырық ұғымдарына мүлде үйлеспейді, әрі Мәшһүр-Жүсіпте екі рет (1177 және 1170 папкада) тек «қазанымның»- түрінде жазылуы тегін емес. Сонымен бірге

солшы үлгі әсерінен де В.В.Радловта және 1170-тің 93 бетіндегі «аң ұстауға»- сөздерінің алғашқы сынары ғана өзгеріп: 1992 жылғы ақын таңдамалысында «жылқы ұстауға»- түрінде алынған. Ал, біз мұны 1177 және 1170-тің 92-бетінің он қапталындағы жазба бойынша «аң ұстайтын» түрінде беріп отырмыз. Сондай-ақ 1177 бойынша біз ұсынған «үйде бақан»- орнына В.В.Радловта және 1170-тің 93- бетінде: «үй тіреген»- орын алған. Мұның бәрі тағы да ел арасында сол мәтіннің екінші бір нұсқасы орын алуы мүмкіндігін аңдатады.

3. «Үш атамыз өткен тау, // Үш мың кара біткен тау»-жолдарынан кейін Мәшһүр-Жүсіптің 1177-напқасында: «Әкем күйеу болған тау»- деп басталатын топтама кірсе, В.В.Радловта, Мәшһүр-Жүсіптегі 1170- те және таңдамалыда (1992): «Баян бір ауылы қазылық»- тармағын ала салған басқа түйдек орын алған.

4. В.В.Радловта: «Атам күйеу болған тау, // Енем келін болған тау»- делінсе, 1170-те алдымен «енем» жазылса да, сол қолтаңбамен «шешем»- деп түзетінсе, 1177-де әрі 1170- тегідей: «атам» орнына «әкем» алынумен бірге «енем» орнына «шешем» алынуының шындыққа жанасымдылығы дау туғызбаса керек. Қазақ ұғымында ененің келін болуы дәрілтеуден де шешені мадақтау неғұрлым шынайы екені белгілі.

5. «Ит жүгіртін, құс салып»- жолын мандай екен 8 тармақ В.В.Радловта, 1170 «а»-да және 1992 жылғы таңдамалыда да жоқ, тек 1177- бойынша енгізілді.

6. 1870 жылғыда (В.В.Радловта): «Бай тобетім маңқыдан, // Қотанына үрген тау»- деп қысқа түрде берілсе, 1177-де де тек «қотанына» сөзі орнына «байсал тауып» орнаса, бұл жолы 1170 «а» бойынша: «бай тобетім маңқыдан»- ған кейінгі екінші: «Даусы құдай саңқылдып»- кіргізілді.

7. «Балалы қаздай байпаңдан»- тармағын ту еткен 4 жолдық түйдек 1870 жылғыда мүлде жоқ, тек Мәшһүр-Жүсіптің екі жазбасында бірдей орын алған.

8. 1870 жылғыда: «Кетейін деген ойым жоқ, // Айналасы толған тау»- делініп, таудың көптігі қысым көзі болғандай, теріс ұғым тудырса, кейінгіде (Мәшһүр-Жүсіпте) бәрі өзгеше: «Кетейін деп кетпелім, // Төңіретін толған жау!»

9. «Шабынды, қопа, қамысым»- деген тармақпен бет түзеген 15 жолдық мәтін В.В.Радловта жоқ та, Мәшһүр-Жүсіпте бар.

10. Мәшһүр-Жүсіпте: «Қожыр-қожыр тастарым, // Сен есіме түскенде, // Көзімнің ақты-ау жас тарым!»- делінсе, бұрынғыда (1870 ж.) екінші жол мүлде жоқ.

11. «Балауса шөбің бал татыр»- жолымен басталған 3 тармақ Мәшһүр-Жүсіптің бізде бар үлгілерінде жоқ. Әйтсе де ақын мұрасы ең көп зертте-

ген және тыңғылықты жинауға бар өмірін сарп еткен ақын жиені Жолмұрат Жүсіпұлы жазбасында орын алуы негізсіз емес деп санап кіргіздік.

12. «Үш ай тоқсан соқса да»- жолымен басталған 4 тармақ, ақынның 1177-папкасында жоқ, тек 1170 «а» бойынша енгізілді. Сонымен бірге ол жолдар Жолмұрат көшірмесінде де орын алған.

13. «Есіл, Нұра- екі су»- деген жолға ілескен 10 тармақтың бұрынғыда (В.В.Радловта) мүлде болмай, кейінгіде (Мәшһүр-Жүсіпте) орын алуы да соңғының ізденіс аумағы кендігін аша түседі.

14. «Баян бір ауылы Қазылық // Жолың жатыр қазылып»- В.В.Радловта 5-6- жол ретінде келтірілсе, таңдамалыда бұл 23-24 тармақ ретінде сол үлгіде берілген. Мәшһүр-Жүсіптің 1170-папкасында бұл жолдар сол ретпен қайталанса, 1177-де «Баян бір аула»- орнына «Қарқаралы» енгізілген.

15. Мәшһүр-Жүсіпте:

«Күзгітұрым қонғанда,

Төрт түлік мал баурайда

Жатушы еді жай тауып,

Құлашын керіп жазылып»- делінсе, бұрынғыда әрі екінші жол мүлде жоқ, әрі мұндағы үшінші жолдың бастапқысы «жатушы еді» және төртіншінің соңғысы «жазылып» қана алынып, бір тармақ ретінде біріктіріліп, басқа сөздер енбей қалған.

16. Мәшһүр-Жүсіптегі: «Егізімнің сыңары»- жолымен өрістеген 13 жолдық топтама тағы да бастапқыда жоқ.

17. Бұрынғыда (1870 ж.) шығарма соны былай аяқталады:

Біз барармыз,

Барсақ бадал табармыз.

Егін де жайын білмейміз,

Аштан өліп қалармыз.

Бұл топтама кейінгідегі 1177- папкада мүлде орын алмаса, 1170 «а»- да бастапқы тармақ: «Біз барармыз, барармыз»- түрінде алынып, буын саны кемістігі толтырылумен бірге «бадал»- сөзі орнын «залал» иеленген. Ал, Мәшһүр-Жүсіп мұрасын ең көп көшірген жиені Жолмұрат көшірмесінде бастапқы жолдан кейін: «Барып қайда оңармыз!»- тармағын бетке ұстаған айналасы 6 жол қосылған екен. Сонда айналасы 10 тармақтық мәтіннің үшінші және алтыншы жолдары тек 1170 бойынша, бастапқы мен соңғысы әрі 1170, әрі Жолмұрат; 2, 4-5, 7-9 жолдары тек Жолмұрат бойынша алынғанда, мына мәтін ірге тепті:

Біз барармыз, барармыз,

Барып қайда оңармыз?!  
Барсақ, залал тартармыз!

Сендей жерді жалғанда  
Іздеп қайдан табармыз?!  
Егін де жайын білмесек,  
Арып, ашып, талармыз!  
Тарының сөгін жалармыз,  
Шөпшек теріп, шөп жиып,  
Аштан өліп қалармыз!

1177- мәтіні соңында Мәшһүр-Жүсіптің мына бір ескертпесі, толық түсінсек, кейін де қайталануы мүмкін ел зары берілген: «Мұны бұрын қалмақ айтып жыласа, осы күнде қазақ айтып жылап, ботадай боздап отыр. Бұрынғы дәурені кім-кімнің болса да, көзінен бір-бір ұшқан заман!»

**9. Қазақ мақал-мәтелдері.** Мақал-мәтелдерді жазылу реті бойынша емес, алфавит тәртібімен беруді жөн көрдік. Біріншіден, бұлай алу белгілі бір мақал-мәтелді іздеуші оқырманның тауып алуын жеңілдетеді. Екіншіден, Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасында да, одан жасалған Жолмұрат Жүсіпұлы т.с.с. көшірмелерінде де ел аузынан әр кезде жинау салдарынан белгілі бір мақал-мәтелді екі, не үш рет қайталап қағазға түсіру орын алған. Сол қайталауларды кітап бетінде болдырмас үшін де осы жолды таңдап алдық. Осы орайда қазақ мақал-мәтелдерін осы уақытқа дейін құрастырып жариялағандардың бәрі белгілі бір мәтіннің қайдан, кімнен, алынғандарын көрсетпей, ел аузынан тікелей өздері жинаған қалып танытып келгеніне назар аудартқымыз келеді. Осы орайда бүкіл ескі әдебиет үлгілерін сүзгіден өткізу кезінде әміршілдік жүйенің тыйым салуынан құтқару үшін де Мәшһүр-Жүсіп есімін атамау себебін де ескерген жөн. Ал, заман түзеліп, тыйым салулар артта қалған кезде ауыз әдебиеті үлгілерімен бірге мақал-мәтелдерді де XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасыр басында ең көп жинаған Мәшһүр-Жүсіп екенін атап айту керек. Әміршілдік жүйе кезінде ҚР ҰҒА Орталық ғылыми кітапханасы қорындағы Мәшһүр-Жүсіптің біраз жазбасы қолды болып, тек оның жиені Жолмұрат көшірмелері сақталуын да шүкіршілік етіп, оған қоса әулеттік мұрағаттағы үлгілерді қамтып әзірлеу барысында осы біз ұсынып отырған мәтіндер шоғыры дүниеге келді.

Бұл тұста мақал-мәтелдер ішінде бұрынғы «партиялық, халықтық»- деген талаптарға сай келе бермейтін оғаш, тіпті ерсі көрінерлік пікірлер де орын алуы мүмкіндігін ескерте отырып, ол ақынның жеке басы көзқарасы айнасы емес екенін дiттегіміз келеді. Мәшһүр-Жүсіп зерттеуші ретінде ол айшықтарды белгілі бір көзқарас сүзгісінен өткізуді мақсат етпеген. Соның салдарынан да кейде тіпті бір-біріне кереғар, оқшау, анайы, тұрпайы саналарлық нұсқалар да қалдырылмай жиналып, сол кездегі халықтың бар топтарының көзқарас деңгейлері қамтылған. Фольклор үлгілерін белгілі бір «тазалаудан» өткізбей

таралу, сақталу калпында жеткізудің қазіргі ғылыми талапқа толық сай келетіні белгілі.

Кейде белгілі бір ұғымның көп варианттылығы болған жағдайда олардың біразын қайталау емес, көп түрлілік белгілері ретінде қарастырып отырдық. Мәселен, «Адам бидің елін дау араламайды»- деген мәтелдің (9-мысал) кейін: «Әділ бидің елін дау араламайды, // Әділ патшаның елін жау араламайды»- деген жетілдірілген түрде келуін (169- мысал)- ескере отырып, бұл қолданымдарды жай бір қайталау емес, бір нұсқаның көп қырлылығы дәлелі ретінде кіргіздік. Сонымен қатар Жолмұрат көшірмелеріне Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы бойынша өзгеріс енгізу де орын алды. Мәселен, Жолмұратта: «Батырлық- жолдасқа пайда, жанға қас, // Мырзалық- қонаққа пайда, малға қас»- делінсе (Әулеттік мұрағат, Жолмұрат-2-папка, 188- бет), Мәшһүр-Жүсіпте соған қоса: «Өткір пышақ- қолға пайда, қынға қас, // Өтірік сөз- дауга пайда, жанға қас»- бар екенін (Әулеттік мұрағат, Мәшһүр-Жүсіп, 2-папка, 125-бет) ескеріп, оны қосыл ұсындық (248-мысал).

Сондай-ақ Жолмұратта: «Елемесен, елден шық, // Санамасан, саннан шық»- түрінде берілсе, Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасында бұл екі сыңардың орны ауысып берілген екен (ҚР ҰҒА Орталық ғылыми кітапханасы, қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіп жазбасының 1645-папкасы, 48-бет). Біз кейінгіні таңдадық (959-мысал). Сонымен бірге Мәшһүр-Жүсіпте: «Еркек семіз болса, елдің құты, // Қатын семіз болса, үйдің жұты»- деп аш-анық (Әулеттік мұрағат, Мәшһүр-5-папка, 18-бет) жазылса, Жолмұратта соңғы «жұты» орнына да «құты» алынған екен, біз бастапқыға тоқталдық. Осы орайда Жолмұраттың кешегі әміршілік жүйе кезінде көшіргенін еске алсақ, онда дінге қатысты мақал-мәтелдердің біраз қысқаруы орын алғанын, оның бәрі бұ жолы Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы бойынша енгізілгенін ескертеміз. Мәселен: «Жалғанда еккен болсаң, /Ақыретте орын аласың» (Мәшһүр, 1645-папка, 52- бет) (446-мысал) тек Мәшһүр-Жүсіпте кездесуі ақын жазбаларын іріктен көшіру орын алғанын да дәлелдесе керек. Сондай-ақ: «Көңісіз жұмыстан // Көтсіз бала туады»- өрнегінің Мәшһүр-Жүсіптің екі бірдей жазбасында (1. Жоғарыда аталған қолжазба қорындағы 1177-папка, 135 (90) бет. 2.Әулеттік мұрағат, 5-папка, 19-бет) ірге теуін, басқа көшірмелерде кездеспей де заман талабынан туған «қысқарту» нәтижесі екені анық. Мына мәтел де кешегі кеңестік жүйеге мүлде сай келмегендіктен де, тек Мәшһүр-Жүсіп жазбасында ұшырасады: «Өзін таныған-Тәңірісін таниды» (Мәшһүр-1645-папка, 53-бет) (910-мысал).

Кешегі әміршілік жүйе кезінде хандар, билер, байларды бірыңғай мансұқтан, ал кедей біткенді бірыңғай марапаттап, ақтау жүзеге асса, соның бір көрінісі: «Көп отырған жер азар, //Қағышы жаман ер азар, // Қарашасы жаман хан азар, // Имансыз болса, көр азар» (Мәшһүр-1645-папка, 72-бет)

(653- мысал). Бұл мысал тағы да Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасында ғана орналасқан.

Сонымен бірге Мәшһүр-Жүсіп атамыз заман тынысын таныту үшін де анайы деген мысалдарды да қалдырмай қамтыған: «Өседугын елге еі...е кіреді, // Өспейтұғын елге сыбыс кіреді» (Әулеттік мұрағат, Мәшһүр, 5-папка, 18-бет) (937-мысал).

Мәшһүр-Жүсіп біраз макалдардың шығу төркінін сараптан айтып отырған. Мәселен: «Өтірікшінің үйі күйсін»- тұжырымының анықтамасы былай берілген: «Бұл көм Құранда бар сөз. Қазак сөзінің асылдығы: қарасаң, Құраннан табылалы да отырады.» (Әулеттік мұрағат, 1- папка, 56- бет).

Сонымен қатар мына ұйғарымның да қазак макал-мәтелінің шығу тарихын анықтаудағы мәні ерекше: «Қазак айтады: «Ұлың өссе, ұлы құлықтымен, // Қызың өссе, қызы қылықтымен ауылдас бол!»- дейді. Құлық- араб тілі. «Құлық» - деген адамда болған мінездің ең барып тұрған оңды, жақсысы. Солай болғаны үшін қазак өз бетімен кошпін-қонып, өсіп-өніп жүрген күнде әр таның бір би болың, ел-жұртты: «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалатың»- билеп тұрды. Сонда айтысып жүрді: «Тайдың жорғасы түйе болады, // Жігіттің жорғасы еліңе не болады»- деп. Мұнан мағлұм болды: «Ел билеуге жараған мінез-құлқы басқадан озық болғандықтан билегендігі.» (ҚР ҰҒА Орталық ғылыми кітапханасы Мәшһүр, 1176-папка, 322(415)- бет).

Осы орайда Мәшһүр-Жүсіп шығармаларын жинауға бар өмірін сарп еткен, оның Мәдина деген қарындасынан туған жиені Жолмұрат Жүсіпұлының (1894-1977) осы топтамада келтірілген: «Бай төсегі- темір кіс, // Кедей төсегі- кара кіс»- деген сараптамаға қатысты жазбасы назар аударғалы: «Ақ кіс, кара кіс»- деген тышқанның бір түрлі тұқымдары болады. Кара кістің жүні өте жұмсақ, мамық болады екен. Бұрынғы уақытта патшалар, байлар балаларын жаңа туған жас күнінде бала кістің жүніне бөлейді екен: «Жас балаға қағты болмасын!»-деп. (Әулеттік мұрағат, Жолмұрат, 2- папка, 11- бет).

Мәшһүр-Жүсіптің: «Шығасы шықпай, кіресі кірмейді» т.с.с. макал-мәтелдерінің шығу орісін анықтарлық тұжырымдары осы кітаптағы «Қазак макал-мәтелдері»- топтамасына ілесіріле ұсынылған акынның өз жазбаларында кеңірек сарапталғаны белгілі.

Сөз соңында **ескертеріміз**: Кейін Мәшһүр-Жүсіп шығармалары баспадан толық шыққанда барын, анықталар жойғыттер де аз болмайды. Атап айтқанда, тарихқа түсініктемелер, қозқарас сараптамалары шінде жол-жопкексі айтылып, келдірілетін басқа да макал-мәтелдер килігерін ескерсек, бұл үлгілердің бәрін қамтып шығару мәселесі акын шығармалары толық жинақталып, баспадан шыққаннан кейін барын іске асуы ықтималдығын да дәйектеген жөн.

**9. Мәшһүр-Жүсіптің қазақтың мақал- мәтелдерінің шығу тарихы туралы жазғаны.**

1. «Шығасы шықпай, кіресі кірмейді.» «... сәлемет шығарсан»- дегендегі «шығарсан»- сөзі Мәшһүр-Жүсіптің әулеттік мұрағаттағы өз жазбасында (5-папка, 11-бет) бет шегінің іріп түсуі салдарынан жоқ болса, соны әулеттік мұрағаттағы Жолмұрат (2- папка, 332-бет) көшірмесі бойынша енгіздік.

2. «... бәм жол садақасына»- сөздері де осы ретпен толықтырылды.

3. Мұндағы: «қатынды ертіп»- сөздері де Жолмұрат бойынша кіргізілді.

**10. Жұмбақтар.** Мәшһүр –Жүсіптің екі қолжазбасы: әулеттік мұрағат, 2- папка, 127- беті және ҚР ҰҒА қолжазба қорындағы 1171- папка, 186 (129) беті бойынша әзірленді.

### **11. Жаңылтпаштар.**

«Қырда қылау...»- деп басталатын 7 жаңылтпаш Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы бойынша әзірленді (Әулеттік мұрағат, 3- папка, 138- бет). Соңында ақын ағамыз: «Мәшһүр Иосиф Копеев»- деп қол қойып, мұны қашан қағазға түсіргенін, яғни: «Он жерде бес жас»- елуге тең болса, «төрт жерде үште»- дегені- соған ілескен 12 жыл, сонда бәрі 62 жаста, 1920 жылы жазғанын ескерткен:

Он жерде бес жасы бар, төрт жерде үште,

Жасынан қолға алғаны- шимай кесте.

Он бестегі баламен әлі құрдас,

Шаш-сақалдың кескіні жоқ тінгі есте.

### **12. Бақсының сөзі.**

Осы туынды да жоғарыда аталған Мәшһүр-Жүсіп жазбасы, 1170-папка, 86-92 беттер аралығындағы мәтін бойынша әзірленіп, В.В.Радлов кітабындағы нұсқамен салыстыру жүргізілді.

1. Кейінгідегі (Мәшһүр-Жүсіптегі) «бай» сөзі бұрынғыда (В.В.Радловта) «би»- деп жарияланған.

2. Соңғыдағы: «сыйынамын» сөзі бастапқыда: «сыйынайын»- деп берілген.

3. Осы жолдың және екінші тармақтың басындағы: «біріңе» сөзі алғашқыда: «біріне» болып енгізілген.

4. Мұндағы «төрт жар» орнына бұрынғыда, В.В.Радловта, «тәңірім»- сөзі орналасқан. Біздіңше, бірінші-Құдай, екінші- Мұхаммед алынғаннан кейін, үшіншіде- «тәңірі» сөзіне орын жоқ. Себебі ол әрі «құдай» ұғымын қайталап, әрі пайғамбардан кейінгі орынға ысырылған болып шығар еді.

5. Осы жолдағы: «Меккедегі», келесідегі: «Мединедегі» сөздерінің соңғы «дегі» қосымшасы түсіп қалғандықтан да, бастапқыда ұғыным қиындығы туып тұр.

6. Бұл тармақтан кейінгі: «Бекпеу ата Бек әзіл»- жолы Мәшһүр-Жүсіпте жоқ та, тек В.В.Радловта орын алған.

7. Мұндағы «пірім» сөзі бұрынғыда «жырақ» түрінде келтірілген.

8. Осындағы ру аталары жиынтығы ретінде берілген: «Төртуылда» сөзі алғашқыда «төрт ұлды» болып алынып, мағына өзгерісін тудырып тұр.

9. Мәшһүр-Жүсіпте: «Қаракерей: Қабанбай»- деп, дұрыс алынса, бастапқыда: «Қаракесек: Қабанбай»- делініп, ата ауысуы жүзеге асқан.

10. «Қаз дауысты Қазыбек»- деп, кейінгіде дұрыс берілсе, бұрынғыда: «қу дауысты Қазыбек»- қоныс тепкен.

11. Соңғыда: «Қаракерей: Мұрында-Қандыбай»- делініп, Қаракерей ішінде- Мұрын, оның ішінде Қандыбай ұғымы сап түзесе, алғашқыда кісі атын бейнелеген «Мұрында» орнын «мұрынды» сөзі иеленіп, ұғым түсініксіздігіне негіз болған.

12. Кейінгі бойынша келтірген: «Құнанбай»- сөзі бастапқыда «Доненбай»- деп ауыстырылған.

13. Мәшһүр-Жүсіпте: «Қара, сары Қондыбай- // Әулие қасиетті өткен»- делініп, Қондыбай әулиелігі дәріптелсе, бұрынғыда екі тармақ орнына біреу ғана алынып: «Әулиеата қасиетті өткен»- қалпында түсінік ауқымы тарыяған.

14. Мұнда тармақ «дуанбасы» сөзімен аяқталып, өзінен бір жол бұрынғы «Аманкүл бақы» сөздерімен біршама ұйқасып, үйлесіп тұрса, бастапқыда: «дуан басында» түрінде тамамдалып, ұйқас келіспеуіне әкелген.

15. Бұл тармақ алғашқыда жоқ та, тек кейінгіде орын алған.

16. Осындағы соңғы сөз: «салдырған»- өзінен кейінгі: екінші, алтыншы, жетінші тармақтар аяқталымындағы сөздерімен біршама үйлесу, ұйқасуға бейімделсе, бұрынғыда оның орнын «салдырып» иеленген.

17. Кейінгіде: «Кезбе болып айналған»- делінсе, бастапқыда: «кезбе» орнын түсініксіз «кірне» иеленген.

18. Соңғыдағы: «Жеті өлікке» орнына алғашқыда «жат өлікке»- ірге тепкен.

19. Мәшһүр-Жүсіпте: «Кесер кеуде»- делінсе, бұрынғыда: «Қосыр құла»- орын алған.

20. Кейінгіде: «Жиеннен туған жиен бар»- делінсе, бастапқыда: «Жиенім туған жиен бар»- отау тіккен.

21. Мұндағы: «Тұқымы жоқ кісідей»- дегендегі бастапқы сөз алғашқыда «тоқымы» болып басылған.

22. Соңғыда бұл тармақ соны: «екеуім», бұдан кейінгінің аяғы: «жетеуім»- деп тамамдалып, ұйқас реті сақталса, алғашқыда аталған сөз соңындағы: «ім» қосымшасы жоқ.

23. Мәшһүр-Жүсіпте: «Жоғартыннан келген төрт атты, // Төменгіннен келген бөрте атты»- делінсе, бұрынғыда: «Жоғартын келген төрт ат, // Төменгін келген бөрте ат»- алынып, бастапқы мен соңғы сөздер қосымшалары түсіп қалған.

24. Бұрынғыда: «Арымказы- ұлтаным»- делініп, белгілі бір адамды себепсіз төмендету алға шықса, соңғыда: «Арғынғазы- шолпаным!»- делініп, шығарма сарынына неғұрлым сай келген.

### 13. Баға үлгілері.

**Баға.** Бұл жоғарыда аталған қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіп қолжазбасы, 1170-папка, 5-7 беттері бойынша беріліп отыр. Сонымен бірге бұл үлгінің жоғарыда аталған В.В.Радлов кітабына кіргенін ескеріп, мәтін бойынша және мәтінге берілген түсініктермен де салыстыру жүргіздік. Бұл мәтін сонымен қатар ақын таңдамалысының 2- томында (Алматы, Ғылым, 1992, 39-42 б.) жарияланды.

1. «Тіленшінің» сөзі турасында 1870 жылғы кітаптың 1994 жылы қайта басылған нұсқасында мынандай анықтама орын алған: «Радлов «Тіленші» есіміне байланысты мынадай түсінік берген: «Тіленшінің әкесі- Қазыбек. Тіленшінің баласы- Алшынбай. Алшынбай баласы- Жүсіп. Қаз дауысты Қазыбек- Қаракесектің ұраны.» Халық шежіресі бойынша, Қаракесек- Орта жүздегі Арғын тайпасының Бес Мейрам тобына кіретін рудың аты. Мейрамнан-Қуандық, Сүйіндік, Шегендік, Бегендік және Қаракесек (шын аты-Болатқожа) болып тарайды.» (Ел қазынасы- ескі сөз (В.В.Радлов жинаған қазақ фольклорының үлгілері), ҚР ҰҒА М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Ғылым, 1994, 596 б. Жинақты баспаға әзірлегендер: Б.Уахатов, С.Қасқабасов, Қ.С.Мағьжанов).

Осы орайда бұл есімге арналған Мәшһүр-Жүсіп түсіндірмесінде біраз өзгешеліктер бар екеніне көңіл бөлу жөн деп таптық: «Тіленшінің әкесі-Бекболат. Бекболат әкесі- Қазыбек. Тіленшінің баласы- Алшынбай. Алшынбай баласы- Жүсіп. «Қаз дауысты Қазыбек»- Қаракесектің ұраны.(1170- папка, 5- б.)

2. «Құдайым, жарылқасын, бай қылсын»- деп басталатын топтама діни ұғымдары көп болғандықтан, кешегі кеңес саясатына сай келмегендіктен бе, әйтеуір 1992 жылғы Мәшһүр-Жүсіп таңдамалысына енбей қалған.

3. Мұндағы «тілеуің» сөзі В.В.Радловта «тілегін»- деп берілген.

4. В.В.Радловта: «береке» орнына «берекет» келтірілген.

5. Ақынның 1992 жылғы таңдамалысында «ұлға» сөзі орнына «ауылға» сөзі қате басылған.

6. Мұндағы «желіннің» сөзі В.В.Радлов кітабында «желіннің» делініп, мүлде басқа мағынаға ие болған.

7. Мұндағы: «оқ жіберсе» сөздері В.В.Радлов кітабында: «оқ шалтырса»- делініп, тағы да мағына өзгерісі туған.

8. В.В.Радловта бұрынғы есту үлгісі бойынша «тепкілесе»- делінсе, Мәшһүр-Жүсіпте ең соңғы «ң» қосымшасы үстеліп, «тепкілесең»- түрінде орын тепкен екен. Біз сөз түбірі «теп» екенін және қазіргі жазу тәртібін ескеріп: «тепкілесең» - түрінде енгіздік те, бұрынғы естілу үлгісін жақша ішінде қорсеттік.

9. В.В.Радлов кітабын 1994 жылы шығарушылар осы «қошақайдың» сөзін «қошақанның»- деп өзгертіп беру себебін былай түсіндірген: «Түпнұсқада «қошқайның»-деп берілген. Дұрысы «қошақанның» болуы тиіс. Ал, Мәшһүр-Жүсіпте бұл сөз: «қошақайдың»- деп жазылғандығын ескеріп, біз өзгертпей алуды қаладық. Себебі ол кезде «қошақан» сөзімен қатар «қошақай» сөзі де қолданылғаны Мәшһүр-Жүсіп жазбасында ап-анық көрініп тұр.

10. 1994 жылғы В.В.Радлов кітабында тағы да сол үлгімен өзгерту енгеніне мынадай түсінік берілген: «Түпнұсқада бұл сөз «ботақайның» -деп берілген. Қазіргі нормаға сәйкес «ботаканның»- деп түзетілді.» (Сонда, 596 б.). Біздіңше, бұ тұста да Мәшһүр-Жүсіптің: «ботақайдың»- деп жазуы тегін емес. Тағы да сол кездегі сөз өрнегі үлгісі ретінде бастапқы қалыпты сақтағанды жөн деп таптық.

11. Мәшһүр-Жүсіпте: «шыңғыр- шыңғыр» болса, бастапқыда (В.В.Радловта): «шыңыр-шыңыр»- күйінде орын тепкен.

Сөз соңында айтарымыз: алпысыншы жылдардың соңында белгілі зерттеуші Мұратбек Бөжеевтің Мәшһүр-Жүсіп туындыларының бір томдығын әзірлегені, оны кітап қылып жариялауға кезең қыспағы бөгет жасағаны белгілі. Міне, сол дайындалған қолжазба папкасында да осы мәтіннің қазіргі әріппен сауатты берілуі де ақын мұрасын зерттеушілер еңбегін арнайы зерттеу қажеттігін дәлелдейді.

### **Бұрынғының батасы.**

Бұл мәтіннің маңдайшасына Мәшһүр-Жүсіптің өз қолымен былай деп түсінік берілген: «Құрттай бала күнімізде батагөй шалдардың бастас кісіге нұсқа қылып қалдыру үшін Көпейбаласы Мәшһүр—Жүсіп жазған (Жоғарыда аталған қолжазба қоры, 1177- папка, 22- бет).

### **Бұрынғылардың тағы бір батасы.**

Бұл мәтін жоғарыда аталған қолжазба қорындағы 1178- папкада ақынның өз қолымен екі тұста: 35- бетте және 101-103 беттерде екі рет жазылған. 35-беттегінің маңдайшасында: «Бұрынғылар баталасқанда: «Арқадағы Абылайдай бол!...»- деп жазылып, әрі қарай біз ұсынып отырған баталар тізбегі берілсе, 101- бетте де тақырып ретінде: «Бұрынғылардың баталарында»- делініп, әрі қарай тағы да осы мәтін шоғыры қайталанған. 35- беттегінің соңы: «Бай-

келді, Бостандай мырза бол!»- деседі екен»- деп, аяқталса,<sup>1</sup> 101- бетте бұған дейін аталған: «Абылай, Даниярға т.с.с. кісі аттарына түсінік берілген: «Абылай мен Данияры белгілі. Бірі- Арқада хандық қылған, бірі: Бұхарды билеп, дәуір сүрген. Қойкелді- Қаракесек: Байсоры деген табынан шыққан. Сақау Тоғжанның өлеңінде бар:

Әкесі әкеміздің- Жанкелді бай,  
Салғанда қара өлеңге көңілім жай.  
Бестауда қойы сыймай толықсиды,  
Бір шеті Дегеленде-Қойкелді бай.

Қойсоймас о да Қаракесек: он алты ұлды Жоламанның баласы, Баймұрын мырзаның әкесі. Тоқа- Алтай- Тоқаның Тоқасы. Ақыл- Күлдіктің: Тоқасының баласы. Өмірінде тұқымынан байлық айрылмаған. «Құлығы»- дегені- Жерұйықтан жібек көген алған екен. Заманындағы жұрт соны көзінен көрген екен. Құлпырып тұрған соң: «Дүниенің құлығы екен. Мұның үрім-бұтағынан байлық кетпейді!»- делінген сөз халық аузына ілінген екен. «Қара мал жылқы малды таппай ма екен, // Қойы бар бай Қуанның он екі мың»- делінген Қуан бай осы тұқымнан шыққан.

Бокты- Қанжығалы: Әжібайдан шыққан. Ол заманда Бұхар, Ташкент сарты Арқаға адам көрмеген бұйым алып келеді екен. Бір белбеулігі- жүз қой.

- Мұнша қымбат! Мұнынды кім алады?- деген қазаққа:

- Абыз шумак Бокты алар, // Басқа қазақ бокты алар!- деген сөз мақалдай бол қалған.

Боктыбайдың жалғыз баласы Добал жұрттың бас қосатұғын бір жиынына қырық сабаны қымызға толтырған екен.

- Бас қосатұғын кенес қайда болады, хан кімдікіне түседі?- дегенде:

- Қырық сабаны қымызға толтыруға шама-шарқы әбден келетұғын үйге түсу керек!- дегенде, сонда Бокты байдың жалғыз баласы Добал:

- Біздікінде болыңыз!-деп, бір күнде қырық саба толтыруға мойнына алышты да, оны қырау құрлы көрмей, толтырышты. Отырған жері сонда Баянаула тауының солтүстік Жасыбай асуының ауызы. Шала- осы күнге шейін сол жері: «Добал жұрты»- атанып қалған: айдай әлемге білікті болғандығы сонша!

Байкелді, Бостан- «Айтқожанын алтауы»- атанған. Жауғаш, Биғаш, Мырзалы, Мырзас, Байкелді, Бостан- алтауы да әйдік болып ауызға ілінген.»

1. «Ақылдың құлпысын берсін»- жолын мандайша еткен бата топтамасы әулеттік мұрағатта сақталған, ақынның өз қолымен жазылған үлгіде де орын алған (2-папка, 267- бет). Бұл түйдектің де мандайшасы ретінде: «Бұрынғылардың бағасы»- орын алған.

2. «Боктыдай бай бол, // Байкелді, Бостандай мырза бол!»- тап осы орында 2- папкада жоқ та, оның есесіне араға 6 жол салып: «Боктыдай байлық

берсін, // Байкелді, Бостандай мырзалық берсін!»- түрінде сәл өзгеріп берілген.

3. «Қарасудан көпір салып өткен»- дегеннен бастау алған мәтін Мәшһүр-Жүсіптің 1178- папкасындағы, 35 пен 101 беттің екеуінде де жоқ, тек әулеттіктегі 2- папка, бойынша енгізілді.

4. 1178-де: «Арқадағы Абылайдай бол, // Бұхардағы Даниярдай бол!»- делінсе, мұнда сәл өзгеше: «Арқадағы Абылайдай даңқ берсін, // Бұхардағы Даниярдай бақ берсін!»

5. Мұнда: «Қойсоймастың үйін берсін»- алдымен ірге теуіп, «Қойкелдінің қойын берсін!» кейінгіге ығысса, 1178-де бұл екі тілектің орны ауыстырылып берілген.

6. Соңғы екі жол 1178-де мүлде жоқ. Осы орайда Мәшһүр-Жүсіптің 2-папкасындағы: «Ақылдың құлпысын берсін!»- деп басталатын баталар шоғыры әулеттік мұрағаттағы Жолмұрат Жүсіпұлы көшірмесінде де (2-папка, 138- бет) орын алғанын ескертеміз.

**Кейінгі бір бата.** Жоғарыда аталған қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіп жазбасы, 1178-папка, 316 (176) бетінен алынды.

#### **14. Мысал-аныз үлгілері**

**Қаршығаны мақтағаны.** Жоғарыда аталған қолжазба қорындағы 1170-папкадағы Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы бойынша әзірленіп, жоғарыда аталған, бұрын жарық көрген: В.В.Радлов кітабы мәтінімен салыстыру жүргізілді:

1. Бастапқыда (яғни В.В.Радловта) бұл тармақ: «Қазасы онан соң иттен жетті»- деп берілсе, кейінгіде (яғни Мәшһүр-Жүсіпте) «онан соң» орнын «көккендеттің» иеленген.

2. Алғашқыда бұл жол: «Шыдамай өнеріңе кеттін үзіп»- түрінде келіп, әрі бір шумақ ішіндегі ұйқас құрайтын: бірінші, екінші және төртінші тармақтың бір ғана «үзіп» сөзімен аяқталып, сөз қайталаулар туғызса, кейінгіде сөз қайталау жоғалып, ұғым нақтылана түскен: «Шыдамай өнеріңе, кеттің сүзіп.»

3. Назар аударарлық жайт: екінші шумақта екі нұсқада бірдей әңгіме қаршығаға қарап айтылып: «алты қаштын» т.с.с.- делінсе, екінші жақты сақтау дәстүрі үшінші шумақта Мәшһүр-Жүсіпте ғана сақталған да, В.В.Радловта ол 3-жақ тұрғысынан ғана берілген:

Көк жендет, ұшушы еді желдей есіп,  
Тұрады қазды ұстап, жаннан кешіп.  
Қара көт қақшымақтап ілгеніне  
Бұ шіркін қолырайды көкжендетсіп.

Ал, Мәшһүр-Жүсіпте «ұшушы еді»- деп, үшінші жақпен айтпай, сөз несінің өзіне жақындатып «ұшушы едің»- түрінде алынумен бірге екінші жолдағы «тұрады» орнын «тұрушы ен» иеленген. Төртіншідегі: «Бұ піркін қодырайды»- сөздерін «тұрады күдірейін» ығыстырған.

4. Бұрынғыда: «Жасымнан салған құсым»- бой көтерсе, соңғыда: «Салғанмен қанша құсты»- табан тіреген.

5. Алғашқыда: «топ үйректің»- енгізілсе, кейінгіде: «топ үйректен»- делінген.

6. Бастапқыда: «Салармын әлі де болса, талай құсқа»- делініп, өліп қалған құс тірілердей болашаққа үміт артылса, екіншіде істің өтіп кеткені нақтыланып, шындыққа жақындау жүзеге асқан: «Салғанмын жалықтастан талай құсқа.»

7. Бұрынғыда: «Алты қаз, он бес үйрек бірдей алып»- қалпында табан тіресе, соңғыда: «бірдейі» орнына «бір жерде» алынған.

8. Алғашқыдағы: «көрінбеді»- сөзін кейінгі: «жолықпады» сөзі ауыстырған.

9. Бастапқыда: «Көк жеңдеттей болмайды құстың бәрі»- отау тіксе, екіншіде «болмайды» орнын «болсайшы» иеленіп, өзімеіну, әсерлену өсе түскен.

10. Бұрынғыда: «Көк жеңдет құс ұшады томен өрлеп»- қалпында шап беріп, әрі томен өрлеу түсініксіздігі туған. Кейінгіде: «Көк жеңдет, ұшушы едің тоғайды өрлеп» түрінде өрістеп, әрі істің бұрын болғанын қадап айтып, соны көксеу, әрі әйтеуір «томен» ұшу емес, белгілі бір мақсатпен «тоғайды өрлеп», яғни аралап ұшу нақтылана түскен.

11. Алғашқыда: «Шабытына тілейді үйрек бер деп»- біршама жалпылама алынса, кейінгіде құс тездігіне ат ілесе алмауы нақты көрсетілген: «Талай ат тұрып қалған көзі терлең.»

12. Бастапқыдағы: «Екпінімен іледі» орынын: «Есіл мен Еділде»- иеленген.

13. Бұл шумақтың бұрынғыда мүлде орын алмағанын ескертеміз.

14. Бұ жолы да алғашқыда: «түсті еске»- түрінде берілсе, соңғыда: «түстің еске»- делініп, екінші жақпен айту, өзіне тартып, иемдену сақталған.

15. Алғашқыда: «Мен қайттым сөйлесе алмай күйіп-жанып»- түрінде болса, екіншіде соңғы «күйіп-жанып» дегенді «құмарланып» ауыстырған.

16. Бұрынғыда: «Мен бардым маңғазыма досым екен»- делінсе, кейінгіде: соңғы «досым екен»- орнына «дүйсенбі күн»- қоныс тепкен.

### **Бозторғай.**

1. Кейінгіде (Мәшһүр-Жүсіпте): «Бір жағы- су, бір жағы- от жар-ды»- дейді»- түрінде берілсе, бұрынғыда (В.В.Радлова) «от» сөзі мүлде түсіп қалған.

2. Соңғыда: «Ерлі-байлы екі бас, баласы жок»- делінсе, бастапқыда алғашқы төрт сөз орнына: «Ерді-катын екеуі»- делініп, бір түрлі ұғыныксыздыққа жол ашылған.

3. Екіншіде бір тармақ: «Асы жок ішеріне байғұс көріп»- күйінде оғау тіксе, алғашқыда «байғұс»- дегенді «жазған» алмастырған.

4. Бұрынғыда: «Күннен амалы жок ол бейшара»- деп өрілсе, кейінгіде «күннен» орнына «күніне» ірге тепкен.

5. Алғашқыдағы: «суға» орнына екіншіде «суларға» орналасқан.

6. Бастапқыда: «Шәкірті ұстазынан алар сабақ»- қалпында табан тіресе, соңғыда: «шәкірті» орнына «шәкіртлер», ал, ең бастысы «ұстаз» сөзі орнына «ұстат» алынған. «Ұстат» сөзі мағынасы «ұстаз» дегеннен анағұрлым кең. Ол араб тілінде оқытушы, білім беруші ғана емес, ғылымға баулушы мағынасын қоса береді.

7. Кейінгіде: «Ұзын күн қармақ салып жүрсе-дағы» қармағына жалғыз шабак қана ілінетіні айтылса, бұрынғыда: «Өзі де күнде қармақ салса-дағы»- делініп, қиындық нақтылығы, ұзақ уақыт жұмсалуды апылмай қалған.

8. Алғашқыдағы: «екі байғұс»- дегенді екіншіде «ауқаты отіп»- ығыстырған.

9. Соңғыда: «Жоқтықта қинар нәпсі көріп жанды»- түрінде келіп, жанды не қинайтыны нақты көрсетілсе, бастапқыда «нәпсі» орнын «жақсы» иеленіп, қыспақты тудырушы не екені көрінбей қалған.

10. Кейінгіде: «Тілеулі құл»- еңсе, біріншіде: «Тілеулі арыстан» болуы бунақ ішінде буын санының өсуіне әкелген.

11. Бастапқыда: «Бір күнде бұлар айтып кетті дейді»- делініп, бір түрлі ұғыныксыздық туса, екіншіде тағы да ұғым нақтылана түскен: «Бір Күнді бол-жал кылып кетті дейді.»

12. «Жаман жоқ бұрыс басқан асқанынан»- жолып маңдай еткен 8 тармақ алғашқыда (В.В.Радловта) мүлде жоқ, соңғыда (Мәшһүр-Жүсіпте) ғана бар.

13. Кейінгіде: «Ол жарлы бір Аллаға налып келді»- делініп, тармақ соңындағы сөздер іргелес екіншідегі: «танып келді» және төртіншідегі: «алып келді» сөздерімен дәлме-дәл ұйқасып тұрса, бұрынғыда ұйқас заңы бұзылып, бірінші жол аяқталымындағы: «налып келді» орнына: «тілеп келді»- жайғасқан.

14. Екіншіде: «берер нәрсе»- болса, біріншіде: «бірер нәрсе»- орналасқан.

15. Соңғыда: «Құдайдың салғанына көніп келді, // Енгенде Мұхаммедке күліп келді»- делінсе, бастапқыда мұндағы екінші- бірінші орнына көшкен де, кейінгінің алғашқы жолы енбей, оның есесіне: «Болғанын бір сұмдықтың біліп келді»- жайғасқан. Біздіңше, мұнда бір сұмдықтың болғанын білетін-

дей жағдай туғанын өспеттегеннен де. «Құдайдың салғанына», яғни тағдырға мойын сұну шығарманың идеялық-тақырыптық негізіне неғұрлым жақын да, орайлы тәрізді.

16. Кейінгіде: «Бұл қалай қасындағы жүрген көпір?»- сауалы берілсе, алғашқыда «жүрген» орнын «сенің» меншіктеткен. Біздіңше, «сенің» дегендегі мағына «қасындағы» сөзі арқылы да аңдалса, «жүрген» сөзі өз орнында тұрған тәрізді.

17.Екіншіде: «Барасын мұны ертін енді қайда?»- шанырақ көтерсе, біріншіде алғашқы үш сөз: «мұны үзгелі барасың»- түрінде отау тігін, әсіресе «үзгелі» сөзі мағына комекшілігін тудырған.

18. Соңғыда (яғни Мәшһүр-Жүсіпте): «Жаратқан жабдығымыз бір Құдайда, // Жатқанға шалқасынан дүние қайда?» - делініп, келуші мақсаты анық баяндалып, әрі алғашқы тармақтар соны кара өлең ұйкасы тәртібі бойынша төртіншімен ұйкасын тұр. Ал, бұрынғыда әрі өз алдындағы шумақтағы бастауқы екі жол тағы қайталанып, сол арқылы келуші тпегі қамтылмай, әрі алғашқы екі жолдың соңғы төртіншімен ұйкаснауы да жүзеге асқан.

19. Кейінгіде бір шумақтың төртінші жолы: «Бір жаққа бетін түзеі салды дейді»- қалпында тамақдалып, өз алдындағы бірінші, екінші тармақ соңындағы сөздермен құп үйлесіп, ұйкасқан. Ал, алғашқыла тармақ аяғы: «жүрді дейді»- деп беріліп, ұйкас тәртібіне қабыспай қалған.

20.Екіншіде бір шумақтың екінші, үшінші тармағы былай берілген: «Бо-ларын бір тамаша танып кетті, // «Маған енді не шар?!»- деп, жүрген Ғалы.» Ал, біріншіде: «тамаша»- сөзі «сұмдықтың», «шар» дегені «бар» күйінде ірге теккен. Біздіңше, сол шумақтың алғашқы жолында: «Ер Ғалы бір Аллаға нанып кетті»- тұрғанын ескерсек те, Аллаға сенген Ғалыға торғайдың өзін көтеруіне «сұмдықтың» емес, «тамаша» сөзі деп келетін тәрізді. Сонымен бірге батыр Ғалының өзімен теңдесер күшті жоғын шегселеген ойын ашуға да «бар» емес «шар» сөзі жақынырақ тұрған сияқты.

21.Әуелгіде: «Серлікпенен торғай тұтты әуел»- делінсе, екіншіде біраз өзгерген, нақтылаана түскен: «Ерлікпенен торғайды тұтты еді.»

22. Бұл шумақ басындағы сөз бастауқыда: «қайла қылып» түрінде келсе, соңғыда: «қайғырып» болып өзгерген. Сонымен бірге төртінші тармақ: «Ойіні бір сапарға бастайды енді»- деп жалпылама хабарлана салса, кейінгіде: «Ғалыны жалап түзге тастады енді»- делініп, қиындықты нақты бейнелеу алға шыққан.

23. Жоғарыда біз келтірген 15- сінтемеде бұрынғыда: «Болғанын бір сұмдықтың білді келді»- дегендегі «бір сұмдықтың» өрнегінің тағы да сонда қайталануын көреміз: «Болғанын бір сұмдықтың білді дейді.» Ал, соңғыда: бір

сұмдықтың» орнын «бір тажап іс» иеленіп, тағы да жарқын сурет басымылығы назір аудартады.

24. Бұрынғыдағы бір ғана «жөнсіз» дегеннің орнына екіншіде үш бірдей сөзге теңкен: «жойқын ен жатқан». Соның нәтижесінде белгілі бір ұғым тамаша жоталана түскен.

25. Кейінгіде: «Сұраймын, жошанды айтып...» түрінде келсе, алғашқыда «айтып» сөзі енбеген.

26. Соңғыда: «Бар еркеті елімнің тойға кетті. / Патшамыз осы уақта тойғын жатыр»- қалыңда ірге теңсе, бастапқыда «елімнің»- дегенді «жылыш», «сәтте» сөзін «жақта» ауыстырған.

27. Бұрынғыда жол соңында: «құрала тұғын» орналасып, өзіне тете екінші тармақ аяғындағы: «бұрмайтұғын» және төртінші соңындағы: «жырлайтұғын» сөздерімен оша ұйқаспай тұрса, соңғыда атаған «еліміңкі» сөз орнына «орнайтұғын» кіргізіліп, шұмақ ұйқасы қалыңда келген тәрізді.

28. Соңғыда: «Сонау жерге барғанда, дауыс шығар. / Той қылып, шулап қалған сонда!!- дейді»- күйінде өрілсе, бастапқыда: «жерге» сөзін «шарге», «ауыс»- дегенді «дауыстан» ауыстырған.

29. Кейінгіде: «Өз құмынан шықпаймын»- алыңса, алғашқыда «құмынан» орнына «елімнен» орналасқан екен, біз соңғыны алдымен беру үстінде біріншідегіні жақина ішінде қоса келтірдік.

30. Мәшһүр-Жүсіпте: «Сонан соң хазірет Ғалы тасты дейді. / Кемпір жаман ол қорқап састы дейді»- деп жазыса, оған дейінгіде (В.В.Радловта) алғашқы жолдағы «тасты» орнына «састы» алынып, әрі екінші тармақтағы «састы» сөзін қайталауға, әрі Ғалы рухына сай келмеуге өкелген.

31. «Өз құмынан шықпайтын неме екенсің» жолы мен соған інескен төртінші тармақ В.В.Радлов кітабына мүлде енбеген.

32. Соңғыда: «Екі етегін беліне түріп алып, / Ер Ғалы тойханаға барды дейді»- деп берілсе, бұрынғыда «түріп алып» - «түріп алды» күйінде келген. Сонымен бірге мұндағы төртінші жолдың соңғы сөздері «барды дейді» өз алдындағы: «алды дейді» (бірінші тармақ соңы), «қалды дейді» (екінші аяғы) сөздерімен күн ұйқасын тұр. Ал, бастапқыда 4- тармақ соңы: «жүрді дейді»- төлгіні, ұйқас сөйкеспейін тудырған.

33. «Кәпірге жүрген жері- заман ақыр»- түріндегі кейінгідегі осы тармақ бастапқыда мүлде өзгеріп кеткен: «Бұрын пайғамбардың бәрі бағыр.»

34. Екіншіде, «Сөт азын салдыртқалы молдасына»- делініп, белгілі бір әрекеттің тек бастапқысы жатқаны орынды көрсетілген. Ал, біріншіде, «салдыртқалы» орнына «салдырған соң» табап тіреп, болып өткен іс тәрізді берсе әсер қалдырған.

35. Алғашқыда: «Коймады боқтамаған әулиеден»- деп, жалпылама айтылса, кейінгіде: «Түк қалдырмай төрт жардан, сақабадан»- қалпында нақтылана түскен.

36. Осы мәтіндегі 59- шумақтың екінші және үшінші тармағы соңғыда: «Көңіліне күндегі сөз қона алмады, // Айтайын деп ентелеп келсе-дағы»- деп өрілген. Ал, бұрынғыда екінші жол: «Көңілі күндегідей тола алмады»- деп, сәл өзгеше берілсе, үшіншідегі: «ентелеп»- «Еңтігіп» сөзімен ауыстырылған.

37. Бастапқыда: «Аруға ер Әлінің күшті дейді»- делініп, бір түрлі ұғынықсыздық тудырса, кейінгіде: «аруға» орнына «аруағы» орнап, белгілі бір ұғым айқындала түскен.

38. Соңғыда: «Ол молда бұрынғыдай күле алмады, // Көңіліне күндегі сөз қона алмады»- түрінде орын тепкен. Ал, бұрынғыда алғашқы тармақ соңы: «күлмеді»- делініп, ұйқас селкеулігін тудырса, екінші жолы: «Көңілі бұрынғыдай бола алмады»- күйінде біраз өзгерген.

39. Кейінгіде: «Дәмептеген тамақтан аш қалады»- делініп, өзінен кейінгі екінші жол соңындағы «тас жанады», төртінші аяғындағы: «бас салады»- сөздерімен дәл ұйқасын тұр. Ал, бастапқыда осы жол: «Әулиенің үлкені ашыланды»- делініп, кейінгі тармақтардағымен оқша үйлеспейді.

40. Мәшһүр-Жүсіпте: «Ер Ғалы бір Аллаға нанып келді, // Болғанын бір ғажап іс танып білді»- жолдары сап түзеген. Алғашқыда (В.В. Радлова) бірінші тармақ соңы: «налыс қылды»- деп аяқталып, ұйқасқа біраз қиғаш келсе, мұндағы: «бір ғажап іс» орнына жоғарыда айтылғандай, тағы да «бір сұмдықтың» килігіп, Ғалының ештеден қорықпайтындығына сай келмеуімен одағайланыш тұр.

41. Бұрынғыдағы екінші тармақ соңындағы: «ыза қылып»- дегенді соңғыда: «мазақ қылып» ауыстырған. Сонымен бірге осы шумақтың төртінші тармағы басындағы: «бойына» орнын екіншіде: «мойнына» иемденген.

42. Кейінгіде 81-шумақтың бірінші жолы: «Қылмыссыз құлға орын-жұмақтан тақ»- болып алынса, бастапқыда «орын» сөзі кірмей қалған. Сонымен бірге екіншіде төртінші жол басы: «Қылмыссыз құлдың орны»-деп басталса, тағы да алғашқыда жеке сөз «құлдың» енбеуі орын алған.

43. Соңғыда: «Бейіш бетін көре алмас қылмысты адам»- делінсе, алғашқыда: «Бар деді бейіште қылмыссыз адам»- деп басқаша өрілген. Дәйектесек, бірінші нұсқада бейіште қылмыссыздың болуы әшейін хабарланумен шектелсе, екінші біз ұсынғанда, қылмыстының кіре алмайтыны шегеленіп ескертілген.

44. Екіншіде: «Бір ауызып қалдырмай тапты дейді» - орын алса, бұрынғыда «бір» сөзі орнын «бұл» иеленген. Біздіңше, сөз реті, мағынасы-бәрі кейінгі нұсқадағының дұрыс екенін ап-анық дәлелдейді.

45. Кейінгіде (Мәшһүр-Жүсіпте): «Он сөзді айтып едің, бәрін таптым»- делініп, молда сұрақтарына жауап бергенін Ғалының еске салуы, пысықтауы орынды келтірілсе, бастапқыда (В.В.Радловта): «Он ауыз сөз айтып едім, бәрін таптың»- делініп, жұмбақ шешуші Ғалы сауал берушіге айналып, белгілі бір бейненің керісінше жағдайға қошуі шыпдықтан мүлде ауытқуды туғызған.

46. Соңғыда: «Болғанда тілім- шежіре, көңілім -хат-ты»- түрінде орнектелсе, алғашқыдағы өзгешеліктер ұғынықысыздық тудырған: «Болғанда тілім сәждеге көңілім қатты.»

47. Екіншіде: «Ұзындығы мың жылдық»- делінсе, бұрынғыда «мың» орнына «мұның» орналасып, белгілі бір ұғымның бұрмалануына жол ашылған.

48. Осының алдындағы 109- шумақтың соңғы екі жолы мен 110-шумақтың бастапқы екі тармағы Мәшһүр-Жүсіпте жазылмай қалғанын В.В.Радлов нұсқасы бойынша анықтап отырмыз.

49. Соңғыда: «Ер Ғалы бір Аллаға нанып кетті, // Құдайдың шеберлігін танып кетті»- орын алса, алғашқыда бірінші жолдағы: «Аллаға» орнына «адамға» кіргізілген. Сонымен бірге Алланы мадақтауға арналған екінші жол мүлде ысырылып, оның орнына: «Болғанын бір сұмдықтың танып кетті»- келтірілген.

50. Мәшһүр-Жүсіпте: «Кедей барып кәпірдің борышын төлеп, // Дін-мұсылман мұны естіп білді дейді»- түрінде өрбісе, бұрынғы В.В.Радлов нұсқасында: «Кедейге кәпірдің борышын төлеп, // Жарлы байғұс сонымен қалды дейді»- жолдары орын тепкен. Мұнда шумақтың үшінші, төртінші жолдары берілгенін, бастапқыдағы екінші тармақ: «Кедей байғұс қуанып алады дейді»- екенін ескерсек, сол бұрынғыдағы екінші мен төртінші жолдарда бір ой, бір идея қайталанып тұрғанын байқау қиын емес.

Осы түсініктемелерді жинақтай келе мынадай түйінге тірелеміз. Мәтіндегі жеке сөздер, не сөйлемдер түрлішелігі кездейсоқ емес. Ол белгілі бір үлгінің ел арасында көп нұсқалы (вариантты) болып келетінін дәлелдейді. Сонымен бірге В.В.Радлов кітабы ертерек (1870 ж.) шыққанын ескерсек, мәтінді зірлеу кезінде қазақ тілінің сыр-сипатын жетік біле бермегендіктен және баспа қызметкерлері байқамауынан кеткен ағаттықтарға т.с.с. назар аударылуы- бәрі ғылым, шындық заңы алдындағы жауапкершіліктен ғана туғанын дат етеміз.

### **Киік.**

Бұл туынды ҚР ҰҒА Орталық ғылыми кітапханасы қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіп жазбасы, 1170- папка, 312-321 беттері бойынша зірленіп, жоғарыда аталған В.В.Радлов кітабындағы мәтінмен салыстыра саралау қоса жүргізілді.

1. Бұрынғыда (В.В.Радловта): «Тұзағына керуеннің»- алынса, екіншіде (Мәшһүр-Жүсіпте) «керуеннің» дегенді «кәуірдің» (кәпірдің) сөзі ауыстырған.

2. Бастапқыда: «Құдайым жеткізбейсің бізді дүзге, / Естімеген сөз кетер құла түзге»- делінің, екі тармақ аяғы да «дүзге» сөзімен тамамдалып, бір түрлі ұғынықсыздық тудырған. Мәшһүр-Жүсіпте алғашқысы «жүзге» сөзімен аяқталып, шығарма авторының жүз жасқа жетпеуі мүмкіндігіне назар аударылған. Біз соңғы нұсқа шындыққа неғұрлым жақын тұр деп санадық.

3. Алғашқыда: «Аяққа жығылды ол киік мойын қойып»- түрінде берілсе, кейінгіде: «Хаққа киік жылады мойнын бұрып»- табан тіреп, әрі киіктің кімнен көмек күткені нақтылана түссе, әрі тармақ сонындағы «мойнын бұрып» сөздерінің өз алдындағы: « торын құрып»- дегенмен дөп ұйқасуы жүзеге асқан.

4. Біріншідегі: «жетіп барды»- дегенді соңғыда «кез боп қалды» алмастырған.

5. Бұрынғыдағы: «көруге» сөзі екіншіде: «кәуірге»-- дегенмен өзгертілген.

6. Қара сөзбен берілген Мұхаммедтің бұл сөздері В.В. Радловта жоқ, тек Мәшһүр-Жүсіпте бар.

7.Бастапқыдағы: «киігінді» сөзін кейінгіде: «күйігінді» ауыстырған.

8. Алғашқыда: шумақ соңы: «төлер-ақын» сөзімен тамамдалып, өз алдындағы бірінші-екінші аяғындағы: «тереді-ақпын», «ерер-ақпын»- сөздерімен толық ұйқаса қоймаған. Соңғыда бұл өрнек: «берер-ақпын»- дегенмен алмастырылып, өз алдындағы жолдар соңындағы: «терер-ақпын»- «ерер ақпын»- сөздерімен құп үйлесіп, ұйқас сапасы жақсарып, сөз мағыналары нақтылана түскен.

9. Жоғарыда айтылған 1170- папканың 314- бетінің сол жақ қапталында Мәшһүр-Жүсіп түсініктемесі берілген: «Алла рахим сал ғаламин ташафах ила-иа ал- заби бафасах калам. «Уалайыл анхират» кітабында сөйлейді киікке шапағат қылғанын.»

10. Бұрынғыда: «Киік баласы айтты:

Пайғамбар бізден бұрын өтті дейді,

Пендесіне жол салып кетті дейді.

Алақай анам салды да жетіп келді,

Не болды саған ана депті дейді,- деп жазылған. Ал, кейінгіде бұл былай берілген: « «Сонда киіктің екі лағы айтады:

-Алақай, анам аман кепті!- дейді,

-Жүрдің бе қимай тәтті шөпті ?- дейді.

- Күнде ерте мұнан бұрын келуші едің,

Не болды бүгін саған?- депті дейді.

Екі нұсқаны салыстырсақ, алдымен «Киік баласы айтты» дегеннен кейін: «Пайғамбар бізден бұрын өтті дейді»- сөздері киік лағы аузынан айтылғандай

естіледі де, оған лайық еместігі көзге ұрады. Екіншіден, біріншідегі: «Не болды саған ана»- сөздерімен шектелу лақ мазасыздануы себебін толық ашпайды. Ал, соңғыда ешкінің бұрын ерте келетіні еске алынғасын барып, лақ абыржуын не тудырғаны нақты көрсетілген.

11. «Күнәйым» сөзі бүгінгі қолданыста жоқ болғанымен, көне заманда орын алғанын Мәшһүр-Жүсіп жазбасы арқылы анықтауға болады. Біздіңше, «күнә» айтылғанда, толық күнә, ал «күнәйым» келтірілгенде, аздаған, жартылай күнә мағынасы берілетін тәрізді. Ол жағын тіл тарихын зерттеушілер анықтай жатар деген ниетпен біз сол кездегі жазылу қалпын сақтап бергенді жөн көрдік.

12. Әуелгіде: «Жабаның отына жүргенімде, // Түсірді тұзағына бір Құдайым»- қалпында отау тігілсе, екіншіде сәл басқаша: « Жапаның отын оттап жүргенімде, // Кез қылды жайған торға бір Құдайым!». Кейінгіде берілмеқ ұғым түсініктілігі, нақтылығы басым сияқты.

13. Біріншіде:

Сол кәуір жіберерде үндемеді,  
Мұхаммед кепіл болған Мұстафа еді.  
Жерінде мезгіл айтқан бармай кетсек,  
Сол кәуір Мұстафаны ұстайды енді.

Екіншіде:

Ол кәуір босата ма, өлмей, қолдан?  
Тоқтатты тұзақ құрып бізді жолдан.  
«Келсін-деп, бір емізіп балаларын!»-  
Пайғамбар хак Мұхаммед кепіл болған.

Біздіңше, ұйқас толымдылығы, белгілі бір бейнеге көзқарасшынайылығы, оқиғаның даму реті, нақтылық сипаты- бәрі де соңғының ел аузынан дұрысырақ жиналғанын дәлелдесе керек.

14. «Ай, шеше, сен барғанда, біз барармыз»- жолын маңдай еткен сегіз тармақ Мәшһүр-Жүсіпте 14-15- шумақ болып тұрса, В.В.Радловта ол кейін ығысып, 18, 19- шумақ ретінде орналасқан.

15. Соңғыда: «азап іздеп»- деп, нақты да, түсінікті берілсе, бұрынғыда: «азын іздеп»- күйінде келіп, ұғым көмескілігі туған.

16. Бастапқыдағы: «жығылды» сөзі кейінгіде: «ұсындық»- болып өзгертілген.

17. Бұрынғыда: «Хабар болар, жүре көр, Мұхаммедім»- түрінде алынса, екіншіде: «хабар болар»- орнын «хабарлас боп» - иеленіп, тағы да белгілі бір ұғым нақтылығы артуы жүзеге асқан.

18. Кейінгіде: «Жетер ме екен Аллаға мұң-зарыңыз?!»- делініп, өз алдындағы бірінші, екінші тармақ сондарындағы: «сіз барыңыз», «тез

барыңыз»- сөздерімен толық ұйқасып тұр. Ал бастапқыда: «мұн-зарыңыз» орынын «тілегіңіз» иеленіп, орныққан ұйқасқа мүлде кірікпей қалған.

19. Алғашқыда: «Киікті кәуір қуанғаннан қамап алды, // Қамап алып мойнына белбеу салды»- делінсе, екіншіде екі рет қайталанған «қамап» сөзінің скеуі де «қармап» болуы көңіл бөлерлік. Салыстырсақ, киік қамайтын қора, үй жоқ жерде «қармау» сөзі неғұрлым шындыққа жақын тәрізді.

20. Біріншіде: «Мен де өзіндей болармын мұсылман»- делінсе, екіншіде: «Мен де өзіндей мұсылман болармын ба?»- түрінде өзгерген. Осы орайда бастапқы бірінші, екінші жолдардың: «қонар құмға», «осы жолда»- сөздерімен аяқталуын ескерсек те, сонғының дұрысырақ екені дау тудырмас деп ойлаймыз.

21. Бұрынғыда: «Бұлбұл деген құс ұшып қонады, // Саясынан сарқырап оқ жонады»- түрінде келсе, кейінгіде басқаша: «Иман тапқан Құдайға құл болады, // Айтқан сөзі әрқашан пұл болады.» Осы орайда бұдан кейінгі шумақта: «Құс ұшып бұлбұл деген қонар құмға»- калпында ірге тешкенін ескерсек, алғашқыда қайталау орын алғаны айқындалады.

### **Лашын мен қарға.**

Бұл туынды жоғарыда айтылған қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіптің екі жазбасын: әріп таңбалау сипатына қарағанда, ертерек қағазға түсірілген 1170-пашканың 668-671 беттерін және кейінірек қағазға түскен 1176-папка, 4-дәптер, 285(31)-282(34) беттерін салыстыра отырып әзірледі. Көп ретте 1170-тен гөрі 1176-да бейнелеу амал-тәсілдерінің жетілдірілгені байқалады. Бұл арада белгілі бір шығарманың ел арасында түрлі сипатта таралу мүмкіндігін ескерсек, Мәшһүр-Жүсіптің туындының сақталу үрдісі бойынша қағазға түсіргені байқалады. Шығарманың қай кезеңде жазылғаны туралы 1170- папка мәтіні соңында мынадай ескерту орын алған: «Бұрынғы заманның ескі өлеңі.»

1. Бастапқы үш шумақ 1170- те жоқ та, тек 1176- папка бойынша берілді. 1170-те мәтін маңдайында мына түсінік жазылған: «Бір қарға бес балапанына лашын алып жеп кеткен үйректің қалған тамтырын алып келіп тастай беріпті. Сонда балалары, бұрын жеп көрмеген, шошып кетіп: «Қайдан алдың?»- дегенде, қарғаның айтқаны.»

2. Бұл туындыда төртінші шумақ ретінде ұсынылған бұл төрт тармақ 1176- да мүлде жоқ, тек 1170 бойынша енді.

3. 1170- те «аққу мен қаз»- делінсе, 1176-да «алқоңыр қаз»- делінген.

4. 1176-да: «өтірікшінің өмірі», ал 1170- те «өтірік айтсан, өмірің». Біз тек бір адамға емес, бар өтірікшіге қатысты айтылған 1176-ны таңдадық.

5. 1170-те бұл екі жол мүлде басқаша өрілген: «Ай, балам, мен тіріде не көрмесің, // Қаз, үйректен басқаны бір жемесің!» Бұл ойлар үшінші,

төртінші шумақта, кейін де біраз қайталанғандықтан, мақтанушы бейнесін нақты ашарлық 1176-ны таңдадық.

6. Тағы да 1170- тегі қайталауға құрылған: «Аспаннан акку, қазды ілер шешен»- орнына, белгілі бір сезімді, мақтануды жаңа бір биікке көтерген 1176-дағы «Ақ сұңқар әуедегі етін жесең!»- тармағын таңдадық.

7. 1170- те осы төртінші тармақ бесінші шумақтың соңғы жолын біраз қайталаған: «Есен ұшсақ игі еді осы жолы!» Біз тағы да лирикалық бейнені жаңа бір қырымен танытарлық: «Бекер, шешем, әкелдін бізге мұны?!»- дегенді 1176- бойынша енгіздік.

8. 1176 бойынша кіргізілген: «Қанағат қашан қашқан»- орнына 1170- те «Қанаттыда үлкен жоқ»- күйінде отау тіккен екен. Біздіңше, қарғаның сұңқар, лашыннан, не бүркіттен үлкен еместігі көзге көрініп тұр. Сондықтан кейіпкер мінезін шынайы бейнелеуге 1176-дағы неғұрлым дөп келетін тәрізді.

9. 1176-да: «Оқыған күн аударып бесін деймін»- болса, 1170- те бастапқы үш сөз: «Біреуі бес намаздың»- қалпында сап түзеген екен. Біздіңше, әйгеуір бес намаздың бірі екені жалпылама айтылғаннан да, нақтылығы басым 1176-дағы ұтымды.

10. 1170- те: «Кім өлтіріп тастады [бұл] үйректі, // Жанына отірік сөз...»- деп берілсе, 1176- дағы біз ұсынған сөздер лирикалық бейне сипатын неғұрлым шынайы ашуға көмектесіп тұр.

11. 1176- да қарға сөзі берілмес бұрын баяндаушы түсінігі қара сөзбен беріліп, өлеңнің қандай жағдайда туғаны айқындалған: «Сонда қарғаның қасында қарлығаш бар екен. Қарға жан-жағына қарап, қарлығаш жоқ болған сон, айтқаны:»

12. 1170- те: «Түбіме өлтіруге сол-ақ жетті»- күйінде алынса, 1176-да «өлтіруге» орнына «шағымшы боп» енген екен. Біздіңше, ақырында қарғаның өлтірілмегенін ескерсек, алдын-ала: «өлтіруге»- деп байбалам салғаннан да жай ғана «шағымшы боп»- деген 1176- дағы шындыққа неғұрлым жақын.

13. 1170- те: «Келсе, келсін, қорықпаймын мен лашыннан, // Қарғада сүймегенге сүймен жоқ па?!», ал 1176-да: «Келгенмен, лашын маған не қылады, // Онда тұмсық бар-дағы, менде жоқ па?!» Біздіңше, қарғаның сөйлеу мүмкіндігі, адамдар қолында ғана болатын сүйменді айтқаннан да, өзінде және лашында да бар тұмсықты көлденен тосуы шындыққа неғұрлым жақын.

14. «Шын сөйлеген әр жерден ет жейді ғой»- тармағын бетке ұстаған 12-шумақ 1170-папкада мүлде жоқ, тек 1176- бойынша берілді.

15. 1176-папкада 14- шумақ басы: «Балалар, басты өлімге байламайық, // Жок нәрсені уайым қып ойламайық»- болса, 1170- те: «Өзен бар мына жақта Еділ, Жайық, // Бір қоныс мұнан кетсек бізге лайық.» Біздіңше, осы

шумақтың соңғылары: «Балалар, ол жалғыз да, біз алтау ғой, // Алтаумыз тұс-тұсынан найзалайық!»- екенін ескерсек, бұған 1170-тің алғашқыларында сөз болған қоныс аударып, ығыспақ ниеттен гөрі күрес-әрекетке бейімдеген 1176-нұсқасы дөп келеді.

16. «Мінгені патшалардың каражал сұр»- дегенді ту еткен 15- шумақ пен оған ілескен 16-шумақ 1170-те жоқ, тек 1176- бойынша ұсынылды.

17. 1170-те: «Қырымнан көзі шалып қалған екен, // Көтінен кара лашын қуып жетті.»- деп өрбісе, 1176- да алғашқы тармақтың соңғылары: «көрген екен». Біз «көзі шалып көрген»- дегенде, көзі шалу мен көруде- бірін-бірі қайталау барын ескеріп, бұ жолы «қалған екен»- деген 1170-ті құп көрдік. Оның есесіне 1170-тегі «көтінен» сөзінің 1176-да «соңынан»- деп өзгертілуін жөн көрдік.

18. «Білмейсің жаман қарға, әлің!»- деп басталатын 22-шумақ 1176- да мүлде жоқ, тек 1170 бойынша енгізілді.

19. 1176- да «бір қасық анам берген сүті тәтті»- делінсе, қарғада сүт болмайтынын ескерсек те, 1170- те «сүті» орнына «суы» алынғаны ұтымды саналды.

20. 24-шумақта 1170-тегі: «Мінгені падишаның»- дегендегі соңғы сөз орнына 1176-ның «батырлардың» сөзі енгізілді. Сонымен бірге 1170- те: «Дәм татқан мың тоғайдан бір кара құр»- дегендегі алғашқы «мың»- «бір», кейінгі «бір» «мың» болып, тағы да 1176 бойынша түзетілді. Сондай-ақ 1170- тегі «кара да тұр» орнына тағы да сөз мағынасына, ретіне қарап бұ жолы да 1176 бойынша: «асықпай тұр»- нұсқасы тиімдірек деп саналды.

21. 1170- те: «Өлгірмей, шешемізді қылсаң азат»- қалшында сап түзесе, 1176-да «шешемізді» орнына «бәрімізді» жайғасқан екен. Тек шеше емес, балаларына да қауіп төнгені ескерілген 1176- дағы үлгі ұсынылды.

22. 1176-да: «Сауысқан, сенің атың- ала қарға»- күйінде бой түзесе, 1170- те: «сенің атың» орнына «құстың қоры»- орын тепкен екен. Сөз ретіне, мағынасына қарап, 1170- үлгісін кіргіздік.

23. 1170-те: «Ай, қарға, мұнан былай қотінді қыс!»- деп айтылса, 1176- да: «өтірік айтпа» қосылып, «мұнан былай» ығыстырылған екен. Сөз реті, мағынасы- бәрі 1176-дағының ұтымдырақ екенін дәлелдейтін тәрізді.

24. 1170-те: «Арасы қырық күншілік шөлдер екен, // Тұс болмай, тоғайға ағып түсті дейді»- деп өрнектелсе, 1176-да «шөлдер» орнын «жолдар» иеленген. Сөз қисынына қарап, біз 1170-ті таңдадық. Ал, оның есесіне мұндағы «тоғайға ағып»- түзілімі «алып барып» сөздерімен жаңаланды.

25. 1170-те соңғы 33-шумақтың кейінгі үш жолы: «Бұтына тышты қарға өтірік айтып, // Балалар өлмесіне себеп болды, // Жалынып, жалғаны жоқ шынын айтып.»- деп берілген. Ал, 1176-да ол жолдар: «Балалар құтқарыпты зарын айтып, // Бұл ғибрат кейінгіге қалсын бізден, // Өткенді кім тауысар

бәрін айтып?!» Біздіңше алғашқыдағы бірінші жолда бұрынғы айтылғанды қайталау орын алса, 1176- да қайталау болмауы назар аудартады.

## 15. Өлең-дастандар

### Алтынбас пен Күмісаяқ.

Жоғарыда аты аталған қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіп жазбасы, 1170- папка, 321-338- беттері бойынша әзірленіп, бұдан бұрын ескертілген В.В.Радлов кітабындағы осы туындымен салыстырыла саралау қоса жүргізілді.

1. Соңғыда (Мәшһүр-Жүсіпте): алғашқы шумақтың төртінші жолы: «Малға бай, басқа кемтар бір хан өтті»- делініп, өз алдындағы бастапқы жолдар аяғындағы: «жақсы кепті», «өтіп кетті»- сөздерімен құп үйлесіп, толық ұйқасып тұрса, бастапқыда (В.В.Радлов кітабында) ұйқас сапасы солғындап, төртінші тармақ аяғында: «адам болды»- түрінде келген.

2. Бұрынғыда: «Қисса айтсам, көңіліңіз жай болыпты»- делінсе, кейінгіде бұл тармақ өзгерген: «Кең жиһан қапалыға тар болыпты.» Біздіңше, алғашқыдан келтірілген екінші шумақтағы осы тармақ өз алдындағы жалсарлас біріншідегі: «Айтамын, тыңдасаңыз, жақсы кепті»- дегенді біршама қайталап тұр. Ал, екінші нұсқада қайталау жоқ, белгілі бір философиялық ой үстеліп, шығарма жүгі, мәнділігі арта түскен.

3. Үшінші шумақтың соңғы үш жолы кейінгіде: «Бак құсы өмір бойы басында еді.// Келгенше қырыққа жасы перзент көрмей, // Өлгеннің, өлмесе де, қасында еді»- деп өрбіген. Ал, біріншіде бұл жолдар: «Әлемнің көп қайғысын оған берді.// Жылады қырыққа шейін бала тілеп, // Сүйтсе-дағы тілеуін еш бермеді.» Бұл екі нұсқаны салыстырсақ, соңғыда біз келтірмеген алғашқы тармақ аяғындағы: «жасында еді»- дегені екінші тармақ соңындағы: «басында еді», төртіншідегі- «қасында еді» сөздерімен толық ұйқасып тұр. Ал, біріншіде ұйқас құрайтын соңғы бунақтар: «жасында еді», «оған берді», «еш бермеді»- қалпында отау тігіп, ұйқас сапасын көп әлсіретіп, өлең көркемдігіне едеуір нұсқан келтіріп тұрғанын байқау қиын емес.

4.Бұл туындының төртінші шумағына көңіл бөлсек, Мәшһүр-Жүсіпте:

Бастан кем, тар болған жан- малды дейді,

Кедей көп болған жақты-жанды дейді.

Жеткенше алшыс жасқа бала болмай,

Бір-бірлеп жетпіс қатын алды дейді.

В.В.Радлов кітабында бұл шумақ мүлде басқаша келтірілген:

Қылыпты кей адамды малды дейді,

Қылыпты кей адамды зарлы дейді.

Жетіпті ол патша алшыс жасқа,

Алшыста жетпіс қатын алды дейді.

Салыстыра сараптасақ, Мәшһүр-Жүсіпте өмірде малы көптер «бастан кем» болатынын, ал, малы аздар керісінше «жақты-жанды» күй кешетінін салыстыру арқылы жаңа бір идея өрбіп, жетпіс әйелді бір-бірлеп алу сөз болса, бастапқыда алпыс жасқа толғанда барып, бірден сонша әйел алғандай көрінеді.

5. Алғашқыда: «Тағат қып дүниеге жүрмеген соң»- деп берілсе, екіншіде: «дүниеге» сөзін «қорқып хақтан» ауыстырған.

6. Біріншідегі: «Әр нәрсе сеніменен бермеген соң»- жолы бір түрлі ұғынықсыздық тудырса, кейінгіде «сеніменен» сөзі «сәніменен» деп алмастырылғанда, түсініксіздік жойылды.

7. Бұрынғыдағы: «ойбайым» сөзі орнына соңғыда: «уайым» қоныс тепкен.

8. Бастапқыда: «Өлейін қаңғып жүріп құла түзде»- делінсе, кейінгіде: «Үйінен қаңғып кетті құла түзге»- түрінде өрістеп, әрекет нақтылығы алға шыққан.

9. Алғашқыда бірінші жол: «Көңілім жамандыққа бола берді»- қалпында орнығып, өзінен кейінгі екінші, төртінші тармақтар соңындағы: «көне берді», «жүре берді» сөздерімен онша ұйқаспай тұрса, екіншіде: «Бола берді»- орнын «бөле берді» иемденіп, ұйқас тәртіптелуі жүзеге асқан. Сонымен бірге сол тармақтағы «жамандыққа»- кейінгіде «жалған құрғыр»- деп ауыстырылған.

10. Біріншіде: «мал беріп»- деп жай баяндалса, екіншіде: «мал шашты да»- алынып, мырзалық сипаты нақты ашыла түскен.

11. Бұрынғыда: «Алдынан кез келеді бір жалғыз адам»- деп, жай хабарланса, соңғыда алдымен «бір зарлы» дауыс шыққанына алдымен көңіл бөлгізеді: «Алдынан дауыс шықты- бір зарлы адам!»

12. Бастапқыда: «қылар ма екен?»- деген сауал ретінде келтірілсе, кейінгіде: «қылар бекем»- жауап түрінде орныққан.

13. Алғашқыда: «Жыласып біріне-бірі»- делінсе, соңғыда: «зар еңіреп жыласумен»- келтіріліп, белгілі бір сезім әрекеттің аз да болса, дамып, нақтылана түсуіне жол берілген.

14. Біріншіде: «Кемпір айтты мен келдім сексен жасқа, //Сексен бес жасымда жетпіс байға тидім деді», ал, екіншіде: «Өткіздім жетпіс байды бір-бір санап, //Сонымен сексен жасқа келдім- дейді»- тармақтары орналасқан. Біздіңше, алдыңғыда құр баяндау басым да, аяққыда кемпір сипатын аңдатарлық бояу бар. Мәселен, «бір-бір санап» тиюдін өзі талғам, екшеу орын алғанына жарық себездеп тұр.

15. Бұрынғыда: «Үйімде бала зары болды дейді, // Бауырымды қайғы отқа күйді дейді»- деп айтылса, соңғыда: «Көңілімде перзент зары болды,- дейді, // Бауырым қайғы-ғамға толды,- дейді.»- қалпында отау тіккен.

Біздіңше, бастапқыда алғашқы тармақ аяғындағы: «болды дейді»- дегенге іргелесті тамамдаушы: «күйді дейді»- толық ұйқаса алмай тұр. Ал, екіншіде ұйқас та толық, сезім нақтылығы да басым.

16. Екі нұсқаның әрқайсысында 15- шумақ мүлде өзгеше болуымен ерекшеленеді. В.В.Радловта:

Әуелі зарлы боп жүрді дейді,  
Көңіліне иман нұры кірді дейді.  
Жамағат ықыласымен мұны тыңда,  
Көз жасын екі мүсәпірдің көрді дейді.  
Мәшһүр-Жүсіпте:  
Екеуі бірін-бірі сұйді дейді,  
Шалына ақ жолмен тиді дейді.  
Елсізде екі мұидық бас қосқан соң,  
Көз жасын аяп Тәңірім иді дейді.

17. Бастапқыда: «Дегені бейшараның сол емес пе, // Сол кемпір сексен бесте болды жүкті»- енгізілсе, кейінгіде: «Сұрауы жеткен- деген осы емес пе, // Сол кемпір сексен жаста болды жүкті» - беріліп, егде тартқан адамның бала көтеру мезгілі бес жас төмен түскені байқалады.

18. 18- шумақ та өз алдындағы 15- шумақ тәрізді екі нұсқада алуан түрлі болуымен назар аудартады. В.В.Радловта:

Азапты өлгенінше көрмеді енді,  
Көңілінде жамандығы болмайды енді.  
Алтынбас туған күні той қылып,  
Ел- жұртқа келсін деп хабар берді.  
Мәшһүр-Жүсіпте:  
Азапты өлгенінше көрмейді енді,  
Көңілді жамандыққа бөлмейді енді.  
Алтынбас туған күні тойын қылып,  
Бұл тойға нанып ешкім келмейді енді.

Назар аударсақ, біріншіден, бастапқыдағы аяққы сөздер: «көрмеді енді», «болмайды енді», «хабар берді»- ұйқас талабына онша сай келмей тұрса, кейінгідегісі толық үйлесуімен көзге түседі. Екіншіден, «азапты... көрмеді»- дегеннен де «азапты көрмейді»- қалпындағы соңғы нұсқа шындыққа жақын. Себебі әңгіме өткен кез, не тіпті осы шақ туралы емес, болашақта азап көрмеу хақында болуға тиіс десек, екіншінің ақиқатқа жуықтығы дау тудырмайды. Үшіншіден, бастапқыда тойға шақыру туралы ғана ескертіліп, сонымен шектелсе, кейінгіде шақырғанға ешкім сеніп, келмегені баяндалады. Біздіңше, шығармада одан әрі басқа оқиғалар өрбігендіктен, тойға келу- келмеуді анықтайтын осы бір детальды сақтаған соңғы нұсқа шығарманың басты идеялық тақырыптық негізіне жақынырақ тұр.

19. Бұрынғыда: «Алтынбас сай кез оған атамсың?»<sup>6</sup> деп берілгенде, біртүрлі түсініксіздік туса, соңғыда «сай кез оған»- орнын: «сегіз оғың»- иеленіп, ұғынықсыздық ысырылған.

20. Алғашқыда: «Берерметілегімді бірсағымды, // Ойнаймын ғашығыммен бұл шағымда»- делінсе, кейінгіде: «Туғаннан менің көңілім бір сағымда, // Мен ойнап күлсем деймін жас шағымда!»- түрінде қоныс тепкен. Түске кірген қыздың ғашық жігітін шақыруына әңгіме негізделгенін бағымдасақ, сол мақсатқа бағындырылған екінші мәтіннің шығарманың идеялық-тақырыптық негізіне неғұрлым жақын екенін дәйектейміз.

21. Бастапқыда: «Е, әке, рұқсат бер енді маған, // Айтып зар еңірепті мекнат жеп»- қалпында берілсе, екіншіде соңғы тармақ мүлде басқаша: «Ұйқы ұйықтап, күн көре алман, мен тамақ жеп.»

22. Біріншіде 24- шумақтың екінші, үшінші жолдары: «Басқа іс түссе кім сарғаймас күн туса деді. // Атеке, жұмысыңды бітір деп» қалпында ірге тепсе, кейінгіде: «Кім сарғаймас, басқа күн туса?!»- дейді. // Әкеке, жұмысыңды істетіп ал!»- түрінде өзгерген. Зерделесек, бұрынғыда бір тармақ ішінде: «іс түссе», «күн туса»- деп екі рет шарттасқаннан да, соның бірін ғана алған соңғы ұтымдылығы айқын. Сонымен қатар біріншіде: «жұмысыңды бітір»- сөздері әкеге қатысты алынса, екіншіде: «жұмысыңды істетіп ал»- дегеннен оны атқаруға тиісті тек бала екені- айқындалған.

23. Бұрынғыдағы: «Жарасар алмас пышақ қыңға деді, // Құдаң енді қылдым саған деді»- жолдарының екіншісі соңғыда мүлде басқаша: «Құдайым берген екен сынға! - дейді.» Байыптасақ, біріншінің, екінші тармағы бір түрлі түсініксіздік әкелсе, екіншінің сол жолы нақтылығымен және алғашқымен толық ұйқасуымен көңіл белгізеді. Нақтылық дейтініміз, бұдан кейін әкесінің ұлын сыннан өткізу мақсатында таудай болып көрінген тасты әкелуге жұмсағанын, баласының оны орындағанын көргесін барып, жауапты сапарға рұқсат бергенін дәйектесек, кейінгі үлгідегінің ақиқатқа лайық екені ашыла түседі.

24. Алғашқыда:

Айтайын жаңа бір сөз енді деді,

Тілегін бейшараның берді деді.

Көрінген таудай болып қара тасты

Қысты да қолтығына жүре берді,- деген шумақ ірге тепсе, екіншіде алғашқы екі жол: «Жең сыбанып, етегін түрді дейді, // Тасқа қарай бет алып жүрді дейді»- түрінде өзгешеленіп, үшіншісі әуелгі нұсқамен бірдей болып, ал, төртіншіде тағы да басқаша келген: «Қолтығына қыстырып келді дейді.» Бағымдасақ, біріншінің бастапқы екі тармағы бұрын-соңды айтылған ойды қайталауға ойысса, екіншісі кейіпкер іс-әрекетін нақты өрнектеуге құрылған.

25. Бастапқыда 27- шумақтың үшінші жолы: «Бара көрдім тасты, ай, қарағым!»- деп берілсе, кейінгіде: «Өмірінше келтіре алмас!»- деп айтып ем!» - түрінде өзгерген. Зерделесек, біртүрлі түсініксіздік арқалаған біріншіден әке уайымын нақты ашқан екіншідегісі шығарманың тақырыптық-идеялық негізіне бағындырылуымен ұғып тұр.

26. 15, 18- шумақ тәрізді 29- шумақ та екі нұсқада түрліше болуымен назар аудартады. В.В.Радловта:

Алланың дағдырына көне берді,  
Ғашыққа біткен ойын бөле берді.  
Арызын атасына айтсын деді,  
Салып ұрып сарыала атқа мініп, жүре берді.  
Мәшһүр-Жүсіпте:

Алланың салғанына көне берді,  
Көңілін ғашық жарға бөле берді.  
Арызын атасына айтты-дағы,  
Мінді де сарала атқа, жүре берді.

Сараптай үнілсек, біріншінің алғашқы тармағындағы: «... дағдырына»- орның соңғы нұсқада «салғанына» иеленумен бірге екінші жолда алғашқыдағы: «Ғашыққа біткен ойын» бөлу емес, «көңілін ғашық жарға» бейімдеу алға шыққан. Сондай-ақ бастапқының үшінші жолы ұғынықсыздығымен көзге түссе, кейінгіде нақтылық, дәлдік орнаған. Алғашқының төртінші тармағында буын саны кілт өсіп, мақам, ұйқасқа т.с.с.теріс ықпал тудырса, кейінгіде қалыпты өлшем сақталған. Мұның бәрі не ел арасында шығарманың сақталу түрлішелігінен, не кітап әзірлеушілер жаңсақтығынан орын алуы ықтималдығына тағы да назар аудартқымыз келеді.

27. 30- шумақтың бірінші тармақтан басқа қалған үш жолы екі нұсқада бір-бірінен өзгеше болуымен көңіл бөлгізеді. В.В.Радловта: «Құдайдың бұйрығымен келдім мұнда. // Мекенім сұрасаңыз менің алыс, // Жетерсің күйіп жаның бес мың жылда.» Мәшһүр-Жүсіпте: «Біздің жер жырақ емес, келсең мұнда, //Арада дамыл алмай жүрсең күн-түн, // Жетерсің күйіп-жаның бес мың жылда!» Сараласақ, жол ұзақтығын нақты да, әсерлі бейнелеу біріншідегіден гөрі екіншіде басым тұрған сияқты.

28. Бұрынғыдағы: «көрінбеді»- орнына соңғыда: «көңілін бөлді»- жайғасқан.

29. 15, 18, 29- шумақтар тәрізді бұл 34-де түрлішелік басым. В.В.Радловта:

Алтынбас сәлем берді кәріге,  
Сұрады халін, жұртын тағы және.  
-Е, жігіт, сабырлық қыл Аллаға,

Жетерсің шапшаң жүрсен бір жылда.

Мәшһүр-Жүсіпте:

Алтынбас қарияға сәлем берді,

Хабарын ғашық жардың сұрайды енді.

-Ай, жігіт, сабырлық қыл бір Аллаға,

Жетерсің, мойныңа алсаң, бір мың жылды!

Салыстырсақ, екеуінде алдымен ұйқас екі түрлі. Сонымен бірге не В.В.Радловқа айтқан адам жаңылуынан, не баспа қызметкері елемеуінің «мың» сөзі түсіп қалып, бір мың жыл емес, бір-ақ жылда жетуге болатындай көрсетілген.

30. 15, 18, 29, 34- шумақтар тәрізді 35-і де екі нұсқада түрліше келуімен назар аудартады. В.В.Радловта:

Рұқсатты жігітке кәрі берді,

Онан сон Алтынбас жүре берді.

Бір Аллаға тәуекел қылып жүргенінде

Көп меңнат жол үстінде жігіт көрді.

Мәшһүр-Жүсіпте:

- Бір мың жыл маған –дейді- бір күндей-ақ,

Жеріне жығылармын жеткен аяқ.

Жөнелді қариядан рұқсат алып,

Дүниені шыр айналған бұл бір саяқ.

Салыстыра бағымдасақ, кейіпкер мінезін ашарлық белгілер молдығымен кейінгі ерекшеленеді.

31. 15, 18, 29 34, 35- шумақтар тәрізді 36-шы да екі нұсқаның түрлішелігімен көзге түседі. В.В.Радловта:

Арада бірнеше күн өтті деді,

Құдайым сарыала атқа тіл берді.

Көп күн жолдас болғаннан соң,

Келдік бір мұндай жерге аман деді.

Мәшһүр-Жүсіпте:

Алтынбас аянбастан жол жүріпті,

Құдайым сарала атқа тіл беріпті.

-Елсізде екі мұндық бейнет көріп,

Біз келдік аман мұнша жерге!- депті.

Алғашқы нұсқада жалпы баяндау басым да, екіншіде кейіпкер сипатын ашарлық сөз саптау алға шыққанын байқауға болады.

32. 38- шумақтың 3- жолы мен төртіншісінің орны біріншіде ауысып кеткенін анықтау үшін екіншідегіні толық келтірейік:

Бұл жерден сенің қайның- бір жылдық жер,

Жетерміз мезгілінде намаздыгер.

Көп мехнат ара жолда көрдік қанша,

Жеткізген һәммат беріп пәруәрдігер.

Ал, бастапқыдағы соңғы екі тармақ былай келтірілген: «Сол қал бітірер пәруәрдігер, // Көп мехнат көрдік жол үстінде.»

33.39- шумақтың кейінгі үш тармағы да екі нұсқада әр түрлі болып келген: 1. «Бес намаз құдайынан келеді екен, // Түн болды күндіз болмай жүрді налып, // Сары ала ат күнде аралап жүреді екен.» (В.В.Радлов). 2. «Уақытымен оқып намаз алады екен. // Басқа мал жүріп бір жыл жетер жерге // Сарала ат бір сағатта барады екен» (Мәшһүр-Жүсіп). Осы екі үлгінің 1-жолы: «Ер-тоқым сарала атқа салады екен»- түрінде екенін ескерсек, алдымен, біріншідегі ұйқас толымсыздығы көзге ұрады: «салады екен», «келеді екен», «жүреді екен». Екіншіден, соңғының аяққы тармақтарында ат жүйріктігі нақты бейнеленсе, алғашқыда оған көңіл бөлінбеген.

34. Бұрынғыда: «Құлынды бермесең де үйден шыққан, // Бейшара Күмісаяқ арық екен»- делініп, басты кейіпкер Алтынбас әлі жетпеген, көрмеген Күмісаяқтың арықтығы орынсыз сөз болса, соңғыда сол аяққы тармақтар: «Үйінен Алтынбастың шыққан күні // Көңіліне Күмісаяқ анық екен»- деп беріліп, мүлде басқа мағынада өрістеген.

35. Алғашқыда төртінші жол: «Бір адам ханға келіп хабар берді»- делініп, өз алдындағы бастапқы тармақтар соңындағы: «екі зарлы», «болды жарлы»- сөздерімен толық ұйқаспай қалған. Ал, кейінгіде: «хабар берді» орнын «хабар барды» иемденіп, ұйқас толық қалпына келген. Сондай-ақ біріншіде екінші жол соңы: «жарлы»-деп бітсе, екіншіде оны «барлы» ауыстырған.

36. Бастапқыда шумақтың алғашқы екі жолы: «Құдайым Алтынбасты қылған зарлы, // Құдайдың бұйрығына амал бар ма?»- делініп, әрі ұйқассыздық туып, әрі оқиғаның шынайы өрістеуі көрінбей қалса, ол екіншіде дұрыс қалыпқа түскен: «Алтынбас иілумен бұғып қалды, // Құдайдың бұйрығына тап амалды.»

37. «Алланың аманатын берермін-деп»- тармағымен басталған бұл 47-шумақ В.В.Радлов кітабында мүлде жоқ, тек Мәшһүр-Жүсіпте орын алған.

38. Біріншіде 48- шумақтың ақырғы жолдары: «Келбетін бейшаранын көргеннен соң, // Сол жерде хан қызын бермек болды»- деп жазылса, екіншіде: «Келбетін көруменен көңілі тойып, // Қызыма табылды тең енді!»- дейді»- түрінде берілген. Шумақ басындағы тармақтар ұйқасын негіздеуші соңғы сөздер: «келді дейді», «сәлем берді»- екенін ескерсек, алғашқыдағы төртінші жол ұйқасқа кірікпеуімен көзге түседі. Сонымен бірге алғашқыда ханның қызын бермек болуы жай баяндалса, кейінгідегі сөз қолданысы хан бейнесін нақты ашуға бағындырылған.

39. Әуелгіде: «Салса енді алмас пышақ қынға дейді, // Құдай өзім қылдым мұнда дейді», - делінсе, екіншіде: «Жарасар алмас қылыш қынға, - дейді, // Тұрарлық жан екенсің сынға! - дейді» - қалпында берілген. Салыстырсақ, біріншідегі: «салса егер» - дегенді «жарасар», ал, «пышақ» - сөзін «қылыш» - алмастырған. Сонымен бірге бастапқының бір түрлі ұғынықсыз берілген екінші жолы кейінгіде нақтылана түсіп, хан бағалауы, сенімі - бәрі қамтылған.

40. Бұрынғыда 54-шумақтың 2-4 жолдары былай берілген: «Күтіп біткен қалмақ жүр екен. // Жайсаңы үшбу мұны түсте көріп, // Желіп қарсы алдынан келген екен.» Ал, екіншіде басқаша өрістеген: «Жауырыншы жауырын қағып, көрген екен, // Жайсаңы түсте көріп Алтынбасты // Жиылып қарсы алдынан келген екен.» Дәйектесек, бастапқыдағы екінші мен төртінші жолдарда бірінбірі қайталау орын алған. Ал, соңғыда жауырыншы әрекеті қосылып, қайталау ығыстырылған.

41. Алғашқыда: «Қосылды іздеп жүріп екі зарлы, // Есіңе ал өлгеніңше бір құдайды» - түрінде келіп, тап осы тұсқа қатысы жоқ болып, тек бұрынғыдағыны қайталау орын алса, кейінгіде: «Соқтығып екі дария толқын ұрды, // Сеп жайып, қалың қалмақ шебін құрды» - қалпында беріліп, нағыз ұрыс қарсаңы нақты бейнеленген.

42. Бастапқыда: «Бермесең өзің құрмет Құдайым-ай // Болады жалғыз менен қалмақ көп» - делінсе, соңғыда былай өрбіген: «Бермесең өзін қуат, Құдайым-ай, // Мен жалғыз, өзің жалғыз, бұ қалмақ көп!» Біріншідегі түсініксіз «құрмет» сөзін «қуат» дегенмен ауыстыру арқылы кейінгіде қаһарман тілегі айқын берілген. Сонымен бірге соңғыдағы екінші тармақ жүгі де нақтылана түскен.

43. Біріншіде: «Өзің рахыметіңе мен жылаймын, // Құдайым-ау, жарым деп мен сұраймын» - делініп, бұрынғы өтінішті қайталау орын алса, екіншіде кейіпкер сипаты, қорықпайтыны анық көрінген: «Құдайымнан күш тисе, жығылмаймын, // Жасырынып бір сайға тығылмаймын!».

44. Әдепкідегі: «Қатындай қарап тұру ол жарамас» - орнына кейінгіде: «Қарманған - деген сөз бар - қарап қалмас!» - енген.

45. «Жаратқан күшті Алладан жәрдем жетті» - деп басталатын 60- шумақ та В.В.Радловта жоқ, тек Мәшһүр-Жүсіпте орын алған.

46. 61- шумақтың 2-4 жолдары да екі нұсқада түрліше берілген: 1. «Қойдай қалмақ басын қырды дейді, // Сол күні күн батқанша ұрыс қылды, // Қалмақтан он мың кісі өлді дейді.» (В.В.Радлов). 2. «Шенгеліне түскенді бүрді дейді. // Сол күні күн батқанша ұрыс қылып, // Қалмақтан бір он мыңды қырды дейді.» (Мәшһүр-Жүсіп). Осы орайда бастапқы жол: «Қалмақтың бір шетінен кірді дейді» - екенін ескерсек, біріншінің төртінші тармағында ұйқастан ауытқу орын алғанын көреміз. Атап айтқанда, бастапқыда әдепкі тармақ аяқтары:

«Кірді дейді», қырды дейді»- түрінде келсе, оған төртіншідегі: «өлді дейді» онша үйлеспейді. Сонымен қатар алғашқының екінші мен төртінші жолында біріндегі ойдың екіншісінде қайталануы шаң берсе, соңғыда ол жоқ.

47. 63- шумақтың бастапқы 3 тармағы да екі нұсқада өзгеше: 1. «Құдай жан жаратқан пыры дейді, // Байлау жатып Жайсаң шірі дейді. // Е, Алтынбас, бір қасық қанымды бер!» (В.В.Радлов). 2. «Жалғыз-ақ Жайсаң қалты тірі дейді, // -Құлынның, әкебас, мен бірі!»- дейді. // -Ей, Алтынжан, бір қасық қанымды ки,» (Мәшһүр-Жүсіп). Дәйектесек, біріншіде түсініксіздік басым болса, екіншіде кейіпкердің сөйлеу ерекшелігі, нақтылық сақталған.

48. Екі үлгіде 72- шумақтың 2-4 жолдары түрліше алынған: 1. «Үш күнде жеріне екеу кірді. // Жалғыз кеткен қуанышын тірі көрді, // Сол жерде құшақтасып көңіл тұрды.» (В.В.Радлов). 2. «Үш күнде бірін-бірі есен көрді. // Жалғыз кеткен қуанышы өсіп қайтып, // Күннен-күнге көркейтті ажар түрді!» (Мәшһүр-Жүсіп).

Шығарма соңында Мәшһүр-Жүсіп жазғаны: «Үшбу Алтынбасты қисса қылып шығарушы кім де болса, рақмет! Өленге ұста мәйір. Аузына пірі сөз салатын қудың өзі екен. Ертегісі мақсат емес, өленнің мазмұны- мақсат. Нәпсі, науа, шаууат, ашу- бір анадан болған төрт туысқан. Жын, шайтан, жұлдыз, пері, періште, адам- бір атадан болған алтау. Атадан-алтау, анадан-төртеу // Жалғыздық көрер жайым жоқ.» Осы орайда Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңінің соңғы шумағы осы сөздермен басталатынын, оған түсінік берілуі керектігін еске саламыз.

**Мұхаммед пен шәриарлар.** Жоғарыда аталған қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіп жазбасы жинақталған 1170-папканың 289-295- беттері бойынша әзірленіп, алдында сөз болған В.В.Радлов кітабында «Шариар» тақырыбымен берілген мәтінмен салыстыру жүргізілді.

1. «Төрт нардың ол біреуі- тақсыр Ғұмар»- тармағымен басталған үшінші шумақ әуелгіде (В.В.Радловта) мүлде жоқ, екіншіде (Мәшһүр-Жүсіпте) орын алған.

2. Алғашқыда төртінші шумақ соңы: «Күнінде таңды, махшар орның бос тұр»- деген қалыпта қоныс тепсе, кейінгіде аяққы «бос тұр» орнын «бостан»- иеленген. Ұйқас құрайтын бастапқы тармақтар аяғы: «Оспан», «қосқан»- түрінде келгенін ескерсек, соған дөп келетіні тек екінші Мәшһүр-Жүсіп қолданысы екені анық.

3. Бесінші шумақтың бастапқы жолдары бұрынғыда шумақ соңында орналасып, кейінгілері келесі шумақтың басы болып орны ауысқанын ескертеміз. Бұл тұста да соңғы үлгі тиімділігі: біріншідегі ақырғы тармақтар: «Біреуі қонағының Әлі айбар, // Кәшірден бұзып алған шәрісі бар»- күйінде беріліп, толық болмаса да, өзара ұйқасумен бірге: «Мұхаммед үмбетіне болады ай-

бар»- деген аякқы жолмен де үйлесіп, бір шумақ ретінде берілуге лайық екені анық байқалып тұр. Сондықтан да бесінші шумақтың тап осы үлгіде Мәншүр-Жүсіпте келтірілуі ұйқас тәртібіне т.с.с. толық сай келеді демекпіз. Сонымен бірге шумақ ішіндегі мұндай тармақ орын ауысуларының біз ұсынып отырған алтыншы, жетінші шумақтарға да тән екенін бағымдасак, әуелгідегі ауытқу деңгейі кенейіп түсетіні анық.

4. Бұрынғыда бір шумақ: «Біздерге ақсақалдар бергей бата, // Сөздерді кітаптағы айттық жағқа. // Пайғамбар алтын табак қолына алды, // Ішіне толтырғанша құйды балды»- түрінде беріліп, қара олең ұйқасы тәртібіндегі басты ереженің 1,2, 4 жолдары өзара ұйқасып, үшіншісі бос қалуының бұзылуына тап боламыз. Оның есесіне кейінгіде мұндағы соңғылардың алғашқыға айналып, өзінен кейінгі мына жолдармен құп үйлесіп, өзінше бір шумақ құрастырын айқындау қиын емес: «Бал да аппақ, табак та аппақ, аса нұрлы. // Ішіне бір жалғыз-ақ қылды салды.» Осы орайда соңғы екі тармақтың алғашқысы бірінші нұсқада мүлде жоқ болса, ал екіншіде осылай орын алуы нәтижесінде алтын табак сияты ашыла түскен.

5. Үшінші шумақ тәртібі «Иманды құл жұқармай ірі өтеді.»- жолын маңдай еткен сегізінші шумақ мәтіннің тек соңғыда болып, бұрынғыда орын алмауы т.с.с. сәйкессіздіктер тағы да екіншінің алғашқыға қарағанда, толығырақ екенін дәлелдейді.

6. «Арасын: ауыр-жеңіл, қиын-тардың, // Айырып тақылменен білсін дейді»- делінген тоғызыншы шумақтың осы соңғы жолдары бастапқыда жоқ.

7. Бастапқыда: «Балдан- тәтті, қылдан- жіңішке, тастан нұрлы, // Құранның тауып берші бар ма дейді»- делінсе, кейінгіде: «Балдан тәтті, жіңішке жалғыз қылдан, // Және нұрлы бұлардан бар ма?!»- дейді»- түрінде орын алған.

8. Бұрынғыда: «Шақырды төрт нарды биге барып», - деп айтылса, соңғыда шақырушының кім екені көрсетілген: «Шақырды Біләл тақсыр хабар беріп.»

9. Алғашқыда:

Намазы нұр тұрды осы тастан,

Тәтті екен ұрмақ асы осы балдан.

Сираттың кемерінен айдағанда,

Жіңішке оның қылы бұл қыштыңнан, - делінсе, екіншіде:

Бұлардан он есе артық намаз нұры,

Балдан тәтті болмағым- Құдайдың құлы,

Құдайға шын ықыласпен құл болудың

Жіңішке, білгендерге, қылдан жолы.

Біздіңше, екі нұсқаның ұйқасы, сөз қалаулары т.с.с. әр қилы болуы тағы да фольклордың басты ерекшелігін: ауызша тарағандықтан да, ел арасында түрлі қалыпта түрленуі ықтималдығын дәлелдей түседі.

10. 13- шумақ секілді бұл 16-шумақ та екі нұсқада мүлде алуан түрде келуімен ерекшеленеді:

1. Оқынған осы тастан намаз нұрды.

Бұл балдан намаз сөзі тәтті болды.

Қудайға құлшылық қыл жақпағымыз

Жінішке жалғыз қылдан маған сынды (В.В.Радлов).

2. - Бұлардан нұрлы- әділдік нұры,- дейді.

-Балдан тәтті гадділет жолы!- дейді.

-Ақ пен кара арасын айырмақтың

Қылдан нәзік, білсе егер, соны!- дейді (Мәшһүр-Жүсіп).

Бұл да ел арасына таралған нұсқа түрлішеілігін көрсетумен бірге бізге жеткен екі нұсқаны да бағалай білу, салыстыра дәйектеу қажеттігін дәлелдей түседі.

11. Әуеліде: «Қатасыз бастан-аяқ оқымағам, / Жінішке жалғыз қылдан маған сынды»- қалпында өрістеп, дін жолындағы төрт шәрһардың: «оқымағам» сөзі қисынсыз естілсе, екіншіде: «Қатесіз бастан-аяқ оқымақтың / Жінішке жалғыз қылдан, қын жолы»- түрінде алынып, Оспан білімділігіне шек келтіруге орын қалмаған.

12. 13, 16- шумақтар тәрізді бұл 22- шумақтың да екі нұсқада қилы-қилы келуі тағы да фольклор үнілерінің ел арасына көп нұсқалы болып таралуы ерекшелігімен түсіндіріледі:

1. Нұрды тұр осы тастан ауну қарым,

Көңірді қойдай қылып қырандарым.

Майданда соғысқаным тұрғанымда.

Намазды қылдан жінішке оқымағым (В.В.Радлов).

2. Иман нұры бұлардан асыл затты,

Түрлік-түрлік сөзі бар балдан тәтті.

Мейманды ырза қылып жөнелгенктің

Жінішке жалғыз қылдан, жолы қатты (Мәшһүр-Жүсіп).

13. Бұрынғыда 24- шумақтың аяққы жолы: «Үмтылды жауап бере бибі Патпа»- делініп, тармақ аяқталымсыздағы: «бибі Патпа»- алғашқы жол соңындағы тап осы сөздерді қайталауды тудырса, кейінгіде оның орнын: «сонда жағқа»- иеленіп, қайталаудан арылу іске асқан.

14. Алғашқыда: «Пенденін дәулет кетсе, кетер биі, / Ардақтап бұл дүниені құрма сейі»- делініп, бір түрлі ұғыныссыздық туса, кейінгі неғұрлым түсінікті, нақты болуымен ерекшеленеді: «Пенденің мал кетерде кетер пейілі, / Ардақтап бұ дүниені қорме сейілі.»

15. 13, 16, 22- шумақтар сияқты 33- шумақ та екі нұсқада түрліше келуімен назар аударғанды:

1. Нұрды тұр осы тастан Алла жолы,  
Бұл балдан Алла жолы тәтті болды.  
Құдайға құлшылық қып шықпағымыз  
Жінішке жалғыз қылдан маған қатты (В.В.Радлов).

2.- Артық нұр, Алла берген сыйың екен,  
Балдан тәтті, тауыпқы, халал некен.  
Құдайға құлшылық қып жақпағымыз  
Жінішке жалғыз қылдан қиын екен (Мәшһүр-Жүсіп).

Салыстыра зерделесек, бастапқыда бұрын айтылған ойды қайталаумен шектелу басым болса, кейінгіде халал неке мәні хақындағы т.с.с. соны ойлар қосылған.

16. Осы орайда шумақ басының: «Сүресің азар болса»- деп берілуі соңғы үлгіде бұған дейінгі: 34, 35, 36-шы және 37- шумақта орын алса, бастапқының: 34, 35, 36, 37- шумақтары: «Сүресің әлі де болса»- қалпында өріс алғанын, айтылмақ идеяға екіншідегі сөз қолданым ғана толық сай келетінін ескерген жөн. Салыстырсақ: «Сүресің әлі де болса жүз жыл өмір»- дегеннен де (34-шумақ)- «Сүресің азар болса, жүз жыл өмір»- қалпында ғана өмірдің өткініші екені, о дүниедегі жауаптылықты ұмытпау керектігі соңғы үлгіде неғұрлым нақты, шынайы және әсерлі бейнеленіп тұрғаны анық.

17. Бастапқыда: «Тескенмін Бұхарадан мата жүктеп»- деп беріліп, бір түрлі түсініксіздік тудырса, кейінгіде «Тескенмін» орнына «Ташкент пен»- орнал, ұғым нақтылануы іске асқан. Сонымен бірге осы тармақ алдындағы «қысымы» сөзі екіншіде «қайғысы»- түрінде берілген.

18. Бұдан бұрын: 3, 8- шумақтар В.В.Радловта жоқ болып, тек Мәшһүр-Жүсіпте орын алса, «Боларсын азар болса жүз жыл батыр»- тармағын бетке ұстаған 41- шумақтың да бұрынғыда жоқ, тек кейінгіде орын алғанын ескертеміз.

19. Әуелгіде: «Барғандар биден бұрын орын алды, // Көшерміз біз де бір күн орын сайла»- түрінде саң түзесе, соңғыда: «биден» орнына «бізден»- сөзі орынды берілген, ең аяққы «орын сайла»- дегенді- «жүгің сайла»- алмастырған. Дәйектесек, «орын»- деген сөзді іргелес тармақтарда екі рет қолданғаннан, оның екіншісін ауыстырған соңғы үлгі ұтымдылығы айқын. Оның есесіне алғашқы тармақтағы жетпей тұрған «орын» сөзі соңғыда жоқ болғандықтан, бірінші үлгі бойынша енгізілді.

20. Бұрынғыда 48- шумақтың 2-4 жолдары «Артылар тәубе қылсаң сауабыңды. // Қараңғы көрге сен бір кірерсің, // Әзірде саған жарық шырағыңды!»- түрінде орналасқан. Ал, екіншіде бұл тармақтар: «Жуық қыл, тәубе қылсаң, жырағыңды, // Қараңғы көр ішіне бір кірерсің, // Әзірде жағар соған шырағыңды.» Осы орайда біріншінің екінші жолы аяғындағы «сауабыңды»- сөзі орнына кейінгіде «жырағыңды» сөзі келіп, өз алдындағы

жол соңындағы: «құлағынды» және төртінші аяғындағы: «шырағынды» сөздерімен толық ұйқас құрап тұрғанына назар аудартқымыз келеді. Сонымен бірге соңғы үлгіде: «әзірде»- орнына «әзірле», «саған» орнына «соған», «жарық» орнына «жағар» енгізілуі де оған кейінгінің шығарма идеясы мен айтылмақ ойға неғұрлым дөп келетінін аңдатады.

21. Осы шығарма соңындағы: «Пайғамбар жалғыз ұғын құрбан қылған, // Сойткен біз не көрсеттік Мұхаммедке?!»- жолдарының Мәшһүр-Жүсіптің «Ибраһим»- оқиғалы өленінің, немесе шағын дастанының басында орын алғанын ескерген жөн. (Қараңыз: Мәшһүр-Жүсіп. Шығ., 1- том // Павлодар, ЭКО, 2003, 66- бет). Мәшһүр-Жүсіптің белгілі бір мәтінді жинаумен шектелмей, сонымен әсерленіп, сондағы идеяны өрістетіп отырғаны осы бір қайталаудан да шаң береді деген түйін жасағымыз келеді.

### **Заман ақыр.**

Бұл туынды жоғарыда аталған қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіптің өз қолымен жазылған 1170- папкасы, 341-358 беттері бойынша әзірленіп, алдында көрсетілген В.В.Радлов кітабындағы осы шығарма мәтінімен салыстыру жүргізіліп отырды.

1. Алғашқыда (В.В.Радловта) тап осы арада «тәуіптерге» сөзі тұрса, кейінгіде (Мәшһүр-Жүсіпте) «бақсыларды»- орын алған.

2. «Бизабанды бейжай сүйіп»- жолы бұрынғыда мүлде жоқ та, соңғыда ғана бар.

3. Бастапқыда «кеміген» сөзі тұрса, екіншіде оның орнына «ғамкін»- орналасқан.

4. «Жаман болды алғаным!»- деп, // Бір тәңірге көп налырсын! // «Жарым сондай болса екен!»- деп»- деген үш тармақтың әдепкіде жоқ, тек кейінгіде ұшырасуы тағы да не ел арасына таралу түрлішелігінен, не бастапқы кітапты әзірлеушілер қателігінен орын алуы мүмкін деп ойлаймыз.

5. Әуелгіде: «Ажал болса маңдайыңда // Біткен болса не қыларсың!»- калпында өрілсе, екіншіде: «Әзел (азал) күнде маңдайыңда // Жазған болса, не қыларсың?!»- түрінде берілген.

6. Әдепкіде: «Балаларың мектеп көрсін, // Әркім мәселе сұраса, // Оған баға табылмас-ты»- деген үш жол бой көтерсе, соңғыда бұл мәтін әрі 4 тармақ болып кеңейген, әрі сөз айырмашылықтары орын алған: «Балаларың мектеп көрсе, // Әркім келіп сауал сөйлесе, // Оған түзу жауап берсе, // Оған баға табылмас-ты!»

7. Бұрынғыда: «Қонақ келсе, арық сойма, // Есің болса өзіңді ойла»- делінсе, екіншіде «келсе» орынын- «қонса», «есің» сөзін «ақылын» ығыстырған.

8. Алғашқыда: «Кеше күндіз зар жылап, // Тағат тақия қылмасан»- орын алса, кейінгіде «жылап»- дегенді «еніреп», «тағат тақия»-сөздерін «тағаттықты» алмастырған.

9. Бастапқыда: «Хан қылып, сурет қылып. // Жан қылып, қып қызып хан ішірі»- делінген 2 тармақ түрінде келсе, соңғыда ол көлем жағынан екі есе ұйғайып, белгілі бір ұғымды нақты да кең бейнелеу іске асқан: «Балшықтан соғып, пісіріп. // Әр бір түрге көміріп. // Ана ішінде жан қылып. // Қып-қызыл хан ішіріп (ішкізіп)».

10. Біріншідегі: «Ақыл беріп, ақ жүнге гүл беріп. // Қуат қылса керекті»- жолдары екіншіде тағы да екі есе кеңейіп, белгілі бір ұғымның нақтылана түсуіне қол жеткізілген: «Ғақыл беріп, тін беріп. // Аяқ беріп, қол беріп. // Ақ жүнге қызыл гүл беріп. // Қуат қылса керек-ті!»

11. Әуеліндегі: «Құдайыны бір білсе. // Өзін кісіден кем көрсе. // Кісіні өзінен ұтық білсе»- делінген үш жолдық мәтінге кейінгіде әрі бір жол қосылып, әрі біраз сөздер өзгертіліп берілген: «Он екі жасқа кім келсе, // Құдайыны бір білсе. // Өзін жұрттан кем көрсе. // Өзінен жұртты зор көрсе.»

12. Одапкіде: «Қағаз, қалам алдаға. // Рақмет жауар ол құлға»- делінсе, екіншіде тағы бір жол қосылған: «Қағаз, қалам қолға алып. // Қарағса жүзін құбылаға. // Рақмет жауар ол құлға!» Кейінгіде ұғым кеңейіп, ой ұштала түскені анық.

13. Бұрынғыдағы: «Көрінген кісіге қылады зорлықты. // Басы жерге жеткенше, // Қоя білмес қорлықты»- тармақтары соңғыда: «Қыла жүрер зорлықты. // Басы жерге жеткенше. // Қоя білмес сұмдықты!»- түрінде берілген.

14. Бастапқыдағы: «Мұның орны жаман. // Елесе болса керекті, // Қапыл адам жетеді»- жолдары кейінгіде көп өзгеріске ұшыраған: «Мұның орны жапаннам, // Ләззин болса керек-ті. // І аялғ адам жатады.»

15. Алғашқыдағы: «Жас уақыт қылғанша»- жолы бір түрлі ұғынықсыздық әкелсе, екіншіде ол жойылған: «Жас уақытта тәубе қылғанша.»

16. Біріншідегі: «Дәулет күшін басына қондырып»- деген түсініксіз тармақ соңғыда кеңейіп, екі жол ретінде беріліп, белгілі бір ұғымның нақтылығы орныққан: «Дәулет құсын басына // Орнықты қылып қондырып.»

17. Әуелгіде: «Кенілеп отын сөндіріп. // Өкімінен жұртын қондіріп»- делінсе, кейінгіде: «Оған жаққан шырағын. // Ала алмай ешкім сөндіріп»- түрінде орын тепкен.

18. Бастапқыдағы: «Бағындырып, пандырын»- жолы да соңғыда біраз кеңейтілген: «Қимылдаған жантарды // Тіліне оның пандырын.»

19. Одапкіде: «Кім сұрайды халінді?»- Жан алқымға келгенде. // Кім сұрайды халінді»- делініп, бір тармақтың екі рет қайталануымен шектелеу орын алса, екіншіде берілемек ұғым біраз кеңейген: «Жан алқымға келгенде, // Кім қоз сағар халіне?! // Керек қылмас малыңды. // Кім аяйды халінді?!»

20. Бұрынғыда: «Шашыратпай қалыңды»- делініп ұғынықсыздық тудырса, кейінгіде: «қалыңды» орнын «қаныңды» иеленіп, түсініксіздік жойылды.

21. Бірінші нұсқадағы: «Жақсылық қылса керекті!»- екіншіде: «Айырып алса керек-ті!»- деп алынған.

22. Әуелгіде: «Кетпесін деп отырған // Орзыңнан денен қозғалар»- тармақтарының мүлде жоқ екенін, тек екіншіде орын алғанын еске саламыз.

23. Алғашқыдағы: «Жолсіз қойлек кигізіп»- дегендегі «жолсіз»- «жеңсіз»- деп түзегілумен бірге одан кейін енбей қалған үш жол соңғы нұсқа бойынша қамтылды: «Бейнетпен жиған мұқаммал // Көрінгенге оша боп. // Ішпіді текке күйдіріп.»

24. Бастапқыдағы: «үш жеріңнен бүрдіріп»- дегендегі соңғы сөз орнын «бұдырып» иеленумен бірге одан кейінгі енбей қалған екі жол кейінгі нұсқа бойынша енгізілді. «Өзінді жүрген көре алмай, // Дұшпаныңа жудырып.»

25. «Басыңа бір тас қойдырып»- біріншіде жоқ та, тек екіншіде орын алғанын еске саламыз.

26. «Сорынды сондай қайнатып»- та тек кейінгіде бар.

27. «Жалғанда қылған ісіннен»-де тек соңғыда орын алған.

28. Әдепкідегі: «ақыл қылса» орнын екіншіде: «ауыстырса» иеленген.

29. Бұрынғыдағы: «қайрылып»- соңғыда «қыдырып»- деп ауыстырылған.

30. Біріншідегі: «бек үлкен»- екіншіде «шақырақтай»- делініп өзгерген.

31. «Иманынан оңай-ды // Аузында оның үлдесі. // Аузында Құдай куәсы»- делінген үш тармақ тек соңғыда бар, бұрынғыда жоқ екенін ескертеміз.

32. Бастапқыдағы: «жүре берсе»- кейінгіде: «төре берсе»-сөздерімен алмастырылған.

33. Әуелгідегі: «ұлық білер»- дегендегі екінші сөз соңғыда: «білер» боп алынған.

34. «Бас жағын беріп байына, // Біреуге берер артыны. // Басқаға беріп бүтінің, // Байына сақтар жартыны»- делінген 4 тармақ алғашқы нұсқада жоқ, тек кейінгіде орын алуымен ерекшелінеді.

35. «Кетсе шарлап, жия алмас»- жолы әдепкіде жоқ, тек екіншіде бар.

36. Бұрынғыда: «Бір-бірінің үйінен // Өсек айтып қалмағай, // Бір-бірінің үйінен // Аяқ-табақ аймағай»- калпында орын алса, кейінгіде алғашқы «үйінен» сөзі- «артынан», кейінгі «үйінен» - «ауысып» -делініп ірге тепкен.

37. Алғашқыда: «Үй басына бір үй болса керек-ті»- түрінде келсе, соңғыда ол кеңейген: «Үй басына өзді-өзі // Би болса керек-ті.»

38. Соңғыда: «Ұры, залым, қарақшы»- // Бөрінің талас дағуасы»- // Дүние болса керек-ті»- делінсе, әуелгіде үш тармақ шөмейіп: «Бәріңізге ұлығы дабыға болса керекті»- түрінде ұғынықысыздыққа ұрындырған.

39. Бастапқыда: «Бір пара жанға бас берің! // Осы күнде басына // Сая болса керекті»- түрінде өрбісе, кейінгіде әрі ұғым нақтылануы, әрі ой кеңейі

жүзеге асқан: «Баз бір жерде бас берсең, // Қарны ашқанға ас берсең, // Қиямет күні басыңа // Сая болса, керек-ті»

40. Біріншіде: «Үмбет үшін зар жылап, // Кешір, жалынар, // Сажда қылса керекті»-қалпында сап түзесе, екіншіде тағы да нақтылықты, әрі ұғым кеңеюін көреміз: «Үмбет үшін зар жылап, // «Үмбеттерім күнәсын // Кеше гөр!»- деп, жалынып, // Сәжде қылса керек-ті!»

41. Бұрынғыда: «Теңеліп ақын алса керекті»- деген түсініксіз тармақ соңғыда кеңейген: «Бір-біріне теңеліп, // Ақысын алса керек-ті»

42. Алғашқыдағы: «Әркім өзіменен мұптәле болса керекті»- тармағы кейінгіде әрі кеңейген, әрі нақты бейнелер әкелген: «Бұл күндегі татулар // Бір-біріне жақпағай! // Әркім өз халімен // Мұмбетла болса керек-ті!»

43. Екіншідегі: «Машайықлар бір бөлек»- тармағы біріншіде мүлде жоқ.

44. Соңғыдағы: «Біреу құстай ұшады, // Біреу желдей еседі, // Біреу көз жұмып // Ашқаннан жылдам кешеді»- деген 4 тармақтық мәтін бұрынғыда мүлде жоқ.

45. Әуелгіде: «Суық іске желі жоқ, // Көктегі құл болса керекті»- делінсе, кейінгіде біраз өзгерген: «Суық, ыстық желі жоқ, // Көктемдегі күндей болса керек-ті!»

46. Біріншідегі: «қайнатқай» орнын екіншіде «қоздатқай» иемденген.

47. Бұрынғыда: «Періштелер жиылып, // Дүниенін суын жиып»- делініп, жию ұғымы екі рет қайталанса, соңғыда «жиып» орнына «құйылып»- қоныс тепкен.

48. Бастапқыдағы: «Ол сулар құрып қалса керекті»- жолы екіншіде біраз кеңейген: «Түкіріктей бола алмай, // Құрып қалса керек-ті!»

49. Әуелгідегі: «Ішін қандай қайнатса керекті»-тармағындағы «қандай» сөзі кейінгіде «қазандай»- деп алмастырылған.

50. «Жаңбыр жауып, шөп шықпағай»- жолы әдепкіде жоқ, тек екіншіде бар.

51. Соңғыдағы: «Тәубе есігі тарс бекіп, // Байланып қалса керек-ті!»- дегендегі «тарс бекіп»-алдыңғыда жоқ.

52. «Жастарда әдеп қалмағай»- дегенмен басталып, «перизат етсе керек-ті» -сөздерімен тамамдалған мәтін көлемі алғашқыда 5 тармақ болса, кейінгіде оның ара-арасына тағы да 6 жол қосылған. Мәселен, мына үзінді қалып қойған: «Жасы үлкеннің тілін алмағай, // Бір-бірінің сөзіне // Жүз ант ішсе нанбағай» және «Ғалымлар айтса адал сөз, // Құлағын оған салмағай, // Жалғаншылар сөз айтса, // Сусыны онан қабағай.» Мұндағы қосылған 7 жолды 6 деп көрсетуіміз: осының алдында соңғы нұсқа бойынша келтірілген 3 тармақ мағынасы сығымдалып, алғашқы нұсқада: «Біріне рас сөз қалмағай»- түрінде берілгенін ескерген жөн.

53. Біріншідегі: «Асрапыл сырын ұрғандай»- ұғынықсыз жолы екінші бойынша: «Исрафил сорын үргенде»- деп берілді.

54. «Хақ жарлығын орнына келтіріп»- бұрынғыда жоқ, тек екіншіде бар.

55. «Алланың алдында жалғыз тұра алмай, // Жан-жағына қарауға // Бүлк етіп мойнын бұра алмай»- жолдары В.В.Радловта жоқ, тек Мәшһүр-Жүсіпте (екіншіде) орын алғанын ескертеміз.

56. Алғашқыдағы: «Күн шыққандай көрініп керекті»- соңғыда тағы да кеңейтілген: «Күн шыққандай жария // Көзге түссе керек-ті!»

57. Бұрынғыда: «Көзден аққан жасыңа // Ұлық дария болса керекті»- делінсе, кейінгіде осы екі тармақ арасына тағы екі жол қосылып, тағы да кеңейіп, мағыналық т.с. толығуға түскен: «Көзден аққан жастары // Жер дүниені толтырып, // Ұялғаннан аққан терлері // Ұлығ дария болса керек-ті!»

58. «Отыз тістен шыққан сөз»- деп басталатын ең соңғы 9 жолдық мәтін В.В.Радловта жоқ, тек Мәшһүр-Жүсіпте бар екенін дәлелдеумен бірге кейінгінің өзінен бұрынғы еңбегін бағалап құрметтеуін әсіресе мына жолдардан көруге болады: «Қадірлеп мұны жинаған, // Құрметтеп мұнша сыйлаған, // Деңіздер рақмет- естіген // Бейнет қылған ерлерге!»

Сонымен қатар Мәшһүр-Жүсіп Көпжасарұлы осы мәтін соңында мынадай түсініктеме жазып қалдырған: «Василий Васильевич Радлов жинағаннан, орысша басқаннан көшіріп алған, жазған Мәшһүр Жүсіп Көпейбаласы. «Тарғын», «Сайын», «Қозы Көрпеш», Ақбала, Қожамберділерді Бөкейханов Әлихан сонан көшіріп алып, бастырып жүр. Егер Радлов жинап алмағанда, бұлардан бұл күнде тамтыры қалмайтын еді.»

Осы орайда мынадай заңды сауал туары анық. Бұған дейінгі түсініктердің бәрінде көрсетілгендей, В.В.Радлов пен Мәшһүр-Жүсіп нұсқалары арасында көп айырмашылық болуы: біраз мәтіннің алғашқыда болмай, тек кейінгіде орын алуы, сонымен бірге сөз, сөйлемдер өзгешелігі болуы себебі неде? Біздіңше, бірінші себеп Мәшһүр-Жүсіптің В.В.Радлов нұсқасымен шектелмей, ел арасынан өз жинағандарын қоса енгізуі болса, екіншіден, 1870 жылғы баспа кінәсынан т.с.с. орын алуы мүмкін селкеуліктерді кейінгі жинаушының қайталамауы нәтижесі. Мұның бәрі бұрын да, кейін де ел арасынан жиналған, жиналатын фольклор үлгілерінің алдымен ауызша айтылып таралғандықтан да, әр кезде түрлі өзгерістерге ұшырап отыруы мүмкіндігін ескеріп, ол нұсқаларды үнемі салыстыра саралап отыру керектігін дәлелдейді.

### **Шайхы Бурих**

Бұл туынды Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Егіндібұлақ ауылын мекен еткен, Мәшһүр-Жүсіп мұрасын жинаушылардың бірі- Сұлтанмахмұт (Шолтым) Иманмәдіұлы (1897-1983) сақтауымен жеткен Әзмұхаммед Жанқошқарұлы көшірмесі бойынша әзірленді.

**Көрұғлы.** Бұл дастан да жоғарыда аталған қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіп шығармалары жинақталған 1173- папка ішіндегі Жолмұрат Жүсіпұлы көшірмесі (12-дәптер, 1-21- беттері) бойынша әзірленді. Шығарманың бас жағы 7 буынды ерікті ұйқас өлшемімен, ал кейінгі бөлімі 11 буынды қараөлең үлгісінде жазылған. Мәтін соңында оның қағазға түскен мерзімі 1894 жылы екені де көрсетілген. Ал, бұл туындының ел жаузынан жиналып қағазға түсірілуі барысы шығарма соңында ап-анық ескертілген:

Мәз болумен Мәшһүр деген құр атқа,  
Талай жерде қалып жүрмін ұятқа.  
Өліп қалған Көрұғлыны тірілттім,  
Мен де сондай жетермін бе мұратқа?!  
...Бір шүберек қамқа тозса бедері,  
Көрмеген жан белгісіз ғой не дері?!  
Бұл қазақта бастап мұны сөйлеген:  
Өзі- қожа, Көшекұлы Күдері.  
... «Құлақ- кәрі, бой-жас»- мақал қалыпты,  
«Жана туған жас ұл» - деме кәріпті.  
Сол кісінің шыққан сөзі аузынан  
Құлағында бұл Мәшһүрдің қалыпты.

**Сайын батыр.** Бастапқыда ескертілген қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы, 1170- папка, 225-284 беттері бойынша әзірленіп, алдында сөз болған В.В.Радлов нұсқасымен салыстыру жүргізілді. Осы орайда бұл туындыны қазіргі әріппен машинкаға бастырып, 1970 жылдары кітап қып ұсынып, ол ойын орындай алмай өмірден озған М.Бөжеев еңбегін атап өтеміз. Сонымен бірге бұл туындының ақын таңдамалысының 2- томына (Алматы, Ғылым, 1992, 170-215 б.) енгенін (әзірлеген- С.Дәуітов) атап өте отырып, ол үлгімен де салыстыру іске асқанын еске саламыз:

1. Бұрынғы басылымда (В.В.Радловта): «Ел дәулеті мал кетті»- делінсе, кейінгіде (Мәшһүр-Жүсіп жазбасында) «ел дәулеті» орнын «ауыр дәулет» иеленген. **Ескерту:** Бұдан былай В.В.Радловтан келтірілсе, «бұрынғы», «бастапқы» т.с.с. сөздері, ал Мәшһүр-Жүсіптен болса, «кейінгіде», «екіншіде» т.с.с. жазылып отырады-Н.Ж.

2. 1992 жылғы кітапта (яғни таңдамалыда) заман ынғайына бейімделу (кітап әзірленген кез кеңес үкіметі заманы ғой) нәтижесінде «Аллаға» сөзі «адалға» болып өзгертілген екен. Біз түпнұсқа бойынша түзету енгіздік. Осы орайда В.В.Радлов кітабында да «Аллаға»-деп жазылғанын ескертеміз.

3. Алғашқыда (В.В.Радловта): «Сондай бір бай болған»- түрінде берілсе, соңғыда (Мәшһүр-Жүсіпте) «болған»- «болмаған» сөзімен алмастырылған.

4. Бастапқыда: «Өз алдына сар болған»- қалпында орын алып, «сар» сөзі ұғынықсыздық тудырса, оны екіншідегі «шәр» ауыстырды.

5. Әуелгіде: «Дүниеде жалғыз мұны бар»- келтірілсе, кейінгіде «мұны»- дегенді «зары» сөзі ығыстырған.

6. Біріншіде (В.В.Радловта): «Айы күнге келеді // Өкшесі сірі қанамай»- қалыңда өрістесе, екіншіде (Мәшһүр-Жүсіпте): «Елу жасқа келеді, // Өкшесі бір қанамай»- түрінде біршама өзгертіліп келтірілген.

7. Бұрынғыда: «Мұнда құлдар кеңесті»- алынса, таңдамалыда «мұнда» орынын «мұндар» иеленген, 1170- папкада да солай жазылған.

8. Бастапқыда: «Ноғайлының керме қас, // Жігіттей дәурен сүрмедік, // Өтерін дәурен білмедік»- делініп, бір түрлі түсініксіздік тудырса, соңғыда 3 тармақ 5 болып кеңейіп, әрі ұғым дәлдігі орнаған: «Ноғайлының керме қас, // Қыздарын құшып сүймедік. // Дүниенің көріп қызығын, // Жігіттік дәурен сүрмедік, // Өтерін жалған білмедік.»

9. Алғашқыда және таңдамалыда, сонымен бірге М.Бөжеев көшірмесінде: «Бөлініп жатқан малынан»- делінсе, біз сөз қисынына қарап, «бөлініп» дегенді «бүлініп»- деп өзгерттік. Осы орайда: «Бүлінгеннен бүлдіргі алма»- дегенде көп мәніс барын ескерген жөн. Артында перзенті жоқ, жасы келген адам күні ертең көз жұма қалғанда, сонша малдың қолды болуы мүмкіндігін ескерсек, әңгіменің әйтеуір бөлінген мал емес (ол неге бөлінеді?), бүлінген, бүлінейін деп тұрған, түпкі иесі болмағандықтан да, талан- таражға ұшырау қаупі төнген мал туралы болып тұрғаны анық. Осы орайда 1914 жылғы А.Байтұрсынов жетілдіруіне дейін араб әрпіндегі бір ғана «9» белгісінің: о, ө, ұ, ү, у-деп, бес түрлі оқылып келгенін, тек сөз мағынасы, реті, қисынына қарап таңдау жүргенін ескерген жөн. Осы тұста ең көп жарияланды, зерттелді деген Абай өлеңдерін бүгінгі әріпке аударуда да түрлі қателіктер орын алуы ықтималдығын ескерткіміз келеді. Сонымен бірге зерттеуші М.Бөжеевтің осы сөз аудармасына күмән келтіріп, бет қапталына соның арабша таңбалануын қоса келтіруі де, тәжірибелі ағамыздың осы сөзге кейін қайта оралмақ ойы болғанын да аңғартса керек.

10. Алғашқыда: «Сонда бай тұрып бұрқанды»- делініп, «бай» сөзінен кейінгі «бір» сөзі түсіп қалуы мұнда ғана емес, таңдамалыда, сонымен бірге М.Бөжеев жазбасында орын алса, бұ жолы Мәшһүр-Жүсіп жазбасы бойынша енгізілді. Сонымен бірге тап осы тармақтан кейін тұрған: «Буырқанды, бұрсанды» жолы В.В.Радлов кітабында түсіп қалғандықтан, 1170- папка бойынша кіргізілді. Кейін қосылған бұл соңғы тармақтың таңдамалыда және М.Бөжеев көшірмесінде де бар екенін ескертеміз.

11. Әуелгіде: «Өзінің қолы кірген соң»- күйінде отау тігілсе, екіншіде: «Өзінің құлы ұрған соң»- шаңырақ көтерген. Сөз қисыны кейінгідегінің дұрыстығына мойын бұрғызады.

12. Бастапқыда: «Қосағымен екеуі»- тармағынан кейінгі: «Әнін қосып жылайды»- жолы түсіп қалса, ол 1170- папкадағы нұсқа бойынша енгізілді.

13. Бұрынғыда: «Жамағаты жиналды»- жолы ғана орналасса, соңғыда: «жиналды»- «жиналып»- делініп сәл өзгерумен қатар тағы бір тармақ: «Не қылды?»- деп сұрайды»- кіргізілгенін еске саламыз.

14. Біріншіде: «Жат айтады құдайды»- делінсе, екіншіде бастапқы екі сөз: «Иад етеді»- түрінде келіп, тармақ ұғынықтылығы қалпына келген.

15. Алғашқыда:

Күнде бүйтіп өлгенше,  
Сүймес пенде мен бе едім?

Құлдан қорлық көргенше,

Тезінен өлім бермедің.- қалпында келтірілсе, кейінгіде әрі бірер тармақ орыны ауысып, әрі жаңадан 3 тармақ қосылып, ұзарған:

Күнде бүйтіп өлгенше,

Тезінен өлім бермедің!

Құлдан қорлық көргізіп,

Қорлықпенен жүргізіп,

Қойғаның бүйтіп сенделтіп,

Айналайын, бар құдай,

Сүймес пенде мен бе едім?!

16. Әуелгіде: «Бозмұнайдың сүйгенде»- жолы алынса, соңғыда екінші сөз «со күні»- делінген.

17. Бастапқыда: «Ең дәулет тұсында»- келтірілсе, кейінгіде «ен» орнын «ауыр» иеленген.

18. Бұрынғыда: Жиын тойға кірмедім. //Өтерін дүние білмедім»- қалпында ірге тепсе, екіншіде тармақтар соңы: «кіре алмай», «біле алмай»- түрінде өзгерген.

19. Алғашқыда: «Жігіттік күн озғанда»- орын тепсе, соңғыда «Жігіттік дәурен солғанда»- деп алынған.

20. Біріншіде: «Мен не етейін көбінді? // Бір де болса сол маған // Бірін мыңға балап бер!»- делінген 3 тармақ орын алса, екіншіде бастапқы жолдан кейін: «Маңызы жоқ шөбінді?! // Үйің базар болғандай»- тармақтары енгізіліп, жол саны бесеу болған.

21. «Сонда әулие сөйлейді»- жолымен басталған алты жолдық мәтін В.В.Радловта жоқ, тек Мәшһүр-Жүсіп бойынша берілді. Сонымен қатар бұл жолдар таңдамалыда бұл тұста емес, сәл ертерек орын алған.

22. Әуелгіде: «Еңсемей саумал ішпеген»- дегендегі алғашқы сөз 1170-папка бойынша «аңсамай» сөзімен ауыстырылды.

23. Бастапқыда: «Жатыр екен бәйбіше // Етбетінен бүгіліп»- деп берілсе, кейінгіде «етбетінен» орнын «от басында» иеленген.

24. Бұрынғыда:

Тоқсан торқа киесің,

Тоғыз жорға мінесің.

Хан мен билер отырып,

Ақылмен ойлап білесің!- қалпында берілсе, соңғыда тармақ аяқтары сауал коюға ыңғайланған:

Тоқсан торқа кісе не,

Тоғыз жорға мінсе не?!

Хан мен билер отырсың,

Ғақылмен ойлап білсе не?!

25. Алғашқыда: «Хан мен билер ұрысты // Сол заманда аз екен // Хан билер қуанысты»- делінсе, мұндағы екінші, үшінші жолдағылар екіншіде мүлде жоқ та, оның есесіне мына тармақтар жайғасқан: «Еье-лесіп тұрысты, // Көрген құрып сыйласы, // Қызыл шеке болысты.»

26. Әуелгіде: «Талай мақұл көріпті»- орын алса, соңғыда «мақұл» дегенді «жұртты» сөзі алмастырған.

27. В.В.Радловта: «Онан үлкен адам жоқ»- түрінде берілсе, Мәшһүр-Жүсіп әуелі «адам» сөзін жазғанымен, оның үстіне «кісі»- деп, өзгеріс енгізген. Біз де екіншіні құптадық, себебі ол өзінен бір жол кейінгі тармақ соңындағы: «ісі жоқ» сөздерімен ұйқас құрап, құп үйлесіп тұр.

28. Бастапқыда: «Ерлік еткен алаштан»- қалпында көрінсе, кейінгіде: «еткен» орнын, «асқан» немденген.

29. Бұрынғыдағы: «Тоғыз жорға жетектеп, // Тоқсан торқа алысып»- жолдарында өзара ұйқас мүлде болмаса, екіншіде: «алысып»- дегенді «бөктеріп» сөзімен ауыстыру ұйқас сапасын біраз жақсартқан.

30. Біріншіде: «Қара кесте қатты деп, // Бала кіске бөлетті»- түрінде ұғынықсыздық тудырса, соңғыда: «Қара кісіні «қатты!»-деп, // Бала кісіге бөлетті»- қалпында беріліп, ұғым нақтылана түскен.

31. Алғашқыдағы: «Анасының көрісін // Егіз екі көрмеді»- дегендегі «көрісін» сөзі түсініксіздік әкелсе, кейінгіде ол «қарасын»- деп өзгертілген.

32. Жаңа туған баланың емшек ембеуін, басқа да оқыстығын көргеннен кейінгі әке қиналысы, әрекетінде де өзгешелік бар. В.В.Радловта: «Бозмонай бай сасады, // Шәріге таман барады. // Үлкеніне құлағын салады»- қалпында отау тігілсе, Мәшһүр-Жүсіпте біраз басқаша: «Бозмұнай тура шабады, // Шаһарға таман барады. // Көпті көрген көненің // Құлағына салады.»

33. В.В.Радловта:

Бір жасына келгенде,

Біліктіден би болды.

Екі жасқа келгенде,

Еліменен тең болды,- қалыңда өрілсе, Машьур-Жүсіпте біраз басқаша келтірілген:

Бір жасына келгенде,

Білектіден белі асты.

Екі жасқа келгенде,

Ерлікпенен таласты.

34.Әуелгіде: «Түгелімен өзгертті»- делінсе, соңғыда: «өзгертті» - «түзетті»- деп ауыстырылған.

35. Біріншіде: «Езу тартпай ұл өтті»- деп берілсе, екіншіде «ұл өтті» дегенді «сөз сөйлеп» алмастырған.

36. Бұрынғыда: «Халқы жақсы болған соң»- түрінде өрістесе, соңғыда «жақсы» орнын «жарлы» немденген. Зерделесек, «Кәріп пенен мүсәпір // Сайынның арқасында» күнелту себебі халқының «жақсы» болуынан емес, «жарлы» екендігінен туындағаны анық.

37. Бастапқыда: «Айында болып туған соң, //Қарабай қорқып қыз болды»,- күйінде алынса, кейінгіде «Айдыны сондай асканы, // Қара бай қорқып қыз болды»- түрінде сап түзеген.

38. Тап осы: «Кеңескенде, не десті?»- тармағы алғашқыда жоқ та, тек екіншіде орын алған.

39. «Көрмейсің бе ыңғайын»- жолы да әуелгіде мүлде орын алмай, тек соңғыда ұшырасуымен ерекшеленеді.

40.Біріншіде: «Құлағына тіккенде»- делінсе, кейінгіде соңғы сөз «тигенде»- болып өзгертілген.

41. «Бізді тегіс ұрады»- тармағы да бұрынғыда кездеспей, тек екіншіде орын алған.

42. «Мың сан жылқы ішінен // Ат табармыз лайық»- жолдары да тек кейінгіде жайғасуымен ерекшеленеді.

43. Бастапқыда: «Түн ішінде алалық! // Сусыз шөлге бас қосып, // Біз де қаша берейік!»- делініп, ұйқас селкеулігі туса, соңғыда аяққы жолы: «Біздер қашып баралық»- деп өзгертіліп, ұйқас қалпына келтірілген.

44. «Жылқы бағар кім қалды?»- тармағы да тек екіншіде орын алуымен ерекшеленеді.

45. Бұрынғыда: «Өлемін деп қалмаймын, // Бұған нағып шыдайын?»- түрінде берілсе, кейінгіде тармақ саны екі есе өсіп, нақтылық, дәлдік орын тепкен: «Өлемін деп жемеймін //Тіпті мұнан уайым! // Жаманның қылған ісіне // Не ғып та бұған шыдайын?!»

46.Алғашқыда: «Қартайғанда атамнан // Енді бір зейнет туар ма?»- делініп, бір түрлі түсініксіздік тудырса, екіншіде «зейнет» сөзін «перзент» ығыстырып, ұғым нақтылығы қалпына келген.

47. «Кұрбымның бетін коре алман!»- жолы да тек сонғыда берілуімен срекшеленеді.

48.Әуелгіде: «Суырып қыннан алайын, // Көтерсе құдай тілейін!»- қалпында сап түзелің, ұйқас толыспауына әкелсе, кейінгіде: «тілейін» орнын «талайым» иеленіп, жетімсіздік ығыстырылған.

49. «Қобыландының бұл сөзін»- тармағымен басталған 8 жол В.В.Радловта мүлде жоқ, ал Мәшһүр-Жүсіпте 1170-папка, 240-беттің оң жақ қапталында көлденеңдеп жазылған.

50. «Жалғыз өзі көп жаумен»- жолын маңдай еткен үш тармақ тек Мәшһүр-Жүсіптің 1170-папкасы, 241- бетінде орын алғанын, атап айтқанда бірінші жолы: «Алтынды туын байлады» жолы астынан жазылса, қалған екеуі сол қапталға көлденеңдеп ірге тепкенін ескертеміз.

51. Бастапқыда: «Мың кісілік тұсына // Бұл дұшпанға ер Сайын»- қалпында табан тіресе, екіншіде: «Мың кісілік тұрысын // Мұндай жерде ер Сайын»- түрінде сап түзеген.

52. «Қол тізгінін бергенім» В.В.Радловта жоқ, тек Мәшһүр-Жүсіпте бар.

53.Бұрынғыда: «Токсан асау береді, // Көріп түзей барады»- делініп, әрі ұйқас қожырауы, әрі соңғы жолда бір түрлі ұғынықсыздық бас көтерсе, соңғыда аяққы тармақ: «Қаруын түзей береді»- түрінде кишігіп, түсініктілік, үндестіктің қалпына келуіне ықпал еткен.

54. «Таянып келді Бозмұнай»- тармағы соңынан келетін үш жолдық мәтін В.В.Радловта жоқ, тек Мәшһүр-Жүсіпте кездеседі.

55. «Маңына адам бармаған»- тармағы да тек Мәшһүр-Жүсіп бойынша еніп тұрғанын ескертеміз.

56. «Мен бармаған ел бар ма?» жолын ту еткен 6 тармақ В.В.Радловта мүлде жоқ, тек Мәшһүр-Жүсіпте орын алған.

57. Алғашқыда: «Еті женге тимеген»- делінсе, екіншіде: «Беті желге тимеген»- түрінде біраз өзгертіліп алынған.

58. «Бермей қалар дейсіз бе, // Барып, хабар салсаңыз?!»- жолдары да тек Мәшһүр-Жүсіпте ұшырасуымен көзге түседі.

59. Әуелгіде: Ноғайлы жұрттын басы едің»- делінсе, кейінгіде бұл жол мүлде жоқ та, есесіне тыңнан: «Шалқаннан үйде жатуға // Бір кісідей бар едің»- деген екі тармақ қосылған.

60. «Сонда Бозмұнай сөйлейді»- жолы да тек Мәшһүр-Жүсіпте ұшырасты.

61. «Кенеседі шуласып»- тармағы да тек соңғыда орын алған.

62. Бұрынғыда: «Үйде жүрген ағасы»- отау тіксе, екіншіде алғашқы екі сөзді: «қолдаушының» алмастырған.

63. «Жүкті келді келін!»- деп, //Қыз-келіншек күледі»- жолдары да тек Мәшһүр-Жүсіпте беттің оң қапталында жазылған.

64. «Қос немере сүйгізіп»- тармағы да тек Мәшһүр-Жүсіпте ірге тепкен.

65. «Қауіп-қатер бар ма? - деп»- тармағы да тек Мәшһүр-Жүсіп бойынша енгізілді.

66. «Жауырыншы сонда сөйлейді»- жолын маңдай еткен 3 тармақ та Мәшһүр-Жүсіпте ғана орын алған.

67. «Хабар алып шайтаннан»- жолы да тек Мәшһүр-Жүсіпте бар.

68. «Ақ сүнгіні салыспай, // Қызыл қанға батыспай»- тармағы да Мәшһүр-Жүсіпте ғана ұшырасты.

69. «Ақылыңды ала алман»- дегенді бетке ұстаған 3 тармақ та Мәшһүр-Жүсіп бойынша кіргізілді.

70. «Тұр деген жерде тұра алмай»- жолы да тек Мәшһүр-Жүсіпте ғана кездесуімен ерекшеленеді.

71. Бастапқыда: «Қалмақ жатып...»- қана берілсе, соңғыда: «Қалмақ жатыр дуылдап»-деп, толық камтылған.

72. «Мәстегіне тармасып»- тармағы да тек Мәшһүр-Жүсіпте орын алған.

73. Алғашқыда: «Өкпесіне сартылдап»- делінсе, екіншіде: «өкпесіне» орнын «өкшесіне» иемденген.

74. Әуелгіде:

Егесіп тұрған ит қалмақ

Соңына тұспан тулап.

Тоғысқан кісі қосады

Жеткізбей кетгі құтылып,- түрінде беріліп, бір түрлі түсініксіздік туса, кейінгіде екінші, үшінші тармақтар: «Соңына түсті тоспалап, // Тоғыз сан кісі қуса да»- деп өзгеріп, ұғынықтылық орнаған.

75. «Қақ жамбаста бір жара»- дегендегі «жамбасқа» сөзінің В.В.Радловта да, Мәшһүр-Жүсіпте де «жанбаста» болып жазылуы тегін емес. Біздіңше, жанбас- демек иықтағы бас емес, әсіресе, жалаңаш еңбектеп қозғалғанда байқаларлық бүйірдегі бөлініп, томпып, екінші қосалқы бас тәрізді көрінуді орнектеуге арналған.

76. Біріншіде: «Тілін алмай жауладық»- болып өрбісе, соңғыда «жауладық»- дегенді «жүдедік» ауыстырған.

77. В.В.Радловта: «Жылқы алған бұ жерім // Бүгінде мұнан шұрқырдау»- делінсе, Мәшһүр-Жүсіпте бастапқыда екінші тармақ басындағы екі сөз тап осылай беріліп, соны: «шұңқыр тау»- деп өзгертілсе де, кейін ол жол үстінен сызылып, орнына: «Ойыл менен Сейілде»- берілген.

78. Бастапқыда: «Күйіне қызып қыз алып»- деп берілсе, екіншіде тармақ басындағы екі сөз: «күйме бұзып»- деп өзгертілген.

79. «Өзімнен қалған жақсыны»- тармағы да тек Мәшһүр-Жүсіпте бар .

80. «Қайта алмадым жорықтан, // Бұ дүниеде жолықпан»- жолдары да тек Мәшһүр-Жүсіпте орын алған.

81.Бұрынғыда: «Ақыретте тез көрсін»- қалпында шаңырақ көтерілсе, кейінгіде алдымен аяққы «тез көрсін» жазылып, соңынан оның үсті бір сызықпен сызылып: «кез келсін» жайғасқан.

82.Алғашқыда: «Айрылып сонан қалмасын»- делініп, өз алдындағы екі тармақ маңдайындағы тармақты қайталау жүзеге асса, соңғыда оны мүлде басқа жол: «Хабарына алмасын»- ығыстырған.

83. «Қимылдарға шарам жоқ»- деп басталатын 3 тармақтық үзік тек Мәшһүр-Жүсіпте орын алған. Атап айтқанда, 1170-папка, 262-беттің оң жақ қапталына көлденеңдеп жазылған.

84. «Қалмақ келіп жеткен соң»- жолы да тек Мәшһүр-Жүсіпте ұшырасады.

85. В.В.Радловта: «Өз басына күш көрді, // Таң сәріден тұрыпты, // Екі етегің түрініпті»- делінсе, Мәшһүр-Жүсіпте алғашқыдан кейін: «Қатты шошып оянды», - жолы енумен бірге мұндағы екінші соңынан ізінше: «Беті-қолын жуады»-қосылып, үш тармақтық мәтін бесеу болып кеңейген.

86. «Түсінің жайын сұрады»- тармағы да тек Мәшһүр-Жүсіпте қоныс тепкен.

87. «Келіспеген іс көрдім»- деп басталған төрт тармақтық мәтін тек Мәшһүр-Жүсіптің 1170- папкасы, 262- бетінен алынды. Атап айтқанда, алғашқы жол бет ішінде тармақтар аралығында қыстырыла өрнектелсе, қалған үшеуі беттің оң жақ қапталында көлденеңдеп табан тіреген.

88. «Білектен шыққан бес бармақ // Жайылғанын жұрт көрер»- жолдары да В.В.Радловта жоқ, тек Мәшһүр-Жүсіпте орын алған.

89. Бұрынғыдағы: «Жаманға қуғызып»- жолы орнына кейінгіде: «Жаманға жылқы қуғызып, // Алдынан ай, күн туғызып»- деген тармақтар жайғасып, ұғым кеңейтілген.

90.Бастапқыдағы: «Қарағай найза сүйретіп» жолы соңғыда да жазылып, оның үсті сызылған да, одан кейінгі тармақ үстінен: «жылауменен күнелтіп» кіргізілген.

91. Алғашқыда: «Жылауменен күнелтіп // Азар жетті жеріне»- делінсе, кейінгіде оның алдында мына жолдар орналасқан: «Жолдасын жауға қалдырып, // Жүзіне қара шалдырып.»

92. «Кедергі бола келеді»- жолы орнына В.В.Радлов кітабында көп нүкте қойылған, тек Мәшһүр-Жүсіп бойынша алынды.

93. «Қырық жігіт тұрыш ойласты»- деп басталатын 4 тармақтық мәтін тек Мәшһүр-Жүсіптегі 265-беттің сол жақ қапталына көлденеңдеп жазылған.

94. «Көпке шама келмеді»- жолы да тек Мәшһүр-Жүсіпте орын алған.

95. Әуелгіде: «Тал бойында қалмады / Жарадан қасқа жауырды»- деп, тым қысқа берілсе, мұнда келтірілген бірінші жолдан кейін: «Түе-тұсынан оқ тиіп» кіргізілумен қатар ең соңында тыңнан 2 тармақ қосылған: «Қалмақтан шығып кеткенде, // Жы ылар мезгілі жеткенде.»

96. В.В.Радловта: «Сұрын салды отырып»- дейінсе, Мәшһүр-Жүсіпте алдымен: «Сүрен салды»- деп басталса да, кейін ол сызылып, үстіне «дауыс қылды»- орнаған.

97. Бұрынғыдағы: «Тексерін кезермін»- жолының бірінші сөзі кейінгіде: «Тенселін жүріп»- деп өзгертілген.

98. «Тірі қалды деп ести тұрып»- жолы да Мәшһүр-Жүсіпте ғана орын алған.

99. Бастапқыда: «Келе жатыр кемпір сұм // Бауырына камшы таянып»- делінсе, мұндағы «сұм» орнын соңғыда «сол» сөзі немденген. Зерделесек, батырдың туған анасын «сұм» деп ағау мүлде ыңғайсыз, демек не бұрын (1870), не кейін (1994) баспа тарашынан кеткен орашалақтық болуы да ықтимал.

100. «Мен кетсем де, аларсың»- жолынан кейінгі 5 тармақтың тағы да Мәшһүр-Жүсіпте ғана бар екенін ескертеміз.

101. Алғашқыдағы: «Арықтын тасқыны» түсініксіз көрінсе, соңғыға сүйеніп: «Аруақтың қалай тасқаны»- дегенге тоқталудың белгілі бір ұғым нақтылауына бастап тұрғаны анық.

102. «Кәнеки, маған беріңіз!»- жолы да тек Мәшһүр-Жүсіпте орын алған. **Ескерту:** В.В.Радлов кітабы мен Мәшһүр-Жүсіп жазбасын салыстыру кезінде бұдан бұрынғы дәстүр бойынша негізгі айырмашылықтарды ғана көрсетіп, жекелеген сөз ауысуын, не оларға қосымша жалғану ерекшелігін т.с.с. сөз етпелік. Бұдан бұрын да айтқанымыздай, өзгешелік болу себептері жинаушыда емес, фольклорды таратушы адамдардың белгілі бір нұсқаны сақтап, жеткізу сипаттары әр жерде сан алуан болуынан, т.с.с. себептерден тууы мүмкін екенін айтқымыз келеді. Қалай болғанда да бұл түршікеліктің өзі ауыз әдебиетінің, фольклор үлгілерінің сақталу тарау ерекшелігін т.с.с. танытуымен мәнді дегіміз келеді.

**Ер Көкше.** Жоғарыда аталған қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы, 1170- шаңка, 148-173- беттері бойынша әйрленіп, алдында сөз болған В.В.Радлов кітабындағы «Ер Көкше» мәтінімен салыстыру жүргізіліп, айрықша өзгешеліктері көрсетіліп отырды. Жырдың бұрынғы үлгілерде «Ер Көкше»- аталып келгенін ескеріп, біз де соя атауды қалдырдық. Әйтсе де бұл шығарманың орталық қаһарманы ерлік дәстүрлі бастап мерт болған Көкше емес, оның баласы Қосай деуге де негіз бар. Себебі Көкше әрекеттері тек бастама күйінде қалса, әке келін жоқтап, жорыққа шығып, көп іс тындырған

оның ұлы Қосай әрекеттері шығарма сюжетінің басым бөлегін құрап тұр. Осыны ескеріп шығарма тақырыбын: «Көкше және Қосай батыр»- деп атауға да болады.

1. Алғашқыда (1870 жылғы В.В.Радлов кітабында): «Он сан ноғай бұлгенде»- делінсе, соңғы сөз кейінгі нұсқа (Мәшһүр-Жүсіп) бойынша «бұлгенде»- деп өзгертілді. Біздіңше, «бұлгенде» дегені- не «бүлінгенде» сөзінің қысқарған түрі, не көне қолданым айнасы.

2. Бастанқыда: «Үлесерге мал ташпай, // Атысуга жау тапшай» орын алса, «атысуга» орнына кейінгіде «атысарға» берілген. Бұл орайда «үлесерге», «атысарға» сөздерінің ырғақ, үндесу тұрғысынан да бір-біріне сай келетініне көңіл бөлген жөн.

3. Бұрынғыда: «Шаң астынан ту шықты, // Қайтпас кара болат ірінгі»- делінгендегі соңғы сөз ұғынықсыздығы туса, екінші бойынша оның орнына «реңкті» кіргізіліп, ұғым нақтылығы қалпына келтірілді.

4.Әуелідегі: «қуып кетті» орнын соңғыдағы: «қуып жетті» иемдешип, ұғым дәлдігі жүзеге асты.

5. Әдепкідегі: «Бәрінен енді сол жара»- дегендегі «енді» сөзі кейінгіде: «ауыр»- деп алмастырылып, жаракат деңгейін боліп көрсетіп тұр.

6.Қара сөзбен берілген түсінікті салыстырсақ, екі нұсқадағы айырмашылық елеулі екенін көреміз: 1. «Манаша ер Көкшеге айтты: «Ер Көкше бүйтін жатар ер ме едің?»- деді. «Бар»- деді «бұлай жау жетті деп шап!»- деді. Ер Көкше сонан жау жетті деп шапты. бір оқты жағына кезіп, атына жайдақ мініп, жау қайда деп былай бір кетті. бұлай да шапты, жау көрінбеді. Онан соң келіп жығылды, жолдасы сонан соң айбалтамен жер қазып көмді.» (В.В.Радлов, «Ел қазынасы- ескі сөз» кітабы ішінде) // Алматы, Ғылым, 1994, 158- б.) 2. «Манаша ер Көкшеге айтты:

- Ер, Көкше, бүйтін жатар ер ме едің?!- дейді.- Бар,-дейді- «Жау жетті»- деп, олай-бұлай айғай салып шаба гөр!»- дейді.

Манаша атқа камшы басып:

- Ер Көкшесі, ер Көкше, соңынан жау жетті!»- деп, шапты.

Ер Көкше жағын кезіп, атына жайдақ мініп:

- Жау қайда?!- деп, былай бір кетті, олай бір кетті. Жау көрінбеді. Өзі аттан түсуге мұршасы еркін келмеді, құлай бір кетті. Жалғыз ауыз тілге келді:

- Жалғызым, ер Қосай: «Менің қанымды жоқтап, қалмаққа бет қойып келе жатқанын көріп жатайың!»- деп, осы таудың басына шауып шыққаным со!»- дейді. -Осы жерге көмің кет!»- дейді.

Ер Көкшенің сүйегі Орал тауының қазаққа қараған шеткі шаңшылан биігінде. Жолдасы сонан соң айбалтамен жер қазып көмді.» (Мәшһүр-Жүсіп, 1170- папка, 151-152 б.)

Екі нұсқаны салыстыра зерттесек, Мәшһүр-Жүсіпте ер Көкшенің атқа мініп шауып, тау басына жетіп жығылуы т.с.с. мәні кең ашылған.

7. Алғашқыдағы: «Жәні ұшып кетіпті»- тармағындағы ұғынықсыз «жәні» сөзі екіншіде «жүні»- деп берілген.

8. Бұрынғыда: «Өнгеге өгіз олжа тигенде, // Әкене талай олжа тиді»- түрінде келсе, соңғыда әрі «талай» сөзі «тана» делініп өзгеріп, әрі оған жалғаса үшінші тармақ отау тіккен: «Соны тағып келеді.»

9. Бастапқыдағы: «О көрге қылмасам»- жолындағы түсініксіз «көрге» сөзі екіншіде «кәуірге»- болып өзгертілген. Назар аударарлық жайт: тап осы қолданым және оған ілескен: «Ағытқан қойдай маңыратып, // Аш күзендей шулатып, // Арқауылдың сары жон // Тізеден соқпақ салмасам// ... Қосай атым құрысын!»- тармақтары арада он жол салып, тағы бір қайталанады.

10. Әуелгіде: «Хан басымды алса, даярмын» - деп берілген бала жауабы кейінгіде кеңейтіліп, онда батылдық қана емес, тапқырлық, ақылдылық бар екені көрінген: «Басым ханның алуына жараса, Мен іске жарағаным ғой, даярмын!» Сонымен бірге біріншіде жоқ баланың мына сөздері де оның өзіне сенімді қалпын аша түскен: «Өзі соқтықса, немді аярмын?!»

11. Әдепкіде қыз аты бар жерде «Ботакыз»- делінсе, соңғыда ол- «Ботакөз».

12. Алғашқыдағы: «Көп біз желе көреміз»- дегендегі: «желе» сөзі түсініксіздік тудырса, екіншіде оның орнын «пәле» иеленген.

13. Бұрынғыда: «арнаның ақ жусанын»- делінсе, кейінгіде «арнаның» орнын «Арқаның» иемденген.

14. Бастапқыда: «... Шаба алмасан, саған серт, шабыса алмасам, маған серт»- қалпында берілсе, соңғыда ол біршама кеңейтілген: «... Шаба алмасан, саған серт! Сен желігіп жүргенде, бет тайдырсам, маған серт!»

15. Бірінші нұсқада: «Сары ат айтты болды, жерге барып, қайтадан жүгірді, келіп үйді теуіп кеп кетті»- түрінде шаңырақ көтерсе, екіншіде тағы да кеңею, нақтылану басым: «Сары ат ақты-бозды жерге барып, қайтадан жүгірді. Келіп үйді тиіп, киіп кетті.»

16. Ақсары би ауылы үстінен мал айдап өтпес бұрын айтылған Ер Қосайдың мына ескертпесі әуелгі нұсқада мүлде жоқ та, тек кейінгіде орын алған: «Ертең менің көшім өтер. Отар малдарыңа ие болмай қалмаңдар!»

17. Сондай-ақ өтіп бара жатып, бөлініп қалдырылған мал туралы айтқан Қосайдың мына сөзі де алғашқыда жоқ болып, тек соңғыда орын алуы- бір мәтіннің ел арасында көп нұсқалы болуының айғағы: «Ботакөздің қалың малы- деп білсін. Жаманға мал неге керек: жаманның алдындағы малы біреудікі. Жақсыға мал неге керек: кімде мал бар болса, ол мал жақсынікі емей кімдікі?»- делі де, жүре берді.

18. Күйеуге тиген қыздың өз абыройын сақтап келгенін аңғартатын мына детальдың бұрынғыда жоқ, тек екіншіде ұшырасуы да осының алдында айтылған түйіннің дұрыстығын, ел арасына таралған мәтіндер түрлішелігін айқындай түссе керек: «Әбдіренің аузы берік шықты, көңілі жайланды.»

19. Жекпе-жек кезінде күші басым Темірбай Қосайды найзаға шаншып жоғары көтеріп, мысқылдап: «Қосай, қалайсың?– дегенде, оның берген жауабы тағы да бастапқыдан гөрі кейінгіде біршама кеңейтіліп берілген. 1. «... бұрын үстінде едім, әлі де болса үстіндемін» (В.В.Радлов). 2. «Әлі де болса, бақ талайым сенен найза бойы жоғары үстінде тұрмын ғой, мінеки!» (Мәшһүр-Жүсіп).

20. Ауыр жарадан ес жиып, бірден жау қумақ болғанда, әйелі айтқан ескертпе т.с.с. алғашқыда қысқа да, кейінгіде кең: 1. «Жау қайда кетті?»– деді. «Қайтып түс» қатын айтты. Қосай қайтып түсті. Қатын айтты: «Бүгін атаң түсіңе енер»– деді.

Үйіне қайтты. Ер Қосай атасы түсіне енді, атасы айтты: «Ол кемпірдің баласы Темірбай алып сырты- болат, іші- құрыш- деді.» (В.В.Радлов) 2. «-Жау қайда кетті?»– дейді. Атына мініп алды. Қатыны айтты:

-Қайтып түс, ұйықта бүгін. Әкең түсіне кірер, аян берер, беталды лақпа!– дейді.

Қосай қайтып түсті, ұйықтады. Ер Қосай түсіне әкесі енді. Әкесі айтты:

- Мұнан былай, балам, қатын қойнында жатып, жауға аттана шаппа!– дейді. -Өзің көрген кемпірдің ұлы Темірбай алып- сырты болат, іші құрыш- дейді.» (Мәшһүр-Жүсіп).

### **Шора батыр.**

Мәшһүр-Жүсіп қолжазбасы әуелі оның үлкен ұлы Мұхаммедшарафи мұрағатында сақталған, кейін ол өлгеннен кейін 1937-1938 жылдардың бірінде Мұхаммедшарафи ұлы Төлеубайдың тапсыруымен ақынның кенже баласы Мұхаммедфазыл қолына көшкен. Сол жазбалар ішінен осы шығарма алынған 1645- папканы 1963-1964 жылдардың бірінде Мұхаммедфазыл ұлы Қуандық ҚР ҒА Орталық ғылыми кітапхана қолжазба қорына өткізген. Папкадағы бет ретін белгілеп жазу да сол өткізуші қолымен жүргізілген. Шығарма маңдайшасында ақынның өз қолымен мынадай ескерту жазылған: «Қазақ ертегісі. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы- сөйлеуші.»

Сонымен бірге ақын жиені Жолмұрат және ұлы Мұхаммедфазылдың осы туындыдан жасаған көшірмелері әулеттік мұрағатта сақталған. Сондай-ақ жоғарыда аталған қолжазба қорындағы 1176- папканың 331(424)-338 және 378(447)- 380(449) беттері аралығында Жолмұрат қолымен жазылған көшірме нұсқа да орын алған. Жолмұрат көшірмесінде (338 б.) «Мәшһүр-Жүсіп. 1922.